

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Қайрат Жәлелұлы ИСХАН

АТ СПОРТЫ

оқулық



Алматы 2017

ӘОЖ 798.2 (0758)

КБЖ 75.22. я 73

Рецензенттер:

Бегімбеков Қ.Н., Қазақ ұлттық аграрлық университеттің профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы;

Заманбеков Н. А., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор.

Исхан Қайрат Жәлелұлы.

Ат спорты. - Алматы, 2017, ҚазҰАУ //оқулық. - 336 бет.

ISBN 978-601-7869-40-3

«Ат спорты» оқулығы - аграрлық жоғарғы оқу орнының базалық пәнінің оқу бағдарламасы негізіндегі кредиттік жүйе бойынша құрылған. Берілген тақырыптар: ат спортының шығу тарихы мен маңызы; жылқы таңдау; жылқы туралы түсінік; ат спортына пайдаланатын жылқылар, оның зауыттық тренингісі мен ипподромда сынау; атсайыс ойындары, ат туризмі, пони клубы, цирктегі өнері, аңшылық саят; күтіп-бағу және азықтандыру; зоотехниялық-малдәрігерлік бақылау; қауыпсыздандыру техникасы.

Сонымен бірге тақырыпқа қатысты лабораториялық-тәжірибе сабағының әдістемелік нұсқауы, тапсырмасы мен тест сұрақтары, бұған қосымша жылқының емдік қасиеттері, ғасыр жылқысы – «*Абсент*» туралы мәлімет, Олимпиада хроникасы мен ат спортына байланысты терминдер берілген.

Оқулық студенттер, магистранттар және PhD докторантарына және жылқы шаруашылығы мамандарына, спорт жылқысын өсіретін шаруашылық пен жекеменшік ат иелеріне, атсайыс өнерін бағалаушыларға ұсынылады.

ӘОЖ 798.2 (0758)

КБЖ 75.22. я 73

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі ұсынған.**

ISBN 978-601-7869-40-3

© Исхан Қайрат Жәлелұлы, 2017

© «Айтұмар» баспасы, 2017

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	7
Бірінші тарау. Ат спортының шығу тарихы мен маңызы.....	9
Екінші тарау. Ат спортына жылқы таңдау.....	15
Үшінші тарау. Жылқы туралы.....	37
Анатомиялық құрылысы.....	38
Организм құрылысы мен қызметі.....	44
Физиологиялық жүйесі мен мүшелері.....	46
Зат алмасу және температура.....	59
Функциональдық күйі мен жұмыс қабілеті.....	61
Нерв жүйесінің типологиялық ерекшелігі.....	64
Конституциясы және экстерьері.....	66
Сымбат бітімі (стати).....	68
Түр-түсі мен белгілері.....	73
Жасын анықтау.....	79
Дене өлшемдері.....	80
Аллюрі (жүрісі).....	81
Төртінші тарау. Ат спортына пайдаланатын жылқылар.....	96
Бесінші тарау. Мініс жылқысының тренингісі.....	119
Зауыттық тренинг.....	120
Ипподромдық тренинг.....	124
Алтыншы тарау. Мініс жылқысын кедергіден қарғуға дайындау.....	135
Қарғуға дайындау.....	135
Қарғу негіздері мен принциптері.....	136
Қарғуға үйрету.....	139
Стипель-чезге дайындау.....	143
Жетінші тарау. Желіс жылқысының тренингісі.....	153
Зауыттық тренинг.....	154
Ипподромдық тренинг.....	164
Айналымдық (гиттік) шабыс пен жорғаға дайындау.....	176
Сегізінші тарау. Жылқыны ипподромда сынау.....	189
Тоғызыншы тарау. Ат спорты.....	200
Кәсібилік (профессионалдық) түрлері.....	201
Классикалық түрлері.....	205
Ұлттық түрлері.....	209
Ат туризмі.....	269

Пони клубы.....	271
Аттың цирктегі өнері.....	271
Аңшылық саятшылық.....	272
Оныншы тарау. Спорт жылқысын азықтандыру және күтіп-бағу	285
Он бірінші тарау. Спорт атын тағалау.....	292
Он екінші тарау. Зоотехниялық-малдәрігерлік бақылау.....	294
Он үшінші тарау. Қауыпсыздандыру техникасы.....	295
Жылқы - халық медицинасында.....	300
Олимпиада хроникасы.....	304
Абсент – ғасыр жылқысы.....	307
Терминдер.....	324
Тест сұрақтарының жауаптары.....	331
Пайдаланылған әдебиеттер.....	333

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқы ерте кезден-ақ өздерінің *«жылқы тұлғин»* өсіру тәжірибесімен даңқы шыққан, бұрынғы ықылым заманнан халқымыз жылқыны ерекше қадірлеп, өлең-жыр мен аңыз-эпостарға қосып келеді. Қазақ халқы үшін жылқы сұлулықтың белгісі, байлықтың өлшемі, төрт түлік малдың осы түрі ерекше қастерленіп келеді. Жылқыға деген осы сүйіспеншілік қазір де жоғала қойған жоқ.

Қазақ халқы - жылқы тұлғин баға да, бағалай да және өз қажетіне ұтымды түрде пайдалана да білген халық. Ел аузында *«жүзден жүйрік - мыңнан тұлпар»* - деген қазақтың нақыл сөзі бар. Бұл жылқыны бағалай және өсіре білгендік пен оны баптап бәйгеге қоса білгендіктің философиялық түйіні.

Жақсы ат өз иесінің серігі, көңіл-қошының қуанышы, ұлттық мақтанышы, қашса құтылады, қуса жетеді. Жылқы тұлғи - өз иесінің қара басына теңеген баға жетпес байлығы, оның абыройы мен атақ - даңқы.

Жылқыны қазақ халқы *«Ат - адамның қанаты»*, *«Құнан - атқа жеткізер, ат - мұратқа жеткізер»*, *«Қымыз - адамның қаны, еті - адамның жаны»* деп те қастерлей дәріптеген.

Халқымыз *«жылқыны»* құндылығы мен қадыр-қасиетіне қарай түрлендіре атағанына қарасақ - жүйрік те, сәйгүлік те, тұлпар да, дүлдүл де, тарлан да, тіптен қазанат та ешқайдан келмеген. Қолда өсірілетін жергілікті жылқының ішінен таңдалып және бапталып шығатыны белгілі. Бұрындары қазақ халқы өзінің жергілікті жылқысының өзін де баптап және жаратып ат бәйгесіне қосқан.

Соңғы жылдары асыл тұқымды таза қанды мініс (ағылшын), араб, ахалтеке және қостанай немесе жартылай қанды будан (ағылшын х қазақы) жылқысын баптап әрі жаратып ат бәйгесінің жарыстарына қосуда. Сөйтіп бәйгенің барлық түріндегі ат жарысында үлкен жетістіктерге жетіп жүр.

Қазақстандағы мініс бағытында *«шабыс аттарын»* өсіретін маманға, оның жаттықтырушысы мен шабандозға - ат спортының шығу тарихы мен маңызын, жылқы туралы, оның тұқымдарын, зауыттық және ипподромдық тренингісін, оның сынау мен атсайысының ойын түрлерін білгендері жөн.

Сондықтан жарысқа қосылатын шабыс атының кәсібилік ат жарыстарындағы, оның ішіндегі – «*жазықтағы*», «*кедергілі*» және «*желін*» шабуын, қарғуы мен секіруін және оның дайындау техникасын меңгеруі тиіс. Атсайыс жарыстары мен ойындарындағы ұйымдастыру ерекшелігін, оның өткізілу ережесі мен тәртібін зерделеуі қажет.

Ат спортының оның қыры мен сырын толық сипатта баяндайтын, алғаш рет қазақ тілінде шығарылған бұл оқулық, спорт бағытындағы жылқы өсіретін және атсайыс өнерімен айналысатын мамандар үшін маңызы зор.

Сонымен бірге жылқыны ат спортына және оның атсайыс ойын түрлеріне жаттықтыру, дайындау және баптау технологиясында өзінің білімі мен біліктілігін көтереді әрі тәжірибесін шыңдайды.

Бұл «*Ат спорты*» кітабы – ат спортындағы сайыстың жарыс түрлері мен оның өнерін сүйсіне тамашалайтын жанкүйеріне түрлі тақырыптағы бейне суреттерін тамашалауға мүмкіндік береді. Сондықтан, көпшілік көрермен қауым арасында да өз орнын табырына сеніміміз мол.

Автор.

КІРІСПЕ

Жылқы түлігі - қазақ халқының ежелден келе жатқан және тарихи қалыптасқан түлігі. Адамға етене жақын қастерлі әрі қасиетті малы. Қазақ халқы жылқыны мейірлене *«жануарым»* деп аялаған. Шын пейілімен, зор ықыласымен және жылы шыраймен қараған. Жылқыны ерекше қамқорлыққа бөлеген. Оған айрықша көңіл бөлген. Жылқы қазақтың берекесі, халықтың ұлттық мақтанышы, иесінің қара басына теңеген байлық нышаны.

Сонау ықылым заманнан бері, жылқы адаммен етене қайнасып, біртұтас бірге тіршілік етіп келеді. Жылқы түлігі - ел мен жерді жаудан қорғасты. Ат шабысы мен бәйгеде өз иесіне атақ-даңқпен абырой әперді.

Жылқы малы – қазақтың кең байтақ даласының аталатын екінші есімі. Осынша кең байтақ даланы меңгеру үшін, соншама шалғайды қаусыру үшін, тек аттың ғана жалы мен белі, тұяғындағы желі керек болған.

Сондықтан халық арасында жылқы түлігін *«Ер қанаты - ат»*, *«Ат тұяғын тай басар»*, *«Ат жетпейтін жер жоқ»* - деп асқақтата дәріптеген. Бұл даланың берген – өзіндей шетсіз әрі шексіз қанатты сөздері ғасырлар бойы халық арасына таралып әрі жадында сақталып келеді.

Жылқы – жергілікті елдің тұрмыс-тіршілігінде де маңызды рөл атқарған. Ауыл шаруашылығындағы әр түрлі қажетіне пайдаланған. Сонымен бірге оның беретін өнімдері шипалық әрі емдік қасиетке ие. Жылқы адамның өмір тіршілігіндегі - *«мінсе - аты, жексе - көлігі, сойса - соғымы, сауса – қымызы»*.

Жылқы жануары - қазақ халқы үшін ардақты әрі қадірлі, әсем де сұлу, кербез де тақаппар және өміріне қажетті түлік. Жылқыдай қастерлі, өте танымал, барлық жағынан пайдалы және адал жануар болған жоқ. Жылқы - адамның ат спортына, оның сайыс ойынына, ат туризміне, цирк аренасындағы ойыны мен атпен саятшылық құруға деген сүйіспеншілігін оятты. Адам баласының сенімді серігі болды, өмір - тіршілігінде таптырмас пайдалы көмекшісіне айналды.

Ат спортының сайысы - спортқа пайдаланатын жылқыға үлкен сын. Мұнда жарысқа қосылған аттың шабыстылығы, жүйріктілігі, қарқындылығы, ұшқырлығы барлық жағынан нақтылы сыналады.

Оның төзімділігі мен шыдамдылығы, күші мен қайраты, ептілігі мен батылдығы, бапталуы мен жаратылуы, тіптен оның қайсарлығына дейін айқындалады.

Халық арасында ықылым заманнан бері айтылып жүрген мынадай бір мақал бар: «*ат шаппайды - бап шабады*» немесе «*бап шаппайды - бақ шабады*». Аттың адам тіршілігіндегі қадір-қасиеті мен берер пайдасын білетін қазақ халқының бұл бекер айтылмаған даналы сөзі.

Спорт бағытындағы мініс және желіс жылқыларын өсіретін жылқы зауыты, жылқы фермасы, басқа да шаруашылық түрлері мен жекелеген жекеменшік ат иесінің қандай жылқыны өсіріп шығарғаны, оны атсайыс шабысының жарысына қосқанда анық көруге болады. Аттың қарқындылығы мен жүйріктілігі, яғни жұмыс қабілетінің сапасы - осы кезде анықталады. Спорт атының келешегі айқындалып, оның иесі мен бапкерінің еңбегі бағаланады.

Қазіргі кезде ат спортының шығу тарихы мен оның мақсаты, зауыттық тренингісі (топты, бас білдіру, жеке тренинг) мен ипподромда сынау, атсайыс түрлері, оның жүргізілу ережесі мен тәртібі туралы қазақ тілінде берілген мәліметтің маңызды екендігі даусыз.

Сондықтан бұл «*ат спорты*» кітабы, мазмұны мен мағнасы және қосымша берілген мәліметтері мен көркемдік бейне суреттері жағынан тек жылқы шаруашылығы маманын ғана емес басқа да оқырманын ат спорты мен оның сайыс өнеріне деген қызығушылығын арттыруға тиіс.

АТ СПОРТЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ

*Ел атағын ер шығарады,
Ер атағын жүйрік ат шығарады.*

Адам баласы жабайы жылқыны осыдан мыңдаған жылдар бұрын қолға үйреткен. Жылқыны өз тіршілігіндегі шаруашылыққа пайдалы үй жануарына айналдырған. Сондағы алғашқы көздеген мақсаты, оны мініс көлігі ретінде пайдалану еді. Себебі, басқа жабайы аңды аулау үшін, атқа мініп қуып жетіп ұстаудың ыңғайлы екендігін сол кезден-ақ түсінген. Жылқыны бастапқыда қай ұлттың қолға үйреткенін және алғаш рет қалай ерттеп мінгенін, құрал-саймандары мен ертоқымның қашан немесе қайда пайда болғанын, оның нақтылы мерзімін қазір айту өте қиын. Соның өзінде де жылқыға және оның адамға берер пайдасының мүмкіншілігі мен қажеттілігіне жетер мал жоқ.

Тарихи шежіредегі мыңдаған жылдар, тіптен ғасырдан-ғасырлар бойы, осы «*мініс аты*» - адамның тұрмыс-тіршілігінде пайдаланатын сенімді серігі мен ажырамас көмекшісі болған. Адамдар осы атпен өз мақсаты үшін, бір жерден келесі аймаққа жеткен. Атқа мініп аң аулаған, жаңа жерді игерген, мал баққан, жорыққа шыққан. Елі мен жерін қорғаған. Ат шаптырып, бәйгеге қосқан, оның атсайыс ойынында жекпе-жекке және бәсеке-сайысқа түскен.

Қазіргі заман уақыты адамның өмір салты мен тіршілігін өзгертті. Өмір сүруге деген көз қарасы мен тұрмыс жағдайының мүмкіндігі де өзгерді. Бірақ жылқыға деген ерте заманнан бері келе жатқан сүйіспеншілік, оны тек көлік малы ретінде ғана пайдаланумен шектелмеді. Адам баласының атқа салт мінуге, оның атсайыс өнеріне қызығушылығы мен құмарлығы осы күнге дейін сақталған. Атсайыс ойынының қыр-сырлары ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ғасырдан-ғасырға өткен. Әйтсе-де сол алғашқы қалпында, жаңарған немесе жетілген күйінде, осы күнгі ата-бабамыздан бізге жеткен атсайысының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің салтанатын әрі қарай жалғастырушы ұрпақтарына жеткен.

Атсайыс ойыны мен атқа салт міну өнері, шабандоз бен мініс атының біріге орындайтын шеберлігі. Яғни бұл екі жақтылық ұғымды да білдіреді. Бірінші жағынан осы шабандоздың қалыптасқан спортшы ретіндегі жеке дайындығы. Келесі, екінші жағынан оның өзі не лайықты мініс атын таңдай білуі. Шабандоздың сол жылқыны сайыс түрлеріне байланысты дайындауы мен шыңдауы, жылқының спорттық бағытын сақтауы. Ат ойындарының түріне байланысты пайдалануы, сондағы оның атсайыс өнеріндегі жетістікке немесе жеңіске жетуінің жалғыз әрі даңғыл жолы.

Ат спортындағы нақтылы ойын түрінің ережесі, қатысушының (бірі-біріне, екеуі-біреуіне, топ-топқа, қарсылас немесе команда) мініс атын басқару шеберлігі жағынан түрлі сипаттағы аттардың жарысына қатысуы. Ат

ойыны – оған салт міну өнерінің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл мұрасы немесе өзіндік жанры. Мұндағы шабандоздың жылдамдығы, ептілігі мен атты басқару және ат құлағында ойнау шеберлігі. Жылқының мәнерлі әрі әсем жүріс өнері мен қимыл-қозғалысының бірлескен үндестігі. Олардың шабытының бір арнаға құйылуы.

Атсайыс ойынының барысындағы шабандоз бен оның мінген атының бірігіп орындаған қимыл-қозғалысының үндестігінің соңғы нәтижесі – «жеңіс». Мұнда шабандоздың толғанысы мен өзіне бағынған атпен түсінушілік қарым-қатнасыны мен сезімінің қыр-сырлары ашылады. Оған жас жеткіншек те, бозбала мен бойжеткен де, ересектер де, әйел мен ер адам да қатыса алады. Яғни, жас пен жыныстық жағынан шектеу білмейді. Кейбір атсайысы ашық көгалды алаңда жүргізіледі. Екіншісі - қала мен ауылдық жердегі салтанатты мереке мен мейрамда, жеке адамның әртүрлі мерейлі той-томалағында ұйымдастырылады. Үшіншісі - ипподромдағы ат шабыс жарысында, ал төртіншісі ат спорты мектебіндегі – жабық манежде, бесіншісі тіпті цирк аренасында да өткізіледі.

Атсайысының қандай түрі болмасын, қандай жерде өтпесін жылқы сүйер көрермені мен халық арасында маңызы зор. Әсіресе аттың қадірін білетін, оны әспеттеп әрі қастерлейтін, оның өнерін тамашалайтын қалың қауым арасында үлкен құрметке ие. Өз көрерменін әдемі әрі тартымды көрінісімен қызықтырады, әсерге бөлейді және тамаша ат өнеріне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Атсайыс ойыны – шабандоздың өнері мен сайысы, оның қайталанбас ерекшелігімен және орындалу талантымен айқындалады. Оның шеберлікпен орындаған әсерлі қимылымен сипатталады. Сайыс өнері - шабандоз бен аттың көрермен жүрегін жаулап алатын көрсетілімі. Адам мен аттың қозғалыс бірлестігін қажет ететін және біріге қимылдауы арқылы берілетін үндестігі. Адам мен аттың көпшілік көрерменіне берер тамаша қойылымының көрінісі.

Көрермен қауым - атқа салт мінудің көптүрлі ұлттық формасының ғасырлар бойы өшпеген, өзіндік калориты бар әр түрлі қызықты өнерін тамашалайды. Табиғаттың алғашқы шымылдығының бояуындай және өзінің жарқын бейнесін тапқандай болып әсерленеді. Бұл сезімдер ат өнерін қызықтайтын көрермен қауым арасында осы күнге дейін сақталған. Сол қалпында немесе заман талабына қарай жетілдірген күйінде ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден-балаға, атадан-немереге және шөбере мен одан кейінгі ұрпағына ғасырдан-ғасырлар бойы беріліп келеді.

Атсайыс ойынының диапазоны өте ауқымды және көп бейнелі. Оның әр қайсысының тарихы - ұлттық және рухани әдет ғұрыпқа сай, өзіндік қайталанбас түрі мен тәртібі бар. Ат ойынының шығуына сол халықтың тіршілігі мен тұрмысының өзіндік калоритінің ерекшелігі негіз болған. Әр ұлттың өзіндік қайталанбас ұлттық салт-дәстүрі мен сән-салтанатының да маңызы ерекше.

Атсайыс ойыны – әр ұлт пен әр халықтың даму ерекшелігі, оның мәдениеті. Онымен біртұтас қалыптасқан әрі ажырамас бірге. Атсайыс ойыны - адамды тірі табиғатпен байланыстырады. Әр ұлтты немесе халықты бір-бірімен тілсіз ұғындырады. Атсайысы - адам баласының қалыптасуы мен шынығуына ықпал етеді. Адамға табиғат аясында белсенді түрде демалу мүмкіндігін береді, оның денсаулығына да пайдалы. Адамды табиғаттағы жанды түлік - тірі *«атпен»* толық қанды араластырады. Үнсіз табыну мен тіл табысу құралы ретінде танылады. Жанын жадыратады, тылсым табиғатпен тілдестіреді, рухани байлығын көтереді. Өміріне күш-қуат пен дем береді, көңіліне сенімділік ұялатады.

Атсайыс ойындарының түрлері, оның жүргізілу бағыты мен жылқының жаттықтыру деңгейіне байланысты. Ат спорты сайыстары өзінің бағытына байланысты *«кәсібилік»*, *«классикалық»* және *«ұлттық»* ойындарына бөлінеді. Бұл сайыстар ежелден келе жатқан ат ойынының жалғасы және оның спорттық бағытындағы жоғарғы мектебі. Адамның өмір-тіршілігіндегі баға жетпес тарихи құндылығы мен өшпес ізі және жылқы өнерінің қайталанбас туындысы.

Кейінгі жылдары Қазақстанда ат спортының жазықтағы шабысы мен сайыс ойындары кең ауқымда қанат жайып даму үстіне дамуда. Сонымен қатар, жоғарғы шеберлікке дайындайтын ат спорты мектебіндегі классикалық ойындарына дайындығы да көпке таныла бастады. Аттың *«кәсіпқойлық»*, *«классикалық»* және *«ұлттық»* атсайыс ойындарының түрлері, оның ат жарыстарын сүйіп көретін жанкүйері мен көпшілік қауым тамашалайтын қызықты көрініс. Көрермен көңілін жайландырады және демалдырады.

Кәсібилік түрлері – ат спорты бағытында өсірілетін жылқының жұмыс сапасын яғни оның қарқындылық қабілетін ипподромда сынау мақсатында жүргізілетін ат шабысының жарысы. Олар - мініс жылқысының *«жазықтағы»* (гладкая) және *«кедергілі»* (барьерная) шабыстары. Ал желфор жылқысының қосдоңғалақты тербелмелі арбаға (качалка) жегудегі *«желін»* (бега) шабуы. Сонымен бірге күрделі әрі қиын атсайысы *«стипль-чез»* жарысы.

Классикалық түрлері – ғасырлар бойы тарихи қалыптасқан күрделі әрі ежелден келе жатқан атсайыс өнерінің туындысы. Шабандоздың астына мінген мініс атын меңгеру шеберлігі мен ат өнерінің жарысы. Олар - аттың *«мәнерлі әрі әсем жүрісі»* (выездка) немесе *«атқа салт міну өнерінің жоғары мектебі»*, *«кедергілерден қарғу»* (конкур) және *«үш сайыс»* (троеборье).

Ұлттық түрлері - бұл Бүкіл Әлем халықтарының ертеден келе жатқан және тарихи қалыптасқан әр ұлттың атсайыс ойындары. Мәселен, Орта Азия мен Қазақстан, Кавказ, Ресей және Еуропа халықтарының өз елдерінде ғана тарихи қалыптасқан атсайыс ойындары. Бұл ойындар: ғасырдан-ғасырға өткен және ұрпақ арасында жалғасын тапқан. Жергілікті халық арасында өткізілетін, өзіне тән құндылығы бар және рухани ұлттық мәніндегі атсайыс жарыстары.

Ұлттық атсайыс ойындары – Бүкіл Әлемде тіршілік ететін әр халықтың ұлттық мәдениетінің ғұмырлық бет пердесі. Ғасырлар бойғы қалыптасқан салт-дәстүрмен, әдет-ғұрпымен және тұрмысының ерекшелігімен байланысты. Ал, жер бетінде тіршілік ететін әр халықтың атсайыс ойындары – ол өзінің ұлттық бейнесімен айқындалады. Өзіндік тұрмыс-тіршілігінің тарихи қалыптасқан нақышымен сипатталады. Сондықтан ұлттық атсайыс ойындары Бүкіл Әлемде тіршілік ететін әр халықтың ежелден келе жатқан тарихи қалыптасқан және жергілікті ұлттың мақтанышы мен рухани байлығы.

Бақылау сұрақтары: Адамның жылқы түлігін қолға үйретудегі алғашқы көздеген мақсаты. Ат спорты дегеніміз не? Ат спортының маңызы неде? Ат спортындағы жылқының атқаратын рөлі. Ат спортының адамға тигізер қандай пайдасы бар. Атайыстары дегеніміз не? Атсайыстарының маңызы неде? Ат спортының сайыс ойындары қалай бөлінеді. Ат спортының «кәсібилік» түрлерін атаңдар. Жылқының «жазықтағы» және «кедергілі» шабысы мен «желіп» жүгіруінің негізгі мақсаты неде. Стипель-чез ат жарысын қалай түсінуге болады. Стипель-чез атсайысына қандай жылқылар пайдаланылады. Атсайысының классикалық түрлерін атаңдар. Аттың мәнерлі жүріс өнері - қосымша тағы қалай аталады. Конкур дегеніміз не. Конкурлік жылқысы дегенді қалай түсінуге болады. Аттың үш сайысының ерекшелігі неде. Ұлттық атсайыс ойындарын қалай түсінуге болады. Ұлттық атсайысы қалай шыққан.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді ат спортының маңызымен таныстыру, ондағы өткізілетін атсайыстарының жарысын, оның «кәсібилік», «классикалық» және «ұлттық» ойын түрлерін үйренуіне берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін ипподром мен ат спорты жоғары мектебіне қосымша экскурсия ұйымдастыру қажет. Оқу барысында олар жылқыны ат спортына пайдалану мақсатымен және ондағы өткізілетін атсайысындағы жарыс түрлерімен және оның атқаратын қызметтерімен танысады. Сонымен бірге студенттер, спорт аттарын күтіп-бағу және жаттықтырудың күн тәртібімен, ат спортына қажетті құрал-жабдықтармен, инвентарлармен және ипподром мен манеж құрылыстарымен танысады.

Тапсырма:

1. Ат спортының маңызы мен шығу тарихына, оның қазіргі жағдайы мен пайдалану бағытына байланысты тақырыпқа талқылау және талдау жүргізу.

2. Ат спортының «кәсібилік», «классикалық» және «ұлттық» түрлеріне қатысты атауларын оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазу.

Тест сұрақтары

§§ 1. Адамның жылқы түлігін қолға үйретудегі алғашқы көздеген мақсаты.

- A) тағам ретінде және басқа аңды қуып жетіп ұстау үшін мініс көлігі ретінде
- B) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі
- C) мініс және жегіс көлігі ретінде
- D) ат жарыстарын өткізуге
- E) атсайысында жеңуге

§§ 2. Ат спорты дегеніміз не.

- A) тағам ретінде және басқа аңды қуып жетіп ұстау үшін мініс көлігі ретінде
- B) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі
- C) мініс және жегіс көлігі ретінде
- D) ат жарыстарын өткізуге
- E) атсайысында жеңуге

§§ 3. Ат спортындағы жылқының атқаратын рөлі.

- A) тағам ретінде және басқа аңды қуып жетіп ұстау үшін мініс көлігі ретінде
- B) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі
- C) мініс және жегіс көлігі ретінде
- D) ат жарыстарын өткізуге
- E) атсайысында жеңуге

§§ 4. Ат спортының сайыс ойындарының мақсаты.

- A) тағам ретінде және басқа аңды қуып жетіп ұстау үшін мініс көлігі ретінде
- B) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі
- C) мініс және жегіс көлігі ретінде
- D) ат жарыстарын өткізуге
- E) атсайысында жеңуге

§§ 5. Ат спортының жарыстарының мақсаты.

- A) тағам ретінде және басқа аңды қуып жетіп ұстау үшін мініс көлігі ретінде
- B) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі
- C) мініс және жегіс көлігі ретінде
- D) ат жарыстарын өткізуге
- E) атсайысында жеңуге

\$\$ 6. Ат спорты не үшін жүргізіледі.

А) бұл жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайысының жарыстарына пайдалану

В) спорт жылқысын таза өсіруде, жаңа тұқым шығаруда және тұқымдарды жетілдіруде

С) шабандоздың басқаруымен орындалатын, жылқының түрлі қашықтықтағы атсайыс жарысы

Д) көрермені мен жанкүйерлерін өзіне баурап алатын ат жарыстары мен сайыс ойындары

Е) батылдық, ерлік, жігер, тапқырлық, айлакерлік, ептілік, қайраттылық, күш-қуат алады

\$\$ 7. Ат спортының маңызы неде.

А) бұл жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайысының жарыстарына пайдалану

В) спорт жылқысын таза өсіруде, жаңа тұқым шығаруда және тұқымдарды етілдіруде

С) шабандоздың басқаруымен орындалатын, жылқының түрлі қашықтықтағы атсайыс жарысы

Д) көрермені мен жанкүйерлерін өзіне баурап алатын ат жарыстары мен сайыс ойындары

Е) батылдық, ерлік, жігер, тапқырлық, айлакерлік, ептілік, қайраттылық, күш-қуат алады

\$\$ 8. Ат спортының сайыстары дегеніміз не.

А) бұл жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайысының жарыстарына пайдалану

В) спорт жылқысын таза өсіруде, жаңа тұқым шығаруда және тұқымдарды жетілдіруде

С) шабандоздың басқаруымен орындалатын, жылқының түрлі қашықтықтағы атсайыс жарысы

Д) көрермені мен жанкүйерлерін өзіне баурап алатын ат жарыстары мен сайыс ойындары

Е) батылдық, ерлік, жігер, тапқырлық, айлакерлік, ептілік, қайраттылық, күш-қуат алады

\$\$ 9. Ат сайысының түрлерін қалай түсінуге болады.

А) бұл жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайысының жарыстарына пайдалану

В) спорт жылқысын таза өсіруде, жаңа тұқым шығаруда және тұқымдарды жетілдіруде

С) шабандоздың басқаруымен орындалатын, жылқының түрлі қашықтықтағы атсайыс жарысы

Д) көрермені мен жанкүйерлерін өзіне баурап алатын ат жарыстары мен сайыс ойындары

Е) батылдық, ерлік, жігер, тапқырлық, айлакерлік, ептілік, қайраттылық, күш-қуат алады

§§ 10. Ат сайысының жарыстары көрерменіне не береді.

А) бұл жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайысының жарыстарына пайдалану

В) спорт жылқысын таза өсіруде, жаңа тұқым шығаруда және тұқымдарды жетілдіруде

С) шабандоздың басқаруымен орындалатын, жылқының түрлі қашықтықтағы атсайыс жарысы

Д) көрермені мен жанкүйерлерін өзіне баурап алатын ат жарыстары мен сайыс ойындары

Е) батылдық, ерлік, жігер, тапқырлық, айлакерлік, ептілік, қайраттылық, күш-қуат алады

§§ 11. Ат спорты сайыстарының атқаратын міндеті.

А) адамды табиғаттағы жанды түлік тірі - «атпен» толық қанды араластырады

В) «кәсібилік», «классикалық» және «ұлттық» ойындарына

С) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі

Д) мініс және жегіс көлігі ретінде

Е) атсайысы мен жарыс түрі бойынша

§§ 12. Ат спорты сайыстары өзінің орындалу бағытына байланысты қалай бөлінеді.

А) адамды табиғаттағы жанды түлік тірі - «атпен» толық қанды араластырады

В) «кәсібилік», «классикалық» және «ұлттық» ойындарына

С) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі

Д) мініс және жегіс көлігі ретінде

Е) атсайысы мен жарыс түрі бойынша

§§ 13. Ат спорты сайыстары өзінің орындалу бағытына байланысты нені көрсетеді.

А) адамды табиғаттағы жанды түлік тірі - «атпен» толық қанды араластырады

В) «кәсібилік», «классикалық» және «ұлттық» ойындарына

С) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі

Д) мініс және жегіс көлігі ретінде

Е) атсайысы мен жарыс түрі бойынша

\$\$ 14. Ат спорты сайыстарының атқаратын міндеттері.

A) адамды табиғаттағы жанды түлік тірі - «атпен» толық қанды араластырады

B) «кәсібилік», «классикалық» және «ұлттық» ойындарына

C) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі

D) мініс және жегіс көлігі ретінде

E) атсайысы мен жарыс түрі бойынша

\$\$ 15. Ат спорты бағытына байланысты қалай жүргізіледі.

A) адамды табиғаттағы жанды түлік тірі - «атпен» толық қанды араластырады

B) «кәсібилік», «классикалық» және «ұлттық» ойындарына

C) адам мен аттың қозғалыс бірлестігінің көрсетілімі

D) мініс және жегіс көлігі ретінде

E) атсайысы мен жарыс түрі бойынша

АТ СПОРТЫНА ЖЫЛҚЫ ТАҢДАУ

*Тұлпардың бар бір киесі - бабын тапқан,
бағын ашқан - оның иесі.*

Жылқының атсайыс өнеріндегі болашағын болжау қиын шаруа. Бұл оңай орындалатын жұмыс емес, алдымен «иппология» ілімін меңгеру қажет. «Иппология» (грек сөзі: *hippos* - жылқы, *logos* - ілім) - жылқы түлігі туралы түсінік пен оның теориялық ілімі. Сонымен бірге жылқыны спорт бағытына байланысты дайындаудың ұзақ жылғы шыңдалған дағдысы, жаттықтыру мен жарату тәжірибесінің де маңызы зор.

Жылқыны атсайыс түріне таңдау барысында, алдымен оның тұқымы мен дене құрылысының сыртқы пішінінің (экстерьері) сәйкестігіне қарайды. Яғни экстерьерінің жалпы көрінісіне, конституциялық типі мен жеке сымбатының (статусы) үйлесімділігіне аса зор көңіл аударылады. Аяғы ұзын әрі сіңірлі, кеудесі қушық, денесі жеңіл әрі тұлғасы қысқа және сүйегі жіңішке жылқылар да болады. Оған керісінше, кеудесі жалпақ, денесі ауыр әрі ұзын, аяқтары қысқа әрі жуан, сүйегі ірі әрі салмақты жылқылар да кездеседі.

Жылқы таңдау принциптері. Адам баласы өзін қоршаған ортадағы мәліметтің 90,0 пайызын көзбен көру арқылы сезіп-байқайды және түйсінеді екен. Яғни, жылқыны өзінің белгілі бір мақсатына пайдалану үшін, алғашқы мәліметті жай қарапайым көзбен қарау арқылы ғана түйсінеді. Сондағы тәжірибелі маманның байқайтыны, жылқының сыртқы пішіні (экстерьері) мен оның сыр-сымбатының бітімі, конституциялық типі, қозғалысы, қимылы және жүрісі (аллюри). Жылқын түлігінің өзіне ғана тән құндылығы мен дене сымбатының сұлулығы, түр-түсі, ақауы мен кемшілігі. Оның өзін қоршаған сыртқы ортаның әсерін сезінуі мен оған жауап беру қабілеті. Жылқының оған бейімделуі, сыртқы орта әсерін қабылдау ерекшелігі мен оның қайтарымы.

Әр тұқымға жататын немесе тұқымаралық жылқының ішінде де экстерьерлік және конституциялық типінің өз ерекшелігі бар. Оның арасында тығыз байланысы мен айырмашылығы болады. Спортқа пайдаланатын жылқы үшін, ат спортының қай түрі болмасын, оның конституциялық типінің нәзіктігі мен болбырлық белгісінің болмағаны дұрыс. Жылқының конституциялық типінің сырт көзге жақсы айқындалған мықты және тығыз болғаны жөн. Спорт бағытындағы жылқының ең жоғарғы жұмыс қабілетін (ұшқырлығын) айқындау үшін, ол қандай тұқымға жатпасын, бәрібір оның конституциялық типіне сәйкес дұрыс айқындайтын экстерьері яғни сырт пішіні болуы қажет.

Ат спортына пайдалану бағытына байланысты жылқы таңдауда, экстерьерлік сымбаты мен конституциялық типі ескерілмесе, бұл оның келешектегі жаттықтыру жұмысын қиындатады. Ат спортының қандай

бағытына пайдалануға болатынын анықтау мүмкіндігін қиындатады. Оның ат спортындағы бағалығы мен жұмыс сапасының қабілетін төмендетеді. Шабандоздың ат жарысында жоғарғы нәтижеге жетуіне кедергі келтіреді. Атсайысының қай түріне лайықты екендігін байқап-бағамдау мен айыру қиын болады. Сондықтан, жылқы таңдауда ең алдымен оның экстерьерлік сыр-сымбатының бітімі мен конституциялық типіне баса назар аударған абзал. Содан кейін ғана оның басқа да қасиеттері мен ерекшелігіне көңіл бөлген жөн. Әсіресе, оның экстерьерінде ақаулары мен кемшіліктерінің болмағаны дұрыс.

Ат спортына пайдаланатын жылқының экстерьері мен конституциясын бағалау, оның жарамдылығын анықтау әр адамның қолынан келе бермейді. Бұл үшін бапкер мен шабандозға жылқы түлігі туралы *«иппология»* ілімін меңгеруі керек. Жылқыны атсайыс ойын түріне таңдау барысында, теориялық білімі мен тәжірибесін ұштастыра отырып жүргізгені жөн. Өз біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруға тиіс. Бұнымен де тұрып қалмай оны әрдайым шыңдап отыруы қажет.

Спорт атына қойылатын талаптар. Жылқының дене құрылысы мен сыр-сымбаты, оның тұқымы мен ат спортына пайдалану бағытының ерекшелігіне тікелей байланысты болып келеді. Салт мінілетін жылқы тұқымының ерекшелігі мыналар: басы жеңіл әрі оймақтай сүйір, мойны ұзын әрі ыңғайлы (аққу мойын, қаз мойын) имек, шоқтығы биік әрі шығыңқы, жаурыны ұзын әрі қиғаштау, белі қысқа әрі түзу, сауыры ұзын әрі кең, аяқтары биік әрі түріңкі, сіңірі бұлтиып айқын білініп тұрады, тұяқтары құмадай берік. Бұлар тек қолдағы ерекше атқорада азықтандыру мен күтіліп-бағылу жағдайында өсіріледі.

Ал, ауыр жүк тартатын жылқыларға сұраныс бұған керісінше болады. Мәселен, басы үлкен, мойыны етті әрі жұмыр (бұғы мойын), шоқтығы аласа әрі жұмыр, кеудесі кең әрі салыңқы, бұлшық еттері жақсы жетілген, аяқтары жуан әрі сіңірі байқалмайды, тұяқтары болаттай берік әрі жалпақ.

Мініліп те және жегіліп те жүретін жылқылардың сипаты, мініс пен ауыр жүк тартатын жылқы тұқымының аралығындағы орынды алады. Ал, жергілікті жылқылар өзінің таралу аймағының жер жағдайына жақсы бейімделген болады. Ешқандай қосымша азықтандыру мен күтіп-бағуды қажет етпейді, және қысы-жазы өздері табиғи жайылымда бағылады. Сондықтан, ат спортына жылқыны таңдау барысында, оны спорттық бағытына пайдалану түрлеріне байланысты осы ерекшеліктері мен айырмашылықтары міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Сондағы ат спортына пайдалану бағытына байланысты жылқы таңдау барысындағы оған қойылатын сұраныстар мен негізгі талаптар:

Жазықтағы және кедергілі ат шабысы (гладкая, барьерная). Оның мақсаты - ат спорты бағытында өсірілетін таза тұқымдағы мініс жылқысына зауыттық тренинг жүргізу және оларды ипподромда сынау. Мұнда жазықтағы (гладкая) және кедергілік (барьерная) ат шабысындағы жылқының

жұмыс сапасы, яғни қарқындылық қабілеті анықталады. Сондағы пайдаланатын жылқы тұқымдары: таза қанды мініс (ағылшын), ахалтеке, араб, терск, тракенен, ганновер, орыс пен украинның мініс, дон, буденный, қостанай, жаңақырғыз және т.с.с.

Желғордың желіп шабуы (бега). Оның мақсаты - желіс бағытында өсірілетін желғор жылқыларына зауыттық тренинг жүргізу және оларды ипподромда сынау. Мұнда қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға (качалка) жегу нәтижесіндегі желғор жылқысының «желіп» шабудағы (бега) жұмыс сапасы яғни ұшқырлық қабілеті анықталады. Сондағы пайдаланатын жылқы тұқымдары: орлов және орыс желғорлары, америкалық стандартбредті және француз желғорлары.

Аттың мәнерлі жүріс өнері (выездка). Бұған экстерьері келісті әрі әдемі, қимыл-қозғалысы әсем әрі еркін, сымбаты үйлесімді әрі дұрыс қалыптасқан. Сымбаты қарағанда көз тоятындай сұлу әрі көркем, жіптей тартылған келбетті әрі кербез. Аяқтары түзу әрі дұрыс қойылған ботатірсек, құйрық-жалы жібектей таралған. Аттың мәнерлі жүрісіне немесе атқа салт мінудің жоғарғы мектебіне - мініс немесе жартылай қанды жылқылар пайдаланылады. Жылқы бойшаң (шоқтық биіктігі - 160,0-170,0 см), кеудесі кең (кеуде орамы - 185,0-200,0 см), мойыны ұзын әрі имек «аққу мойын» немесе «қаз мойын» болуы керек. Басы мойнымен келісті жалғасқан, белі мен бөксесі ұзын әрі еттілеуі дұрыс. Алдыңғы және артқы аяқтары ешқандай кемшіліксіз болуы қажет. Олар - ахалтеке, араб, терск, тракенен, таза қанды мініс (ағылшын), орыс пен украин мініс, буденный және т.с.с. Оған тек бір түсті және ешқандай айрықша белгілері жоқ жылқыны, яғни ақбоз, торы, жирен және қара реңдерін таңдаған жөн.

Кедергіден қарғу (конкур). Бұған мініс жылқысына жақын, бірақ сырт пішіні (экстерьері) ірілеу келген (шоқтық биіктігі - 162,0-164,0 см), кең кеуделі (кеуде орамы - 190,0-200,0 см), сирақтары ұзын және экстерьері мен сымбаты дұрыс әрі үйлесімді қалыптасқан. Жылқының мойыны ұзын әрі имек, басы имек мойнымен ұзындау жалғасқан, белі мен бөксесі қысқалау әрі етті, алдыңғы және артқы аяқтары дұрыс қойылған әрі мықты және ешқандай кемшіліксіз болуы қажет. Жылқының шабыста қарқынды, кедергіден қарғуда батыл және төзімді, қайратты және қарғу мен секіру қабілеті жоғары болғаны жөн. Олар - таза қанды мініс (ағылшын), тракенен, ганновер, украин мініс, буденный және т.с.с. Жартылай қанды жылқыларды да пайдалануға болады.

Үш сайыс (троеборье). Бұған мініс және мініс-жегу жылқысына жақын, сырт пішіні (экстерьері) мен сымбаты үйлесімді келіскен, өзі бойшаң (шоқтық биіктігі - 162,0-168,0 см), орташа кеуделі (кеуде орамы - 180,0-190,0 см), экстерьері мен сымбаты дұрыс қалыптасқан, жүрісі мәнерлі әрі әсем. Өзі батыл әрі қайсар, төзімді әрі шыдамды, қайратты, шабыс пен кедергіден қарғуға бірдей қабілетті және жуас мінезді. Жылқының мойыны ұзын әрі имек, басы имек мойнымен орташа жалғасқан, белі мен бөксесі орташа әрі

етті, алдыңғы және артқы аяқтары дұрыс қойылған әрі мықты және ешқандай кемшіліксіз болуы қажет. Жылқының сымбатты, қарқынды, батыл әрі қайратты болғаны жөн. Аттың мәнерлі жүріс өнеріне де, далада сынауда да және кедергіден қарғуға да секіруге де қабілетті болғаны дұрыс. Себебі, үш сайыстағы осы өнердің барлығын бір ғана жылқы орындайды. Олар - таза қанды мініс (ағылшын), тракенен, ганновер, буденный және жартылай қанды мініс жылқылары.

Стиль-чез. Бұған мініс немесе мініс-жегу жылқысына жақын, бойшаң (биіктігі - 164,0 см-ден кем емес), сауырын бұлшық еттері күшті жетілген, аяқтары ұзын әрі мықты, тарамысты және сіңірлі, тұяқтары құрыштай берік болғаны абзал. Өзі батыл әрі қайсар, шыдамды әрі жылдам, шымыр әрі төзімді, шабыс пен кедергіден қарғу мен секіруге қабілетті жылқылар пайдаланылады. Стиль-чез жылқысы - өзінің жоғарғы жұмыс сапасы мен қабілетін, төзімділігі мен дайындылығын айқын көрсетуі қажет. Яғни, шабандозға оның қарқындылық және қарғу қабілетін бірге ұштастыра отырып, оны күрделі ат спорты аренасында ұтымды пайдалана білгені дұрыс. Олар - таза қанды мініс (ағылшын), тракенен, буденный және жартылай қанды мініс жылқылары.

Ұлттық атсайыс ойындары. Бұған байсалды әрі жуас мінезді және темпераменті қалыпты, мініс пен басқаруға көнбіс, төзімді, бірақ өте батыл әрі қайсар, әр елдің жергілікті жер жағдайының ерекшелігіне жақсы бейімделген жылқылар. Бірақ олар ептілік, айлакерлік, шыдамдылық пен икемділік қабілетке ие немесе шымыр әрі қайратты болғаны дұрыс. Мұндай жылқының қимыл-қозғалысының жылдам, алға тез ұмтылатын, алды-артына жылдам бұрылатын, күші мен төзімділігі қатар жүретін, көнбіс әрі қайратты, басқаруға ыңғайлы және иесіне жан-тәнімен берілген әрі жақын болғаны абзал.

Мәселен, аттың «құнан бәйге, бәйге, аламан бәйге» шабысына – жақын және алыс қашықтыққа шабатын қарқынды әрі төзімді, басқаруға икемді әрі мініске шыдамды және өзі жүйрік сәйгүлікті пайдаланған жөн. Ал «қыз қуу» ойынына - темпераменті қызба қанды, қысқа қашықтыққа ұшқыр және салт мінуге жақсы дайындалған мініс жылқысы қажет. Ал, керісінше «аударыспақ» пен «көкпар» ойындарына, аяқтары жерде нық тұратын мықты әрі қайсар, өзі батыл әрі қайратты және мініске мығым жергілікті жылқы болуға тиіс. Ат спортының ұлттық ойынына - арнайы жарату мен дайындықтан өткен барлық жергілікті жылқылар жарамды. Олардың басқа да жергілікті жылқы мен мініс немесе жегіс жылқысынан алынған будандарын да пайдалануға болады.

Жылқыны жалпы қарау. Жылқыны ат спортына пайдалану мақсатында, алғашында оның жалпы жағдайы мен сырт тұлғасын жай көзбен бағдарлай қарап шығады. Жылқыны жалпы қарап шығу үшін, оны атқорадан жайымен жетекке алып, жазық және түзу жердегі алаңға ақырын «аяң» аллюрімен алып шығады. Сыналатын атты төрт аяғымен жерді тең басып және емін-еркін тұратындай етіп, алдын ала дайындалған керме ағашына

байлап қояды. Мұнда жылқы өзін қалыпты сезініп әрі денесін бос ұстап тұруы тиіс. Қимыл-қозғалысы мен жүрісінің еркін болғаны абзал. Оның көңіл-күйі мен мінез-құлқының да жайбарақат бір қалыпта болғаны дұрыс. Егер жылқы қыршаңқы және оғаш немесе қиқар мінезін көрсетсе, онда жаттықтырушы маманға оны жаттықтыру, дайындау, үйрету мен баптау жұмыстары өте қиынға соғады.

Жылқыны байқау нәтижесінде жалпы қарау үшін, оны қараушы және таңдаушы бапкер атқа жақынырақ келеді. Бапкер керме ағашта байлаулы тұрған аттан алты-жеті қадамдай шеткерек шығып, оның бүйірінен бастап қарайды. Мұнда, аттың тұқымын, жалпы жетілуін, конституциялық типі мен дене сымбатының шомбалдығын анықтауға болады. Жылқының түр-түсінің көзге айқын көрінетін белгісін, басы мен мойнын, кеудесі мен аяқтарының бітім-болмысын сынайды. Содан байлауда тұрған аттан бес-алты қадамдай жерде тұрып, бапкер енді жылқының алды-артына шығып бағамдай байқап қарайды.

Ал, аттың аяқтарының бітімі мен денесінің жеке мүшелерінің ерекшелігін жақынырақ тұрып қараған жөн. Тіптен болмаса маман оның мойны мен сауырынан қолпаштай қаға отырып, қолмен сипап көруі тиіс. Сонда ғана оның бұл мүшелерінің қасиеттерін толық бағалауға мүмкіншілік туады. Және де оның кейбір көзге іліне бермейтін ерекшеліктерін байқауға болады.

Атты сынаудың келесі жұмысы - оның жүрісі, яғни «аяң», «желіс», «шабыс» және мүмкіндігі болса немесе қажет болған жағдайда оның «жорға» аллюрі. Мұнда аттың жүрісінің дұрыстығына, аяғының бірін-бірі қағатын және қақпайтындығы, ақсақтығы бар ма жоқ па, тағы басқа да көзге айқын көрінетін ақауы мен кемшілігінің бар-жоғына аса көңіл бөлінеді. Аттың жүрісінің аллюрлерін анық байқау мақсатында, жылқыны алаң ортасына шығарып, ары-бері жүргізіп көреді. Тіптен сол атқа салт мініп, оның басқарудағы мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының қимыл-қозғалысын байқауға болады.

Атсайыс түрлеріне жылқы таңдау. Ат спортына жылқы таңдау барысында, алдымен оның алғашқы құжатының (зауыттық кітап) мәліметтері тексеріледі. Жылқының ата-тегі, туылған күні мен шаруашылығы, тұқымы, қарқындылығы мен денсаулығының жағдайы анықталады. Жылқының сырт тұлғасының жағдайын жалпы қарап шығады. Содан барып оның конституциясы мен экстерьерін және басқа да ат спортына қажетті ерекшелігі мен жеке қасиеттерін бағалайды. Оларға мыналар жатады: конституциялық кейпі немесе типі; экстерьері мен дене бітімінің сымбаты (статус); түр-түсі мен белгілері; жасы мен оның сайыс түріне пайдалану бағыты; мінез-құлқы мен оның мінез-құлқының кейбір ерекшелігі; аллюрі (жүрісі), оның табиғи және жасанды түрі.

Міне, спортқа пайдаланатын жылқының осы бағалы қасиеттері мен қабілеті, бапкер бапкер мен спортшы-шабандоздың еліміздегі жылдан-жылға

сұранысы өрлеп тұрған атсайысының қай түріне болмасын жылқыны таңдау мен оны дайындау және жаттықтыру (тренинг) жұмысына көмегін тигізеді.

Конституциялық типі бойынша таңдау. Жылқы конституциясы – жалпы алғандағы жұмыс сапасы мен қабілеті (қарқындылығы), денсаулығы, резистенттілігі және оның қоршаған сыртқы ортаның факторының әсер етуіне байланысты қалыптасқан әр түрлі сыртқы пішінінің кейпі (типі). Яғни, жылқы экстерьерінің қалыптасуындағы, морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерінің көрінісі. Ат спортының бағытына байланысты, оған пайдаланатын жылқының конституциялық типі де әр түрлі болып келеді.

Ширақтылығы жоғары, байсалды және күшті. Өзінің қызба және тежелу процесіндегі елгезектілік және тұрақтылық күйінің күшті және байсалдылық қасиетімен сипатталады. Мұндай жылқы байсалды әрі ширақ, жігерлі, әрі батыл және жарату жұмысында өте белсенді. Сыртқы ортаның ауысуына тез көндігеді. Салт міністе көнбіс, батыл, басқаруға икемді, қимыл-қозғалысы ширақ және өзі байсалды әрі жуас. Жарыс соңында бұл типтегі жылқы өз күшін бастапқы қалпына жылдам келтіруге қабілетті.

Ширақтылығы төмен, байсалды және күшті. Бұл жағдайда жылқы қасиеттерінің арасында өзара байланыс туылады. Бірақ қимыл-қозғалысы жай қалыптасады. Мұндай жылқы жуас әрі көнбіс болады. Бірақ сыртқы ортаның ауысуына қорқақтап қарайды. Қалыптасқан жаңа жағдайларға зорға үйренеді. Мініске және басқаруға жайлап барып ақырындап көндігеді. Жарыс соңында бұл типтегі жылқы өз күшін алғашқы қалпына баяу келтіреді.

Қағылез, байсалды және күшті. Оның қызбалығы өзінің тежелу процесінен басым. Жылқы өте жігерлі, сезімтал, бірақ қорқақтау. Өзін қоршаған орта жағдайының өзгерісіне бейімділігі жоғары. Бірақ мініске және басқаруға сылбыр әрі баяу көндігеді. Мұндай жылқыға жайлы қамқорлықпен, жылы шыраймен әрі мейіріммен қараған дұрыс. Жарыс соңында бұл типтегі жылқы өз күшін жұмыс басындағы бастапқы қалпына тез келтіреді.

Әлсіз. Қызбалану және тежелу процесінде әлжуаз болады. Өзі тез болдырғыш және жұмыс қабілеті төмен. Сыртқы ортаның өзгерісіне тез күйзеледі. Тіпті бағынбауы да мүмкін, кейде жұмыстан да қашады. Мініс пен басқаруға қиын көндігеді. Мұндай типтегі жылқы жаттықтырудағы қажетті дағдыны әрең қабылдайды, үнемі қайталамаса - санасынан тез жоғалтады.

Жылқының ат спортының жарыс түріне байланысты пайдалану типтері:

- **жазықтағы шабысқа** – шабандоздың басқаруына көнбіс әрі епті, қызу қанды, еті тірі, жылдам әрі шапшаң қозғалатын, өзі қарқынды;

- **желгордың желуіп шабуына** – делбешіге бағынатын, шылбырдың қағысынан түсінетін, тыңдағыш әрі қызу қанды, өзі ұшқыр;

- **стиль-чез және барьерлік атсайысына** – шабандозды қимылынан-ақ түсінетін, оның бұйрығын қалтқысыз орындайтын әрі тез қабылдайтын, шыдамды, байсалды, бірақ батыл, қайратты және күшті;

- **аттың мәнерлі жүрісі өнеріне (выездка)** – шабандозды қимылынанан ақ ұғатын, музыка әуеніне сезімтал, елгезек, байсалды, ойнақы әрі кербез, сымбатты, көргенде көз тоятындай әсем, жүрісі әсерлі және мәнерлі;

- **кедергіден қарғуға (конкур)** - шабандоз бұйрығын тез ұғатын әрі жылдам орындайтын, батыл, байсалды, ширақ, епті және күшті;

- **үш сайысқа (троеборье)** - шабандоз әміріне сезімтал әрі бірден тез бағынатын, жігерлі, ширақ, бірақ қагілез әрі қайратты және күшті;

- **ұлттық ат ойындарына** - шабандоздың қимыл-қозғалысына икемді, көнбіс, батыл, шыдамды, төзімді, қайратты, ширақ, айлакер және епті.

Ат спортында жақсы жетістікке жету үшін, ширақтылығы жоғары әрі байсалды және өзі күшті типтегі жылқыны пайдаланған жөн. Ол бапкердің жаттықтыру және жарату жұмысына жылдам үйренеді. Мініске және басқаруға тез көндігеді. Спортшы-шабандозбен жеңіл қарым-қатынасқа келеді. Қойған талабын тез орындайды және жақсы дағдыланады. Қоршаған ортаның өзгерістеріне көндігу қабілеті де өте жоғары болып келеді.

Экстерьері мен сымбаты (стату). Ат спорты сайысының қандай түрі болмасын, оған пайдаланатын жылқы түлігінің тұқымына деген өзіндік талабы, сұранысы мен тәртібі бар. Ат спорты сайысының түрі мен бағытына байланысты жылқы экстерьері яғни оның сыртқы пішіні мен сымбаты сәйкес болуы керек. Экстерьер (exterieur – сыртқы, франц. сөзі) – жылқының дене тұлғасының сыртқы құрылысы немесе оның сырт пішінінің сымбаты.

Атсайысының барлық түріне жылқы экстерьерінің ортақ формасын қабылдау мүмкін емес, сонымен бірге зиянды да. Себебі, оның жылқы таңдауда зор маңызы бар. Жылқы экстерьерінің (сыртқы пішіні) формасы мен айырмашылығын бағалауды қиындатады. Ат спортының сайыс ойынына жылқы таңдауда, міндетті түрде оның экстерьерінің формасы мен сымбат сәйкестігі, оның бір-бірімен үйлесімділігін есепке ала отырып жүргізу қажет.

Сонымен бірге жылқы сымбатының дене бітімінің өлшемдері алынады. Дене құрылысының пропорциональдығын сипаттайтын индекс есептелінеді. Жылқыны бейне суретке түсіреді. Бұл тәсілдер жылқы экстерьерін дұрыс анықтау мен бағалауға толық мүмкіндік береді. Жылқы экстерьерінің сымбатының ерекшелігін айқын бейнелеу мен анықтауға көмегін тигізеді.

Жылқы экстерьерін бағалау жай көзбен қарау арқылы да жүргізіледі. Бұл үшін маманның, оның тұқымына, типіне және пайдалану бағытына байланысты ерекшелігін дұрыс айыра білетін біліктілігі мен тәжірибесі қажет. Жылқы экстерьері мен оның дене сымбатынан (стату) бір қарағанда нені көруге немесе байқауға болады? Мұның нәтижесі – маманның жылқыны бағалаудағы мақсаты мен квалификациясы, талғампаздығы мен аңғарымына да байланысты.

Түр-түсі мен белгілері бойынша таңдау. Ат спорты сайысына пайдаланатын жылқының экстерьерінің көркемділігі оның сыртқы түр-түсіне де байланысты. Жылқының сыртқы түрінің реңінің біртүсті болғаны жөн. Бұл оларға қосымша сұлулық пен әсемдік әрі қайталанбас сән-салтанатты сипат

береді. Олар негізінен - ақбоз, сары, қара, қаракер, торы, жирен және бурыл түстер. Мәселен, аттың мәнерлі жүріс өнеріне, жылқының жылтыр жирен түр-түсі ұнамды. Шымқай қара түсі, құла немесе сары түсі де келеді. Бірақ-та айрықша белгісінің болмағаны жөн. Кейде ондай жағдайдың кездесуі де мүмкін. Ал басқа атсайыс түрлерінде жылқының түр-түсі мен оның реңдері ескеріле бермейді.

Жасы. Ат спорты сайысының қолдану бағыты мен оның ойын түріне байланысты, жылқыны ат жарысына пайдалану жасы да әр түрлі болып келеді. Мәселен, жылқыны ат спортының бағытына байланысты екі жасынан бастап, он сегіз жасына дейін пайдаланады. Бірақ кейбір атсайыс ойындарында тек тәжірибелі және арнайы сол бағыттағы жақсы жаттықтырылған жылқы қажет.

Сондағы жылқының атсайысының жарыс түріне байланысты пайдалану жастары: жазықтағы шабыста (гладкая) - 2-5 жасында; кедергілік шабыста (барьерлік) – 2-5 жасында; стипль-чезде - 6-10 жасында; желфордың желуінде (бега) – 2-6 жасында; аттың мәнерлі жүріс өнеріне (выездка) – 5-16 жасында; кедергіден қарғуға (конкур) -5-14 жасында; үш сайыста (троеборье) – 6-12 жасында; атсайысының ұлттық ойындарына - 5-12 жасында.

Атсайыс ойынының түрлеріне байланысты, кейбір ұшқыр сәйгіліктердің спортқа пайдалану жастары әр түрлі болуы да мүмкін. Мәселен, кейбір жекелеген ұшқыр айғырлар он екі жасына дейін де ат шабысына қатыса береді. Ат шабысында ұшқырлық көрсеткен биелердің де сегіз жасына дейін ат шабысына қатысқаны әдеби деректерден мәлім. Мұндай жағдайлар атсайысының басқа да түрлерінде де әр түрлі мағнада көптеп кездеседі.

Мінез-құлқы бойынша таңдау. Ат спортының сайыс түріне пайдаланатын жылқы таңдау барысында, оның темпераменті мен мінез-құлқына (нерв жүйесінің типіне) міндетті түрде көңіл аударылады. Мінез-құлқы жағынан жылқыны жуас, момын және қиқар деп бөледі. Мінезі жуас және момын жылқылар келешектегі жаттықтыру жұмыстарына тез көндігеді әрі жылдам дағдыланады. Нашар немесе қиқар мінезді жылқы ат спортына қажет емес. Үркек мінезді жылқылар да кездеседі. Мұндай мінездегі жылқы салт мініске өте қиын үйренеді. Өзін тазалауға, тағалауға, ерттеуге және мініске әрең дегенде көнеді. Үстіне салт мінген адамды аударып тастайды немесе алып қашады. Сонымен бірге басын шұлғи қағып жиі жұлқылайды және ауыздықты қышырлата шайнайды, артық шыдамсыздық мінез көрсетеді, тіптен шабандоз бен бапкерді қиқарланып тыңдамауы немесе мүлде бағынбауы да мүмкін.

Ат спорты сайысына жылқы таңдағанда оның мінез-құлқының жағымсыз қылығын байқай білу қажет. Себебі, оны ат спортына болашақта пайдалану барысында қиындық туғызады. Сондағы жылқының жағымсыз қылығы, олар: ауыздығын шайнау, өз иығын, аяқтарын және бүйірін тістелеу, тілін шығару, ерінін сылпылдату, басын шұлғу, аяғымен тыпырлау, жатып алу және т.с.с.

Спорт жылқысының мінез-құлқы, оның жынысына да байланысты. Айғырдың мінезі биеге қарағанда батыл әрі қайсар. Сондықтан бапкер мен шабандоздың білгірлігі мен тәжірибесінен көп күшті қажет етеді. Олар өзінен басқа жылқыға беймаза қылық көрсетуге дайын тұрады. Кейде жылқының мінез-құлқына жыныстық рефлексі де әсер етеді. Мысалы, піштірілмеген айғырға қарағанда, ақта (піштірілген) аттың мінезі байсалды әрі жуас. Бірақта аттың мәнерлеп жүру өнеріне айғырды пайдаланған дұрыс. Ал қалған атсайыс ойындарына ақта яғни піштірілген аттарды пайдалана беруге болады.

Аллюрі бойынша таңдау. Жылқы аллюрі өз кезегінде табиғи және жасанды болып бөлінеді. Жылқының табиғи аллюріне - аяң, шабыс, желіс және жорға, ал жасанды аллюріне – пассаж, пируэт және т.с.с. оның арнайы жаттығу барысына үйретілген жүрістері жатада. Ат спортына жылқы таңдағанда оның табиғи жүрісіне яғни аллюріне баса назар аударылады. Бұл үшін спорт атының табиғи жүрісі - «аяң», «шабыс», «желіс» және «жорға» аллюрлері тексеріледі. Сонымен бірге, жылқының биіктікке «қарғуға» немесе «секіруге» бейімділігі мен басқа да қабілеттері де назардан тыс қалмауы қажет.

Жылқымен қарым-қатынас. Спорт жылқысымен қарым-қатынас, оның орталық нерв жүйесімен тікелей байланыста жүргізіледі. Оның организмінің түрлі жүйелерін басқара отырып, шартты рефлексі арқылы қоршаған ортамен байланысын реттеуге болады. Жылқы беймаза, үркек немесе қорқақ болса, онда жақсы қарым-қатнастың нәтижесінде оның сеніміне ие болу қажеттілігі туады. Ат пен адамның психологиялық үйлесімділігінің маңызы өте зор.

Бапкер мен шабандоздың болашақтағы табысы, жылқының жаттығу дайындығы мен психологиялық жағдайына тікелей байланысты. Оның психикасы мен күш-қуатының деңгейі де міндетті түрде ескеріледі. Бұл жылқының нерв жүйесінің күшіне, оның жұмыс барысындағы байсалдылық пен ширақтылық белгілеріне тән қасиет. Жылқының нерв жүйесі өте нәзік болып келеді. Оларды жаттықтыру барысында, осы жағдайды мұқият ескерген жөн. Оның мінез-құлқының ерекшелігін және оның дағдысын дәл басып таба білу қажет. Сондықтан жылқымен тіл табысудың маңызы зор.

Жылқының ат спортындағы табысты болуы, оны жаттықтырушы бапкер мен оған мініп шабатын шабандоздың - жылқының психологиялық ерекшелігін түсінуі мен оны қолдана білуінде. Жылқының жеке немесе ерекше қасиеттерін ұтымды пайдалану нәтижесінде, жылқы мен адамның байланысы тұрақты әрі нақтылы болуы қажет. Сонда ғана олардың қарым-қатнасы берік қалыптасады және бір-бірінің арасында түсінушілік сезімі пайда болады.

Ат спорты – спортқа пайдаланатын жылқы мен оны жаттықтырушы бапкердің психологиялық үйлесімділігін, тиянақтылығын, жинақтылығы мен жауапкершілігін қажет етеді. Бұған қол жеткізу үшін, алғашында жаратушы

бапкерге, ал кейін оған мініп шабатын шабандозға шыдамдылық пен табандылық керек. Спорт атын жаттықтыру барысында, бапкердің оған беретін келесі сабағының жүктемесі, әсіресе психология тұрғысынан, міндетті түрде алдыңғы дағдыланған жаттығуының жалғасы болғаны дұрыс. Содан барып жылқыны жаттығуға дағдыландыру жұмысының жүктемелерін ақырындап жоғарлату қажет. Сонда ғана жаратушы бапкер мен шабандоздың жылқыны жаттықтырудағы көздеген негізгі мақсатына жетуге болады.

Жылқыны мадақтау немесе жазалауда - берілетін дауыс ырғағы, қатаң және оның бірқалыпты болғаны дұрыс. Бапкер мен шабандоз жылқыға тұрақты жылы ықпал жасаған сайын, ол қажетті дағдыларды тез қабылдайды. Жаттығу жылқы санасында берік қалыптасады және естерінде анық сақталады. Жылқымен жаттығу жұмысын жүргізу барысында, оны мадақтау немесе жазалау тәсілін ойлана отырып қолдану қажет. Жылқының мақсатты жаттығуды орындаудағы жетістігін үнемі мадақтау нәтижесі - «жеңіске» жеткізеді. Бұл оны жаттықтырушы бапкердің ұзақ жылғы тәжірибесіне байланысты қалыптасады.

Ал шабандоздың ат жарысындағы жеңісі, оның жылқы сеніміне ие болғандығының нәтижесінің қорытындысын көрсетеді.

Жылқыны жаттықтыру барысында жиі жазалай берсе, оған сақтық пен қорқақтық сезімі ұялайды. Жылқының жүйкесі мен сана сезімінде үнемі күйгелектік пайда болып тұрады. Жылқыға қатаң қарау оның жүйке жүйесін бұзады. Оған қорғаныс шартты рефлексін тудырады. Жылқының үркектік, ашушаң, қиқарлық немесе қыршаңқы мінез-құлқының тууына әкеп соғады. Сондықтан мұндай оғаш қарым-қатынастың нәтижесінде, келешекте жылқыны өз дегеніне бағындыру және жаттықтыру жұмысы қиын болады.

Жылқыны жаттықтыру мен оны ат жарысына қосу барысында, шартты және шартсыз рефлекті бірдей қолданған дұрыс. Бұл жылқыны мадақтау немесе жазалау кезінде қалыптасады. Жылқы - өзіне адамның қарым-қатнасын өте жақсы сезінеді. Ол өзінің жылы пейілі мен ризашылығын, көзбен мейірлене қарау мен құлақ қимылы арқылы жауап береді. Ол өзіне көрсетілген жақсы мен жаман қарым-қатынасты ешқашан ұмытпайды, есінде ұзақ сақталады.

Жылқы өзіне қамқорлық пен мейірім көрсеткен шабандозға немесе бапкерге жылы және жақсы көрушілікпен қарайды. Мәселен, өзіне ұнайтын адамын немесе күтушісін көргендегі қуанышы мен сезімін, жылқы өз аяқтарымен жер тарпу, оқырану мен кісінеу арқылы білдіреді. Жылқыдан ешқашанда қорқудың қажеті жоқ. Қандай жағдай болғанда-да оның сеніміне ие болуға тырысқан жөн. Мейірімді қолдағы жылқы - қандай тапсырма болмасын күндіз де түнде де, жолда да жолсыз жерде де, ауа-райының қандай жағдайы болса да, көңілімен және беріле орындайды. Жылқымен тіл табысудың нәтижесінің қайтарымы міне осында көрінеді.

Жылқының қай тұқымы болмасын, өзін ат спортының қандай түріне пайдаланбасын, ол иесінің мейірлей еркелеткенін ұнатады. Әсіресе, ат

спортына пайдаланатын жылқы тәтті-дәмдіні жақсы көреді. Қажетті жаттығуды орындағаннан кейін, әрдайым оған тәтті (қант, сәбіз) беріп үйрету қажет. Жылқының «*жетістігін*» әрдайым қолпаштай дауыстап, мойны мен арқасынан сипап, сауырынынан қағып, өз ризашылығын мен қошаметінді көрсету керек.

Жылқымен тіл табысудың тағы бір тәсілі - онымен сөйлесу. Олар жас бала мен ересек адамның өзіне деген қарым-қатнасының айырмашылығын сезе біледі. Жылқымен – жылы және мейірімді қарым-қатынас орната білу, бұл ат спортындағы сайыс өнерінің қосымша жетістігі. Жылқы мен оның жеке иесінің, бапкер бапкері мен спортшы-шабандоздың келешектегі ат шабысының жарысындағы жетістігі, табысы мен жеңісі. Олардың бірге дайындалған еңбегі, біріккен күрделі жаттығу нәтижесі. Бұл ат спортындағы және оның болашақта көретін еңбегінің нәтижелік «*жеңісі*».

Жылқының күнделікті жаттығу барысында орындаған және көрсеткен қажетті қимыл-қозғалысының жетістігін қоңыр дауыспен әрдайым мақтап-мадақтап, үнемі қолпаштап және тәтті беру қажет.

Жылқыны ат спортына дайындау барысында және оның алдағы белгіленген мақсатына байланысты, оған қойылатын талапты ақырындап немесе біртіндеп көтеру нәтижесінде жетеді және оны бұған жаттықтыруды қайталап тұру қажет. Бұл спорт бағытында өсірілетін жылқыны дұрыс тәрбиелеудің негізгі тәсілі болып табылады. Сондықтан жылқы ат спортының қандай бағытына немесе сайысына дайындалсын, онымен бапкер бапкердің, шабандоздың және ат күтушінің жылы және мейірімді қарым-қатнаста болғандары жөн. Бұл сайыс атының келешектегі яғни спортта көрсететін табысының алғашқы даңғыл жолы болып саналады. Сондағы адам мен ат, ат пен адамның атсайысы соңындағы көздеген негізгі мақсаты - «*жеңіс*».

Бақылау сұрақтары: Ат спортының мақсаты неде. Ат спортының қандай пайдалану бағыты болады. Ат спортына жылқы таңдаудың мақсаты. Ат спортына жылқы таңдаудың маңызы. «*Жазықтағы*» және «*кедергіл*» ат шабысын өткізудің мақсаты мен оған пайдаланатын жылқы тұқымдары. Желфордың «*желін*» жүгіру ат шабысын өткізудің мақсаты мен оған пайдаланатын жылқы тұқымдары. Аттың мәнерлі жүріс өнеріне қандай жылқылар пайдаланылады. Конкур жылқысын атаңдар. Үш сайысқа пайдаланатын жылқының ерекшелігі. Стипель-чезге жылқыны қай жасынан бастап пайдалануға болады. Атсайысының ұлттық түрлеріне қандай жылқылар пайдаланылады. Жылқыны ат спортына жалпы таңдағанда оның қандай белгілеріне көңіл аударылады. Ат спортына жылқы таңдауда оның қандай жеке қасиеттері бағаланады. Ат спортының бағытына байланысты оған пайдаланатын жылқының қандай конституциялық типі болады. Жылқының мінез-құлқының ат спортында қандай маңызы бар. Мінез-құлқы жағынан жылқыны қалай бөледі. Жылқымен мейірімді қарым-қатнас орнатудың мақсаты неде. Жаттықтырушы бапкер жылқыға ризашылық сезімін қалай білдіруге болады.

Жылқы мен шабандоздың ат спортындағы негізгі көздеген мақсаты неде. Жылқының жағымсыз қылығы несімен айқындалады. Спорт жылқысымен қарым-қатынас неге тікелей байланыста жүргізіледі. Ат спорты – спортқа пайдаланатын жылқы мен оны жаттықтырушы бапкердің қандай үйлесімділігін қажет етеді. Жылқыны жаттықтыру мен оны ат жарысына қосу барысында қандай рефлексті бірдей қолданған дұрыс. Жылқыны орындаудағы жетістігін үнемі мадақтау нәтижесі - «*жеңіске*» жеткізеді.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді ат спорты түрлеріне байланысты жылқы таңдаудың маңызымен таныстыру, оның негізгі принциптері мен қағидаларын, спорт атына қойылатын талаптар, жалпы қарау, экстерьері мен конституциялық типтері, жасы мен түр-түсі және аллюрі бойынша бағалау тәсілдерін және жылқымен қалай ортақ тіл табысуға болатынын үйрету.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін ипподром мен ат спорты мектебіне қосымша экскурсия ұйымдастыру қажет. Оқу барысында студенттер жылқыны ат спортына таңдаудың және спорт атына қойылатын талаптардың мақсаты мен маңызын және ондағы өткізілетін ат жарыс түрлеріне пайдаланатын жылқыларды көреді және танысып-үйренеді.

Тапсырма:

1. Ат спортының пайдалану бағыты мен оның түрлеріне байланысты жылқы таңдау принциптеріне, оның конституциялық типіне, табиғи және жасанды аллюрлеріне талдау жасау және оның түрлерін жазып алу.

2. Жылқының мінез-құлқы мен онымен қалай жылы әрі мейірімді қарым-қатнас орнатуға болатынын талқыға салу.

3. Ат спортының пайдалану бағыты мен оның түріне қатысты атауларын оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазу.

Тест сұрақтары

\$\$ 16. Тренинг (франц. training) - деген термин нені білдіреді.

- A) спорт жылқысын жаттықтыру
- B) бапкер
- C) атшы
- D) жылқы зауыты мен фермасында, шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 17. Спорт жылқысын жаттықтырушыны қалай атайды.

- A) спорт жылқысын жаттықтыру
- B) бапкер**
- C) атшы
- D) жылқы зауыты мен фермасында, шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 18. Спорт жылқысын күтушіні қалай атайды.

- A) спорт жылқысын жаттықтыру
- B) бапкер
- C) атшы**
- D) жылқы зауыты мен фермасында, шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 19. Ат спортына пайдаланатын жылқысы қайда өсіріледі.

- A) спорт жылқысын жаттықтыру
- B) бапкер
- C) атшы
- D) жылқы зауыты мен фермасында, шаруашылықта**
- E) ипподромда

\$\$ 20. Спорт жылқысына ипподромдық сынау қайда жүргізіледі.

- A) спорт жылқысын жаттықтыру
- B) бапкер
- C) атшы
- D) жылқы зауыты мен фермасында, шаруашылықта
- E) ипподромда**

\$\$ 21. Жазықтағы ат шабысына (*гладкая*) жылқы таңдаудағы негізгі талаптар.

A) жылқының жазықтағы шабысының яғни қарқындылық қабілеті анықталады

B) жылқының кедергіден қағып шабу дағы қарқындылық қабілеті анықталады

С) желғор жылқысының «желіп» шабудағы ұшқырлық қабілеті анықталады

Д) экстерьері келісті, әдемі, қимыл-қозғалысы әсем әрі еркін, сымбаты үйлесімді қалыптасқан

Е) мініс жылқысына жақын, бірақ экстерьері ірілеу келген, экстерьері мен сымбаты үйлесімді

§§ 22. Кедергілі ат шабысына (*барьерная*) жылқы таңдаудағы қойылатын негізгі талаптар.

А) жылқының жазықтағы шабысының яғни қарқындылық қабілеті анықталады

В) жылқының кедергіден қағып шабу дағы қарқындылық қабілеті анықталады

С) желғор жылқысының «желіп» шабудағы ұшқырлық қабілеті анықталады

Д) экстерьері келісті, әдемі, қимыл-қозғалысы әсем әрі еркін, сымбаты үйлесімді қалыптасқан

Е) мініс жылқысына жақын, бірақ экстерьері ірілеу келген, экстерьері мен сымбаты үйлесімді

§§ 23. Желғордың желіп шабуына (*бега*) жылқы таңдаудағы қойылатын негізгі талаптар.

А) жылқының жазықтағы шабысының яғни қарқындылық қабілеті анықталады

В) жылқының кедергіден қағып шабу дағы қарқындылық қабілеті анықталады

С) желғор жылқысының «желіп» шабудағы ұшқырлық қабілеті анықталады

Д) экстерьері келісті, әдемі, қимыл-қозғалысы әсем әрі еркін, сымбаты үйлесімді қалыптасқан

Е) мініс жылқысына жақын, бірақ экстерьері ірілеу келген, экстерьері мен сымбаты үйлесімді

§§ 24. Аттың мәнерлі жүріс өнеріне (*выездка*) жылқы таңдаудағы негізгі талаптар.

А) жылқының жазықтағы шабысының яғни қарқындылық қабілеті анықталады

В) жылқының кедергіден қағып шабу дағы қарқындылық қабілеті анықталады

С) желғор жылқысының «желіп» шабудағы ұшқырлық қабілеті анықталады

Д) экстерьері келісті, әдемі, қимыл-қозғалысы әсем әрі еркін, сымбаты үйлесімді қалыптасқан

Е) мініс жылқысына жақын, бірақ экстерьері ірілеу келген, экстерьері мен сымбаты үйлесімді

§§ 25. Кедергіден қарғуға (*конкур*) жылқы таңдаудағы қойылатын талаптар.

А) жылқының жазықтағы шабысының яғни қарқындылық қабілеті анықталады

В) жылқының кедергіден қағып шабу дағы қарқындылық қабілеті анықталады

С) желфор жылқысының «*желін*» шабудағы ұшқырлық қабілеті анықталады

Д) экстерьері келісті, әдемі, қимыл-қозғалысы әсем әрі еркін, сымбаты үйлесімді қалыптасқан

Е) мініс жылқысына жақын, бірақ экстерьері ірілеу келген, экстерьері мен сымбаты үйлесімді

§§ 26. Үш сайыс жарысына (*троеборье*) жылқы таңдаудағы қойылатын талаптар.

А) экстерьері мен сымбаты үйлесімді, жүрісі мәнерлі, шабыс пен кедергіден қарғуға қабілетті

В) бойшаң, бұлшық еттері күшті жетілген, төзімді, шабыс пен кедергіден секіруге қабілетті

С) таза қанды ат спортына өсірілетін мініс және желіс жылқы тұқымдары

Д) экстерьері келісті әрі әдемі, қимыл-қозғалысы еркін, батыл әрі қайсар, қарғуға жаттыққан

Е) байсалды әрі жуас, мініс пен басқаруға көнбіс, төзімді, бірақ өте батыл әрі қайсар

§§ 27. Стипель-чез жарысына жылқы таңдау барысындағы қойылатын талаптар.

А) экстерьері мен сымбаты үйлесімді, жүрісі мәнерлі, шабыс пен кедергіден қарғуға қабілетті

В) бойшаң, бұлшық еттері күшті жетілген, төзімді, шабыс пен кедергіден секіруге қабілетті

С) таза қанды ат спортына өсірілетін мініс және желіс жылқы тұқымдары

Д) экстерьері келісті әрі әдемі, қимыл-қозғалысы еркін, батыл әрі қайсар, қарғуға жаттыққан

Е) байсалды әрі жуас, мініс пен басқаруға көнбіс, төзімді, бірақ өте батыл әрі қайсар

§§ 28. Кәсібилік атсайыс ойындарына жылқы таңдау барысындағы қойылатын талаптар.

А) экстерьері мен сымбаты үйлесімді, жүрісі мәнерлі, шабыс пен кедергіден қарғуға қабілетті

В) бойшаң, бұлшық еттері күшті жетілген, төзімді, шабыс пен кедергіден секіруге қабілетті

С) таза қанды ат спортына өсірілетін мініс және желіс жылқы тұқымдары

Д) экстерьері келісті әрі әдемі, қимыл-қозғалысы еркін, батыл әрі қайсар, қарғуға жаттыққан

Е) байсалды әрі жуас, мініс пен басқаруға көнбіс, төзімді, бірақ өте батыл әрі қайсар

§§ 29. Классикалық атсайыс ойындарына жылқы таңдаудағы қойылатын негізгі талаптар.

А) экстерьері мен сымбаты үйлесімді, жүрісі мәнерлі, шабыс пен кедергіден қарғуға қабілетті

В) бойшаң, бұлшық еттері күшті жетілген, төзімді, шабыс пен кедергіден секіруге қабілетті

С) таза қанды ат спортына өсірілетін мініс және желіс жылқы тұқымдары

Д) экстерьері келісті әрі әдемі, қимыл-қозғалысы еркін, батыл әрі қайсар, қарғуға жаттыққан

Е) байсалды әрі жуас, мініс пен басқаруға көнбіс, төзімді, бірақ өте батыл әрі қайсар

§§ 30. Ұлттық атсайыс ойындарына жылқы таңдау барысындағы қойылатын негізгі талаптар.

А) экстерьері мен сымбаты үйлесімді, жүрісі мәнерлі, шабыс пен кедергіден қарғуға қабілетті

В) бойшаң, бұлшық еттері күшті жетілген, төзімді, шабыс пен кедергіден секіруге қабілетті

С) таза қанды ат спортына өсірілетін мініс және желіс жылқы тұқымдары

Д) экстерьері келісті әрі әдемі, қимыл-қозғалысы еркін, батыл әрі қайсар, қарғуға жаттыққан

Е) байсалды әрі жуас, мініс пен басқаруға көнбіс, төзімді, бірақ өте батыл әрі қайсар

§§31. Жазықтағы ат шабысына (*гладкая*) пайдаланатын жылқы тұқымдары.

А) таза қанды мініс, ахалтеке, араб, терск, тракенен, ганновер, орыс пен украинның мініс, дон

В) ағылшын, терск, тракенен, ганновер, орыс, украин, дон, буденный, жартылай қанды

С) орлов, орыс, америкалық стандартбредті және француз желғорлары

Д) ахалтеке, араб, терск, тракенен, таза қанды мініс, орыс пен украин мініс, буденный

Е) таза қанды мініс, тракенен, ганновер, украин мініс, буденный және жартылай қанды

§§ 32. Кедергілі ат шабысына (*барьерная*) пайдаланатын жылқы тұқымдары.

А) таза қанды мініс, ахалтеке, араб, терск, тракенен, ганновер, орыс пен украинның мініс, дон

В) ағылшын, терск, тракенен, ганновер, орыс, украин, дон, буденный, жартылай қанды

С) орлов, орыс, америкалық стандартбредті және француз желғорлары

Д) ахалтеке, араб, терск, тракенен, таза қанды мініс, орыс пен украин мініс, буденный

Е) таза қанды мініс, тракенен, ганновер, украин мініс, буденный және жартылай қанды

§§ 33. Желғордың желіп шабуына (*бега*) пайдаланатын жылқы тұқымдары.

А) таза қанды мініс, ахалтеке, араб, терск, тракенен, ганновер, орыс пен украинның мініс, дон

В) ағылшын, терск, тракенен, ганновер, орыс, украин, дон, буденный, жартылай қанды

С) орлов, орыс, америкалық стандартбредті және француз желғорлары

Д) ахалтеке, араб, терск, тракенен, таза қанды мініс, орыс пен украин мініс, буденный

Е) таза қанды мініс, тракенен, ганновер, украин мініс, буденный және жартылай қанды

§§ 34. Аттың мәнерлі жүріс өнеріне (*выездка*) пайдаланатын жылқы тұқымдары.

А) таза қанды мініс, ахалтеке, араб, терск, тракенен, ганновер, орыс пен украинның мініс, дон

В) ағылшын, терск, тракенен, ганновер, орыс, украин, дон, буденный, жартылай қанды

С) орлов, орыс, америкалық стандартбредті және француз желғорлары

D) ахалтеке, араб, терск, тракенен, таза қанды мініс, орыс пен украин мініс, буденный

E) таза қанды мініс, тракенен, ганновер, украин мініс, буденный және жартылай қанды

\$\$ 35. Кедергіден қарғуға (*конкур*) пайдаланатын жылқы тұқымдары.

A) таза қанды мініс, ахалтеке, араб, терск, тракенен, ганновер, орыс пен украинның мініс, дон

B) ағылшын, терск, тракенен, ганновер, орыс, украин, дон, буденный, жартылай қанды

C) орлов, орыс, америкалық стандартбредті және француз желғорлары

D) ахалтеке, араб, терск, тракенен, таза қанды мініс, орыс пен украин мініс, буденный

E) таза қанды мініс, тракенен, ганновер, украин мініс, буденный және жартылай қанды

\$\$ 36. Жылқы төлі қанша жасқа дейін «құлын» деп аталады.

A) 6-7 айлығына дейін

B) алты айлық

C) бір жасар

D) 1,5 жасар

E) екі жасар

\$\$ 37. Жабағысы қанша жаста.

A) 6-7 айлығында

B) алты айлығынан бір жасқа дейін

C) бір жасар

D) 1,5 жасар

E) екі жасар

\$\$ 38. Тайы қанша жаста.

A) 6-7 айлығында

B) алты айлық

C) бір жастан 1,5 жасқа дейін

D) 1,5 жасар

E) екі жасар

\$\$ 39. Құнан шығары қанша жаста.

A) 6-7 айлығында

B) алты айлық

C) бір жасар

- D)** 1,5 жастан екі жасқа дейін
- E) екі жасар

\$\$ 40. Құнаны қанша жаста.

- A) 6-7 айлығында
- B)** алты айлық
- C) бір жасар
- D) 1,5 жасар
- E)** екі жасар

\$\$ 41. Дөнен шығары қанша жаста.

- A)** 2,5 жас тан үш жасқа дейін
- B) үш жасар
- C) 2,0-2,5 жасар
- D) үш жасар
- E)** төрт жас және одан жоғары

\$\$ 42. Дөнені қанша жаста.

- A) 2,5 жасар
- B)** үш жасар
- C) 2,0-2,5 жасар
- D) үш жасар
- E)** төрт жас және одан жоғары

\$\$ 43. Биесі қанша жаста.

- A) 2,5 жасар
- B) үш жасар
- C) 2,0-2,5 жасар
- D)** үш жасар және жоғары жастағы
- E)** төрт жас және одан жоғары

\$\$ 44. Айғыры қанша жаста.

- A) 2,5 жасар
- B) үш жасар
- C) 2,0-2,5 жасар
- D) үш жасар
- E)** төрт жас және одан жоғары жастағы

\$\$ 45. Жазықтағы және кедергілік шабыста пайдалану жасы.

- A)** 2-7 жасында
- B) 2-6 жасында
- C) 6-10 жасында
- D) 5-12 жасында
- E)** 6-14 жасында

\$\$ 46. Стипель-чез жарысына пайдаланатын жылқының пайдалану жасы.

- A) 2-7 жасында
- B) алты жасынан бастап**
- C) 6-10 жасында
- D) 5-12 жасында
- E) 6-14 жасында

\$\$ 47. Классикалық атсайысына жылқының пайдалану жасы.

- A) 2-7 жасында
- B) 2-6 жасында
- C) 6-10 жасында
- D) 5-12 жасында**
- E) 6-14 жасында

ЖЫЛҚЫ ТУРАЛЫ

*Мінсе - аты, жеке - көлігі,
Сойса - соғымы, сауса - қымызы.*

Ат спортының ойын сайыстары, атқа салт мінген шабандоздың жетістігімен ғана шектеліп қалмайды. Табиғаттың тірі организмі жылқы түлігінің де қатысуымен сипатталады. Шабандоздың атсайысындағы көзделген негізгі мақсаты – «жеңу». Бұл олардың бір арнаға құйылған дайындық деңгейі мен шеберлігіне де қатысты. Әр шабандоздың атқа міну шеберлігі мен атсайысы бір жағынан өзінің жеке дайындығына байланысты. Келесі жағынан өзінің таңдап алған мініс атының жан-дүниесін түсіне білуіне де тәуелді. Шабандоздың жетістікке жетуі мен жеңіп шығуы үшін үнемі өзінің де спорттық формада болуы қажет. Бұл үшін шабандоздың атқа салт мінуді ғана меңгеруі жеткіліксіз. Оның жылқы түлігінің барлық ат спорты бағытындағы ерекшелігі мен атсайыс түрлерінің қыр-сырынан да танымы мен түсінігі болуы қажет.

Жылқы түлігі туралы толық мағлұмат беретін, оны танып білуге бағытталған ілімді зоотехнияда «иппология» - деп атайды. Иппология - ілімі алғашында Греция елінде пайда болған. Содан барлық елге кеңінен тараған. Иппология - грек тіліндегі терминнен (hippos – жылқы, logos – ілім) шыққан сөз. Жылқы туралы түсінік деген мағнаны білдіреді. Иппология ілімі - жылқының анатомиялық, физиологиялық, зоологиялық, биологиялық, зоотехниялық, малдәрігерлік, археологиялық және т.б. ілімдерінен жан-жақты хабардар етеді.

Қазіргі кездегі иппология ілімі, жылқыға байланысты кездесетін мынадай мәселелерге жауап береді: жылқының шығу тегі мен эволюциясы; экстерьері, интерьері және конституциясы; анатомиясы мен физиологиясы; тұқымдары; көбеюі мен өсіп-өнуі және жетілуі, құлын өсіру мен оның дамып-жетілуі; азықтандыру мен күтіп-бағу; жұмыс қабілеті мен ауыл шаруашылық жұмысына пайдалануы; өндірілетін өнімдері; зауыттық тренингісі (топты, бас білдіру, жеке) мен ипподромдағы сынау тәртібі; ат спорты мен оның сайыс ойын түрлері, ат туризмі, пони клубы; аңшылық саятшылығы; селекциялық-асылдандандыру және жетілдіру жұмыстары; жаңа тұқым шығару және қолда бар тұқымдарды жетілдіру; мемлекеттік және зоотехния-малдәрігерлік шаралары; оның тасымалдануы мен қауыпсыздандыру техникасы.

Жылқы түлігі туралы ілімді оқып үйрену үшін, алдымен оның «анатомиясы» мен «физиологиясын» жақсы білу қажет. Яғни жылқы организмінің анатомиялық құрылысы, функциональдық жүйесі, қозғалыс және ішкі мүшелерінің атқаратын қызметтерінен толық хабардар болуға тиіс.

Анатомия және физиология - жылқы түлігін танып білу мен түсінудің алғашқы фундаментінің негізі. Жылқыны өз қажетіне пайдалану жұмысы, осы анатомиялық құрылысы мен физиологиялық жүйесінен басталады. Анатомия (грек. anatome – кесу) - жылқы организмі мен құрылысының формасы. Физиология - организмде болатын тіршілік процесінің ағымды жүйесінің барлық жиынтығы. Жылқы түлігінің бар болмысын танып білу үшін бұл екі ілімнің де өзіндік тереңділік маңызы жоғары. Оның организмдегі құрылысы мен атқаратын қызметтері бір-бірімен тығыз байланысты.

Жылқы организмі басқа ауыл шаруашылық малымен салыстырғанда өте күрделі және ерекше болып келеді. Сонымен бірге бұдан басқа да көптеген биологиялық ерекшелігі де жетерлік. Жылқының белгілі бір қызмет атқаратын және түрлі ұлпадан тұратын организм бөліктері жеке мүшелерден (органдардан) құралады. Мәселен, жүрек, өкпе, бүйрек, бауыр, көк бауыр, асқазан, көз, мұрын, ауыз және тағы басқалары. Бұл организм бөлігінің орындайтын қызметінің жиынтығы, белгілі бір атқаратын және соларға жауап беретін маңызы бар нақтылы жүйелерді құрайды.

Сондықтан бұл тарауда жылқы түлігі яғни «*иппология*» ілімі туралы түсінікті, оның анатомиялық құрылысы және организм құрылысының атқаратын қызметі, оның физиологиялық жүйесі мен мүшелері, зат алмасуы және температурасы, функциональдық күйі мен жұмыс қабілеті, нерв жүйесінің типологиялық ерекшелігі, конституциялық типі және экстерьері, сымбатының (статусы) мүшелері, түр-түсі мен белгілері, жасы мен өлшемдері және аллюрі (жүрісі) жайлы мәліметтері беріледі. Сонымен бірге, жылқыны ат спортының сайыстары мен ойын түрлеріне байланысты пайдалануға қажетті қысқаша сипаты мен соған қажетті мағлұматы да беріліп отырады.

Анатомиялық құрылысы

Жылқы түлігінің жалпы қозғалыс мүшелері (органдары) «*енжар*» және «*белсенді*» болып екіге бөлінеді. Енжар органына - ол қаңқа сүйектері, тарамыстары мен сіңірлері, ал белсенді органына - бұлшық еттері мен тағы да басқа оның қосымша бөліктері жатады.


Қаңқа. *Қаңқа сүйегі* - жылқы денесінің қатты сүйектілігінің негізін құрайды және оның тіреуіштік қызметін атқарады. Сонымен бірге қаңқа сүйектері жылқы түлігінің ішкі мүшелерін қоршаған ортаның сыртқы әсерінен қосымша қорғау қызметін де атқарады. Жылқының қаңқасы 252 сүйектен тұрады. Олар басқа ауыл шаруашылық малының сүйегіне қарағанда үлкендеу әрі ұзын, тығыз әрі мықты және өзінің жинақылдық тығыздығымен ерекшеленеді.

Қаңқа сүйегі – жылқы түлігінің қаңқасының әрбір әрекетті қозғалыс мүшелерінің негізгі тұрақты тірегі болып саналады. Жаңа туылғандағы құлын салмағының 23,0-25,0 пайызы қаңқа сүйектері болып келеді. Қаңқаның толық жетілуі жылқының тұқымына байланысты бес-алты жасында тоқтайды.

Қаңқа - сүйектен, шеміршектен және оларды байланыстыратын сіңірлерден құралады. Қаңқа - арқау қаңқа және шеткі қаңқа деп бөлінеді. Арқау қаңқаға - бас сүйек, омыртқа жотасы, төс сүйек, дене белдігі және құйымшақ бөлігі кіреді. Ал шеткі қаңқаға - кеуде және жамбас ұшымен жалғасатын сүйектері жатады.

Қаңқа - ол жылқы тұлғасындағы бірімен-бірі тарамыс арқылы жалғасқан қатты сүйектерінен құралады. Қаңқа сүйектері оның берік тірегі болып саналады. Ол денеге тиісті форма (тұлға) береді. Қаңқа – бас сүйек, жұлын және төс сүйегінің құрғақ қуыстарын құрайды. Олардағы жұлын мен ми және ішкі мүшесінің зақымдануы мен сыртқы ортада кездесетін әр түрлі сыртқы ортаның ұрылуы мен соғылуынан сақтайды және үнемі қорғаныста тұрады.

Жылқының қаңқа мүшелерінің құрылысы төменгі суретте көрсетілген.



Жылқының қаңқа сүйектерінің құрылысы.

1-бас сүйегі; 2-күрек тістері; 3-азу тістері; 4-мойын омыртқалары; 5-кеуде омыртқалары; 6-беломыртқалары; 7-құйымшақ; 8-мықын сүйегі; 9-құйрық омыртқалары; 10-құйрық; 11-жамбас; 12-сирақ; 13-жауырын; 14-иық (тоқпанжілік); 15-шынтақ (кәріжілік); 16-алдыңғы тізе; 17-алдыңғы жіліншік; 18-бақайшық сүйектері.

Сүйектер – олар қаңқаны құрастырады, оның әр қайсының атқаратын белгілі қызметі бар. Дененің қайсы бөлімінің болса да атқаратын қызметіне сәйкес, сүйек формасы мен көлемі жағынан кейбіреуі ұзын, кейбіреуі қысқа, тағы біреуі түтікше, енді біреуі жалпақ болып келеді. Сүйек қабығында қантамыры мен нервтері көп болады. Сүйектің сыртқы қабаты тығыз заттан тұрады және оның ішкі қабаты бар. Сүйектің ішкі қабаты көз-көз (кеуекті) болып құралады. Оларды өз кезегінде кемік заттар деп атайды. Түтікше сүйектің ортасы қуыс болып келген. Онда көптеген майлы ұлпасы бар жілік майы жатады. Кемік заттың ұсақ тор көздерінде сүйектің қызыл майы орналасқан. Қызыл қан түйіршігі - эритроциттер сонда түзіледі.

Сүйектің өсуі - сүйек қабығының өсу есесінен атқарылады. Оның беріктігі өзі сіңірген минерал заттармен, яғни кальций және фосформен қамтамасыз етіледі. Сүйектің жалғасуы неше түрлі болады. Сүйектің қозғалып тұратын болып жалғасуын оның буыны қамтамасыз етеді (мысалы, аяқ сүйегінің жалғасуы). Сүйектің буынға тиетін ұшын шеміршек жауып тұрады Оның беті өте тегіс және түзу болып келеді. Буын - дәнекер ұлпасынан құрылған буын қапқа еніп тұрады. Сол буын қаптың қуысында үнемі сұйық зат бөлінеді. Бұл сұйық зат буын қапты үнемі майлап отырады, сөйтіп буынның қозғалуын жеңілдетеді. Буын қабының үстінде қалың ұлпа, яғни сіңір болады. Ол өзара тиісіп тұратын сүйекті байланыстырып отырады. Дәнекер шеміршегі арқылы омыртқалар да солай жалғасқан.

Бас қаңқасы - бас сүйек бірқатар болып келген жалпақ сүйектен құралады. Олар ми сүйегі мен бет сүйегі деп аталады. Ми сүйегі - сүйек құты болып саналады, мұнда ми жатады. Ми сүйегі - маңдай сүйектен, төбе, самай және басқа да ұсақ сүйектерден құралады. Желке сүйегінде тесік болады, сол арқылы бастағы мидан омыртқа жұлыны тарайды. Бет сүйегі - оны қалыптастыратын сүйек екі қуыс, ол мұрын мен ауыз қуысын құрайды. Мұрын қуысын құрауға - тор сүйек, маңдай сүйек, кеңсірік, қаңсырық, жоғарғы және төменгі жақ, самай, тұмсық және таңдай сүйектері қатнасады. Шеміршекті жалбыршақ мұрын тесігін екіге бөліп тұрады. Ауыз қуысы - үстіңгі жақ, тұмсық, таңдай, төменгі жақ, желбіршек пен көмей сүйектерден қалыптасады.

Кеуде қаңқасы – оны өзара бірігіп омыртқа жотасын құрайтын омыртқа біріктіреді. Кеуде қаңқасына қабырға мен төссүйегі де жатады. Омыртқалар бірімен-бірі сіңір арқылы жалғасады. Омыртқаның арасында шеміршек қабаттары тұрады. Омыртқаның денесі, омыртқа тесігін құрайтын иіні, қанаты және сербегі бар. Барлық омыртқаның тесігі ұштасып бір канал болады. Ол жұлынды кездейсоқ зақымнан қорғайды. Омыртқа жотасы мойын және ұзын омыртқа, белдеме, құйымшақ және құйыршық деп бөлінеді.

Жылқының мойын омыртқасы жетеу. Оның біріншісі – ауыз омыртқа ол басты кеудемен жалғастырады. Төс бөлімшесі 18-19 омыртқадан құралады. Ұзын омыртқаға келіп қабырғалар ұштасады. Омыртқаның санына сәйкес, жылқыда 18-19 қос қабырға болады. Омыртқа жотасы, қабырға және

қабырғамен жалғасатын төс сүйегімен бірге көкірек сарайын құрастырады. Көкірек сарайының ішінде жүрек пен өкпе жатады. Олар қабырға омыртқаларымен жылжымалы болып ұштаса орналасады. Сондықтан жануар тыныс алғанда бұл көкірек сарайының ұлғаюы мен жиырылуына мүмкіндік береді.

Төс сүйекке жете алмайтын 8-9 жұп сүбе қабырғалар, қабырға шеміршегі арқылы бірімен-бірі қосыла жалғасып, қабырға иінін құрастырады. Жылқының белдемесі алты омыртқадан, ал кейде бес омыртқадан да құралады. Құйымшақ бірімен-бірі біте қайнасқан құйымшақ сүйегін қалыптастырады. Құйыршық сүйегі бүкіл омыртқа арқасында орналасқан нағыз қозғалғыш бөлімі болып саналады. Құйыршық сүйектері 15-19 омыртқалардан тұрады.

Аяқ қаңқалары. Аяқ қаңқасы қозғалатын сүйектер - кеудеге (алдыңғы аяқ) және жанбасқа (артқы аяқ) ұштасқан болып келеді. Төске жаурын сүйегі жалғасады. Жаурынға алдыңғы аяқтағы тоқпан жіліктің ұшы барып кірігеді.

Алдыңғы аяқтың қаңқасы - ол тоқпанжілікті, алдыңғы санның екі сүйегін (кәріжілік және шынтақ), алдыңғы тізеден, сыбырлақ (жіліншік) және бақайшықтан құралған сүйектермен біріктіріп тұрады. Тоқпанжілік үнемі қозғалыстағы буын арқылы жауырынға, ал оның екінші ұшы - шынтақ сүйекке жалғасады. Тоқпанжілік пен шынтақты жалғастыратын буынның қозғалымы шақтаулы болады. Қол басының сүйегі тоқпанжілік пен жіліншіліктің арасына екі қатар болып орналасады. Оның буынының үстінің жігі білінбей тұрады. Сонымен бірге ол қол басының буынын құрастырады.

Жылқының жіліншік сүйегінің ішінде тек біреуі ғана толық жетілген болып келеді. Оған жіңішке және ұзынша сырға сүйегі тығыз қиысып тұрады. Жылқыда тек бір ғана бақай болады. Ол тұрадан, топай мен тұяқтан құралады. Жанбас белдеуі үш жұп сүйектен - яғни мықын, шат, және шонданай сүйектерінен құралады. Бұлардың арасы біте қайнасып біріккен болып келеді. Ортанжіліктің басы барып, өз кезегінде жанбас шұқырына кіреді. Сондықтан, жылқының сіңір және буын шұқырымен берік ұстасып тұрады. Артқы аяқтың қаңқасы - ол ортанжіліктен, екі тілерсек (үлкен және кіші жіліншік) және табан сүйегінен құралады. Ортанжілік жанбаспен бірігіп, ұршық буынын құрастырады. Ол асықжілікпен бірге тілерсек буынын құрайды.

Тілерсек сүйектің төменгі буыны үстінде домалақ сүйек қозғалып жүреді. Оны тобық деп атайды. Табан сүйек - тірсектен, артқы жілік пен бақайшақтан құралып тұрады. Тілерсек сүйегі үш қатар болып орналасады. Олар асықжілік пен артқы жіліншік арасында болады. Сөйтіп тірсек буынын құрастырады. Тірсек сүйегінің ішінде өкше сүйегінің маңызы ерекше зор болып келеді. Өйткені тілерсектің қимылын иетін сіңірлердің еті осы арада бекиді.

Артқы жіліншік пен үш бақай, алдыңғы аяқтың жіліншік сүйегінен және бақай сүйегінен айырмасы, олар ірі болады. Алдыңғы жіліншік сияқты

артқы жіліншікке де сырға сүйек жабысып тұрады. Жылқының өсу процесі барысында қаңқа сүйектері тек көлем жағынан ғана өзгеріп қоймайды. Онда көптеген сапалық өзгерістер мен басқа да жағдайла да болып жатады.

Жылқының қаңқа сүйегі - дамудың дәнекер ұлпасы (ткані), шеміршек және сүйек деп аталатын үш сатысынан өтеді. Құлынның құрсақта жатқан кезеңінде алдымен жұмсақ дәнекер ұлпа қаңқасының негізі қаланады. Содан кейін барып ол шеміршектенеді. Одан әрі біртіндеп қатты сүйекке айналады.

Шеміршектің сатысына соқпай, бірден сүйекке айналатын бас сүйектің кейбір бөлімдері ғана бұл процеске кірмей өтеді. Ал жылқының төс және қабырға сүйегі толық сүйектеніп бітпейді. Кейбір жағдайда олар жылқының яғни оның өмірі бойы тіршілігінде сол шеміршек күйінде қала береді.

Жылқы жасына қарай оның сүйегінің де химиялық құрамы өзгеріп отырады. Кәртамыс жылқының сүйегінде құлынның сүйегіне қарағанда су және органикалық заттар аз. Ал оған керісінше минералдық заттар көп болады. Сонымен бірге сүйектің химиялық құрамы оның күтіп-бағу жағдайы мен азықтандыру деңгейінің тікелей әсерінен де өзгеруі мүмкін.

Тек, салт мініске ғана пайдаланатын жылқы тұқымдарының сирақтарының сүйегі ұзындау және жіңішке әрі жеңіл болады. Ал ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдарының сирағының сүйегі бұған керісінше қысқа және жуан болып келеді. Бұл жылқылардың пайдалану бағытындағы жұмыс күші мен қабілетінің өзгешелігін білдіреді.


Бұлшық еттері. *Бұлшық еттер* - жылқының қаңқа сүйегінің сыртын қаптап тұрады. Бұлшық еттің жиырылу және босаңсу қабілеті бар. Олар қаңқамен біртұтас дәнекерлесіп, жылқының қозғалысын, әр түрлі қимылы мен іс-әрекетін қамтамасыз етеді. Олардың көпшілігінің ұштары сіңірлі болып бітеді. Ал кейбіреуінің ұштары сүйірленген болады.

Бұлшық еттердің формасы үш түрлі болып келеді, олар - жолақты, ұршық тәрізді және жалпақ.

Жылқының бұлшық еттерінің құрылысы төмендегі суретте көрсетілген.

Жылқының бұлшық еті көлденең және сала-сала жеке немесе жекелеген талшықтан құралады. Бұлардан барып ет ұлпасы құрылады. Ет талшығының әрбір тобын жұқа дәнекер яғни шандыр қабықтары қаптайды. Фация (шандыр) - деп аталатын осы шандыр қабығы жылқы организміндегі әрбір жеке бұлшық етті де қоршап тұрады. Бұлшық еттің ұштары сүйекке бекітін жерге жақындаған сайын сіңірлене түседі. Ал сіңір сүйек қабығымен тұтасып бірге бітеді.

Бұлшық ет тез қозады, мұнда ол жиырылады және босаңсиды. Бұлшық ет жиырылғанда, оның көлемі қысқарып тартылады. Содан барып қозғалыс пайда болады. Ол қозғалу түріне қарай – бүккіш, жазғыш, әкелгіш, әкеткіш, тыныс алдырғыш және шығарғыш, көтергіш, түсіргіш, айналдырғыш және т.с. деп аталады. Қозғалған кезде жылқының жеке бұлшық еті мен оның тобы кезекпе-кезек біресе жиырылып, біресе босап тұрады.



Жылқының сыртқы бұлшық еттерінің құрылысы.

1-үлкен шайнау бұлшық еті; 2-кеуде-жақ бұлшық еті; 3-иық-бас бұлшық еті; 4-жотаның трапеция тәрізді бұлшық еті; 5-арқаның жалпақ бұлшық еті; 6-жамбастың екі басты бұлшық еті; 7-жамбастың жартылай тарамыс бұлшық еті; 8-шынтақтың жазылдырғышы; 9-білектің жазылдырғышы; 10-білек-шынтақтың жазылдырғышы; 11-кеуде бұлшық еті; 12-құрсақтың сыртқы қиғаш жазылдырғышы; 13-сирақтың ұзын жазылдырғышы; 14-тірсектің иілдіргіші; 15-тілерсектің иілдіргіші.

Бұлшық еттің жиырылуы мен босаңсуы көмірсутегі-гликогеннің бұлшық етте ыдырауы себепті туындайтын энергиясының есесінен атқарылады.

Жылқының жұмыс және қызмет процесі кезінде бұлшық ет арасында шаршау өнімі, яғни сүт, фосфор және тағы басқа да қышқылдар пайда болады. Олар организмді уландырады, бірақ бұлшық еттер тыныққан кезде бұл қажетсіз өнімдері зиянсыздандырылады. Жылқының жұмысқа жарамдылығы алғашқы өзінің қалпына түседі.

Бұлшық еттің салмағы жылқының күш қабілетімен байланысты. Ал оның формасы жылқы атқаратын жұмыс түріне және оның өсіру бағытымен тығыз байланыста болып тұрады. Мысалы, мініс және мініс-жегу жылқысының бұлшық етінің талшығы - тығыз, ұзын және жіңішке, ал ауыр жүк тартатын тұқымдағы жылқының бұлшық етінің талшығы - жұмсақ әрі босаң немесе борпылдақ, қысқа және жуан болып келеді.

Бұлшық ет өздерінің орналасу тәртібіне қарай жылқы денесінің мүшелерінің иілуін және жазылуын қамтамасыз етеді. Бұлшық еттер нерв

жүйесінің импульстік әсеріне байланысты жиырылады. Әрбір бұлшық еттің құрамына бұлшық ет ұлпасынан басқа дәнекер және нерв ұлпасы мен қан тамырлары кіреді. Бұлшық еттің сыртқы жағының жамылғысы шандыр деп аталатын дәнекер ұлпасының қабығымен қапталады. Жылқыда қаңқа сүйегінің өсу ерекшелігі сияқты оның бұлшық еті де біркелкі өспейді.

Жылқы жүрісінің жылдамдығы, өнімділігі (ет, сүт) және жұмыс қабілеттілігі (қарқындылығы, ұшқырлығы) мен тарту күші, оның бұлшық етінің жақсы немесе нашар жетілуіне байланысты айқындалады. Жай жүрісті ауыр жүк тартатын және ет өнімі үшін өсірілетін жергілікті жылқының бұлшық еттері босаң болады. Себебі ет талшығы қысқа және жуан. Бұл оның ет өнімділігі мен тарту күшінің қабілеттілігін жоғарлатады. Ал, тез жүрісті ат спортына пайдаланылатын мініс жылқысының ет талшығы тығыз, ұзын және жіңішке болып келеді. Бұл оның шабысының адымды және оның кең құлашты болуына қолайлы жағдай жасайды.

Организм құрылысы мен қызметі

Жылқы организмі мүшелерден (органдардан) құрылады. Оның бұл мүшелері атқаратын қызметтерін өз бетімен толық немесе өз қажетінше орындай алмайды. Әрбір мүшенің жұмысы, басқа да мүшелердің, яғни бүкіл организмнің қалыптасқан жай-күйіне байланысты болады.

Организм - барлық мүшелерді тұтас бір бүтінге біріктіруші және өзара байланыстырушы болып саналады. Мұны ол өзіне қажетті тіршілік жағдайы қанағаттанарлық болғанда ғана атқара, яғни орындай алады. Тіршілік жағдайының әсерінен организмнің бейімделуі және өзгеруі. Бұл құбылыс жануарда оның нерв жүйесінің (системасы) қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Академик И.П.Павлов дәлелдегендей, нерв жүйесі жануар денесіндегі организмнің барлық мүшелері арасындағы өзара байланысты бірқалыпта біріктіріп отырады. Оның әрқайсысының қызметін реттейді және айналадағы қоршаған ортаның жағдайында болатын түрлі әсеріне организмнің бейімделуін қамтамасыз етеді. Жануардың мүшелеріне тән атқарылатын қызметтері неше алуан және көп салалы болады. Бір мүшелер қан айналасын, екіншісі - тынысын, үшіншісі - ас қорытуын, төртіншісі - керексіз заттардың организмнен бөлініп шығуын және тағы сондай-сондайларын атқарады.

Организм мүшесінің қалыптасуына түрлі «*ұлпалар*» (ткань), мәселен бұлшық ет, нерв, дәнекер ұлпасы және тағы басқалары қатнасады. Микроскоппен қарағанда, ұлпа - көптеген ұсақ торшадан, яғни «*жасушалардан*» (клетка) құралатындығы көрінеді. Ұлпа-оның бес түрі болады, олар: нерв, бұлшық ет, дәнекер, эпителий, қан және сөл ұлпалары болып саналады.

Нерв ұлпасы – ол нерв жасушасынан құрылады. Ол жасуша бүртіктерінің формасы мен құрамы жағынан неше алуан болады. Сыртқы жағдайдың организмге еткен әсерінен нерв (жылылықтың, суықтықтың және т.б.) тітіркенеді. Нервтегі тітіркену бірден ми мен жұлынға беріледі, одан

сыртқы ортаның әсеріне организмнің жауап әрекеті түрінде мүшеге қайтадан сигнал барады.

Бұлшық ет ұлпасы – ол дене етін құрастырады. Ішек, қарын және басқа да қуыс мүшелердің қабырғасын қалыптастыруға қатнасады. Дененің бұлшық еттері ұзыншақ ет жасушасынан құралады. Оларды микроскоппен аса үлкейтіп қараса, оның көлденең сызықтары ғана көрінеді. Қарынның, ішектердің, қуықтың, жатырдың және басқа да ішкі мүшелердің қабығының бұлшық ет қабаты, көлденең сызықтары жоқ, теп-тегіс ет жасушасынан құралады. Ішкі организмнің ет жасушасына қарағанда, сыртқы еттің бұлшық ет жасушалары тез қозады және тез жиырылады. Жүректің ет қабатының жасушасы ерекше құрылысымен көзге түседі. Бұл ерекше құрылыс жануар өмірінің бүкіл бойына жүректің үздіксіз қызмет істеуін қамтамасыз етеді.

Дәнекер ұлпасы – ол дененің бөлшектерін өзара байланыстырып тұрады және организм мүшелерінің тіректі негізі болып саналады. Тарамыс, сүйек шеміршектері мен сіңірлері - дәнекер ұлпасынан құралады. Олар терінің астында (тері астындағы жасуша) көп болады. Мұнда, дәнекер ұлпасының талшығы арасында, малды арнайы бордақылағанда май жиналады. Жануардың сүйегі дәнекер ұлпасының бір түрі болып табылады.

Эпителий ұлпасы – ол сыртқы эпителийді және ішкі мүшелердің сыртын қаптайды. Терінің сыртқы қабаты осыдан пайда болады. Ол ұлпа барлық кілегей қабықтарды – тыныс жолын, ауызды, өңешті, қарынды, ішектерді және несеп мүшелерін жауып тұрады. Төс пен құрсақтың ішкі жағын және ішкі мүшелердің эпителийінің сыртын қаптап тұратын да осы ұлпа.

Қан және сөл - олар тегі жағынан дәнекер ұлпаға жақын болады. Қан - сұйық зат, онда ішектер сорып алатын қанның қызыл және ақ түйіршіктері, қоректік заттары, өкпеден келіп түсетін оттегі болады. Осы аталған ұлпалардың барлығы жасушалардан құралады. Жануардың организм жасушасының формасы неше алуан. Олар текше сияқты көпқырлы, тегіс, дөңгелектеу, едәуір ұзыншақ және т.с.с. болып келеді. Оларды тек микроскоп арқылы ғана айыруға мүмкіншілік бар.

Жасушаның өзі кіп-кішкене болғанымен, оның құрылысы күрделі. Онда көбінесе орталық жағдайда тұратын ядро, онан соң ядроның қоршап тұратын сұйық зат - протоплазма тұрады. Тірі жасушаның қасиеті - түрлі тітіркендіргіш әсерінен қозу қабілетіне және оның өзіне тән әрекет істеуінде. Мәселен, бұлшық ет жасушасы жиырылады немесе босаңсиды, нерв жасушасы нервті қоздырады және тағы сондайлар.

Жасуша бөліну арқылы үнемі көбейіп отырады, олар жасуша құрылысы жоқ, тірі заттардан да құрала алады. Жасуша тең бөлінеді, ал кейбір бөлінген жас жасуша ары қарай өрбиді. Олар толық жетіле келе тағы да тең бөлінеді. Жасушаның құрамына кіретін химиялық заттардың екі тобын «*органикалық*» және «*анорганикалық*» деп бөледі.

Белок – ол жасушаны құрастырып тұрған негізгі химиялық зат. Организмнің әрбір ұлпасының, әрбір мүшесінің белогі, өзінің қабілетті жағынан түрліше болады. Белок құрылатын химиялық негізгі элемент, ол азот болып табылады. Белоктың құрамына бұдан басқа да - көміртегі, сутегі, оттегі, күкірт, фосфор және темір кіреді. Белок - организм үшін негізгі құраушы және құрастырушы материал болып саналады.

Көмірсутегі - жануар организмінде көмірсутегінің жүзім қанты, сүт қанты және гликоген сияқты түрлері бар. Жануар денесіндегі мүшелердің қызметі үшін қажетті қуаттың негізгі қайнар бұлағы көмірсутегі болып саналады. Ол көміртегінен, сутегінен және оттегінен құралады.

Май - ол да көміртегінен, сутегінен және оттегінен құралған. Бұлар организмде кейбір мүшелері жаңа түрге айналғанда (жанғанда) өте көп мөлшерде қуат (жылу) бөліп шығарады. Жануардың организмінен май, ол белок пен көмірсутегінен де пайда бола алады. Органикалық заттар белок, көмірсутегі және май болып саналады. Анаорганикалық заттар - су мен минерал тұздары. Жануар денесінің 70,0 пайызына дейінгісі су. Әртүрлі ұлпадағы судың мөлшері бірдей болмайды. Мәселен, қандағы судың мөлшері 90,0 пайыздан асады, ал сүйекте тек 10,0-12,0 пайыздай болады. Жасушаның құрамына енетін барлық тығыз заттар үшін су еріткіш болып саналады. Ол организм ішінде заттардың жылжу мүмкіншілігін қамтамасыз етеді.

Минералды заттар - оның ішінен организм үшін ас тұзының, кальций, калий және фосфордың маңызы үлкен. Осы тұздардың арқасында организмдегі барлық жеке мүшелер өз қызметін атқарады. Бұлшық ет жиырылады, нерв жүйесі қозады, қарынның, ішектердің және басқаларының қажетті шырындары пайда болады. Кальций тұзы мен фосфор сүйекте қалып, оларды қалыптастырады және шымырландырады.

Физиологиялық жүйесі және мүшелері

Жылқы түлігінің организміндегі өз ара байланыстағы жеке мүшелері (органдары) мыналар болып саналады: нерв жүйелері; сезіну мүшелері; қан және қанайналу мүшелері; тыныс алу мүшелері; асқорыту мүшелері; несеп бөлу және зәр шығару мүшелері; өсіп-өну және көбею мүшелерінің жүйесі; ішкі секреция мүшелері; терісі (сыртқы қабаты); түгі және тұяғы.

Асқорыту - азықта тіршілікке керекті белок, май, көмірсутегі, витамин және тұз сияқты түрлі заттар болады. Азықтағы осы аталған заттар, организм сіңіре алмайтындай күрделі қосынды күйінде тұрады. Асқорыту мүшелері арқылы осы күрделі қосындылар қарапайым суда оңай еритін затқа айналдырылады. Асқорыту мүшелеріне - ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, қарын, ащы және тоқ ішектер, сілекей безі, бауыр және ұйқы безі жатады.

Ауыз қуысы – ол асқорыту жолының бастамасы. Ауызға түскен азық тіспен шайналап, ұнтақталады, сілекейге шыланады. Ауыз қуысы, кілегей қабықпен қапталған, онда көптеген ұсақ сілекей безі тұрады. Бұдан басқа,

ауыз қуысы ішінде сілекей шығаратын шықшыт, алқым және тіл асты бездері бар. Шайналған және сілекейге шыланған азықтар, жұтқыншаққа барып түседі. Жұтқыншақ – бұл ас қорыту жолы мен тыныс жолының түйіскен жері. Жұтқыншақтағы азық оның бұлшық етінің жиырылуы арқылы өңешке барады. Өңеш - бұлшық етті түтік, ол мойын ішінде, көкірек қуысында, ал азғана бөлегі - құрсақ маңында тұрады. Оның қабырғасының іші - кілегей қабықтан, ортадағысы - бұлшық еттен және сырты - дәнекер қабығынан құралады. Бұлшық етті қабықтың жиырылуы арқылы азық қарынға қарай өтеді.

Қарын - оның қабырғасы кілегей қабық пен бұлшық етті қабықтан құралады. Кілегей қабықта асқорыту шырыны - пепсинді және тұз қышқылын шығаратын бездер бар. Пепсин мен тұз қышқылы азық белогын қарапайым қосындыларға айналдырады. Қарынның бұлшық етті қабығының жиырылуы нәтижесінде азық қарын шырынымен араласып, қарынның шығар аузына қарай жылжиды да, аз-аздан он екі елі ішекке барып түседі.

Ащы ішек бөлімі - олар он екі елі ішектен, ащы және тоқ ішектен құралады. Ішектердің қабырғасы да қарындікі сыяқты үш қабаттан құралған. Оның кілегей қабығында ішек шырынын шығаратын бездері бар. Құрсақ қуысында бауыр және ұйқы бездері тұрады. Олардың өзегі он екі елі ішекке құйылады. Ішек пен ұйқы безінде ферменттер бар. Олар азықтағы белокты, майды және көмірсутегін бөлшектеп, суда оңай еритін заттарға айналатын дәрежеге жеткізеді. Белок - амин қышқылына (органикалық), май - глицерин мен май қышқылға жеткенше бөлшектенеді. Көмірсутегі - жүзім қантына айналады.

Бауыр – ол өт бөліп шығарады. Организмдегі майды ұсақ тамшы қалпына келтіруге көмектеседі. Осының нәтижесінде организмдегі ферменттер майды тез ыдырата алатын болады. Амин қышқылы мен жүзім қанты кілегей қабық арқылы сорылады да, веналық қанына қарай ауысады. Май қышқылы мен глицерин сорылып, сөл жүйесіне түскеннен кейін қайтадан бірігеді де, малдың ерекшелігіне қарай май құрастырады. Сөлге келіп түскен қоректік заттар бүкіл организмге таралады. Азықтың сіңбеген қалдықтары, бұлшық етті қабықтың дүркін-дүркінді жиырылуымен тоқ ішек бөліміне барып түседі.

Тоқ ішек бөлімі – ол бүйеннен, тоқ ішектің өзінен және тік ішектен құралады. Организмдегі асқорыту процесі ішектің осы бөлімінде аяқталады. Азықтың сіңбеген қалдығы, микроорганизмнің әсерінен ашиды. Осы процестен пайда болған заттардың бір бөлігін организм өзіне сіңіріп алады. Азықтың қалдық суын ішек қабырғасы сорып алғандықтан, ол бірте-бірте қоюланады да, тезек пайда болады. Олар айналшық тесігі арқылы мезгіл-мезгіл сыртқа шығарылады. Жылқы азықты өте ақырын баппен жейді және үнемі сілекейімен дымдап әрі шылап отырады. Мысалы, жылқы 2,0 кг шөпті - 40 минутта, 2,0 кг сұлыны - 20 минутта жей алады. Жылқы жемшөп жегенде төрт есе, ал сұлы жегенде екі есеге дейін сілекей бөледі. Жылқы

түлігі тәулігіне 40,0 кг-ға дейін сілекей бөлуге қабілетті. Жылқы ерні өте қозғалғыш, табиғи жайылым мен астаудағы ұсақ шөпті немесе қиқымды да қамтып жей алады.

Қан және қанайналу - бұған оның жүрек пен қан тамырлары жатады. Қанайналу мүшелері қанның тамырмен үздіксіз жүруін қамтамасыз ете отырып, өз кезегінде ұлпаларға қажетті қоректік заттар мен оттегін жетістіреді. Организмнен көмірқышқылын және заттар алмасуының басқа да әр түрлі қажетсіз нәрселерін сыртқа шығарады.

Қан - қан плазмасынан, эритроциттен, лейкоциттер мен тромбоциттерден құралады. Белогы жоқ қан плазмасын қан сарысуы (сыворотка) деп аталады. Қан плазмасының құрамында шамамен 90,0 пайызға дейінгісі су, 1,0 пайыз мөлшерінде - минерал тұзы, 7,0-8,0 пайыз - белок, жүзім қанты, май және тағы да басқалары да болады. *Эритроцит* - деп ядросыз, өз бетімен жылжи алмайтын қызыл түсті жасушаны айтады. Онда қанды қызартатын «гемоглобин» деген зат бар. Гемоглобин оттегімен және көмірқышқылмен оңай қосылып кетеді. Эритроцит арқылы өкпе ауадан өзіне қажетті оттегін алады және оны бүкіл организмге таратады. Сонымен бірге оны жасуша сұйығына да береді.

Организмдегі көмірқышқылын сол жасушадағы сұйықтан өкпеге қарай эритроциттер апарды. Сол жерден тыныспен бірге организмнен сыртқа шығып кетеді. Бір текше миллиметр қанда 6,0-9,0 миллион эритроциттер бар. Оттегіне кенелген қанның түсі ашық қызыл - оны «*артериялық*» қан деп атайды. Ал көмірқышқылына кенелген қанның түсі қарақошқыл болады - оны «*веналық*» қан дейді. Қан құрамындағы лейкоцит өз бетімен қозғалады. Лейкоцит - организмде көбінесе оны қорғау қызметін атқарады. Жылқының бір текше миллиметр қанында 8,0-10,0 мыңға дейін лейкоциттер болады.

Қан тақташығы - тромбоциттің организм үшін үлкен маңызы бар. Организм жарақаттанған кезде, соның нәтижесінде қан тез жиырылады. Сондықтан зақымданған тамырдың тесілген жері бітеледі де қан ағуы тоқталады. Жылқыдағы қан мөлшері дене салмағының 9,8 пайызын құрайды. Қанның неше алуан қызметі оның тамырды үнемі аралауымен атқарылады.

Қан тамыры - ол үш түрге бөлінеді. *Артерия* - мұнда тамыр мен жүректен шыққан қан жүреді. *Вена* - мұнымен жүрекке баратын қан жүреді. *Капилляр* - ол жіңішке тамырлар. Олар артерия мен венаның ұлпаларында тармақталған ұшын жалғастырады. Қанның жүрісі тоқталса, жылқы өледі. Қанның тамырмен тоқталмай жүруін жүрек жұмысы қамтамасыз етеді.

Жүрек - ол екі өкпенің арасында, кеудесіндегі 3-6-шы қабырға ортасында орналасқан. Жылқы жүрегі басқа ауыл шаруашылық малының жүрегіне қарағанда көлемі жағынан үлкен болып келеді. Оның салмағы 3,5-4,5 кг-ға дейін жетеді. Оның сырты үлпершекпен қапталған. Жүректің түп жағы омыртқаға, ал ұшы төс сүйекке қарай бітеді.

Жүрек өзінің ұзына бойына оң жақ және сол жақ болып екіге бөлінеді. Оның әрбіреуі үстіңгі бөлім - жүрекшеден және төменгі бөлім - қарыншадан

құралады. Әрбір бөлімінің жүрекшесі мен қарыншасы өзара тесік арқылы жалғасады. Оны серіппелі қақпақ жауып тұрады. Ол қақпақтар тек қарынша жаққа қарай ғана ашылады. Соның нәтижесінде қан бір жаққа қарай – жүрекшеден қарыншаға қарай ағады.

Жүректің жұмыс істеуі жүрекшенің жиырылуынан басталады. Ол кезде қарынша босаң күйде тұрады. Онан соң қарынша жиырылады да, жүрекше босайды. Мұнан кейін барып жалпы босау басталады, мұнда жүрек тынығады. Жүрек қызметінің мұндай өзгешелігі, қанның бір бағытпен ғана, яғни тұйық айналыспен ғана жүруіне себеп болады.

Қанайналымы – «кіші» (өкпелік) және «үлкен» (жүйелік) айналым деп екіге бөлінеді. Кіші қанайналымы - өкпе артериясының оң жақ қарыншасынан басталады. Бұл артерия өкпеге вена қанын жеткізеді. Осы арада организмнен дем шығарғандағы ауа арасында газ алмасады. Өкпе капиллярлары қосылып, бірнеше өкпе венасын құрайды. Осылар арқылы оттегісі көп артерия қаны сол жақтағы жүрекшеге барады. Сол жақтағы жүрекше қарыншаның тесігі арқылы ол сол жақтағы қарыншаға өтеді. Үлкен қанайналымы қолқаның (денедегі ең ірі артерия) сол жақ қарыншасынан шығатын қолқадан басталады. Сол арқылы артерия қаны бүкіл организмге тарайды.

Қолқаның капиллярда тармақталған ұштары ұсақ веналар болып бірігеді. Онан соң ғана бұлардан екі ірі веналар немесе алдыңғы және артқы етек веналары құрылады. Олар оң жақтағы жүрекшеден құйылады, одан шығып вена қаны оң жақтағы қарынша арқылы оң жаққа түседі. Қанның бұлай айналуы үлкен айналысы болады.

Қолқа және өкпе артериясының қарыншадан шығар жерде қалталы қақпақ болады. Олар қанның қайтадан қарыншаға баруына жол бермейді. Тамырларда өрлеп қанның бірқалыпты жүруі үшін, жылқы тыныштықта тұрғандағы жүрегі минутына 30-40 рет, жұмыста - 60-100 рет жиырылады.

Сөл организмнің әрбір жасушасын сұйық нәрсе қоршап тұрады. Бұлар жасуша капилляры арқылы өтетін кейбір қан заттарының қызметін қамтамасыз етеді. Қан мен дене жасушасының арасында зат алмасу, тікелей осы сұйық нәрселер арқылы болып отырады. Сұйық нәрсе артқы ерекше жіңішке тамырларға құйылады, оларды сөл тамырлары деп атайды. Осы тамырлардағы ұлпа сұйықтарын «сөл» дейді. Жіңішке сөл тамырлар жан-жаққа тарап, алдыңғы тек венаға құйылатын үлкен сөл өзегін жасайды. Сөлдiң ұсақ тамырының жолында арнаулы сөл тораптары болады. Сол тораптарда микро-организмдер қырылады, ал улы заттар зиянсыздандырылады. Сонымен бірге бұл торапта қанның ақ жасушалары жетіледі.

Қан жасайтын мүшелер - қанның жасушалары тозады және таусылады. Бұл кемiгендердiң орнын сүйектiң қызыл майынан, бездерден және сөл торабынан пайда болатын жаңа жасушалар толтырады. Жылқы қанының мөлшері оның салмағының 7,0-11,0 пайызын құрайды. Яғни оның 100,0 кг салмағына жылқы жұмыс істемей тыныштықта тұрған кезде - 7,5 литр, ал қозғалыста - 10,0 литрге дейін келеді. Қанның атқаратын неше алуан қызметі оның тамырды үнемі аралауымен орындалады.

Жылқы пульсының соғысы минутына 28-44 рет. Оны құйрық артериясынан анық байқауға болады. Жылқы денесінің температурасы бір қалыпты 37,5-38,5⁰ градус, ал құлын денесінің температурасы бұдан 1,0-2,0⁰ градусқа жоғары болып келеді.

Тыныс алу – ол ауа өткізетін кеңсірік, жұтқыншық, көмекей, кеңірдек және газ алмасатын өкпеден құралады. Кеңсірік - ол желбезбекпен екіге тең бөлініп тұрады. Жұтқыншақ - ортақ бөлім, оған кеңсірік арқылы сырттан келетін ауа асқорыту жолымен барады.

Көмекей - бас сүйегінің астыңғы жағында болады. Оның қабырғасы бес шеміршектен құралады. Олар бірімен бірі буынмен, сіңірмен және бұлшық етпен байланысып тұрады. Жұтқыншақтан азық өткен кезде, тілшік көмекейді жауып қалады. Соның нәтижесінде, жөмшөп тыныс алатын тамаққа түсе алмайды. Көмекейдің арнаулы тарамысы және бұлшық еті сілекей қабықпен бірге екі қатпар құрастырады, оларды дауыс қатпары деп атайды. Бұл капилляр дыбыс шығаруға қатнасады.

Кеңірдек - өкпеге ауа жіберіп тұратын, түтік тәрізді мүше. Мұның қабырғасында жабылмайтын сақина тәрізденген көп шеміршек болады. Кеңірдек көмекейден кеуде қуысына қарай созыла орналасады. Сол арада жүректің артынан барып қос қолқаға бөлінеді, оның әрқайсысы өкпеге тиісті мөлшерде қажетті ауа жібереді.

Өкпе - ол кеуде қуысында, оның қабырғасына жабысып тұрады. Жылқы өкпесінің салмағы 4,5-6,5 кг-ға дейін болады. Ол оң және сол өкпе болып, екіге бөлінеді. Өкпенің өзі, өкпе көпіршігі - альвеоладан құралады. Альвеоланың саны өте көп болып келеді. Олардың қабырғасы, қан жүретін көп капилляр қаптаған бір қабаттан құралады. Альвеола мен капиллярдың қабырғасы арқылы қан мен өкпенің арасында газ алмасу процесі болып тұрады.

Тыныс бұлшық етінің жиырылуы нәтижесінде, көкірек сарайы кеңиді. Өкпенің көлемі ұлғаяды, ауа өкпеге келіп енеді. Ауаны ішке жұту басталады. Көкірек сарайы тарылып қайтқан кезде, өкпенің көлемі кішірейеді. Ал ауа сыртқа шығады, дем шығарылады. Жылқы минутына 8-16 рет тыныс алады. Қанға түскен оттегі онымен бірге бүкіл организмге тарайды. Организмнің ұлпасында ол капиллярдың қабырғасын тағы да бір өрлейді. Жасушаны қоршаған ұлпа сұйық заттарына барады. Одан барып жасушаға өтеді.

Организмдегі ұлпа сұйық затынан оттегі жасушаға өтеді. Ол жерде оттегі түрлі заттармен араласады да, оларды тотықтырады. Осы тотығудан пайда болған көмірқышқылды газ және басқалары қанға түседі. Көмірқышқылды газ өкпе арқылы сыртқа шығарылады. Зат алмасу процесінде пайда болған басқа заттар сыртқа несеп бөлу арқылы атқарылады. Жылқы жұмыс істемей тыныштықта тұрғанда 5,0-6,0 литр шамасындай ауа жұтады. Бұл тез жүрісті мініс жылқысында екі-үш есеге дейін көбейеді. Жылқының жайшылықта тұрғандағы өкпе вентиляциясының бір минуттық ауа көлемі 40-60 литрді құрайды. Ал мініс жылқысының тез жүрісі пен шабысында бұл көрсеткіш 2000 литрге дейін жетеді.

Несеп бөлу және зәр шығару. Жылқының несеп бөлу мүшелеріне, оның жынысына байланысты - бүйрек, несеп жолы, қуық және үріп каналы жатады.

Бүйрек – ол омыртқа жотасының астында, іш қуысында тұрады. Оның сыртқы, несеп құралатын қыртыс қабаты және несеп ағызатын жұмсақ қабаты бар. Қыртыс қабаты қанның эпителий жасуша капсуласымен қоршалған қылтамырының шумағы болады. Капсуладан бүйрек каналы басталады. Тамыр шумақтары мен каналында несеп түзілу процесі үздіксіз жүріп жатады. Несеп ағызатын қабатта бүйрек каналы бірігіп, үлкен каналдар құрайды. Олар бүйрек түбегіне құяды. Несеп каналшасы бүйрек түбегінен бастау алады.

Несеп каналшасы – бұл құрылысы жағынан жіңішке түтік. Бұлшық етті қабықтың жиырылуы нәтижесінде несеп бүйрек түбегінен несеп каналшасы арқылы сыртқа шығып, қуыққа келіп құйылады. Қуық – ол алмұрт тәрізді бұлшық етті қалта. Оның қабырғасы сірі, бұлшық етті және кілегей қабықтан құралады. Қуықтың артқы сопақша жағында шеңбер бұлшық еттері орналасқан. Ол жиырылған кезде қуықтың тесігі жабылады. Осы несептің уақытша жиналатын орны қуық болып саналады. Организмдегі бұлшық етті қабықтың жиырылуымен қуық дүркін-дүркін босап тұрады. Несеп қуықтан шығып, несеп жолына келіп түседі. Несеп - осы арадан жылқының (еркек немесе ұрғашы) жыныс жолы арқылы сыртқа қарай шығарылады.

Өсіп-өну және көбею. Жылқының өсіп-өну және көбею мүшелері, оның жынысына байланысты айғырдың және биенің жыныс мүшесі деп аталады.

Айғырдың жыныс мүшелері – ол сағақты еннен, шәует жолынан, несептің бар жыныс мүшесінен, сағақты жыныс безінен және үрпектен құралады.

Ен - ол ұмада болады. Олар ирек-ирек шәует каналшасынан құралады. Бұл каналшаның сыртын дәнекер ұлпасының қабықтары жауып тұрады.

Сперматозоидтар - еркектік жыныс жасушасы (клетка) - ирек-ирек шәует каналшасында жетіледі. Сперматозоидтар ен каналшасынан шығып, сағақ каналына келіп түседі, осыдан шәует жолы басталады.

Шәует жолы - ол ұзын болып келген екі канал. Олар ұмадан шығып, шат каналы арқылы құрсақ қуысына енеді. Одан жанбас қасына барып, несеп - жыныс жолымен қосылады.

Жыныс жолы - жарым-жартылай жанбас қуысында жатады. Оның екінші бөлігі жыныс мүшесіне кіреді. Несеп - жыныс жолының жанбас қуысындағы бөліміне көпіршік, предстат және баданша деген қосымша жыныс бездерінің өзектерін құяды. Бұл бездердің секреті сперматозоидтармен араласады. Биенің жыныс мүшесінде оларға қолайлы орта жасайды. Жыныс мүшесі көптеген камерадан құралады. Жыныстық қозу кезінде олар қанға толады. Осыдан ол серпінді болады, көлемі жағынан ұлғаяды. Камералардың сыртын тығыз дәнекер қабық жауып тұрады.

Биенің жыныс мүшелері - аналық безден, тұқым жолынан, жатырдан және қынаптан құралады.

Аналық без - оның өзі жыныс безі болып саналады. Онда аналық жасушалары пайда болады. Аналық жасуша ұрықтанғаннан кейін, одан төл яғни құлын өседі. Аналық без бұршақ тәрізді болады, оның ұзындығы 3,0-8,0 см, ал көлденеңі 2,0-5,0 см-ге дейін жетеді. Аналық бездер биенің бело-мыртқа астындағы іш қуысында тарамысқа ілініп тұрады. Тұқым жолы - жіңішке, ирек түтікше. Аналық безден шыққан ұрық жасушасы тұқым жолы арқылы жатырға барады. Тұқым жолының аналық безге жақын тұрған ұшы басқа жеріне қарағанда кеңдеу болып келеді. Тұқым жолының сыртқы жуандығы 3-4 мм, ал ішкі саңлауы көзге түсер-түспестей ғана.

Жатыр - онда ұрықтанған тұқым жасушасынан болашақ төл, яғни құлын өседі. Жатырдың өзі денеден, айдардан және мойыннан құралады. Оның ұзындығы 10,0-15,0 см, ал ені 50,0-60,0 см болады. Денеге қарағанда, айдар анағұрлым жіңішке болып келеді, оның ұзындығы 10,0-20,0 см болады. Биенің буаз кезінде жатыры бірнеше есе үлкейеді, оның мойының ұзындығы 6,0-8,0 см-ден аспайды. Жатырдың мойны әрдайым дерлік жабық болып тұрады. Биенің күйі келгенде және құлындағанда ғана жатыр мойны ашылады.

Қынап - ашық түтік, ол бұлшық еттен, дәнекер ұлпасы мен кілегей қабықтан құралады. Қысыр қалған биенің аналық безінде көпіршік (ұрық фолликуласы) көп болады. Бие бірқалыпты жағдайда азықтандырылған және күтіп-бағылған болса, онда әрбір екі-төрт аптада фолликулланың біреуі (кейде бірден екеуі де) тез өседі. Ол бірнеше күннің ішінде-ақ, көлденеңінен алғандағы көлемі 3,0 см, ал ені 7,0 см-ге дейін баратын шарға айналады. Осыдан үлкен фолликулада ұрық жасушасы жетіледі. Дәл осы уақытта бие күйлейді де, айғырмен жұптасады яғни шағылысады. Жетілген фолликула жарылады яғни овуляция басталады. Оның ішіндегі сұйық зат ұрық жолы арқылы жайлап жатырға ағып құйылады. Осы сұйық затпен бірге ұрық жасушасы да жатырға барады. Әдетте биенің ұрық жасушасы ұрық жолында, айғыр ұрығының жасушасымен яғни сперматозойдпен кездесіп ұрықтанады. Жатырда осыдан барып болашақ жылқы *«төлі»* өседі, яғни жетілу процесі басталады.

Аналық безде, жарылған фолликулланың орнында түсіне қарай, сары дене пайда болады. Сары дененің көлемі 2,0-5,0 см-ге дейін жетеді. Сары дене фолликуланың өсуіне кедергі жасап, биені күйлетпейді. Осының нәтижесінде овуляциядан бір-екі күннен кейін, ұрықтанса да, ұрықтанбаса да, бие күйлемейді. Айғырдан шыққан биенің ішіндегі сары дене бүкіл буаздық кезеңі бойына сақталады. Егер бие ұрықтанбаған болса, онда сары дене тарап кетеді. Бие организмінде қайтадан жаңа фолликулла жетіле бастайды. Сондықтан бие қайтадан күйлейді. Қысыр биенің күйлеу кезі мен тыныш уақыты кезек келіп отырады. Осы күйлеуден тыныштыққа, тыныштықтан күйлеуге дейінгі қайталап отыратын өзгерістер *«жыныс циклы»* деп аталады.

Жыныс циклының ұзықтығы бірінші күйлеудің басталуы мен екінші күйлеудің басталуына дейінгі уақытпен есептеледі. Әдетте биенің жыныс циклының ұзақтығы үш жетіге, әдетте, 12 күннен 30 күнге дейін және одан жоғарыға дейін созылады. Оның ішінде күйлеу уақыты 2 күннен 14 күнге дейін, ал тыныш жүретін уақыты 10-12 күндей болады. Құлындаған соң 5 және 20 күнде, көбінесе 8-12 күнде бие күйі басталады.

Ұрықтың өсуі - жыныс жасушалары қосылғаннан кейін пайда болған зигота жатырдың айдарына барып түседі. Содан енесінің организмінің есе-сінен қоректене бастайды. Зиготаның ұсақталуы нәтижесінде көптеген жасу-шалар пайда болады. Осы жасушалардың бір бөлігі болашақ «*төл*» орнын яғни қағанақты қалыптастыруға кетеді. Ал қалған бөлігі үш қабатты құрайды, артынан «*төл*» организмі осы сол үшеуінен қалыптасады.

Жасушаның сыртқы қабатынан -тері, нерв жүйесі (системасы) мен сезім мүшелері жетіледі. Ішкі қабатынан - ішкі мүшелердің эпителий жам-ылтқысы және басқа да бір қатар бездері құралады. Ортадағы қабаттан -дене мүшелерінің қалғандары пайда болады. Төл қабығы қағанақ - сол жатырдың кілегей қабығына жанаса жатады. Сондықтан, олар осы арадан өзіне қажетті қоректік заттар мен оттегін алады. Бұл заттар мен оттегі биенің кіндіктегі қан тамырлары арқылы төлдің организміне барады.

Буаздық - биенің ұрық жолдарында аналық жасушасының ұрықта-нуынан бастап, ұрықтың қалыптасып оның тууына дейінгі өсу процесі «*буаздық*» деп аталады. Бұл биеде 11 айға созылады немесе оның ауытқу ұзақтығы 335-340 күн. Осы уақыттың ішінде овуляция тоқтайды, күйіт білінбейді, сүт бездері өседі. Буаздық кез төлдің тууымен бітеді. Жатырдың мойны ашылады, жатыр қабығы мен құрсақ бұлшық еттерінің қатты жиырылуы басталады. Осы жиырылудың нәтижесінде қағанақ жарылады да, төлді жатырдан айдап сырғытады. Дұрыс келген құлын, туылу жолынан алдыңғы аяғымен шығады. Бие құлындағаннан бір-бір жарым сағаттан кейін барып оның шуы түседі.

Сезіну - орталық нерв жүйесіне сыртқы орта факторының организмге тигізген түрлі әрекетінен, организм мен ұлпаларда үнемі болып тұратын өзгерістің әсерінен үздіксіз сигнал келіп тұрады. Осы сигналдар сезім мүшелері деп аталатын арнаулы мүшелерде пайда болады.

Сыртқы ортадан келген тітіркенуді қабылдайтын сезім мүшелеріне - көру, есту, сезу, дәм және иіс мүшелері жатады. Ішкі ортадан келген тітір-кенуді қабылдайтын сезім мүшелеріне - ішкі мүшелердің тамыры мен ұлпа тұрған нерв ұштары кіреді. Тітіркену сезім мүшесінен шығып, сезу нерві арқылы орталық нерв жүйесіне барады. Олар оның жасушасынан тиісті сезінуді сезуге айналады.

Көру – оның көру мүшесі көз –ол көз алмасынан құралады, бұл жарық елесін қабылдайды. Онан соң қорғану және көмекші мүшелер – қабақ, көздің жас шығару аппараты және бұлшық еттері бар. Ол көздің шарасында тұрады. Көздің алмасы үш қабықтан құралады. Сыртқы - белокты қабығы болады, ол

алдыңғы жағынан мөлдір қабыққа айналады. Ортадағы - тамырлы қабықта қантамырлары көп болады. Оның алдыңғы жағы көздің түсті қабығы деп аталады. Мұнда бояулы зат тұрады, көздің қарашығының түсі соған байланысты болып келеді. Ішкі нерв қабығын - торқабық деп атайды. Ол сыртта болатын жарықты сезгіш нерв жасушасынан құралады. Жарықтың елесі торқабықтың нерв жасушасының көру нерві арқылы бастағы миға беріледі.

Көздің түсті қабығының ортасында көз қарашығы бар. Ол тегіс бұлшық еттің әсерінен қысылады және кеңиді. Жарық сәуленің көздің шарасына түсуін қорғайды әрі реттейді. Түсті қабықтың аржағында көздің сүйері бар. Оның формасы қос томпақ сиқты болып келеді де, үлкейтіп көрсететін әйнек сияқты қызмет атқарады. Кірпік бұлшық етінің жиырылуы және босауы нәтижесінде, көздің сүйері анағұрлым тегіс немесе анағұрлым томпақ болады.

Көздің мөлдір қабығы мен сүйерінің аралығы көз ішіндегі сұйық затқа толып тұрады. Бір заттың жарық сәулесі, көздің мөлдір қабығы мен қарашығы арқылы өтіп, сүйерге тарайды да, торқабыққа жиналады. Көзді сыртынан қабақ қорғайды. Екі көз шарасының ішінде көз жасының безі болады. Сол безден жас шығып, көзді кеуіп қалудан сақтайды. Ал сол жастың артығы - кеңсірік қуысына ағып кетеді.

Жабайы жылқы алыстан өте жақсы көреді. Ал қазіргі үй жылқысы өзінің бұл қасиетін жоғалтып алған. Себебі олар 500 метрден арғыны нашар көреді. Бірақ жылқы көздерінің оқтайлы қойылымы, басы мен мойнының қозғалғыштығы нәтижесінде өз айналасындағы және жан-жағындағы аумағы 360⁰ градустағы аймақтарды жіті байқай алады.

Жылқы көздері күн сәулесі мен әр түсті сұлбаны және оның ұсақтарына дейін анық айыра алады. Жылқы көзінің айналасында өте сезімтал келген ұсақ қылшықтар орналасқан. Олар қараңғы түн мезгілінде жақсы көреді. Себебі түн қараңғысында көздері көрмеген кейбір нәрселерді осы қылшықтары арқылы түйсінеді әрі сезеді. Сондықтан да жылқының түнгі жайылымда жайылуы мен азықты ажыратып жей алуы, оған тән табиғи қалыптасқан қасиет.

Сонымен бірге жылқы тұяғымен де жүріп келе жатқан жолын және оның ерекшелігін жақсы сезінеді. Немесе бұл халық арасындағы - жылқы тұяғымен де көреді деген нақыл сөзді толығымен мақұлдайды.

Есту - есту мүшесі құлақ болады. Құлақ сырттан келетін дыбыс тітіркенуін қабылдайды. Денедегі және сыртқы ортаның кеңістігінде болған аралас пен орналыстар жөніндегі хабар бастағы миға сигнал ретінде беріледі. Құлақтың өзі - сыртқы, ортаңғы және ішкі құлақ деп бөлінеді. Сыртқы құлақ - қалқанынан және дыбыс тесігінен құралады, олар ортаңғы құлаққа барады. Ортаңғы құлақ - тасымақ сүйектегі қуыс аралығы болып саналады. Осы арада құлақтың балғашық, төс және үзеңгі деген үш есту сүйектері бірімен-бірі қосылады.

Сыртқы есту - ол құлақ пердесі арқылы бөлінеді. Есту сүйектері бір жағынан дабыл жарғағына, екінші жағынан желбезекке жалғасады. Желбезек ішкі құлақтың тесігін жауып тұрады. Осының нәтижесінде жылқы, тіпті айналадағы заттарды көрмей тұрғанда да (мысалы, соқыр болғанда, қараңғыда) өзінің теңбасушылығын жоймайды. Ішкі құлақ - үш имек каналдан және бір иірімнен құралады. Имек каналдарда кішкене тастар бар. Олар қозғалғанда нерв жасушасының ішінде тітіркену пайда болады. Сол тітіркену дене кеңістігінде болған араластар мен орналыстар жөнінде бастағы миға сигнал береді. Иірім - сұйық затқа толған канал болады. Оның қабырғаларында сезу нервтерінің жасушасы орналасып тұрады.

Сыртқы ортада шыққан дыбыс толқынын құлақ қалқаны шалады. Содан барып дабыл жарғағы тербеледі. Осы тербелістер дыбыс сүйегінің тізбегі арқылы ішкі құлаққа беріледі. Сонда ішкі құлақтағы сұйық зат тербеледі. Ал мұның тербелуі - есту нервісі арқылы бастағы миға шұғыл түрде жедел қабылданады. Жылқы құлақтары дыбыс шыққан жаққа қарай бағытталып қозғалып тұрады. Егер жылқы құлақтары қимылдамаса, ол оның керендігін білдіреді. Жылқы дауысты берілу ырғағына қарай сезінеді және оның мағнасының айырмашылығын жақсы айырады. Дауысы арқылы өз иесін таниды.

Сезу - кеңсіріктің арт жағында кілегей қабықтары болады. Ол тек газ тәрізді заттарда ғана сезгіш нерв жасушасынан құралады. Тітіркену иіскеу нервтерінен миға барады. Жылқының иіскеу мүшесі өте сезгіш. Жылқы өте иісшіл жануар, кездескен заттың барлығын иттер тәрізді иіскеп сезінеді. Жылқы иісі арқылы жемшөп пен азықтың түрін де анық ажырата алады. Ол өз құрал-саймандарын да исінен иіскеп таниды. Бие өзіне ғана тән иісі арқылы құлынын, ал құлыны иісі арқылы енесін айырады. Шағылысу науқаны кезінде айғыр күйі келген биені өзіне тән иісі арқылы сезінеді.

Дәм сезу - дәм сезу мүшесі тілдің, таңдайдың және жұтқыншақтың кілегей қабығында болады. Ол кішкене нерв жасушасының жинағынан яғни түйірлерден құралады. Олар азықтық заттардың дәмін сезгіш келеді. Дәм тітіркенуі де нервтер арқылы миға барады. Жылқы өзі жейтін жемшөп пен азықтың дәмін де айқын сезінеді. Және оның айырмашылығын жақсы ажыратады. Сондықтан жылқы түлігі - табиғи жайылымда өздері сүйсініп жейтін өсімдік түрін ғана теріп жеу арқылы азықтанады.

Иіс сезу - сезу мүшесі теріде болады, бұл арнаулы нерв жасушасының жиынтығынан құралады. Ол суықты, жылылықты, ауырғанды және бір нәрсенің тигенін тез сезінгіш келеді. Жылқының сезім органы өте жақсы жетілген. Ол өзінің бұрынғы жабайы ата-тегі тәрізді өте сезімтал жануар. Жылқы өзінің сыртқы ортада болған жағдайды бүкіл денесімен сезінеді. Соның ішінде терісімен және тұяғымен, әсіресе ернімен. Жылқыны адамның міністе басқаруы оның осы ерекше сезіну қабілетіне қарай негізделген.

Жүйке жүйелері. Жылқы денесіндегі барлық мүшесінің арасында өзара қарым-қатнасы мен байланысы тығыз болып тұрады. Организмнің бұл

бір тұтастығын жүйке жүйелері қамтамасыз етеді. Жүйке жүйесін «орталық» және «шеткі» нервтер деп екіге бөледі. Ми мен жұлын орталық нерв жүйесі болып саналады. Ал шеткі нерв жүйесін мидан тараған нервтер құрайды. Шеткі нерв жүйесі өз алдына жұлындық және вегетативтік деп екіге бөлінеді.

Жұлындық нервтерге жылқы аяқтарының сыртқы тері қабатында тармақталатын сезім және осы құбылысты қозғағыш талшықтары кіреді. Шеткі немесе сыртқы ортаның әсерінің тітіркенуінен болатын қозу процесі, осы нерв пен ми орталығына барады. Ол орталықтан осы нерв жолын қуалап сыртқы әсерге жауап сигналы жетеді. Вегетативтік нерв жүйесі ішкі мүшелерде, жүректе, өкпеде, қарында, ішектерде тармақталып жатады. Сонымен бірге өз кезегінде олардың іс-әрекетін реттеп тұрады.

Бас миы – үлкен ми, аралық ми, мишық, орталық ми және сопақ ми болып бөлінеді. Сопақ мида организм үшін тіршілікке қажетті жүрек, тыныс, қан жүру, сору, шайнау, сілекей бөлу, тер шығару тағы осылар сыяқты нерв орталықтары бар. Орталық ми - көру, есту мүшелері мен бұлшық ет әрекеттерін реттейді. Мишық – дененің қимылын реттеп тұрады. Аралық ми - онда ішкі мүшелердің жұмысын реттейтін орталық орналасқан.

Жұлынның, әрбір омыртқаның деңгейінде оң жақтан да, сол жақтан да жұп-жұп болып сезу және қозғалу нервтері тарайды. Олар қаңқаның бұлшық етінде тармақтанып кетеді. Жұлынның бойында нерв орталығы болады Олар несеп шығаруды, жыныс әрекеттерін, тезек бөлуді, тер шығаруды және басқа да әрекеттерді реттейді. Жануардағы сезім жүйелері (көз, құлақ және т.б.) арқылы нерв жүйесі сыртқы ортадан келген тітіркену әрекеттерін аңғарады. Мидан екшеліп шыққан осы тітіркену - өзін қоршаған ортадағы жарықты, дәмді, иісті, дыбысты және тағы да басқаларын түйсінуге себеп болады.

Нерв жүйесінің әрекеті «*рефлекс*» түрінде бөлінеді. Рефлекс – бұл организмнің тітіркенуге жүйке жүйесімен берген жауап әрекеті болып табылады. Мысалы, жұлын арқылы орындалатын қозғалыс пен қорғануды «*жай рефлекс*» деп атайды. Ал сопақша ми арқылы болатын сору (ему), шайнау (күйсеу), сілекей бөлу, тыныс алу, тағы басқаларын «*күрделі рефлекс*» дейді. Нервтің әрекеттерін зерттеу ісіне орыстың ұлы физиологы академик И.П.Павлов баға жеткісіз үлкен үлес қосты. Ол тіршіліктің барлық процесінің рефлексінің көмегімен болатынын анықтады. Мұнда процестерде болатын рефлексіе ми қабығы жетекші рөл атқарады.

Рефлексіе «*шартты*» және «*шартсыз*» деп бөледі. Шартсыз рефлекс - тыныс алу, сору, ему, жұту, көз қарашығының рефлексі, азықпен қосылғанда сілекейдің бөлінуі, тағы басқалары туа біткен рефлексіе жатады. Шартсыз рефлекс тұқым қуалайды, сондықтан ол төлде де болады. Шартты рефлекс - бұл қайталап жаттығу нәтижесінде, малдың өмірбойы үйренген әдеті. Жылқыны – қолға және жұмыс істеуге үйретудегі орындалатын жұмыстың барлығы осы шартты рефлексіе пайдалану арқылы атқарылады.

Спорт атын жегуге, оған бапкер немесе шабандозды салт мінгізуге, өзін бағып-қағып жүрген атшы адамға үйір етуге, атқораға, өзі тұратын өжіреге

дағдыландыру, міне осының барлығы қайтара жаттықтыруға, үйрету әдістерін үнемі қайталай беруге негізделген. Осылардың нәтижесінде шартты рефлекс келіп шығады. Жануардың өмірбойы істеп шығарған шартты рефлексі нәтижесінде, оның сыртқы ортамен және айналадағы табиғи факторлармен өзара қатынасы қалыптасады. И.П.Павлов, жануардың жасап шығарған және ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалдырып келе жатқан шартты рефлекстері шартыз рефлекске айналуы мүмкін, яғни тұқым қуалап және ата-анадан оның ұрпағына қалып отырады деп көрсеткен.

Терісі (сыртқы қабаты). Жылқы терісі (сыртқы қабаты) - оны сыртқы ортаның әр түрлі әсерінен қорғау, тыныс алу, терлеу, зат алмасу қызметтерін атқарады. Жылқы терісі ірі кара малы мен шошқа түрлеріне қарағанда жұқа, ал қой терісінен қалың. Жылқы терісінің қалыңдығы, оның жасына, жынысына, конституциясына және тұқымына байланысты. Мәселен, құлын терісі ересек айғыры мен биесінің терісіне қарағанда жұқа, ал биенің терісі айғырдың терісіне қарағанда жұқа және т.с. болады. Тез жүрісті жылқының терісі жұқа, ал ең жұқа тері қабаты ахалтеке тұқымындағы жылқысында. Тері қабатының жұқа болуы оны денесіндегі жылу бөлу процесінің қызметін жоғарлатады.

Жылқының тері мүшелеріне - тері және одан шығатын тұяқ, май табан, түк, сүт бездері, тер бездері және май бездері жатады. Тері үш қабаттан құралады, олар - тері қыртысы, тері негізі және шел қабаты. Тері қыртысы - бұл (сыртқы қабат) эпителий жасушасының бірнеше қалыптасқан қатарынан тұрады. Жасушаның ең үстіңгі қабаты өлі және мүйізденген болып келеді. Олар өз кезегінде түлеп, орнына төменгі қабаттағы көбеюге қабілетті жаңа жасушалары келеді. Тері негізі - бұл (орта қабат) серпінді талшықтарға бай және тығыз дәнекер ұлпасынан құралады. Олар теріге серпінділік береді және оның тығыздылығын қалыптастырады. Терінің сыртқы қабатының негізінде қан тамырлары өте көп болып келеді. Себебі, жылқы терісіндегі қан тамырларында нервтердің ұшы мен тоның үк тамырлары орналасқан.

Шел қабаты – ол тері негізінің астында болады. Ол қопсық дәнекер ұлпалардан құралады. Май қоры сонда жиналады. Майдың мөлшері жылқының жынысына, жасына және азықтануына байланысты болып келеді. Тері денені сыртынан жаба отырып, организмді сыртқы қоршаған ортаның қолайсыз әсерлерінен сақтайды. Мәселен, сыртқы суықтан, ыстықтан, түрлі зақымнан және тағы басқаларынан қорғайды. Терінің сыртқы қыртысы - ауру қоздыратын микроорганизмдердің организмге енуіне жол бермейді. Терінің қан жүретін тамырлары денедегі температураны реттеуге қатнасады. Тері бездері зат алмасудан пайда болған басқа-да бірқатар керексіз заттарды организмнен сыртқа шығарып тұрады.

Май бездері - ол сыртқы түк түбінің маңында болады. Оның өзегі осы жерге келіп құяды. Бұл бездің жасушалары өзгеріп, тері майына айналады. Ол терінің беті мен түктерін майлап тұрады. Тері бездері - жылқыда жақсы жетілген. Олардың жасушалары терінің сыртына терлеуді шығарып тұрады.

Тердің құрамына - су, түрлі тұздар (ас тұзы және басқалар) және белок алмасудан шыққан мочеви́на яғни несеп қышқылы мен аммиак бар. Сөйтіп, тері бездері зат алмасудан шыққан керексіз нәрселерді организмнен шығаруға және дененің температурасын реттеуге қатнасып отырады.

Сүт безі - бұл (желін) биеде оң жақ және сол жақ екі жартыдан құралады. Олардың әрқайсында бір-бір емшектен болады. Желіннің сыртын тері қыртысы қаптап тұрады. Желіннің ішінде арасын дәнекер ұлпасының қабаттары бөліп тұратын бөлек-бөлек телімдері бар. Одан көптеген қантамырлар өтеді. Сүт бездері көптеген түтіктер мен альвеоладан құралады. Олардың ішін бір қабат эпителий қаптайды. Қан әкелген қоректік заттардың ішінен эпителий жасушалары сүт түзеді. Жиырылғыш жасушалар, сүтті түтік пен альвеоладан қысып шығарып, сүт жолына түсіреді.

Сүт жолдарынан ірі каналдар құралады. Олар емшектегі үрпіге келіп ұштасады. Биенің әрбір емшегінде бір-бірден үрпісі бар. Үрпіден барып, емшек жолы басталады. Емшек жолының ұшы тегіс ет талшығымен жабылып тұрады. Сүт - судан, белоктан, майдан, сүт қантынан, ферменттен, витаминнен және минерал тұздардан құралады. Алғаш құлындаған кезде биеден уыз шығады. Ол кәдуілгі сүттен өзінің құрамы жағынан және құлынды аурудан сақтайтын ерекше қорғаныш заттарының барлығы жағынан бөлекше болады.

Ішкі секреция. Ішкі секреция бездері – ол ерекше затты яғни гормонды бөліп шығарып, оны қан мен сөлге тікелей бөледі. Гормон – ол организмнің бүкіл тіршілік процесіне әсер етеді. Ол бездердің әрекеті бұзылса, жылқыны ауруға соқтырады. Ішкі секреция мүшелеріне - қалқанша без, қалқаншаның қоңы, алқым, бүйрек үсті, мишық (гипофиз) және түйіншек бездері (эпифиз) жатады. Қанға гормон бөлуден басқа, сыртқы секрециялық қасиеті бар тағы бірнеше бездері болады. Бұған жыныс безі мен ұйқы безі жатады. Ішкі секреция мүшелері өзара байланысты. Олар өздерінің гормондарымен біріне-бірі әсер етеді, оның қызметі мен әрекетін орталық нерв жүйесі реттейді.

Егер аталық ұрықты немесе аналық безді алып тастаса (піштірсе), олардың организмінде бірнеше елеулі өзгерістер болады. Заттар алмасуы төмендейді, май басуға бейімділік сезіледі, жыныстық белгілер мен жыныс қызметі жоғалады, мал жуасиды. Гормон - күйіт шақыруға, жетілген ұрық жасушасының шығарылуы кешеуілдегенде, туғаннан кейін жатырдың жиырылуын күшейтуге, кейбір ауруларды емдеуге, т.с.с. қолданылады.

Түгі және тұяғы. Жылқының тері қабатының сыртында - түгі, қылшығы, ал аяқтарында қолаңсасы (каштаны), шашасы және тұяғы бар. Жылқы түгі - қорғаныс (жал, кекіл, құйрық, шаша) қылшығынан, қылшықты түктен (бүкіл денесін жауып тұратын) және жыл мерзіміне байланысты ауысып түлеп тұратын түбіт жүннен тұрады. Түбіт түктер жаңа туылған құлында болады. Және қыс мезгілінде ересек жылқының көз айналасына, танауы мен оның ұшына, еріндерінің жан-жағына және құлақтарына шығады.

Түк – ол тері қыртысының жасушасынан пайда болған талшық. Сол тері қабатының бетіне шыққан түк бөлігін қылшық деп атайды. Ал терінің ішіндегі бөлігін түк тамыры дейді. Түк тамырының ұш жағы жуандап, бадана болып барып бітеді. Оған тері негізінің қан тамырлары мен нервтерінің көп емізікшісі енеді. Бадана жасушасы өсіп-көбею қабілетін сақтайды. Солардың есебінен түк үздіксіз өсіп тұрады. Осы жасушалар тері негізінің емізікше тамырлары арқылы қоректенеді. Түк тамырын дәнекер ұлпасының қантамыр қынабы қоршап тұрады.

Сыртқы тері қабатының түгі ескіріп, жоғала береді, бадана жасушасының есебінен өскен жаңасы олардың орнын басады. Бұл процесті түлеу деп атайды. Ол әсіресе көктемде және күз айларында күшейе түседі. Жылы аймақта өсірілетін және тез жүрісті жылқының түгі жазда қысқа, тегіс және жылтыр, ал қыс мезгілінде ұзын және қалың. Ал суық аймақта тіршілік ететін жылқының түгі ұзын, қалың және түбітті болып келеді.

Тұяқ – ол аяқтың жерге тірелетін мүшесі. Ол терінің көп қабаттарының жиынтығынан құралады және қалыптасады. Тұяқтың мынадай бөлшектері болады. Тұяқ көбісі - бұл терінің тұяққа айналған орны. Тұяқ жұлығы – оның келесі қабаты, ол ені 1,0-1,5 см болып, білеу тәрізденіп тұрады. Тұяқ қабырғасы – бұл тұяқтың алдыңғы және екі жағындағы қабырғаларын құратын мүйіз бөлшек. Тұяқ ұлтаны жерге қарап тұратын беті. Тұяқтың қабырғасы мен ұлтанында шел қабат болмайды. Ол терінің негізі сүйек қабығымен берік тұтасқан болып келеді. Тұяқ көбесінің қабығы мен жырындықтан тұяқ қабырғасына қарай екі мүйіз қабат - кіріш (үстіңгісі) пен қалың қорғаныш мүйіз қабаттары өседі. Олар тұяқ қабырғасының тері қыртысын қаптап тұрады. Тұяқ қабырғасының тері қыртысынан оған ақ мүйіз қабаты пайда болады. Ол табан бетінен ақ сызық тәрізденіп айқын көрінеді.

Май өкше - аяқтың жерге тиетін бетінде жұмсақ әрі қалың болып келген тері қабаты бар. Сонымен бірге ол жылқы тұяғының сезу мүшесінің де қызметін қоса атқарады. Өйткені, онда нервтердің сезімтал ұштары көп жиналады. Жылқы тұяқтарының май өкшесі жүрекше тәрізденіп, тұяқтың артқы жағынан еніп тұрады. Сондықтан жүрекшенің сыртқы қыртысынан мүйізденген қалың қабат пайда болады. Жылқы аяғы тұяқтарымен қара жерді басқанда, май өкше соққы күшін жұмсарту қызметін атқарады.

Зат алмасу және температурасы

Жылқының асқорыту мүшелері арқылы организмне келіп түскен заттардың барлығы, оның тыныс мүшелері арқылы келген оттегі де, мейлінше біраз айрықша болып келетін біршама өзгеріске ұшырайды. Осылардың нәтижесінде, дененің ыдыраған жасушасының орнын толтыруға, организмге қажетті қуат өнімін шығаруға, қажетті және керекті өнім жасауға пайдалану үшін ол заттар организмге сіңіруге қолайлы түрге келеді.

Зат алмасу – бұл организм тіршілігінің айқындалған негізгі белгісі, ол тоқталса, онда организм де өзінің атқаратын қызметін тоқтатады. Организмге

келіп түскен заттарды сіңіру, оларды жасуша затына айналдыру *«ассимиляция процесі»* (ұқсау) деп аталады. Жаңадан пайда болған заттардың бір бөлігі (май, белок, көмірсутегі) жылқы организмінде қорға қалдырылады. Өз кезегінде олар организмге қуат алудың негізгі көзі ретінде керегіне қарай жұмсалып отырады. Ассимиляция процесімен бірге, жасуша бөлшектерінің бұзылу (диссимиляция) процесі де болып отырады. Осының нәтижесінде, сол заттардың жасырын жатқан химиялық қуаты, қуаттың басқа түріне айналады.

Ал, өзгерудің түпкі өнімін, яғни организмнен өнген көмірқышқыл газды, суды, несепті және тағы басқаларын сыртқа шығарады. Организмдегі заттардың осы бұзылуын *«диссимиляция процесі»* деп атайды. Ассимиляция мен диссимиляция процестері организмде бір мезгілде өтеді. Бұл бірыңғай процессті - мұны зат алмасу деп айтады.

Организмдегі зат алмасуының бірқалыпты өтуі, жануарға берілген азық рационның толық құндылығына байланысты. Ондағы негізгі қоректік заттардың, белоктың, көмірсутегінің, майдың, витаминнің және минерал заттардың организмге қажетті мөлшерде берілуіне тәуелді. Айналадағы ауаның температурасы мен дымқылдығына, жылқының жүріп-тұруына, оған күн көзінің түсуіне тағы да басқа жағдайлары нәтижесінде болады.

Температура. Жылқының дене температурасы цельсий бойынша 37-38⁰ градус. Ол айналадағы ауа температурасы көтерілсе де, төмендесе де, одан қорғануға бейімделген. Оның денесі - температура төмендесе де, көтерілсе де оны қорғауға икемделген. Температураның тұрақты болуын - организмдегі жылудың үздіксіз болуы, оның айналадағы орталыққа шығарылып отыруы қамтамасыз етеді. Денедегі жылу көзі - ол организмге азықпен бірге келетін заттар мен өкпе арқылы келетін оттегі. Жылылықтың негізгі көпшілігі жылқы жұмыс істеген кезде бұлшық етте пайда болады.

Дене температурасын орталық нерв жүйесі реттейді. Ол жылу шығаруды және оны сыртқы ортаға беруді өзгертіп отырады. Қыста - айналадағы ауаның температурасы төмендеген кезде, организмнің сыртқа жылу шығаруы кемиді. Сонымен бірге тері тамырлары тарылады, тыныс алуы баяулайды және тағы-тағылар болады. Жылылықтың пайда болуы, жылқының азықты көп жеуі және жүріп-тұруы есесінен де күшейе түседі. Жазда - айналадағы ауаның температурасы көтерілген кезде, денедегі жылылық төмендейді. Сондықтан тер көп шығады, дем жиі алынады, шығарылған деммен бірге судың булануы көбейеді. Міне осының бәрі организмді қызып кету процесінен сақтайды.

Жылу бөлу. Басқа ауыл шаруашылық малына қарағанда жылқы өзінің жылу бөлу реакциясын өте үнемді жұмсайды. Жылқының организміндегі терморегуляциясы оның тез жүрісінде, шабысында және ауыр жұмыста көтеріледі. Сондықтан терісінің қан тамырлары кеңейіп, қан айналымының қызметі жақсарады және қажетті терлеу процесі жоғарлайды. Жылқының тер шығаратын бездері үлкен болады. Сондықтан оның ауыр жұмыста немесе шабыста денесі түгел терлейді. Бұл терлеу процесі жылқыға өте қажет, себебі

осы терлеу нәтижесінде ол өзінің организміндегі артық жылудан құтылады. Егер жылқы терлемеген болса, онда оның дене температурасы $42-43^{\circ}$ градусқа жетеді. Ал мұндай жағдайда жылқы өліп кеткен болар еді. Жылқы денесінен тер ыстықта да, құрғақ ауада да біркелкі болып шығады. Ең алдымен жылқы денесінің шабы, мойны, бүйірі, соңынан барып қана оның иығы мен сауыры терлейді.

Функциональдық күйі мен жұмыс қабілеті

Ат спортына пайдаланатын жылқының физиологиялық-клиникалық көрсеткіші, ол оның дене температурасы, пульсінің соғуы мен демалысының жиілігі. Оның осы физиологиялық-клиникалық көрсеткіштері, жылқы жұмыс істемей тыныштықта тұрғандағы, жұмыс істегендегі немесе жаттықтырудағы функциональдық жағдайын зерттеудің әдісі болып саналады. Бұл жылқының бұлшық еттерінің жиырылу және ширығу жұмысынан кейінгі жай-күйін сипаттайды. Және оның қарапайым әрі өте қолайлы ғылыми негізделген тәсілі.

Жылқының физиологиялық-клиникалық көрсеткіші, өзінің жоғарғы динамикалық қасиетімен сипатталады. Физиологиялық-клиникалық көрсеткіш - бұл оның организмнің, жүрек-тамыр жүйесінің, демалу органдары мен нервтік-бұлшық ет аппараттарының жұмыс нәтижесі. Бұл көрсеткіштер жауап-реакциясы ретінде тез өзгеріске ұшырап отырады. Оның пульсінің соғуы, демалу жиілігі мен дене температурасының сандық және сапалық көрсеткіштері болып саналады.

Малдәрігерлік-клиникалық диагностикада мал денесінің температурасы мен пульсының жиілігі мен соғуы, демалысының саны және оның типі – спорт бағытындағы жылқының жай-күйін бақылауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан жылқының жұмыстың қандай түрі болмасын орындауы мен оның жарамдылығын және функциональдық күйін дұрыс анықтау үшін қолданылатын маңызды тәсілінің бірі болып табылады.

Сондағы ат спортына пайдаланылатын жылқының физиологиялық-клиникалық көрсеткішін зерттеуді жүргізуге берілетін ұсыныс:

- танертеңгісін атқора өжіресінде жұмыс істемей тыныш тұрған кезінде яғни азықтандыру және жаттықтыру жұмыстарының алдында, егер оны атқорадан аяң аллюрімен шығарғанның өзінде де, оның пульсының жиілігі мен демалысының сандық соғуы аздап немесе кішкене болса да жоғарылайды;

- күнделікті жаттықтыру жұмысынан кейін бірінші рет - бірден жаттықтыру жұмысы аяқталысымен, екінші рет - жаттықтыру жұмысы аяқталғаннан кейінгі оныншы минутында, үшінші рет - жаттықтыру жұмысының аяқталғанына 30 минут болғанда анықтау қажет.

Жылқы денесінің температурасы термометрдің көмегімен өлшенеді. Яғни оның артқы жағынан тік ішегіне сол термометрді бес минутқа сұғып

қою арқылы алынады. Жылқының жүрек қағысының жиырылуын (пульсін) фенондоскоп құралының көмегімен тексереді. Немесе оның басындағы жақ асты артериясын саусақпен сипау арқылы анықтайды. Ал оның демалу жиілігін жай көзбен сырттай бір минуттың ішіндегі бақылау нәтижесінде кеуде жасушасының немесе танауының қозғалысының саны арқылы есептелінеді.

Дені сау жылқының клиникалық көрсеткіші, оның жаттықтырылу деңгейіне байланысты жұмыс істемей тыныштықта тұрған кезінде төмендейді. Сонымен бірге дене температурасына қарағанда пульсіннің соғу жиілігі мен демалысының соғу саны анық байқалатын өзгеріске ұшырайды.

Жақсы жаттықтырылған жылқының жұмыс істемей тыныштықта тұрған кезіндегі жүрек жиырылуының жиілігі мен демалысының сандық соғуынның бұл жағдайын жағымды белгі ретінде қарау керек. Себебі, бұл оның жүрек соғысы үзілісінің ұзағырақ созылуына жағдай жасайды. Сонымен бірге қан жолының толығының мөлшерлік көбеюіне мүмкіндік береді. Және демалу органдарының жұмысының күшеюін көтеруді қамтамасыз етеді.

Жылқының клиникалық көрсеткішінің аздаған ауытқуының өзі, оның күнделікті жаттығуына өзгеріс енгізуді қажет етеді. Оның жұмыс істемей тыныштықта тұрған кезіндегі дене температурасы, пульсының жиілігі мен демалысының сандық соғуы, оның функциональдық күйі мен жаттықтырылу деңгейінің көтерілуін бағалаудың әділ белгісінің айғағы болып саналады. Дегенмен де оның бұл белгілерін, жылқы түлігін ұдайы әрі тұрақты, сонымен бірге оның бір қалыпты жағдайдағы жүргізу нәтижесіндегі зерттеуде ғана айқындауға болатынын және оның сенімді екендігін еске ұстаған жөн.

Жылқының ат шабысындағы жоғарғы жұмыс қабілетін көрсетуден кейінгі болатын клиникалық көрсеткішінің өзгерісінің сипаттамасын зерттеу, зоотехния және ветеринарлық бақылау тәжірибесінде маңызды орын алады. Себебі, жаттықтыру жұмысындағы функциональдық үстеме, яғни дозировкаланған жұмысынан кейін, оның үлгіге немесе клиникалық көрсеткішінің өзгерісі аз. Бұл оның жауап ретінде жақсы реакция бергені. Сол жылқы, клиникалық көрсеткіш өзгерісі жоғары болып келетін функциональдық күйі нашар жылқыға қарағанда, ат шабысы процесінің соңында жоғарғы нәтиже көрсетеді. Және ол ат шабысының жарысын функциональдық күйі қалыпты жағдайда аяқтайды.

Жылқының бұлшық еттеріне түсетін шегіне жеткен жоғарғы салмақтың ат шабысы процесіне дейінгі және кейінгі клиникалық көрсеткішін зерттеу нәтижесі, мынаны көрсетеді - бұлшық етінің жоғарғы дәрежедегі қызметіне оның жауап беру реакциясы әр түрде байқалады екен. Клиникалық көрсеткіші әр түрлі мөлшерлігімен сипатталады. Оның физиологиялық нормасына дейінгі қайтадан қалпына келу кезеңі де біркелкі немесе бірдей емес. Жылқының жұмыс істемей тыныштықта тұрған кезіндегі, жаттықтырудағы, ат шабысына дейінгі және ат шабысының жарыс сайысынан кейінгі

болатын клиникалық көрсеткішін зерттеу нәтижесіне келесі қорытынды жасауға болады.

1. Жылқының жұмыс істемей тыныштықта тұрған кезіндегі, яғни таңғы азықтандыру мен жаттықтыру жұмыстарына дейінгі уақытта, оның физиологиялық күйіне лайықты клиникалық көрсеткіші: денесінің температурасы - $37,8^0$ градус немесе оның ауытқуы $37,4^0-38,2^0$ градус пульсінің соғу жиілігі – 36 немесе оның ауытқуы 32-42; дем алу саны - 13 немесе оның ауытқуы 6-16.

2. Жақсы және жеткіліксіз деңгейдегі жаттықтырылған жылқының физиологиялық күйі мен жұмыс қабілетін бағалауға арналған клиникалық көрсеткішінің нормативі кестедегі мәліметте берілген.

Жылқының жаттығу деңгейіне байланысты клиникалық көрсеткіштері

Жаттығу деңгейі	Пульс жиілігі	Демалу саны	Температурасы	Клиникалық көрсеткішінің өзгеруі
Тыныштықта тұрған кезінде				
Жақсы жаттыққан	22-34	6-12	37,2-38,3	Физиологиялық күйі мен жаттығу деңгейі төмендеген сайын-жоғарлайды.
Жеткіліксіз жаттыққан	34-44	10-18	37,5-38,5	Физиологиялық күйін жетілдірген және жаттығу деңгейін көтерген сайын - төмендейді.
Үстеме (дозировкаланған) жұмысынан кейін				
Жақсы жаттыққан	54-76	22-32	38,5-39,0	Жұмыстан кейінгі 30-шы минутында қажетті физиологиялық нормаға дейін - төмендейді.
Жеткіліксіз жаттыққан	66-88	32-48	38,8-39,5	Жұмыстан кейінгі 30-шы минутында 65,0-70,0% пайызға дейін - төмендейді.
Шабыстан кейін				
Жақсы жаттыққан	108-122	72-104	40,0-41,5	Шабыстан кейінгі 10-шы минутында 25,0-30,0% пайызға дейін - төмендейді.
Жеткіліксіз жаттыққан	96-142	62-100	40,5-42,0	Шабыстан кейінгі 10-шы минутында 10,0-15,0%- төмендейді, ал кейде бұған керісінше, біраз жоғарлауы жалғасады.

Жақсы және жеткіліксіз деңгейдегі жаттықтырылған жылқының тыныштықта тұрған кезіндегі, үстеме жұмысы мен жарыстан кейінгі бұлшық

еттеріне түсетін салмағын зерттеу және салыстыру барысында жылқының физиологиялық күйінде келесі айырмашылықтар болады:

- кан айналу және демалу органдарының жұмысы біршама баяулаған тыныштық жағдайында, сонымен бірге клиникалық көрсеткіштерінің ауытқу диапазоны аз ғана және жоғарғы тұрақтылықта;

- пульсының, оның ырғағы, кан жолының толығуы, соғу дыбысының күші мен жиілігі және демалуы – оның ішке тарту тереңдігі, сазы, ырғағы және сапасы жақсы;

- үстеме жұмыстан кейінгі өзгерісінің қарқыны аздап қана;

- шабыс кезіндегі бұлшық етінің шегіне жеткен жұмысындағы организмнің функциональдық мүмкіншілігі өте жоғары;

- жұмыс кезіндегі дене температурасы, пульсінің соғу және демалу жиілігі санының өзгерісі физиологиялық нормаға дейінгі қалпына келу кезеңі қысқа.

3. Жылқы организмінің функциональдық күйі мен жұмыс қабілетін бағалауда, оның пульсінің жиілік деңгейіне, демалу санының көбеюі мен дене температурасының диагностикасына емес, одан да оның осы клиникалық көрсеткішін қайтадан қалпына келуі процесінің ұзақтығы мен оның ерекшелік сипатына аса зор мән бөлу қажет.

Нерв жүйесінің типологиялық ерекшелігі

Жылқыны ат спортына пайдаланудың соңғы табысы, оның орталық нерв жүйесінің қызметіне (типіне) байланысты болатын мінез-құлқының ерекшелік негізіне де көп жағдайда тәуелді.

Сондықтан ат спортына жылқы таңдау және оны ары қарай атсайыс түріне байланысты жаттықтыру мен бағыттауда, оның нерв жүйесінің типологиялық ерекшелігі ескеріле отырып жүргізілуі тиіс.

Жылқының нерв жүйесі келесі типтерге бөлінеді: күшті және шыдамсыз (ұстамсыз); күшті және байсалды (ширақ); күшті және байсалсыз (селқос); әлсіз.

1. Күшті және шыдамсыз (ұстамсыз) тип - бұл малдың мінез-құлқының өте күшті қызбалық процесімен, бірақ тежелу процесінің әлсіздігімен сипатталады. Бұл типтегі жылқының мінез-құлқы жігерлі, бірақ ол әр жағдайдағы өзгеріске үркектеп немесе қорқақтап қарайды және сыртқы ортаның әсеріне желікпелі әрі тез қалыптасу реакциясымен ерекшеленеді.

2. Күшті және байсалды (ширақ) тип - бұл малдың мінез-құлқының өте күшті қызбалық және тежелу процесімен сипатталады. Бұл типтегі жылқының мінез-құлқы қайсарлы, қайратты, қозғалыс рефлексінің шартты түріне жеңіл қалыптасады, жаңа жағдайға батыл және тез көндігеді, оның өзгерісіне сабырлы қарайды. Мұндай типтегі жылқы жұмыстан кейін өзінің күшін тез қалпына келтіруге қабілеттілігімен айқындалады.

3. Күшті және байсалсыз (селқос) тип - бұл малдың мінез-құлқының нашар қызбалық және тежелу процесімен сипатталады. Бұл типтегі жылқының мінез-құлқының қозғалыс рефлексінің шартты түріне баяу қалыптасады, жұмыстан кейін өзінің күшін қалпына келтіру қабілеті өте ұзаққа созылады, олар сыртқы ортаның жаңа жағдайына нашар көндігеді.

4. Әлсіз тип - бұл малдың мінез-құлқының әлсіз қызбалық және тежелу процесімен сипатталады. Бұл типтегі жылқының мінез-құлқы үркек болып келеді және ол өз иесі мен басқа адамға мүлдем бағынбайды, жұмыстан кейін өзінің күшін қалпына келтіру қабілеті өте қиынға түседі.

Жоғарғы нерв жүйесі шыдамсыз немесе әлсіз типтегі жылқыға қарағанда, жоғарғы нерв жүйесі күшті және байсалды типтегі жылқысы өте жоғарғы жұмыс қабілетімен айқындалады. Жылқының жоғарғы нерв жүйесінің айырмашылығы мен типологиялық ерекшелігі оның темпераментінің және сыртқы ортада болатын жағдайға берілетін реакциясымен анықталады.

Жылқы шаруашылығында оның темпераментінің келесі түрін айыру қабылданған, ол: салқын қанды – мұнда қызбалық процесіне қарағанда тежелу процесі басымырақ; қызу қанды – мұнда керісінше тежелу процесіне қарағанда қызбалық процесі басымырақ; байсалды, қагілез және момын - мұндағы қызбалық және тежелу процестері бірдей немесе тепе-тең.

Ат спортына пайдаланатын жылқының өзіне мүлдем таныс емес жағдай мен сырттан келетін тітіркендіргіш дыбысты қабылдау реакциясы толығымен зерттелген. Сонымен жылқының реакциясының бұл жағдайда әр жақты көрінетіндігі анықталған. Бұл ересек жылқыға қарағанда сыртқы ортада болатын жағдайдың өзгерісіне - қабылдау және бағытталу реакциясы айқын көрінетін жылқыда байқалған. Олар сырттан келетін тітіркендіргіш дыбысқа көбінесе шыдамсыз болып келеді.

Жылқының қабылдау және бағытталу реакциясы мінездемесінің сипаттамасын, оның спорттық жұмыс қабілеттілігімен салыстырғанда келесі жағдайлар анықталған. Мәселен, қабылдау және бағытталу реакциясы азыққа басымдырақ және ұзағырақ сақталатын жылқының жаттықтыру жұмысы, қабылдау және бағытталу реакциясы жақсы қалыптасқан жылқыға қарағанда, қиындау болады және нашар жұмыс қабілеттілігін көрсетеді.

Бұл жоғарыда берілген жағдайлар әсіресе спорт жылқысын Олимпиадалық және Бүкіл Әлемдік атсайыс ойынының спартакиадасына дайындау кезеңінде анық байқалады.

Жылқының қабылдау және бағытталу реакциясы - оның нерв процесінің жеткіліксіз қимылында. Бұл оның қозғалыс рефлексін тежейді және жылқының спорттық жұмыс қабілеттілігін төмендетеді. Осыған ұқсастығы сәйкес жағдай жылқының қатты дыбыс тітіркенгішіне реакциясын зерттеу нәтижесінде анық байқалған. Мәселен, сыртқы ортаның қатты дыбыс тітіркендіргішін тез әрі жеңіл қабылдайтын жылқы жаттықтыру жұмысын оңай қабылдайды және оған тез үйренеді және бейімделеді.

Ал қатты дыбыс тітіркендіргішіне шыдамайтын жылқыға, жаттықтыру жұмысына көндігу қиынға түседі. Мұндай жылқылар өзінің қоқақтығымен және үркектігімен ерекшеленеді. Олардың ішінен өте төмен жұмыс қабілеттілігін көрсететіні көптеп кездеседі. Яғни, бұлардың ат спортына ешқандай бағалылығы мен маңызы жоқ.

Атсайысы - жылқының қабылдау мен бағытталу реакциясының жақсы және дыбысқа, түрлі-түсті, сәулелі және басқа да тітіркендіргішке аса мән бермейтіндігі мен көңіл бөлмегенін талап етеді. Жылқының бағытталу реакциясының сипаттамасы, оның түрлі дыбыс тітіркендіргішін қабылдайтын жауап реакциясының көрсеткіші болып табылады.

Қазіргі кезде жылқыны нерв жүйесінің типологиялық ерекшелігі арқылы бағалауда, оның сайыс ойын түріне таңдау барысындағы ең тиімді тестісі яғни анықтау тәсілінің бірі ретінде қызмет етеді.

Конституция және экстерьер

Конституция. Конституция (франц. сопexterieur–сыртқы типі) – малдың сырт тұлғасының кейпі. Зоотехния ілімінде «конституция» деп дене құрылысының сыртқы түр-тұрпатының құрылысын айтады. Бұған оның ішкі организмінің жеке мүшелері мен ұлпасының ара қатнасы, қанының морфологиялық және биохимиялық ерекшелігі, түрлі сипаттағы және қарқынды зат алмасу процесі мен құрылысының өзгешеліктері де кіреді.

Конституция - малдың дене құрылысының сыртқы типі. Бұл оның физиологиялық жеке органы мен жүйесінің және ұлпасының ара-қатнасымен байланысты. Сонымен бірге морфологиялық құрылысымен және қанның биохимиялық ерекшелігімен, әр түрлі сипаттағы үдемелі алмасу процесімен айқындалады.

Конституция - бұл оның сыртқы пішінінің түрлі формасын айқындайды. Конституция - тез жетілгіштік, төлшілдік, жүйріктілік, ұшқырлық, жұмысқа қабілеттілік, өнімділік сипаты мен семіргіштік қасиеттері. Сонымен бірге денсаулығын, қоршаған сыртқы ортаға төзімділігі мен тіршілік ететін аймағына бейімділігін аңғартатын негізгі факторының бірі болып саналады.

Жылқының бес түрлі конституциялық типі болады:

1. Сөлекет тип – бұл типтегі жылқының терісі жұқа, түктері қалың, қаңқасы ірі, басы үлкен, бұлшық еттері қомақты, тері астындағы қан тамырлары білінбейді. Дене құрылысы мұндай жылқы - сылбыр, кейде жалқау болады. Бұл тұқымы жақсартылмаған жылқылар арасында көп кездеседі. Сөлекет денелі жылқыға көбінесе орман, далалық және тау жергілікті жылқылары жатады: олар - қазақы, монғол, башқұрт, бурят, алтай, қырғыз, қарабах, гуцул, якут, печор, эстон, полес және т.б. жылқы тұқымдары.

2. Нәзік тип – бұл типтегі жылқының терісі жұқа, түктері жіңішке, қаңқасы жеңіл, бұлшық еттері болбыр, жал-құйрығы, кекілі мен шашасының қылшықтары сирек болады. Бұл типтес жылқылар ауа-райының қатаң

жағдайларына төзімсіз, ал жақсы азықтандыруы және күтіп-бағылу жағдайлары келіссе, жақсы қабілетін көрсетуге бейімді келеді.

3. Қағылез тип – бұл типтегі жылқының терісі жұқа, түктері тықыр және жеңіл денелі, қаңқасы да жеңіл, бұлшық еттері босаң, тері астындағы қан тамырлары білеуленіп әрі жақсы білініп тұрады. Қағылез жылқылар ұшқыр және нәзік, ат қорада қолдағы күтімді және жақсы азықтандыруды қалайды, олар тебінде бағуға қолайсыз. Бұл типті жылқыларға - ахалтеке, араб және т.б. мініс жылқы тұқымдарының арасында жиі кездеседі.

4. Болбыр тип – бұл типтегі жылқының тері астының ұлпасы (тканьдері) және бұлшық еттері арасындағы майлы қабаттары жақсы дамыған. Терісі қалың және босаң, буыны мен оларды байланыстыратын сіңірлері көрінбейді. Мұндай жылқының бұлшық еттері толық әрі қомақты, мойны қысқа, кеудесі мен жотасы кең әрі жалпақ. Олар табиғи жайылымда немесе бордақылауда ет пен май жинауға және семіруге бейімді. Босаң типтес жылқы шабысқа жоқ, ауыр жүк тарту, тасу және басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарына лайықты келеді. Бұл типтес жылқылар - совет, орыс, владимир, литва және першерон және т.б. ауыр жүк тартатан жылқы тұқымдары арасында жиі кездеседі.

5. Мықты тип – бұл типтегі дене қай жылқы тұқымына болмасын қажет. Бұл типті жылқының басқа типтен өзгешелігі мынада, олар мықты денелі, терісі тығыз, қаңқасы жеңіл, бұлшық еттері жақсы жетілген, буыны мен сіңірлері, тері астындағы қан тамырлары білеуленіп айқын көрініп тұрады.

Ал, «ашаң» типтегі жылқының денсаулығы жақсы, жұмысқа төзімді, қан айналу, тыныс алу және ас қорыту жүйелері жақсы жұмыс істейді. Жылқы өсірушілердің тәжірибесіне зер салып қарағанда, ашаң типтес жылқылар негізінен - дон, қостанай, буденный, таза қанды ағылшынның мініс, көшім және олардың тұқымаралық будандарында көбірек кездеседі.

Экстерьер. Малдың дене құрылысының сырт пішінін «экстерьер» дейді. Экстерьер - француз (exterieur – сыртқы, франц.) сөзі, сөзбе сөз аудармасы малдың сыртқы пішінін білдіреді. Барлық тілде оның баламасы болса да «экстерьер» сөзі зоотехния ілімінің төл сөзіне айналған. Бұл ілім оның шаруашылыққа пайдалы белгісімен, нақтылы жағдайда жылқыны экстерьері бойынша ат спортының сайыс ойындарына пайдалану бағытына байланысты сарапталады.

Экстерьер - деп оның биологиялық ерекшелігі мен шаруашылыққа жарамдылық байланысын оқып үйрететін ілімді айтады. Жылқыны шаруашылықта пайдалану бағытына байланысты күнделікті жұмыста, әсіресе ат спортының сайыс түріне таңдауда экстерьердің маңызы өте зор. Ат спортының бағытталу түріне қарай өсіру үшін жылқыны іріктеп алу, оны қандай бағытқа болса да пайдалануға ұсыну, сатар кездегі бағалау, міне осының бәрі экстерьерін есепке ала отырып атқарылады. Жылқыны экстерьері бойынша бағалау тәсілі ұзақ жылғы тәжірибе нәтижесінде эмпиристикалық жолмен қалыптасқан.

Экстерьер - жылқының жұмыс қабілетінің сапасымен және спорттағы пайдалану бағытымен тығыз байланысты болады. Мысалы, мініс және желгіш аттар, ауыр жүк тарта алатын аттардан сыртқы түрі жағынан мүлде басқаша келеді. Кеуде құрылысында кемшілігі бар жылқылар ат спортында нашар нәтиже көрсетеді. Ал аяғының құрылысында кемшіліктері мен ақауы барлары жиі-жиі ақсайды. Жылқының экстерьерінің дұрыс болуы, оның ат спортының сайыс түрлеріне жақсы қабілеттілігі мен жарамдылығын айқындайды.

Сымбат бітімі (стати)

Жылқыны іріктеу, сұрыптау жұмысында малдың сыртқы экстерьерінің дене бітімінің сыр-сымбаты - маңызы үлкен рөл атқарады. Ал дене бітімінің типі - оның сыртқы пішіні мен формасын, әрбір дене мүшесінің пропорциясын, оның анатомиялық және гистологиялық құрылысын айқындайды. Жылқы экстерьерінің сыртқы дене тұлғасының жекелеген бітімдік бөлімдері, оның жеке дене мүшесі деп аталады. Жылқы экстерьерінің сыртқы дене бітімінің жеке әрбір жеке мүшесінің өз атауы болады. Жылқы экстерьерін зерттеп үйрену үшін келесі бағалау мен сипаттау тәсілі қолданылады. Олар - жай көзбен қарау, өлшемдері арқылы, индекстерін есептеу және суретке түсіру. Мұны жылқының басынан бастайды, біртіндеп тұлғасына ауысады, соңында аяқтарымен бітіреді. Міндетті түрде сымбатының көрнекті мүшелері мен кемшілігін көрсетумен аяқтайды.


Бас. Бастың өзін етті яғни ерні мен танауы әрі үлкен, әрі етті, көзі сығырайған кішкене және етсіз - ашаң деп бөледі. Басы етсіз ашаң жылқының қан тамырлары, әсіресе көзінің алдындағы және танауының үстіндегі жақсы білініп тұрады. Ондай жылқының көзі үлкен, танауы кең, құлағы қайшыланып қозғалып тұратын болады. Осының бәрі жылқы денесінің ширақ, күшті және төзімді екендігін көрсетеді. Сағақ арасының, яғни астыңғы екі жақ арасының кеңдігінің де үлкен маңызы бар. Осы араға жұдырық сиса, ол қалыпты деп саналады. Сағағы тар жылқы тыныс алғанда қиындық көреді.

Мойын. Мойынның негізгі сүйегі жеті мойын омыртқа. Бас пен мойын тұрғысының өзгеруі, жылқының ауырлық түсетін жерінің ауысуына әсер етеді. Ауыр жүк тартып келе жатқан жылқы, аяғының басына қарай басын бұлғайды, сөйтіп өзінің жұмысын жеңілдетеді. Салт мініп келе жатқан аттың кенет және шұғыл бұрылғанда, секіргенде, тағы сондайларда ауырлық түсетін жері тез өзгереді. Мұнда да тең салмақты бас пен мойын реттейді. Оның ұзындығы мен икемділігі, бастың мөлшері маңызды орын алады.

Мойынды - ұзын, орташа және қысқа деп бөледі. Мойын ұзындығымен қатар, мынадай түрлері болады, мәселен, әдемі имек мойынды – аққу немесе қаз мойын дейді. Ал тамағы шығыңқы болса - бұғы мойын деп атайды. Мойын тұрқысының да маңызы бар. Мойын шоқтықтан қия жоғары көтерілсе,

яғни ол биік мойын болғаны. Ал мойын көтерілмей түзу біткен болса, ондай мойынды еңкіш мойын деп аталады. Дұрыс жетілмеген, жас кезінде нашар азықтандырылған жылқының басы етті, үлкен, қауғадай, мойны әрі қысқа, әрі салыңқы болады.

Жылқының дене сымбатының схемасы төменгі суретте берілген.



Жылқының дене сымбатының (стати) схемасы.

1-кекіл; 2-танау; 3-мұрын (кеңсірік); 4-бұғақ; 5-сағалдырық; 6-мойынтұрық; 7-желке; 8-мойын; 9-мойын қыры; 10-шоқтық; 11-арқа; 12-бел; 13-сербек; 14-сауырын; 15-құйрық түбі; 16-құйрық; 17-жауырын; 18-иық; 19-кеуде; 20-білек; 21-білезік (алдыңғы аяғының тізесі); 22-алдыңғы аяғының жіліншігі; 23-бақай буыны; 24-бақай; 25-құндыздық; 26-тұяқ ілгегі; 27-шынтақ; 28-қарын; 29-шап; 30-сан; 32-тірсек; 33-тілерсек (секіру буыны); 34- артқы аяғының жіліншігі; 35-тұяқ.

Шоқтық. Шоқтықтың негізі - білікті ұзын сербегі бар төс омыртқалар. Шоқтық бұлшық етті, биік және кең келсе бұл жақсы. Қушық, шошак шоқтық жарамсыз делінеді. Өйткені ондай шоқтықты жылқының арқасы мен иығының бұлшық еттері нашар жетіледі. Шошак шоқтық ерден және ершіктен қажалып, тез жауыр болады. Аласа шоқтық та жеткіліксіз деп саналады. Өйткені ол бұлшық етті болып бекітілуіне нашар тірек. Аласа шоқтықтың жаурыны қысқа, сондықтан ол да олқы болып табылады.

Арқа. Кеуденің шоқтықтан бастап белге дейінгі үстіңгі бөлігін арқа (жон) деп атайды. Арқаның негізі - төс омыртқа және оған тірелетін қабырға иіні. Атты бүйірінен қарап сынағанда омыртқаның ұзындығы (қысқа, орташа, ұзын) және оның түрін (түзу, бүкір, жұмсақ, салбыраңқы) анықтайды. Арқаның түзулігі анағұрлым жақсы болады. Арқасы бүкір, жұмсақ және салбыраңқы келуі, жылқының қай тұқымының болса да, кемшілігі деп саналады. Ал белі жұмсақ, салбыраңқы жылқы – кәртамыс яғни жасы жеткен жылқыдан табылады. Белдің жалпақтығының да күрделі маңызы бар. Белі қушық, бұлшық еті нашар болса, ол оның кеудесі тар және әлсіз екендігін білдіреді. Ал белі жалпақ және бұлшық еті жақсы жетілген жылқы күшті болып келеді.

Бел. Белдің негізі оның арқадағы сербекті омыртқалары болып табылады. Кеңдеу келіп, сауырға жалғасып кеткен бел - жылқының барлық тұқымында да жақсы деп саналады. Белі босаң, бұлшық еттілігі нашар жетілген жылқы жиі кездеседі. Соның салдарынан сауыр мен белдің жалғасатын жері шұңқыр болып қалыптасады. Мұндай белді қозаң дейді, бұл жылқы сымбатының кемшілігі. Омыртқа сербегі жоғары қарай біткен белді сауыр тәрізді деп атайды - бұл да оның кемшілігі. Арқа мен белдің қушық, бұлшық етінің нәзіктігі, жеткілікті азықтандырмаудан болады. Керісінше, жылқы өзінің өсуінің барлық кезеңінде жақсы азықтандырылса, арқасының кең, бұлшық еттің берік болуына көмектеседі.

Сауыр. Сауырдың негізі жанбас пен құйымшақ сүйегі. Бұл сүйектерді тығыз әрі берік бұлшық еттері қаптап тұрады. Бұл жылқы жұмыс істегенде олардың үлкен маңызы бар. Сауыры ұзын, бұлшық еті дұрыс жетілген болса, жақсы деп саналады. Сыртқы түріне қарап, жылқыны - сербекті, дөңес, түзу және салпы сауыр деп атайды. Сербекті сауыр - ауыр жүк тартатын аттарда кездеседі. Сауырдың мұндай болуы, ауыр жүк тартатын аттарға тән. Ал салт мінетін аттың сауырының түзулеу және дөңгелек болуы жоғары бағаланады. Шатырша және салыңқы сауыр қандай болса да кемшілік болып табылады. Мұндай сауыр оның бұлшық етінің нашар жетілгенділіген көрсетеді.

Кеуде. Кеуденің таянышы қабырға, төс омыртқа және төс сүйегі. Кеуденің кеңдігі, көбінесе қабырға ұзындығына ал ені - имектілігіне байланысты болады. Қабырға неғұрлым иілген болса, кеуде соғұрлым кең болғаны. Мұндай жылқының кеудесі жұмырланып бітеді. Қабырғасы жетіліксіз иілсе, жылқының омырауы, екі жағынан қысқандай қушық, кеудесі тар келеді. Кеуде неғұрлым кең және ойдым болса, көкірек сарайы да соғырлым кең болады. Мұнда оның жүрегі пен өкпесі тұрады. Кеудесі кең және ойымды жылқы жоғары бағаланады. Кеудесі мен көкірек сарайы тар жылқының өкпесі мен жүрегінің көлемі кіші. Соның салдарынан күші жеткіліксіз және жұмысқа төзімсіз. Көкірек сарайының кеңдігінің маңызы өте зор. Кеуденің қушықтығы – жылқы түлігінде үлкен кемшілік болып саналады. Туылғанына үш күн болған құлынның шоқтығының биіктігі, ересек жылқының шоқтығының 60,0 пайызы, кеуде көлемінің 45,0 пайызы болып келеді. Міне,

осыған қарағанда, құлынның өсу процесінде шоқтықтан гөрі, кеуде көлемінің өсуі үлкен орын алады. Сондықтан да құлынға азықтың жеткіліксіз берілуі, оның биіктігінен гөрі, кеуденің жетілуіне әсер етеді.

Шап. Жылқының ең соңғы бұғана қабырғасынан сербекке дейінгісін шап деп атайды. Оны үлкен және кіші шап деп екіге бөледі. Жылқының көкірек сарайы ұзын болса да, қысқа болса да, белі берік болса да кішкене шап (көлденеңі 10-12 см) бола береді. Оның болуы қажет те. Үлкен шап (көлденеңі 15-16 см) белдің созалаңдығын көрсетеді. Оның болуы әсіресе, салт мінетін аттар үшін - керексіз. Жегіндік жылқыда ұзын шаптың болуы да дұрыс келеді.

Иық. Жылқы иығының негізі жаурын мен тоқпанжілік. Иық биіктігінің өзгешелігі жаурынның ұзын немесе еңкіштігінде. Жауырын - ұзын және қысқа, қисық және тік деп аталады. Салт мінілетін және желгіш аттың жаурыны қиғаштау және ұзын болады. Жаурыны мұндай біткен жылқы аяғын алдына кең құлаштап басады. Сондықтан оның жүрісі өнімді келеді. Жаурыны ұзын және қайғаштау келген жылқы ұшқыр болып келеді. Ауыр жүк тартатын жылқының жауырыны орташа және тіктеу. Жаурыны мұндай жылқы ауыр жүк тартқанда, салмағын қатты тіреп, жерден қосымша күш алады.

Алдыңғы аяқтар. Жылқының алдыңғы аяқтарында - шынтақ буыны, алдыңғы сан, тізе, жіліншік, тұсаулық, бақай, құндыздық және тұяқ.

Алдыңғы сан - алдыңғы аяқтың негізгі сүйегі - кәріжілік пен алдыңғы шынтақтан тұрады. Жылқының алдыңғы тізесі ұзын және оның үстіне мықты бұлшық еттері қаптап тұруы керек. Жылқының алдыңғы аяғының бұлшық еттері нашар жетілген болса, ол оның үлкен кемшілігі болып саналады. Алдыңғы тізе буыны - тарамыс пен өзара жалғасқан кішкене жеті сүйектен құралады. Алдыңғы тізе буынының дұрыс бітпегендері де жиі кездеседі. Соның салдарына жылқы бүкіш тізе немесе маймақ болып-та қалады. Алдына қарай шығыңқы біткен алдыңғы тізе буынын бүкіш тізе дейді. Артына бүгіле біткенін шор тізе деп атайды. Ал алдыңғы тізе буыны шығыңқы бітіп, алдыңғы аяқ дұрыс тұрмайтындай қисық болса оны алшак тізе дейді. Осы кемшіліктердің барлығы жылқының алдыңғы аяғының нашар екендігін көрсетеді. Бұл сияқты кемшіліктердің әсіресе салт мінетін аттарда болуы жарамайды.

Алдыңғы жіліншік. Жіліншікті бұлшық еттері жауып тұрмайды. Жіліншіктің алдыңғы және артқы жағында тек сіңірлері бар. Сүйек арасында сіңір болып кеткен бұлшық еттер тұрады. Жіліншіктің көлеміне қарай, жылқының бүкіл сүйегі мен сіңірінің қаншылық өскелең екендігін білуге болады. Өйткені жылқының дене құрылысын сипаттап жазғанда, жіліншік орамын өлшейді. Жіліншіктің жуан болуы, жылқы сүйегінің жақсы жетілгендігін көрсетеді. Жіліншік сүйегінің көлемі және осыған байланысты жіліншіктің жуандығы жылқы тұқымына байланысты келеді. Ауыр жүк тартатын жылқының жіліншігі жуан, мініс тұқымының жіліншігі жіңішке. Далалық жылқысы мен желгіш тұқымының жіліншіктері орташа.

Алдыңғы бақай. Жіліншікті бақаймен қосып, жалғастырып тұратын тұсаулық сүйек - көлемді және түзу болуы керек. Бақайдың құрылысы дұрыс болса, оның ұшы жіліншікке қарай тура алға шығып тұрады. Бақай сыртқы қарай шығып тұрса алшақ, ал ішке қарай шығып тұрса маймақ дейді. Мұның қайсысы болса да, жылқының аяғының кемшілігін көрсетеді. Бақайдың еңкіштігі қалыпты болуы тиіс. Өйткені, бақайдың еңкіштігі қалыпты болса, бақайдың иілуі де жақсы болады. Еңкіштігі қалыпты келмеген аяқты тік бақай дейді. Тік бақай жер басқанда жұмсақ тимейді, буыны мен сіңіріне зардап келеді, жылқы содан тез ақсайды. Бақай қалыптан тыс еңкіш келсе, оны жұмсақ немесе қайқы бақай деп атайды. Мұндай бақайлы жылқы аяғының қан түскіш, ақсағыш келеді. Бақай ұзын да, қысқа да болуы мүмкін. Бірақ бақайдың орташасы жақсы деп саналады.

Жылқыны сынап қарағанда, аяқтарының тұрысына көңіл бөлу керек. Аяқтары кең, тізе сүйектері тиіспей тұрған жылқы бағалы болып табылады. Және ол жылқы аяқтарының түзулігін білдіреді.

Артқы аяқтар. Артқы аяқтарда - сан, шынтақ буыны, тілсерсек буыны, жіліншік, шідерлік, бақай, құндыздық және тұяқ.

Артқы сан. Санның негізі - бұлшық еттер қаптай тұрған ортан жілік. Сол бұлшық еттің жақсы жетіліп, бұлтиып тұруын келісті деп санайды. Тілерсек - ол шідерлік арқылы санмен жалғасады. Тілерсектің негізі - тоқпан-жілік пен асықжілік. Тілерсекті мықты бұлшық еттер қаптап тұрады. Жылқының ұзын бұлшық етті тілерсегі болуы жақсы деп саналады. Тілерсек буыны - оның құрылысы күрделі. Бұл кішірек алты сүйектен құралады. Осы сүйектер тоқпанжілікпен де, ортанжілікпен де, сол сиқты бірімен бірі де, тарамыспен жалғасып тұрады. Тілерсек буынына үлкен ауырлық түседі. Тілерсек буынында ақауы бар жылқы жұмысқа жарамдылық сапасын төмендетеді, ондай аттар көбінесе бракқа, яғни жарамсыздыққа шығарылады.

Артқы жіліншік - ол жақсы жетілген, сүйек түспеген таза, сіңірлері білеуленіп білініп тұрса ғана жақсы деп саналады. Сіңірдің жанынан сүйек түссе, жұмыс жылқысының сапасына зинды әсерін тигізеді. Жылқы жүргенде, сіңірі зақымданады, одан барып қабынады да ақсайтын болады

Артқы бақай - ол бақайдың алдыңғы аяқтағысына қарағанда, артқы аяқтағысы анағұрлым тайқы (жалпақ) келеді. Алдыңғы аяқ сияқты, артқы да, майысқақ және тікбақай. Алдыңғы аяқ сияқты, артқы аяқтың да, құндыздығы мен бақайында сүйек түсу (сүйек біте қайнап шығу) кездеседі.

Жылқының артқы аяғының түзулігін, оның артынан қарап тексергенде анықтайды. Аяқтарының арасы кең, тілерсек буындары тиіспей тұрғаны жақсы болады. Және ол жылқы аяғының түзулігін білдіреді.

Тұяқ – ол жылқының құрылысы күрделі жерінің бірі. Тұяқ қалыпты болса, жарықшағы және қабықтануы болмай, теп-тегіс болып, жылтырап тұрады. Жарық болса, жылқы тұяғының нашар екендігін көрсетеді. Тұяғы нашар жылқы жиі ақсайды. Сондықтан оларды тағалау керек болады. Жылқыны мұқият күтпегендіктен, тұяғы көбінесе қисық болып бітеді. Жылқы

қолда бағылған уақытта, төсеніш салынбаса, тұяқ жүрекшесі шіри бастайды. Тұяқ жүрекшесінің шіруі, тұяқ өкшесінің қысыңқы болып бітуіне әкеп соғады. Іштен туғанда болатын кемшіліктің бірі - қушық тұяқтылық. Онда тұяқтың алдыңғы жағы тіп-тік болып жерге шаншыла бітеді, онда тұяқтың табаны жалпайып өседі.

Қолаңса (каштаны). Жылқының алдыңғы және артқы аяқтарының ішкі жағында қатты беріш тәрізді сүйел қабаты бар. Бұлар көбінесе терісі қалың, түктері қалың жылқыда жақсы жетіледі. Жылқының артқы аяқтарында, өздерінің туыстастары есек пен зебр сияқты кейде қолаңсасы болмауы мүмкін. Қолаңса формасы мен көлемі жылқының тіршілігі бойы өзгермей бір қалыпты болады. Қазіргі кездесетін жабайы жылқылар мен оның туыстастарында қолаңсасы (каштаны), яғни сүйел қабаттары болмайды.

Түр-түсі мен белгілері

Жылқы түлігі – үй жануарларының ішіндегі ең көріктісі мен келбеттісі және тұрмыс-тіршіліктегі ең пайдалысы. Оның сырт тұлғасының көркемділігі мен келбетін, бітімі мен түр-түсін әйел сымбатына балау қазақ халқының салт-дәстүріне жатады. Демек, жылқының кекілі мен жалқұйрығының бітімін, реңі мен түгінің түрін - жылқы сұлу әйелдің ажары мен келбетіне, сыр-сымбаты мен сипатынан алуға тиіс екен. Сонымен бірге жылқының кейбір түр-түсі оның жасына да байланысты өзгеріп отырады.

Қазақ дәстүрінде жылқының түр-түсін реңдеріне байланысты үш топқа бөліп қарайды, олар – қылаң, баран және ала түстер. Мәселен, қылаңға - ақ, боз, көк, бурыл, теңбіл, құбақан, сары, құла, шабдар, сұр, қызыл; баранға - торы, жирен, қоңыр, күрең; ал алаға - сары ала, торы ала, қара ала және т.с.с. Жылқының түр-түсі мен белгілері оның алғашқы құжатына - шаруашылықта жүргізілетін тұқымдық зауыттық кітапқа және оның асылтұқымдылық куәлігіне де жазылады.

Профессорлар Г.Неума мен А.С.Красниковтың классификациясы яғни жіктеуі бойынша жылқының түр-түстері үш топқа бөлінеді. Бұл классификация жылқылардың түр-түсінің жалпы анықтау белгісін бермегенмен, оны үйреніп жаттығуға және зерделеуге үлкен көмегін көрсетеді.

Жылқының түр-түсінің «Зоотехния» іліміндегі өзіндік қабылданған классификациясы бойынша, олардың түр-түсі өзіндік реңі бойынша үш топқа бөлінеді: олар - негізгі, аралас және құрамалы.


I топ - *негізгі*: реңі бір түсті (ақ немесе боз, сары, жирен, қара); реңі екі түсті (торы, қаракер, күрең, құла, шабдар); аймақтық реңді (жирен шабдар, сұр).

II топ - *аралас*: түктері ақ және түрлі түсті реңді (көк, бурыл).

III топ - *құрамалы*: реңі екі түсті (ала), реңі күрделі түсті (шұбар).


Жылқы түр-түсінің классификациясы

1. Негізгі	Реңі бір түсті	Ақ немесе боз, сары, жирен, кара
	Реңі екі түсті	Құла, қаракер, шабдар, күрең, торы
	Аймақтық (зональдық) реңді	Жирен шабдар, сұр
2. Аралас	Түктері ақ және түрлі-түсті реңді	Көк, бурыл
3. Құрамалы	Реңі екі түсті	Ала
	Реңі күрделі түсті	Шұбар




Ақбоз – құлын алғашқы туылған кезінде қара немесе торы түстес, бірақ түгінің арасында көк реңді қылшық жылтырайды, ал есейе келе жасына байланысты бозарып ағара береді.

Жылқының жасына байланысты - секпіл көк, теңбіл көк, қызыл көк, боз, ақ, ал қартая келе ақбоз реңі сарғыштау аққа ауысады. Құлындардың ешқашан аппақ реңде туылмайды.




Торы - басы мен бүкіл денесінің түктерінің реңі тобылғы түстес ашық немесе қара қоңыр, ал жал-құйрығы мен сирақтары қара.

Басы мен денесінің түгі қызыл-қоңыр болып, бірнешеге құбылады, ал жал-құйрығының қылшықтары тұрақты қара, алдыңғы аяқтарының тізеден төменгі жағы және артқы аяқтарының тілерсектен төменгі жері қара болады.




Жи́рен – бүкіл денесінің түктері (ашық, ашықтау, қаралау) бірыңғай сарғыш-қызғылт, ал жал-құйрығының қылшықтары денесіне қарағанда сәл ақшыл жи́рен. Оларда – ашық жи́рен, қара жи́рен, шабдар жи́рен, қанжи́рен, қаңжи́рен, құла-жи́рен түстер де кездеседі. Ал, құла-жи́рен жылқының түктері күмістей жылтырап және күн сәлесіне шағылыса құлпырып тұрады.




Құла – басы мен бүкіл денесінің түктерінің түсі ашық сары немесе құрым сары түстес реңді, ал басының тұмсық жағы мен жал-құйрығының қылшықтары шымқай қара.

Аяқтары сирақтарынан төменгі жағы қаралау реңді. Кейде жылқы денесінің төменгі қарын жағы қаралау болады, мұндай түсті жылқыны құлакер деп атайды.




Күрең – басы мен бүкіл денесінің түктерінің түсі қою қоңыр жи́реннен талшын түстес реңді, ал басының тұмсық жағы, жал-құйрығының қылшықтары қоңырқайлау қара болып келеді, өйткені оларға қара қылшық араласады.


Аяқтарының сирақтарынан төменгі жағы қаралау реңді.




Қаракер - басы, бүкіл денесі, жалқұйрығының қылшықтары мен аяқтарының түктері шымқай қара түсті. Басының тұмсық жағы, көздерінің маңы, шабы мен төменгі қарын жағының бауыры күнгірт тартқан қоңырқай реңдегі қара. Қаракердің қара түсті жылқыдан айырмашылығы, мұндай жылқының тұмсығы мен шабының түгінің реңі қызыңқоңыр болады (мұны «дақ» деп айтады).




Сары - басы, бүкіл денесі, жалқұйрығының қылшықтары мен аяқтарының түктері бірыңғай сары, сарғыш құм түстес реңді болып келеді. Сары жылқының түсін түгінің реңдеріне қарай үшке бөледі; олар: жирен сары, торы сары және құла сары деп аталады.



Бурыл - бүкіл денесінің негізгі түсі торы, қара, қоңыр және жирен болып, түгіне біркелкі ақ қылшықтар араласып, ал басы (құлақ түбі, тұмсығы) мен сирақтарында аздау кездеседі. Ал түгінің көпшілігі қара немесе жирен келеді, бұл жылқының негізгі түсіне (қара, торы, жирен) байланысты болады.



Шабдар – басы, бүкіл денесі мен аяқтарының түктерінің түсі ашық немесе қызыл жирен, ашық қоңыр, күңгірт сарғыш қоңырдан шоколад реңді, ал жал-құйрығының қылшықтары аппақ немесе түтін түстес бозғылт реңді болып келеді



Ала - бүкіл денесінің негізгі түсінің реңіне (торы, жирен, қара, құла, күрең және т.б.) қосымша ретсіз немесе үлкенді-кішілі ақ дақтар шашыла орналасқан, аяқтары мен тұяқтары жартылай немесе түгелдей ақшылдау болады.


Ала жылқының денесінде ақ шыққан үлкен ойдым-ойдым жерлері болады. Сол ақ түк шыққан жерлер жал мен құйрықтың бірсыпары жерлерін де басады.



Шұбар - бүкіл денесінің негізгі түстерінің реңі (торы, жирен, қара, құла, күрең және т.б.) ара-арасына кішілі немесе үлкенді әр түрлі формадағы ретсіз орналасқан ұсақ ақ дақтар шашылған.


Шұбар жылқы өте сирек кездеседі. Шұбар жылқының қара немесе жирен теңбілдері бүкіл денесіне бітеді. Қара түк шыққан денесіне дөңгеленіп ақ түк шыққан шұбар жылқылар да кездеседі.

Жылқының негізгі түр-түстері



Жылқы басында кездесетін белгілері.

а-төбел; б-үлкен жұлдыз; в-қасқа; г-ақ қасқа; д-қара қасқа; е-ақ танау.



Жылқы аяқтарында кездесетін белгілері.

а-алдыңғы сол аяғының арты ақ; б- алдыңғы сол аяғының құндыздығы ақ; в- алдыңғы сол аяғының бақайы жартылай ақ; г-алдыңғы сол аяғы бақайына дейін ақ; д-артқы сол аяғы бақайынан жоғары ақ; е- алдыңғы сол аяғының бақайы жартылай ақ; ж-артқы сол аяғының жіліниігі жартылай ақ; з-артқы сол аяғы тірсегіне дейін ақ; и-артқы сол аяғының сирағы жартылай ақ; к-артқы сол аяғы жамбасына дейін ақ.

Жылқының түр-түсімен қатар оның кездесетін белгілері (егер болса ғана) де тіркеледі. Мандайында әр түрлі формадағы төбелі (ақ түк шыққан жері) мен жұлдызы бар жылқылар да кездеседі. Қасқа және ақбас жылқылар


да аз болмайды. Кейде жылқының ерніне және танауына ақ түктер шығады. Сондықтан осындай болатын белгілері де қосымша жазылады.

Жылқы алаяқ болса, ол ағының қайсы аяғының қай жеріне дейін екені анық көрсетіледі. Мысалы, құндыздығынан шашасына дейін немесе шашадан жоғары, тізеге жақын, тізе немесе тілерсек буынына дейін деп жазылады.

Жасын анықтау

Ересек айғырда 40 тіс, ал биеде 36 тіс болады (онда сойдақ тістері болмайды). Жылқы жасын - оның құжатында және зауыттық кітапта жазылған мәліметтер бойынша айырады. Ал тіс құрылысы арқылы оның жасын айыру үшін үстіңгі және астыңғы иектегі алдыңғы күрек тістерінің құрылысына қарайды.

Оның иегінің үстіңгі және астыңғы жағында алтыдан күрек тісі болады. Алдыңғы жұп күрек тістердің өз аты бар. Ортада тұрған сол жұп күрек тісті – қасқа (жұлқар тіс), екі жағындағы шеткі күрек тістерді - езу немесе шеткі күрек тіс дейді. Қасқа және езу күрек тістің арасында орта күрек тістері тұрады.



Жылқының тіс құрылысы.

1-күрек тістің тіл жақтауы; 2-күрек тістің жұлдызшасы; 3-күрек тістің беткі бедерінің мөрі; 4-қасқа немесе жұлқар күрек тістері; 5-ортаңғы күрек тістері; 6- езу немесе шеткі күрек тістері; а-1 жас; б-5 жас; в-10-жас; г-14 жас; д-18-жас; е-25 жас.

Сегіз айға дейінгі құлынды - сүт күрек тісінің ойығына қарап білсе, сегіз айдан екі жарым жасқа дейінгісі сол ойығының қажалуына қарай ажыратады. Екі жарым жастан бес жасқа дейінгіні - сүт күрек тістерінің орнына, түкпілікті тіс шыққанына қарай біледі. Бес жастан бастап түкпілікті

күрек тістерінің мүжылғанына және бедерінің түр өзгергеніне қарай ажыратуға болады.

Құлынның туғанына бір ай болғанда сүт қасқа күрек тісі, екінші айда - орта күрек тісі, ал бес-алты айға толғанда шеткі күрек тістері шығады. Сегіз айға толғанда - езу күрек тістері басқа тістерімен теңеседі. Жасқа толған тайда сүт қасқа күрек тістің ойық бедері мүжіледі. Екі жасқа келген құнанның - шеткі күрек тістерінің бедері қажалады. Екі жарым жасқа келген дөнен шығардың сүт қасқа күрек тістері түседі. Ал олардың орнына түкпілікті күрек тістер шығады. Сол түкпілікті тістер үш жасқа келген дөненде, қалған сүт күрек тістермен теңеледі. Үш жарым жасынан төрт жасқа келгеніне дейін орта күрек, ал төрт жарым жасынан бес жасқа толғанында езу күрек тістері ауысады.

Бес жасқа келген бестінің барлық күрек тістерінің бедері, яғни ойығы жақсы көрініп тұрады. Төменгі иегіндегі күрек тістердің ойықтары үстіңгі күрек тістердің ойығындай терең болмайды, сондықтан олар ерте мүжіледі.

Жылқы алты жасқа келгенде, төменгі орта күрек тістердің, сегіз жасқа келгенде төменгі езу күрек тістердің бедері кетеді. Он жасқа келгенде үстіңгі қасқа күрек тістердің бедері кетіп болады. Ал үстіңгі орта күрек тістің бедері – он бір жаста, үстіңгі езу күрек тістің бедері - он екі жаста кетеді. Жылқының он екіден кейінгі жасы, оның үстіңгі күрек тістеріндегі бет жағындағы ойық бедерінің мүжілу түріне қарай ажыратылады.

Жылқы он екі - он бес жасқа келгенде, үстіңгі күрек тістерінің бедерінің ойығы ақырындап дөңгелене бастайды. Ал жылқының он сегіз жасында үстіңгі күрек тістерінің бедерінің ойығы үшбұрыштанады. Жылқы жиырма жасқа келген және одан да асқан жағдайда, оның күрек тістерінің сыртқы түрі жіңішкереді және жыл өткен сайын ұзарып бір-бірімен түйісе береді.

Дене өлшемдері

Жылқы экстерьерінің мәліметтерін толық жинап алу үшін, оның дене бітімінің өлшемдері өлшенеді. Сымбатының жеке мүшелерін өлшеудің мәліметтері жылқының қай тұқымға жататындығы туралы құжатына және зауыттық кітапқа жазылады. Жылқы сымбатының жеке дене мүшелерін өлшеу үшін, оны теп-тегіс жерге тұрғызады. Одан соң жылқының төрт аяғын тең басып тұруын қадағалайды.

Жылқы шаруашылығында негізгі төрт дене өлшемі алынады. Және бұл өлшемдердің маңызы аса зор, олар: шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы және жіліншік орамы. Шоқтығының биіктігі мен тұлғасының қиғаш ұзындығы арнайы өлшегіш таяқпен өлшенеді. Ал кеуде орамы мен жіліншік орамы өлшегіш лента арқылы алынады.


Жылқының биіктік өлшемін алған кезде өлшегіш таяқтың ұшын шоқтықтың ең биік жеріне келтіріп ұстайды.

Жылқы тұлғасының қиғаш ұзындығын өлшегенде таяқтың бір ұшын тоқпанжілік пен иықтың түйіскен жеріне, екінші ұшын шонданай төмпешігіне келтіреді. Лентамен шоқтығы арқылы кеудесінің алдыңғы жағының орамы алынады. Алдыңғы аяғының жіліншік орамы ең жіңішке жерінен яғни тұсаулығы арқылы өлшейді.

Аллүрі (жүрісі)

Allure – француз сөзінен шыққан, яғни «жүріс» деген ұғымды білдіретін термин. Аллүр жылқы түлігінің жүрісіне ғана қолданылатын термин сөзі. Жылқы аяқтарының көмегімен жерге сүйену, одан тебілу және тіреусіз фазадағы аяқтың иілуі мен жазылу кезеңінің алмасу қимылының ілгерілеме және басқа да қозғалуының тәсілін «аллүр» деп атайды.


Аяң – ол жылқы жүрісінің ең баяу қозғалысы. Бұл жүріс қозғалысы жылқының артқы аяғының алға қарай атталуынан басталады. Жылқының аяң жүрісі оның артқы оң аяғының атталуынан басталса, онымен қатар алдыңғы сол аяғының тұяғы да бірге көтеріледі. Ал содан кейін артқы сол аяғы көтеріліп оның алдыңғы оң аяғының қозғалысымен бітеді.



Жылқы жүрісінің «аяң» аллүрінің схемасы.

Шабыс – бұл жылқы аллүрінің ең жылдам жүрісінің күрделі түрі. Жылқы орта есеппен сағатына 25,0-30,0 км жерді шауып өтеді. Шабыс кезінде жылқы аяқтарының тұяғының жерге тию мезгілінің үш кезеңі бар. Олар - бір-екі, үш-бір болып үш екпінді қозғалыстан бір тірексіз фазада кезекпен кезек өтеді. Шабыс кезінде жылқы алдымен артқы аяғының біреуінің тұяғымен тірейді, содан оның екінші аяғы бұған келіп қосылады. Соңында қозғалысты бастаған жылқының артқы аяғының біреуінің тұяғы


босаған кезде оған диагональды болып оның алдыңғы аяқтарының тұяғы жерге тіреледі. Осыдан кейін жылқы жүрісінің тірексіз кезеңінің аллюрі басталады.



Жылқы жүрісінің «шабыс» аллюрінің схемасы.

Желіс – бұл жылқының алдыңғы оң аяғы мен артқы сол аяғының екі тұяғымен диагональды екі бағытта жерге тіреп қозғалғандағы аяқтарының тұяғының жерге тимеген кезеңі. Желіс кезінде жылқының артқы сол аяғы көтеріле қозғалып барып алдыңғы оң аяғының тұяқтарымен бірге жерді басады. Ал жылқының артқы оң аяғы оның алдыңғы сол аяғына бұған керісінше келіп түседі. Жылқы аллюрінің жәй желісі оның аяқ жүрісінен екі есе жылдам.

Жорға – бұл жылқының екі шеткі оң және сол аяқтарының тұяғымен жерге тіреп шапшаң екпінінен туатын қозғалысы. Жорғада жылқының бір жағының, яғни не оң немесе сол қапталындағы екі аяғы бірден жерден көтеріледі. Содан оның сол аяқтары кезектесіп барып жерге тіреледі. Жорға аттары сағатына - 10,0 км қашықтықты алады. Ал жылқы жорға жүріспен тәулігіне - 120,0 км жер жүреді. Жылқы жорғалағанда адымы желістен қысқа, бірақ-та шапшаңдығы одан жоғары. Жорға - адамға өте қолайлы әрі жайлы.



Жылқы жүрісінің «желіс» және «жорға» аллюрінің схемасы.

Қарғу - бұл жылқының аяқтарын тіреп жерден жоғары итеріле көтеріліп, ауада қалықтауы мен ұшуы және оның қайтадан жерге түсу кезеңінде болатын қозғалысы. Жылқы өзінің жүрісін аласа кедергіден қарғуда жай шабыспен, ал ұзындыққа секіру немесе қарғу кезінде жылдам шабыспен бастайды. Жылқының биіктікке секіру немесе қарғу қабілеттілігі - 2,0 метрге, ал ұзындыққа секіруге немесе қарғуға қабілеттілігі - 7,0-8,0 метрге дейін барады.

Бақылау сұрақтары: Иппология дегеніміз не. Иппология ілімінің негізгі мақсаты. Жылқы туралы алдымен нені білу қажет. Анатомия мен физиология нені үйретеді. Жылқының қаңқа сүйектерін атаңдар. Фация дегеніміз не. Организмнің атқаратын қызметі. Мүшелердің қалыптасуына қандай ұлпалар қатнасады. Ұлпаның қандай түрлері болады. Физиологиялық жүйесі мен мүшелерін атаңдар. Зат алмасуы және температурасы. Функциональдық күйі мен жұмыс қабілетінің көрсеткіштері. Жылқының нерв жүйесі қандай типтерге бөлінеді. Жылқы конституциясының маңызы неде. Жылқы экстерьері дегеніміз не. Жылқының түр-түсінің классификациясын атаңдар. Жылқы жасын қандай тіс құрылысы арқылы қалай анықтайды. Жылқының негізгі төрт дене өлшемдері. Аллюр - дегеніміз не. Жылқыда қандай аллюр болады.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді иппология ілімінің негізгі мақсатымен, жылқы түлігі туралы алдымен нені білу қажет, жылқы анатомиясы мен физиологиясы нені үйретеді, жылқы организмді және оның мүшелерінің алыптасуы мен атқаратын қызметтерінің маңызымен таныстыру.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін жылқы зауыты мен шаруашылықтарға, ипподром мен ат спорты мектебіне қосымша экскурсия ұйымдастыру қажет.

Оқу барысында студенттер жылқының анатомиялық құрылысы және физиологиялық жүйесі мен мүшелерін, зат алмасуы және температурасын, функциональдық күйі мен жұмыс қабілетінің көрсеткіштерін, нерв жүйесінің типтерімен, конституциясы мен экстерьерін, түр-түсін, оның жасын қандай тіс құрылысы арқылы анықтау тәсілімен, одан алынатын негізгі төрт дене өлшемдерімен және аллюр түрлерімен танысып-үйренеді.

1. Иппология ілімі, анатомиясы мен физиологиясы, организмі және оның мүшелерінің қалыптасуы мен атқаратын қызметтеріне талдау жасау.

2. Студенттер арасында «...жылқы түлігі туралы алдымен нені білу қажет» деген сұрақты талқыға салу.

3. Жылқы түлігі туралы негізгі мәліметтерді оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазып алу.

Тест сұрақтары

\$\$ 48. Иппология дегеніміз не.

- A) жылқы түлігі туралы танып білуге бағытталған ілім
- B) жылқы организмі мен құрылысының формасы
- C) организмде болатын тіршілік процесінің ағымды жүйесінің барлық жиынтығы.
- D) жылқы түлігі туралы толық мағлұмат береді
- E) жылқы түлігін танып білу мен түсінудің алғашқы фундаментінің негізі

\$\$ 49. Анатомия дегеніміз не.

- A) жылқы түлігі туралы танып білуге бағытталған ілім
- B) жылқы организмі мен құрылысының формасы
- C) организмде болатын тіршілік процесінің ағымды жүйесінің барлық жиынтығы.
- D) жылқы түлігі туралы толық мағлұмат береді
- E) жылқы түлігін танып білу мен түсінудің алғашқы фундаментінің негізі

\$\$ 50. Физиология дегеніміз не.

- A) жылқы түлігі туралы танып білуге бағытталған ілім
- B) жылқы организмі мен құрылысының формасы
- C) организмде болатын тіршілік процесінің ағымды жүйесінің барлық жиынтығы.
- D) жылқы түлігі туралы толық мағлұмат береді
- E) жылқы түлігін танып білу мен түсінудің алғашқы фундаментінің негізі

§§ 51. Иппология ілімінің негізгі мақсаты.

- A) жылқы түлігі туралы танып білуге бағытталған ілім
- B) жылқы организмі мен құрылысының формасы
- C) организмде болатын тіршілік процесінің ағымды жүйесінің барлық жиынтығы.
- D) жылқы түлігі туралы толық мағлұмат береді
- E) жылқы түлігін танып білу мен түсінудің алғашқы фундаментінің негізі

§§ 52. Анатомия мен физиология нені үйретеді.

- A) жылқы түлігі туралы танып білуге бағытталған ілім
- B) жылқы организмі мен құрылысының формасы
- C) организмде болатын тіршілік процесінің ағымды жүйесінің барлық жиынтығы.
- D) жылқы түлігі туралы толық мағлұмат береді
- E) жылқы түлігін танып білу мен түсінудің алғашқы фундаментінің негізі

§§ 53. Жылқы түлігінің жалпы қозғалыс мүшелері (органдары) қалай бөлінеді.

- A) енжар және белсенді
- B) ол қаңқа сүйектері
- C) бұлшық еттері мен тағы да басқа оның қосымша бөліктері
- D) тіреуіштік қызметін атқарады
- E) қаңқа сүйегінің сыртын қаптап тұрады

§§ 54. Енжар органдары дегеніміз не.

- A) енжар және белсенді
- B) ол қаңқа сүйектері
- C) бұлшық еттері мен тағы да басқа оның қосымша бөліктері
- D) тіреуіштік қызметін атқарады
- E) қаңқа сүйегінің сыртын қаптап тұрады

§§ 55. Белсенді органдары дегеніміз не.

- A) енжар және белсенді
- B) ол қаңқа сүйектері
- C) бұлшық еттері мен тағы да басқа оның қосымша бөліктері
- D) тіреуіштік қызметін атқарады
- E) қаңқа сүйегінің сыртын қаптап тұрады

§§ 56. Қаңқа сүйектерінің атқаратын қызметі.

- A) енжар және белсенді
- B) ол қаңқа сүйектері

- C) бұлшық еттері мен тағы да басқа оның қосымша бөліктері
- D) тіреуіштік қызметін атқарады**
- E) қаңқа сүйегінің сыртын қаптап тұрады

\$\$ 57. Бұлшық еттердің атқаратын қызметі.

- A) енжар және белсенді
- B) ол қаңқа сүйектері
- C) бұлшық еттері мен тағы да басқа оның қосымша бөліктері
- D) тіреуіштік қызметін атқарады**
- E) қаңқа сүйегінің сыртын қаптап тұрады

\$\$ 58. Фация дегеніміз не.

- A) шандыр қабығы
- B) мүшелерден (органдар)
- C) ұлпалардан (ткань)
- D) жасушалардан (клетка)
- E) нерв, бұлшық ет, дәнекер, эпителий, қан және сөл

\$\$ 59. Жылқы организмі неден құрылады.

- A) шандыр қабығы
- B) мүшелерден (органдар)**
- C) ұлпалардан (ткань)
- D) жасушалардан (клетка)
- E) нерв, бұлшық ет, дәнекер, эпителий, қан және сөл

\$\$ 60. Мүшелер неден қалыптасады.

- A) шандыр қабығы
- B) мүшелерден (органдар)
- C) ұлпалардан (ткань)
- D) жасушалардан (клетка)
- E) нерв, бұлшық ет, дәнекер, эпителий, қан және сөл

\$\$ 61. Ұлпалар неден құралады.

- A) шандыр қабығы
- B) мүшелерден (органдар)
- C) ұлпалардан (ткань)
- D) жасушалардан (клетка)**
- E) нерв, бұлшық ет, дәнекер, эпителий, қан және сөл

\$\$ 62. Ұлпаның қанша түрі болады.

- A) шандыр қабығы
- B) мүшелерден (органдар)
- C) ұлпалардан (ткань)

- D) жасушалардан (клетка)
- E) нерв, бұлшық ет, дәнекер, эпителий, қан және сөл

§§ 63. Жылқының асқорыту мүшелері.

- A) ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, қарын, ащы және тоқ ішектер, сілекей безі, бауыр, ұйқы безі
- B) жүрек пен қан тамырлары
- C) кеңсірік, жұтқыншық, көмекей, кеңірдек және өкпе
- D) бүйрек, несеп жолы, қуық және үріп каналы
- E) көру, есту, сезу, дәм және иіс

§§ 64. Жылқының қанайналу мүшелері.

- A) ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, қарын, ащы және тоқ ішектер, сілекей безі, бауыр, ұйқы безі
- B) жүрек пен қан тамырлары
- C) кеңсірік, жұтқыншық, көмекей, кеңірдек және өкпе
- D) бүйрек, несеп жолы, қуық және үріп каналы
- E) көру, есту, сезу, дәм және иіс

§§ 65. Жылқының тыныс алу мүшелері.

- A) ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, қарын, ащы және тоқ ішек, сілекей безі, бауыр, ұйқы безі
- B) жүрек пен қан тамырлары
- C) кеңсірік, жұтқыншық, көмекей, кеңірдек және өкпе
- D) бүйрек, несеп жолы, қуық және үріп каналы
- E) көру, есту, сезу, дәм және иіс

§§ 66. Жылқының несеп бөлу мүшелері.

- A) ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, қарын, ащы және тоқ ішек, сілекей безі, бауыр, ұйқы безі
- B) жүрек пен қан тамырлары
- C) кеңсірік, жұтқыншық, көмекей, кеңірдек және өкпе
- D) бүйрек, несеп жолы, қуық және үріп каналы
- E) көру, есту, сезу, дәм және иіс

§§ 67. Жылқының сезім мүшелері.

- A) ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, қарын, ащы және тоқ ішек, сілекей безі, бауыр, ұйқы безі
- B) жүрек пен қан тамырлары
- C) кеңсірік, жұтқыншық, көмекей, кеңірдек және өкпе
- D) бүйрек, несеп жолы, қуық және үріп каналы
- E) көру, есту, сезу, дәм және иіс

\$\$ 68. Жылқының өсіп-өну және көбею мүшелері.

- A) айғыр мен биенің жыныс мүшелері
- B) сағақты ен, шәует жолы, несебі бар еркектік жыныс мүшесі, жыныс безі және үрпек мүшесі
- C) аналық без, тұқым жолы, жатыр және қынап
- D) сыртқы құлақ, ортаңғы құлақ және ішкі құлақ
- E) көз алмасы, қарашық, қабақ, көз сүйері, кірпік

\$\$ 69. Айғырдың жыныс мүшелері.

- A) айғыр мен биенің жыныс мүшелері
- B) сағақты ен, шәует жолы, жыныс мүшесі, жыныс безі және үрпек мүшесі
- C) аналық без, тұқым жолы, жатыр және қынап
- D) сыртқы құлақ, ортаңғы құлақ және ішкі құлақ
- E) көз алмасы, қарашық, қабақ, көз сүйері, кірпік

\$\$ 70. Биелердің жыныс мүшелері.

- A) айғыр мен биенің жыныс мүшелері
- B) сағақты ен, шәует жолы, жыныс мүшесі, жыныс безі және үрпек мүшесі
- C) аналық без, тұқым жолы, жатыр және қынап
- D) сыртқы құлақ, ортаңғы құлақ және ішкі құлақ
- E) көз алмасы, қарашық, қабақ, көз сүйері, кірпік

\$\$ 71. Жылқының есту мүшелері.

- A) айғыр мен биенің жыныс мүшелері
- B) сағақты ен, шәует жолы, несебі бар еркектік жыныс мүшесі, жыныс безі және үрпек мүшесі
- C) аналық без, тұқым жолы, жатыр және қынап
- D) сыртқы құлақ, ортаңғы құлақ және ішкі құлақ
- E) көз алмасы, қарашық, қабақ, көз сүйері, кірпік

\$\$ 72. Жылқының көру мүшелері.

- A) айғыр мен биенің жыныс мүшелері
- B) сағақты ен, шәует жолы, еркектік жыныс мүшесі, жыныс безі және үрпек мүшесі
- C) аналық без, тұқым жолы, жатыр және қынап
- D) сыртқы құлақ, ортаңғы құлақ және ішкі құлақ
- E) көз алмасы, қарашық, қабақ, көз сүйері, кірпік

\$\$ 73. Жылқының тері (сыртқы қабаты) мүшелері.

- A) айғыр мен биенің жыныс мүшелері
- B) сағақты ен, шәует жолы, еркектік жыныс мүшесі, жыныс безі және үрпек мүшесі

- C) аналық без, тұқым жолы, жатыр және қынап
- D) сыртқы құлақ, ортаңғы құлақ және ішкі құлақ
- E) терісі, тұяқ, май табан, түк, сүт, терлеу және май бездері

\$\$ 74. Жылқының зат алмасу процесі дегеніміз не.

- A) бұл тіршіліктің негізгі белгісі
- B) ассимиляция процесі (ұқсау)
- C) диссимиляция процесі
- D) температурасы, пульсінің соғуы мен демалысының жиілігі
- E) ұстамсыз, ширақ, селқос, әлсіз

\$\$ 75. Организмге келіп түскен заттардың сіңіру процесі қалай аталады.

- A) бұл тіршіліктің негізгі белгісі
- B) ассимиляция процесі (ұқсау)
- C) диссимиляция процесі
- D) температурасы, пульсінің соғуы мен демалысының жиілігі
- E) ұстамсыз, ширақ, селқос, әлсіз

\$\$ 76. Организмге келіп түскен заттардың бұзылу процесі қалай аталады.

- A) бұл тіршіліктің негізгі белгісі
- B) ассимиляция процесі (ұқсау)
- C) диссимиляция процесі
- D) температурасы, пульсінің соғуы мен демалысының жиілігі
- E) ұстамсыз, ширақ, селқос, әлсіз

\$\$ 77. Жылқының физиологиялық-клиникалық көрсеткіші.

- A) бұл тіршіліктің негізгі белгісі
- B) ассимиляция процесі (ұқсау)
- C) диссимиляция процесі
- D) температурасы, пульсінің соғуы мен демалысының жиілігі
- E) ұстамсыз, ширақ, селқос, әлсіз

\$\$ 78. Жылқы конституциясы дегеніміз не.

- A) малдың сыртқы тұлғасының кейпі (типі)
- B) сөлекет, нәзік, қағілез, болбыр, ашаң
- C) малдың сыртқы пішіні
- D) тұқымдылығы мен бағалылығын
- E) жылқы аяқтарының ішкі жағындағы қатты беріш тәрізді сүйел

\$\$ 79. Жылқы конституциясының типтері.

- A) малдың сыртқы тұлғасының кейпі (типі)
- B) сөлекет, нәзік, қағілез, болбыр, ашаң

- C) малдың сыртқы пішіні
- D) тұқымдылығы мен бағалылығын
- E) жылқы аяқтарының ішкі жағындағы қатты беріш тәрізді сүйел

\$\$ 80. Жылқы экстерьері дегеніміз не.

- A) малдың сыртқы тұлғасының кейпі (типі)
- B) сөлекет, нәзік, қағілез, болбыр, ашаң
- C) малдың сыртқы пішіні
- D) тұқымдылығы мен бағалылығын
- E) жылқы аяқтарының ішкі жағындағы қатты беріш тәрізді сүйел

\$\$ 81. Жылқы экстерьері нені айқындайды

- A) малдың сыртқы тұлғасының кейпі (типі)
- B) сөлекет, нәзік, қағілез, болбыр, ашаң
- C) малдың сыртқы пішіні
- D) тұқымдылығы мен бағалылығын
- E) жылқы аяқтарының ішкі жағындағы қатты беріш тәрізді сүйел

\$\$ 82. Қолаңса (каштаны) дегеніміз не

- A) малдың сыртқы тұлғасының кейпі (типі)
- B) сөлекет, нәзік, қағілез, болбыр, ашаң
- C) малдың сыртқы пішіні
- D) тұқымдылығы мен бағалылығын
- E) жылқы аяқтарының ішкі жағындағы қатты беріш тәрізді сүйел

\$\$ 83. Жылқының түр-түсінің классификациясы.

- A) негізгі, аралас, құрамалы
- B) бір түсті, екі түсті және аймақтық
- C) ақ, қара, сары, жирен
- D) торы, қаракер, құла, күрең
- E) шабдар, сұр

\$\$ 84. Жылқының негізгі түр-түсі қалай бөлінеді.

- A) негізгі, аралас, құрамалы
- B) бір түсті, екі түсті және аймақтық
- C) ақ, қара, сары, жирен
- D) торы, қаракер, құла, күрең
- E) шабдар, сұр

\$\$ 85. Реңі бір түсті жылқылар

- A) негізгі, аралас, құрамалы
- B) бір түсті, екі түсті және аймақтық
- C) ақ, қара, сары, жирен

- D) торы, қаракер, құла, күрең
- E) шабдар, сұр

\$\$ 86. Реңі екі түсті жылқылар.

- A) негізгі, аралас, қрамалы
- B) бір түсті, екі түсті және аймақтық
- C) ақ, қара, сары, жирен
- D) торы, қаракер, құла, күрең**
- E) шабдар, сұр

\$\$ 87. Аймақтық түсті жылқылар

- A) негізгі, аралас, қрамалы
- B) бір түсті, екі түсті және аймақтық
- C) ақ, қара, сары, жирен
- D) торы, қаракер, құла, күрең
- E) шабдар, сұр**

\$\$ 88 Жылқының аралас түр-түсі дегеніміз не.

- A) түктері ақ және түрлі түсті реңді**
- B) көк, бурыл
- C) реңі екі түсті және күрделі түсті
- D) ала
- E) шұбар

\$\$ 89. Түктері ақ және түрлі реңді түр-түсті атаңдар.

- A) түктері ақ және түрлі түсті реңді
- B) көк, бурыл**
- C) реңі екі түсті және күрделі түсті
- D) ала
- E) шұбар

\$\$ 90. Жылқының құрамалы түр-түсі қалай бөлінеді.

- A) түктері ақ және түрлі түсті реңді
- B) көк, бурыл
- C) реңі екі түсті және күрделі түсті**
- D) ала
- E) шұбар

\$\$ 91. Реңді екі түсті жылқыларды атаңдар.

- A) түктері ақ және түрлі түсті реңді
- B) көк, бурыл
- C) реңі екі түсті және күрделі түсті
- D) ала**
- E) шұбар

\$\$ 92. Реңді күрделі түсті жылқыларды атаңдар.

- A) түктері ақ және түрлі түсті реңді
- B) көк, бурыл
- C) реңі екі түсті және күрделі түсті
- D) ала
- E) шұбар

\$\$ 93. Жылқының басында кездесетін белгілер.

- A) төбел, жұлдыз, жұлдызша. қасқа, ақ танау
- B) ала, ақ бақай, ақ байпақ
- C) жүрісі
- D) аяң, шабыс, желіс, жорға
- E) пируэт, пассаж, пиаффе, курбет

\$\$ 94. Жылқының аяғында кездесетін белгілер.

- A) төбел, жұлдыз, жұлдызша. қасқа, ақ танау
- B) ала, ақ бақай, ақ байпақ
- C) жүрісі
- D) аяң, шабыс, желіс, жорға
- E) пируэт, пассаж, пиаффе, курбет

\$\$ 95. Аллюр дегеніміз не.

- A) төбел, жұлдыз, жұлдызша. қасқа, ақ танау
- B) ала, ақ бақай, ақ байпақ
- C) жүрісі
- D) аяң, шабыс, желіс, жорға
- E) пируэт, пассаж, пиаффе, курбет

\$\$ 96. Табиғи аллюрды атаңдар.

- A) төбел, жұлдыз, жұлдызша. қасқа, ақ танау
- B) ала, ақ бақай, ақ байпақ
- C) жүрісі
- D) аяң, шабыс, желіс, жорға
- E) пируэт, пассаж, пиаффе, курбет

\$\$ 97. Жасанды аллюрды атаңдар

- A) төбел, жұлдыз, жұлдызша. қасқа, ақ танау
- B) ала, ақ бақай, ақ байпақ
- C) жүрісі
- D) аяң, шабыс, желіс, жорға
- E) пируэт, пассаж, пиаффе, курбет

\$\$ 98. Жылқы жасын қай тістеріне қарап анықтайды

- A) күрек тістеріне

- B) қасқа тіс, орта және шеткі
- C) қырық
- D) отыз алты
- E) бес жасында

\$\$ 99. Жылқының күрек тістері қалай аталады.

- A) күрек тістеріне
- B) қасқа тіс, орта және шеткі**
- C) қырық
- D) отыз алты
- E) бес жасында

\$\$ 100. Айғырда неше тіс бар.

- A) күрек тістеріне
- B) қасқа тіс, орта және шеткі
- C) қырық
- D) отыз алты
- E) бес жасында

\$\$ 101. Биеде неше тіс бар.

- A) күрек тістеріне
- B) қасқа тіс, орта және шеткі
- C) қырық
- D) отыз алты**
- E) бес жасында

\$\$ 102. Жылқының сүт тістері тұрақты тіске қанша жасында ауысады.

- A) күрек тістеріне
- B) қасқа тіс, орта және шеткі
- C) қырық
- D) отыз алты
- E) бес жасында**

\$\$ 103. Тіс құрылысының қалыптасуы қанша кезеңге бөлінеді.

- A) бір
- B) екі
- C) үш
- D) төрт
- E) бес**

\$\$ 104. Тіс жүйесінің I-ші қалыптасу кезеңі.

- A) сүт күрек тістердің шығуы**
- B) сүт күрек тістердің бедерінің жойылуы

- C) сүт тістердің түпкілікті тістерге ауысуы
- D) түпкілікті тістердің бедерінің жойылуы
- E) түпкілікті күрек тістердің түр өзгеруі

\$\$ 105. Тіс жүйесінің II-ші қалыптасу кезеңі.

- A) сүт күрек тістердің шығуы
- B) сүт күрек тісінің бедерінің жойылуы**
- C) сүт тістердің түпкілікті тістерге ауысуы
- D) күрек тістердің бедерінің жойылуы
- E) түпкілікті күрек тістердің түр өзгеруі

\$\$ 106. Тіс жүйесінің III-ші қалыптасу кезеңі.

- A) сүт күрек тістердің шығуы
- B) сүт күрек тістердің бедерінің жойылуы
- C) сүт күрек тістердің түпкіліктіге ауысуы**
- D) күрек тістердің бедерінің жойылуы
- E) түпкілікті тістердің мөрінің түр өзгеруі

\$\$ 107. Тіс жүйесінің IV-ші қалыптасу кезеңі.

- A) сүт күрек тістердің шығуы
- B) сүт күрек тістердің бедерінің жойылуы
- C) сүт тістердің түпкілікті тістерге ауысуы
- D) түпкілікті тістердің бедерінің жойылуы**
- E) түпкілікті тістердің мөрінің түр өзгеруі

\$\$ 108. Тіс жүйесінің V-ші қалыптасу кезеңі.

- A) сүт күрек тістердің шығуы
- B) сүт тістердің ойық бедерінің жойылуы
- C) сүт тістердің түпкілікті тістерге ауысуы
- D) түпкілікті тістердің бедерінің жойылуы
- E) түпкілікті тістердің мөрінің түр өзгеруі**

\$\$ 109. Негізгі дене өлшемдері.

- A) шоқтық биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, жіліншік орамы**
- B) шоқтық биіктігі, кеуде кеңдігі
- C) шоқтық биіктігі, тұлғасының ұзындығы
- D) кеуде орамы, жіліншік орамы
- E) кеуде кеңдігі, басының кеңдігі

\$\$ 110. Өлшегіш таяқ құралымен алынатын дене өлшемдері.

- A) шоқтық биіктігі, жіліншік орамы
- B) шоқтық биіктігі, кеуде кеңдігі**

- С) шоқтық биіктігі, тұлғасының ұзындығы
- Д) кеуде орамы, жіліншік орамы
- Е) кеуде кеңдігі, басының кеңдігі

§§ 111. Өлшегіш лентамен алынатын дене өлшемдері.

- А) шоқтық биіктігі, кеуде орамы
- В) шоқтық биіктігі, кеуде кеңдігі
- С) кеуде орамы, жіліншік орамы
- Д) шоқтық биіктігі, тұлғасының ұзындығы
- Е) кеуде кеңдігі, басының кеңдігі

§§ 112. Өлшегіш циркульмен алынатын дене өлшемдері.

- А) тұлғасының ұзындығы, кеуде орамы
- В) шоқтық биіктігі, кеуде кеңдігі
- С) шоқтық биіктігі, тұлғасының ұзындығы
- Д) кеуде орамы, жіліншік орамы
- Е) кеуде кеңдігі, басының кеңдігі

§§ 113. Негізгі индекстері.

- А) жұмыс қабілеттілігі
- В) салмақтылық, орамдылық, сүйектілік
- С) орамдылық, жинақтылық, сүйектілік
- Д) сүйектілік, жұмыс қабілеттілік
- Е) қалыптасу, орамдылық, сүйектілік

§§ 114. Салмағын анықтау (А.Моторин) тәсілі:

- А) $Y = 6 \times 620 - 2,7$
- В) $Y = 620 - 6 \times 3,1$
- С) $Y = 6 - 3,5 \times 620$
- Д) $Y = 6 \times X - 620$
- Е) коэффициентке көбейту (2,7; 3,1; 3,5)

§§ 115. Салмағын анықтау (У.Дюрст) тәсілі:

- А) $Y = 6 \times X - 620$
- В) $Y = 620 - 6 \times 3,1$
- С) $Y = 6 - 3,5 \times 620$
- Д) $Y = 6 \times X - 620$
- Е) коэффициентке көбейту (2,7; 3,1; 3,5)

АТ СПОРТЫНА ПАЙДАЛАНАТЫН ЖЫЛҚЫЛАР

«Ер қанаты – ат».
«Ат тұяғын тай басар».
«Ат жетпейтін жер жоқ».

Қазіргі жылқы түлігінің ең арғы атасы жабайы жануарлар болған. Адамның оларды қолға үйретуі осыдан 8-10 мың жыл бұрын басталған. Тарихтан арғы заманында Еуропа мен Азияның далалық және орманды-далалық өңірінде, қазіргі монғол жылқысына біраз ұқсайтын жабайы жылқылар өсіп-өнген. Батыстың бұл жылқысы, шығыс жылқыларына қарағанда ірілеу болған екен. Қазіргі қолға үйретілген жылқының бірсыпары тұқымының арғы ата-тегі, сірә осы жабайы жылқылардан тараған болса керек.

Басқа мал тұқымы сияқты, жылқы тұқымдары да адам еңбегінің араласу нәтижесінде, ежелден бері оларды өз қажетіне пайдалану бағытына байланысты жасалған және осы күндері де шығарылуда. Сондықтан жылқының әрбір тұқымы адамның белгілі бір бағыттағы шаруашылыққа және өзінің тұрмыс-тіршілігіне пайдалы қажеттерін өтеу мақсатында өсіріледі.

Мәселен, ауыр жүк тартатын жылқы тұқымы - шаруашылықтағы зор күшті қажет қылатын жұмысын атқаруға және ауыр жүк тасуға пайдалану үшін өсіріледі. Жеңіл жегу жылқы тұқымы - шаруашылықтың жеңіл жұмысын атқаруға және қалаған жеріне тез жетуде, жүк тасуға қарағанда, шағындау күшті керек қылатын және жегу жүріс-тұрысының қажетіне пайдалану үшін өсіріледі. Жылқының желгіш тұқымы - бұрындары транспорттық мақсатында яғни күймеге жегіп жолаушы және пошта тасуға шығарылған еді. Ал қазіргі кезде тек желғордың «*желін*» шабу ат спортына пайдалану үшін өсіріледі. Күтімді көп тілейтін және тек атқорада күтіп-бағылатын мініс және мініс-жегу тұқымындағысы - спорттың жазықтағы шабысы мен классикалық және атсайыс ойынының басқа-да түрлеріне салт мініске пайдалану үшін өсіріледі.

Жылқының көптеген тұқымы олардың шығу тегі, пайдалану бағыты, атқаратын жұмыстық қасиеті мен қарқындылық қабілетіне және адамның әсер ету дәрежесі туралы мәліметтер негізінде топтарға біріктіріледі. Бұл топтардың зоотехниялық классификациясы (класс - жіктеу деп те атайды) да бар.

Қазіргі кезде жылқы тұқымының 1970 жылы қабылданған зоотехниялық классификациясы қолданылады. Жылқы тұқымдары өзінің шаруашылықтағы пайдалану бағыты мен таралу аймағы бойынша «*зауыттық*» және «*жергілікті*» жылқылар деп екі топқа бөлінеді.

Зауыттық жылқы тұқымдары - белгілі бір бағыттағы мақсатқа, яғни ат спортына немесе шаруашылыққа пайдалану үшін екі немесе бірнеше тұқымдарды шағылыстыру нәтижесінде арнайы шығарылған жылқылар.

Жергілікті жылқы тұқымдары - мұнда әр ұлттың немесе халықтың шаруашылықтағы жұмысқа, немесе өнімі үшін табиғи жайылымда, яғни тебінде бағылып өсіретін ежелден келе жатқан жергілікті жылқысы.

Шаруашылықтағы пайдалану бағыты, ат спортының түрлі сайысы мен оның ойын түрлеріне қолдану немесе белгілі бір бағыттағы мақсатқа пайдалану үшін екі немесе бірнеше тұқымды шағылыстыру нәтижесінде зауыттық тәсілмен арнайы шығарылған жылқы тұқымдары бес топқа бөлінеді: мініс, мініс-жегу, желісті, жегу және ауыр жүк тартатын тұқымдар.

- *мініс жылқылары*, олар: ахалтеке, араб, таза қанды мініс (ағылшын), терск, орыстың мініс, украиндық мініс және т.б.

- *мініс-жегу жылқылары*, олар: дон, буденный, тракенен, ганновер, костанай, көшім, жаңақырғыз, қарабайр, қабарды және т.б.

- *желісті жылқылар*, олар: орлов желғоры, орыс желғоры, америкалық стандартбредті желісті, француз желғоры.

- *жегу жылқылары*, олар: тори, латвия, белорус, воронеж, кузнец, чумыш, жемайчу (жмуд) және т.б.

- *ауыр жүк тартатын жылқылар*, олар: совет, орыс, владимир, литва, брабансон, першерон, арден, шайр, клейдесдаль, суффольк және т.б.

Ал, еліміздегі таралу аймағы бойынша және әр ұлт пен халықтың ауыл шаруашылығы жұмысына немесе өнімі (ет-сүт) үшін тебіндегі табиғи жайылымда бағылып өсіретін жылқылары өз кезінде үш топқа бөлінеді: тебіндік-далалық, таулық және ормандық.

- *тебіндік-далалық жылқылары*, олар: қазақ, мұғалжар, башқұрт, монғол, бурят, хакас, забайкал және т.б.

- *таулық жылқылары*, олар: алтай, қырғыз, лоқай, карабах, ойрат, тува, тушин, мегрел, гуцул және т.б.

- *ормандық жылқылары*, олар: тавды, вят, печор, якут, мезен және т.б.

Ат спортының сайыс ойынына оның бағыты мен түрлеріне байланысты осы жылқы тұқымының барлығын да пайдалануға болады. Мәселен:

- *жазықтағы (гладкая) және кедергілі (барьерлік) ат шабысына* – таза тұқымдағы мініс және мініс-жегу жылқылары, олар - ахалтеке, араб және таза қанды мініс (ағылшын), орыстың мінісі, украин, костанай, жаңақырғыз және т.б.;

- *қос дөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегілген желғордың «желін» шабуына және «жорғалау» атсайысына* – желіс жылқылары, олар: орлов және орыс желғоры, америкалық стандартбредті және француз желғоры;

- *аттың мәнерлі жүріс өнеріне (выездка)* – мініс, мініс-жегу және жартылай қанды жылқылары, олар - ахалтеке, орыстың мінісі, украин, тракенен, ганновер және олардың будандары;

- *стипль-чезге, конкурға* немесе *кедергіден қарғу* мен *үш сайыс (троеборье)* атсайыстарына - дон, буденный, тракенен, ганновер, костанай және осы тұқымдардың жартылай қанды тұқымаралық будандары.

Ал, ат спортының «ұлттық» сайыс түрлеріне әр ұлт пен әр елдің халықтары өзінің жергілікті тұқымдағы жылқысын пайдалана береді. Бірақ соңғы жылдары ағылшын жылқысын немесе олардың жергілікті жылқымен будандарын немесе басқа да жартылай қанды жылқыларын бәйгеге де қосуда.

Сондықтан осы аталған атсайыс ойындарына арналып шығарылған және пайдаланылатын, сонымен бірге Қазақстанда шығарылған және өсірілетін жылқы тұқымдары туралы төменде қысқаша мәліметтер, олардың ат спортының қандай түріне қолданылатыны мен оның бейне суреттері берілген.

Ахалтеке жылқысы

Ахалтеке жылқысы - ерте заманнан бері келе жатқан мініс тұқымы. Оның шығу тарихы біздің эрамызға дейінгі IV-III ғасырдың тұңғыық тереңінде жатыр. Оның шыққан жері мен тіршілік ету аймағы - Түркмения. Түркмендер бұл тұқымды мыңдаған жылдар бойы таза өсіріп келеді. Түркмен халқының ертедегі «теке» атты руы жаугершілік заманында өздерімен бірге аты әлемге әйгілі әдемі де әсем, өздері сұлу, әрі жүйрік және шөл аймағына төзімді «*парфяндық*», «*ассирийлік*» және ежелгі «*ирандық*» жылқыларын алып келіп отырған. Сонымен ұзақ жылдар бойғы түркмен халқының шөл және құмды аймақтың жағдайына бейімделген және табиғи сұрыпталу нәтижесінде, экстерьері келісті болып келген қазіргі ахалтеке жылқысы қалыптасқан.

Ахалтеке жылқысының дене құрылысы мініске ыңғайлы әрі жеңіл болып келеді. Экстерьері сүйріктей сұлу, сүмбіледей сымбатты, әсем әрі кербез және аққу мойынды, өте көркем жаратылған ерекше такаппар жануар. Оларға мыңдаған жылдар бойына беде және арпа сияқты құнарлы жем беріп келген. Ахалтеке жылқысы «*ахал*» - оазисінде өсіріліп келді. Сондықтан ерекше күтімді қажет ететін жылқы қатарына жатады. Олардың азықтандыру және күтіп-бағу жағдайына талғампаздығы оған тән сипаты болып саналады.

Ахалтеке жылқысы - оның басы өте қағылез, кішкене әрі сүйкімді әсем болып келеді. Көздері жанарлы әрі үлкен, құлақтары жұқа және қозғалғыш. Мойны ұзын әрі иіле көтеріңкі, шоқтығының биіктігі орташа, арқасы мықты, кейде жұмсақ әрі солқылдақ, сауыры әдетте дөңгелекше келген әрі кең. Жақсы бұлшық етті, сіңірлі аяқтарының құрылысы дұрыс қойылған және сидаң. Шашасы сирек, тамыры мен сіңірі жақсы байқалып тұрады. Сондықтан оның тұлғасы жіңішке, сымбатты, әсем, жібек түкті, терісі жұқа, жалы жұмсақ.

Ахалтеке жылқысының негізгі түр-түсі - торы, сұр, жирен, құла, сары және қара. Немесе негізгі түр-түсінің жібек түгінің реңінің жылтырына байланысты қосымша атала береді. Мәселен, жылтыр жирен, қара жылтыр, күміс түстес және т.с.с. Ахалтеке жылқысының тұқымдық қасиетінің маңызы аса зор. Өткен ғасырларда ол тек біздің елде ғана емес, Еуропа мемлекеттерінде, мәселен Германия, Англия және т.б., жылқы тұқымын жақсартуға және оның жаңа тұқымдарын шығаруға пайдаланылып келеді.

Қазіргі уақытта ахалтеке жылқысы ат спортының кәсібилік түріне яғни жазықтағы шабысқа, классикалық түрлеріне және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Ал бұл тұқымнан алынған будандары да ат спорты мен оның сайыс ойындарының басқа да түрлеріне пайдаланыла береді.

Араб жылқысы

Араб жылқысы - Аравия шөл аймағының құмды жерұйығында бедуиндер өсіріп шығарған. Араб жылқысының шығу тарихы IV-VII ғасырлардан бері келе жатқан, ең ескілікті міністік жылқысы. Араб жылқысының құндылығы тек XI-XII ғасырдан бастап танылған. Жылқының ата-тегін бедуиндар оның биесіне қарап бағалаған. Араб биесіне тек араб айғыры салынған. Ал басқа тұқыммен шағылыстыруды «күнә» деп санаған. Араб жылқысы ежелгі арабтардың халық селекциясының «жемісі» болып саналады. Бедуиндар араб жылқысын құнарлы жайылым отымен азықтандырған, ал дәнді дақылдармен сирек қоректендірген. Бірақ оларға қосымша құрма жемісі мен түйе сүтін беріп күтіп-баққан.

Таза қанды араб жылқысы Аравияда өсіріледі. Кейіндері ғана онан басқа елдерге тараған. Олар өзінің қызу қандылығымен сипатталады. Оның денсаулығы мықты, бірақ ерекше күтімді талғайды. Шөл аймағына төзімді, өсімтал және пайдалану мерзімі ұзақ тұқым. Ол мініске тез үйренеді, қимылдары мен қозғалысы жеңіл әрі әсем. Олардың аяқ адымы ұзын, жүрісі ырғақты және тұяқтары жерге тигенде ешбір білінбейді. Оның бұл қасиеті тұлғасының сұлу сымбатымен, күшімен, ұшқырлығымен, төзімділігімен, шыдамдылығымен және денесінің шымырлығымен біріге ұштасып жатады.

Араб жылқысы өзінің экстерьерлік сымбатының жинақылығымен және ерекше әсемділігімен ерекшеленеді. Олар орта денелі және жұп-жұмыр шағын тұлғалы болып келеді. Дене сымбаты өте әдемі, дене тұрқының құрылысы қысқа. Бірақ мініске өте лайықты, тұлғасының конституциясы берік және ашаң. Күтімі, асырауы мен азықтандырылуы тиісінше жақсы болса, араб жылқысы өзінің осы үздік қасиеттерін ұрпағына айнытпай беріп отырады.

Араб жылқы тұқымы әдетте - таза қанды тұқым деп аталады. Оның себебі, араб жылқысы нешеме ғасырлар бойына басқа тұқыммен ешқандай жетілдірмей таза өсіріліп келеді. Сондықтан оның тұқым қуалау қасиеті жақсы тұрақталған. Араб жылқысының негізгі түр-түстері - жирен, алғаш-

ында көк кейін ақбоз, торы, кейде қосымша жылтыр түсті ренді. Араб жылқысының қатысуымен келесі тұқымдар шығарылған, олар; варвари, андалуз, неаполитан, липициан, шеги, ағылшынның таза қанды мініс, терск, америкалық және орлов желғорлары, орлов-ростопчин, венгер гидраны, терск, кладруб және т.б.

Қазіргі уақытта араб жылқысы ат спортының кәсібилік түріне яғни жазықтағы шабысқа, классикалық түрлеріне және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Ал бұл тұқымнан алынған будандары да ат спорты мен оның сайыс ойындарының басқа да түрлеріне пайдаланыла береді.

Таза қанды мініс жылқысы

Таза қанды мініс жылқысы - XVII ғасырдағы мініс бағытындағы өз жылқысын шығыс текті (араб, варварий, түрк) айғырларымен өндіре шағылыстыру арқылы, оның шабыстағы ұшқырлық қабілетін үнемі жетілдіру нәтижесінде Англияда шығарылған. Бұл жылқыны басқа тұқыммен араластырмай өсіреді. Сондықтан ол *«таза қанды мініс»* немесе *«ағылшын»* жылқысы деп аталады. Бұл тұқым әлемдегі ең жүйрік жылқы болып саналады. Себебі оның негізгі шығарылу мақсаты - ат спортының жазықтағы атшабысына арналға

Міністік таза қанды жылқы ірі келеді, дене құрылысы дұрыс, қызу мінезді. Оның басы орташа әрі жалаң, көздері жанарлы әрі үлкен, құлақтары өте қозғалғыш, мойны орташа әрі түзу, шоқтығы биік, арқасы қысқа және бір тегіс, белі кең, сауры етті, кеудесі еңкеу. Бірақ қабырғасының икемділігі жеткіліксіз, сондықтан көп уақытта кеудесі тар келеді. Жаурыны ұзын, бірақ тұлғасы қиғаш. Аяқтары мықты әрі жіңішке, сіңірлері берік және жақсы байқалып тұрады, ал шашасында мін жоқ. Аяқ құрылысында - бүкіш тізе, тік бақай, грифельше сүйектің басы өсіп кетуі сияқты кемшіліктері де кездеседі.

Міністік таза қанды жылқы күтімге және асырауға өте талғампаз. Ол суықты да ыстықты да көтере алмайды. Жақсы пішенмен және жеммен қорада мол азықтандырылып, жақсы күтіп-бағуды қажет етеді. Егер оның төліне мұндай жағдайы қамтамасыз етілмесе, ол жақсы жетілмейді. Сондықтан сүйегі нашар, денесі қысқа, күші аз болып өседі. Міністік таза қанды жылқының саны өте аз, сондықтан олар жоғары бағаланады. Ал қарқындылық және ұшқырлық қабілеттері ипподромда, яғни жазықтағы шабыс нәтижесінде ғана сыналып анықталады. Олардың негізгі түр-түстері жирен болып келеді.

Ағылшын жылқысы - жаңа тұқым шығаруға және алуға ыңғайлы. Бұл тұқымнан алынған бірінші ұрпақ буданы, әдетте, жартылай қанды жылқылар деп аталады. Олардың буданының жұмыстық қабілеті де жақсы. Жүйрік және төзімді. Міністік таза қанды жылқыны тұқым асылдандыру қажетіне шебер және ұтымды пайдалану нәтижесінде жылқының келесі тұқымдары шығарылған. Олар; буденный, қостанай және жаңақырғыз жылқылары. Сол сияқты жылқының басқа да жергілікті тұқымдары да жақсартылуда.

Қазіргі уақытта ағылшынның таза қанды мініс жылқысы ат спортының кәсібилік түріне яғни жазықтағы шабысқа және классикалық түрлеріне және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Ал бұл тұқымнан алынған будандары да ат спортының басқа да түрлеріне пайдаланыла береді.

Терск жылқысы

Терск жылқысы - бұл тұқым Солтүстік Кавказда шығарылған. Терск жылқысын шығару жұмыстары 1925-1948 жылдар аралығында жүргізілген. Азамат соғысы жылдарында «стрелец» мініс жылқысы түгелінен дерлік құрып кетті деуге болады. Тек, таза тұқымдағы бірнеше биесі және Цилиндр, Ценитель атты екі айғыры сақталып қалған. Терск жылқы тұқымын шығарғанда осы сақталып қалған стрелец биелері мен екі айғырының зор маңызы болған.

Терск жылқы тұқымын шығарғанда, олардан басқа таза қанды араб айғырлары да кеңінен пайдаланылған. Жаңа тұқымды жергілікті ауа райы жағдайынан неғұрлым бейімдеу үшін, стрелец және араб айғырларын қабарды және дон тұқымының биелеріне салып будандастыру әдісі қолданылған. Алайда, араб жылқы тұқымының бағалы қасиеттерін неғұрлым толық сақтау үшін, одан алынған будандар араб және терск айғырлармен қайтадан шағылыстырылған. Тек, олардың III-IV ұрпағындағы будандары ғана «өзімен-өзін», яғни алынған будандарды өзара шағылыстыру нәтижесінде өсірілген.

Терский жылқы зауытында өсірілетін терск тұқымы қолдан жақсы әрі құнарлы азықтандырылып және қоралы-жайлымда ерекше күтімде бағылған. Мұның өзі араб жылқы тұқымының дене тұлғасының сұлу сымбаты мен жұмырлығын, оның жоғарғы жұмыс қабілетін (ұшқырлығын) және басқа да көптеген бағалы қасиетінің дамуына неғұрлым тиімді көмектескен.

Араб жылқысы сияқты, терск жылқысының дене құрылысы да салт мініске әбден лайықты болып келген. Экстерьері әдемі, сымбатты және тұрпаты жалаң болып келеді, бірақ сыртқы тұлғасы араб жылқысына қарағанда ұзындау болады. Оның басы жеңіл, көздері үлкен және жанарлы. Құлақтары жұқа, қозғалғыш, мойын ұзындығы орташа және әдемі имек. Шоқтығының биіктігі орташа, арқасы ұзынша және кең, белі бұлшық етті, сауыры кең әрі дөңгелекше. Кеудесі кең және түсіңкі, жаурын ұзындығы орташа. Аяқтарының құрылысы түзу, сіңірлері жақсы жетілген әрі айқын байқалады, шашасы жоқ, тұяқтары берік. Терск жылқысының негізгі түр-түсі ақбоз немесе сұрша реңді болып келеді. Кейде жирен және торы түсті жылқылары да кездеседі. Терск жылқысы жеңіл жүрдектікке және салт мініп жүруге өте келісті тұқым.

Қазіргі уақытта терск жылқы тұқымы ат спортының кәсібилік және классикалық түрлері мен цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Ал бұл тұқымнан алынған будандары яғни жартылай қанды жылқылары да ат спортының басқа да ойын түрлеріне мүмкіндігінше пайдалана береді.

Дон жылқысы

Дон жылқысы – оның мұнан жүз жылдан артық уақыт бұрын дербес тұқым ретінде қалыптасқан және әлемге кеңінен мәлім. Алғашында бұл негізінде «ногай» жылқысы деп аталған жергілікті далалық жылқы болған. Дон жылқысы XVII-XX ғасырлардың аралығында Дон өзенінің жағасындағы жергілікті далалық жылқы әсерінен қалыптасқан. Кейіндері ғана дон жылқысы карабах, түркмен, парсы жылқыларымен будандастыру негізінде бірте-бірте жақсартыған. Ал Октябрь революциясы алдында дон жылқысы таза қанды ағылшынның міністік тұқымымен будандастыру арқылы жетілдірілген.

Дон жылқысы, көбінесе жайып бағу негізінде казактардың станциялық табынында және кейіндері жылқы зауытында жақсартылған. Сондықтан дон жылқысының тұқымдық ерекшелігі – шаруашылыққа қолайлы, сонымен қатар ол әр аймақтың ауа-райының, табиғат құбылысының қандай қиыншылығы болса да төзімді болып келеді. Қысы-жазы күндіз табиғи жайылымда жайылады, ал түнде атқорада күтіледі. Әсіресе Совет өкіметі тұсында маршал С.М.Буденныйдың басшылығымен, жылқы мамандары мен жылқы өсірушілері дон жылқысын таза тұқымда өсіру, мәдени-жайылымдық жағдайда күтіп-бағу жолымен тереңдете зоотехниялық жұмысы жүргізілген.

Осындай жұмыстың нәтижесінде дон жылқысы - Дон, Қазақстан, Қырғызстан, Алтай, Сібір мен Забайкалияның ауданындағы жоспарлы зауыттық тұқымының біріне айналған.

Қазіргі дон жылқысы – өзінің ірі келген сымбатымен, дұрыс және әдемі ұзын тұлғасымен, салмақты және мықты конституциясымен, жұмысқа ерекше қабілеттілігімен, төзімділігімен және жақсы денсаулығымен ерекшеленеді. Басы үлкен, бірақ етсіз, мандайы кең, көздері жанарлы, мойын ұзындығы орташа, әдетте түзу болып келеді, шоқтығының биіктігі орташа.

Дон жылқысының арқасы түзу және кең, белі етті, сауыры ұзын және түзу. Кеудесі ұзын және түсіңкі, қабырғалары имек. Дон жылқысының түр-түсі көбінесе сарғыш яғни ашық жирен, кейде күреңдері мен торы реңдері де кездеседі.

Дон жылқысы салт мініске және жегінге өте қолайлы. Оның тұқым-ішіндегі үш типін айырады: шығыстық, салмақты және мінгі. Дон жылқысының қатысуымен буденный, қостанай және жаңақырғыз мініс-жегу тұқымдары шығарылған. Жергілікті қазақ жылқысының биелеріне дон айғырын салу жақсы нәтижелер береді. Оның будандары жергілікті жылқыдан едәуір ірі, сымбаты жақсы және жұмыстық қабілеттері өте жоғары.

Қазіргі уақытта дон жылқысы ат спортының кәсіби түріндегі кедергіден қарғу (жақсы секіреді) және стипль-чез атсайыстарына кеңінен пайдаланылады.

Буденный жылқысы

Буденный жылқысы – бұл мініс-жегу жылқы тұқымы. Ол 1920-1948 жылдар аралығында Ресейдегі Ростов облысындағы әскери жылқы зауытында совет зоотехниясы мен жылқы өсірушілердің маршал С.М.Буденныйдың басшылығымен арнайы шығарылған. Бұл тұқым Ресейдегі дон және черномор жылқысының биелері мен ағылшынның таза қанды мініс жылқы тұқымының айғырымен шағылыстырып, олардан алынған будандарды «өз ішінде» өсіру негізінде алынған.

Жылқының бұл тұқымы - таза қанды міністік тұқымның ұшқырлық қабілетімен және дон жылқысының төзімділік қасиеті ұштастырыла отырып жүргізілген. Осылайша жүргізілген жұмыстың нәтижесінде – ол салт мінуге де, жегуге де қолайлы. Олар ауыл шаруашылық жұмысы үшін таптырмайтын тұқым болып шыққан. Буденный жылқысының дене құрылысы дұрыс әрі сымбатты және әдемі. Оның басының үлкендігі орташа, қағылез, маңдайы кең, көздері үлкен, мойны ұзын, бұлшық етті, шоқтығы биік, арқасы ұзын әрі түзу және кең, белі жақсы әрі етті, сауыры дөңгелекше ұзын және кең, кеудесі еңкеу әрі кең. Олар салт мінуге де жегінге де өте қолайлы және алыс жолға төзімді.

Дон жылқысының сымбатындағы кемшілігі, жауырын қысқалығы мен тік келуі буденный жылқысында болмайды. Буденный жылқысының жаурыны ұзын келеді. Аяқтарының құрылысы дұрыс, сіңірлері жақсы байқалып тұрады, шашасы кішкене. Міністік таза қанды жылқыға қарағанда, буденный жылқысының тұқымы кесек болып келеді. Жүйріктігі жағынан буденный жылқысы дон жылқысынан едәуір асып түседі. Ипподромдағы шабыс жарысында дон жылқысы бір километр жерден бір минут сегіз секундте, ал буденный жылқысы бір минут үш секундте келген. Буденный жылқысының түр-түсі көбінесе жирен және сарғылт, яғни ашық торы болып келеді.

Буденный жылқы тұқымының мәдени-тебіндік жағдайына жақсы бейімделуінің ерекше маңызы бар. Бұл тұқымның айғырлары жылқыны үйірлеп өсіретін аудандардың бәрінде жергілікті жылқы тұқымын жақсартуға ойдағыдай пайдаланылады. Соңғы жылдары буденный жылқысы Ресейдің көп облысында, сол сияқты Қазақстанда да алдыңғы қатардан орын алады.

Қазіргі уақытта буденный жылқысы ат спортының кәсібилік және классикалық түрлеріне, соның ішінде жазықтағы шабысқа, конкурға (кедергіден жақсы секіреді) және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады.

Ал бұл тұқымнан алынған будандары да ат спортының басқа да түрлері мен ауыл шаруашылық жұмыстарына кеңінен пайдаланыла береді.

Тракенен жылқысы

Тракенен жылқысы - Германияда шығарылған ертеден келе жатқан Еуропалық жылқы тұқымының бірі. Тұқымның қалыптасуына XIV ғасыр-

дағы әскери мақсатқа салт мініс әрі жегін жылқысын өсіру уақыты сай келеді. Әуелде орманды жерге бейім литвалық, бойында шығыстық, испандық және неаполитандық қаны бар биелер пайдаланылған. Одан алынған будандарды «өз ішінде» өсірген. Ал, 1820 жылдан бастап бұл будан биелеріне ағылшынның таза қанда мініс тұқымының айғырын қоса бастаған.

Тұқымның қалыптасуына 1732 жылы Шығыс Пруссияда құрылған Тракенен жылқы зауыты маңызды рөл атқарған. Сондықтан-да оларды тракенен жылқысы дейді. Бұл тұқым таза спорттық бағыттағы нағыз мініс жылқысы болып қалыптасқан.

Тұқымды шығарудағы ең басты ұстанымы, ағылшынның таза қанда мініс айғырының келбетті кейпі мен экстерьерінің сұлулығы еді. Сонымен бірге бұл жұмысқа кезең-кезеңімен араб жылқысының қанын араластырып тұру тәсілі де қолданылған. Тракенен жылқысын асылдандыру оның қарқындылығын үнемі сынаумен бірге қатарластыра жүгізілген. Жылқыны арнайы бұлайша өсіру – барынша көбірек спорттық бағыт ала бастады. Тұқым - ат спортының сапасы бойынша әлемдік аренаның алғашқы орнына шыға бастады. Қазіргі уақытта тракенен тұқымының жылқысы мынадай негізгі көрсеткіші бойынша сипатталады. Жылқының дене бітімі үйлесімді. Бұлшық еттері жақсы жетілген, оның желкесі шығыңқы болып келеді. Мойны ұзын, сүйекті аяқтары дұрыс орналасқан. Тракенен жылқысының негізгі түр-түстері қара, жирен және торы болып келеді. Бұдан басқа түр-түстері өте сирек кездеседі.

Қазіргі уақытта бұл тұқымның жұмыс қабілеттілігі (ұшқырлығы) ат спортының классикалық түріндегі көрсеткен жетістігінен байқалады. Біздің елімізде тракенен жылқысы ат спорты мектебі мен клубында пайдаланылады. Олар тұрақты түрде аттың мәнерлеп жүру өнері (выездка) мен конкурдың барлық деңгейі бойынша өткізілетін жарыстың жүлделі орнын алып жүр. Оның жұмыс істеу тұрақтылығы мен қимыл әрекетінің туа біткен дұрыстығы мен өнімділігі басқа жылқыдан ерекшеленеді. Германия - жылқының спорттық тұқымын өсірудің нағыз орталығы. Өйткені бұл елде олардың 30-дан астам түрі бар. Соның ішінде тракенен жылқысынан басқа ганновер, голштин, ольденбург, весталь, бавар, мекленбург, гессен және т.б. тұқымдарыда бар.

Ол бүгінде барлық елдегі кеңінен тараған және ат спортының барлық түріне пайдаланатын жылқы тұқымы болып шыққан. Ал бұл тұқымнан алынған будандары да ат спортының басқа да түрлері мен циркте де пайдалана береді.

Ганновер жылқысы

Ганновер жылқысы - Германиядағы жылқы тұқымының аса белгілі тұқымдарының бірі. Ол алғашында Саксонияның «Целле» деп аталатын мемлекеттік жылқы зауытында шаруашылықта көлік ретінде пайдалануға

шығарылған еді. Тұқымды қалыптастыруда испандық, голштиндік және кейінірек ағылшынның таза қанды мініс жылқысы пайдаланылған. Тұқымдық айғырды іріктеу кезінде оның барынша кесек тұлғасы мен сүйектілігі таңдалған. Сонда басты назар жылқы тренингісі мен оның жұмыс қабілетінің жүйріктілігі сынақтан өткізуге аударылған. Бұл жұмыс тұқымның жегудегі де, міністік те сапасының дамуына үлкен ықпал етті.

XX ғасырда жақсы аңғарылатын қимыл-қозғалысы мен қарғығыштық қасиетке ие болған ганновер тұқымы белсенді түрде жетіле түскен. Және спорттық бағытқа ыңғайлана бастаған. Тұқымның қалыпты темпераменті мен күрделі жұмыс түрлерін орындауға қабілеттілігі үнемі жетілдіріліп отырған. Қазіргі уақыттың ганновер жылқысы өзінің жегіндік қабілетін сақтап қалған. Ол кесек бұлшық етті, кең тұлғалы және ірі сүйекті. Бірақ осындай ерекшелігі бола тұра, конституциясы өте мықты. Сондай-ақ бұл тұқым жақсы айқындалған аяқ тірсегімен айқындалады әрі мойны жақсы жетілген.

Соңғы бірнеше жыл бойы ганновер тұқымының жылқысы ат спортының классикалық (әсіресе Олимпиядалық) түріндегі жетістігі бойынша әлемнің ат спортына арналған тұқымының рейтингінде бірінші орынды сенімді түрде берік ұстап келеді. Тұқымның осы жетістігі ат спортының әсіресе оның мәнерлеп жүру өнері (выездка) мен конкурдегі жетістігінен айқын көрінеді.

Ганновер жылқысын таза тұқымда өсіреді. Және басқа тұқыммен будандастыруға да кеңінен пайдаланады. Бұл оның барлық жерге танымал болуын қамтамасыз етеді. Негізгі түр-түсі торы және қара торы болып келеді. Ресейде ганновер жылқысын өсіру Калининград жылқы зауытында және басқа да шаруашылықтарда шоғырланған. Ганновер жылқысы бүкіл әлемге кеңінен тараған жылқы тұқымы. Ол кең ауқымда өсіріледі және латвия мен торий тұқымын жетілдіру үшін пайдаланылатын тұқым болып табылады. Әсіресе, Балтық елдері үшін олардың маңызы өте зор.

Қазіргі уақытта ганновер жылқысы ат спортының классикалық түрлеріне (аттың мәнерлі жүрісі мен конкурға), жазықтағы ат шабысқа және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Ал бұл тұқымнан алынған будандары жекелеген өз қабілетінің ерекшелігімен айқындалады. Сондықтан, оларды ат спортының басқа да атсайыс түрлеріне кеңінен пайдалана береді.

Қостанай жылқысы

Қостанай жылқысы – Қазақстандағы ат спорты бағытындағы алғашқы мініс-жегу тұқымы болып саналады. Қостанай жылқысын дербес тұқым ретінде 1951 жылы бекітті. Бұл жылқы өзінің шығарылған жерінің атымен аталған. Өйткені, ол Қостанай облысының жылқы зауыты мен шаруашылығында өсірілген. Қостанай жылқысын шығаруға жылқы өсіруші тандаулы селекционер зоотехниктері белсене қатысты. Жергілікті жылқы өсірушілер

мен ғалымдардың творчестволық ынтымақ жасауының нәтижесі бұл жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етті.

Қостанай тұқымы қазақ жылқысын жарты ғасыр бойы үнемі жетілдіру жолымен шығарылған. Сонымен бірге 1898 жылдан бастап жабы жылқысын күтіп-бағу жағдайын жақсарту, тұқымды асылдандыру жолымен және «*өз ішінде өсіру*» арқылы жақсартылып келді. Кейіндері дон және таза қанды мініс жылқысымен будандастыру әдісі қолданылды. Алынған будандар «*өзара*» шағылыстырылды. Өйткені оны жылқы зауытында өсіру үшін, селекция талабына сай жылқылар қалдырылды, жарамағаны бракқа шығарылып отырған.

Асылдандыру жұмысы Қазақстанда алғаш рет ат спорты бағытындағы тұқым ретінде және мінуге де жегіске де, жұмысқа да пайдалануға жарайтын мініс-жегіс жылқысын шығару бағытымен жүргізілді. Мұндай ірі жылқысын өсіру және төлді жетілдіру үшін, мәдени-тебінде және қоралы-жайлымдық бағу әдісі қолданылды.

Қостанай жылқысын өсірушілердің бұл жұмыста табысты болуының себебі – олар жылқы бағудың және өсірудің мәдени-тебіндік жағдайының әдісін Қазақстанда алғаш рет қолдануы еді.

Қостанай жылқысы басқа тұқымға қарағанда ірі келеді. Дене құрылысы дұрыс қалыптасқан және келісті әрі әдемі. Басы үлкен, бірақ ашаң, мойны ұзын, шоқтығы биік, арқасы және белі бұлшық етті әрі кең. Сауры дөңгелекше, ал ұзындығы орташа, бұлшық етті, кеудесінің қаусырымы зор әрі еңкеу. Жаурыны ұзын және қиғаш, аяқтарының құрылысы дұрыс, сүйекті, етсіз, сіңірлері жақсы, шашасы өте кішкене. Негізгі түр-түстері жирен және торы болып келеді. Өзінің жұмыстық қасиеттері жағынан қостанай жылқысы басқа тұқымдардан қалыспайды. Оның айғырларын жергілікті қазақ жылқысын жетілдіруге және оның жұмыс қабілетін жақсартуға пайдалану дұрыс нәтиже беруде.

Қазіргі уақытта қостанай жылқысы ат спортының классикалық түріне, жазықтағы атшабысқа және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады.

Кейінгі жылдары ағылшын айғырымен қайта шағылыстыру нәтижесінде жылқының жаңа тұқымын шығаруға пайдалануда. Ал бұл тұқымнан алынған будандары да ат спортының басқа да түрлеріне пайдалана береді.

Орлов желғор жылқысы

Орлов желғор жылқысы – бұл тұқымды алғашқы шығару мақсаты, оның жегіндік қасиетін қалыптастыру нәтижесінде жеңіл арбаға жегу нәтижесінде транспорт көлігі ретінде (почта және жолаушы) пайдалану болатын. Орлов жылқысы мұнан жүз елу жыл бұрын Ресейдегі Воронеж облысының Хреновский жылқы зауытында шығарылған. Бұл жылқы зауыты осы уақытқа дейін орлов желғорын өсіретін таңдаулы шаруашылық болып саналады. Орлов жылқы тұқымын шығаруда граф А.Г.Орлов-Чесменский

(1775-1807 жж.) және қарапайым шаруа В.И.Шишкин (1811-1831 жж.) көп еңбек сіңірді.

Орлов тұқымын шығару барысында граф А.Г.Орлов-Чесменский 1976 жылы Сметанка атты араб айғыры мен дат биесін шағылыстырған, одан төрт ұрпақ алған. Соның ішінен желісті аллюрі жақсы дамыған Полкан I деп аталған көк айғыр бар еді. Ал 1784 жылы Полкан I атты көк айғыр мен Голландиядан алып келген желғор көк биесінен Барс I есімді құлын туылады. Осы Барс I атты айғыр орлов желісті жылқы тұқымының негізін салушы болып саналады. Сол Барс I атты айғыр сол тектес желіс аллюрі жақсы дамыған биелерге салынған.

Орлов тұқымын шығару дәуірінде туыстас жылқыларды «өзара» шағылыстыру әдісі қолданылды. Мұның өзі, будан тектес алғашқы орлов желісті жылқы тұқымына қажетті бағалы қасиетін тұрақтандыруға және оны баянды етуге кең мүмкіндік берді. Орлов желғорын өсіру үшін тек жақсы әрі желістегі шабысы ұшқыр айғырлар іріктеліп алынған. Оларға қосылатын биелер де ата-тегіне, дене сымбатына, дене өлшемдеріне, ұшқырлығы мен қарқындылығына және басқа да қасиеттеріне қарай мұқият іріктеліп отырған. Орлов жылқысының басы үлкен және ашаң, мойны ұзын әрі имек, арқасы кең, белі бұлшық етті, сауыры үлкен, аяқтары сүйекті. Орлов жылқысының негізгі түр-түсі ақбоз, қара, қаракөк және торы. Орлов желғорының жас төлдері қоралы-жайылым жағдайында бағу және азықты мол беру жолымен өсіріледі. Құлындары алты айлық жасында енесінен айырып бөлек күтіліп-бағылады. Оларға зауыттық тренинг жүргізіліп, екі жасынан бастап ипподромда сыналады. Бұл тұқым Қазақстанда кеңінен таралған. Орлов желісті жылқысының айғыры мен және қазақи биелерінен алынған будандар басқа жылқыға қарағанда ірі және сымбатты болады. Сол сияқты жергілікті ауа-райына, үйірлеп бағу жағдайына да жақсы бейімделген. Олардан алынған будандарын ет-сүт өнімдерін өндіру үшін де пайдалана береді.

Қазіргі уақытта орлов желғор жылқысы ат спортының кәсібилік түріне яғни қос дөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегуге (бега) және олардың жорғалап шабуына яғни жорға жарыстарына кеңінен пайдаланылады.

Орыс желғор жылқысы

Орыс желғор жылқысы – оның шығарылу себебі, XIX ғасырдың аяғында Бүкіл Әлемде, сонымен бірге Ресейде желғорлар шабысының атжарысы кең өріс алған. Сол кездегі қосдөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегілген желғордың желіп шабу (бега) жарысында Америка желғорлары үлкен «жеңіске» жетіп жүрді. Себебі, орлов желғор жылқысы спортқа емес транспортқа пайдалану мақсатында шығарылған болатын. Сондықтан осы ғасырдың бас кезінде Ресейдің ипподромына едәуір мөлшерде америкалық стандартбредті желісті жылқысы көптеп әкеліне бастаған. Алайда олар жеткілікті ірі емес, көбінің экстерьері мен сымбатында дөрекілеу кемшіліктері бар еді.

Кейбір жылқы зауытшылары орлов жылқысының «желгіштігін» арттыру мақсатында, олардың биелерін америка айғырымен будандастыра бастады. Сонымен Ресейде мұндай жолмен алынған будандар қаптап кетеді. Олардың бойлары аласа, тұқымдығы нашар, бірақ жақын қашықтыққа желгіштігі ұшқыр болып шыққан. Сондықтан олардың осы кемшіліктерін жою мақсатында, мамандар орлов-американ будандарымен терең зоотехникалық жұмыс жүргізді. Бұл үшін будандарды «өз ішінде» өсірді. Олардың кемшілігін жою үшін қайтадан орлов айғырымен шағылыстырған. Нәтижесінде жаңа тұқым - орыстың желғоры шығарылды. Ол тұқым болып 1949 жылы бекітілді.

Орыс желғоры дене өлшемдері жағынан оншама кесек болмаса да, орлов желісті жылқысынан қалыспайды. Оның конституциясы мықты, бұлшық еттері мен сүйектері берік, ал аяқтарының сіңірлері жақсы жетілген. Орыс желісті жылқысының орлов желғор жылқысынан айырмашылығы оның тұлғасының қысқалығында, бірақ орлов желғорына қарағанда өте ұшқыр.

Олардың негізгі түр-түсі - ақбоз, торы, жирен, қарагер және қара болып келеді.

Жылқының бұл желісті тұқымы жылқы зауыты мен біраз шаруашылықта өсіріледі. Қазіргі уақытта ТМД елдеріндегі барлық желісті жылқының 50,0 пайызына жуығы, осы орыстың желісті жылқысы.

Қазақстанда олар Талдықорған, Алматы, Қарағанды, Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарында кеңінен тараған. Қазақы биелерді орыс желгіш жылқысының айғырымен шағылыстырғанда міністік, сол сияқты жегіндік будандары алынады. Олардың жұмыстық қасиеттері жақсы, сымбаты дұрыс және ет-сүт өнімін өндіру үшін өсіруге де келеді.

Қазіргі уақытта орыс желғор жылқысы ат спортының кәсібилік түріне яғни қосдөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегуге, олардың жорғалап шабу жарысына және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Ал бұл тұқымнан алынған будандары да ат спортының басқа да түрлеріне пайдалана береді.

Америка стандартбредті жылқысы

Америкалық стандартбредті жылқысы – АҚШ-та шығарылған. Бұл желғор жылқысы ат спортына ертеден-ақ пайдаланыла бастаған. Сондықтан қос дөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға (качалка) жегіліп, «желін» шабу (бега) нәтижесінде сайысқа түсетін жылқы тұқымын АҚШ-та осылай атайды. Әуелі бұл тұқымның жылқысын Америкалық желігіштер деп атаған. Бірақ олардың арасынан жорғалары көп шыққан соң, стандартбредтік деп қосымша атай бастады. Тұқым өзінің бұл атауын жылқының 1 миль (1609 м) қашықтықтағы ұшқырлық стандартын көрсетуіне байланысты алған.

Америкалық стандартбредті желғор жылқысы XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында шығарылған. Бұл тұқым норфольск (ағылшын), ағылшын-арабтан шыққан америкалық және голландық желгіш

жылқысы, канадалық және шығу тегі әр текті жергілікті жорға жылқысының қатысуымен күрделі өндірістік шағылыстыру нәтижесінде қалыптасқан. Мұнымен қатар олардың қарқындылық қабілетіне ипподромдағы спорттық шабысын үнемі жетілдіріп отыру жұмысы зор ықпал жасаған.

Оның денесі кесек келгенімен қатар, кейде экстерьері онша келіспеген. Жылқы ішінен небір асыл тұқымдысы және сырбаздары ұшырасады. Олар - жіптіктей мықты денелі, бұлшық еттері өте жақсы жетілген, сіңірлері мен буындары мықты болады. Бірақ басы сүйкімсіздеу, арқасы қысқа әрі түзу, кейбір жылқысының сауыры түсіңкі, иық асты сүйегі ұзын, табан сүйегі қысқа, артқы аяғы иілген. Желгіштімен салыстырғанда жорғасының кеудесі аздап қысқалау және кең, оның сауыры желігіштікінен гөрі еңістеу.

Жақсы жетілген бұлшық еттілік стандартбредтік жылқыға тән қасиет. Тіпті бұл ерекшелік кейде жаңа туылған құлынның өзінен де байқалады. Бұл тұқымның жылқысы өз күйін жақсы сақтайды. Олар денсаулығының мықтылығымен және жасының ұзақтығымен ерекшеленеді. Түр-түсі көбінесе түрлі реңдегі торы болып келеді, ал жирен, қарагер, ақбоз және сұр түстері сирек кездеседі. Америкалық стандартбредтік жылқысының жорға мен желгіш болып бөлінуі шартты ғана. Себебі, ат иесінің немесе бапкердің қалауы бойынша жүрісін өгертуге болады. Американың желу спортының тарихында белгілі бір аттық шабу маусымының бір ағымында желгіш ретінде де, жорға ретінде де ат жарыстарына шыққан кездері аз болмаған.

Қазіргі уақытта америкалық стандартбредтік желғор жылқысы ат спортының қос дөңгелекті тербелмелі жеңіл арбағу жегу түріне, жорға шабысқа және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Ал бұл тұқымнан алынған будандарын да ат спортының басқа да түрлеріне пайдалана береді.

Француз желғор жылқысы

Француздық желгіш жылқысы - Нормандияда жеңіл транспортқа жегу және атты әкерге қажетті жақсы желіс жылқы тұқымын алу мақсатында дүниеге келген. Тұқымды қалыптастыру кезінде өзі бойшаң, өміршең және жуастылығымен ерекшеленетін жергілікті жылқысын араб айғырымен шағылыстырады. Одан әрі қарай ағылшынның таза қанды және жартылай таза қанды мініс жылқысын, сондай ақ норфольск және орловтың желғор айғырын пайдаланған. Ағылшын-нормандық будандарының арасында желісті жүрісі жақсы жетілген жылқылар көп болады. Оларды өсіру кезінде тек шаруашылыққа жарамды ғана емес, атты әскерге мінуге де жарайтын желғор әрі жорға жылқысын алу да ойластырылып отырған.

Қазіргі Француз желғор тұқымының түп атасы әрі негізін салушы Фусшия (1883 жылы туылған) атты айғыр болып саналады. Осы айғырдың ұрпақтарынан көптеген атақты француздық желғор жылқылары алынған. Жылқы өсіретін зауыттарда француз желғорын туыстық шағылыстырудың зиянын болдырмау үшін және олардың қанын жаңарту мақсатында басқа тұқымның айғырларымен будандастыру тәсілі де қолданылған.

Оларды 1930 жылға дейін америкалық желігіш жылқысымен жетілдіріп отырған. Осыдан бастап француздық желғорының ұшқырлығы мен желудегі қарқындылығы - басқа желгіш тұқымдарының ықпалынсыз-ақ дами бастаған. Француз жылқы өсіру зауыттары - өздерінің басты назарын олардың сақталып қалуына және отандық тұқымның құнды қасиеттерін жетілдіруге аударған. Нәтижесінде олар отандық желғор тұқымын америкалық желігіш-імен будандастыруды шектеген. Осыдан барып отандық жетістікке қол жеткізген.

Қазіргі кездегі француздық желгішінің ұшқырлығы америка стандарт-бредті желігішінен кем түспейді. Ал спорттық сапасы мен төзімділігі жағынан одан асып түсетін жүлделік үздік тұқым болып қалыптасқан. Француздық желгіштер өз тобында ірі әрі бойшаң болып келеді. Олардың арасында жартылай таза қанды мініс және жеңілдеу жылқылары да кездеседі. Бұл тұқымның жылқылары - мықты, артық етсіз, көркем тұлғалы, бұлшық еттері жақсы жетілген, шоқтықты және мықты қысқа арқалы болып келеді. Француз желғорларының негізгі түр-түсі торы мен жирен. Ал қарагер түстілері аз ұшырасады, ал түр-түсі ақбоз реңділері мүлде жоқ.

Кейінгі кездері француз желғоры ат спортының тербелмелі қос доңғалақты жеңіл арбағу жегу түріне, жорға шабысқа және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Ал бұл тұқым мен басқа тұқымнан алынған будандары да ат спортының басқа да түрлеріне пайдалана береді.

Пони және тапал жылқылар

Пони және тапал жылқылар – бұл жылқылардың шоқтығының биіктігі 80,0-147,0 см. Англияда пониге - биіктігі 147,0 см-ге дейінгі, ал Германияда - 120,0 см-ге дейінгі жылқыларды жатқызады. Жиналған деректерге сүйене отырып, белгілі иппологтар И.Э.Фладе мен К.Г.Глас, понилардың тізіміне әлемдегі шоқтығының биіктігі 50,0 см-ден 150,0 см-ге дейінгі жергілікті жылқылардың 75 тұқымын тіркеуден өткізгенін білуге болады. Бірақ, біздің еліміздегі жергілікті жылқылар бұл тізімге кірмейді. Себебі, біздің түсінігіміз бойынша, пони - бұл биіктігі 90,0-110,0 см-ден аспайтын тапал болып келген жылқылар. Пониге бойы 125,0 см-ден аспайтын тапал жылқыларды да жатқызуға болады.

Әлемдегі ең ертеректе арнайы шығарылған және барлық елге мәлім тапал жылқы - шетлендік понии. Оларды Солтүстік теңізі мен Атлантика мұхиты шекарасының аралығында орналасқан Шетлендік және Оркнейлік аралында өсіреді. Шетлендік понилары Ресейде де кеңінен таралған. Ал Қазақстанда - өте аз, саусақпен санарлық қана.

Шетлендік понидың аяқтары қысқа, кеудесі терең, сауыры салбыраңқы немесе қысқа, басының профилі тік, денесінің түгі, кекілі мен жал-құйрығы қалың. Негізгі түр-түстері қара, торы, ала, ал көк пен жирені сирек кездеседі. Дене өлшемдері: шоқтығының биіктігі -100,0 ден 115,0 см-ге дейін, кеуде орамы - 129,0 см, жіліншік орамы - 13,5 см.

Кейбір елдерде понидың ірі тұқымдары да өсіріледі. Мәселен, Англияда - «уэльскілік», «эксмурскілік», «дартмурскілік», Швецияда - «шотландық», олардың шоқтығының биіктігі - 110,0-135,0 см.

Кейінгі жылдары шоқтығының биіктігі 38,0 см-ден 70,0 см-ге дейінгі тапал және ұсақ жылқыларды өсіру әдетке айналды. Оларды шағын немесе бөлмелік жылқылары деп атайды. Қазіргі кезде тапал жылқының «фалабелла» атты пони тұқымы шығарылды. Оларды үнемі ең уақ әрі бойы өте тапал пониларды ғана шағылыстырып отыру нәтижесінде қалыптастырған. Мұндай уақ понилардың отаны - Аргентина, Америка және Германия.

Әлемдегі ең уақ пони Аргентинадағы «Рекрео Де Рока» фермасында шығарылған, оның шоқтығының биіктігі - 38,0 см, тірілей салмағы - 12,5 кг. Оның ерекшелігі тіс құрылысы алты тіске кем және екі-ақ бел омыртқасы бар. Понилар өте төзімді және ерекше күтімді қажет етпейді. Егер ірі жылқылар өздерінің салмағынан 5 есе артық жүк таситын болса, бұл тапал понилар өзінің салмағынан 20 есе артық жүкті еркін тасуға қабілетті.

Пони жылқылары - мініске, жегуге, теңдеп жүк тасуға, жас балаларды салт мінгізіп қыдыртуға және оларды ат спортына баулуға пайдаланылады.

Бақылау сұрақтары: Жылқы тұқымының зоотехниялық классификациясы қай жылы қабылданды. Жылқыны классификациялау принциптері. Жылқылар зоотехниялық классификациясы бойынша қалай бөлінеді. Зауыттық жылқылардың шығу принциптері. Пайдалану бағыты бойынша зауыттық жылқылар қалай бөлінеді. Зауыттық жылқыларды атаңдар. Таралу аймағы бойынша жергілікті жылқылар қалай бөлінеді. Жергілікті жылқыларды атаңдар. Тебіндік-далалық жылқы тұқымдарын атаңдар. Таулық жылқы тұқымдарын атаңдар. Ормандық жылқы тұқымдарын атаңдар. Мініс жылқы тұқымдарын атаңдар. Мініс-жегу жылқы тұқымдарын атаңдар. Желісті жылқы тұқымдарын атаңдар. Жегу жылқы тұқымдарын атаңдар. Ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдарын атаңдар. Жазықтағы және кедергілі ат шабысына пайдаланатын жылқылар. Желфордың «желін» шабу сайысына пайдаланатын жылқылар. Аттың мәнерлі жүріс өнеріне пайдаланатын жылқылар. Стиплъ-чезге, конкурға немесе кедергіден қарғу мен үш сайыс (троеборье) атсайысына пайдаланатын жылқылар. Ұлттық сайыс түрлеріне пайдаланатын жылқылар.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді жылқы тұқымдарымен, оның ішінде ат спортына және атсайыс түрлеріне пайдаланатын жылқылармен таныстыру.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін жылқы зауыты мен басқа шаруашылықтарға, ипподром мен ат спорты жоғарғы мектебіне қосымша экскурсия ұйымдастыру қажет. Тәжірибелік сабақты өту барысында олар жылқының ат спортына және атсайысының ойын түрлеріне пайдаланатын тұқымдарымен танысады.

Тапсырма:

1. Жылқы тұқымдарының классификасын зерделеу және ат спортының сайыс түрлеріне пайдаланатын жылқыларға талдау жасау.

2. Ат спортына пайдаланатын жылқы тұқымдарына байланысты атауларын оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазып алу.

Тест сұрақтары:

§§ 116. Жылқы тұқымдарының зоотехниялық классификациясы қай жылы қабылданды.

A) 1970 жылы

B) өзінің шаруашылықтағы пайдалану бағыты мен таралу аймағы бойынша C) зауыттық және жергілікті

D) ат спортына немесе шаруашылыққа пайдалану үшін арнайы шығарылған тұқымдар

E) әр ұлттың шаруашылықтағы жұмыс пен өнімі үшін өсіретін жергілікті жылқысы

§§ 117. Жылқылардың зоотехниялық классификациялаудың принциптері.

A) 1970 жылы

B) өзінің шаруашылықтағы пайдалану бағыты мен таралу аймағы бойынша

C) зауыттық және жергілікті

D) ат спортына немесе шаруашылыққа пайдалану үшін арнайы шығарылған тұқымдар

E) әр ұлттың шаруашылықтағы жұмыс пен өнімі үшін өсіретін жергілікті жылқысы

§§ 118. Жылқылар зоотехниялық классификациясы бойынша қалай бөлінеді.

A) 1970 жылы

B) өзінің шаруашылықтағы пайдалану бағыты мен таралу аймағы бойынша

C) зауыттық және жергілікті

D) ат спортына немесе шаруашылыққа пайдалану үшін арнайы шығарылған тұқымдар

E) әр ұлттың шаруашылықтағы жұмыс пен өнімі үшін өсіретін жергілікті жылқысы

§§ 119. Зауыттық жылқылардың шығу принциптері.

A) 1970 жылы

В) өзінің шаруашылықтағы пайдалану бағыты мен таралу аймағы бойынша

С) зауыттық және жергілікті

Д) ат спортына немесе шаруашылыққа пайдалану үшін арнайы шығарылған тұқымдар

Е) әр ұлттың шаруашылықтағы жұмыс пен өнімі үшін өсіретін жергілікті жылқысы

\$\$ 120. Жергілікті жылқылардың аталу принциптері.

А) 1970 жылы

В) өзінің шаруашылықтағы пайдалану бағыты мен таралу аймағы бойынша

С) зауыттық және жергілікті

Д) ат спорты сайыстарына немесе шаруашылыққа пайдалану үшін шығарылған тұқымдар

Е) әр ұлттың шаруашылықтағы жұмыс пен өнімі үшін өсіретін жергілікті жылқысы

\$\$ 121. Таралу аймағы бойынша жергілікті жылқылар қалай бөлінеді.

А) тебіндік-далалық, таулық және ормандық

В) мініс, мініс-жегу, желісті, жегу, ауыр жүк тартатын

С) қазақ, мұғалжар, башқұрт, монғол, бурят, хакас, забайкал

Д) алтай, қырғыз, лоқай, карабах, ойрат, тува, тушин, мегрел, гуцул

Е) тавды, вят, печор, якут, мезен

\$\$ 122. Пайдалану бағыты бойынша зауыттық жылқылар қалай бөлінеді.

А) тебіндік-далалық, таулық және ормандық

В) мініс, мініс-жегу, желісті, жегу, ауыр жүк тартатын

С) қазақ, мұғалжар, башқұрт, монғол, бурят, хакас, забайкал

Д) алтай, қырғыз, лоқай, карабах, ойрат, тува, тушин, мегрел, гуцул

Е) тавды, вят, печор, якут, мезен

\$\$ 123. Тебіндік-далалық жылқы тұқымдарын атаңдар.

А) тебіндік-далалық, таулық және ормандық

В) мініс, мініс-жегу, желісті, жегу, ауыр жүк тартатын

С) қазақ, мұғалжар, башқұрт, монғол, бурят, хакас, забайкал

Д) алтай, қырғыз, лоқай, карабах, ойрат, тува, тушин, мегрел, гуцул

Е) тавды, вят, печор, якут, мезен

\$\$ 124. Таулық жылқы тұқымдарын атаңдар.

А) тебіндік-далалық, таулық және ормандық

В) мініс, мініс-жегу, желісті, жегу, ауыр жүк тартатын

- С) қазақ, мұғалжар, башқұрт, монғол, бурят, хакас, забайкал
- Д) алтай, қырғыз, лоқай, карабах, ойрат, тува, тушин, мегрел, гуцул
- Е) тавды, вят, печор, якут, мезен

\$\$ 125. Ормандық жылқы тұқымдарын атаңдар.

- А) тебіндік-далалық, таулық және ормандық
- В) мініс, мініс-жегу, желісті, жегу, ауыр жүк тартатын
- С) қазақ, мұғалжар, башқұрт, монғол, бурят, хакас, забайкал
- Д) алтай, қырғыз, лоқай, карабах, ойрат, тува, тушин, мегрел, гуцул
- Е) тавды, вят, печор, якут, мезен

\$\$ 126. Мініс жылқы тұқымдарын атаңдар.

- А) ахалтеке, араб, таза қанды мініс, терск, орыстың мініс, украиндық мініс.
- В) дон, буденный, тракненен, ганновер, қостанай, көшім, жаңақырғыз, қарабайр, қабарды
- С) орлов желғоры, орыс желғоры, америкалық стандартбредті желісті, француз желғоры
- Д) тори, латвия, белорус, воронеж, кузнец, чумыш, жемайчу (жмуд)
- Е) совет, орыс, владимир, литва, брабансон, першерон, арден, шайр, клейдесдаль, суффольк

\$\$ 127. Мініс-жегу жылқы тұқымдарын атаңдар.

- А) ахалтеке, араб, таза қанды мініс, терск, орыстың мініс, украиндық мініс
- В) дон, буденный, тракненен, ганновер, қостанай, көшім, жаңақырғыз, қарабайр, қабарды, азербайжан
- С) орлов желғоры, орыс желғоры, америкалық стандартбредті желісті, француз желғоры
- Д) тори, латвия, белорус, воронеж, кузнец, чумыш, жемайчу (жмуд)
- Е) совет, орыс, владимир, литва, брабансон, першерон, арден, шайр, клейдесдаль, суффольк

\$\$ 128. Желісті жылқы тұқымдарын атаңдар.

- А) ахалтеке, араб, таза қанды мініс, терск, орыстың мініс, украиндық мініс
- В) дон, буденный, тракненен, ганновер, қостанай, көшім, жаңақырғыз, қарабайр, қабарды, азербайжан
- С) орлов желғоры, орыс желғоры, америкалық стандартбредті желісті, француз желғоры
- Д) тори, латвия, белорус, воронеж, кузнец, чумыш, жемайчу (жмуд)
- Е) совет, орыс, владимир, литва, брабансон, першерон, арден, шайр, лейдесдаль, суффольк

§§ 129. Жегу жылқы тұқымдарын атаңдар.

А) ахалтеке, араб, таза қанды мініс, терск, орыстың мініс, украиндық мініс

В) дон, буденный, тракенен, ганновер, қостанай, көшім, жаңақырғыз, қарабайр, қабарды

С) орлов желғоры, орыс желғоры, америкалық стандартbredті желісті, француз желғоры

Д) тори, латвия, белорус, воронеж, кузнец, чумыш, жемайчу (жмуд)

Е) совет, орыс, владимир, литва, латвия, брабансон, першерон, арден, шайр, клейдесдаль

§§ 130. Ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдарын атаңдар.

А) ахалтеке, араб, таза қанды мініс, терск, орыстың мініс, украиндық мініс

В) дон, буденный, тракенен, ганновер, қостанай, көшім, жаңақырғыз, қарабайр, қабарды

С) орлов желғоры, орыс желғоры, америкалық стандартbredті желісті, француз желғоры

Д) тори, латвия, белорус, воронеж, кузнец, чумыш, жемайчу (жмуд)

Е) совет, орыс, владимир, литва, латвия, брабансон, першерон, арден, шайр, клейдесдаль

§§ 131. Таза текті мініс /ағылшын/ тұқымын шығаруға пайдаланған жылқылар.

А) араб, варвари, түркі

В) қазақ, дон, стрелецк, орлов-ростопчин

С) қазақ, таза текті мініс, орлов желғоры

Д) араб, дат, голланд

Е) жергілікті жегу, барбансон

§§ 132. Қостанай жылқы тұқымын шығаруға пайдаланған жылқылар.

А) араб, варвари, түркі

В) қазақ, дон, стрелецк, таза текті мініс

С) қазақ, таза текті мініс, орлов желғоры

Д) араб, дат, голланд

Е) жергілікті жегу, барбансон

§§ 133. Орлов жылқы тұқымын шығаруға пайдаланған жылқылар.

А) араб, варвари, түркі

В) қазақ, дон, стрелецк, таза текті мініс

С) қазақ, таза текті мініс, орыс желғоры

Д) араб, дат, голланд

Е) жергілікті жегу, барбансон

§§ 134. Ахалтеке жылқысын пайдалану арқылы шығарылған жылқылар.

- A) дон, қарабах, қарабайыр
- B) таза текті мініс, орлов, тер
- C) буденный, қостанай, украин
- D) орыс желғоры, көшім
- E) көшім, қостанай, мұғалжар

§§ 135. Араб тұқымын пайдалану арқылы шығарылған жылқылар.

- A) дон, қарабах, қарабайыр
- B) таза текті мініс, орлов, тер**
- C) буденный, жаңақырғыз, украин
- D) орыс желғоры, көшім
- E) көшім, қостанай, мұғалжар

§§ 136. Таза текті мініс тұқымын пайдалану арқылы шығарылған жылқылар.

- A) дон, қарабах, қарабайыр
- B) таза текті мініс, орлов, тер
- C) буденный, қостанай, жаңақырғыз
- D) орыс желғоры, көшім
- E) көшім, қостанай, мұғалжар

§§ 137. Ат спортының жазықтағы және кедергілі ат шабысына пайдаланатын жылқылар.

- A) таза тұқымдағы мініс және мініс-жегу жылқылары
- B) желғор жылқылары
- C) мініс, мініс-жегу және жартылай қанды жылқылары
- D) мініс, мініс-жегу және тұқымаралық жылқылардың будандары
- E) әр ұлт пен әр елдің халықтары өзінің жергілікті тұқымдағы жылқысы

§§ 138. Ат спортының «желін» шабу атсайысына пайдаланатын жылқылар.

- A) таза тұқымдағы мініс және мініс-жегу жылқылары
- B) желғор жылқылары**
- C) мініс, мініс-жегу және жартылай қанды жылқылары
- D) мініс, мініс-жегу және тұқымаралық жылқылардың будандары
- E) әр ұлт пен әр елдің халықтары өзінің жергілікті тұқымдағы жылқысы

§§ 139. Ат спортының аттың мәнерлі жүріс өнеріне (выездка) пайдаланатын жылқылар.

- A) таза тұқымдағы мініс және мініс-жегу жылқылары
- B) желғор жылқылары
- C) мініс, мініс-жегу және жартылай қанды жылқылары
- D) мініс, мініс-жегу және тұқымаралық жылқылардың будандары
- E) әр ұлт пен әр елдің халықтары өзінің жергілікті тұқымдағы жылқысы

§§ 140. Стипель-чезге, конкурға және үш сайысқа пайдаланатын жылқылар.

- A) таза тұқымдағы мініс және мініс-жегу жылқылары
- B) желғор жылқылары
- C) мініс, мініс-жегу және жартылай қанды жылқылары
- D) мініс, мініс-жегу және тұқымаралық жылқылардың будандары
- E) әр ұлт пен әр елдің халықтары өзінің жергілікті тұқымдағы жылқысы

§§ 141. Ат спортының ұлттық сайыс түрлеріне пайдаланатын жылқылар.

- A) таза тұқымдағы мініс және мініс-жегу жылқылары
- B) желғор жылқылары
- C) мініс, мініс-жегу және жартылай қанды жылқылары
- D) мініс, мініс-жегу және тұқымаралық жылқылардың будандары
- E) әр ұлт пен әр елдің халықтары өзінің жергілікті тұқымдағы жылқысы

§§ 142. Жазықтағы және кедергілі ат шабысына пайдаланатын тұқымдар.

- A) ахалтеке, араб және таза қанды мініс, орыстың мінісі, украин, қостанай, жаңақырғыз
- B) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз
- C) ахалтеке, орыстың мінісі, украин, тракенен, ганновер, жартылай қанды
- D) дон, буденный, тракенен, ганновер, қостанай және тұқымаралық будандары
- E) қазақ, алтай, қырғыз

§§ 143. Желғордың «желін» шабу және «жорғалау» сайысына пайдаланатын тұқымдар.

- A) ахалтеке, араб және таза қанды мініс, орыстың мінісі, украин, қостанай, жаңақырғыз
- B) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

С) ахалтеке, орыстың мінісі, украин, тракенен, ганновер, жартылай қанды

Д) дон, буденный, тракенен, ганновер, қостанай және тұқымаралық будандары

Е) қазақ, алтай, қырғыз

§§ 144. Аттың мәнерлі жүріс өнеріне (выездка) пайдаланатын тұқымдар.

А) ахалтеке, араб және таза қанды мініс, орыстың мінісі, украин, қостанай, жаңақырғыз

В) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

С) ахалтеке, орыстың мінісі, украин, тракенен, ганновер, жартылай қанды

Д) дон, буденный, тракенен, ганновер, қостанай және тұқымаралық будандары

Е) қазақ, алтай, қырғыз

§§ 155. Стипель-чезге, конкурға үш сайыс (троеборье) атсайыстарына пайдаланатын тұқымдар.

А) ахалтеке, араб және таза қанды мініс, орыстың мінісі, украин, қостанай, жаңақырғыз

В) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

С) ахалтеке, орыстың мінісі, украин, тракенен, ганновер, жартылай қанды

Д) дон, буденный, тракенен, ганновер, қостанай және тұқымаралық будандары

Е) қазақ, алтай, қырғыз

§§ 146. Ұлттық сайыс түрлеріне пайдаланатын тұқымдар.

А) ахалтеке, араб және таза қанды мініс, орыстың мінісі, украин, қостанай, жаңақырғыз

В) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

С) ахалтеке, орыстың мінісі, украин, тракенен, ганновер және олардың будандары

Д) дон, буденный, тракенен, ганновер, қостанай және жартылай қанды тұқымаралық будандары

Е) қазақ, алтай, қырғыз

МІНІС ЖЫЛҚЫСЫНЫҢ ТРЕНИНГІСІ

*Ат шаппайды – бап шабады,
Бап шаппайды – бақ шабады.*

Ат спортының кәсіби түрінің бірі – ол атқа салт мінген шабандоздың басқаруымен орындалатын мініс жылқысының «жазықтағы» шабысы (гладкая). Бұл ат шабысының жарысы ипподромда өткізіледі. Ат шабысы тек көрермен қауым тамашалайтын әдемі көрініс қана емес, бұл болашақтағы спортқа пайдаланатын мініс жылқысының қарқындылық сапасын анықтау және оның селекциялық-асылдандыру жұмысын жетілдіру шараларының нәтижесі.

Ат спортына пайдаланатын жылқымен жүргізілетін тренингтің негізгі мақсаты, оны жүйелі түрде ат шабысына жаттықтыру. Мініс жылқысының тренингісі «зауыттық» және «ипподромдық» тренинг деп бөлінеді. Зауыттық тренинг – жылқы өсіретін шаруашылықта жүргізіледі. Ал ипподромдық тренинг - олардың қарқындылық қабілетін сынау үшін ипподромда өткізіледі.

Зауыттық тренингті (топты, бас білдіру және жеке) жүргізудің негізгі мақсаты - құлын-тайларды 6-7 айлық жастарынан бастап екі жасқа дейінгі жазықтағы шабыстылық жүрісін қалыптастыру. Олардың ұшқырлық қабілетінің жетілуіне және организмінің өсіп-жетілу барысындағы ерекшелігі мен мүмкіндігін толығымен пайдалану. Себебі, бұл кезеңде жабағы-тайлар мен құнандардың организмі мен мінез-құлқы адамның араласумен атсайыс түріне байланысты бағыттауға және қалыптастыруға жеңіл беріледі.

Ал ипподромдық тренингтің көздеген негізгі мақсаты – мініс жылқысының әр түрлі қашықтықтағы шабыс аллюрінің қалыптасқан бағытының жұмыс қабілеттілігін (қарқындылығын) жүйелі түрде жаттықтыру арқылы дайындау және оның жетілдіру нәтижесіндегі деңгейін сынау.

Мініс жылқысының шаруашылықта жүргізілетін зауыттық тренингісі өз кезегінде, топты тренинг (6 айлығынан - 1,5 жасқа дейін), бас білдіру (1,5 жасында) және жеке (1,5 жасынан - 2,0 жасына дейін) тренинг болып бөлінеді. Зауыттық тренингті жүргізу үшін шаруашылықта мініс жылқысына арналған шабыс алаңы (ұзындығы - 2000 м) болуы қажет. Алаң жолы тегіс және қатты емес, ыстықта шаң қаппайтын, ал жаңбырда лайсаң болмайтын болуы керек. Шабыс жылқысының жолына қыртысты жерлер пайдаланылады.

Ипподромдық тренинг – ат спортына пайдаланатын шабыс жылқысының (екі, үш, төрт немесе одан жоғары жасында) әр түрлі қашықтықтағы «шабыс» аллюрін қалыптастыру және оларды сынау мен бағалау мақсатында

жүргізіледі. Бұл селекциялық-асылдандыру жұмысы үшін де маңызды шараның бірі болып саналады.

Сонымен бірге ат спортында мініс жылқысын - конкур, стипль-чез және биіктікке қарғу сайысының ат жарыстарына да дайындайды. Өз кезегінде жылқыны конкур, стипль-чез және биіктікке секіртудегі ат спортының түрлеріне дайындаудың технологиясы мен тренингісінің қабылданған өзіндік тәртібі мен көптеген ғылыми тұрғыдан жетілдірілген қыр-сырлары бар.

Зауыттық тренинг

Миніс жылқысын өсіретін жылқы зауыты мен шаруашылықта ат спортының шабыс түріне пайдаланатын мініс тұқымының тайларына зауыттық тренингісі жүргізіледі (6-7 айлық жасынан 1,5 жасына дейін).

Топты тренинг. Топты тренингтің ерекшелігі – жаттықтыру жұмысын енесінен айырған құлындар (6-7 айлығында) бір-біріне өзара үйреніскен кездерінде бастайды. Топты тренингте еркек жабағы-тайларды бір бөлек, ұрғашыларын бір бөлек жаратады. Топты тренингті тәжірибелі атқа салт мінген екі жылқышы өткізеді. Біреуі алға түсіп топты бастап қажетті аллюрмен жүріп отырады, ал екіншісі жабағы-тайлардың кейбіреуінің қалып немесе тоқтап тұрып қалмауын қадағалайды және соңында қалғандарын айдап отырады.

Топты тренингті жүргізу алдында жабағы-тайларды шашпаға (левада) жібереді. Олар шашпада бойларын жазып, еркін шапқылап алғандары жөн. Жабағы-тайларды жаратуды олардың «аяң» аллюрінен бастайды. Оларды жаттықтыру барысында «аяң» және «желіс» аллюрлерін кезектестіріп отырып жүргізеді. Арасында екі-үш минутке кентер (шоқырақ шабыс) аллюрін қосады.

Спорт бағытында өсірілетін мініс жылқысының жабағы-тайларын жыл мезгіліне байланысты топты тренинг жүргізу және оларды тобымен жарату жұмысы төмендегі кестелерде көрсетілген жүйе бойынша жүргізіледі.

Жабағы-тайлардың атқорада тұратын кезіндегі топты тренингісі
(6 ай - 1,5 жасқа дейін)

Аллюрі (жүріс түрі)	Қазан- желтоқсан	Қаңтар-ақпан	Наурыз-сәуір
Аяң	8 мин	8 мин	9 мин
Желіс	10-12 мин	10-12 мин	10-12 мин
Аяң	10 мин	10 мин	10 мин
Желіс	10-12 мин	10-12 мин	10-12 мин
Кентер (шоқырақ шабыс)	2-3 мин	2-3 мин	2-3 мин
Желіс	5 мин	5 мин	5 мин
Аяң	15-20 мин	15-20 мин	15-20 мин

Жабағы-тайлардың даладағы жайылу кезіндегі топты тренингісі
(6 ай-1,5 жасқа дейін)

Аллүрі (жүріс түрі)	Мамыр-маусым	Шілде-тамыз	Қыркүйек
Аяң	8-10 мин	8-10 мин	8-10 мин
Желіс	10-15 мин	10-15 мин	10-15 мин
Аяң	10 мин	10 мин	10 мин
Желіс	10-15 мин	10-15 мин	10-15 мин
Кентер (шоқырақ шабыс)	5 мин	5 мин	5 мин
Желіс	5-10 мин	5-10 мин	5-10 мин
Аяң	15-20 мин	15-20 мин	15-20 мин

Шаруашылықта жүргізілетін топты тренингтегі жабағы-тайларды тобымен жарату кезінде оларды қатты шаршатпаған абзал. Оларды жаратудың ауырлығы мен жиілігін қорада тұру және жайылу кезеңдерінде 5,0 км-ден бастап, ақпан-наурыз айларында – 8,0 км-ге дейін жеткізеді. Ал, сәуір айында аллүрдің желіс пен аяңына кезек ауыстыра отырып, оларды жаратудың қашықтығын бірте-бірте 10,0 шақырымға дейін ұзартады. Жабағы-тайларға топты тренинг жыл мезгілінің ауа-райының барлық мезгілінде де жүргізіледі.

Бас білдіру немесе бастықтыру (заездка). Ат спортының жазықтағы шабыс жарысына пайдаланатын мініс бағытындағы жылқысының бас білдіру жұмысы 1,5 жасында жүргізіледі. Шаруашылықта топты тренингтен өткен жабағы-тайларына бұл бас білдіру жұмысы күз айында яғни құнан шығарында өткізіледі. Алдымен жүген-ноқтаға үйретеді, оны күніне екі-үш рет басына кигізіп-шешіп отырады. Құнан шығарлар жүген-ноқтаға жақсы үйреніп, жетекке еркін жүретін болған кезде, енді оны ұзын шылбырмен кордта айнала жүруге үйретеді. Оларды үйрету барысында бапкер оның жүрістен жүріске ауысуы үшін, «аяң», «желіс», «шоқырақ» деген бұйрықтарды үздіксіз қайталай беруі керек, себебі, олар бұған тез дағдыланып әрі үйреніп кетеді.

Бапкердің басқаруымен құнан шығарлар кордта айнала желіп жүруге үйренген соң, күндіз тұратын шашпада, оның арқасына кішкентай терлік салып, оны айылмен бекітіп қояды. Алғашында терліктегі айылды бос тартып қою керек. Кейін құнан шығар арқасы мен беліндегі бөгде затқа үйренген соң, терліктің айылын 5-6 см-ге қатайтып тартып қояды. Олар бұған да тез дағдыланады және үйреніп кетеді. Алғашында құнан шығарды атқорадан шығарып, бірнеше минут шашпа ішінде бапкер оны жетекте жүруге біраз үйретеді. Егер ол жетекке тыныш жүрсе, онда бапкер оны 15-20 минут кордта айналдыра желдіреді. Ара-арасында терліктің қалай тұрғанын тексеріп, қажет болған жағдайда, айылын қатайта тартып қояды. Құнан шығарлар терлікке үйренген соң, екі-үш күннен кейін оған ертоқым салуға

кіріседі. Бірақ ерден оның үзеңгісі мен бауын алып тастайды. Басында айылды қатты тартпай екі-үш минут шашпа ішінде жетектеп жүреді. Сонан соң оның алдыңғы күндердегі жаттығу жұмысы сияқты кордта біраз айналдыра желдіртеді.

Құнан шығарға ертоқым салғанда, кордты айналдыра жүргізгенде - ол ешқандай оғаш мінез көрсетпесе, онда оның үстіне салт мініп және аяңмен жүргізіп көруге болады. Үстіне адамның салт мінгенге дағдыланып үйренген соң, оны шашпадан шығарады. Салт мінген бапкер немесе шабандоз, оның мойнына тағылған қайысты тізгінімен бірге ұстағанда, тізгін сәл бос тұратындай етіп қояды. Үстіндегі салт аттымен шылбырмен жүруге үйренген соң, оны топпен жүруге үйретеді. Ол үшін атқа мінген салт атты адам алдында жүріп отырады. Үстіне бапкер немесе шабандоз мінген құнан шығарларды бір-бірінен үш-төрт метр болатын ара қашықтықта олардың көмекшілері тізгінінен жетектеп алып жүреді. Бұл оны үйрету шараларының негізі болып табылады.

Бапкер мінгенде топпен бірге жетекке тыныш жүре бастаған кезде, көмекші шылбырды ақырындап ағытып тастайды. Олар бір-екі күн 15-20 минут тек аяңмен жүреді, соңында оларды 3-5 минут желуге көшеді. Осылай жүргізілген үш-төрт сабақтан соң ол жаттығуға үйренеді.

Сонан кейінгі жұмысты ашық жерде немесе жаттығу шеңберінде жалғастырады. Оларды 15-20 минут аяңдатып жүргізгеннен кейін, салт атты жолбасшы желіске ауысады, оның соңынан тайлар да желіске көшеді. Әдетте 10-12 күннен кейін құнан шығарлар шаруашылық алаңындағы ашық жерде топпен жүруге дағдыланғаннан кейін, оларды кентерге (шоқырақ шабысқа) үйретеді. Ол бас білдірудегі бұл жаттығуды толық меңгерген соң, олар енді мақсатты жаттығуларға көшіріледі. Негізінен оларға бас білдіру жұмысы бір жарым немесе екі айға созылуы мүмкін.

Жеке тренинг. Шаруашылықта жүргізілетін жеке тренингті жүргізу үшін құнан шығарды (1,5 жас) жарату бөліміне ауыстарлады. Енді оны (1,5-2,0 жас) жүйелі түрде жазықтағы шабысқа жаратуға көшеді. Олардың жарату жұмыстары - қазан айынан мамыр айына дейін созылатын. Енді түрлі міндеттері белгіленген және үш кезеңнен тұратын жарату жоспары жасалады.

I кезең (қазан-қаңтар). Негізгі міндеті: алғашқы координациялық қабілетін дамыту және қалыптастыру, қозғалыс дағдысына үйрету және жетілдіру.

Құнан шығарлардың күнделікті жаратудағы жүктемелері (1,5 жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Еркек		Ұрғашы	
	қазан-қараша		желтоқсан-қаңтар	
Аяң	8-10 мин	6-8 мин	8-10 мин	6-8 мин
Желіс	10-15 мин	15-25 мин	8-12 мин	12-20 мин
Аяң	15-20 мин	5 мин	15-20 мин	5 мин

Кентер (шоқырақ шабыс)	-	1000-1400 м	-	1000-1200 м
Аяң	-	20-25 мин	-	25 мин
Жалпы жұмыс көлемі	5,0-6,0 км	6,0-8,0 км	4,0-5,0 км	6,0-7,0 км

Оларды аптасына бір рет (150-250 м) көсілте шабысқа шаптырып тұрады.

II кезең (ақпан-наурыз). Негізгі міндеті: күш-қуатын және жалпы төзімділігін арттыру, бұлшық еттерін нығайту, физиологиялық жүйе қызметін жетілдіру, организмді ұзағырақ әрі қарқынды жұмысқа дайындау.

Құнан шығарлардың күнделікті жаратудағы жүктемелері (1,5 жас)

Аллорі (жүріс түрі)	Еркек		Ұрғашы	
	ақпан	наурыз	ақпан	наурыз
Аяң	5-8 мин	5-8 мин	5-8 мин	5-8 мин
Желіс	10-15 мин	10-15 мин	10-12 мин	10-12 мин
Аяң	5 мин	5 мин	5 мин	5 мин
Кентер (шоқырақ шабыс)	1400-1600 м	1500-1800 м	1200-1400 м	1400-1600 м
Аяң	20-25 мин	20-25 мин	20-25 мин	20-25 мин
Жалпы жұмыс көлемі	7,0-8,0 км	7,0-9,0 км	6,0-7,0 км	6,0-8,0 км

Оларды аптасына бір рет (200-250 м) қатты шабысқа шаптырып тұрады.

III кезең (сәуір-мамыр). Негізгі міндеті: жылдамдығы мен қарқындылығын және арнайы шыдамдылығының тұрақтылығын арттыру.

Құнандардың сәуір-мамыр айындағы күнделікті жаттығу жүктемелері (екі жас)

Аллорі (жүріс түрі)	Еркек	Ұрғашы
Аяң	5-8 мин	5-8 мин
Желіс	10-15 мин	10-12 мин
Аяң	5 мин	5 мин
Кентер (шоқырақ шабыс)	1600-2000 м	1500-1800 м
Аяң	20-25 мин	20-25 мин
Жалпы жұмыс көлемі	7,0-9,0 км	7,0-8,0 км

Осы кездерде шаруашылықтағы құнандарды аптасына бір рет (500-1000 м) көсілте, қатты, ағынды немесе қарқынды шабыстарға шаптырып тұрады.

Ипподромдық тренинг

Шаруашылықта зауыттық тренингтен өткен және болашағынан үміт күттіретін спорт бағытындағы мініс жылқысының құнандары (екі жасар), ипподромда жылда өткізілетін жазықтағы ат шабысы жарысының маусымына қатысады. Осы жарыс кезеңінде құнандарға арналған ипподромдық сынау жұмыстары жүргізіледі (мамыр-қыркүйек).

Құнандар тренингісі. Ипподромдағы сынақ кезеңінде жазықтағы мініс бағытындағы шабыс атының аллюріне түсетін жүктеменің көлемі 2,0-2,5 км, ені 10,0-12,0 м, ал шоқырақ шабысы (кентер) 1500-2000 метрден кем болмауы тиіс. Ал ипподромдағы жүлде үшін болатын жарыс алдында құнандарға ұшырта шабуды бір күн бұрын өткізеді. Бұл құнандарды шаруашылықтағы қарқынды жаратудан кейін, ат шабысының жарысы алдында күш жиюына мүмкіндік береді. Ал, жүлде үшін болған жарыстан соң құнандарды екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету). Тек үш-төрт күннен кейін оларға жеңіл жарату жұмысы ғана жүргізіледі (аяңдату, желдірту). Құнандар үшін жарысқа қатысу саны орташа алғанда айына бір жарым рет қана болуы керек. Олардың жарыс арасында болатын үзілісі екі аптадан кем болмауға тиіс.

Ипподромдағы сынаудың және ат жарысының маусымы аяқталған соң, құнандар өз шаруашылығына қайтарылады. Сынаққа қатысқан құнандар мен байталшалар (2,0-2,5 жас) белсенді түрде белгілі бір ереже мен тәртіп бойынша демалады. Оларды күн сайын екі-үш сағатқа левадаға немесе паддокқа шығарады. Мұнда құнандарға 1,0-1,5 ай бойы белсенді демалыс жүргізіледі. Содан кейін келесі жылы өткізілетін ат жарысы маусымындағы дөнендерге арналған ат спортының жазықтағы шабыс жарысына дайындауды бастайды.

Дөнендер тренингісі. Құнан (екі жас) кезінде ипподромдық сынаққа қатысқан дөнен шығарға (2,5 жас), екі айға созылатын белсенді демалыстан кейін, дөненге арналған арнайы тренинг жүргізіледі. Осының алдындағы жарату мен сынақтар кезінде, олардың мінез-құлықтары, жарату жүктемесін көтеруінің физиологиялық мүмкіндігі, сөре және мәредегі спринтерлік қабілеті және басқа да жеке қасиеттері анықталады. Жаратушы бапкер жылқының осы байқалған мінез-құлығы мен жеке қасиетін, келесі жылдық жарату циклі мен бұдан кейінгі болатын сынаққа дайындауда міндетті түрде ескеруі тиіс.

Мініс жылқысының дөнен шығар кезіндегі (2,5 жас) жоспарлы түрде жаратуға кіріспес бұрын шаруашылықтың мал дәрігері оған бақылау мен клиникалық тексеру жүргізеді. Оның жүрек-қан тамырларын, тыныс алу, ас қорыту жүйелерін және қозғалыс аппараттарының жай-күйі мен денсаулығына баға береді. Қажет болған жағдайда олардың алдын алу және емдеу шараларын тағайындайды. Мал дәрігерлік тексерудің негізінде және жылқының жалпы күйіне байланысты (еттілігі, семіздігі және т.б.) жат-

тықтырушы бапкер оның жарату кезеңінің жалпы жылдық жоспарын жасайды.

Ипподромдық сынаққа дөнен шығарларды дайындау мерзімі (қазан-мамыр) белгілі бір бағытталған міндеттен тұратын үш кезеңге бөлінеді.

I кезең (қазан-қаңтар). Негізгі міндеті: күш-қуаты мен төзімділігін арттыру. Бұған оларды шаруашылықтағы жолдары балшықты жермен, қалың қармен жүргізе отырып жарату арқылы қол жеткізуге болады. Бұл кезеңдегі дөнен шығар мен дөненнің негізгі жүріс түрінің аллюрі - аяң мен желіс.

Дөнен шығарлардың күнделікті жаратудағы жүктемелері (2,5 жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Еркек	Ұрғашы
Аяң	6-8 мин	6-8 мин
Желіс	20-25 мин	15-20 мин
Аяң	20-25 мин	20-25 мин
Жалпы жұмыс көлемі	7,0-12,0 км	6,0-9,0 км

Қаңтар айының ортасында немесе аяғында тренингтегі дөнен шығарларды шоқырақ шабыспен (кентер) жаратады, ал желуді азайтады.

II кезең (ақпан-наурыз). Негізгі міндеті: күш-қуаты мен төзімділігін одан әрі арттыру, организмін бұдан да қарқынды жүктемеге дайындау.

Дөнендердің күнделікті жаратудағы жүктемелері (үш жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Еркек		Ұрғашы	
	ақпан	наурыз	ақпан	наурыз
Аяң	6-8 мин	6-8 мин	6-8 мин	6-8 мин
Желіс	15-20 мин	15-20 мин	12-15 мин	12-15 мин
Аяң	5 мин	5 мин	5 мин	5 мин
Кентер (шоқырақ шабыс)	2-3 км	2,5-3,5 км	1,5-2,5 км	2-3 км
Аяң	20-25 мин	20-25 мин	20-25 мин	20-25 мин
Жалпы жұмыс көлемі	8,0-10,0 км	10,0-12,0 км	7,0-9,0 км	8,0-10,0 км

Тренингтегі дөнендерге наурыз айында аптасына бір-екі рет 300-400 метр қашықтыққа жеңіл көсілте шабыс жасап тұру керек.

III кезең (сәуір-мамыр). Негізгі міндеті: жылдамдығы мен арнайы шыдамдылығын дамыту, бұл қабілеттерін жаттықтыру арқылы тұрақтандыру.

Дөнендердің күнделікті жаратудағы жүктемелері (үш жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Еркек		Ұрғашы	
	сәуір	мамыр	сәуір	мамыр
Аяң	6-8 мин	5-8 мин	6-8 мин	5-8 мин

Желіс	15-20 мин	10-15 мин	12-15 мин	10-12 мин
Аяң	5 мин	5 мин	5 мин	5 мин
Кентер (шоқырақ шабыс)	2,6-3,6 км	2,4-3,2 км	2,2-3,2 км	1,8-2,8 км
Аяң	20-25 мин	20-25 мин	20-25 мин	20-25 мин
Жалпы жұмыс көлемі	9,0-11,0 км	8,0-10,0 км	7,0-9,0 км	7,0-8,0 км

Тренингтегі дөнендерді сәуірде аптасына бір-екі рет 500-1000 метр қашықтыққа көсілте және ұшырта шабыс жасап тұру керек.

Жарыс кезеңі (мамыр-қыркүйек). Бұл кезеңде дөненнің күнделікті жаттығу жүктемесінің көлемі желіске - 2,5-3,0 км, шоқыраққа (кентер) - 2,0-3,0 км. Дөнендер айына екі рет жарысқа қатысуы тиіс. Қарқынды жаратудан кейін оларға үш-бес күн демалыс беріледі. Оларды ұшырта шабу қашықтығы 1,0-2,0 км. Жарыс маусымының басында ұшырта шабудың қашықтығы - 500 метр. Шағын қашықтыққа дөнендерді ұшырта шабу екі-үш күн қатарынан болады.

Дөненнің жылдамдығы мен шыдамдылығын арттыру, негізгі кезеңде оларды біршама ұзақ қашықтыққа (1500-2000 м) ұшырта шабу арасында үзілісі бар қарқынды жүктемемен араластыра отырып жүргізіледі. Үзілісті жарату шабыс маусымында екі-үш рет ат жарысына қатысқаннан кейін барып жасалады. Жарыс кезеңіндегі жарату үрдісін жоспарлағанда, әр ат шабысынан кейін жүйелі түрде белсенді демалыс беріледі.

Дөнендердің екі жарыс аралығындағы үзілісті жаратудың кестесі (үш жас)

Күндері	Аллюрі (жүріс түрі)
1-3 күн	Жүлде үшін болған жарыстан кейін аяңдатып қыдырту
4-6 күн	Аяң мен желістен тұратын жарату
7-8 күн	Аяң, желіс, шоқырақ шабудан (кентер) тұратын жарату
9 күн	Үзілісті жарату: 250-300 м қашықтыққа ұшырта шабу 1200 м-ге кентер
10-11 күн	Аяң, желіс, шоқырақ шабудан (кентер) тұратын жарату
12 күн	Үзілісті жарату: 250-300 м қашықтыққа ұшырта шабу, 1200 м қашықтыққа шоқырақ шабыс (кентер), 400 м қашықтыққа қатты шабу, 3-4 минут аяңмен және желіп жүру, 400 м қашықтыққа қатты шабу
13-күн	Аяңдатып жүргізу
14-күн	Жүлде үшін болатын ат шабысының жарысына қатысу

Шаруашылықтағы жаратушы бапкер дөненнің әрқайсысының жалпы жағдайын мұқият қадағалап отырады. Жылқы жемшөп жемей тұрса немесе

болдырғандай белгі білдірсе, дереу мал дәрігерін шақырып, оның денсаулығын тексертуі қажет. Егер жылқының денсаулығының сау екені анықталса, оны бес-алты күнге немесе бір аптаға белсенді түрде тәртіп бойынша демалдырады.

Ересек жылқылар тренингісі. Ересек жылқы (төрт жас және жоғары) шабыс маусымындағы жылда өткізілетін ипподромдағы - жақын, орта және алыс қашықтықтағы (1200-4000 м) жарысқа қатысады. Жалпы жоспар олардың өткен жылғы ат шабысында анықталған «*фляйерлік*» немесе «*стайерлік*» қабілеттері яғни қашықтыққа байланысты ұшқырлығы немесе шабысы ескеріле отырып жасалады. Ересек жылқыны жақын немесе орташа (2000-2400 м) қашықтықтағы жарысқа дайындау мақсат етілсе, онда оның тренингісі дөненді жарату тренингісінен онша айырмашылығы болмайды. Егер оны ұзақ қашықтыққа шабуға дайындайтын болса, онда оның жарату барысындағы жүктеме мөлшерінің мүмкіндігін едәуір ұлғайтады.

Ересек жылқысының дайындық маусымы қазан айынан басталып мамыр айына дейін созылады да, өз кезегінде үш кезеңнен тұрады.

I кезең (қазан-қаңтар). Негізгі міндеті: қалыптасқан жылдамдығы мен арнайы шыдамдылығын шыңдау. Жылқыны жаратуды, ойлы-қырлы және басқа да қиын жерлерде өткізген дұрыс. Жүріс түрі «*аяң*» мен «*желіс*». Қаңтар айының аяғында желуді азайтып, шоқырақ (кентер) шабысқа ауыстырады.

II кезең (ақпан-наурыз). Негізгі міндеті: жылдамдығы мен арнайы шыдамдылығын одан әрі дамыту, организмін ауырлау жүктеме жұмысына дайындайды. Ақпан айының екінші жартысынан бастап ересек жылқыны сар желіске салады, оның ара қашықтықтығын 1800-2000 метрге дейін жеткізеді. Ересек жылқылар шоқырақ (кентер) шабу реприздері аралығында 5-6 минут ақырын желдіртеді. Оларға арналған мұндай жаратулар наурыз айында да жасалады. Екі репризді шоқырақ шабу (кентер) жұмысын істеу олардың жалпы төзімділігінің дамуының шыңдала түсуіне ықпал етеді.

III кезең (сәуір-мамыр). Негізгі міндеті: жылдамдығын арттыру. Бұған оларды аптасына бір-екі рет 500-1500 метрге ұшырта шабу арқылы қол жеткізіледі. Наурыздың екінші жартысынан бастап оларға 200-250 метрге қатты шабу мен 500-1000 метрге жеңіл көсілте шабулар жасалады. Оларды аптасына бір рет 1000 метр қашықтыққа көсілте және 500-1000 метр қашықтыққа ұшырта шаптырады. Бұл мамыр айында - 1500 метрге ұзартылады. Жарысқа қатысар алдында (соңғы 12-15 күн қалғанда) 300-400 метр қашықтыққа үш-төрт рет ұшырта шабудан тұратын бір-екі үзілісті жарату жасалады.

Жарыс кезеңі: (мамыр-қыркүйек). Ипподромда өткізілетін ересек жылқысына арналған жарыс маусымындағы жаратуды жоспарлауда төрт және одан жоғары жастағы ересек жылқылардың қандай яғни орташа немесе алыс қашықтыққа (2000-4000 м.) жарысатынын міндетті түрде ескеру қажет.

Ересек жылқыларды күнделікті жарату жүктемелері (төрт жас және жоғары)

Аллүрі (жүріс түрі)	Айғырлар					
	қазан	қаңтар	ақпан	сәуір	наурыз	мамыр
Аяң	6-8 мин	6-8 мин	6-8 мин	6-8 мин	6-8 мин	6-8 мин
Желіс	20-30 мин	20-30 мин	15-20 мин	15-20 мин	15-20 мин	10-15 мин
Аяң	20-25 мин	20-25 мин	5 мин	5 мин	5 мин	5 мин
Кентер			2,4-3,2 км	2,8-4,0 км	3-4 км	2,6-3,6 км
Аяң			20-25 мин	25-30 мин	20-25 мин	20-30 мин
Көлемі	7,0-12,0 км	7,0-12,0 км	9,0-12,0 км	10,0-12,0 км	10,0-13,0 км	8,0-10,0 км

Бақылау сұрақтары: «Тренинг» - деген термин нені білдіреді. Мініс жылқысына тренинг жүргізудің негізгі мақсаты. Мініс жылқысының тренингісі қалай бөлінеді. Зауыттық тренинг дегеніміз не. Зауыттық тренинг қайда жүргізіледі. Зауыттық тренинг қалай бөлінеді. Зауыттық тренинг жылқының қай жастарында жүргізіледі. Спорт бағытында өсірілетін жылқының құлынын енесінен қанша жасында айырады. Құлынды енесінен айыру тәсілі. Топты тренинг дегеніміз не. Топты тренинг жылқының қай жастарында жүргізіледі. Жылқыға бас білдіру немесе бастықтыру дегеніміз не. Жылқыға бас білдіру оның қай жасында жүргізіледі. Жеке тренинг дегеніміз не. Жеке тренинг жылқының қай жастарында жүргізіледі. Ипподромдық тренинг дегеніміз не. Ипподромдық тренингтің жүргізілу мақсаты неде. Ол қайда және қай жасында жүргізіледі. Ипподромдық сынау дегеніміз не және оның мақсаты неде.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді мініс жылқыларының тренингісімен, оларды жазықтағы шабысқа дайындау негізімен таныстыру.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін жылқы зауыты мен басқа шаруашылықтарға, ипподром мен ат спорты жоғарғы мектебіне қосымша экскурсия ұйымдастыру қажет. Тәжірибелік оқу барысында студенттер жылқының мініс бағытындағы жылқылардың шаруашылықта жүргізілетін зауыттық тренингісімен және оның ипподромдық тренингісімен және ипподромда сынау мен және онда жүргізілетін атшабысына қатысу тәртібімен танысады.

Тапсырма:

1. Мініс жылқысының зауыттық және ипподромдық тренингісімен және ат спортының жазықтағы атшабысына дайындау жұмыстарына талдау жасау.

2. Мініс жылқысының зауыттық және ипподромдық тренингісіне қатысты атауларын оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазып алу.

Тест сұрақтары:

\$\$ 147. Шабыс аллюрі дегеніміз не?

- A) бұл жылқы аяқтарының жерге тию мезгілінің үш кезеңі, олар бір-екі, үш-бір және үш екпінді қозғалыстан болатын бір тірексіз өтетін фазадағы кезеңі
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) атшы
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 148. Мініс жылқысының қарқындылығы қалай анықталады?

- A) ипподромдағы сынау атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) жазықтағы өккізілетін ат шабысы
- D) мамыр – қыркүйек айларында
- E) шабыс атының әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 149. Мініс жылқысы ипподромдағы сынауға қанша жасында қатысады?

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) жазықтағы ат шабысы
- D) мамыр – қыркүйек айларында
- E) шабыс атының әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 150. Мініс жылқысының атжарысы дегеніміз не?

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) жазықтағы ат шабысы
- D) мамыр – қыркүйек айларында
- E) шабыс атының әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$151. Ипподромдағы шабыс маусымы.

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) жазықтағы ат шабысы
- D) мамыр-қыркүйек айларында
- E) шабыс атының әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 152. Ат шабысы не үшін жүргізіледі?

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) жазықтағы ат шабысы
- D) мамыр-қыркүйек айларында
- E) шабыс атының әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 153. Мініс жылқысына не үшін тренинг жүргізеді?

- A) ат спортына жазықтағы шабыс атын өсіруге
- B) шабыс аллюрін жетілдіру
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 154. Мініс жылқысының тренингісінің мақсаты.

- A) ат спортына жазықтағы шабыс атын өсіруге
- B) шабыс аллюрін жетілдіру
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 155. Мініс жылқысының тренингісі қалай бөлінеді?

- A) ат спортына жазықтағы шабыс атын өсіруге
- B) шабыс аллюрін жетілдіру
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 156. Мініс жылқысының зауыттық тренингісі қайда жүргізіледі?

- A) ат спортына жазықтағы шабыс атын өсіруге
- B) шабыс аллюрін жетілдіру
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 157. Мініс жылқысының ипподромдық тренингісі қайда жүргізіледі?

- A) ат спортына жазықтағы шабыс атын өсіруге
- B) шабыс аллюрін жетілдіру
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 158. Мініс жылқысының зауыттық тренингісінің мақсаты.

- A) мініс жылқысын шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бас біліру немесе бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 159. Мініс жылқысының зауыттық тренингісі қалай бөлінеді?

- A) мініс жылқысын шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке**
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бас біліру немесе бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 160. Мініс бағытындағы жылқысының топты тренингісі дегеніміз не?

- A) мініс жылқысын шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке**
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бас біліру немесе бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 161. Мініс бағытындағы жылқысын бас білдіру дегеніміз не?

- A) мініс жылқысын шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке**
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бас біліру немесе бастықтыру**
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 162. Мініс бағытындағы жылқысының жеке тренингісі дегеніміз не?

- A) мініс жылқысын шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке**
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бас біліру немесе бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру**

\$\$ 163. Мініс бағытындағы жылқысының зауыттық тренингісі қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін**
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жасында

\$\$ 164. Мініс бағытындағы жылқысының ипподромдық тренингісі қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін
- B) екі жасында**
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жасында

\$\$ 165. Мініс бағытындағы жылқысының топты тренингісі қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жасында

\$\$ 166. Мініс бағытындағы жылқысын бас білдіру қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жасында

\$\$ 167. Мініс бағытындағы жылқысының жеке тренингісі қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жасында

\$\$ 168. Мініс бағытындағы жылқысының жеке тренингісінің мақсаты.

- A) жүгенге, ер-тоқымға, жетектеуге, мініске және аллюр түрлеріне үйрету
- B) 1, 11 және 111 (үш кезеңге)
- C) алғашқы координациялық қабілетін дамыту және қалыптастыру, қозғалыс дағдысына үйрету
- D) күш-қуатын және жалпы төзімділігін арттыру, бұлшық еттерін нығайту, жұмысқа дайындау
- E) жылдамдығы мен қарқындылығын және арнайы шыдамдылық тұрақтылығын арттыру

\$\$ 169. Мініс бағытындағы жылқысының жеке тренингісінің кезеңі.

- A) жүгенге, ер-тоқымға, жетектеуге, мініске және аллюр түрлеріне үйрету
- B) 1, 11 және 111 (үш кезеңге)
- C) алғашқы координациялық қабілетін дамыту және қалыптастыру, қозғалыс дағдысына үйрету
- D) физиологиялық жүйе қызметін жетілдіру, организмді қарқынды жұмысқа дайындау
- E) жылдамдығы мен қарқындылығын және арнайы шыдамдылық тұрақтылығын арттыру

\$\$ 170. Мініс бағытындағы жылқыға ипподромдық тренинг қай жасында жүргізіледі?

A) екі жасында

B) жынысына байланысты (құнан, байталша)

C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін

D) көлемі 2,0-2,5 км, ені 10,0-12,0 м, ал шоқырақ шабысы (кентер) 1500-2000 метр

E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

\$\$ 171. Мініс бағытындағы жылқыға ипподромдық тренинг қалай жүргізіледі?

A) екі жасында

B) жынысына байланысты (құнан, байталша)

C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін

D) көлемі 2,0-2,5 км, ені 10,0-12,0 м, ал шоқырақ шабысы (кентер) 1500-2000 метр

E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

\$\$ 172. Мініс бағытындағы жылқыға жүргізілетін ипподромдық тренингтің мақсаты

A) екі жасында

B) жынысына байланысты (құнан, байталша)

C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін

D) көлемі 2,0-2,5 км, ені 10,0-12,0 м, ал шоқырақ шабысы (кентер) 1500-2000 метр

E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

\$\$ 173. Мініс бағытындағы шабыс атының аллюріне түсетін жүктеме.

A) екі жасында

B) жынысына байланысты (құнан, байталша)

C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін

D) көлемі 2,0-2,5 км, ені 10,0-12,0 м, ал шоқырақ шабысы (кентер) 1500-2000 метр

E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

\$\$ 174. Жүлде үшін болған жарыстан соң құнан мен байталшаны қалай демалдырады?

A) екі жасында

B) жынысына байланысты (құнан, байталша)

- С) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін
- D) көлемі 2,0-2,5 км, ені 10,0-12,0 м, ал шоқырақ шабысы (кентер) 1500-2000 метр
- Е) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

§§ 175. Мініс жылқысының дөнендер тренингісінің мақсаты.

- A) мініс бағытындағы жылқыларға арналған жазықтағы шабыс ат жарысына қатысу үшін
- B) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру
- С) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру, организмін бұдан да қарқынды жүктемеге дайындау
- D) жылдамдығы мен шыдамдылығын дамыту, бұл қабілетін тұрақтандыру
- Е) қарқындылығын жоғарлату

§§ 176. Мініс бағытындағы дөнендердің жарыс кезеңінің міндеті.

- A) мініс бағытындағы жылқыларға арналған жазықтағы шабыс атжарысына қатысу үшін
- B) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру
- С) күш-қуаты мен төзімділігін одан әрі арттыру, организмін қарқынды жүктемеге дайындау
- D) жылдамдығы мен арнайы шыдамдылығын дамыту, бұл қабілеттерін тұрақтандыру
- Е) қарқындылығын жоғарлату

§§ 177. Мініс бағытындағы ересек жылқылардың жарыс кезеңінің міндеті.

- A) мініс бағытындағы жылқыларға арналған жазықтағы атшабысына қатысу үшін
- B) қалыптасқан жылдамдығы мен арнайы шыдамдылығын шыңдау
- С) жылдамдығы мен шыдамдылығын дамыту, организмін ауырлау жүктемеге дайындайды
- D) жылдамдығын арттыру
- Е) қарқындылығын арттыру

ЖЫЛҚЫНЫ КЕДЕРГІДЕН ҚАРҒУҒА ДАЙЫНДАУ

*«Құнан – атқа жеткізер,
Ат – мұратқа жеткізер»*

Қарғуға дайындаудың негізі

Еуропалық, Азиялық және Америкалық елдерінің барлық ипподромында кедергілерден қарғу атсайысының жарыстары өткізіліп тұрады. Мініс жылқысын пайдалану арқылы кедергіден қарғу - бұл ат спортының ерекше бір күрделі әрі арнайы жаттығу мен дайындықты қажет ететін қиын түрі. Сонымен бірге жылқы мен шабандоздың бірігіп орындайтын өнер туындысының тартымды көрнісі. Бұған жазықтағы кедергілік қарғу (барьерная), стипль-чез және кедергілерден секіру (конкур) атсайыс жарыстары жатады.

Жарыста алынған *«жеңіске»* тек шабандоз ғана ие болады. Бұл үшін оған жүйрік ат қана емес, үлкен жылдамдықпен шауып келе жатып алуан түрлі кедергілерден қарғуға немесе секіруге жақсы дағдыланған және жаттықтырылған әрі арнайы дайындалған жылқы болуы қажет.

Ат спортының сайысына байланысты кедергінің бірнеше түрі бар. Сонымен бірге олардың жүргізілетін жолдары мен тәртібі әр түрлі болып келеді. Спорт атының қарғитын немесе секіретін кедергілері әр түрлі биіктікке бір немесе екі қатарластырыла құрылады. Олардың ұзындығы мен ені атсайысының түрі мен күрделігіне байланысты болып келеді. Мәселен, олар ілінген сырғауыл мен бөрене, арнайы өсірілген тал-шілік пен шыбықтар, шөпшек пен бұтадан өрілген қоршаулар, қазылған ор, құрылған немесе үйме дуал, қақпа, қаланған кірпіштер, қорған, су толтырылған шұңқыр, шыталар, тоқылған жасыл шыбықтар және т. б.

Ат спортының бұл кәсібилік түріне жататын басқа да кедергіден қарғу немесе секіру жарыстары бар. Мәселен, жазықтағы кедергілік қарғу (барьерная) атшабысы. Оның бақа кедергіден қарғудан айырмашылығы, бұл ойындар ипподромдағы шабыс алаңындағы тік жолында өткізіледі.

Бұл үшін жарысқа қатысатын мініс атының ипподромдағы шабыс жолына бір типтегі арнайы ағаш сырғауылдан дайындалған кедергілер орнатылады. Сол себепті оларды *«конкур»* деп те атайды. Мұнда ат жарысына қатысқан шабыс атының жылдамдығы мен кедергіден қарғу және секіру тазалығы бағаланады.

Ат спортының кәсібилік түріне жататын стипль-чез атсайысының жарысы арнайы дайындалған және ұйымдастырылған трассада өткізіледі. Бұл үшін жарысқа қатысатын мініс аты мен шабандоздың жарыс өткізілетін шабыс жолына әр типтегі арнайы дайындалған кедергілер орнатылады.

Мәселен, ол шөпшекпен толтырылған ағаш рамасын білдіретін «хердель» деп аталатын кедергілер. Хердель стипль-чез жарысына қатысатын атының шабыс жолына оның бағытына байланысты құрылады. Сондағы орнатылған кедергінің орташа биіктігі 100-120 см-ден аспауы қажет.

Ал спортының классикалық түріне жататын конкур – бұл арнайы құрылған ашық алаңда немесе жабық манежда өткізіледі. Сондағы қойылатын кедергінің саны атсайысының ережесі мен тәртібіне және оның түрі мен ұйымдастыру тәртібіне байланысты болып келеді. Кедергіден қарғу немесе секіру (конкур) ат жарысына шаруашылықта жүргізілетін арнайы зауыттық тренингтен өткен және үш жасқа толған, ал стипль-чезге төрт жасқа толық жеткен салт мініс ересек айғырлар ғана қатысады. Ал, Үлкен Парадубицкий мен Үлкен Ливерпульдің трассасындағы стипль-чез атсайыс жарысына тек алты жасқа толған немесе одан жоғары жастағы арнайы дайындалған таза қанды салт мініс немесе жартылай қанды салт мініс сақа жылқылардың айғырлары қатысады.

Қарғу принциптері

Кедергіден қарғу немесе секіру қимылының қажетті нәтижесіне жету үшін, спорт жылқысының организмінде қозғалысқа тәуелді әр түрлі функциональдық жүйелер қалыптасады. Бұл оның организмне ұзақ мерзімге әсер етеді және көптеген жылдар бойына сақталады. Мысалы, оның тыныс алуы мен қозғалыстың функциональдық жүйелері. Бұл мініс атының салт мінген үстіндегі шабандоздың бұйрығымен, оның берген қандай-да болмасын жекелеген тапсырмасын тез арада орындауға дайын тұруын қалыптастырады. Мәселен, белгілі бір кедергі түрінен секіруге және т.б. Кедергіден қарғу – бұл жылқы организмнің физиологиялық жүйелерінің қарқынды жұмысын орындауды қажет ететін мәні мен маңызы бар мінез-құлқының дайындалуы мен орындалу актісі. Жылқының кедергіден секіру кезеңінде, оның қозғалыс мүшесінде күрделі биохимиялық серпіліс болады.

Жылқы кедергіні көргенде басын төмен түсіріңкіреді, ал тұлғасы созылыңқырай бастайды. Содан кейін кедергіге жақындағанда яғни кедергі түбіндегі қарғу алдында бойы түгел «*жинақталады*», яғни секіруге қажетті қимылды қабылдайды. Бұл оның жоғары дәрежелік деңгейде күшті серпіліс қимылын жасауға итермелейді. Осыған лайықты секірудің ауада ұшу траекториясына қажетті қозғалыс қимылын жасауға мәжбүр етеді. Сол мезетте оның алғашында төмен түсіп тұрған басы, тез арада жоғары көтеріледі. Алдыңғы аяқтары жоғары итеріле көтеріледі және иық белдігімен қосыла жоғарыға серпіле ұмтылады. Ал, артқы аяқтары денесінің тұлғасына сай тез жазылады да, жерден алға яғни жоғары қарай итеріле ырғи қозғалады.

Итерілу фазасы – бұл оның организміндегі барлық энергияның жарылысы және өте күрделі процесс. Себебі мұнда жылқының қозғалыс аппаратының бүкіл қозғалысының негізгі қимылының қосылыстары қаты-

сады. Қозғалыс кезінде жылқының салмағы, секіру кезінде болатын келесі барлық фазасының нәтижесінде орындалады. Сонымен бірге кинетикалық энергияның өзіне қажетті қорын қабылдайды. Жылқы өзінің барлық төрт аяғымен жерден қалай тік жоғары көтеріле салысымен, оның кинетикалық энергиясының қоры шығындалады және оны басқа жағынан толықтыруға болмайды. Кинетикалық энергиясының қоры, оның биохимиялық күштенуінің анық таралуының жолын нақтылы жұмсау барысындағы маңызды құбылыс. Кедергіден өту кезеңінде жылқының иық белдігінің бірінші тасымалдануы себепті, оның жамбас белдігі кішкене төмендеу тұрады. Сондықтан жылқының сол траекториядағы қозғалысын жалғастырудың қажеті шамалы. Себебі, оның салмағының жерден жоғары көтеріле ұшу немесе ауада самғау кезеңіндегі салмағына қарағанда энергиясы көп шығындалады. Сол мезетте жылқының иық белдігі оның көлденең ұшу процесіне ауысады, содан барып ол алдыңғы аяғын лақтыра сермейді және басын төмен түсіре алға ұмтылады.

Жылқының жерден толық барлық денесінің салмағымен көтерілуі, оның механикалық ұғымдағы жабық жүйесінің процесін көрсетеді. Жылқының қозғалыс импульсі - оның күштенуінің пайда болу нәтижесінде болатын, тек ішкі бөлігіндегі қайта бөлінуінен ғана ала-алады. Сонымен, жылқының кедергіден қарғуы үшін жерден секіргендегі денесінің салмағының орталығы, мәселен, ол секіру кезінде жерден 130 см деңгейіне дейін көтерілгенде, онда ол кедергінің 30-40 см үстіңгі аумағынан ғана ұшып өте алады екен.

Жылқының кедергіден қарғуы немесе секіріп өтуі – бұл өте күрделі орындалатын процесс. Біріншіден көп компонентті, екіншіден циклды және көп фазалы болады. Бұларды ұйымдастыру үшін олардың тез болатын тікелей орталық нерв жүйесінен бұлшық еттері мен қайту бұлшық еттерінен орталық нерв жүйесіне байланысының басқару жүйесін жетілдіруді қажет етеді. Себебі, бұл оның бір фазасынан келесісіне өтудегі сапасының негізін құрайды.

Жылқының кедергіден өтуге ұмтылу дағдысының қозғалысын жетілдіру, оның секірудегі функциональдық жүйесін нығайтуға мүмкіндік береді. Және мұндағы секіруге дайындау сатыларында шешуші рөл атқарады. Себебі жылқының орталық нерв жүйесінде мұның бағдарламасы жасалып шығады. Бұл жылқыны шпрингартеннен (сырғауыл) және кордта секіруге мүмкіндік береді. Оның кедергілерге жақындағанда жан-жағын байқап үлгеруін және еркін қозғалуын жұмсақ басқаруға жақсы жағдай туғызады. Кедергілерден қарғу немесе секіру кезіндегі жылқы денесінің әр мүшесінің барлық қозғалысы әрқашанда қатаң үйлестірген және дұрыс бағытталған болуға тиіс. Оның қозғалысының рефлекторлық үйлесімділігін анық байқау үшін, барлық секіру қимылына талдау жасау қажет. Жылқының кедергілерден секіру қозғалысын орындау сипаты мен рефлекторлық үйлесімділігінің ерекшелігі ескеріле отырып, бұл төрт фазаға бөлінеді, олар: екпін, тебіну, ауада ұшу, жерге түсу.

Екпін фазасы (жақындау). Жылқы кедергіге жақындап келгенде (екпіндеп) 3-4 шапшаңдықтан кейін барлық денесімен біршама жинақталады. Ол, бұл фазадағы секіруге дайындалады, шабысының соңғы шапшаңдығындағы секіру алдында басы мен мойнын төмен түсіре бастайды. Оның алдыңғы аяқтары тебінудің соңғы нүктесіне қойылады және олар оның денесінің барлық салмағын өзіне қабылдайды. Бұл фазаның ең жауапты кезі – басы мен мойнын төмен июі. Бұл оның алдыңғы және артқы аяқтарына рефлекторлық әсер етуін күшейтеді және оның секіруін қамтамасыз етеді.

Тебіну фазасы. Мұнда жылқының жерден көтерілуі, жылдамдығы мен ауада ұшу бағыты іске асады. Тебіну фазасы міндетті түрде екі итерілуден тұрады және төмен түсірілген басы мен мойнының жоғары ұмтылу кезінен басталады. Жоғары ұмтылу кезі мен алдыңғы аяқтарының жерден көтерілуінің бірге атқарылуы, оның бұлшық еттерінің жиырылуын, сонымен бірге артқы аяқтарының жоғары көтерілуін қамтамасыз етеді. Келесідегі артқы аяқтарындағы секіру және жамбас буындарының тез жазылуы, оның жерден жоғары және алға қарай ұмтыла итерілуіне мүмкіндік туады. Мұнымен қатар жылқы басы мен мойнын алға қарай соза ұмтылады, сондықтан денесінің салмағының ауырлық орталығы алға қарай ауысады. Осы күшті итерілудің нәтижесінде жылқы денесі кедергі үстіндегі траекторияда шарықтайды.

Шарықтау фазасы. Жылқының ұшу фазасының негізгі кезеңі, оның кедергі үстінен шарықтап өтуі мен артқы аяқтарының кедергі үстінен өткендегі бүгілу деңгейіне көп байланысты болында. Ал алдыңғы аяқтарының тізесінің бүгілуі, оның артқы аяқтарының жерден итерілу кезімен бірге басталады және жылқының жерден бөліну кезінде жоғарғы көлемге жетеді. Алдыңғы аяқтары кедергіден толық өткенде, жылқының басы алға қарай қозғалысын жалғастыра береді, ал денесінің алдыңғы бөлігі төмен түсе бастайды. Бұл жағдайда жылқының алдыңғы аяқтарының тізе буынының рефлекторлық жазылуы басталады. Сондықтан оның басы мен мойын және денесінің жоғары көтерілуінің алмасуына байланысты артқы аяқтарының секіру буыны жазылады.

Жерге түсу фазасы. Жылқы кедергіден секіргенде жерге алдымен оның алдыңғы аяғының бірі, содан кейін барып екіншісі де жерге тиеді. Кейде кездесетін күрделі секіру кезінде жылқының алдыңғы аяқтарының тұяғының екеуінің де бірге жерге тиюі мүмкін. Басы мен мойнының жоғары күшті қозғалуы, оның алдыңғы аяқтарының тізесінің жазылу тонусын күшейте түседі. Сондықтан олар денесінің салмағының әсерінен бүгілмейді. Келесі болатын оның басы мен мойнының тез төмен түсуі мен кішкене жоғары қарай серпілісі. Оның алдыңғы аяқтарының жерден алға қарай жылжуын қамтамасыз етеді. Ал артқы аяқтарының тұяқтары олардың орнына қойылады. Бұдан ары қарай жылқы өзінің алға қарай шабу қозғалысын жалғастыра береді.

Қарғуға үйрету

Жылқыны кедергіден қарғуға немесе секіруге үйрету жұмысы үшін, әуелі арнайы екі жағы қоршалған жол – шпрингартен орнату қажет. Мұндай құрылыс жылқы тұратын ат қорадан алыс болмауы керек және ол металл трубадан немесе ағаштан жасалған сырғауылдан тұрады.

Шпрингартеннің жолының кеңдігі 3,5 метр, ал қоршаудың ішкі және сыртқы пішінінің биіктігі 2,0-2,5 метрден кем болмауы қажет. Оның қабырғасының ұзындығы 40-50 метр, сондағы бұрылысы 25-30 метр. Шпрингартеннің қоршауын үш қатардан құрылған ағаш сырғауылдан немесе металл трубасынан жасайды. Оның ең астыңғы қатарының жерден биіктігі 90-100 см. Ал шпрингартеннің қалған қатарларының аралығы 50-60 см-дей бола береді.

Егер шпрингартенді ұзақ мерзімге пайдаланатын болса, онда оның жолына ағаш ұнтағын сеуіп жаймалап қояды. Сонымен бірге оның үстіне қалыңдығы 10-15 см болатын ірілеу құм сеуіп қояды. Шпрингартеннің айналмасына ішке қарай 5-8 градуске еңкіш келген шұғыл бұрылыс жасау тиімді. Ал, қыс мезгілінде манежге тек бір реттік жаттығуға арналған шпрингартен құрып қоюға болады. Ол көлеміне байланысы үлкен (20x60 метр) және кіші (10-20 метр) болады.

Шпрингартен жеңіл ағаш сырғауылынан немесе кішкене жалауша ілінген жуан арқандардан құрыла береді. Мұндай шпрингартенде де жылқылар бұрынғыдай жаттыға береді. Шпрингартеннен секіртудің дайындық жұмысын жүргізу үшін, жылқыны екі адам яғни бапкер мен шабандоз ұзын шылбырмен оның қабырғасының бойымен және бұрылысқа дейін жетектеп жүріп дағдыландырады. Сонда мұндай көріністегі күнде қайталанатын жаттығу сабағына жылқы тез дағдыланады әрі үйренеді.

Бірінші жаттығу сабағында жылқыны шпрингартеннің тек ұзын дәлізімен жетелеп жүріп таныстырады. Бұл үшін ноктасына екі жағынан ұзын шылбыр байланған атты жетектеп, дәлізбен бір-екі рет айналдыра шеңбер жасайды. Содан барып оны бір бағытта немесе қарама-қарсы бағытқа еркіне жібереді. Егер ат шаба жөнелсе, онда оны бір қалыпты жайбарақат дауыспен: «жел» - деп бірнеше рет бұйрық бере отырып тыныштандырады.

Әншейінде жылқылар «шабыс» аллюрімен бір-екі шеңбер жасаған соң, өздері-ақ «желіс» аллюріне ауысады. Осындай тәсілмен жылқыны 5-6 минут жаттықтырғаннан кейін, бапкер оның жаттығу барысындағы аллюрінің жүріс бағытын ауыстырады.

Екінші жаттығу сабағында жылқыны кедергімен таныстыру мақсатында, бір-бірінен ара қашықтығы бірнеше метр жерлерге екі-үш сырғауыл тастайды. Жаттығу сабағын бастар алдында, жаратушы бапкер жылқыны тізгінен жетектей жүріп, оны жерде жатқан сырғауылдардан аттап өтуге мәжбүрлейді. Сонан соң оның басын босатып сол дәлізбен өз еркімен жібе-

реді. Алғашында жылқы жерде жатқан сырғауылдардан өз бетімен секіріп өтпек болады.

Дұрыс жаттыққан жылқы бұған тез дағдыланады әрі жақсы қалыптасады. Келесі жүргізілетін жаттығу сабақтарында жылқы сырғауылдардан ақырындап «аяң» немесе «желіс» аллюрімен аттап өтуге тез үйренеді. Осындай үйретілген үш-төрт жаттықтыру сабақтарынан кейін, жерде жатқан сырғауылдарды 30-40 см-ге көтереді.

Жаттығу сабақтарының алғашында сырғауылдардың ара қашықтығы жеті метрден кем болмауға тиіс, бірақ кейін тапсырманы қиындату мақсатында олардың ара қашықтығын 3,0-3,5 метрге қысқартылады. Осындай ұйымдастырылған бес-алты жаттығу сабағынан кейін, кедергінің биіктігін 70-80 см-ге дейін жеткізеді. Ал олардың аралығы 3,0-3,5 м-ден болатын және үш-төрт сырғауылдан тұратын комбинация жасайды. Мұндай арнайы құрылған комбинацияны «клавишалар» деп атайды.

Жылқыны кедергілерден еркін қарғуға үйрету, оларды бұған дайындалуға және секіруге немесе басқа да артық қимыл жасамауына дағдыландырады. Кедергіден еркін қарғытар немесе секіртер алдында, жаттықтырылып жатқан жылқыны кордта 10-15 минут бой қыздыртып алады. Сонымен бірге бұған қосымша дәлізде оларды «желіс» және «шабыс» аллюрімен қарама-қарсы екі бағытқа бірдей 5-6 рет жүгіртіп бой жаздырады.

Бапкер мен оның көмекшісі жаттығу жұмысын жүргізгенде, жылқының қозғалыс қимылдарын, онымен қатарласа бірге ере және жүгіріп жүру арқылы дағдыландыруы қажет. Кедергілерден секіріп келген жылқыны қарсы алғанда, бапкерге оған оғаш қимыл көрсетпеуі немесе қолды ербеңдетпеу керек. Себебі, бұл оған қорқыныш рефлексінің пайда болуына әкеліп соғады. Бұл жаттығуларды өткізу барысында, барлық жағдайдың тыныш әрі қалыпты жағдайда өткізгені абзал болады. Оған қатты айғайлауға немесе қамшыны шартылдатуға және оғаш қимылдар көрсетуге әсте болмайды.

Жылқылардың кедергіден қарғу және секіруге жаттықтыру жұмысы аяқталғаннан кейін, бапкер немесе оның көмекшісі жылқыны мойны мен арқасынан сипай-қағып қошаметтеу және мадақтау сөздерін қайта-қайта айтулары қажет. Бұған қоса оны қошаметтеу және ризашылығыңды білдіру үшін, оның сүйіп жейтін тәтті-дәмдісімен және қантпен силау керек.

Қарғуға кордта үйрету. Кейбір жағдайда жылқыны кедергіден еркіндікте секіруді кордта жұмыс істеумен алмастырады. Бұл жұмысты бастамас бұрын, оның тізгінінен жетектеп жүріп, жерге арнайы тасталған сырғауылдардан аттатып өткізу арқылы оны таныстырып алады. Сондағы қойылатын кедергілерді манеждың қабырғасын жағалай орнатады. Осылай жылқының біраз бойын қыздырған соң, оны арнайы дайындалған кедергілерге жетектеп әкеліп қарауына және иіскеуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге сырғауылдарды жерге түсіріп тастап, жылқыларды одан екі-үш рет «аяң» аллюрімен аттатып өткізіп алған жөн. Содан кейін барып сырғауылдарды 30-40 см биіктікте орнатады да, жылқыны кедергінің алдында еркіндікке жібереді.

Жылқы кедергінің қасынан еркін желіп екі-үш шеңбер жасаған соң, оны кедергіге қарсы жібереді. Бұл кезде бапкер оның қия бет жағымен қатарласып жүріп отырады. Егер бапкер көмекшісімен бірге жұмыс істеген жағдайда, ол жылқының артынан үш-төрт метрдей жерде бишікті пайдалана отырып, кедергінің алдында тоқтауына мүмкіндік бермей оның артынан жүріп отырады. Ал, егер бапкер жалғыз өзі жаттықтырған жағдайда, ол жоғары көтерген бишіктің көмегімен, жылқыны кедергінің алдында тұрып қалмауына мүмкіндік бермейді. Қажет болған жағдайда, ол бишікті ақырын сермей отырып жылқының алға жүруіне еріксіз мәжбүрлейді.

Жаттықтырылудағы жылқы кедергіден секіру кезінде кордта оның шылбырын ұзартыңқырап қоюға болады. Жылқының шылбырын қатты тартуға болмайды. Себебі, темір ауыздық жас жылқының ауызының ернейін ауыртуы мүмкін. Бұл оның келесі жаттықтыруда, кедергіден секіру кезінде сол ауырлықтан қорқақтықтың пайда болуына әкеліп соғады. Бұл оны үйрету жұмысын қиындатып жібереді. Жылқы кедергіден әр секірген сайын, бапкер оны жылы дауыспен дем беріп мақтап қояды. Ал жаттықтыру жұмысы аяқталғаннан соң немесе оны кордтан босату кезінде, оған бір кесек қант немесе сәбіз береді.

Жылқыны кордта кедергіден қарғуға жаттықтырудың алғашқы сабағында, оның секіруді қай аллюрде болмасын орындай беруіне мүмкіндік береді. Жылқы кедергілерден батыл және өз еркімен секірсе болғаны. Ал бұдан кейінгі жаттығуларда, оның тыныш өз еркімен және алға қарай шұғыл ұмтылмай, кедергілерден секіруді тек «*желіс*» аллюрімен ғана орындауға дағдыландыру қажет. Бұл үшін жылқы биіктігі 30 см-ден 50 см-ге дейін жететін сырғауылдардан секіруге 8-10 жаттығу сабақтарынан өтеді.

Егер жылқы кедергіге шұғыл ентелей ұмтылатын болса, онда оны кедергінің қасынан өткізіп жібереді. Содан кейін еркін жүріспен «*желіс*» немесе «*аяң*» аллюрімен жүруге көндіріп, кедергіден секіруге жаттықтыруға қайтадан алып келеді. Бұл жағдайда жылқыға айғайлауға, бишікті шартылдатуға және т.б. болмайды. Кордтағы жұмыс қалыпты жағдайда, еш қандай шусыз және әбігерсіз жүргізілуі қажет.

Жылқы биіктігі 50 см-ге дейінгі кедергіні емін-еркін және батыл өтетін болғанда, екі «*клавишадан*» тұратын комбинация құрылады, сөйтіп тапсырманы күрделендіреді. Әуелі арасы 7 метрден тұратын екі кедергі қойылады, олардың арасын 3,0-3,5 метрге дейін қысқартады. Кордтағы кедергіден қарғудың әр сабағында жылқыны одан он-он екі рет қайталай қарғыту мен секірту арқылы күн аралатып өткізіп тұру қажет.

Қарғуға салт міністе үйрету. Үстіне адамның салт мінгендегі секіру - жылқының әр түрлі кедергіні үлкен жылдамдықпен өтуіндегі жылқыны жаттықтырудың ең негізгі бөлігі. Еркіндікте және кордта кедергілерден секіруге дұрыс үйретілген жылқы, салт мінген шабандоздың басқаруына оңай бағынады. Яғни бір аллюрден екінші аллюрге жеңіл және жаңылмай

ауысады. Сонымен бірге кордты айнала және жарысып шабуды, оның бұрылыстары мен тоқтауға берілген бұйрықтарды бұлжытпай орындайды.

Сырғауылдардан аттап өтуге арналған екі-үш сабақтан кейін, бұл жаттығу жұмысын «*желіс*» аллюрімен орындауға болады. Мұнымен бірге шабандоз жылқының тізгінін бос ұстап, оған толық еркіндік береді. Ол жылқының кедергіге еркін баруын қадағалайды. Оның кедергінің алдында кілт тоқтап қалуына немесе жалт бере бұрылуына мүмкіндік бермейді. Егер жылқы сырғауылдан «*аяң*» аллюрімен еркін жүріп үйренген болса, онда бұл жаттығуды «*желіс*» аллюрімен де еш қиындықсыз орындап шығады. Осындай екі-үш сабақтардан кейін сырғауылды жерден 30-40 см көтереді. Енді жылқы бұл кедергіге бірден «*желіс*» аллюрімен жақындай беруіне әбден болады.

Алғашқы үш-төрт қарғуды немесе секіруді жақсы орындауы үшін, жақсы жаттықтырылған жылқының соңынан 5-6 метрдей жерде ере жүріп орындаған дұрыс. Бұл жағдайда жылқы тәжірибелі жылқының соңынан секіре жүріп, берілетін тапсырманы орындауға тез дағдыланады. Соңында ары қарай өзіне таныс кедергілерден қорықпай-үрікпей өз бетімен өтетін болады.

Жылқының хердел, сырғауыл, қоршау түрлері - тас қабырға және т.б. кедергілерден секіру кезіндегі жүріс қарқындылығын қалыптастыру мақсатында, оның өз шапшаңдығын ұтымды жұмсауын ескеру керек. Сондықтан оларды әр түрлі комбинацияларда секіруге жаттықтырады. Осындай кедергіден секіруге арналған жаттығудың 15-20 сабағынан кейін, кедергілердің биіктігін 70-80 см-ге дейін көтеріп, оған «*шабыс*» аллюрімен жақындап келуге болады. Мұнда да бұл аллюрдегі жаттығудың алғашқы қарғу жұмысын жақсы секіретін тәжірибелі жылқының соңынан секіргені дұрыс. Мұнда атқа салт мінген шабандоз жылқыға жүгенді тартып немесе өзінің денесінен оғаш қимыл жасап кедергі келтірмеуге тиіс. Оның кедергіден қарғу немесе секіру кезінде шабандоз жылқының мойнындағы қайыс жібінен ұстап отырады.

Жылқыны арнайы қазылған ордан секіруге жаттықтырғанда, оған жақындауды тәжірибелі жылқыларымен бірге «*желіс*» аллюрімен жақындау қажет. Ал ордың алдына биіктігі 50-60 см сырғауыл орнатқаннан кейін, бұл комбинацияны секіруді 2-3 рет «*желіс*» аллюрімен өткеннен кейін ғана, «*шабыс*» аллюрімен орындап жаттықтырады. Соңғы жаттығуларда, ордың алдына емес артына биіктігі 80-90 см сырғауыл орнатылады, бұл кедергіні секіруді тек «*шабыс*» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйретіледі. Ал, жылқыны стипль-чез трассасындағы арнайы құрылған кедергілер мен оның әр түрлі комбинациясына жаттықтырғанда, оларды кедергіден жекелеп секіруге үйретеді. Сонымен бірге әр кедергіден кейін «*желіс*» және «*аяң*» аллюрлеріне кезектестіре отырып ауысады. Осындай кедергілерді кезектестіріп өтуге жылқы әбден жаттығып үйренгеннен кейін, бұл жаттығуды жылқыны қосарландырып немесе тобымен қайталап отырады. Жаттықтырудың осындай бір сабағында жылқыны үш-бес кедергілермен ғана таныстырады.

Стипель-чезге дайындау

Стипель-чез - алыс қашықтықта (трасса ұзындығы - 7200 м) өткізілуі себепті, оның тренингісі мен дайындаудың өзіндік біршама ерекшелігі бар. Біріншіден, стипль-чезге тек алты жастан асқан өте тәжірибелі және төзімді әрі шыдамды сақа жылқылар қатысады. Олардың арнайы дайындауына жылқылар төрт жасқа толғанда бастайды. Екіншіден, бұлар мініс жылқысының барлық жаттығудағы көлемді жұмысына үйретілген, шыңдалған және шыдамдылықтың жоғарғы деңгейіне жеткен спорт жылқысы болуы қажет. Бұл теңеулер алдымен оның дайындық кезеңіндегі жаттықтыру көлеміне қатысты болып келеді.

Стипель-чезге қатысатын жылқының бұрынғы өткен тренингісі ескеріле отырып, оны жаттықтырудың алғашқы дайындық кезеңінде (қараша-желтоқсан) «желіс» аллюріндегі жұмыс көлемінде 3-4 репризде (1,0-1,5 сағ) жүргізіледі. Оларды жаттықтыруда кентер (шоқырақ шабыс) жұмысы қосылғанда, «желіс» аллюріндегі жұмыс көлемі 25-35 мин қысқартылады. Жаттықтыру жұмысының бір сабағында кентерді (шоқырақ шабыс) 2,0-2,5 км-ден бастайды және соңында оны 6,0-8,0 км дейін жеткізеді. Жаттығу сабағы екі репризде орындалса, бір репризде де солай жүргізіледі. Кентер (шоқырақ шабыс) жұмысына жылқыны ақпан айының ортасындан бастап көтереді.

Жылқыны стипль-чез атсайысына жаттықтыру жұмысын жүргізуге келесі схемадағы апталық жүктемелердің үлгісі ұсынылады.

Жылқыны стипль-чезге жаратудағы апталық жүктемелерінің схемасы

Апта	Аллюр	Ұзақтығы	Апта	Аллюр	Ұзақтығы
Дүйсенбі	аяң	6-8 мин	Бейсенбі	аяң	6-8 мин
	желіс	30 мин (6,0 км)		желіс	20-25 мин
	аяң	2-3 мин		аяң	2-3 мин
	кентер	12-15 мин (5,0-7,0 км)		кентер	6-8 мин (2,5-3,0 км)
	аяң	30 мин		кедергі	10-12 секіру
Сейсенбі	аяң	6-8 мин	Жұма	аяң	30 мин
	желіс	15-20 мин (3,0-4,0 км)		аяң	6-8 мин
	аяң	2-3 мин		желіс	15-20 мин (3,0-4,0 км)
	кентер	10-12 мин (4,0-5,0 км)		аяң	2-3 мин
	аяң	30 мин		кентер	12-15 мин (4,0-5,0 км)

Сәрсенбі	аяң	6-8 мин	Сенбі	аяң	30 мин
	желіс	20-25 мин (4,0-5,0 км)		аяң	6-8 мин
	аяң	2-3 мин		желіс	25-30 мин (5,0-6,0 км)
	кентер	10-12 мин (4,0-5,0 км)		аяң	2-3 мин
	аяң	30 мин		кентер	12-15 мин (5,0-7,0 км)
				аяң	30 мин
Жек-сенбі	демалыс				

Стиль-чезге жылқыны қыс мезгілінде дайындауда, оның төзімділігі мен күштілік сапасын жалпы жетілдіру жұмысына көп көңіл бөлінеді. Бұл үшін оларға жаттықтыру жұмысын аптасына екі-үш рет ауыр жерлерде (қалың қарлы, топырағы жыртылған, көтерілісі биік) немесе қосымша тарту күшін (тіркемелер) пайдалану арқылы жүргізеді. Мұндай ауыр жұмыстан кейін, жылқыға жаттығудың аптасына бір күндік жеңіл жүктемелерін берген жөн.

Стиль-чез жылқысының жалпы жетілуі мен шапшаңдылыққа төзімділігін үйлестіре отырып бірге шыңдайды. Бұл үшін олардың жаратудағы қарқынды жұмыстары, оның дайындау кезеңінің соңына таман өткізеді. Мұндағы жаттықтыру кезінде жүктемелердің көлемін жоғары дәрежеде жүргізеді. Мысалы, үстіндегі салт мінген шабандоздың салмағы 85,0-87,0 кг болды дейік. Бұл жағдайдағы қарлы жолда, стиль-чез жылқысына бір күндік жаттықтыруға келесі жүктемелер беріледі. Олар: аяң - 10 мин, желіс - 35 мин, аяң - 10 мин, кентер - 3000 м (6 мин), еркін көсілу желісі - 1500 м (2 мин 20 сек) және 1500 м (2 мин 05 сек), соңында қарқынды шабыс - 1500 м (1 мин 45 сек).

Стиль-чез жылқысын жаттықтырғанда, оның спорттық формасын жетілдіретін жарату аралық жүктеменің маңызы зор. Оның аралық жаратуындағы қарқынды жүктеменің әр үзiгiн 300-400 метр қашықтықтағы төрт-бес қайталауға дейін жеткізеді. Оның аралығында 800-900 метрге кентер, яғни шоқырақ шабыс аллюрінің қозғалысын пайдаланады. Мұнда олар жаттықтырудың қарқынды үзiгiн 2,0-2,5 мин сайын орындайды. Оларға жүргізілетін аралық жаттықтыру жұмысын шабыс алаңында ғана емес, жыртылған жерлерде немесе тоғай ішіндегі алаңдарда орындауға болады. Мұндағы соңғы жағдайдағы қарқынды үзiктің қашықтығы 200-250 метрді құрайды. Стиль-чез жылқысына ат жарысы кезінде кедергілерден секіру жұмысын аптасына екі рет қана жүргізіледі. Сондағы әр жаттығу сабағында оның кедергілерден өту жұмысы 10-12 рет секіруден аспауы керек.

Мәселен, Чехословакиядағы «Үлкен Парадубицкийлік» стипль-чезінің трассасының ұзындығы 6900 метрді құрайды. Бұл трассаның ерекшелігі оның көптеген бөлігі арнайы жасалған әр түрлі алаңнан, жыртылған топырақты жерден және орман алқабынан және т.с.с. жолдардан өтеді. Ал, әлемдегі танымал және атақты алғашқы стипль-чезі – «Үлкен Ливерпульдық» болып табылады. Мұнда стипль-чез атсайыс жарысының ең бірінші ұтысы 1837 жылы өткен. Үлкен Ливерпульдық стипль-чез жарысы өткізілетін трассасының ұзындығы 3600 м-ді құрайды. Оның жасыл айналма жолында, әр түрлі конфигурация мен биіктіктен (170 см-ге дейін) тұратын өте күрделі 16 кедергі орналасқан. Оның соңғы екеуінен басқасын жылқы мен шабандоз екі реттен секіріп өтуі керек. Үлкен Ливерпульдық трассасында көрсетілген стипль-чез рекорды трасса жолының 7200 метр ұзындығына - 9 мин 13,2 сек. Ал Үлкен Парадубицкий трассасындағы рекорды - 10 мин 04,9 сек (трасса жолының ұзындығы - 6900 м). Ат спортының стипль-чез атсайыс жарысындағы көрсетілген мініс жылқысының бұл рекордтары осы күндерге дейін әлі жаңартылған жоқ.

Жылқының қарғу техникасы - оның сапалық деңгейінің жаттықтырылған тәсілі. Бұл жылқының арнайы қозғалысқа дағдылануынан тұрады. Жылқының қарғуға техникалық дайындығы, оның тәсілі мен жаттығу мерзіміне және тағы басқа да факторларға байланысты. Кедергіден қарғудың жоғарғы техникасына, оның кедергіден секірудегі жұмсалатын күшін неғұрлым аз жұмсап соғұрлым жоғары биіктікке секіруге тиімді барлық мүмкіншілігін пайдалау нәтижесінде қол жеткізуге болады. Кедергіден секірулер біткен соң, шабандоз жылқыдан түседі де, жылқыға қант, сәбіз немесе көк шөп беріп, жайлап тізгінінен жетектеп суытады. Жылқының ер-тоқымен 10-15 минуттан кейін шешіп алып тастайды, өзін левадаға яғни шашпаға жайылуға жібереді.

Бақылау сұрақтары: Жылқыны қарғуға дайындаудың негізі. Қарғуға қандай жылқы пайдаланылады. Қарғуға жылқыны не үшін дайындайды. Қарғуға жылқыны үйретудің негізгі мақсаты. Тренинг қалай бөлінеді. Зауыттық тренинг қайда жүргізіледі. Зауыттық тренинг жылқының қай жастарында жүргізіледі. Топты тренинг дегеніміз не. Спорт бағытында өсірілетін жылқының құлынын енесінен қанша жасында айырады. Құлынды енесінен айыру тәсілі. Жылқыға бас білдіру дегеніміз не. Жылқыға бас білдіру қай жасында жүргізіледі. Жеке тренинг дегеніміз не. Жеке тренинг құлынның қанша жасында жүргізіледі. Ипподромдық тренинг дегеніміз не. Ипподромдық тренингтің жүргізілу мақсаты. Ол қайда және қай жасында жүргізіледі. Жылқыны салт мініске қалай үйретеді. Жылқыны кедергіден қарғуға үйретудің алдына қойған мақсаты неде. Қарғуға үйретудің принциптері. Жылқыны кордта не үшін жаттықтырады. Стипль-чез дегеніміз не. Стипль-чезге қалай дайындайды.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді мініс жылқы тұқымдарын кедергілерден қарғу немесе секіруге дайындау технологиясының негізі мен оның принциптерімен таныстыру.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін жылқы зауыты мен жылқы фермаларына және басқа шаруашылықтарға, ипподром мен ат спорты жоғарғы мектебіне қосымша экскурсия ұйымдастыру қажет. Тәжірибелік оқу барысында студенттер мініс бағытындағы жылқылардың шаруашылықтағы кедергілерден қарғу немесе секіруге дайындау технологиясы және кедергігі түрлерімен және қарғуға дайындау техникасымен, онда жүргізілетін ат жарысына қатысу тәртібімен танысады.

Тапсырма:

1. Мініс бағытындағы жылқысына жүргізілетін кедергіден қарғуға жаттықтыру мен дайындау жұмыстарына талдау жасау.

2. Мініс жылқысының кедергілерден қарғуға дайындау технологиясына байланысты атауларын оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазып алу.

Тест сұрақтары:

\$\$ 178. Кедергіден қарғу ат спортының қандай түрі?

- A) ерекше бір күрделі әрі қиын түрі
- B) мініс жылқысының әр түрлі кедергілерден секіріп өтуі
- C) спорт жылқысын қарғуға жаттықтыру және үйрету
- D) мініс және мініс-жегу тұқымындағы
- E) ипподромда және манежда

\$\$ 179. Кедергіден қарғу деген термин нені білдіреді?

- A) ерекше бір күрделі әрі қиын түрі
- B) мініс жылқысының әр түрлі кедергілерден секіріп өтуі
- C) спорт жылқысын қарғуға жаттықтыру және үйрету
- D) мініс және мініс-жегу тұқымындағы
- E) ипподромда және манежда

\$\$ 180. Кедергіден қарғуға дайындау негізі.

- A) ерекше бір күрделі әрі қиын түрі
- B) мініс жылқысының әр түрлі кедергілерден секіріп өтуі
- C) спорт жылқысын қарғуға жаттықтыру және үйрету
- D) мініс және мініс-жегу тұқымындағы
- E) ипподромда және манежда

\$\$ 181. Кедергіден қарғуға қандай жылқыларды пайдаланады?

- A) ерекше бір күрделі әрі қиын түрі
- B) мініс жылқысының әр түрлі кедергілерден секіріп өтуі
- C) спорт жылқысын қарғуға жаттықтыру және үйрету
- D) мініс және мініс-жегу тұқымындағы
- E) ипподромда және манежда

\$\$ 182. Кедергіден қарғу қайда өткізіледі?

- A) ерекше бір күрделі әрі қиын түрі
- B) мініс жылқысының әр түрлі кедергілерден секіріп өтуі
- C) спорт жылқысын қарғуға жаттықтыру және үйрету
- D) мініс және мініс-жегу тұқымындағы
- E) ипподромда және манежда

\$\$ 183. Қарғу дегеніміз не?

- A) бұл жылқы организмнің физиологиялық жүйесінің қарқынды жұмысының орындалу актісі
- B) жазықтағы кедергілік қарғу, конкур, үшсайыс (3-ші күні), стипль-чез
- C) тек шабандоз ғана
- D) жақсы жаттықтырылған әрі арнайы дайындалған
- E) әр түрлі биктікке бір немесе екі қатарластырыла

\$\$ 184. Кедергіден қарғуға қандай атсайыстары кіреді?

- A) бұл жылқы организмнің физиологиялық жүйесінің қарқынды жұмысының орындалу актісі
- B) жазықтағы кедергілік қарғу, конкур, үшсайыс (3-ші күні), стипль-чез
- C) тек шабандоз ғана
- D) жақсы жаттықтырылған әрі арнайы дайындалған
- E) әр түрлі биктікке бір немесе екі қатарластырыла

\$\$ 185. Жарыста алынған «жеңіске» кім ие болады?

- A) бұл жылқы организмнің физиологиялық жүйесінің қарқынды жұмысының орындалу актісі
- B) жазықтағы кедергілік қарғу, конкур, үшсайыс (3-ші күні), стипль-чез
- C) тек шабандоз ғана
- D) жақсы жаттықтырылған әрі арнайы дайындалған
- E) әр түрлі биктікке бір немесе екі қатарластырыла

\$\$ 186. Кедергіден қарғуға қандай жылқы керек?

- A) бұл жылқы организмнің физиологиялық жүйесінің қарқынды жұмысының орындалу актісі
- B) жазықтағы кедергілік қарғу, конкур, үшсайыс (3-ші күні), стипль-чез
- C) тек шабандоз ғана

- D) жақсы жаттықтырылған әрі арнайы дайындалған
- E) әр түрлі биіктікке бір немесе екі қатарластырыла

\$\$ 187. Қарғуға кедергілер қалай құрылады?

- A) бұл жылқы организмнің физиологиялық жүйесінің қарқынды жұмысының орындалу актісі
- B) жазықтағы кедергілік қарғу, конкур, үшсайыс (3-ші күні), стипль-чез
- C) тек шабандоз ғана
- D) жақсы жаттықтырылған әрі арнайы дайындалған
- E) әр түрлі биіктікке бір немесе екі қатарластырыла

\$\$ 188. Қарғу кезінде қандай функциональдық жүйелер қалыптасады?

- A) оның тыныс алуы мен қозғалыстың
- B) күрделі биохимиялық
- C) бойы түгел жинақталады
- D) басын төмен түсіріңкірейді, ал тұлғасы созылыңқырай бастайды
- E) басы тез арада жоғары көтеріледі

\$\$ 189. Қарғу кезеңінде жылқының қозғалыс мүшесінде қандай серпіліс болады?

- A) оның тыныс алуы мен қозғалыстың
- B) күрделі биохимиялық
- C) бойы түгел жинақталады
- D) басын төмен түсіріңкірейді, ал тұлғасы созылыңқырай бастайды
- E) басы тез арада жоғары көтеріледі

\$\$ 190. Қарғу алдындағы қозғалыс түрі.

- A) оның тыныс алуы мен қозғалыстың
- B) күрделі биохимиялық
- C) бойы түгел жинақталады
- D) басын төмен түсіріңкірейді, ал тұлғасы созылыңқырай бастайды
- E) басы тез арада жоғары көтеріледі

\$\$ 191. Жылқы кедергіні көргенде қандай қимыл қабылдайды?

- A) оның тыныс алуы мен қозғалыстың
- B) күрделі биохимиялық
- C) бойы түгел жинақталады
- D) басын төмен түсіріңкірейді, ал тұлғасы созылыңқырай бастайды
- E) басы тез арада жоғары көтеріледі

\$\$ 192. Ауада ұшу траекториясына қажетті қозғалыс қимылы.

- A) оның тыныс алуы мен қозғалыстың
- B) күрделі биохимиялық

- С) бойы түгел жинақталады
- Д) басын төмен түсіріңкіреді, ал тұлғасы созылыңқырай бастайды
- Е) басы тез арада жоғары көтеріледі

§§ 193. Итерілу фазасына қажетті қозғалыс қимылы.

- А) бұл оның организміндегі барлық энергиясының жарылысы және өте күрделі процесі
- В) жылқы кедергіге жақындап келгендегі барлық денесімен біршама жинақталуы
- С) мұнда жылқының жерден көтерілуі, жылдамдығы мен ауада ұшу бағыты іске асады
- Д) кедергі үстінен өтуі мен артқы аяқтарының кедергі үстінен өткендегі бүгілуі
- Е) жерге алдымен оның алдыңғы аяғының бірі, содан кейін барып екіншісі де жерге тиеді

§§ 194. Екпін фазасына қажетті қозғалыс қимылы.

- А) бұл оның организміндегі барлық энергиясының жарылысы және өте күрделі процесі
- В) жылқы кедергіге жақындап келгендегі барлық денесімен біршама жинақталуы
- С) мұнда жылқының жерден көтерілуі, жылдамдығы мен ауада ұшу бағыты іске асады
- Д) кедергі үстінен өтуі мен артқы аяқтарының кедергі үстінен өткендегі бүгілуі
- Е) жерге алдымен оның алдыңғы аяғының бірі, содан кейін барып екіншісі де жерге тиеді

§§ 195 Тебіну фазасына қажетті қозғалыс қимылы.

- А) бұл оның организміндегі барлық энергиясының жарылысы және өте күрделі процесі
- В) жылқы кедергіге жақындап келгендегі барлық денесімен біршама жинақталуы
- С) мұнда жылқының жерден көтерілуі, жылдамдығы мен ауада ұшу бағыты іске асады
- Д) кедергі үстінен өтуі мен артқы аяқтарының кедергі үстінен өткендегі бүгілуі
- Е) жерге алдымен оның алдыңғы аяғының бірі, содан кейін барып екіншісі де жерге тиеді

§§ 196. Шарықтау (ұшу) фазасына қажетті қозғалыс қимылы.

- А) бұл оның организміндегі барлық энергиясының жарылысы және өте күрделі процесі

- В) жылқы кедергіге жақындап келгендегі барлық денесімен біршама жинақталуы
- С) мұнда жылқының жерден көтерілуі, жылдамдығы мен ауада ұшу бағыты іске асады
- Д) кедергі үстінен өтуі мен артқы аяқтарының кедергі үстінен өткендегі бүгілуі
- Е) жерге алдымен оның алдыңғы аяғының бірі, содан кейін барып екіншісі де жерге тиеді

§§ 197. Жерге түсу фазасына қажетті қозғалыс қимылы.

- А) бұл оның организміндегі барлық энергиясының жарылысы және өте күрделі процесі
- В) жылқы кедергіге жақындап келгендегі барлық денесімен біршама жинақталуы
- С) мұнда жылқының жерден көтерілуі, жылдамдығы мен ауада ұшу бағыты іске асады
- Д) кедергі үстінен өтуі мен артқы аяқтарының кедергі үстінен өткендегі бүгілуі
- Е) жерге алдымен оның алдыңғы аяғының бірі, содан кейін барып екіншісі де жерге тиеді

§§ 198. Кедергіден қарғуға үйрету үшін не қажет?

- А) арнайы екі жағы қоршалған жол – шпрингартен орнату қажет
- В) металл трубадан немесе ағаштан жасалған сырғауылдан
- С) жолының кеңдігі 3,5 м метр
- Д) 2,0-2,5 метрден кем болмауы қажет
- Е) үш қатардан құрылған ағаш сырғауылдан немесе металл трубасынан

§§ 199. Шпрингартен неден жасалады?

- А) арнайы екі жағы қоршалған жол – шпрингартен орнату қажет
- В) металл трубадан немесе ағаштан жасалған сырғауылдан
- С) жолының кеңдігі 3,5 м метр
- Д) 2,0-2,5 метрден кем болмауы қажет
- Е) үш қатардан құрылған ағаш сырғауылдан немесе металл трубасынан

§§ 200. Кейбір жағдайда жылқыны кедергіден еркіндікте секіруді немен алмастырады?

- А) жылқыны кедергіден еркіндікте секіруді кордта жұмыс істеумен
- В) тізгінінен жетектеп жүріп, жерге тасталған сырғауылдардан аттатып өткізу арқылы
- С) кедергілерді манеждың қабырғасын жағалай орнатады
- Д) сырғауылдарды жерге түсіріп тастайды

Е) сырғауылдарды 30-40 см биіктікте орнатады және кедергінің алдында еркіндікке жібереді

\$\$ 201. Жылқыны кедергіден қарғуға кордта қалай үйретеді?

- А) жылқыны кедергіден еркіндікте секіруді кордта жұмыс істеумен
- В) тізгінінен жетектеп жүріп, жерге тасталған сырғауылдардан аттатып өткізу арқылы**
- С) кедергілерді манеждың қабырғасын жағалай орнатады
- Д) сырғауылдарды жерге түсіріп тастайды
- Е) сырғауылдарды 30-40 см биіктікте орнатады және кедергінің алдында еркіндікке жібереді

\$\$ 202. Жылқыны кедергіден қарғуға салт міністе үйретудің мақсаты.

- А) түрлі кедергіні үлкен жылдамдықпен өтуге жылқыны жаттықтыру**
- В) салт мінген шабандоздың басқаруына оңай бағынуы үшін
- С) кедергіні секіруді тек «шабыс» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйрету
- Д) тәжірибелі жылқылармен бірге «желіс» аллюрімен жақындау қажет
- Е) бұл кедергіні секіруді тек «шабыс» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйретіледі

\$\$ 203. Жылқыны кедергіден қарғуға салт міністе не үшін үйретеді?

- А) түрлі кедергіні үлкен жылдамдықпен өтуге жылқыны жаттықтыру
- В) салт мінген шабандоздың басқаруына оңай бағынуы үшін**
- С) кедергіні секіруді тек «шабыс» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйрету
- Д) тәжірибелі жылқылармен бірге «желіс» аллюрімен жақындау қажет
- Е) бұл кедергіні секіруді тек «шабыс» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйретіледі

\$\$ 204. Жылқыны кедергіден қарғуға салт міністе үйретудің негізі.

- А) түрлі кедергіні үлкен жылдамдықпен өтуге жылқыны жаттықтыру
- В) салт мінген шабандоздың басқаруына оңай бағынуы үшін
- С) кедергіні секіруді тек «шабыс» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйрету**
- Д) тәжірибелі жылқылармен бірге «желіс» аллюрімен жақындау қажет
- Е) бұл кедергіні секіруді тек «шабыс» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйретіледі

\$\$ 205 Жылқыны секіруге жаттықтырғанда оған қалай жақындайды?

- А) түрлі кедергіні үлкен жылдамдықпен өтуге жылқыны жаттықтыру
- В) салт мінген шабандоздың басқаруына оңай бағынуы үшін
- С) кедергіні секіруді тек «шабыс» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйрету
- Д) тәжірибелі жылқылармен бірге «желіс» аллюрімен жақындау қажет**
- Е) бұл кедергіні секіруді тек «шабыс» аллюрімен өтуге дағдыландырып үйретіледі

\$\$ 206. Стипль-чез атсайысы – алғашында қайда шығарылған?

A) Ұлыбритания мемлекетінде

B) ағылшын (Steeple – мұнара және chase – қуғын немесе соңына түсу мағнасын білдіреді)

C) 3000 метрден 7000 метрге дейін

D) сырғауыл, қаланған қабырға, бөгет, қоршау, үймек дуал, қазылған ор, су толған шұңқыр

E) таза қанды мініс (ағылшын), мініс-жегу, жартылай қанды

\$\$ 207. Стипль-чез – кімнің сөзінен шыққан термин.

A) Ұлыбритания мемлекетінде

B) ағылшын (Steeple - мұнара және chase - қуғын немесе соңына түсу мағнасын білдіреді)

C) 3000 метрден 7000 метрге дейін

D) сырғауыл, қаланған қабырға, бөгет, тоқылған қоршау, дуал, қазылған ор, су толған шұңқыр

E) таза қанды мініс (ағылшын), мініс-жегу, жартылай қанды

\$\$ 208. Стипль-чез жарысы өткізілетін жолдың ұзындығы қанша

A) Ұлыбритания мемлекетінде

B) ағылшын (Steeple - мұнара және chase - қуғын немесе соңына түсу мағнасын білдіреді)

C) 3000 метрден 7000 метрге дейін

D) сырғауыл, қаланған қабырға, бөгет, қоршау, үймек дуал, қазылған ор, су толған шұңқыр

E) таза қанды мініс (ағылшын), мініс-жегу, жартылай қанды

ЖЕЛІС ЖЫЛҚЫСЫНЫҢ ТРЕНИНГІСІ

*Ат шаппайды - бап шабады,
Бап шаппайды – бақ шабады.*

Ат спортының келесі бір кәсібилік түрі – ол қосдөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегілген желісті жылқының «желіп» шабуы (бега). Сондағы желісті жылқысының тренингісін жүргізудің негізгі мақсаты, осы жұмысты дұрыс ұйымдастыру нәтижесіндегі желғордың «желіп» шабудағы ұшқырлығын яғни қарқындылығын анықтау. Бұл оның болашақтағы «желіп» шабу ат шабысындағы табысы мен жемісі. Желісті жылқылардың тренингісі «зауыттық» және «ипподромдық» тренинг деп бөлінеді.

Зауыттық тренинг - ат спортының желісті жылқыларына арналған жолдағы және арбакештің басқаруымен желіп шабатын қос дөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегілген желғорлардың жарыстарына қатысатын жылқыны өсіретін шаруашылықтарда жүргізіледі. Ал ипподромдық тренинг жарыс өткізілетін ипподромда олардың ұшқырлығын сынау және анықтау барысында өткізіледі.

Зауыттық тренингті жүргізудің мақсаты, желісті бағытындағы жылқысының жабағы-тайының желісті аллюрдегі жүрістерінің қалыптасуы мен ұшқырлық қабілетінің жетілуіне, олардың организмінің өсіп-жетілу барысындағы мүмкіндіктерін толығымен пайдалану. Себебі бұл кезеңде олардың организмі адамның араласумен және оларды «желіс» аллюрінің осы түріне байланысты бағыттауға және дағдыландыруға жеңіл беріледі.

Ал ипподромдық тренингтің көздеген негізгі мақсаты, желіс жылқысының әр түрлі қашықтықтағы желісті аллюрінің қалыптасқан бағытының жұмыс қабілеттілігін жүйелі түрде жетілдіру, дайындау және жаттықтыру деңгейін сынау үшін жүргізіледі. Желіс жылқыларының шаруашылықта жүргізілетін зауыттық тренингісі өз кезегінде, топты тренинг (6 айлығынан 1,5 жасқа дейін), бас білдіру (10-12 айлық жасында) және жеке (1,5 жасынан - 2,0 жасына дейін) тренинг болып бөлінеді.

Ипподромдық тренинг немесе олардың сынау жұмысы, ат спортына пайдаланатын желғор жылқысының екі, үш, төрт немесе одан жоғары жастарында, олардың әр түрлі қашықтықтағы желісті аллюрлерін бағалау мақсатында жүргізіледі. Зауыттық тренингті жүргізу үшін шаруашылықтарда желіс жылқыларына арналған жүгіру алаңы (ұзындығы 1 600 м) болуы қажет. Алаңдар тегіс және қатты емес, ыстықта шаң қаппайтын, ал жаңбырда лайсаң болмауы керек. Желғор жылқыларының алаңына қара май (гудрон) сіңірілген қаратопырақты жерлер пайдаланылады.

Сонымен бірге желісті жылқыларының ішінен жорғалау жүрісі өте жақсы жетілген жылқылар да іріктеліп шығады. Сондықтан, ат спортында

желіс жылқыларын атқа салт мінген шабандоздың басқаруымен орындалатын жорға жарысы да өткізіліп тұрады. Олардың ішінен «жорғалау» жүрісі соған лайықты қабілеті дұрыс жетілген аттарды ат спортының жорға жарыстарына да дайындау тренингісінің өзіндік технологиясы жоғары деңгейде жетілген.

Зауыттық тренинг

Желісті жылқысының желіспен шабу түріне пайдаланатын жабағы-тайларына зауыттық тренингі, желфор бағытындағы тұқымын өсіретін жылқы зауытында немесе басқа әртүрлі шаруашылықта оларды енесінен 6-7 айлық жасында айырып алғаннан бастайды. Зауыттық тренинг өз кезегінде - топты, бас білдіру, жеке тренинг болып бөлінеді және шаруашылықта жүргізіледі. Ал оларды сынау жұмысы олар құнан болған (екі жас) кезінде ипподромда өткізіледі.

Топты тренинг. Желіс бағытындағы жылқының топты тренингісінің ерекшелігі сол, оларды жаттықтыруды енесінен айырған құлын-тайлар бір-біріне үйреніскеннен кейін, еркек жабағы-тайларды бір бөлек, ұрғашы жабағы-тайларды бір бөлек жаттықтырады. Желіс бағытындағы жылқы тұқымындағы жабағы-тайларына топты тренингті (6 айлығынан 1,5 жасына дейін) атқа салт мінген тәжірибелі екі жылқышы өткізеді. Топты тренинг жүргізетін жолдың екі жағы қоршалған, ұзындығы 600-800 м және ені 8,0-12,0 м-ден кем болмауы тиіс. Атқа салт мінген жылқышының біреуі алға түсіп топты бастап жүреді, екіншісі жабағы-тайлардың кейбіреуінің қалып немесе тоқтап тұрып қалмауын қадағалайды және соңында қалыс қалғандарын айдап отырады.

Жабағы-тайларға топты тренингті жүргізу алдында оларды шаруашылықтағы арнайы шашпаға (левадаға) жібереді. Сонда ол жерде өз еркінше шапқылап бой жазып алған жабағы-тайларға топты тренинг жүргізу жұмысы жеңіл болады. Жабағы-тайларға алғашқы күндері жүргізілетін топты тренингтің жұмыс көлемінің қашықтығы күніне 2,0-3,0 км-ден аспауы тиіс. Жабағы-тайларды әр түрлі аллюрде 600-800 м қашықтыққа жүгіртіп алғаннан кейін, салт атты жылқышылар топты 600-800 м еркін желіспен желдіртеді. Ал тренинг соңында 1200-1600 м-ге «аяң» аллюріндегі жүріспен аяқтайды. Жабағы-тайларға жүргізілетін топты тренингтің жұмыс көлемінің қашықтығын бір-екі жетіден кейін күніне 4,5-5,5 км-ге дейін ұзартылады.

Шаруашылықта жүргізілетін бұл жұмысты екі репризде (қайталау) жүргізеді: еркін аллюр (бой қыздыру) - 600-800 м; желіс - 600-800 м; аяң - 600-800 м; желіс - 1200-1600 м; аяң - 1200-1600 м. Жабағы-тайларға жүргізілетін топты тренингтің жұмыс көлемінің қашықтығын біртіндеп 10,0-13,0 км (бір сағат мөлшерінде) жеткізіледі. Мұндағы жабағы-тайларға жүргізілетін топты тренингтегі аллюрді келесі тәртіппен алмастырады: еркін аллюр (бой қыздыру) - 1200-1600 м; желіс - 3000-4000 м; аяң - 1200-1600 м; желіс -

3000-4000 м; аяң – 1200-1600 м. Бірінші реприздегі аяң аллюрінде жабағы-тайлар өз еріктерінше еркін жүреді. Ал соңғы реприздегі аяң аллюрінде олардың жүрісін ақырындап жылдамдатады. Олардың желіс аллюрі де осы тәртіппен жүргізіледі.

Жабағы-тайларға жүргізілетін топты тренингтегі аллюрлерге ауыстыру бағытын дыбыстап және байсалды дауыспен үнемі бұйырып отыру қажет. Жаттықтыру жұмысын осылай жүргізудің нәтижесінде олардың бұйрыққа бағыну және бұған қалыптасу рефлексін жетілдіреді. Сонымен бірге олардың жаттығу алаңындағы жүріс бағытын күнделікті ауыстырып отыру қажет. Шаруашылықта жабағы-тайларды тобымен жарату кезінде қатты шаршатпайды және мейлінше болдыртпау қажет. Олардың аллюрін осылай ауыстыры отырып, қашықтықты бірте-бірте 10,0 шақырымға дейін жеткізеді.

Бас білдіру (заездка). Желіс бағытындағы жылқы тұқымының жасқа толған тайын бас білдіру немесе бастықтыру жұмысының жаттықтыру олардың 12 айлық немесе 1,5 жасынан басталады. Тайларды немесе құнан шығарларды бас білдіру жұмысы көктемде немесе күз айларының аралығында ат қорадағы өжіреде (денник), манежде және шашпада (левада) өткізіледі. Себебі оларды бас білдіру жұмысымен қатар тербелмелі жеңіл арбаға жегу техникасын атқару қажет. Оны алдымен жүген-ноқтаға үйретеді. Ол үшін жүгенді күніне екі-үш рет тайдың басына кигізіп және оны қайтадан шешіп отырады. Тай жүген-ноқтаға үйреніп, жетекке еріп еркін жүретін болған кезде, оны ұзын шылбырмен кордта айналып арқанмен жүруге үйрету жаттығуын бастайды.

Тайды немесе құнан шығарды бас білдіру немесе бастықтырудың келесі жұмысы оны манежде немесе шаруашылықтағы арнайы ашық алаңда өткізіледі. Енді тайды ұзын арқанмен немесе шылбырмен кордта айналдыра жүгірту жұмысы басталады. Шылбырдың ұшы бапкердің қолында болады, көмекші немесе ат күтуші тайды манеждың бойымен аяңмен жүруге, желіспен жүгіруге, соңынан барып оны бас шылбырынан ұстап желдіртеді. Тайды 20-30 минут бойы әр түрлі бағытта желдіріп алғаннан кейін, оны 10-15 минут ноктасынан жетелейді. Жаттығу соңында оның аллюрін аяңға ауыстырады, ал өздерін ат қораға қайтарады. Жүрістен-жүріске ауысуы үшін, тай осындай бірнеше сабақтан кейін үйреніп кететін, «аяң», «желіс», «шоқырақ» деген бұйрықты қайталай беру керек.

Тай немесе құнан шығар кордты айнала желіп жүруге үйренген соң, енді оны шашпада (левада) қос дөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегуге үйретуді бастайды. Бұл жұмысты үш адам қосыла отырып атқарады. Оның біреуі тайдың бас ноктасы мен жүгенінен ұстап тұрады. Ал қалған екеуі оның екі жақ қапталында тұрып жегу жұмысын жүргізеді. Жеңіл арбаға жегілген тай аяң аллюрімен жүруге үйренген соң, атшының көмегімен бапкер арбаға отырады. Ол басқаруды жүрістің аяң аллюрінен бастайды, соңында желу аллюрімен аяқтайды. Осылай үйретілген тайлар бұл жаттығуға да тез дағдыланады.

Тайға немесе құнан шығарғы бас білдіру жұмысы күніне 30-60 минут бойы жүргізіледі және алғашында 500-800 м-ден аспауы қажет. Жаттығы сабағының қашықтығын ақырындап 2,0-3,0 км-ге жеткізеді және жүрістің аллюрін - баяу қысқа желісіне (трот), еркін көсілмелі желісіне (размашка) және қосымша еркін кең желіске (мах) ауыстырады. Сондықтан тай 10-15 күннен кейін қос дөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегуге көндігеді және делбешінің басқаруына бағынуға үйреніп кетеді.

Желісті жылқыны салт мінуге үйрету жұмысы ол 1,5 жасқа толғанда ғана жүргізіледі. Бірақ оның үстіне мінетін адамның жеңілдеу болғаны жөн. Егер ертоқымы ыңғайлы және дұрыс жетекке үйреткен жағдайда, желфорлар адамның үстіне салт мінуге тез көндігеді.

Кейбір кездері оған салт мініп аяң аллюрімен жүру жұмысын ертоқым салмай-ақ жүргізе беруге болады. Оны желіс (трот) аллюріне үйрету - оған ертоқым салып мінуге арқылы біртіндеп қана енгізу қажет.

Ал, желісті жылқыны шанаға орыстық жегіске үйрету жұмысы тек қыс мезгілінде жүргізіледі. Бұл жұмыстың оларды қос дөңгелекті тербелмелі жеңіл арбаға жегу жұмысынан еш айырмашылығы жоқ. Тек, жүген-ноқтасы мен қамыты ыңғайлы және оларды жегу техникасы дұрыс орындалса болғаны.

Осылай жүргізілген бірнеше арнайы сабақтан кейін, желіс бағытындағы құнан шығарлар бұл жаттығуларға тез дағдыланып кетеді. Олар бас білдіру және бастықтыру технологиясын толық меңгерген соң, құнан шығарларды мақсатты түрдегі зауыттық тренингтің жеке жаттығуына көшіруге болады.

Ол бас білдірудегі бұл жаттығуды толық меңгерген соң, олар енді мақсатты жаттығуларға көшіріледі. Негізінен оларға бас білдіру жұмысы бір жарым немесе екі айға созылуы мүмкін. Бұдан кейін бастықтырылған құнан шығарларға (1,5 жас) жеке тренинг жұмысы басталады. Сондықтан олар шаруашылықтағы тренинг бөліміне ауыстырылады.

Жеке тренинг. Шаруашылықтағы бас білдірілген құнан шығарға жеке тренингті 1,5 жасынан бастайды. Желфор жылқысының құнан шығарына (1,5 жас) жеке тренингті жүргізу үшін, оны шаруашылықтағы жарату (тренинг) бөліміне ауыстырады. Жаттықтыру жұмысы ипподром жолына сәйкес (ұзындығы 1600 м) жүгіру алаңында жүргізіледі. Бұл оның ипподромдағы сынауға қатысуына қажетті жолдың қашықтығы мен бұрылысында өз күшін дұрыс жұмсау рефлексін қалыптастырады. Құнан шығарларға жаттықтыру жұмысы қоршалған алаңға (левада) немесе жайылымға шығару жұмысымен ұштастыра отырып жүргізіледі. Мақсаты – жаттықтыру мен жарату жүйесін біртіндеп үстемелей отырып, оның аллюрінің желфорлық қабілетіне дайындау және оның ары қырай ұшқырлығын жетілдіру. Еркін және нақты қозғалыстарын қалыптастыру, ұшқырлық қасиеттерінің негізін қалау. Олардың түрлі аллюрдегі ұшқырлығын жетілдіру жұмысы нәтижесінде төзімділігі мен бір аллюрден екінші аллюрге ауысу қабілеті қалыптасады. Жеке тренинг-

гтің алғашқы мерзімі немесе оларды бастықтыру кезеңі (выездка) болып саналады. Оның негізгі мақсаты құнан шығардың аяңды және еркін желістегі аллюрінің қозғалыс қимылын дұрыс қалыптастыру. Сонымен бірге оны жұмсақ әрі қалыпты басқаруға (ауыздықтау) үйрету және дағдыландыру.

Құнан шығардың жүрісіндегі «аяң», «еркін» және «қосымша» желістегі аллюрінің қашықтығын, сонымен бірге «еркін» және «қосымша» желістегі аллюрінің қарқындылығын күн сайын біртіндеп арттырып отыру қажет. Осылай жаттықтыру нәтижесінде, оның «желістегі» қозғалысының нақтылы тұрақтылығына дағдыландырады. Бұл желғор тұқымындағы жылқының болашақтағы, яғни құнан кезінен бастап-ақ олардың ұшқырлық сапасының негізін қалайды. Желғор жылқысына жүргізілетін жеке тренингісі мамыр айынан басталады. Сондықтан, оған міндеті белгіленген және кезеңнен тұратын жарату жоспары жасалады. Бұл жоспарда олардың жетілу мен дайындық деңгейі және әр жылқының денсаулық жағдайы ескеріледі. Демалыс күндері құнан шығарлар төрт-бес сағатқа жайылымға шығарылады. Немесе қоршалған алаңға немесе шашпаға жіберіледі. Ал кешке оларды бір сағаттай қыдыртып бой жаздырады.

Төменде оларға жеке тренингті жүргізудің схемасы берілген.

Мамыр-маусым. Негізгі міндеті: аяң және баяу қысқа желістегі (трот) аллюрлерінің қозғалыс дағдысын жетілдіру мен бастықтыру.

Құнан шығардың мамыр және маусым айларындағы күнделікті жарату жүктемесі (1,5 жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Көрсеткіштері	
	Мамыр	Маусым
Баяу қысқа желіс (трот)	2400 м	3200 м
Аяң	600 м	800 м
Баяу қысқа желіс (трот)	2400 м	3200 м
Қозғалыс жылдамдығы	7-8 мин (1600 м-ге)	7-8 мин (1600 м-ге)

Маусым мен мамыр айларындағы жұмыс екі репризде (қайталау) жүргізіледі. Ал жаттығу соңында барлық жұмыс аяң аллюрімен аяқталады. Маусым айында аптасына бір рет яғни жұма күні екінші реприздегі аллюр қосылады. Сондағы жүріс түрі: трот (баяу қысқа желіс) - 2400 м, размашка (еркін көсілмелі желіс) – 400 м, трот (баяу қысқа желіс) – 400 м және аяң – 1600 м.

Шілде-тамыз. Негізгі міндеті: күш-қуаты мен жалпы төзімділігін арттыру, бұлшық еттерін нығайту, физиологиялық жүйесінің қызметін жетілдіру, оған размашка (еркін көсілмелі желіс) аллюрін қосу нәтижесінде, оның организмін ұзағырақ әрі қарқынды жұмысқа дайындау.

Бұл айларда еркін көсілмелі желісті (размашка) аптасына екі күн емес, күн аралатып жүргізуге болады. Бұл жағдайда құнан шығардың бірінші гиттегі қарқындылығын схемада көрсетілген аптаның сейсенбі және жұма күндеріне қарағанда мейлінше азайту қажет.

Құнан шығарлардың шілде айындағы күнделікті жарату жүктемесі (1,5 жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Көрсеткіштері	
	қайталануы	қашықтығы
Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, сенбі		
Баяу қысқа желіс (трот)	2 реприз	3200 м
Аяң	1 реприз	800 м
Қозғалыс жылдамдығы	7-8 мин	1600 м-ге
Сейсенбі және жұма (еркін көсілмелі желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот):	1 реприз	2800 м
1 гит	1 реприз	400 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	400 м
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит	1 реприз	400 м (55 сек – 50 сек)
2 гит	1 реприз	400 м (55 сек – 50 сек)
Аяң 1 гит	1 реприз	1200 м немесе 30 мин жетекте
2 гит	1 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте

Құнан шығарлардың тамыз айындағы күнделікті жарату жүктемесі (1,5 жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Көрсеткіштері	
	қайталануы	қашықтығы
Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, сенбі		
Баяу қысқа желіс (трот)	3 реприз	3200 м
Аяң	2 реприз	800 м
Қозғалыс жылдамдығы	7-8 мин	1600 м-ге
Сейсенбі (еркін көсілмелі желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот):	1 реприз	2400 м
1 гит	1 реприз	400 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	400 м
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит 2 гит	1 реприз	800 м (1 мин 55 с-1 мин 45 с)
	1 реприз	800 м (1 мин 45 с-1 мин 35 с)

Аяң 1-2 гит	2 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Жұма (еркін кең желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот): 1 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	400 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	400 м
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит	1 реприз	800 м (1 мин 50 с-1 мин 40 с)
Еркін кең желіс (мах): 2 гит	1 реприз	800 м (1 мин 40 с-1 мин 30 с)
Аяң 1-2 гит	2 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте

Жоғарыдағы берілген жаттықтыру жұмысының әр аптадағы күні шартты емес. Еркін кең желістің (мах) қарқынды жұмысын тек сейсенбі және жұма күндері ғана емес, мысалы, дүйсенбі және бейсенбі күндеріне ауыстыра отырып жүргізуге болады. Бірақ құнан шығардың баяу қысқа желістің (трот) 1600 м-гі қашықтықтағының қозғалыс жылдамдығын жеті-сегіз минуттан ақырындап бес-бес жарым минутке жеткізу қажет.

Қыркүйек-қазан-қараша. Негізгі міндеті: ұшқырлық қабілеті мен арнайы шыдамдылығын арттыру, оған ертоқым салуға және ерттеп салт мінуге үйрету.

Құнан шығарлардың қыркүйек–қазан-қараша айындағы күнделікті жарату жүктемесі (1,5 жас)

Аллүрі (жүріс түрі)	Көрсеткіштері	
	қайталануы	қашықтығы
Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі		
Баяу қысқа желіс (трот):	1 реприз	4800 м
	2 реприз	3200 м
Аяң	2 реприз	800 м
Қозғалыс жылдамдығы	7-8 мин	1600 м-ге
Сейсенбі (еркін көсілмелі желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот): 1 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 40 с - 3 мин 30 с)
2 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 30 с - 3 ми 20 с)

Аяң 1-2 гит	2 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Жұма (еркін кең желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот): 1 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 30 с – 3 мин 20 с)
Еркін кең желіс (мах): 2 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 20 с - 3 мин 10 с)
Аяң 1-2 гит	2 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Сенбі (баяу қысқа желіс - 2 реприз)		
Баяу қысқа желіс (трот):	1 реприз	4800 м
	1 реприз	3200 м
Аяң	1 реприз	800 м

Бұл айларында да құнан шығардың баяу қысқа желістің (трот) 1600 м қашықтықтағы жылдамдығын жеті-сегіз минуттан ақырындап бес-бес жарым минутқа жеткізу қажет. Салт мініске желісті тұқымындағы жылқының құнанын негізінен аяңмен жаттықтырады (20-30 мин). Қараша айында құнандарға еркін көсілмелі желіс пен еркін кең желіс аллюріне жаттықтыру қажет емес, тек үш реприздік баяу қысқа желіспен (4,8-0,8-4,8-0,8-4,8) шектеледі

Желтоқсан. Негізгі міндеті: құнан шығарды және байталшаны қос-доңғалақты жеңіл тербелмелі арбаға (качалка) жегудің құрал-саймандарына үйрету. Сонымен бірге қысқы яғни қарлы жолдың тұрақтануына байланысты олардың еркін көсілмелі желіс пен еркін кең желіс аллюріне жаттықтыру жұмысы жалғастырылады.

Құнан шығарлардың желтоқсан айындағы күнделікті жарату жүктемесі (1,5 жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Көрсеткіштері	
	қайталануы	қашықтығы
Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі (трот 3 репризде)		
Баяу қысқа желіс (трот):	3 реприз	4800 м
Аяң	2 реприз	800 м
Қозғалыс жылдамдығы	7-8 мин	1600 м-ге
Сейсенбі (еркін көсілмелі желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот):	1 реприз	2400 м

1 гит	1 реприз	800 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит 2 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 50 с – 3 мин 40 с)
	1 реприз	1600 м (3 мин 40 с - 3 ми 20 с)
Аяң 1-2 гит	2 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Жұма (еркін кең желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот): 1 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
Еркін кең желіс (мах): 1 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 40 с – 3 мин 30 с)
	2 гит	1 реприз
Аяң 1-2 гит	2 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Сенбі (баяу қысқа желіс - 2 реприз)		
Баяу қысқа желіс (трот):	2 реприз	4800 м
Аяң	1 реприз	800 м

Желтоқсан айында баяу қысқа желістің (трот) 1600 м-гі қашықтығының қозғалыс жылдамдығын жеті-сегіз минуттан ақырындап бес-бес жарым минутқа жеткізу қажет.

Қаңтар-ақпан. Бұл қаңтар және ақпан айларында желғор жылқысының құнан шығары екі жасқа толады (құнан). Сондықтан желғордың құнанын енді еркін кең желіс аллюріне жаттықтыру жұмысы аптасына 2 рет жүргізіледі. Яғни демалыстан кейін бір күн - екі гитте, ал екінші рет - үш гитте.

Құнандарды қаңтар-ақпан айындағы күнделікті жарату
жұмысының жүктемесі (екі жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Көрсеткіштері	
	қайталануы	қашықтығы
Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі (трот 3 репризде)		
Баяу қысқа желіс (трот):	3 реприз	4800 м
Аяң	2 реприз	800 м
Қозғалыс жылдамдығы	7-8 мин	1600 м-ге
Сейсенбі (еркін кең желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот):	1 реприз	2400 м

1 гит	1 реприз	800 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 30 с – 3 мин 20 с)
Еркін кең желіс (мах): 2 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 20 с - 3 ми 10 с)
Аяң 1-2 гит	1 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Жұма (еркін кең желіс - 2 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот): 1 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
3 гит	1 реприз	2400 м
	2 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 30 с – 3 мин 20 с)
Еркін кең желіс (мах): 2 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 20 с 3 мин 10 с)
3 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 10 с - 3 мин 00 с)
Аяң 1-2-3 гит	1 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Сенбі (баяу қысқа желіс - 2 реприз)		
Баяу қысқа желіс (трот):	2 реприз	4800 м
Аяң	1 реприз	800 м

Қаңтар және ақпан айларындағы қыс мезгілінде құнанның баяу қысқа желіс аллюрінде, кезектестіре отырып оны аптасына бір рет 3 реприздегі жайдақ шанаға жегу, бір рет салт мінуге және бір рет 2 реприздегі орыс арбасына жегу жұмыстарына жаттықтыру тиімді.

Желтоқсан айында да баяу қысқа желістің (трот) 1600 м қашықтықтағы қозғалыс жылдамдығын жеті-сегіз минуттан ақырындап бес-бес жарым минутқа дейін жеткізу қажет.

Наурыз-сәуір. Негізгі міндеті: құнанның неғұрлым қарқынды ұшқырлығын тұрақты түрде қалыптастыру, сонымен бірге сәуір айында оларды ипподромдық сынауға жіберер алдында баяу қысқа желістегі аяң аллюрін қысқарту қажет немесе толығымен тоқтатқан жөн.

Құнандарды наурыз-сәуір айындағы күнделікті жарату
жұмысының жүктемесі (екі жас)

Аллюрі (жүріс түрі)	Көрсеткіштері	
	қайталануы	қашықтығы
Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі (трот 3 репризде)		
Баяу қысқа желіс (трот):	3 реприз	4800 м
Аяң	2 реприз	800 м
Қозғалыс жылдамдығы	7-8 мин	1600 м-ге
Сейсенбі (еркін кең желіс - 3 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот): 1 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
3 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
Еркін көсілмелі желіс (размашка): 1 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 30 с – 3 мин 20 с)
Еркін кең желіс (мах): 2 гит 3 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 20 с - 3 мин 10 с)
	1 реприз	1600 м (3 мин 10 с - 3 мин 00 с)
Аяң 1-2-3 гит	1 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Жұма (еркін кең желіс - 3 гит)		
Баяу қысқа желіс (трот): 1 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
2 гит	1 реприз	2400 м
	1 реприз	800 м
3 гит	1 реприз	2400 м
	2 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Еркін кең желіс (мах): 1 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 20 с–3 мин 10 с)
2 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 10 с-3 мин 00 с)
3 гит	1 реприз	1600 м (3 мин 00 с-2 мин 50 с)
Аяң 1-2-3 гит	1 реприз	1600 м немесе 30 мин жетекте
Сенбі (баяу қысқа желіс - 2 реприз)		
Баяу қысқа желіс (трот):	2 реприз	4800 м
Аяң	1 реприз	800 м

Наурыз-сәуір айларында да баяу қысқа желістің (трот) 1600 метрдегі қашықтықтағы қозғалыс жылдамдығын жеті-сегіз минуттан ақырындап бес-бес жарым минуттан асырмау қажет.

Ипподромдық тренинг

Ат спортында болашағынан үміт күттіретін желіс бағытындағы жылқысының құнандары ипподромдағы тренингтен өтеді. Мұнда оларға ипподромда жылда өткізілетін жарыс кезеңінде ипподромдық сынау жұмысы жүргізіледі (мамыр-қыркүйек). Төменде берілген желфордың ипподромдық тренингісінің және олардың ат жарысына қатысуына байланысты берілген схемалар, олардың әр қашықтықтағы жаттығу дайындығы мен деңгейін және көрсеткен ұшқырлығы ескеріле отырып жасалған.

Құнандар тренингісі (екі жасар). Негізгі міндеті: желіс аллюріндегі қозғалысының тұрақтылығы мен дұрыстығын нақтылы қалыптастыру, оның ипподромдағы алғашқы жүлде жарысына қатысу нәтижесі мен көрсеткен ұшқырлық ерекшелігін ескере отырып біртіндеп нығайту.

Төменде құнанға жүргізілетін ипподромдық тренингісі екі схемада берілген. Бірінші схемада құнанның ипподромға келгеннен кейінгі кезеңіндегі алғашқы айына әр аптаның күндеріне және жаттығу кезіндегі көрсеткен ұшқырлық қабілетіне бөліне отырып жасалған.

Құнандарды 3.00-2.50 ұшқырлыққа жаттықтырудың
№1-ші схемасы (дайындық кезеңі)

Апта күні	Жұмыс түрі		Орлов	Орыс
Бірінші аптада	Баяу қысқа желіс (трот) – аяң, 2 кіші реприз		3200 м трот	
			1600 м аяң	
			3200 м трот	
Екінші аптадан бастап 1-ші күні - аллюрі еркін сілтеу желістегі жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	4.00-3.40	3.40-3.20
		Баяу қысқа желісті (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	800 м	800 м
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	3.20-3.10	3.10-3.05
		Баяу қысқа желісті (трот) қалыптастыру	800 м	800 м

		Аяң	800 м	800 м
		немесе жетектеу (водилка)	30 мин	30 мин
2-ші күні		Жетектеу (водилка) немесе левада	1,0-1,5 сағ	
3-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот)–аяң, 3 кіші реприз		3200 м трот	
			800 м аяң	
			3200 м трот	
			800 м аяң	
			3200 м трот	
4-ші күні - аллюрі еркін сілтеу желістегі жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	4.30-4.00	4.00- 3.30
		Баяу қысқа желісті (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	800 м	800 м
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	3.30-3.20	3.20- 3.10
		Баяу қысқа желісті (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	800 м	800 м
		Жетектеу (водилка)	30 мин	мин
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	3.30-3.20	3.20- 3.10
		Баяу қысқа желісті (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Жетектеу (водилка)	30 мин	30 мин
5-ші күні	Жетектеу (водилка), левада немесе трот – аяң (тербелмелі арбамен)		1,0-2,0 сағ	
			2 реприз	
6-шы күні	Баяу қысқа желіс (трот) - аяң		3200 м трот	
			800 м аяң	
			3200 м трот	
			800 м аяң	
			3200 м трот	

7-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот) – аяң	3200 м трот
		800 м аяң
		3200 м трот
		800 м аяң
		3200 м трот

Құнандарды 3.00-2.20 ұшқырлыққа жаттықтырудың
№2-ші схемасы (негізгі кезең)

Апта күні	Жұмыс түрі	Орлов	Орыс	
1-ші күні қарқынды жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	4.00-3.20	3.30-2.55
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	800 м	800 м
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600-2400 м	1600-2400 м
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	3.20-2.45	3.05-2.40
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	1600 м	1600 м
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м
		қабылдауы 100-200 м-ден	1-2	1-2
		Қарқынды 1600 м	15-10 сек	10-05 сек
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Жетектеу (водилка)	1,0 сағ	1,0 сағ
	2-ші күні	Жетектеу (водилка) немесе левада	1,0-2,0 сағ	
	3-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот)–аяң, тербелмелі арбада 3 реприз (мүмкін 2 реприз салт міністе немесе орысша жегісте)	4800 м трот	
800-1600 м аяң				
4800 м трот				
800-1600 м аяң				
3200 м трот				

4-ші күні - аллюрі еркін сілтеу желіс-тегі жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	4.00-3.20	3.30-3.00
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	800 м	800 м
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600-2400 м	1600-2400 м
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	3.20-2.55	3.15-2.50
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	1600 м	1600 м
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	25-15 сек	20-15 сек
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Жетектеу (водилка)	30 мин	30 мин
5-ші күні	Жетектеу (водилка), левада немесе трот – аяң (тербелмелі арбамен)		1,0-2,0 сағ	2 реприз
6-шы күні	Баяу қысқа желіс (трот) - аяң		4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
			4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
			3200 м трот	
7-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот) – аяң немесе жұлде үшін болатын тербелмелі арбаға жегілген желғорларға арналған ат жарысына қатысу (бұл жарыс ипподромда әр жетіде немесе айына 2 рет өткізіліп тұрады)		4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
			4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
			3200 м трот	

1-ші күні келесі аптаның	Баяу қысқа желіс (трот) пен аяннан кейін қарқынды жұмыс (1-ші күнді қара); жүлде жарысынан кейін жетектеу (водилка) немесе левадаға жіберу	1,0-2,0 сағ
--------------------------	--	-------------

Зауыттық тренингтің қорытынды кезеңіне берілген жүктеме көлемі мен қарқындылығы жағынан бұл схемада төмендетіліп берілген. Оларды жылқы зауытынан ипподромға тасымалдауына байланысты болатын тренинг арасындағы үзіліске және шабандоздың ауысуына байланысты болатын өзгерістердің нәтижесі екендігін түсінген жөн. Екінші схемада құнандардың ипподромдық тренингісінің негізгі жаттықтыру кезеңі қамтылған. Сонымен бірге жүлде үшін болатын ат жарысына қатысу нәтижелері де ескерілген.

Ипподромдағы қарқынды тренингке дайындалған құнандар үшін, оларға екінші айдан бастап баяу қысқа желіс (трот) - үш репризде және үш гитті еркін сілтеу желісті (мах) аллюріндегі жұмыстар біртіндеп қосылады. Оларды жарысқа қатысуға дайындағанда ұшқырлығының жоғауына байланысты қарқынды жұмыстың үшінші гитінде қысқа (100-200 м-ге) ырғуға үйретеді. Сынауға қатысатын құнанды жарыстан 1,0-1,5 сағ бұрын тер шығарып, ал жүлделі жарыстың алдында оған бой жаздырып алу міндетті. Желғорларды старт-машинаға бойларын үйретіп алу қажет. Ипподромдағы сынақ ережесі бойынша құнандар үшін жарысқа қатысу саны орташа алғанда айына бір-екі рет болады, ал сөре аралық үзілісі екі аптадан кем болмауы тиіс.

Сынаудың жарыс маусымы аяқталған соң, олар өз шаруашылығына қайтарылады. Және белсенді түрде белгілі бір ереже мен тәртіп бойынша демалады. Оларға бір-бір жарым ай бойы жүргізілген белсенді демалысынан кейін оларды келесі жылғы ат жарысы маусымындағы дөнендер арасында болатын жазықтағы шабыс жарысына дайындайды.

Дөнендер тренингісі (үш жасар). Негізгі міндеті: желіс аллюріндегі қозғалыс тұрақтылығы мен дұрыстығын нақтылы қалыптастыру жұмысын жалғастыру, оларды басқаруға, стартты қабылдауға, қашықтықты маневрлеп өтуге және сөре алдында ырғу қимылына жауапкершілігін қалыптастыру.

Желғордың осының алдындағы жарату мен сынақтар кезіндегі мінез-құлқы, оған берілген жүктемені орындаудағы физиологиялық мүмкіндігі, сөре және мәредегі спринтерлік қабілеті және басқа да жеке қасиеттері анықталады. Жаратушы бапкер желғордың осы байқалған ерекшелігін келесі жылдық дөнендерді (2,5-3,0 жасындағы) жарату циклі мен бұдан кейінгі болатын сынақтарға дайындауда міндетті түрде ескеруі тиіс.

Желғордың дөнендерін жоспарлы түрде жаратуға кіріспес бұрын шаруашылықтың мал дәрігері оған малдәрігерлік бақылау мен клиникалық тексеру жүргізеді. Оның жүрек-қан тамырларын, тыныс алу, ас қорыту

жүйелерінің және қозғалыс аппараттарының жай-күйіне және денсаулығына баға береді. Қажет болған жағдайда алдын алу және емдеу шараларын тағайындайды.

Малдәрігерлік тексерудің нәтижесінің негізінде және оның жалпы жай-күйіне байланысты жаратушы бапкер жарату кезеңінің жылдық жоспарының схемасын жасайды. Бұл схемада желфордың ипподромдық тренингтегі 2.20-2.10 ұшқырлық рекордтық көрсеткіштеріне жету үшін, айына әр аптаға бөліне отырып жасалған жаттықтыру жұмыстары берілген.

Дөнендерді 2.20-2.10 экстра-класс ұшқырлыққа жаттықтыру схемасы (үш жасар)

Күндері	Жұмыс түрі		Орлов	Орыс	
1-ші күні қарқынды жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м	
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	3.10-2.55	3.00-2.45	
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м	
		Аяң	1600 м	1600 м	
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600-2400 м	1600-2400 м	
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	2.50-2.35	2.45-2.30	
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м	
		Аяң	1600 м	1600 м	
	Қарқынды жұмыстағы екінші гиттен кейін - 30 мин жетектеу қажет.				
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м	
		Қабылдауы 100-200 м сайын	1-3	1-3	
		Қарқынды 1600 м	2.35-2.20 сек	2.30-2.15 сек	
		немесе 2400 м	3.55-3.30 сек	3.50-3.25 сек	
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м	
		Жетектеу (водилка)	1,0 сағ	1,0 сағ	

2-ші күні	Жетектеу немесе баяу қысқа желісті – аяң		1,0-2,0 сағ 2 реприз	
3-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот)–аяң, тербелмелі арбада 3 реприз (мүмкін 2 реприз салт міністе немесе орысша жегістегі жұмыста)		4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
			4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
4-ші күні - аллюрі еркін сілтеу желістегі жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	3.10-3.00	3.00-2.50
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	800 м	800 м
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600-2400 м	1600-2400 м
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	3.00-2.45	2.50-2.40
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	1600 м	1600 м
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м
		Еркін сілтеу желісі 2400 м	4.15-4.05 сек	4.10-3.55 сек
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Жетектеу (водилка)	30 мин	30 мин
5-ші күні	Жетектеу (водилка), левадаға жіберу немесе баяу қысқа желіс (трот) – аяң		1,0-2,0 сағ 2 реприз	
6-шы күні	Баяу қысқа желіс (трот) - аяң		4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
			4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
7-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот) – аяң немесе жүлде үшін болатын тербелмелі арбаға жегілген желфорларға арналған ат жарысына		4800 м трот	
			800-1600 м аяң	
			4800 м трот	
			800-1600 м аяң	

	қатысу (бұл жарыс ипподромда әр жетіде немесе айына 2 рет өткізіліп тұрады)	4800 м трот
1-ші күні Келесі аптаның	Баяу қысқа желіс (трот) пен аяңнан кейін қарқынды жұмыс (1-ші күнді қара); жүлде жарысынан кейін жетектеу (водилка) немесе левада 1,0-2,0 сағ жіберу, тіптен болмаса баяу қысқа желіс аллюрімен 2 реприз	

Шаруашылықтағы бапкер дөненнің әрқайсысының жалпы жағдайын мұқият қадағалап отырады. Егер жылқының денсаулығының сау екені анықталса, оны 5-6 күн белсенді түрде тәртіп бойынша демалдырады.

Ересек жылқылар тренингісі (төрт жас). Негізгі міндеті: төрт жасар желғорлардың қарқындылық сапасын экстра класс (2.10 сек) пен одан да жоғары көрсеткіштерге жеткізу мақсатында ипподромдық тренингтің жұмыстарын жалғастыру. Желғорлардың тренингісіне ипподромдық сынақтан өткен үш жасар дөнендер 1,5-2,0 ай белсенді түрде белгілі бір ереже мен тәртіпке сай демалғаннан кейін ғана барып кіріседі.

Төрт жасқа толған желғор - ипподромдық тренингтің желіс аллюріндегі қозғалысының тұрақтылығы мен дұрыстығын нақтылы қалыптастырудың негізгі дайындығынан өткен, оның бұл жаста ұшқырлық қабілетінің деңгейі анықталған. Сондықтан, жалпы жоспар олардың өткен жылдағы ат шабысындағы қабілетін (ұшқырлығын немесе алысқа шабатындығы) ескеріле отырып схемамен берілген.

Бұл жастағы желғор ат жарысына қатысатын болғандықтан, олар ипподромдағы жүлде үшін болған қашықтықтағы 1 гиттік (1600 м) сынаудан басқа 2 және 3 гитте, сонымен бірге 2400 м және 3200 м қашықтыққа да сынайды. Шаруашылықтағы бапкер ат жарысынан қайтқан желғордың әрқайсысының жалпы жағдайын мұқият қадағалап отырады. Егер жылқының денсаулығының сау екені анықталса, оны 5-6 күн белсенді түрде тәртіп бойынша демалдырады.

Ересек жылқылар тренингісі (бес жас және одан жоғары жасында). Негізгі міндеті: оларды жаттықтыру, төрт жасар желғормен салыстырғанда онша да принциптік айырмашылығы жоқ. Сондықтан қарқындылық сапасын экстра класс (2.10 сек) одан да жоғары көрсеткіштерге жеткізу мақсатында ипподромдық тренингтің жаттығу жұмыстарын жалғастыру. Ересек жылқылардың тренингісі ипподромдық сынақтан өткен төрт жасар желғорлар 1,5-2,0 ай белсенді түрде белгілі бір ереже мен тәртіпке сай демалғаннан кейін ғана барып кіріседі.

Ересек жылқы (бес жас және одан жоғары) енді тек ипподромдағы жүлде үшін болатын жарыстарға қатысады. Сондықтан жаттықтыру жұмысының жалпы жоспары олардың өткен жылдардағы ат шабысында анықталған ұшқырлық сапасының класы ескеріле отырып схемамен берілген.

Бұл жастағы жақсы жаратылған желғорлар ат жарыстарына қатысатын болғандықтан, олар ипподромдағы жүлде үшін болатын әр түрлі қашықтыққа арналып ұйымдастырылған ат жарыстарының барлығына да қатыса береді.

Шаруашылықтағы жаратушы бапкер ат жарысынан қайтқан желғордың әрқайсысының жалпы жағдайын мұқият қадағалап отырады. Егер оның жемшөпке көңіл-қошы болмай тұрса немесе болдырғандай белгісін байқаса, дереу мал дәрігерін шақырып, оның денсаулығын тексертуі қажет. Жылқының денсаулығының сау екені анықталса, оны шаруашылықта 5-6 күн белсенді түрде белгілі ереже мен тәртіп бойынша демалдырады.

Желғорлардың 2.15-2.05 рекордтық ұшқырлыққа жарату
схемасы (төрт жасар)

Күндері	Жұмыс түрі		Орлов	Орыс	
1-ші күні қарқынды жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м	
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	3.00 - 2.50	2.50 - 2.35	
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м	
		Аяң	1600 м	1600 м	
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 - 2400 м	1600 - 2 400 м	
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	2.40-2.28	2.35 - 2.20	
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м	
		Аяң	1600 м	1600 м	
	Қарқынды жұмыстағы екінші гиттен кейін - 30 мин жетектеу қажет.				
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м	
		Қабылдауы 100-200 м сайын	1-3	1-3	
		Қарқынды 1600 м	2.25 - 2.15 сек	2.20 - 2.10 сек	
		немесе 2400 м	3.45 - 3.35 сек	3.40 - 3.25 сек	
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м	
		Жетектеу (водилка)	1,0 сағ	1,0 сағ	

2-ші күні	Жетектеу (водилка) немесе (трот) – аяң	1,0-2,0 сағ 2 реприз		
3-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот)–аяң, тербелмелі арбада 3 реприз (мүмкін 2 реприз салт міністе немесе орысша жегістегі жұмыста)	4800 м трот		
		800 - 1600 м аяң		
		4800 м трот		
		800 - 1600 м аяң		
4-ші күні-аллюрі еркін сілтеу желіс-тегі жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	3.00-2.50	3.00 -2.50
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	1600 м	1600 м
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 - 2400 м	1600 - 2400 м
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	2.55 - 2.45	2.50 - 2.40
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Аяң	1600 м	1600 м
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м
		Еркін сілтеу желісі 2400 м	4.10 -3.55 сек	4.00 - 3.45 сек
		немесе 3200 м	5.40 - 5.25	5.30 -5.10
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м
		Жетектеу (водилка)	30 мин	30 мин
5-ші күні	Жетектеу, левадаға жіберу немесе – аяң	1,0-2,0 сағ 2 реприз		
6-шы күні	Баяу қысқа желіс (трот) - аяң	4800 м трот		
		800 - 1600 м аяң		
		4800 м трот		
		800 - 1600 м аяң		
7-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот) – аяң немесе жүлде үшін болатын тербелмелі арбаға жегілген желфорларға арналған ат жарысына қатысу (бұл жарыс ипподромда әр жетіде немесе айына 2 рет өткізіледі)	4800 м трот		
		800 - 1600 м аяң		
		4800 м трот		
		800 - 1600 м аяң		
		4800 м трот		

1-ші күні Келесі аптаның	Баяу қысқа желіс (трот) пен аяңнан кейін қарқынды жұмыс (1-ші күнді қара); жүлделі жарыстан кейін жетектеу (водилка) немесе левада 1,0-2,0 сағ жіберу, тіптен болмаса баяу қысқа желіс аллнорімен 2 реприз
--------------------------	--

Желғордың 2.10-2.00 рекордтық ұшқырлыққа жарату схемасы
(бес жасар және одан жоғары жасында)

Күндері	Жұмыс түрі		Орлов	Орыс	
1-ші күні қарқынды жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м	
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	2.50 - 2.40	2.45 - 2.35	
		Баяу қысқа желіс (трот)-калыптастыру	800 м	800 м	
		Аяң	1600 м	1600 м	
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 - 2400 м	1600 - 2400 м	
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	2.35-2.20	2.30-2.18	
		Баяу қысқа желіс (трот) қалыптастыру	800 м	800 м	
		Аяң	1600 м	1600 м	
	Қарқынды жұмыстағы екінші гиттен кейін 30 мин жетектеу қажет.				
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м	
		Қабылдауы 100-200 м сайын	1-3	1-3	
		Қарқынды 1600 м	2.20 - 2.08 сек	2.15 - 2.05 сек	
		немесе 2400 м	3.35 - 3.25 сек	3.30 - 3.18 сек	
		немесе 3200 м	5.00 - 4.40 сек	4.50 - 4.30 сек	
Баяу қысқа желіс (трот)-калыптастыру		800 м	800 м		
Жетектеу (водилка)		1,0 сағ	1,0 сағ		
2-ші күні	Жетектеу немесе баяу желіс (трот) – аяң		1,0-2,0 сағ 2 реприз		
3-ші	Баяу қысқа желіс (трот)–аяң, тербелмелі арбада 3 реприз (мүмкін 2		4800 м трот		
			800 - 1600 м аяң		
			4800 м трот		

күні	реприз салт міністе немесе орысша жегістегі жұмыста)		800 - 1600 м аяң		
			4800 м трот		
4-ші күні аллюрі еркін сілтеу желіс-тегі жұмыс	1 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	2400 м	2400 м	
		Еркін көсілу желісі (размашка) 1600 м	3.00 - 2.50	2.55 - 2.45	
		Баяу қысқа желіс (трот)- қалыптастыру	800 м	800 м	
		Аяң	1600 м	1600 м	
	2 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 - 2400 м	1600 - 2400 м	
		Еркін сілтеу желісі 1600 м	2.50 - 2.40	2.45 - 2.35	
		Баяу қысқа желіс (трот)- қалыптастыру	800 м	800 м	
		Аяң	1600 м	1600 м	
	3 гит	Баяу қысқа желісті (трот) дайындау	1600 м	1600 м	
		Еркін сілтеу желісі 2400 м	4.10 - 3.50 сек	3.50 - 3.40 сек	
		немесе 3200 м	5.25 - 5.15	5.15 - 5.00	
		Баяу қысқа желіс (трот)- қалыптастыру	800 м	800 м	
		Жетектеу (водилка)	30 мин	30 мин	
	5-ші күні	Жетектеу немесе трот – аяң (арбамен)		1,0-2,0 сағ 2 реприз	
	6-шы күні	Баяу қысқа желіс (трот) - аяң		4800 м трот	
800-1600 м аяң					
4800 м трот					
800 - 1600 м аяң					
4800 м трот					
7-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот) – аяң немесе жүлде үшін болатын тербелмелі арбаға жегілген желғорларға арналған ат жарысына қатысу (бұл жарыс ипподромда әр жетіде немесе айына 2 рет өткізіліп тұрады)		4800 м трот		
			800-1600 м аяң		
			4800 м трот		
			800-1600 м аяң		
			4800 м трот		
Келесі апта-ның 1-ші күні	Баяу қысқа желіс (трот) пен аяңнан кейін қарқынды жұмыс (1-ші күнді қара); жүлделі жарыстан кейін жетектеу (водилка) немесе левада 1,0-2,0 сағ жіберу, тіптен болмаса баяу қысқа желіс аллюрімен 2 реприз				

Айналымдық шабыс пен жорғаға дайындау

Ипподромда жүргізілетін желісті жылқы тұқымдары яғни желфорлар 2400 метрге (1,5 гит) және екі гиттік 3200 метр қашықтыққа арналған жүлде жарысына, оларды сынау ережесі бойынша тек үш жасар дөнен (байтал босатылады) болғанында ғана қатыса алады. Егер желфорға екі жасар құнан кезінде үшгитті қарқынды және еркін сілтеуге жаттығу жұмысы жүргізілген болса, онда олар екігитті жүлдеге арналған жарысында еркін желіп шаба береді. Ондай қарқынды жаттығу жұмыстары жүргізілмеген жағдайда, көпгитті жүлде мен «қашықтық» жүлдесіне дайындау жұмысы жарыс маусымынан екі ай бұрын жүргізілуі тиіс.

Желфорды айдың алғашқы 3-4 аптасында 1600 метр қашықтыққа үшгиттік қарқынды жұмысқа жаттықтыруды ақырындап үйретеді. Бұл жұмысты желфорға 2400 метр қашықтықтағы екігиттік еркін сілтеу желісіндегі жұмыспен кезектестіре ауыстыра отырып жүргізеді. Бірінші айдың соңында желфорларға еркін сілтеу желісіндегі қарқынды жұмысты да үш гитте жүргізе бастайды.

Ал, желфорды үш гиттік жүлдеге дайындау қажет болғанда, оған 1600 метр қашықтыққа төртгитті қарқынды жаттықтыру жұмысты қосу қажет. Сонымен бірге жүлделі жарыстың алдында қарқынды үш гиттің жұмыстың соңынан төртінші гитті ақырындап қоса жүргізу керек. Бұдан кейін желфордың физиологиялық-клиникалық жағдайы қатаң бақыланады. Бұл кезеңдегі қалған жұмыс желфорға арналған қарқынды тренингтің схемасына сәйкес жүргізіледі. Төрт жас және одан жоғары жастағы желфорды 3200 м қашықтыққа арналған жүлделі жарысқа дайындау барысында, бұл қашықтыққа соңғы гитте қарқынды тренингке 1,5-2,0 ай бұрын екі аптада бір рет қарқынды үшгиттік қарқынды жұмыс қолданылады.

Көпгитті жүлдеге немесе қашықтық жүлдесіне алғаш рет қатысатын дөнен жасындағы желфорды көптеп дайындау қажет болған жағдайда, әсіресе биені (өте сирек жағдайда кездеседі), сонымен бірге ол өте маңызды жүлде болса, онда соңғы 1,0-1,5 ай бойы олардың басқа жүлделі жарысқа қатысуын қысқарту тиімді болып келеді. Бұл олардың жұмыс қабілеті мен сапасының ұшқырлығының жоғауына және жақсы көрсеткішке жетуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге жүлделі жарыстың қарқынды жүктемелерінде болдырып қалмауына септігін тигізеді.

Желфорды көпгиттік және қашықтыққа арналған жүлдеге дайындау барысында, бұл екі сынақ арасында елеулі физиологиялық айырмашылық болатынын ескерген жөн. Көпгиттік жүлдеге арналған ат жарысына қатысқан және жоғары нәтиже көрсеткен желфор, ылғи да жақсы қашықтық жүлдегері бола алмайды.

Желісті жылқыларды ең жоғарғы ұзын қашықтықтарға (2400-3200 м) сынау үшін, ең алдымен ұшқырлық төзімділігі қажет. Бұл үшін олардың гликогендік депосының дамуын анықтауды қажет етеді. Бұған қол жеткізу

үшін еркін сілтеу аллюрін жетілдіру және ұзын қашықтыққа қарқынды жұмыс жүргізу нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады.

Мысалы, желғордың үш жастағы дөненін екігитті жұлдеге арналған жарысқа дайындау үшін, төменде берілген графиктің мәліметтері бойынша жүргізуге болады. Мұндағы айдың тізбелік күндері шартты түрде берілген.

Сондықтан желғор жылқысын көпгиттік жұлдеге дайындайтын жылқы зауыты, түрлі деңгейдегі шаруашылық пен мен жекелеген жекеменшік ат иелері бұл берілген үлгінің графигін өз шаруашылығының қалыптасқан жағдайы мен тәжірибесі бойынша өзгертуіне болады. Бірақ-та желғор жылқысының арнайы қашықтыққа және көпгиттік жұлдеге дайындау тәртібінің ережесі мен тәртібі сақталуы қажет.

Желғорларды екі гиттік жұлдеге дайындау графигі (үш жастағы дөнен)

Күндері	Жұмыс түрі	Қашықтығы
Бірінші	1600 м қашықтыққа арналған жұлде (1 гит)	
Төртінші	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Бесінші	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Жетінші	1600 м қашықтыққа арналған жұлде (1 гит)	
Тоғызыншы	1600 м-ге қарқынды (10-15 сек - артығымен)	
Он бірінші	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Он үшінші	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Он төртінші	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Он алтыншы	1600 м қашықтыққа арналған жұлде (1 гит)	
Он сегізінші	1600 м-ге қарқынды (10-15 сек - артығымен)	
Жиырманшы	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Жиырма екінші	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Жиырма төртінші	1600 м қарқынды (10-15 сек - артығымен)	
Жиырма бесінші	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Жиырма жетінші	Еркін сілтеу желісі	2400 м
Жиырма сегізінші	1600 м қашықтыққа арналған жұлде (1 гит)	
Отыз бірінші	1600 м-ге қарқынды (10-15 сек - артығымен)	

Желісті жылқының ішінен жорғалау жүрісі жақсы дамыған қалыптасқан жылқылар да өз кезегінде іріктеліп шығады. Ат спортында желіс жылқыларын атқа салт мінген шабандоздың басқаруымен орындалатын

жорға жарысы да өткізіліп тұрады. Солардың ішінен жүріс аллюрі соған лайықты дағдыланған және жорғалау қабілеті дұрыс жетілген аттарды, ат спортының жорға жарыстарына да дайындау тренингісінің өзіндік технологиясы жақсы жетілген.

Бақылау сұрақтары: «Тренинг» - деген термин нені білдіреді. Желфор жылқысының тренингісі деген терминді қалай түсінуге болады. Желіс жылқысына тренинг жүргізудің негізгі мақсаты. Тренинг қалай бөлінеді. Зауыттық тренинг қайда жүргізіледі. Зауыттық тренинг жылқының қай жастарында жүргізіледі. Топты тренинг дегеніміз не. Спорт бағытында өсірілетін жылқының құлынын енесінен қанша жасында айырады. Құлынды енесінен айыру тәсілі. Жылқыға бас білдіру немесе бастықтыру дегеніміз не. Жылқыға бас білдіру оның қай жасында жүргізіледі. Жеке тренинг дегеніміз не. Жеке тренинг құлынның қанша жасында жүргізіледі. Ипподромдық тренинг дегеніміз не. Жылқы ат жарысына қанша жасынан бастап қатысады және оның мақсаты неде. Ипподромдық тренингтің не үшін жүргізеді. Ол қайда және қай жасында жүргізіледі. Жылқыны салт мініске және жорға жүрісіне қалай үйретеді. Жылқыны «жорға» аллюріндегі жүріске үйретудің алдына қойған мақсаты неде. Жылқының «жорғалауы» дегенді қалай түсінуге болады. Желфор жылқысының тренингісіндегі «гим» және «реприз» деген терминдер нені білдіреді. Трот дегеніміз не. Ересек желфорларды ипподромда жаттықтырудың мақсаты. Жылқыны айналымдық жарысқа не үшін жаттықтырады. Айналымдылық дегеніміз не, оның қашықтығы. Желфорды жорғалауға не үшін дайындайды.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді желіс жылқыларының тренингісімен, оларды жазықтағы желіп жүгірудегі шабысқа дайындау негізімен таныстыру.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін жылқы зауыты мен басқа шаруашылықтарға, ипподром мен ат спорты жоғарғы мектебіне қосымша экскурсия ұйымдастыру қажет.

Тәжірибелік оқу барысында студенттер жылқының желіс бағытындағы тұқымдарының шаруашылықта жүргізілетін зауыттық тренингісімен (топты, бас білдірі, жеке) және оның ипподромда сынау ережесімен және ипподромдақ тренингісімен және онда жүргізілетін шабысқа қатысу тәртібімен танысады.

Тапсырма:

1. Желіс жылқысының зауыттық және ипподромдық тренингісімен және ат спортының жазықтағы қос доңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға жегу нәтижесінде «желіп» шабу атсайысына дайындау жұмыстарына талдау жасау.

2. Желіс жылқысының зауыттық және ипподромдық тренингісіне қатысты атауларын оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазып алу.

Тест сұрақтары:

\$\$ 209. Желіс аллюрі дегеніміз не?

- A) алдыңғы оң және артқы сол аяғымен қозғалысында қалған аяқтарының жерге тимеу кезеңі
- B) екі шеткі оң және сол аяқтарының тұяқтарымен жерге кезек тиюінен болатын қозғалысы
- C) тербелмелі жеңіл арбаға жегіліп тек желіс аллюрімен шабуы
- D) транспортқа пайдалану үшін
- E) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

\$\$ 210. Жорға аллюрі дегеніміз не?

- A) алдыңғы оң және артқы сол аяғымен қозғалысында қалған аяқтарының жерге тимеу кезеңі
- B) екі шеткі оң және сол аяқтарының тұяқтарымен жерге кезек тиюінен болатын қозғалысы**
- C) тербелмелі жеңіл арбаға жегіліп тек желіс аллюрімен шабуы
- D) транспортқа пайдалану үшін
- E) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

\$\$ 211. Желіп шабу дегеніміз не?

- A) алдыңғы оң және артқы сол аяғымен қозғалысында қалған аяқтарының жерге тимеу кезеңі
- B) екі шеткі оң және сол аяқтарының тұяқтарымен жерге кезек тиюінен болатын қозғалысы
- C) тербелмелі жеңіл арбаға жегіліп тек желіс аллюрімен шабуы
- D) транспортқа пайдалану үшін
- E) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

\$\$ 212. Желіс жылқысын шығарудағы алғашқы мақсаты.

- A) алдыңғы оң және артқы сол аяғымен қозғалысында қалған аяқтарының жерге тимеу кезеңі
- B) екі шеткі оң және сол аяқтарының тұяқтарымен жерге кезек тиюінен болатын қозғалысы
- C) тербелмелі жеңіл арбаға жегіліп тек желіс аллюрімен шабуы
- D) транспортқа пайдалану үшін**
- E) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

\$\$ 213. Желфор жылқысы деп қандай тұқымдарды айтада.

- A) алдыңғы оң және артқы сол аяғымен қозғалысында қалған аяқтарының жерге тимеу кезеңі
- B) екі шеткі оң және сол аяқтарының тұяқтарымен жерге кезек тиюінен болатын қозғалысы

- C) тербелмелі жеңіл арбаға жегіліп тек желіс аллюрімен шабуы
- D) транспортқа пайдалану үшін
- E) орлов, орыс, америкалық стандартбредті, француз

\$\$ 214. Желіс жылқысының қарқындылығы қалай анықталады.

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) жазықтағы ат шабысы
- D) мамыр – қыркүйек айларында
- E) желғордың әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 215. Желіс жылқысы ипподромдағы сынауға қанша жасында қатысады.

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) тек желіс аллюрімен шабуы
- D) мамыр – қыркүйек айларында
- E) желғордың әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 216. Желіс жылқысының атжарысы дегеніміз не?

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) тек желіс аллюрімен шабуы
- D) мамыр – қыркүйек айларында
- E) желғордың әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 217. Ипподромда өткізілетін шабыс атжарысының маусымы.

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) тек желіс аллюрімен шабуы
- D) мамыр – қыркүйек айларында
- E) желғордың әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 218. Ат шабыс жарыстары не үшін жүргізіледі?

- A) ипподромдағы атжарысына қатысу нәтижесінде
- B) құнанында яғни екі жасқа толғанда
- C) тек желіс аллюрімен шабуы
- D) мамыр – қыркүйек айларында
- E) желғордың әр қашықтықтағы жеңімпазын анықтау

\$\$ 219. Желіс жылқысына не үшін тренинг жүргізеді?

- A) ат спортына желіс бағытындағы шабыс атын өсіруге
- B) желіс аллюрін жетілдіру
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 220. Желіс жылқысының тренингісінің мақсаты.

- A) ат спортына желіс бағытындағы шабыс атын өсіруге
- B) желіс аллюрін жетілдіру**
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 221. Желіс жылқысының тренингісі қалай бөлінеді?

- A) ат спортына желіс бағытындағы шабыс атын өсіруге
- B) желіс аллюрін жетілдіру**
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда

\$\$ 222. Желіс жылқысының зауыттық тренингісі қайда жүргізіледі?

- A) ат спортына желіс бағытындағы шабыс атын өсіруге
- B) желіс аллюрін жетілдіру**
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта**
- E) ипподромда

\$\$ 223. Желіс жылқысының ипподромдық тренингісі қайда жүргізіледі?

- A) ат спортына желіс бағытындағы шабыс атын өсіруге
- B) желіс аллюрін жетілдіру**
- C) зауыттық және ипподромдық
- D) шаруашылықта
- E) ипподромда**

\$\$ 224. Желіс жылқысының зауыттық тренингісінің мақсаты.

- A) желғор жылқысын шаруашылықта жаттықтыру**
- B) топты, бас білдіру, жеке
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 225. Желіс жылқысының зауыттық тренингісі қалай бөлінеді?

- A) желғор жылқысын шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке**
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 226. Желіс бағытындағы жылқысының топты тренингісі дегеніміз не?

- A) желғор шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 227. Желіс бағытындағы жылқысын бас білдіру дегеніміз не?

- A) желғор жылқысын шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 228. Желіс бағытындағы жылқысының жеке тренингісі дегеніміз не?

- A) желғор жылқысын шаруашылықта жаттықтыру
- B) топты, бас білдіру, жеке
- C) енесінен айырған жабағы-тайларды тобымен жаттықтыру
- D) құнан шығарды бастықтыру
- E) құнан шығарды жеке жаттықтыру

\$\$ 229. Желіс бағытындағы жылқысының зауыттық тренингісі қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жас аралығында

\$\$ 230. Желіс бағытындағы жылқысының ипподромдық тренингісі қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жас аралығында

\$\$ 231. Желіс бағытындағы жылқысының топты тренингісі қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,5 жасқа дейін
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жас аралығында

\$\$ 232. Желіс бағытындағы жылқысын бас білдіру қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жас аралығында

\$\$ 233. Желіс бағытындағы жылқысының жеке тренингісі қай жасында жүргізіледі?

- A) 6 айлығынан 2,0 жасқа дейін
- B) екі жасында
- C) 6 айлығынан 1,5 жасқа дейін
- D) 1,5 жасында
- E) 1,5-2,0 жас аралығында

\$\$ 234. Желіс бағытындағы жылқының жеке тренингісінің мақсаты.

- A) жүген-ноқтаға, ер-тоқымға, жетектеуге, желіс аллюріне үйретеді
- B) ипподром жолына сәйкес (ұзындығы 1600 м) жүгіру алаңында
- C) жыл мезгілінің айларына
- D) аяң және баяу қысқа желістегі (трот) аллюрінің қозғалыс дағдысын жетілдіру
- E) күш-қуаты мен жалпы төзімділігін арттыру, бұлшық еттерін нығайту және дайындау

\$\$ 235. Желіс бағытындағы жылқының жеке тренингісі қайда жүргізіледі?

- A) жүген-ноқтаға, ер-тоқымға, жетектеуге, желіс аллюріне үйретеді
- B) ипподром жолына сәйкес (ұзындығы 1600 м) жүгіру алаңында
- C) жыл мезгілінің айларына
- D) аяң және баяу қысқа желістегі (трот) аллюрінің қозғалыс дағдысын жетілдіру
- E) күш-қуаты мен жалпы төзімділігін арттыру, бұлшық еттерін нығайту және дайындау

\$\$ 236. Желфор жылқысының мамыр-маусым айларындағы жеке тренингісінің міндеті.

- A) жүген-ноқтаға, ер-тоқымға, жетектеуге, желіс аллюріне үйретеді
- B) ипподром жолына сәйкес (ұзындығы 1600 м) жүгіру алаңында
- C) жыл мезгілінің айларына
- D) аяң және баяу қысқа желістегі (трот) аллюрінің қозғалыс дағдысын жетілдіру
- E) күш-қуаты мен жалпы төзімділігін арттыру, бұлшық еттерін нығайту және дайындау күш

\$\$ 237. Желғор жылқысының шілде-тамыз айларындағы жеке тренингісінің міндеті.

- A) жүген-ноқтаға, ер-тоқымға, жетектеуге, желіс аллюріне үйретеді
- B) ипподром жолына сәйкес (ұзындығы 1600 м) жүгіру алаңында
- C) жыл мезгілінің айларына
- D) аяң және баяу қысқа желістегі (трот) аллюрінің қозғалыс дағдысын жетілдіру
- E) күш-қуаты мен жалпы төзімділігін арттыру, бұлшық еттерін нығайту және дайындау

\$\$ 238. Желғор жылқысының қыркүйек-қазан-қараша айларында жеке тренингісінің міндеті.

- A) ұшқырлық қабілеті мен арнайы шыдамдылығын арттыру және салт мінуге үйрету
- B) жегудің құрал-сайманына үйрету және желіс аллюріне жаттықтыруды жалғастырылады
- C) еркін кең желіс аллюріне жаттықтыру жұмысы аптасына 2 рет жүргізіледі
- D) неғұрлым қарқынды ұшқырлығын тұрақты түрде қалыптастыру
- E) екі жасар құнан мен байталшаларды қарқындылығын анықтау үшін

\$\$ 239. Желғор жылқысының желтоқсан айындағы жеке тренингісінің міндеті.

- A) ұшқырлық қабілеті мен арнайы шыдамдылығын арттыру және салт мінуге үйрету
- B) жегудің құрал-сайманына үйрету және желіс аллюріне жаттықтыруды жалғастырылады
- C) еркін кең желіс аллюріне жаттықтыру жұмысы аптасына 2 рет жүргізіледі
- D) неғұрлым қарқынды ұшқырлығын тұрақты түрде қалыптастыру
- E) екі жасар құнан мен байталшаларды қарқындылығын анықтау үшін

\$\$ 240. Желғор жылқысының қаңтар-ақпан айларындағы жеке тренингісінің міндеті.

- A) ұшқырлық қабілеті мен арнайы шыдамдылығын арттыру, оған ертоқым салуға және ерттеп
- B) жегудің құрал-сайманына үйрету және желіс аллюріне жаттықтыруды жалғастырылады
- C) еркін кең желіс аллюріне жаттықтыру жұмысы аптасына 2 рет жүргізіледі
- D) неғұрлым қарқынды ұшқырлығын тұрақты түрде қалыптастыру
- E) екі жасар құнан мен байталшаларды қарқындылығын анықтау үшін

§§ 241. Желғор жылқысының наурыз-сәуір айларындағы жеке тренингісінің міндеті.

- A) ұшқырлық қабілеті мен арнайы шыдамдылығын арттыру және салт мінуге үйрету
- B) жегудің құрал-сайманына үйрету және желіс аллюріне жаттықтыруды жалғастырылады
- C) еркін кең желіс аллюріне жаттықтыру жұмысы аптасына 2 рет жүргізіледі
- D) неғұрлым қарқынды ұшқырлығын тұрақты түрде қалыптастыру**
- E) екі жасар құнан мен байталшаларды қарқындылығын анықтау үшін

§§ 242. Желғор жылқысының ипподромдық тренинг жүргізудің мақсаты.

- A) ұшқырлық қабілеті мен арнайы шыдамдылығын арттыру және салт мінуге үйрету
- B) жегудің құрал-сайманына үйрету және желіс аллюріне жаттықтыруды жалғастырылады
- C) еркін кең желіс аллюріне жаттықтыру жұмысы аптасына 2 рет жүргізіледі
- D) неғұрлым қарқынды ұшқырлығын тұрақты түрде қалыптастыру
- E) екі жасар құнан мен байталшаларды қарқындылығын анықтау үшін

§§ 243. Желіс бағытындағы жылқыға ипподромдық тренинг қай жасында жүргізіледі?

- A) екі жасында
- B) жынысына байланысты (құнан, байталша)
- C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін
- D) қарқындылық қабілетін анықтау үшін
- E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

§§ 244. Желіс бағытындағы жылқыға ипподромдық тренинг қалай жүргізіледі?

- A) екі жасында
- B) жынысына байланысты (құнан, байталша)**
- C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін
- D) желіспен шабудағы қарқындылық қабілетін анықтау үшін
- E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

§§ 245. Желіс жылқысына жүргізілетін ипподромдық тренингтің мақсаты. A) екі жасында

- B) жынысына байланысты (құнан, байталша)
- C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін
- D) желіспен шабудағы қарқындылық қабілетін анықтау үшін
- E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

§§ 246. Желіс жылқысына жүргізілетін ипподромдық сынаудың мақсаты.

- A) екі жасында
- B) жынысына байланысты (құнан, байталша)
- C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін
- D) желіспен шабудағы қарқындылық қабілетін анықтау үшін
- E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

§§ 247. Жүлде үшін болған жарыстан соң құнан мен байталшаны қалай демалдырады?

- A) екі жасында
- B) жынысына байланысты (құнан, байталша)
- C) қарқындылық қабілетін сынауға және жүлделі ат жарысына қатысу үшін
- D) желіспен шабудағы қарқындылық қабілетін анықтау үшін
- E) екі-үш күн белсенді демалдырады (аяңдату, левадада немесе паддокта серуендету)

§§ 248. Желіс жылқысының ипподромдық сынаудың мақсаты.

- A) әр түрлі қашықтықтағы желісті аллюрлерін бағалау мақсатында
- B) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру
- C) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру, организмін бұдан да қарқынды жүктемеге дайындау
- D) қарқындылығын экстра класс (2.10 сек) көрсеткішіне жеткізу мақсатында жалғастыру
- E) сапасын экстра класс (2.10 сек) одан да жоғары көрсеткіштен асыру мақсатында

§§ 249. Желіс жылқысының құнандар тренингісінің міндеті.

- A) әр түрлі қашықтықтағы желісті аллюрлерін бағалау мақсатында
- B) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру
- C) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру, организмін бұдан да қарқынды жүктемеге дайындау
- D) қарқындылығын экстра класс (2.10 сек) көрсеткішіне жеткізу мақсатында жалғастыру
- E) сапасын экстра класс (2.10 сек) одан да жоғары көрсеткіштен асыру мақсатында

§§ 250. Желіс жылқысының дөнендер тренингісінің міндеті.

- A) әр түрлі қашықтықтағы желісті аллюрлерін бағалау мақсатында
- B) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру
- C) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру, организмін бұдан да қарқынды жүктемеге дайындау

D) қарқындылығын экстра класс (2.10 сек) көрсеткішіне жеткізу мақсатында жалғастыру

E) сапасын экстра класс (2.10 сек) одан да жоғары көрсеткіштен асыру мақсатында

\$\$ 251. Желіс жылқысының ересек жылқылар (төрт жас) тренингісінің міндеті.

A) әр түрлі қашықтықтағы желісті аллюрлерін бағалау мақсатында

B) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру

C) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру, организмін бұдан да қарқынды жүктемеге дайындау

D) қарқындылығын экстра класс (2.10 сек) көрсеткішіне жеткізу мақсатында жалғастыру

E) сапасын экстра класс (2.10 сек) одан да жоғары көрсеткіштен асыру мақсатында

\$\$ 252. Желіс бағытындағы ересек жылқылар (бес жас және одан жоғары жасында) міндеті.

A) әр түрлі қашықтықтағы желісті аллюрлерін бағалау мақсатында

B) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру

C) күш-қуаты мен төзімділігін арттыру, организмін бұдан да қарқынды жүктемеге дайындау

D) қарқындылығын экстра класс (2.10 сек) көрсеткішіне жеткізу мақсатында жалғастыру

E) сапасын экстра класс (2.10 сек) одан да жоғары көрсеткіштен асыру мақсатында

\$\$ 253. Желфорлардың айналымдық шабысы дегеніміз не?

A) айналымдық жарысы (бір айналым 1600 м.)

B) екі айналым – 3 200 м.

C) үш айналым – 4 800 м.

D) үш гитке дайындау қажет болғанда

E) бірнеше айналымдық жарысқа арналған жүлде

\$\$ 254. Желфорлардың екі гиттік жүлдесі дегеніміз не?

A) айналымдық жарысы (бір айналым 1600 м.)

B) екі айналым – 3 200 м.

C) үш айналым – 4 800 м.

D) үш гитке дайындау қажет болғанда

E) бірнеше айналымдық жарысқа арналған жүлде

\$\$ 255. Желфорлардың үш гиттік жүлдесі дегеніміз не?

A) айналымдық жарысы (бір айналым 1600 м.)

- B) екі айналым – 3 200 м.
- C) үш айналым – 4 800 м.
- D) үш гитке дайындау қажет болғанда
- E) бірнеше айналымдық жарысқа арналған жүлде

\$\$ 256. Желфорларға төрт гиттік жаттығуды не үшін қосады?

- A) айналымдық жарысы (бір айналым 1600 м.)
- B) екі айналым – 3 200 м.
- C) үш айналым – 4 800 м.
- D) үш гитке дайындау қажет болғанда
- E) бірнеше айналымдық жарысқа арналған жүлде

\$\$ 257. Желфорлардың гиттік жүлдесі дегеніміз не?

- A) айналымдық жарысы (бір айналым 1600 м.)
- B) екі айналым – 3 200 м.
- C) үш айналым – 4 800 м.
- D) үш гитке дайындау қажет болғанда
- E) бірнеше айналымдық жарысқа арналған жүлде

\$\$ 258. Жорға аллюрі дегеніміз не?

- A) екі шеткі оң және сол аяқтарының тұяғымен жерге тіреу екпінінен туатын қозғалысы
- B) жылқының бір жағының, яғни не оң немесе сол қапталындағы екі аяғы бірден жерден көтеріледі де кезектесіп барып жерге тіреледі
- C) жорғалағанда адымы желістен қысқа, бірақ-та шапшаңдығы одан жоғары
- D) жылдамдығын арттыру
- E) қарқындылығын арттыру

ЖЫЛҚЫНЫ ИППОДРОМДА СЫНАУ

*Жүзден жүйрік,
мыңнан тұлпар шығады.*

Біздің эрамызға дейінгі жылдарда (XVII ғасыр) Батыс елдерінде қос доңғалақты (колесница) тербелмелі жеңіл арбаға жегілген жылқылардың атсайысы жиі өткізіліп тұрған. Ал жылқыны салт мініске алғаш пайдаланған халықтың бірі ежелгі скифттерде жылқыны ат спортына пайдалану өнері бұдан да ертеден-ақ жақсы дамыған. Сонымен жылқыларды салт мініп те, қос доңғалақты тербелмелі арбаға жегіп те және кедергілерден секіртеп те өткізілетін атсайысының жарыстары мыңдаған жылдар бойы жүргізіліп келеді.

Ат спорты мен оның сайыс түрінің шығу тарихы, ғасырлар тұңғышына терең бойлайтын жаратылыстың құпиясы. Ол тарихи қалыптасқан, ежелден келе жатқан, адамның жылқыны өзінің мақсатына пайдалану жұмысындағы өзіндік қалыптасқан нәтижесі. Атсайыс ойындары - оның алғашқы қолға үйретіліп және үй жануарына айналған кезінен-ақ басталған. Алғашқы ат шабысы мен оның сайыс жарысын өткізу ежелгі Греция жерінде басталған. Мәселен, жұптап ат жеккен қосдоңғалақты арбалар (колесница) жарысы. Ат жарысы - сол кездегі ежелгі Олимпиада бағдарламасына біздің эрамызға дейінгі 680 жылдан бастап енгізілген. Сол кеден бастап-ақ атқа салт мініп әр түрлі қашықтыққа шабу мен сері-шабандоздың (рыцар) атсайыс өнерінің жекпе-жектегі түрлі жарыстары ұйымдастырылған.

Атсайыс ойынының дамуының орталығы - Грецияда алғашқы атқа салт міну және оның түріне арналған ат спорты мектептері ашылған. Барлық елде ат шабысы мен оның атсайыс жарысы өткізетін орын, яғни алғашқы ипподром да сол Грецияда салынған. Осыдан барып Бүкіл Әлемге танымал атсайыс өнері мен оның алғашқы әр ұлтқа тән түрлері өмірге келе бастаған.

Атсайыс өнерінің көптілігімен қатар, оның орындалу мақсатына байланысты әр түрлі формасы, түрлі сыр-сипаты, оның ережесі мен өткізілу тәртібі болады. Сондықтан шабандоздың басқаруымен аттың біріге орындайтын қимыл-қозғалысы, оның күрделілігі мен мақсаты, оның бағыты осы атжарысы мен сайыс нәтижесін бағалау мен қорытындылауды қажет етеді.

Ипподром (грек тіліндегі hippos – ат, dromos - жүгіру) – ат спортының шабыс жарыстары өткізілітін құрылыс кешені. «Ипподром» - асыл тұқымды ат спорты (мініс және желіс) бағытындағы жылқы тұқымының тренингісі мен оны сынау жұмысының озық технологиясын насихаттайтын және ғылыми түрде негізделген жетістіктерін енгізетін орталық орны. Ипподром - ат спортының әр түрлі атсайыс ойынының (кәсіби, классикалық және ұлттық) жарыстары өткізілетін алаңы. Сонымен бірге ипподромда әр түрлі ат

жарыстары, жылқы тұқымдарының көрмесі және оның ішіндегі жеңімпаздарды көрініске шығару мен оның көрмесі өткізіледі. Сондықтан ипподромдағы сынау жұмысы – бұл ат спорты бағытында өсірілетін тұқымдардың, мәселен, мініс жылқысының түрлі қашықтықтағы жазықтағы (гладкая) және кедергілік шабысы (барьерлік) жүргізіледі. Ал желғор жылқысының қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға (качалка) жегудегі «желіс» аллюрімен шабу (бега) және жорға арыстары да өткізіледі.

Жылқы тұқымын селекциялық-асылдандыру жұмысын жетілдірудегі жалпы жүйесінің ең маңызды элементінің бірі, оның жұмыс қабілеттілігін жетілдіру (қарқындылығы мен ұшқырлығын) және оның спорттық сапасын анықтау. Сондықтан ипподромда мініс жылқысын әр түрлі қашықтықтағы қарқындылығын жазықтағы шабыста, ал желіс жылқысын қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға жегу (качалка) нәтижесіндегі желғорлық шабысындағы ұшқырлық қабілетін анықтау мақсатында сынайды. Сондағы жылқыны ипподромдағы сынаудың негізгі мақсаты, ат спортының бағытына байланысты, оның жеткен жетістіктерін насихаттау және ат жарысындағы дәстүрлі жүлделердің жеңімпаздары мен үздік әрі ұшқыр да қарқынды жылқыларды көрермен жанкүйерлеріне көрсету.

Жылқыны ипподромда сынау жұмысы - асыл тұқымды жылқы өсіретін зауыттар, ферма, басқа да шаруашылықтар және жекелеген жекеменшік ат иелерімен бірлесе отырып тығыз байланыста жоспарлы түрде жыл сайын (мамыр-қыркүйек) өткізіліп тұрады.

Ипподромда өткізілетін ат шабысының жарысы - спорт жылқысының сынау бағытына (миніс, желіс), тұқымына (ағылшын, араб, ахалтеке), жынысына (еркек, ұрғашы) және жасына (2, 3, 4 және одан жоғары) байланысты ұйымдастырылады. Сонымен бірге атсайыс ойынының - «кәсібилік», «классикалық» және «ұлттық» түрлерінің жарыстары мен әр түрлі ат спорты ойындарының чемпионаттары мен спартакиадасы да өткізіліп тұрады.

Атшабысын ұйымдастыру жұмысы

Ипподромда өткізілетін ат жарысының комиссия төрағасы болып ипподромның шаруашылық бөлімінің бастығы, ал оның мүшелері болып ипподромның бас зоотехнигі, аға бапкері және озық шабандоздар сайланады.

Ипподром ұжымы мен өкімінің қатысуымен ипподромдық ат жарысын өткізу мерзімінің жылдық жоспары жасалады. Жоспардағы кезекті сынақ күні басталудан бір апта бұрын ипподромның өндірістік бөлімінде оның негізгі бағдарламасы құрылады. Онда әрбір ипподромдық ат шабысының жарысын өткізілу уақыты, тұқымы, топтары, жынысы, жасы, шабу қашықтығы мен жүлденің аталуы жоспарланады. Оларға берілетін силықтың сомасы белгіленеді, осыған сәйкес бағдарламасы құрастырылады. Бұл бағдарлама әр шабыстың алдында бір жеті бұрын шығарылады және оның мазмұны ат иелеріне, бапкеріне, шабандоздары мен көрермендерге таратылады.

Ипподромда өткізілетін атшабыс жарысының күнтізбесі мен ұтысқа түсетін жүлдесі мен берілетін бәйгелік сомасын, ат жарысына қатысатын жылқылардың төлемдік қаржысынан түскен жарнасының ақшалай пайызына байланысты арнай комиссия қабылдайды.

Атшабысының басталуынан бір апта бұрын, оның өндірістік бөлімінде, әрбір шабысқа қатысушы мініс немесе желіс жылқысының сипаттамасы айқындалады. Онда оның сөрелік нөмірі, аты-жөні, түр-түсі, туылған жылы, жынысы, шығу тегі көрсетіледі. Шаруашылық пен ат иесінің толық аты-жөні көрсетілген мәліметі беріледі. Спортшы-шабандоздың аты-жөні, дәрежесі, салмағы және баптаушы бапкері туралы мағлұматы да көрсетіледі. Мұнда жылқының алғашқы немесе бұрынғы жарысқа түсуі мен қатысуы, жүлделі орын алу нәтижесі ескеріледі.

Ипподромдағы атшабысына қатысатын әр жылқыға хаттама жазылады. Бұл жауапты жұмысты комиссия мүшесінің бірі дайындайды. Ат сайысына қатысушы жылқының реттік нөмірін «жеребе» салу арқылы анықтайды. Жарысқа қатысушы шабандоз бен делбеші арнайы костюм киеді. Ал жылқыға соның түсіне сай жабу жабылады. Шабысқа қатысушы әр жылқы мен оның шабандозына жеке нөмір беріледі. Осы бекітілген нөмір шабандоздың кеудесінде, арқасында, ал аттың терлігінде (екі қапталында да) болады.

Атшабысының жарысына қатысатын жылқының жүлдесі алынған орнына (1-ші, 2-ші, 3-ші, кейде 4-ші) байланысты ақшалай сыйлық немесе алатын ұтысы аталып беріледі. Берілетін жүлденің сомалық мөлшері оның тұқымына, қатысатын жылқы иесінен түскен жарнасына, оның шабу қашықтығына, жасы мен жыныс тобына және арналу дәрежесіне тәуелді. Атшабысындағы ұтысқа берілетін ақшалай сыйлықтың - 50,0% - бірінші орынға, екінші орынға одан қалған соманың - 50,0%, ал 3-және 4-орынға қалған сомасы бөлінеді.

Ипподромда өткізілетін атшабысының жарысы мініс (ағылшын, араб, ахалтеке) және желіс (орлов, орыс желфоры) бағытындағы екі жасар құнандар мен байталшалар өз тұқымының тобындағы қашықтыққа арналған сынаққа жекелеп тобымен жынысына байланысты жіберіледі. Мәселен, үш жасар дөнендер мен байталдар үш жастық жылқыларға арналған қашықтықта жекеленіп өз тобымен және кейбір жүлделі ат жарысында өздерінен жасы үлкен ересек (4-5 жастағы) жылқысымен де қатысуына болады.

Ал ересек жылқылар (4-5 жастағы) өз тобында ғана ұйымдастырылатын атшабысының жарысына (жарыс қашықтығына байланысты) қатысады. Мұнда тек айғырлар шабады, себебі үш жасқа толған байталдар өз шаруашылығында тұқым көбейтуге босатылады. Сиректе болса жақсы жетістікке жеткен атақты байталдарды (айғырды түсірмей) тағы да екі-үш жыл ересек жылқыларға арналған атшабысының жарысына қатыстыру тәжірибесі кездеседі.

Атшабысын ұйымдастыру жүйесі

Асыл тұқымды жылқы шаруашылықтар және жекелеген жекеменшік ат иелері ипподромдағы атшабысының жарысына жіберуге арнайы дайындалған және тағайындалған жылқыларына алдын-ала келесі құжаттарды дайындайды:

- асыл тұқымдылық куәлігі;
- зауыттық кітаптың көшірмесі;
- бонитировкалау ведомосы;
- арнайы зауыттық тренинг пен жаттығудан актісі;
- малдәрігерлік куәлігі.

Ипподромдағы атшабысына қатысатын жылқы және олармен бірге жіберілген арнайы құжаттары ипподром ұжымы мен оның өкімінің қарауынан және іріктелуінен өтеді. Атшабыс жарысына қатысатын асыл тұқымды жылқылар ипподромға келісімен, егер құжаттары дұрыс болған жағдайда оларға үш-төрт күннің ішінде қабылдау актісі жасалады.

Ипподромдағы атшабысына қатысу барысында әр түрлі деңгейдегі шаруашылықтар мен жекеменшік ат иелері өздерінің жарысқа қосатын аттарын ипподромның қарамағындағы атқораларда күтіп-бағуына немесе тек ат жарысы өткізілетін күні ғана алып келулеріне болады. Бұған атшабысының жарысы өткізілетін ипподромда толық жағдай жасалады.

Атшабысының жарыс маусымының жұмысы аяқталысымен, оған қатысқан жылқының сынақ және шабыс нәтижесі, тіркелу карточкасының көшірмесі, олардың ипподромдық сынау кезіндегі жағдайына байланысты малдәрігерлік тұжырымдама куәлігі беріледі және акті жасалынады.

Ипподромда өткізілетін ат жарыс маусымының шабысы әр жылдың мамыр айында басталып, сол жылдың қыркүйек айында аяқталып отырады. Сонымен ипподромда өткізілетін жыл сайынғы атшабыс маусымының ұзақтығы бес айға дейін созылады.

Мініс бағытындағы жылқы тұқымдарының ипподромдағы жазықтағы шабысына тек таза тұқымдағы, мысалы, таза қанды мініс (ағылшын), араб, ахалтеке және қостанай жылқылары қатысады. Ал оның әр қайсысы өз тұқымының ішіндегі тобындағы ат жарысына ғана қатысады.

Жылқы тұқымдарының біріккен немесе аралас шабысының ат жарысы ешқашан болмайды. Мұнда олардың тек жасы мен жынысы ғана ескеріледі. Мәселен, екі жастағы құнандар мен байталшалар өз тобында, үш жастағылары өз тобында және т.с.с. Ал ересек жылқылардың ат шабысы төрт және одан жоғарғы жас деп саналады.

Конкур және стипль-чез ат жарысына айғырлар, биелер және піштірілген айғырлар да қатыса береді. Мұнда олардың жасы, жынысы мен тұқымдары ескерілмейді. Тек, ересек жастағы жылқы болса болғаны.

Желісті бағытындағы жылқы тұқымының ипподромдағы атшабысына (бега) тек таза тұқымдағы, мысалы, орлов және орыс, америкалық стандарт-

бредті және француз тұқымындағы жылқылары қатысады. Мұнда олардың әр қайсысы өз тобындағы атшабысына қатысады. Олардың да біріккен немесе аралас шабысы болмайды. Мұнда да жасы мен жынысы ғана ескеріледі. Мәселен, екі жастағылары өз тобында, үш жастағылары өз тобында, ал ересек жылқылар өз тобында және т.с.с.

Ипподромға асыл тұқымды мініс және желіс жылқысы екі жасынан (құнан, байталша) бастап ипподромдық атшабысының сынауына түседі. Сонымен бірге, ипподромдық сынауға қатысатын жылқының байталын екі және үш жасында ғана сынайды. Ал айғырын екі (құнан), үш (дөнен), төрт жасында, ал үнемі үлкен жетістікке жетіп жүрген жекелеген ересек айғырды 5-6 жасқа дейін, жүлде үшін болатын атшабысының жарысына қатыстыра береді.

Сондағы жылқының шабыс маусымындағы ат жарысына қатысу нормасы - олардың жасы мен атсайыс түріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мәселен, құнан мен байталша айына бір-екі рет, ал ересек үш жастан жоғары жастағы дөнендер және басқалары үш-бес рет қатысуына болады.

Ат спортының конкур жылқысының кедергіден қарғу жарысында, аттың шабу қарқындылығы мен оның секіру тазалығының орындалу нәтижесіне байланысты беріледі. Жеңіп алған жүлделік орындар (1-ші, 2-ші, 3-ші) тағайындалады және бағалы ұтыстар ақшалай сыйлық ретінде беріледі.

Ұтыстағы жүлделер

Ат спорты Федерациясында спорт бағытында өсірілетін жылқыларын ипподромдық жарысындағы шабыс маусымында берілетін ұтысқа түсетін квалификациялық (бағалау) және дәстүрлі (дәстүрлі) жүлделерін мына-дай үлгіде бөліну қабылданған.

Олар: топтық, топтан тыс, шектелінген, ашық, гандикап немесе теңестіру, атаулы, халықаралық және дәстүрлі (дәстүрлі).

- *топтық* – жынысына байланысты бір тұқымдағы топтың жылқыларына;

- *топтардан тыс* – жынысына байланыссыз бір тұқымдағы жылқыларға, оған кез келген басқа топтың жылқылары жіберіледі (айғырлар мен байталдар);

- *шектелінген* – маусымда жүлделі орындарды алмаған бір тұқымның жылқыларына, оның ішінде байталдарға немесе айғырларға жеке арналған;

- *ашық* – тұқымы мен жыныс тобы шектеусіз, жасы бірдей жылқыларға;

- *атаулы* - қандайда бір оқиғаға немесе мерекелі күнге арналған;

- *гандикап* немесе теңестіру жүлдесі - әр түрлі шабыстық топтағы және әр жастағы жылқылардың жұмыс қабілеттілігін салыстыруға арналған, сонымен бірге мұндағы ересек жастағы және жоғарғы топтағы жылқылар бұған қосымша жүктеме алады;

- *халықаралық* - шетелдік жылқы иесі мен ұжымдардың жылқыларына;
- дәстүрлі (дәстүрлі) – шамамен әр жылы бір күнтізбелік мерзімде жылқылардың белгілі тұқымдары мен жасына қарай өткізілетін бас жүлделер.

Сонымен бірге желісті бағытындағы желфор жылқыларының жүлдесі «*Ашық*» - барлық желфорлардың біріккен шабысына арналған және «*Жабық*» - желфордың тек бір тұқымына, мәселен орлов және т.с.с. деп бөледі.

Қазақстан Республикасында туылған және ат спорты үшін өсірілген таза қанды асыл тұқымды мініс және желіс жылқыларына арналған ат жарысының шабыстарында Алматы ипподромында мынадай жүлделер ойналады:

Екі жастағы байталдар мен құнандарға арналған: Сынамалы (1200 м); Жазғы (1200 м); Жетісу (1200 м); Каринка (1200 м); Мәншүк Маметова атындағы (1400 м); Болашақ (1600 м); Маммона (1400 м); Екі жасарлық - Үлкен Фаворит (1600 м); Гандикап (1000 м).

Үш жастағы байталдар мен дөнендерге арналған: Шабыс маусымының ашылуы (1800 м); Лойна (1400 м); Спринтерлік (1400 м); Аналогичная - 1000 Guineas (1600 м); Жаздық Үлкен - 2000 Guineas (1600 м); OAKS (2000 м); Болашақ (2400 м); Алматы қаласы атындағы (2400 м); Асуан (2000 м); Дерби (2400 м); Бауыржан Момышұлы атындағы (2800 м); Әлия Молдағұлова атындағы (1800 м).

Үш жас және одан жоғары жастағы жылқыларға арналған: Үлкен спринтерлік (1200 м); Береста (1000 м); Насим (1600 м); Бауыржан Момышұлы атындағы (2800 м); Қазақстандық Милясы (1600 м); Критериум (1000 м); Қазақстан Республикасы Жокей Клубы (2000 м); Чемпиондар Кубогы (2400 м); Салыстыру (2400 м); Қазақстан Республикасы Президенті (2200 м); Евразия Кубогы (1600 м).

Төрт жас және одан жоғары жастағы жылқыларға арналған: Кірісу (2000 м); Кірісу (1800 м); Элита (2400 м); Қазақстан Республикасы Жокей Клубы (2800 м); Песняр (2400 м); Анилин (2400 м); Қазақстан Республикасы Президенті (3200 м); Халықтар достығы (4000 м).

Атшабысының өткізілу тәртібі

Ипподромдағы өткізілетін ат жарысына қатысатын жылқылардың шабыс ережесінің тәртібіне байланысты оған қатысушы аттарды бағалау жұмысын арнайы сайланған әділ қазылар алқасының төрешілері жүргізеді. Жарысқа қатысушы спортшы-шабандоз жарыс ережесіне сай лайықтап тігілген костюмдер киеді, ал жылқыға соның түсіне сай жабу-жабылғы жабылады.

Жарыстың басталуының алдында (30-40 мин) паддоктағы таразы басындағы байқаушы шабандоздың самағын өлшейді. Олардан мөлшерден кем немесе артық салмақ байқалса (0,4 кг), онда ат жарысына қатыс-

тырмайды. Шабыс аяқталған соң да шабандоздың салмағы қайтара тексеріледі. Егер алдыңғы салмағынан 0,3 кг кем немесе жоғары болып шықса онда жүлделік орыннан алып тастайды. Ал желфорлар атшабысына шабандоздың салмағы өлшенбейді және тексерілмейді.

Ипподромдаы ат жарысына қатысатын жылқыларға арналған бірінші қоңырау ат шабысына 30 минут қалғанда, әділ қазылар алқасының басшысы ат жарысының басталарын білдіру мақсатында соғады. Ат шабысының басталуынан 8-10 минут бұрын екінші рет қоңырау соғылады. Содан кейін ғана барып шабандоздар атқа қонады, алаңдағы шабыс жолына топ-тобымен шығады. Олар салтанатты шерумен көрермендер трибунасының алдынан өтіп, сөреге қарай бет алады. Ат шабысына қатысушы әрбір жылқының терлігінде өзінің шығатын жеке нөмірі болады. Осы нөмір шабандоздың жеңінде немесе кеудесі мен арқасында да болады. Ипподромдағы ат шабыстың басталуынан 2-3 минут бұрын үшінші рет қоңырау соғылады, одан кейін ат жарысына қатысушылар өздерінің нөмірлерінің ретімен (ішкі жырадан бастап), сөре сызығынан 10-15 метрлік жерде сапқа түзеледі және берілген бұйрық бойынша аттарының басын жібереді.

Шабыстағы жылқылардың ұшқырлығын секундомермен 1/10 секундке дейін дәлдікпен тіркеледі. Жылқылардың 1000, 1500, 2000, 3000, 4000 метрлік қашықтықтағы шабыстарындағы ұшқырлықғы әрбір 500 метрлік үзікте тіркеледі. Ал 1200, 1400, 1600, 1800, 2400, 2800, 3200 метрлік қашықтықтағы шабыстарда керісінше - біріншілерде 200, 400, 100, 300, 400, 300, 200 метрлікте және одан кейінгі 500 метрлік үзікте тіркеледі.

Шабандоздың кейбір жағымсыз іс-әрекеті ат жарысының ережесін бұзу болып саналады. Мысалы, атты қамшымен бей-берекет ұру, қолындағы қамшысын жан-жаққа немесе оңды-солды сілтеу. Әр түрлі айғай, атты әдейі кешіктіру, жылқылар арасында қысу, қарсыласына қысымдық көрсету. Ережені бұзушы қатаң жазаға тартылады, ескерту жасалады, сөгіс беріледі, дәрежесін төмендетеді, мамандығынан айырады, жұмыстан шығарады.

Бақылау сұрақтары: Ат спорты алғаш қай елдерде дамыған. Ат спортының шабыстары мен жарыстары қай жерде өткізіледі. Ипподром дегеніміз не. Алғашқы ипподром қайда салынған. Ипподромда қандай жұмыстар жүргізіледі. Ипподромдағы сынау жұмысының мақсаты. Ипподромдағы сынау жұмысы қандай жылқыларға жүргізіледі. Жазықтағы шабыс дегеніміз не. Желіп шабу дегеніміз не. Ипподромдық сынауға жылқы қай жасында қатысады. Ипподромда өткізілетін ат жарысына жылқы қай жасынан бастап және қанша жасына дейін қатыса алады. Ипподромда сынау жұмысының жүйесі. Ипподромдағы ат жарыстарын жүргізудің мақсаты. Атшабысының жарыстарын қалай түсінуге болады. Ат жарыстарының түрлері. Ат жарыстарын өткізілу тәртібі. Ұтысқа түсетін жүлделердің сипаттамасы.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді ат спортына пайдаланылатын жылқыларды ипподромда сынау, оның мақсаты

мен ұйымдастыру жұмыстарымен және өткізілу тәртібінің ерекшеліктерімен таныстыру.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақты жүргізу үшін студенттерге ипподромға экскурсия ұйымдастыру қажет.

Тәжірибелік сабақ барысында студенттер жылқының мініс және желіс бағытындағы жылқылардың ипподромда сынау мен және онда жүргізілетін атшабыстарың жүргізілу және атжарыстарына қатысу тәртібімен танысады.

Тапсырма:

1. Мініс және желіс жылқы тұқымдарының ипподромдық сынау және ат спортының жазықтағы атшабысы мен желіп шабу және басқа да өткізілетін атсайысының жарыс түрлерінің жұмыстарына талдау жасау.

2. Ат спорты бағытында өсірілетін жылқылардың ипподромдық сынау мен атсайысының жарысына қатысты атауларын оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазып алу.

Тестсұрақтары:

\$\$ 259. Ипподром дегеніміз не?

- A) ат спортының шабыс жарыстары өткізілітін құрылыс кешені
- B) спорт жылқыларын сынау мен ат жарысын өткізетін орталық орны
- C) ат спортының әр түрлі атсайыс ойынының жарыстары өткізілетін алаңы
- D) атқа салт міністегі әр түрлі қашықтықтағы жазықтағы шабыстағы қарқындылыққа жарысы
- E) жеңіл арбаға жегу (качалка) нәтижесіндегі желғорлық шабысындағы ұшқырлыққа жарысы

\$\$ 260. Ипподромның атқаратын жұмыстары.

- A) ат спортының шабыс жарыстары өткізілітін құрылыс кешені
- B) спорт жылқыларын сынау мен ат жарысын өткізетін орталық орны
- C) ат спортының әр түрлі атсайыс ойынының жарыстары өткізілетін алаңы
- D) атқа салт міністегі әр түрлі қашықтықтағы жазықтағы шабыстағы қарқындылыққа жарысы
- E) жеңіл арбаға жегу (качалка) нәтижесіндегі желғорлық шабысындағы ұшқырлыққа жарысы

\$\$ 261. Ипподромда жүргізілетін жұмыстар.

- A) ат спортының шабыс жарыстары өткізілітін құрылыс кешені
- B) спорт жылқыларын сынау мен ат жарысын өткізетін орталық орны
- C) ат спортының әр түрлі атсайыс ойынының жарыстары өткізілетін алаңы
- D) атқа салт міністегі әр түрлі қашықтықтағы жазықтағы шабыстағы қарқындылыққа жарысы

Е) жеңіл арбаға жегу (качалка) нәтижесіндегі желғорлық шабысындағы ұшқырлыққа жарысы

\$\$ 262. Мініс жылқысының ат жарысын жүргізудің мақсаты.

- А) ат спортының шабыс жарыстары өткізілітін құрылыс кешені
- В) спорт жылқыларын сынау мен ат жарысын өткізетін орталық орны
- С) ат спортының әр түрлі атсайыс ойынының жарыстары өткізілетін алаңы
- Д) атқа салт міністегі әр түрлі қашықтықтағы жазықтағы шабыстағы қарқындылыққа жарысы
- Е) жеңіл арбаға жегу (качалка) нәтижесіндегі желғорлық шабысындағы ұшқырлыққа жарысы

\$\$ 263. Желғор жылқысының ат жарысын жүргізудің мақсаты.

- А) ат спортының шабыс жарыстары өткізілітін құрылыс кешені
- В) спорт жылқыларын сынау мен ат жарысын өткізетін орталық орны
- С) ат спортының әр түрлі атсайыс ойынының жарыстары өткізілетін алаңы
- Д) атқа салт міністегі әр түрлі қашықтықтағы жазықтағы шабыстағы қарқындылыққа жарысы
- Е) жеңіл арбаға жегу (качалка) нәтижесіндегі желғорлық шабысындағы ұшқырлыққа жарысы

\$\$ 264. Ипподромда жүргізілетін ат шабысының маусымы.

- А) мамыр - қыркүйек
- В) спорт жылқысының әр түрлі қашықтықтағы қарқындылы мен ұшқырлығын анықтау
- С) спорт атының бағытына, тұқымына, жасы мен жынысына
- Д) «жеребе» салу арқылы
- Е) шабандоздың кеудесінде, арқасында, ал аттың терлігінде (екі қапталында да)

\$\$ 265. Ипподромда өткізілетін ат шабысының мақсаты.

- А) мамыр - қыркүйек
- В) спорт жылқысының әр түрлі қашықтықтағы қарқындылы мен ұшқырлығын анықтау
- С) спорт атының бағытына, тұқымына, жасы мен жынысына
- Д) «жеребе» салу арқылы
- Е) шабандоздың кеудесінде, арқасында, ал аттың терлігінде (екі қапталында да)

\$\$ 266. Ипподромда өткізілетін ат шабысы жарысы қалай ұйымдастырылады?

- А) мамыр - қыркүйек

- В) спорт жылқысының әр түрлі қашықтықтағы қарқындылы мен ұшқырлығын анықтау
- С) спорт атының бағытына, тұқымына, жасы мен жынысына
- Д) «жеребе» салу арқылы
- Е) шабандоздың кеудесінде, арқасында, ал аттың терлігінде (екі қапталында)

§§ 267. Ат шабысы жарысына қатысудың реттік нөмірі қалай анықталады?

- А) мамыр - қыркүйек
- В) спорт жылқысының әр түрлі қашықтықтағы қарқындылы мен ұшқырлығын анықтау
- С) спорт атының бағытына, тұқымына, жасы мен жынысына
- Д) «жеребе» салу арқылы
- Е) шабандоздың кеудесінде, арқасында, ал аттың терлігінде (екі қапталында)

§§ 268. Ат жарысына қатысудың реттік нөмірі қайда бекітіледі?

- А) мамыр - қыркүйек
- В) спорт жылқысының әр түрлі қашықтықтағы қарқындылы мен ұшқырлығын анықтау
- С) спорт атының бағытына, тұқымына, жасы мен жынысына
- Д) «жеребе» салу арқылы
- Е) шабандоздың кеудесінде, арқасында, ал аттың терлігінде (екі қапталында)

§§ 269. Ат шабысы жарысына қатысатын жылқыларға қанша орын бөлінеді?

- А) 1-ші, 2-ші, 3-ші, кейде 4-ші
- В) жылқы иесінен түскен жарнасына, оның шабу қашықтығына, жасы мен жыныс тобына
- С) сыйлықтың - 50,0% - 1 орынға, II орынға қалған соманың - 50,0%, ал 3-4 қалғаны бөлінеді
- Д) квалификациялық (бағалау)
- Е) дәстүрлі (дәстүрлі)

§§ 270. Ат шабысы жарысына берілетін ақшалай сыйлықтың мөлшері.

- А) 1-ші, 2-ші, 3-ші, кейде 4-ші
- В) жылқы иесінен түскен жарнасына, оның шабу қашықтығына, жасы мен жыныс тобына
- С) сыйлықтың - 50,0% - 1 орынға, II орынға қалған соманың - 50,0%, ал 3-4 қалғаны бөлінеді
- Д) квалификациялық (бағалау)
- Е) дәстүрлі (дәстүрлі)

§§ 271. Ат шабысы жарысына берілетін ұтыс мөлшері қалай бөлінеді?

- А) 1-ші, 2-ші, 3-ші, кейде 4-ші

В) жылқы иесінен түскен жарнасына, оның шабу қашықтығына, жасы мен жыныс тобына

С) сыйлықтың - 50,0% - 1 орынға, II орынға қалған соманың - 50,0%, ал 3-4 қалғаны бөлінеді

Д) квалификациялық (бағалау)

Е) дәстүрлі (дәстүрлі)

§§ 272. Ат шабысы жарысына берілетін жүлде қалай бөлінеді?

А) квалификациялық (бағалау) және дәстүрлі (дәстүрлі)

В) топтық, топтан тыс, шектелінген, ашық, гандикап, атаулы, халықаралық және дәстүрлі

С) барлық желғорлардың біріккен шабысына арналған

Д) желғордың тек бір тұқымына, мәселен, орлов және т.с.с.

Е) екі жастағы жылқылардың жұмыс қабілеттілігін салыстыруға арналған

§§ 273. Ат шабысы жарысына берілетін жүлделер.

А) квалификациялық (бағалау) және дәстүрлі (дәстүрлі)

В) топтық, топтан тыс, шектелінген, ашық, гандикап, атаулы, халықаралық және дәстүрлі

С) барлық желғорлардың біріккен шабысына арналған

Д) желғордың тек бір тұқымына, мәселен, орлов және т.с.с.

Е) екі жастағы жылқылардың жұмыс қабілеттілігін салыстыруға арналған

АТ СПОРТЫ

*Ерге лайық «сәйгүлік» ат сирек туады,
Шапқанда - шалдырмастай боп туады.*

Ат спорты – бұл жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайыс ойын түрлерінің жарыстарына пайдалану. Атсайысының түрлері – бұл көрермен көпшілік қауым мен жылқы өнерін жаны сүйер жанкүйерлерін өзіне баурап алатын жарыстары мен әр халықтың ұлттық ойындары.

Адамның жанын сүйсіндіретін, қанын қыздыратын, көңілін көтеретін, жайландыратын және демалдыратын әр түрлі ат өнерін тамашалау. Сол арқылы тірі табиғатпен табыстыратын яғни «жылқымен» байланысты сезіндіретін құбылыс.

Ат спортының сайыстары – тек шабандоздың басқаруымен ғана орындалатын, жылқының неше түрлі аллюрдегі жүрісі мен түрлі қашықтықтағы көрсететін жарысы. Оның шабысы, желісі, жорғасы, мәнерлі жүрісі, кедергіден қарғуы және ұлттық атсайыс ойындары. Бұл адамды өзіне баурап алатын, қызыға тамашалайтын әдемі көрінісінің қойылымы. Жылқы өнерін тамашалайтын көрерменіне - батылдық, ерлік, жігер, тапқырлық, айлакерлілік, ептілік, қайраттылық және қосымша күш-қуат пен дем береді.

Кейінгі кездері бүкіл әлем халқында, соның ішінде біздің елімізде де, ат спорты түрлерінің дамуына көп көңіл бөлінуде. Ат спорты – барлық елдің спорт бағытындағы асыл тұқымды жылқыны селекциялық-асылдандыру және жергілікті жылқы шаруашылығын өркендету жұмысымен тығыз байланысты. Спортқа пайдаланатын жылқыны таза өсіруде, дамытуда, жаңа тұқым шығаруда және қолда бар тұқымдарды жетілдіруде маңызы өте зор.

Ат спортының өзіндік бағыты мен орындалу тәсіліне байланысты жүйелі түрде қабылданған классификациясы бар. Классификациялау негізіне - оларды біріктіретін ортақ бағыты, белгісі, сипаты мен көздеген негізгі мақсаты есепке алынады. Олар - осы атсайысы ойынының түрі мен мазмұны, көлемі мен шыққан жері, бағыты мен белгісі, өткізілу ережесі мен тәртібі және т.с.с.

Ат спорты сайысының осы ерекшеліктері ескеріле отырып, олар келесі жүйемен классификацияланады (жіктеледі): «кәсіпқойлық» немесе «кәсібилік» (профессиональный) түрлері - жазықтағы (гладкая), және кедергілі шабысы (барьерная), «желін» шабуы немесе желуі (бега), стипль-чез; «классикалық» түрлері - аттың мәнерлі жүрісі (выездка), кедергіден қарғу (конкур), үш сайыс (троеборье); «ұлттық» түрлері (әр халықтың ұлттық атсайыс ойындары).

Қазіргі кездегі ат спортында пайдаланып жүрген атсайысының классификациясы, осы жоғарыда берілген мәліметтер ескеріле отырып құрылған.

Оның жалпы сипаттамасы, жүргізілу ережесі мен өткізілу тәртібі, осы тұжырымдама негізінде және ат спортының сайыс ойындарын ұйымдастыру, өткізілу және орындалу бағытына байланысты берілген.

Кәсібилік түрлері

Ат спортының кәсібилік түрінің жарыстары ипподромда өткізіледі. Олар - жылқының жазықтағы шабысы, желіп шабуы мен кедергілерден қарғуы. Ат жарысы - шаруашылықтағы спорт бағытында өсірілетін жылқының жұмыс сапасын яғни қарқындылық қабілетін сынау және анықтау мақсатында жүргізіледі. Сондықтан жылқы тұқымын асылдандыру және жетілдіру жұмысындағы селекциялық маңызды шарасының бірі болып саналады.

Жазықтағы шабыс (гладкая скачка). Мініс жылқысының «шабыс» аллюрімен белгілі қашықтыққа және аттың қарқынды шабу нәтижесінде орындалатын ат жарысын – аттың «жазықтағы шабысы» деп айтады. Жазықтағы ат шабысына таза тұқымдағы мініс және мініс-жегу жылқылары қатысады. Олар - таза қанды мініс (ағылшын), араб, ахалтеке, дон, буденный, тракенен, ганновер, терск, қостанай және т.с.с.

Ипподромда өткізілетін жазықтағы ат шабысын жүргізудің негізгі мақсаты, олардың жұмыс сапасының қарқындылық және ұшқырлық қабілетін анықтау. Жылқының шабысқа қатысуының айлық нормасы: екі жасында – 1 - 2 рет; үш және одан жоғары жасында – 2-3 рет.

Жылқының ипподромдағы сынау мен өткізілетін ат жарысының дистанциясының қашықтығы:

- екі жасында – 1000 м, 1200 м, 1400 м, 1500 м, 1600 м;
- үш жасында – 1200 м, 1600 м, 1800 м, 2000 м, 2400 м, 2800 м, 3000 м;
- төрт және одан жоғары жасында – 1200 м, 1600 м, 1800 м, 2000 м, 2400 м, 2800 м, 3000 м, 3200 м, 4000 м.

Сондағы шабыс жылқысына мініп шабатын шабандоздың салмағы:

- екі жасар жылқыға (құнандарға) - 57,0 кг;
- үш жасар жылқыға (дөнендерге) – 58,0 кг;
- төрт және одан жоғары жастағы жылқыларға (ересек) – 59,0 кг.

Бие мен айғырдың біріккен шабысында, биеге мінген шабандоздың салмағы айғырға мініп шабатын шабандоздың салмағынан - 2,0 кг-ға аз болады. Шабыс жылқысының жасы аралас шабысында үш жастағы дөнен айғыр өзінің үстіне - 57,0 кг салмақ алып жүруі тиіс.

Ал, сондағы төрт және одан жоғары жастағы айғырға түсетін салмақ оның шабу қашықтығына байланысты болады:

- 1600 м қашықтықта - 60,5 кг;
- 1800 м қашықтықта – 61,0 кг;
- 2000 м қашықтықта – 61,5 кг;
- 2400 м және одан жоғары қашықтықта - 62,0 кг.

Ат жарысының басталу алдында (40-50 мин) паддоктағы таразы басындағы кезекші-байқаушы атқа мініп шабатын шабандоздың салмағын оның ер-тоқымымен бірге өлшейді. Қажетті нормадан кем немесе артық салмақ байқалса (0,4 кг), онда ол спортшы-шабандозды жарысқа қатыстырмайды.

Ат шабысы аяқталған соң да шабандоздың салмағы оның ер-тоқымымен бірге таразыға қайтара өлшенеді. Егер салмағы 0,3 кг-ға кем немесе жоғары болып шықса, онда оны жүлделік орыннан алып тастайды. Аттың жазықтағы шабыс жарысында жеңіп алған жүлделік орындар (1-ші, 2-ші, 3-ші, кейде 4-ші) тағайындалады. Ал ұтыстар жылқы иесіне ақшалай сыйлық ретінде беріледі.

Кедергілік шабыс (барьерная скачка). Жылқының кедергіден қарғуы, ат спортының көрерменге әйгілі және көпке танымал түрі. Аттың кедергіден қарғуы Олимпиада ойыны мен халықаралық әлем чемпионатының бағдарламасына кіргізілген (конкур). Ал, біздің елдерде атспорты жарысының чемпионаты мен спартакиадасында өткізіледі. Кедергіден қарғу - белгілі бір қашықтыққа құрылған кедергіден секіру нәтижесінде орындалатын ат шабысының жарысы.

Ат спортының бұл жарысы - жылқының кедергіден секіріп өтудегі қарқындылық қабілетін сынау мақсатында ұйымдастырылады. Кедергілік жарыс - шабандоз бен аттың, шабыс жолындағы тіреуішке орнатылған, сырғауылдар ілінген (ағаш немесе пластмасса) кедергіден «шабыс» аллюрімен секіру өнері. Жылқы аяқтары херделге тиген жағдайда, бұл сырғауылдар жеңіл бұзылуы тиіс. Бұл оның аяқтарын жарақаттанудан сақтайды және ыңғайлы.

Шабыс жолына қойылған кедергілер әр түрлі болады. Олар - сырғауыл орнатылған тіреуіш (хердель), қатар қойылған қырлы ағаш немесе пластмасса бөрене (оксер), ұшталған сырғауыл үштігі, тастан қаланған қабырға, әр түрлі қақпалар (шөпшек, шыбық, жас тал), көпір және т.с.с. Кедергілер жеке, белгілі бір жүйеде екіден немесе үштен жинақталып та орнатылады. Әрбір кедергінің ара қашықтығы 7,0-12,0 метр, биіктігі 100-170,0 см, ал ені 2,0 метр болады. Кедергілердің саны 16 немесе одан да көбірек болып келеді. Жол бойына түрлі әшекейлік заттар қойылады. Бұлар әдемі өсімдік мен гүлдер араластырылып жасалады. Жарысқа әсемдік, сән-салтанат және тартымды көрініс береді.

Аттың кедергіден қарғу (барьерлік) жарысы, құрылған бағдарламасына сәйкес түрліше болады. Мысалы, кедергіден қарғу дистанциясы белгіленген жағдайда, аттың секірудегі орындау тазалығы мен қарқындылығы бағаланады. Ал кейбір түрінде аттың өту уақытының нәтижесі ғана есепке алынады. «Конкур» (concours – сайысу, франц. сөзі) жылқылары - буденный, тракенен, ганновер және таза қанды мініс (ағылшын). Бұлар ат жарысының әлем аренасында үлкен жетістікке жетіп, жақсы көрсеткіш көрсетіп жүр.

Жылқыны кедергіден қарғуға сынау мен жарысының дистанциясының қашықтығы: үш жасында – 2000 м, 2400 м және 2800 м; төрт және одан жоғары жасында – 2000 м, 2400 м, 2800 м, 2800 м, 3000 м, 4000 м.

Шабандоздың салмағы жыл мезгілі бойынша бөлінеді. Сондағы жолдың 2000 – 2800 м қашықтығына: маусым – 66,0 кг (төрт жас), 70,0 кг (5 жас және одан жоғары); шілде-қыркүйек – 60,0 кг (үш жас), 68,0 кг (төрт жас), 70,0 кг (5 және одан жоғары); қазан-қараша – 60,0 кг (үш жас), 68,0 кг (төрт жас), 70,0 кг (5 және одан жоғары); жолдың 2800-4000 м қашықтығына: маусым – 65,0 кг (төрт жас), 70,0 кг (5 жас және одан жоғары); шілде-қыркүйек – 67,0 кг (төрт жас), 70,0 кг (5 жас және одан жоғары); қазан-қараша – 68,0 кг (төрт жас), 70,0 кг (5 жас және одан жоғары).

Спортшы-шабандоздың нормадан артық салмағы - 2,0 кг-ға дейін рұқсат етіледі. Жол бойына құрылған кедергілер әрбір 250-300 метр сайын болады. Оның биіктігі 100-110 см-ден аспауы керек. Ал ұзындығы 12 метрден кем болмауға тиіс. Соңғы кедергі мәреге дейінгі 200 метр жерге қойылады.

Кедергіден қарғу (барьерлік) жарысында - аттың шабыс қарқындылығы мен оның кедергілерден секіру тазалығының орындалу нәтижесіне байланысты жүлделік орындар (1-ші, 2-ші, 3-ші) тағайындалады. Жылқы иесіне бағалы ұтыстар ақшалай сыйлық ретінде беріледі.

Желіспен шабу (бега). Желфор жылқысы жегілген қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаны (качалка) делбешінің басқаруымен және оның «желіс» аллюрімен, белгілі қашықтыққа желіп өту нәтижесінде орындалатын жарысты – «желіп» шабу деп атайды. Желфор жарысына - таза тұқымдағы желіс жылқылары пайдаланылады. Олар - орлов және орыс, америкалық стандартбредті және француз. Аттың желіп шабу жарысын өткізудің негізгі мақсаты, желфор жылқысының «желіс» аллюрімен желіп шабудағы ұшқырлығын анықтау. Желіс жылқысының желіп шабуға қатысуының орташа нормасы: екі жасында - 1-2 рет; үш жасында – 2-3 рет; төрт және одан жоғары жасында 2 – 4 рет. Ал жоғарғы нормасы: екі жасында - 2-3 рет; үш жасында – 2-4 рет; төрт және одан жоғары жасында - 3 – 5 рет.

Желфордың желіп шабудағы қашықтығы, оның жасына байланысты - 1600 м, 2400 м, 3200 м және 4800 м. Оның әр айналымы - 1600 м (1 гит), 2400 м (1,5 гит), 3200 м (2 гит) және 4800 м (3 гит) болып келеді. Желфор жарысында делбеші мен арбаның (качалка) салмағы ескерілмейді. Желіс жылқысы 3-4 жасында мініске де сыналады. Сондағы шабандоздың және оның ерімен қосқандағы үстіне көтеретін салмағы: айғырларға - 65,0 кг, биелерге – 63,0 кг.

Желфор «желіс» аллюрінен жаңылып шоқырақ шабысқа ауысса, бірінші және екінші қателігіне кешірім жасалады, ал үшіншісінде - ат жарысынан шығарылады. Желфордың берілген қашықтықтағы шабу ұшқырлығының нәтижесіне байланысты, жеңіп алған жүлделік орындар (1-ші, 2-ші, 3-ші) тағайындалады және бағалы ұтыстар иесіне ақшалай сыйлық ретінде беріледі.

Стипель-чез. Стипель-чез - ат спортының орындалу ережесі өте күрделі әрі қиын түрі. Стипель-чез – ағылшын сөзінен шыққан термин. Steeple – мұнара және chase – қуғын немесе соңына түсу деген мағнаны білдіреді.

Стипель-чез жарысына таза қанды мініс (ағылшын) және мініс-жегу жылқы тұқымдары пайдаланылады. Жартылай қанды будан жылқылар да қатыса береді.

Стипель-чез жарысы өткізілетін жолдың ұзындығы 3000 метрден 7000 метрге дейін болады. Айналымалы тұйық жолға өтуі қиын әрі күрделі кедергілер орнатылады. Әдетте, жол көгалды, бірақ-та кейбір бөліктері қиын жерлерден-де (жыртылған немесе айдалған) өтеді. Трасса (trace – франц. сөзі) бойына түрлі кедергілер орнатылады. Мәселен, сырғауыл ілінген тіреуіш, қаланған қабырға, шөпшектен жасалған бөгет, шыбықтан тоқылған қоршау, әр түрлі үймек дуал, қазылған ор, су толған шұңқыр және т.с.с.

Стипель-чез атсайысы – алғашында Англияда шығарылған. Ат жарысы Англия мен Ирландия елдерінде жақсы дамыған. Стипель-чезді өткізуге арнайы жасалған ипподромның ең алғашқысы Англиядағы бүкіл әлемге белгілі және атақты «Ливерпульский» мен Чехословакиядағы «Парадубцкий» болып табылады. Ресейде стипль-чез - «Ростов» ипподромында ғана өткізіледі Ал Қазақстанда стипль-чез атсайыс ойынының жарысы дамымаған.

Стипель-чездегі жақсы көрсеткіш – таза қанды мініс (ағылшын) жылқысының үлесінде. Одан буденный тұқымының жылқысы да қалыспайды. Соңғы кездері жартылай қанды будан жылқылар да жақсы жетістікке жетіп жүр. Стипель-чезге жарыс атын дайындау күрделі және қиын жұмыс. Мініс атына қойылатын негізгі талап, ол аттың жоғарғы дәрежедегі жаттығуы мен дайындығы, ұшқырлығы мен батылдығы, төзімділігі және қайраттылығы. Оның кедергілерден қарғуы мен дайындығы және оны түйсіну тұрақтылығы.

Шабандозға қойылатын талап, оның ер-жүректілігі, батылдылығы, ептілігі, байсалдылығы мен шыдамдылығы. Оның атты басқару шеберлігі мен атқа мығым отырысы. Стипель-чез өтетін дистанциясының қашықтығы, жылқының жасына байланысты әр түрлі болып келеді: төрт жасында – 3200 м және 4000 м; бес және жоғары жасында - 4800 м, 6000 м, 7000 м.

Сондағы атқа мініп шабатын спортшы-шабандоздың салмағы жылқы тұқымына байланысты болып келеді. Таза қанды мініс жылқысына: төрт жас - 67,0 кг; алты жас – 69,0 кг; алты жас және жоғары – 71,0 кг. Жартылай қанды мініс жылқысына: төрт жас - 62,0 кг; алты жас – 67,0 кг; алты жас және жоғары – 69,0 кг. Ал таза және жартылай қанды мініс жылқылары біріккен жарысында: төрт жас - 62,0 кг; алты жас – 64,0 кг; алты жас және жоғары – 66,0 кг.

Шабандоздың нормадан артық салмағы – 4,0 кг-ға дейін рұқсат етіледі. Трассаның әр шақырымына үш кедергіден қойылады. Оның биіктігі 120,0-150,0 см, ағаш кедергінің биіктігі 80,0-120,0 см, тас қалаудың биіктігі - 90,0 см, шұңқырдың ені 3,0-5,0 метрді болуы қажет. Трасса бойына біріктіріп орнатылған кедергінің ені - 7,0 метр, ал соңғы кедергі (хердель) мәреге 300 метрлік жерге құрылады. Сондағы оның ені 12,0 метрден аспауы тиіс. Сонымен бірге трасса бойындағы бұрылыстарға жалауша ілініп қойылады.

Жарыс соңында, бас төреші әр спортшы-шабандоздың жинаған балы мен айып балының қорытындысын шығарады. Оның жеңіп алған жүлделік орындарына (1-ші, 2-ші, 3-ші) ұтыстары ақшалай сыйлық ретінде беріледі.

Классикалық түрлері

Ат спортының ішіндегі тарихи қалыптасқан, ежелден келе жатқан сайыс түрі - бұл классикалық ат ойындары. Бұл атсайысы бүкіл әлемге танымал және кең тараған. Классикалық ат ойыны осы уақытқа дейін өзінің бастапқы мазмұнын жоғалтпаған Қайта ары қарай даму үстіне дамуда. Ат спортының классикалық түрлері Олимпиада ойынының бағдарламасына енгізілген. Сонымен бірге, бүкіләлемдік, халықаралық, республикалық және мемлекетаралық чемпионаты мен спартакиадасында өткізіледі.

Аттың мәнерлі жүрісі (выездка). Ат спортының мәнерлеп жүру өнері, жылқы мен спортшының жылдар бойғы үздіксіз жаттығуы мен дайындаудағы еңбегін қажет етеді. Бұл – ат спортының ежелден келе жатқан күрделі әрі әсем түрі. Оны «*атқа салт міну өнерінің жоғары мектебі*» деп атау да қабылданған. Мұнда спортшы-шабандоз өзінің мініс атының барлық аллюрдегі мәнері мен еркін қозғалыс түрінің әсем қимылын көрсетеді. Аттың арнайы үйрету нәтижесінде қалыптасқан жүрісі мен жаттығуын орындайды.

Спорттың классикалық түріне жақсы үйретілген, сүйріктей сұлу, құйрық-жалы жібектей таралған, көркем жылқы пайдаланылады. Мініс атының қозғалыс-қимылы дұрыс, сәнді әрі әсем, бір-бірімен үйлесімді, жеңіл, еркін, ойнақы және такаппар болады. Мұндай жылқы спортшы-шабандозға өз еркімен бағынуы, әмірін бұлжытпай орындауы және әсем жүрістің нағыз талант иесі болуға тиіс. Музыка әуенінің ырғағы мен шабандоздың әр қимыл-қозғалысын, өзінің бүкіл жан-дүниесімен сезіне және түсіне білуі қажет.

Бағдарлама тәртібі бойынша, атқа салт мінудің жоғарғы мектебі немесе ат өнерінің мәнерлі жүрістегі ойыны, арнайы жабдықталған манеждің ішінде немесе көлемі 60x20 метр болатын манеж сыртындағы тегіс алаңда өткізіледі. Жарысқа квалификациясы жоғары - «*шебер спортшы*» атағы бар спортшы-шабандоз ғана қатысады. Бұған арнайы жаттыққан, дайындығы әбден шыңдалған, өзі көркем әрі кербез, жүрісі такаппар әрі бір түсті жылқы таңдалып алынады. Аттың мәнерлі жүріс өнеріне арналған жарысында, келесі жүлделер ойналады, олар - «*кіші жүлде*», «*орта жүлде*» «*үлкен жүлде*» және Олимпиада ойыны бағдарламасындағы «*кіріспе жүлде*».

Ат жарысында - алғашында атқа салт мінген спортшы-шабандоз, жылқының табиғи жүрісі мен оның қозғалысының әсем қимылдарын көрсетеді: аяң, желіс, кілт тоқтау, денесін қозғалтпай тік ұстау, кейін шегіну немесе артқа қарай қозғалу, бұрылыстағы қимылы, айнала шабу және т.с.с. Содан спортшы мен жылқы бұдан да күрделі жаттығуға көшеді. Олар - желіс пен шабыс аллюрін қабылдау, ондағы аяқ қойылуын ауыстыру, пассаж, пируэт, пиаффе, баллотада, вольт, крупада, курбет элементтері және т.с.с.

Соңында ат аллюрінің ең қиын элементі пассаж бен пиаффені орындаумен аяқтайды.

Халықаралық ереженің тәртібі бойынша, жылқының мәнерлі жүріс өнерін үш топқа бөлу қабылданған. Біріншісі – бұл жас жылқы мен алғаш бастаушы спортшы-шабандозға арналған жүріс түрі. Ал, екіншісі - «*кіші*» және «*бірінші орта*» жүлделері, үшіншісі – «*екінші орта*» және «*үлкен*» жүлделер.

Спортшы-шабандоздың ойын өнерінің көрсетілімін, манеж периметрінің әр бөлігіне орналасқан бес төреші 10 баллдық жүйемен бағалайды. Егер жүрістен жаңылса айып балы салынады. Соңында қосындысы жинақталып, ол беске яғни төреші санына байланысты бөлінеді. Осы жиналған балл нәтижесі бойынша, жүлделі орын тағайындалады. Ал, Олимпиада жарысында - алған орынына байланысты «*алтын*», «*күміс*» және «*қола*» медальдары беріледі.

Жоғарғы рангалы жарыс бағдарламасына, бұған Олимпиада ойынын қосқанда, спортшы-шабандоздың музыка әуенінің сүйемелдеу нәтижесінде орындалатын бәсекелестік ерікті жарысы өткізіледі. Олар – бір спортшы-шабандозға арналған «*кюр*» және екі спортшы-шабандозға арналған – «*па-де-ла*» (үш-төртке дейін) ерікті жарысының көрсетілімі. Қатысушы спорт-смен-шабандозға қойылатын негізгі талап, өз өнерінің схемасының көрсе-тілімі, арнайы таңдап алынған музыка әуенімен үйлесімді орындалуы тиіс.

Жүріс композициясының құрылымы мен музыка әуенінің үйлесімділік әсерінен, бұл өте әсерлі және қызықты тамаша қойылым. Мұндағы ерікті бағдарламада, ат жүрісінің кейбір әсем қозғалыстарын, мәселен, пируэт элементін - пиаффеді орындауға рұқсат етілген.

Жарыс соңында, әр спортшы-шабандоздың жинаған ұтыс балы мен айып балының қорытындысы шығарылады. Аттың мәнерлі жүріс өнерінің жарысы, спортшы-шабандоздың жинаған балының нәтижесінде алған орны (1-ші, 2-ші, 3-ші) мен жүлдесінің ақшалай силық ретінде берілумен аяқталады.

Аттың мәнерлі жүріс өнеріне, көбіне ахалтеке, тракенен, ганновер, орыс және украин мініс және жартылай қанды будан жылқылары пайдаланылады. Кейінгі жылдары ат ойынының бұл түріне - орыстың мініс тұқымындағы жылқысы үлкен қол жетімді жетістікке жетіп жүр.

Кедергіден қарғу (конкур). Конкур – бұл бүкіл әлемге танымал, спортшы-шабандоздың шеберлігі, аттың кедергіден қарғу дайындығы мен қарқындылығы анықталатын ат сайысы. Конкур – иппик француз сөзінен шыққан термин. *Concoure hippique* – ат сайыстыру деген мағнаны білдіреді. Сонымен бірге қатысушы мемлекет ұжымның чемпионаты мен спартакиадасында өткізілетін ат өнерінің қиын түрі. Ат ойыны – арнайы құрылған кедергілердің көлемі мен санына, олардың өткізілу тәртібі мен дистанциясына байланысты болып келеді.

Мініс атының кедергілерден қарғу (конкур) жарысы, өз кезегінде, әр қайсысына жеке бекітілген кедергінің мөлшері мен қарғу санына байланысты болып келеді. Мәселен, олар - «*жеңіл класс*», «*орташа класс*», «*қиын класс*» және «*жоғары класс*» деп бөлініп аталады.

Кедергілерден қарғу жарысының классификациясы

Жарыс класы	Кедергіден қарғу саны	Кедергілердің размері, см		
		биіктігі	ені	ордың ені
Жеңіл класс	8	90-100	200	200
Орташа класс	12	100-110	150	250
Қиын класс	15	120-140	200	400
Жоғарғы класс	18	130-160	300	500

Ат спортының «жоғары класс» конкуры, мұны орындай алған спортшы-шабандозға «*спорт-шебері*» атағы беріледі. Бұл тек қалалық немесе мемлекет аралық чемпионатында өткізіледі.

Кедергіден қарғитын спортшы-шабандоз, өте жақсы арнайы дайындықтан өткен, өз ісінің жетік маманы, техникалық жағынан сауатты және ең жоғарғы шеберлікке ие маман болады. Сонымен бірге жақсы шыныққан тәжірибелі спортшы болуы қажет.

Ал конкур жылқысы – кедергіден қарғу өнерінің нағыз акробаттық қабілетіне ие, жақсы жаттықтырылған және оған нақтылы дағдыланған болуы тиіс. Кедергіден қарғу бағдарламасының ережесі мен тәртібі бойынша, конкур атсайысы, толық жабдықталған жабық манежде немесе ипподром жолында арнайы құрылған кедергілерден тұратын көлемі 60x20 метр болатын тегіс ашық алаңда өткізіледі.

Сондағы конкурға арналған кедергілер, дубль бар, жердь, калабашка, оксер, фаллисад, паркур, таксис, хердель, арнайы дайындалған – сырғауыл, қоршау және шлакбаум ілінген тіреуіштерден тұрады.

Сырғауылдар таза ағаштан жасалады, ал кейінгі кездері жеңіл пласмассадан да дайындалады. Сонымен бірге шыбықтан немесе жас талдан тоқылған қоршау мен қақпалар да пайдаланылады. Кедергілердің ені әдетте 3,0-4,0 метр болады. Егер жылқының кедергіден секіру жарысы ашық алаңда өкізілсе, онда олардың маршрутына ені 2,0-5,0 метр болатын арнайы құрылған ор, дуал және су толтырылған шұңқыр және т.с.с. міндетті түрде қосады.

Кедергіден қарғу немесе конкур сайысының соңында, бас төреші әр спортшы-шабандоздың жинаған ұтыс балы мен айып балының қорытындысын шығарады. Конкур сайысы, спортшы-шабандоздың жарыс барысында жинаған балының нәтижесінде алған орны (1-ші, 2-ші, 3-ші) мен ұтыс жүлдесінің ақшалай сұлулық ретінде берілуімен аяқталады.

Үш сайыс (троеборье). Үш сайыс – үш күн бойы жүргізілетін ат жарысы. Оның құрамына спортшы-шабандоз бен оның мініс атының мәнерлі жүріс өнері, оны далада сынау және кедергіден қарғу сайыс ойындары кіреді. Мәселен, бірінші күні спортшы-шабандоз - аттың мәнерлі жүрісін, екінші күні - атты далада сынау, үшінші күні – аттың кедергіден қарғуын көрсетеді.

Бірінші күні орындалатын аттың мәнерлі жүріс бағдарламасына, шабандоз бен аттың орындайтын түрлі аллюрдегі жиырма жаттығулар кіреді: аллюрін ауыстыра қозғалу, айнала шабу, кілт тоқтау, денесін қозғалтпай қалт тұру, кейін шегіну немесе артқа қозғалу, бұрылу және т.с.с. Мұнда аттың жаттығуды орындау дәлдігі мен сапасына балл берілумен бағаланады.

Ең қиыны, екінші күні орындалатын - далада сынау. Мұнда жылқы өтетін трасса жолы төрт бөлікке бөлінеді. Оның 1-ші және 3-ші бөлігіндегі дистанциядағы ұзындығы 20,0 км жолды шауып өтуі қажет. Спортшы-шабандоз аттың аллюрін алмастыра отырып, оның бар қарқынымен шабады және берілген уақыт нормасына үлгеруге тиіс.

Трасса дистанциясының 2-ші бөлігінің жері тегіс болады. Мұндағы жолдың ұзындығы 3600 метрге дейін жетеді. Трассада спортшы-шабандоздар шабыс аллюрімен кедергілерден қарғып өту (стипель-чез) сайыс жарысына қатысады. Трасса маршрутының жолына әр түрлі 10-12 кедергілер орнатылады. Кедергілердің биіктігі 1,4 метр және ені 2,0 метр. Сондағы қойылатын негізгі талап, жолдың бұл бөлігін спортшы-шабандоз, берілген белгілі уақыт аралығында «шабыс» аллюрімен кедергілерден қарғиды.

Трассаның 4-ші бөлігінде, олардың қиылыс жерлерден өту кроссы орындалады. Кросстың ерекшелігі, оның көтерілімі тік, ал одан түсуі құламалы болуында. Сондағы кездесетін кедергілер: шұңқыр, ор, суат, орман, бұта және т.с.с. Кросс (cross - өту, кесіп өту, ағыл. сөзі) дистанциясының әр шақырымына биіктігі - 1,2 м, үстіңгі бетінің ені - 2,0 м, ал төменгі жағының ені - 3,0 м-ге жететін төрт кедергі орнатылады. Оларды әдетте жолдың тегіс емес бөлігіне қойылады. Әр кедергінің жанына штраф (айып) салатын (кедергіге дейінгі 10,0 метр және кейінгі 20,0 метрге) алаң құрылады.

Ат сайысының екінші күні - атты далада сынау, спортшы-шабандоздың басқаруымен аттың берілген жаттығуды орындау тазалығы мен уақытына балл берумен бағаланады. Бұл маршруттағы спортшы-шабандоздың аттан құлау және уақыт дәлдігіне айып балл беріледі.

Үшінші күні – аттың кедергілерден қарғу жарысы ұйымдастырылады. Мұндағы негізгі көзделетін мақсат, олардың даладағы сынаудағы қызу жұмысынан кейінгі, жаттығуларды орындау барысындағы жұмыс қабілеттілігі мен оның сапасы тексеріледі. Сайыс - қашықтығы 700-800 метрлік конкур жолында өткізіледі. Мұнда спортшы-шабандоз өз мініс атымен қажетті реттілікпен қойылған биіктігі - 1,2 метр, ал ені - 3,5 метр жасанды кедергілерден қарғу жаттығуын орындайды.

Аттың жаттығуды орындау тазалығы мен оның сапасы конкур стандартымен бағаланады. Жарыс соңында, бас төреші әр спортшы-шабандоздың

жинаған ұтысы мен айып балының қорытындысын шығарады. Ат сайысының жарысы, спортшы-шабандоздың алған жүлделі орны (1-ші, 2-ші, 3-ші) мен оның ұтысына сыйлық берілумен аяқталады.

Ұлттық түрлері

Ат спортының ұлттық ойынының дамуы мен болашағы, оның ат сайысындағы халық арасына кең танымал болуымен тікелей байланысты болып келеді. Атсайыстары - адамның денесін шынықтырады, табиғат аясындағы белсенді демалысына жағдай туғызады. Атсайысындағы ойын түрінің көмегімен, адам баласы өзінің өмір-тіршілігіне қажетті ептілік, батылдық, қайсарлық, шыдамдылық және төзімділік қасиетін танып біледі. Бойына табиғаттың тылсым аурасының қуаты мен күш-жігерін жинайды. Ал жан-дүниесі өзіне тән рухани байлық пен байсалдылыққа бөленеді.

Атсайыс ойындары - оның халық арасына таралуы, ат пен шабандоздың бірлесе орындаған өнерінің қарсыласымен жекпе-жегі немесе команда арасындағы жеңісінің даңқының шығуына байланысты да болып келеді. Олардың әсерлі қимыл-қозғалысының шеберлігіне, көрерменнің шабыты мен құмарлығының оянуына да себепті. Жергілікті халықтың бірде-бір мереке-мейрамы мен той-томалағы атсайыс жарысының өнерінсіз өтпеген.

Ұлттық ат ойындары - барлық халықтың өзіндік калориті мен нақышын білдіретін жекпе-жектегі сайысы. Оның көрсетілімі, көрерменін өзіне баурап алатын қызықты ат өнерінің тамаша көрінісі. Ат ойындарының кейбіреуі бір-біріне ұқсас болып келуі де мүмкін. Сонда да әр халықтың ұлттық қолтаңбасы мен ұлттық әдет-ғұрыптарының нақышы айқын көрініп тұрады. Кейінгі жылдары ұлттық атсайыс ойындарының кейбірі назардан тыс қағаберіс қалып жүр. Ал кейбір ежелгі түрлерінің осы күндері ұмытылып кетуі де ғажап емес.

Ұлттық атсайысының жекелеген немесе жақсы танымал - әр елдің мемлекетаралық чемпионаты мен спартакиадасында өткізіліп тұрса да болады. Ұлттық ат ойыны дұрыс насихатталып, халықаралық аренаға шығарылса, онда біраз жұртқа танымал болар еді. Ұлттық ат спортының дамуы, бүкіл әлем халқына тарап, бұрынғыдан да кең көлемде өзінің қанатын кең жаяры ақиқат.

Ұлттық ойындарды өткізу барысында, оған қатысушы шабандоз бен оның мініс атының негізгі орындайтын қимыл-қозғалысы мен көздеген негізгі мақсатын айқындайтын заттық-құрылымының белгілері бойынша, атсайысының ойындары келесі топқа бөлінеді:

– *шабыс жарысы* – алам, аламан бәйге, алапман пойга, ат жүгірту (пробеги), ат чабыш, ат шабыс, бәйге, дашвеба, доги, драйвинг, жорға жарыс, жорға салыс, жорға салыш, каухайд, корзина, құнан бәйге, лам, марула, мокнева, мтидан дашвеба, сыйлық (ұрлау), орыс тройкасы, палео, порфорс

(аңшылығы), скоринг (ски-джоринг), стойло, фантазия, фриз (жылқы конкурсы), шнурки және т.с.с.

- **ат үстіндегі гимнастика жаттығуы** – вестерн, вольтижировка, джигитовка, джирити, жігіт жарыс, жігіттік өнер, карусель (ат), күміс алу, тенге лю, тиын энмей, орамал көтеру (жерден) және т.с.с.

- **күш сынасу немесе күрес** – арқан тартыс, арқан тартыш, ат омырауластыру, аударыспақ, бұзқашы, джериди, көкпар, копкар, күрес (қолдасу, белдесу), қысқы қалашық (алу), мкердаоба, оодарыш, сайыш, саныш, ұлақ, ұлақ тартыш, чопанахах және т.с.с.

- **қуып жету және жеткізбеу** - жалауша, коррида, қыз-қуу, қыз қумай, қыз жарыш, папах оюны, саятшылық, сюр папах, тарчия, түлкішек, және т.с.с.

- **доп ойындары** – да кю, лело, маканахах, паддок-поло, пато, поло (ат), пугибол, пушбол, ради (радрабагани), цхенбурти (чонанбурти), човган (чавгани, чавганбози, гуйбози), хорсбол, юниор-поло және т.с.с.

- **нысанаға найза лақтыру** – жамбы ату, исинди, кабахи, низаки-нетум тент-пегги және т.с.с.

- **қылышпен нысана кесу** – бассыз салт атты, лоза (қию), сұлтандар (сайысы), чехва және т.с.с.

- **әр түрі қызықты ойындар** – апельсин (жинау), ат мейрамы (венгер), ат мерекесі, ат күні, бандинг рес, баррел рейсинг, бөшке (қирату), букет, джимхана (джихана), жер өңдеу (атпен), музыкалы орындық, почта (венгер), родео, роза, эстафета (ат) және т.с.с.

Атсайыс ойындары - ежелден келе жатқан, өшпес өзіндік тарихи құндылығы ғасырдан-ғасыр тереңінен өрбитін аттың шабыс жарысы. Ат үстіндегі гимнастикалық және виртуоздық көрсетілімі. Күш сынасуы немесе күресі. Қуып жету мен жеткізбеуі және доп ойындары. Нысанаға найза лақтыруы мен қылышпен нысана кесу. Басқа да әр түрі қызықты ойындары.

Ұлттық атсайыс ойындары көбіне тек жергілікті халық арасында ойналады. Сол себепті оның кейбір түрлері өз арасында ғана кеңінен танымал Олар жабық манеж бен ипподромдарда, ауыл мен қалада өткізіледі. Тіптен дала аймағы мен тау баурайында да жүргізіледі.

Сондықтан ұлттық атсайыс ойындары - олар өз кезегінде, Орта Азия және Қазақстан, Кавказ, Ресей халықтарының және Еуропа елдерінің халықаралық ұлттық атсайыстары деп бөлінеді.

Орта Азия және Қазақстан халқының ұлттық атсайыс ойындары, олар - арқан тартыс, арқан тартыш, ат омырауластыру, аударыспақ, ат чабыш, бәйге - оның ішінде, құнан бәйге, ат шабыс, аламан бәйге, бұзқашы, жамбы ату, жігіт жарыс, жорға жарыс, жорға салыс, жорға салыш, көкпар, копкар, кумис алу, күрес, қыз-қуу, қыз қумай, оодарыш, салма, сайыс, сайыш (саныш), тенге алу, тенге лю, тиын энмей, ұлақ, ұлақ тартыс және т.с.с.

Кавказ халқының ұлттық атсайыс ойындары, олар - алам, дашвебе, джирити, доги, жалауша (сайыс), исинди, кабахи, лам, лело, маканахах,

марула, мкердаоба, мокнева, мтидан дашвебе, низаки-нетум, папах оюны, ради (радрабагани), сыйлық (ұрлау), сюр папах, тарчия, цхенбурти (чоган-бурти), чехва, човган (чавгани, чавганбози, гуйбози), чопанахах және т.с.с.

Ресей халқының ұлттық атсайыс ойындары, олар - ат жүгірту (жылдамдыққа, уақытқа, тәулікке), ат мерекесі, карусель (ат), бассыз салт атты, вольтижировка, джимхана (джимхана), жігіттік өнер (джигитовка), қысқы қалашық (алу), лоза (қию), орамал (көтеру), орыс тройкасы, саятшылық (аңшылық саят), стойло, султандар (сайыс), түлкішек және т.с.с.

Еуропаның елдерінің халықаралық ұлттық атсайыс ойындары, олар - апельсин (жинау) ат мейрамы, ат күні, бандинг рес, баррел рейсинг, бөшке (кирату), букет, вестерн, да кю, джериди, драйвинг, жер өңдеу (атпен), каухайд, коррида, корзина, музыкалы орындық, пато, паддок поло, палео, поло (ат), почта (ат), при купль, профорс (аңшылығы), пугибол, пушбол, райд энд тай, родео, роза, скоринг (ски-джоринг), тент-пегги, фантазия, фриз (ат конкурсы), хорсбол, шнурки, эстафета (венгер), юниор поло және т.с.с.

Орта Азия және Қазақстан халықтарының атсайыс ойындары

Орта Азия – азиаттық контингентіндегі халықтың ең көп шоғырланған бөлігі. Орта Азияның бастауы Каспий теңізінің батыс жағалауынан алады. Шығысы - Қытай елімен шекаралас жатыр. Солтүстігі Арал-Ертіс су бөліктерінде орналасқан. Оңтүстігі - Иран мен Ауған елдерімен қилысады. Орта Азияның табиғаты өте бай және жаратылысы көптүрлі. Оның оңтүстік бөлігінде өрік ағашы гүлдеп, қызғалдағы мен сарғалдағы шешек атып жатады. Ал, солтүстік аймағында сықырлаған аяз тұрады. Далалық, шөл және шөлейт аймағымен қатар, таусылмас ойпатты және таулы-қыратты жерлері де кездеседі. Орта Азия мемлекеттері, осы қарлы шыңы бұлттан асып кететін Тянь-Шань тауы мен Алатау тауының баурайы мен етегінде орналасқан.

Орта Азия елдері – олар қазіргі кездегі тәуелсіз Қазақстан, Қырғызстан, Тәджікстан, Түркменстан, Өзбекстан және Қарақалпақ мемлекеттері. Бұлар бұрынғы көшпенді, ал қазіргі отырықшы халықтар болып саналады. Осы көшпенді халықтар ертеден бері жылқы шаруашылығымен айналысқан. Жылқының азиялық тұқымдары, арғымақтары, сәйгүліктері, дүлдүлдері, тарландары, тіптен бұрынғы қазанаттары өзінің қайталанбас ерекше шежіресімен ерекшеленеді. Олар өзінің жергілікті жағдайда күй талғамайтын төзімділігі арқылы баршаға мәлім болған. Орта Азия мен Қазақстан жылқылары тек ат сайысы ойынының ұлттық түріне арнайы жаралғандай.

Атсайыс ойынының көптеген түрлері Орта Азия мен Қазақстан халқының арасынан шыққан. Мұндай ұғым ежелден бері қалыптасқан. Ертеден танымал болған ұлттық атсайыстары, қазіргі кезде де өзінің ежелгі мәнін жоғалтқан жоқ. Оның шығу тарихы мен мазмұны ұрпақтан-ұрпаққа алғашқы қалпында беріліп келеді. Осы уақытқа дейін сол күйінде немесе

жаңарған түрінде өз жалғасын табуда. Ұлттық ат ойындары ешқашан ұмытылмақ емес.

Арқан тартыс (арқан тартыш). Ат сайысының бір түрі - арқан тартыс немесе арқан тартыш. Орта Азияның қазақ және қырғыз халқының арасында кең танымал ат ойыны. Ойынның ұйымдастыру тәртібі өте қарапайым. Арқан тартыс сайысына жекелеген шабандоздар жекпе-жекке шығады. Немесе қарсылас екі команда болып та өткізіле береді. Ойын - ортасына шекара сызығы сызылған ашық алаңда жүргізіледі. Алаң ортасына бір-біріне қарсылас екі ойыншы шығады. Олардың ойынға шығу кезегі «жеребе» тастау арқылы белгіленеді. Немесе екі команда шабандоздары шақырылады. Ойыншылар бір-біріне қарама-қарсы сапқа тізіліп тұрады. Төрешінің рұқсатымен, жекпе-жектегі қарсыластар арқанның екі жақ ұшынан ұстап, өз алаңына қарай тарта бастайды.

Арқан тартыс сайысында – ойынға қатысушы шабандоздың білек күші мен қайраты және өз мініс атын басқару шеберлігі сыналады. Арқан тарту жекпе-жегінде жеңіске жету үшін, шабандоздың мінген атының тарту күші мен қайратының да маңызы бар. Жекпе-жек тартысында арқанды қай қауқарлы шабандоз немесе қарсылас команда мүшелері ортадағы шек сызығынан өз алаңына тартып алып шықса, онда сол шабандоз немесе команда ойыншылары «жеңген» болып табылады. Олар өз кезегінде марапатқа ие болады.

Ат омырауластыру. Ат ойыны негізінен қазақ халқының арасынан шыққан. Оның мазмұны мен орындалу сипаты жағынан грузиндердің «мкердаоба» ат ойынымен үндес болып келеді. Ойын тәртібі өте қарапайым. Оған арнайы дайындықтың қажеті шамалы. Ат сайысына диаметрі 10-15 метрді құрайтын алаң болса жеткілікті. Ойын алдында сайысқа қатысушы шабандоздар алаңның екі жағында бір-біріне қарсы тізіліп тұрады. Олардың сайысқа шығу кезегі «жеребе» тастау арқылы айқындалады.

Төрешінің берген белгісінен кейін, қарсылас жақтың екі шабандозы бір-біріне қарсы шауып шығады. Сонда үстіндегі шабандоздың басқаруымен екі ат қарсыласынан тайсалмай кеудесімен қағыса омырауласады. Мұндағы шабандоздың атқаратын міндеті омырауымен қақтығыса соғылған атты алға қарай шебер бағыттау. Яғни қарсыласының мінген атын қайткенде де кері шегіндіру. Аты шегінген шабандоз, ат сайысынан шығарылып отырады. «Жеңіс» - бұл жекпе-жектегі барлық қарсыласын жеңген шабандозға беріледі.

Аударыспақ (оодарыш, сайыс). Аударыспақ - қарсылас екі шабандоздың жекпе-жектегі қолдасу күресінің тартысы. Атқа мінген екі адамның бұл тартысы, ат сайысының қарапайым түрі. Бұған екі адам және екі ат қатысады. Бірақ оның ережесі мен өткізу тәртібі өте қатал. Аударыспақ - Орта Азия мен Қазақстандағы көшпенді халық арасында бұрыннан танымал. Бұл ойынды қазақтарда – «аударыспақ», қырғыздарда – «оодарыш», ал басқа халықтар (мәселен, орыс халқы) арасында «сайыс» деп те атайды. Аударыспақ ойыны бәрібір жекпе-жектегі балуандар сайысы. Аударыспақ – жылқышы, бақташы

мен шопандардың сайысы. Әр мереке-мейрам мен той-томалақта, өзара қолдасу нәтижесінде күш сынасуы мен тартысындағы ермек ойыны. Кейіндері қолдасу сайысы - өзінің қарапайым және қызықты көрінісі себепті, ат спорты аренасына шығарылған. Аударыспақ - кейінгі кездері біраз елге танымал ойын түріне айналған.

Аударыспақ – екі жігіттің жекпе-жегі. Яғни, өзінің қарсыласын кез келген жерінен ұстап, шамасы жетсе, ерден жерге аударып тастау. Мұнда ат пен адам шын үйлесімін тауып, қос дене бірігіп, білек күші мен айлакерлігі күреседі. Ойынға қатысушы қарсыласын қалай да жеңу үшін қандай техникалық айла қолданса да ерікті. Сайысқа - өте қайратты, ерде нық отыратын, денесі мығым және нағыз жігіттің-жігіті ғана қатысады. Немесе оларды «*палуан жігіттер*» деп те атайды. Ал өзбектерде жеңімпазға «*спорт шебе-рі*» деген атақ беріледі.

Ойын – конкур алаңында, манеж бен ипподром жолында да жүргізіле береді. Сондағы алаңның ұзындығы 50,0 метр, ал ені 25,0 метр болса болғаны. Ойынның ұзақтығы 15 минутқа созылады. Ойынға қатысушы шабандоз өзінің салмақ дәрежесіне байланысты үш категорияға бөлінеді:

- жеңіл, мұндағы ойыншының салмағы - 65,0 кг дейін;
- орта, мұндағы ойыншының салмағы – 80,0 кг дейін;
- ауыр, мұндағы ойыншының салмағы – 80,0 кг-нан жоғары.

Шабандоздың бір-бірін аттан аудару үшін қолдасуы, бас төрешінің рұқсатынан кейін басталады. Жекпе-жектегі қарсылас екеудің бірі белгілі уақыт ішінде ерден ауса, немесе денесінің бір мүшесі жерге тисе болғаны – жеңіліс таптықаны. Яғни, жарыстан шығарылады. Қолдасуға берілген уақытында, қарсылас екеудің ешқайсысы ерден жерге құламаған жағдай да болады. Онда төреші жеңісті, күштің неше түрлі техникасын көрсеткен және белсенділік пен табандылық танытқан шабандозға береді. Тіптен болмаған жағдайда, қатысушыларға 3 минуттық үзілістен кейін қосымша 5 минут беріледі. Онда да болмаса қарсыластардың қолдасу сайысы «*тең*» болып аяқталады.

Күрес нәтижесі балл берумен айқындалады. Мәселен, толық жеңіске – 3 балл, ұтымды қолданылған техникалық әдіске – 2 балл беріледі. Ал ойыншы енжарлық көрсетсе, онда одан – 1 балл алынады. «*Жеңіс*» - жекпе-жекте қарсыласын аттан аударып тастаған шабандоздың үлесіне тиесілі.

Ойын барысында, қарсыласының басынан ұстауға, оның ат тізгінінен тартқылауға болмайды. Қатысушының астына таңдаған атының да маңызы жоғары. Бұған бойы биік немесе ірі жылқыға міну пайдасыз, мініс атының қайратты әрі күшті, жуас әрі көнбіс және бойының орташа болғаны дұрыс.

Бәйге (құнан бәйге, ат шабыс, аламан бәйге). Ат жарысының шығу тарихына, Орта Азия халқының көшпелі өміріндегі тіршілік жағдайлары себеп болған. Сол кезде атпен бір жерден келесі жерге жету үшін, атты да оған мінген адамды да арнайы дайындау мен шынықтыру қажет еді. Бәйге – Қазақстан мен Қырғызстанда осы кезге дейін өткізіліп тұрады. Бәйгені әр

халық өзінше түрлендіріп *«ат чабыш»* немесе *«аламан пойга»* деп те атай береді. Ал қазақ халқы - бәйгені аттың даладағы қарқынды шабысы немесе аламан бәйге деп атайды. Бәйге жарысы - өз кезегінде, құнан бәйге, жақын қашықтыққа шабатын бәйге және алыс қашықтыққа шабатын «аламан» бәйге деп бөлініп аталады. Қазақтардың аламан бәйгесі, өзінің өткізілу жағынан орыс халқының *«дистанциялық, яғни қашықтыққа ат жүгірту»* сайысымен де үндес.

Бәйгенің алғашқы түрі, бұл - *«құнан бәйге»*. Яғни, арнайы дайындалып бапталған екі жасар құнанға мінген жас жеткіншектердің (10-12 жастағы), белгілі бір қашықтыққа тобымен шабатын ат жарысы. Екіншісі – ересек жылқылар мен ересек спортшы-шабандоздарға арналған ат шабысы. Немесе шабандоз бен мініс атының жақын қашықтыққа шабатын ат жарысы. *«Аламан»* бәйге – дегеніміз, бұл шабыс жылқысын алыс қашықтыққа жіберу. Оның дистанциясының қашықтығы 25,0-32,0 км-ге дейін жетуі мүмкін.

Тарих тұңғығына үңілер болсақ, *«аламан»* деп, сонау жаугершілік замандағы қаруланған топ салт аттының шапқыншылық іс-әрекетін атаған. Оларға қолдарына тек қару ұстау емес, атқа салт міну өнері мен атты басқару шеберлігі де қажет еді. Аламандықтың тарихи бейнесі ретінде, кейіндері барып аламандық - ат шабысының жарысына айналған. Яғни, салт аттылы мен оның мініс атының даладағы ойлы-қырлы жерлеріндегі алыс қашықтыққа шабулары. Сондағы бәйгешінің мақсаты, қалай болғанда да мәреге бірінші келу. Яғни, ұтысқа белгіленген жүлделі бірінші орынды қайткенде де иемдену.

Бәйгенің қандай түрі болса да, ат шабысына арнайы бапталып дайындалған және *«жүйрік-ау»* деген жылқының барлығы қосыла береді. Бәйгеге жергілікті қазақ жылқысы мен оның басқа тұқымынан алынған будан жылқысы да қатыса алады. Бәйге жарыстары халық арасында үлкен сұранысқа ие бола бастады. Бұл бәйгенің қарқынды дамуына себепкер болуда. Қазіргі кездегі бәйгешілер, жақын қашықтыққа шабатын мініс жылқысын – арнайы баптап және жаратып, бәйгенің барлық түріне қосып жүр. Бұрынғы бәйгелер - қашықтығына байланысты бір бағытта ұйымдастырылған. Онда салт аттылар белгіленген *«сөреге»* желіп жеткен. Олар сөреден қайтадан кері қарай бар қарқынымен шауып шығып, *«мәрені»* ауыл маңында аяқтаған. Желмен жарысқан жүздеген шабандоз, сөре басынан мәре сызығына қарай құйындата шабады. Қазақ халқының *«жүзден жүйрік»* - деген даналы нақыл сөзі осыдан шықса керек.

Мұндай аламан бәйгесіне ат пен шабандоздың барлығы бірдей шыдауы мүмкін емес. Талайлары орта жолда шаң қауып, аты сүрініп, өзі құлап, жарыстан шығып жатады. Атбегілердің айтуы бойынша, мұндай алыс қашықтықта *«қамшының өзі атқа ауыр»* болады екен. Бұған қазақтың *«бәйгедегі жақсы жылқы – жол мен жүлдедегі жолдасы»* деген мақалының да бекер айтылмағанын дәлелдейді. Ал қазіргі кездегі бәйге жарысы ипподром жол-

ында немесе ауыл маңындағы айналмалы жолда ұйымдастырылуда. Оның да белгілі бір қашықтығы, жүргізілу ережесі мен арнайы өткізілу тәртібі бар.

Біріншісі – ол ипподром жолында өткізілетін жақын қашықтықтағы ат шабысы. Бұл көрерменін ерекше шабыттандыратын өте қызықты көрініс. Себебі, бәйгенің басынан соңына дейінгі жарысы, көрерменге алақандағыдай айқын көрінеді. Бәйгенің өту барысы мен соңғы көрінісін тамашалай алады. Ат сайысы әр секунд сайын қыза түседі. Көрермен, өзі қалаған аттың бірінші келуін күтіп, оларды өздерінің қиқуымен қосымша жігерлендіріп отырады. Бұл шабандозға, оның мінген сәйгүлігіне де қосымша күш-қуат пен дем береді. Ал екіншісі ауыл маңындағы табиғат аясындағы ашық алаңда өтетін – ат бәйгесі. Мұны енді халық арасында «*нағыз бәйге*» - деп атайды. Мұнда шабандоздар бәйгені ауыл маңындағы арнайы жолда өткізеді. Көрермендер бір-бірімен шабандоз шеберлігі мен қай сәйгүліктің жүйрік екендігі туралы қызу пікір таластырады. Бәйге нәтижесін тағатсыздана күтіп тұрады. Бірінші келген сәйгүлік пен шабандозды қиқулаған айғаймен қуана қарсы алады.

Бәйге жарысы – оған қатысатын шабандоздың күшіне, табандылығына, тапқырлығы мен батыл болуына ғана емес, оның мініс атын басқару техникасын жете меңгеруіне де тікелей байланысты. Мұндай шабандоз, өз атының шабыстағы күші мен қарқындылық қабілетін сақтай отырып, оны дұрыс пайдалана білуі керек. Бәйгеде – шабандоздың атты басқару шеберлігі, төзімділігі, шыдамдылығы мен тапқырлығы айқындалады. Бәйгенің қандай түрі болмасын, шабандоз бен шабыс атының қашықтықтағы келу уақыты есепке алына бермейді. Мұнда сәйгүліктің шауып келу қарқындылығы мен жылдамдық нәтижесіне байланысты бағаланады. Соңында жүлделік орындарға (1-ші, 2-ші, 3-ші) бағалы силық немесе ақшалай ұтыс беріледі. Бірақ та сонау бір жылдардағыдай 25,0-50,0 және 100 шақырымдық, тіпті бәйге-жортуылдар өткізілсе, жылқының «*жүзден жүйрігі*» мен «*мыңнан тұлпары*» шықса, мейрам-тойларда ұлттық ат ойындары өткізіліп тұрса, бұл оның көрермендері мен жан-күйерлері үшін құба-құп болар еді.

Жамбы (жамбы ату). Жамбы ату сайысы – қазақ халқының арасынан шыққан. Жамбы деген сөздің өзі қазақтың төл сөзі. Орта Азияның басқа халқы мен кавказдықтар арасында бұл сайыстың ұқсас түрі «*низаки нетум*» деген атымен белгілі. Ойынның негізгі мазмұны, оның арнайы ұзын тіреуішке орнатылған нысананы, шабандоздың аңшылық мылтығымен атып тигізудегі «мергендік» өнері. Ертеректе – шабандоздар өз мергендік шеберлігін осылай шыңдаған. Салт аттының – құрықтың жоғарғы басына ілінген нысананы садақпен немесе мылтықпен атып құлату өнерінің көрсетілімі.

Қазіргі кездегі жамбы ату ойынында, бұрынғы садақ пен мылтық, қазіргі аңшылық бытыралы мылтығына ауыстырылған. Жамбы ату сайысын ұйымдастыру үшін, ауыл маңынан жарыс өткізілетін арнайы орын дайындалады. Нысана – көрермендерге қарсы бетке тұрғызылған баған басына орнататылады. Қазіргі нысана - биіктігі 3 метрге жететін бағана ұшына ілінген диаметрі 30 см болатын арнайы дайындалған домалақ доп болады.

Ойынға қатысушы шабандоздың өз мініс аты және аңшылық мылтығы болуға тиіс. Сайыс басталғанға дейін шабандоздар арнайы бөлінген орында дайын тұрады. Қатысушының шығу кезегі «*жеребе*» тастау арқылы анықталады. Стартқа шақырылған ойыншыға бір ғана патрон беріледі. Төрешінің берген белгісінен кейін, шабандоз мәреге қарай атының бар қарқынымен шаба жөнеледі. Нысана қасынан өтіп бара жатып, ойыншы оны қолындағы мылтығымен көздеп атып салады. Өзі ары қарай шауып өте береді. Әр ойыншыға тек бір-ақ рет қана атуға рұқсат беріледі. «*Жеңіс*» - шабандоздың мергендігіне байланысты айқындалады және марапатталады.

Жігіт жарыс (джигитовка). Жігіттік өнерінің сайысы – мерекелік, сюжеті өткір және өте қызықты көрініс. Ат сайысын қазақ халқының арасында «*жігіт жарыс*» деп атайды. Бірақ мұнда қазақ жігіттерінің мінген атын ерттеу техникасы да ескеріледі. Киген ұлттық костюмінің де маңызы бар. Ресейдегі дон, терск, орал казактары бұл ат сайысының өнерін - «*джигитовка*» деп айтады. Жігіттік өнерімен Осетия мен Дағыстан халқы да айналысады. Грузиндерде бұл сайыс өнерін - «*джирити*» дейді. Бірақ, олар бұған қосымша нысана ату мен папах және басқа да заттарды жерден көтеруге міндетті.

Жігіт жарысы – шабандоздың шауып келе жатқан ат үстінде неше түрлі гимнастикалық жаттығуы мен акробатикалық виртуозының бүкіл арсеналын көрермен алдында көрсету өнерінің қойылымы. Шабандоз шапқан ат үстінде тұрады, ерге қайта отырады, ер үстінен жерден заттарды көтеріп алады, ерден жерге секіріп түседі, қайтадан қарғып мінеді, аттың бауыры мен ер үстінен айналып өтеді, ат үстінде неше түрлі бұрылыстар мен айналыс қимылдар жасайды және т.с.с. Кейбір жекелеген спортшы-шабандоздар өзінен басқа ешкім қайталай алмайтын жаттығу түрін орындауы да мүмкін.

Жарысқа ат құлағында ойнайтын жігіттер ғана қатысады. Спортшы-шабандоз өзінің ержүректілік, ептілік пен айлакерлігін, атты басқару шеберлігін, гимнастикалық жаттығудағы дайындығын көрсетеді. Яғни, өз көрермендеріне ер жігітке тән қасиетінің бар өнерін көрсете білуі тиіс. «*Жеңіс*» - өз өнерін көрермендерге шебер көрсете білген шабандозға беріледі.

Жорға жарыс (жорға салыс, жорға салыш). Жорға жарыс – Орта Азия халқы мен Қазақстан даласында тіршілік ететін көшпенділер арасынан шыққан. Сол кезеңдегі жаугершілік заманында, атқа тек «*ерлер*» ғана мініп қоймаған. Әйелдер мен қыздары да атқа салт міну өнерін жақсы меңгерулері қажет болған. Сондықтан көшпенді қазақ халқының қыздары мен әйелдеріне лайықтап, олардың мініс атының аллюрін «*жорға*» немесе «*жорғалау*» жүрісіне арнайы баптаған. Соның атсайысының «*жорға*» жарысы қалыптасқан. Немесе жарыстың бұл түрін, қазақта аттың жүрісін жорғаға салу «*жорға салыс*», ал қырғыздар - «*жорға салыш*» деп атаған.

Бұрындары жорға жарысқа басына әсем сәукеле, үстіне ұлттық камзол мен бүрмелі қос етек көйлек киген және сәнді әшекей бұйымдар таққан қыздар мен әйелдер қатысқан. Кейіндері тек әйелдерге арналған осы әдет-

ғұрыптың әдемі көрінісі ақырындап қалып қойған. Бірақ-та жорға жарыстың өз ізі жоғалған жоқ. Қазіргі кездегі жорға жарысына қатысам деушілердің барлығына жол ашық. Мұнда бала да, қыз да және ересектер де шаба береді. Бірақ қазіргі кезде қыз балалар мен бойжеткендердің аттың «жорғалау» жарыстарына қатысуы өте сирек. Жорға сайысының бұл әдемі түрі - бұрынғы әдеби деректерде ғана кездеседі. Шабандоздың басқаруымен жылқының «жорға» аллюрімен, жорғалап жүру сайысын – аттың «жорғалау» жарысы деп атайды.

Қазіргі жорға жарысы ипподром жолында өткізіледі. Дистанциясының қашықтығы бойжеткендерге 1,0-2,0 км, бозбала мен ер адамдарға 2,0-5,0 км. Ені оған қатысушылар санына байланысты, бірақ оның дистанциясы 2,0 метрден аспауы қажет. Қазіргі кездегі әйелдердің атқа шабу өнері Ресейдегі Пятигорский ипподромында «қыздар шабады» деген атшабысының жарысы, осы әйелдердің де шабандоз болғанын еске салады. Аттың «жорға» салысына, негізінен желғор жылқысы пайдаланылады. Желғорлар - «жорғалау» аллюріне өте қабілетті, тез бейімделеді және жылдам үйренеді.

Жылқы «жорғалау» жүрісінен жаңылса шабандозға бір айып ұпайы салынады, ал көрсетілген уақытынан 10 секунд алып тастайды. Екіншісінде – 2 айып салынып, одан 20 секунд, үшіншісінде – 3 айып, одан 30 секунд алынады. Үштен асып кеткен жағдайда, ат пен оның шабандозы жарыстан шығарылады. Жол бойындағы әр 100 метр сайын, төреші, стартер, хронометражшы және бақылаушы қойылады. Жылқының жорға жарысының нәтижесін бас төреші қорытындылайды. Жарыс соңындағы «жеңіс», оларға 1-ші, 2-ші және 3-ші орын берудегі жүлделі ұтысымен және ақшалай сыйлық берумен аяқталады.

Көкпар (копкар, ұлақ, ұлақ тартыс, бұзқашы). Көкпар – бұл салт аттылардың ешкі ұшасы үшін болатын тартыс күресінің додасы. Орта Азия және Қазақстан елдеріндегі кеңінен тараған ат сайысы. Әр мейрам-мереке мен той-томалақта өткізетін қызықты атқа салт мінген спортшы-шабандоздардың тартысы. Ат сайысы қазақ халқында - «көкпар», қырғыз бен қарақалпақ елінде - «копкар», өзбек халқында - «ұлақ», түрікмендерде - «ұлақ тартыс», ал тәжік пен ауған халықтарында - «бұзқашы» деп аталады. Бірақ ауғандықтар ұшаны алаң ортасындағы тереңдігі 1,0-1,5 метрге дейін қазылған шұңқырға тастайды. Ал ойынға қатысушылар «бұзқашыны» сол шұңқырдан алып шығады. Алаңды бір айналып шыққан соң, «бұзқашыны» орнына қайта салуы қажет.

Көкпардың шығу тарихы өте қызықты. Аңыз сыры ғасыр тұңғиығының тереңіне бойлайды. Қазақтың арасындағы «көкпар» деген сөздің өзі, «көк-бөрі», яғни табиғаттың тағы аңы - «қасқыр» деген ұғымды білдіреді. Бұрындары ұялас қасқырлар мен оның тобын аулау үшін, салт аттылар қансонарға немесе қасқыр аулауға шығып отырған. Қасқырларды сілесі қатқанша атпен қуып, әбден шаршағаны мен болдырғанын соғып алып отырған. Соғып алған қасқыр санына байланысты, жеңімпаздың даңқы бүкіл

ауыл-аймаққа тараған. Әрине, бұл қасқыр соғып алу барысында, өзіне таныс емес ойлы-қырлы неше түрлі жерлерден шауып өтуге тура келген. Бұған тек – күшті, төзімді, қарқынды мініс аты мен ер-жүрек қайтпас-қайсар қайратты жігіттер ғана қатыса алады.

Кейіндері нағыз жігіттің алғырлығы мен қайратын көрсететін қансонардағы «көкбөріні» аулау серілігі – ат сайысының түріне айналған. Көкпар – ержүрек жігіттердің бойын қыздыратын, қайраты мен білек күшін көрсететін тартыс күресінің додасына айналған. Қазіргі «көкпар» ат ойыны, жазық алаңда немесе ипподромда өткізіледі. Бұрынғы тірі қасқырдың орнына, басырақтары кесілген «ешкі ұшасын» пайдаланады. Көкпар – оған қатысушыға қажымас күш, таусылмас қайрат, төзімділік, батылдық пен қосымша күш-қуат береді. Тартыс додасындағы ептілігі мен айлакерлігін жетілдіреді. Сонымен бірге мініс атының қайраттылығы да тексеріледі.

Көкпарға 5-10 шабандоздан құралған екі команда қатысады. Ойынның ұзақтығы – 15 минут. Тартыс – топырағы жұмсақ тегіс алаңда өткізіледі. Алаңның ұзындығы 300-400 метр, ал ені 20-30 метрді құрайды. Қарсылас команданың екі жағына, жалауша тағылған қақпа немесе ортасына арнайы отау құрылады. Алаң ортасына диаметрі 3 метр болатын дөңгелек сызықпен шек шеңбері сызылады. Ешкі ұшасын сол шеңбердің ортасына тастайды. Сондағы ешкі ұшасының салмағы 30,0-40,0 кг, ал кейде 60,0 кг да болуы мүмкін. Қарсылас екі команда бір-бірінен 10,0 метр қашықтықта, яғни өз қақпасының алдында, старт сызығының шегінде тізіліп сапқа тұрады.

Төреші белгі берісімен, команда капитандары ортадағы шеңберге шығып, тартыса қимылдап ешкі ұшасын жерден көтеріп алуға тырысады. Ұша капитанның біреуінің қолына тиісімен, екі команданың қалған мүшелері де тартысқа келіп қосылады. Шабандоздар ұшаны қарсыласынан тартып алып өз қақпаларына әкеліп тастаулары тиіс. Егер ойыншының немесе аттың құлап қалған жағдайында, мұны «аут» дейді, яғни ойын тоқтатылады. Қақпаға кіргізілген әр ұшадан кейін және аутқа түскен жағдайда, төрешінің рұқсатымен ойын алаң ортасындағы шеңбердегі шегінен қайтадан басталып отырады.

Көкпар сайысының соңы, қай команда шабандоздары, өз қақпасына ұшаны көп кіргізсе, ойын соңындағы «жеңіс» сол командаға беріледі. Осы берілген уақыт ішінде қақпаға бірде-бір ешкі ұшасы кіргізілмесе, онда оларға тағы қосымша 15 минут уақыт беріледі. Тіпті болмағанда, қарсылас екі командадан, ең мықты деген екі ойыншысы бір-бірімен «теке» тартысқа түседі. Тартысқа – күшті әрі табанды, қайратты және қайсар спортшы-шабандоздар ғана қатысады. Бұл ат сайысының халық арасындағы беделінің айрықша белгісі. Сонымен бірге дамуының даңғыл жолы.

Күміс алу. Шауып бара жатқан шабандоздың жерден күміс теңгелерді іліп алуы, қазақ халқының арасында шығарылған ойын түрі. Немесе қазақ пен қырғыздың «жігіттік өнерінің» бір көрінісі. Күміс теңгелер аттың шабыс жолындағы бір сызықтың бойына әр 15-20 метр сайын орамалға

оралып тізіліп тасталады. Ойынға бірнеше шабандоз қатысқан жағдайда, онда күміс теңгелер әр ойыншының сызығына бөлек қойылады. Қатысушылар сызық бойында тізілген күміс теңгелерді, ерден еңкейіп, жерден тереіліп ала кетулері тиіс. Ойын - жеке шабандоздар немесе команда арасында жүргізіле береді. Ойын өтетін дистанциясының жолы тегіс болуы қажет. Жолдың ұзындығы 100 метрден 300 метрге дейін болады. Оның ені 5 метрден кем болмауға тиіс. Шабыс жолында ешқандай кедергі кездеспеуге тиіс.

Қатысушы шабандоздардың саны, арнайы бекітілген ереже тәртібі бойынша белгіленеді. Күміс алу ат ойынына, 16 жасқа толған әрі арнайы жаттығудан өткен бозбалалар мен жігіттер қатысады. Олардың киімінің формасы, әдемі белбеумен буылған жеңіл шапан, елтірі етік және оюмен өрнектелген тақия. Ойын командалық болса, онда әр команданың формасы бір келкі болады. Ойынға қатысушы шабандоздың мініс аты, қандай тұқымнан болса да бәрібір. Бірақ, ол аттың бойшаң болмағаны абзал. Және үш жастан жоғары ересек әрі тәжірибелі арнайы үйретілген жылқыны пайдаланған дұрыс. Жолдағы әр күміс теңгенің қасына бір-бірден бақылаушы қойылады. Стартер, мәре төрешісі және хатшы қатаң бақылап отырады. Оның әрқайсысының ойын ережесінде бекітілген және орындайтын жеке міндеті бар. Ойын соңын бас төреші қорытындылап, жеңген жеңімпазды анықтайды. Жердегі сызық бойына тізілген теңгелерді, қай шабандоз немесе қай команда көп жинайды, сайыс соңындағы *«жеңіс»* соныкі болады.

Күрес (белдесу). Қарсылас екі шабандоздың белдесу күресінің жекпе-жектегі тартысы. Күрес – қырғыз халқының арасында өткізіледі. Сайыс - екі адамның жекпе-жектегі белдесу тартысы. Бұл тартыс қазақтардың *«аударыспақ»* сайысының екінші түрі. Бұған да екі адам және екі ат қатысады. Оның ережесі мен өткізу тәртібі де қарапайым. Көбінесе жергілікті қырғыздар арасындағы, өзара белдесу арқылы күш сынасуы мен тартысындағы ермек ойыны. Ат үстінде белдесу өнерінің бұл тартысы, өзінің қызықты көрінісі себепті баршаға мәлім. Салт аттының күрес өнеріндегі жекпе-жегі. Белдесу күресі қырғыздардың мереке мен той-томалағында жиі өткізіледі.

Күрес – ол ерегіскен екі жігіттің, яғни өз қарсыласын тек белінен ғана ұстап, шамасы жетсе, ерден жерге аударып түсіру. Мұнда ат пен адам ортақ тіл табысып, бірге қимылдау нәтижесінде, өзінің бел күшін көрсетеді. Күреске - өте қайратты, ерде мығым отыратын, денелі жігіттер мен ер-азаматтар ғана қатысады. Ат сайысы – ауыл маңындағы шағын алаңда өткізіле береді. Сайыстың ұзақтығы әр ауылда түрліше болып келеді. Ипподром жолы мен манежде өткізілген жағдайда, ойынның ұзақтығы 15 минутқа созылады. Екі ойыншының бір-бірін аттан аудару үшін белдесуі, төрешінің берген белгісінен кейін басталады. Белдескен екі қарсыластың бірі, берілген уақыт ішінде ерден ауса, онда оның жеңілгені. *«Жеңіс»* - қарсыласын белдесу нәтижесінде ғана аттан аударып тастаған ойынға қатысушы шабандоздың үлесіне тиесілі.

Қыз қуу (қыз қумай, қыз жарыш, догони девушку). Бір ғана сәт – атқа салт мінген екі жұп, яғни қыз бен жігіт немесе «*сері жігіт*» пен «*бойжеткен*», көрермен алдына құйындай ұйытқып шауып шыға келеді. Сондағы мақсаттары – кезекпен-кезек қайтсе-де бірін-бірі қуып жету. Қыз - әсем киінген, нәзік, күлімдеген, бірақ «*ұсталған*», ал жігіт – батыл, күшті, ержүректі, бірақ олқылығы үшін «*жазаланған*». Бұл деген нағыз тұла бойы тұнып тұрған романтика. Қазақтың – атқа салт міну мәнерінің сән-салтанаты мен ұлттық әсемдігін бейнелейтін ат ойыны. Қыз қуу - кейбір Орта Азия халықтарының арасында «*қыз қумай*» немесе «*қыз жарыш*» деп те атайды. Ал орыс халқы өздеріне «*догони девушку*» деген атпен қабылдаған.

Қыз қуу - қазақ халқының өте көңілді және ұлттық нақыштағы ат ойыны. Ойын өте ертеден келе жатса да, біздің кезімізге еш өзгеріссіз жеткен. Көрерменін романтика мен әсерлі көрінісі жағынан өзіне сөзсіз баурап алады. Бұл ойынның тарихи мағнасы мынада. Ежелгі сақтарда «*некелесу*» үшін, қыз бен жігіт арасында әдет-ғұрыптың осындай тартысы қалыптасқан. Жігіт үйлену үшін қалыңдығын, осындай сайыста қуып жетіп бетінен сүйі немесе орамал беруі қажет. Егер күйеу жігіт «*жеңіліп*» немесе қамшының астында қалған жағдайда, қыз өзінің рұқсатын бермеуі де мүмкін. Күйеу жігіт бұл сайыста «*жеңіске*» жеткен жағдайда ғана қалыңдығына үйленуге мүмкіндігі болған.

Қазіргі кездегі қыз-қуу ойыны тегіс алаңда өткізіледі. Оның ұзындығы 400-500 метр, ал ені 30,0-40,0 метр болуы қажет. Ойынды ипподромның шабыс жолындағы трибуна алдында да өткізуге болады. Бұл енді керемет ұлттық нақыштағы әсем көрініс, әсіресе көрерменіне тамаша әсер береді. Мұндағы арнайы берілген дистанциясына байланысты, ойынның сәресі мен мәресі белгіленіп, оған жалауша іліп қойылады.

Ойынға бір қыз бен бір жігіттен тұратын бірнеше жұп қатысады. Олар сәредегі шек сызығына барлығы бірдей тізіліп тұрады. Қыздың старты жігіттің шығу сызығынан, аттың екі тұлғасындай алға шығады. Ал кері қайтқанда, керісінше, жігіт - қыздың шығу сәре сызығынан аттың екі тұлғасындай озық тұрады.

Төрешінің берген белгісінен кейін, ойынға қатысушы «*жұп*», старт сызығынан бірден аттың тізгінін қоя береді. Яғни аттың бар қарқынымен бірден шаба жөнеледі. Мұндағы жігіттің мақсаты, қыз мінген атты қуып жетіп, оның бетінен сүйіп алуға талпынады. Ал «*қыз*» болса оған жеткізбей мәре сызығына бірінші болып жетуге тырысады.

Жігіт қызды қуып жетсе немесе жете алмаған жағдайда да, кері қайтар жолда, енді қыз жігітті қуып жетіп, оны қамшының астына алуға тырысады. Бұл қыздың жігітті «*жазалағаны*» болып саналады. Кей кездері қыздың да жігітті қуып жете алмай қалуы мүмкін. Ойынның бар қызығы мен тамашасы да осы артымды көріністің қойылымында.

Ойын нәтижесі – қыз бен жігіттің атты басқару шеберлігіне, ерге отыру әсемдігіне, мініс атының қарқындылығы мен ұлттық нақыштағы костюм-

дерінің сәніне қарап бағаланады. «Жеңіс» - өздерінің осы ерекшелігі мен әсем көрінісін көрсете білген жұпқа беріледі. Қазақтың кең даласында туған «қыз қуу» ойыны, қазір көптеген елдер арасына кеңінен тарап кеткен. Жастардың ең танымал ат сайысына айналған. Көрермендеріне де қызықты әрі тартымды.

Қазіргі өткізілетін мейрам-тойлар, тіпті жылда өткізілетін ипподромның шабыс маусымының ашылу салтанаты да, қазақтың ұлттық сән-салтанатын білдіретін осы ат ойынынсыз өтпейді. Ойында – қаншама әзіл, жастық жалын мен нәзік мысқыл бар. Кейбір көрермен қыздың жігітке жеткізбегенін, кейбіреуі жігіттің қызды қуып жеткенін қалайды. Қызды сүйе алар-ма екен деп, жігітке шабыт бере айғайлайды және қиқулайды. Жанкүйер көрермендер «*ал жігітім, көрсет, қандай ер екеніңді*» - деп күтіп тұрғандай.

Салма (ілу). Жалпы ат үстінен жерден ауыр салмақты көтеру, адамды қарулылыққа дағдыландыратын ойын - бұл салма алу. Халқымыздың бұрыннан келе жатқан ат ойыны. Салма ілу ойыны алдында жер қазылып, оған қошқар немесе тайыншаның ұшасы тасталады. Қазіргі уақытта ішіне құм толтырылған қап тасталып жүр. Ойынның мақсаты - жігіттер атпен шауып келе жатып әлгі салманы іліп алып кетуге тиіс. Аттың қарқынын бәсеңдетіп, тізгінді тежеуге болмайды. Бұл ойын да адамды ептілікке, күштілікке тәрбиелейді. Ойыншының астындағы атының мықтылығы да оның табысына үлкен үлес қосады.

Сайыс. Көп жерде сайысты аударыспақ ат ойынымен шатыстырады. Алайда, бұл дұрыс емес. Сайыс та ат үстіндегі жекпе-жек. Тек сайысшылар ұшы тұқыл найза, кей жерлерде сойыл ұстайды. Оның бұл екі түрі де «Қыз – Жібек» және «Көксерек» көркемсуретті фильмдерінде (Төлеген мен Бекежанның, Аманқұл мен бай баласының ат үстіндегі жекпе-жегі) жақсы көрсетілген.

Сайыс жігіттерді ептілікке, батылдыққа, қаруды шебер қолдануға тәрбиелейді. Бәсекеге түсушілердің найзаларының ұзындығы немесе сойылдарының салмағы бірдей болады. Және найза «шаншылатын» спортшының кеуде тұсы мен тақымдығына былғарыдан, көннен, киізден жасалған тақымша киіледі. Басқа жерден найза «шаншуға» болмайды. Тақымға найза салған найзагер оны көтеріп аттан аударып тастауға тиіс. Егер сайыста сойыл қолданылатын болса, онымен адамды немесе атты ұруға рұқсат етілмейді. Сайысшылар тек бір-бірінің ғана сойылдарын қағып түсіреді.

Сайыс көлемі 50x50 метрлік топырағы майда алаңда өткізіледі. Ойынның ұзақтығы 15 минутқа созылады. Мұнда да спортшыдер аударыспақтағы сияқты үш салмақ категориясына бөлінеді:

- жеңіл, мұндағы ойыншының салмағы - 65,0 кг дейін;
- орта, мұндағы ойыншының салмағы – 80,0 кг дейін;
- ауыр, мұндағы ойыншының салмағы – 80,0 кг-нан жоғары.

Олар бәсеке кезінде бір-бірінің аттан қауіпсіз құлауын қадағалауға және қиын жағдайда көмек көрсетуге тиіс. Егер жарыс кезінде кезекші

дәрігер болмаса, онда жекпе-жек өткізілмейді. Жалпы сайыс – спотсмендердің өте күшті дайындығын қажет ететін ұлттық споттың күрделі түрлерінің бірі болып саналады.

Ойын соңындағы *«жңіске»* найзамен бәсекелесін аттан аударған немесе бәсекелесінің сойылын қағып түсірген спортшы ие болады. Егер жекпе-жектегі бәсекелестер аттан аударылмаса немесе сойылдарын қағып түсіре алмаса, онда төрешілер алқасының көзқарасы мен шешімі бойынша, атсайысында өзінің әр түрлі айла-тәсіл мен шеберлік шеберлік көрсете алған шабандозға беріледі.

Сайыш (саныш). Қырғыз халқының кейінгі кездері біраз танымал болып қалған ат ойыны. Шабандоздың ат сайысының жекпе-жектегі найзаласу өнерінің көрсетілімі. Бірақ өзінің көрсетілім жағынан *«оодарыш»* немесе *«саиыс»* ат ойындарын еске салады.

Қазіргі кездегі өткізіліп жүрген *«сайыш»* атсайысының ойынында, бұрынғы қолданылатын өткір найзаның орнын, ағаштан жасалған доғал қылышпен немесе алдаспанмен алмастырған. Бұл ойынның өзіне тән ғана біршама ерекшелігі бар. Алаңға жеңіл шабыспен топ салт атты спортшы-шабандоздар шығады. Сондағы ойынға қатысушы әр спортшы-шабандоз доғал ағаш қылышпен қаруланады.

Турнирге қатысушылар салтанатты шерумен алаңды бір айналып өтеді. Белгіленген жердегі шек сызығының бойына сапта тізіліп тұрады. Төреші ортаға шығып, *«жеребе»* бойынша анықталған екі шабандозды ортаға шақырады. Ат сайысы көбіне ипподром алаңында өткізіледі. Төреші ойынның басталуына рұқсатын берісімен, екі шабандоз ағаш қаруымен қылыштасу жекпе-жегін дереу бастай жөнеледі.

Көрермендер бұл сайысқа өте қызығушылық білдіреді. Жеңімпазға ду қол шапалақтап және қиқу-айғаймен қошамет көрсетеді. Бұрынғы қауіпті қылыштасу сайысы, қазіргі кездегі қызықты ат ойынына айналған. Мұнда әр шабандоз өзінің атқа міну, оны басқару өнерін, шапшаңдығы мен ептілігін, айлакерлігі мен тапқырлық шеберлігін көрсетуі тиіс. Ойын нәтижесі, шабандоздың қарсыласымен қылыштасудағы қимыл-қозғалысына, атты басқару шеберлігіне, ерге отыру мығымдылығы мен ұлттық нақыштағы костюміне қарап бағаланады. Ал, *«жеңіс»* - қарсыласын жеңіп шыққан ойыншының үлесіне тиесілі.

Тенге-лю (күміс ілу). *«Жігіттік өнері»* ат сайысының бір түрі. Қазақтарда бұл ойын *«күміс алу»* деп аталады. Тенге – лю ат ойыны Өзбек мен Түркмен халқының арасында кең танымал. Ойынның мақсаты, арнайы жолға белгілі ретпен қойылған түрлі-түсті орамалдарды, шабандоздың шауып бара жатқан ат үстінен жерден теріп алулары тиіс. Бұған шабандоздың ерде мығым отыруы, ептілігі және атты басқару шеберлігі қажет. Шабандоздың астына мінген аты да оның шұғыл немесе оқыс қимылына лайықты, арнайы дайындалған және берілген сызық бойымен бар қарқынымен шауып өтуге тиіс.

Ойынның жүргізілу тәртібі әр қилы болуы мүмкін. Мысалы, соның бір түрі – ипподромның тегіс 300 метрлік жол бойында ұйымдастырылады. Жол бойына қойылған алғашқы орамал 50 метрлік жерге, ал қалғандарының арасы 20 немесе 25 метрлік жерлерге тасталады. Ойынға қатысушы бір қолымен шауып келе жатқан атты басқарады, ал екінші қолымен ерден еңкейе жедел қимылдап, жердегі орамалдарды кезекпен-кезек іліп ала береді. Ат ойыны жеке шабандоздың немесе команда аралық болып та жүргізіле береді. Әр команда үш-төрт қатысушы шабандоздан құрылады.

Ойыншының әр іліп алған орамалына бір балл беріледі. Дистанцияны өту жылдамдығына төрт балл беріледі. Ойынға қатысушы шабандоз, белгілі дистанцияны берілген уақытта шауып өтпесе, онда айып ұпайы салынады. Ойын соңында ұтыс балынан, бұл айып балы шегеріледі.

Ойын нәтижесін бірнеше төрешілер қорытындылайды. Олар бас төреші, стартер, мәредегі төреші және секундомерист. Қай шабандоз немесе команда мүшелері, орамалды көп жинаса және берілген дистанцияда астына мінген аты ұшқырлығын көрсетсе, ойын соңындағы «жеңіс» тұғыры сол шабандозға немесе командаға беріледі.

Тыйын – энмей. Бұл «жгіттік өнері» сайысының Қырғыз халқында ойналатын түрі. Ойын тәртібі қазақтың «күміс алу» және өзбек пен түрікмен халқының «тенге-лю» ат сайысына ұқсас болып келеді. Тыйын - энмей ойынының мақсаты, арнайы шабыс жолына белгілі ретпен қойылған әр түрлі заттарды, аттың бар қарқынымен шауып келе жатқан шабандоздың жерден теріп алулары. Ойынның жүргізілу тәртібі әр қилы болуы мүмкін. Бұл үшін шабандоздың мықтылығы мен шеберлігі қажет. Бұл ойын барысында, шабандоздың аттан жерге секіріп түсулеріне болмайды. Немесе аттың шабу қарқынынан жаңылмағаны абзал. Сондықтан бұл ойынға шабыс аты мұқият дайындалады. Ойын жеке шабандоздар арасында жүргізіледі.

Шабандоздың әр іліп алған заттарының мөлшері мен дистанцияны өту жылдамдығына арнайы балл беріледі. Ойын нәтижесін төрешілер алқасы қортындылайды, олар - бас төреші, стартер, мәредегі төреші және секундомерист. «Жеңіс» - ойын соңында шабандоздың жинаған балы мен атының шабу жылдамдығы мен қарқындылығына байланысты тағайындалады.

Кавказ халықтарының ат ойындары

Кавказ. Халық өлеңі, биі, ұлты мен әдет-ғұрпы қандай көп. Кейбір мәліметтерде Кавказ халықтарының бірнеше тілде сөйлейді немесе сөйлеу мәнерлерінің өзі әр түрлі деген ақпарат бар. Кавказдық ерікті халықтары – армян, грузин, әзірбайжан, абхаз, балхар, қабарды, қарабайр, карабах, осетин, чечен және т.б. Олар сонау заманнан бері сұраусыз немесе баса-көктеп тұтқиылдан келген шапқыншылардан өз елін, жерін, тіптен туған ауылын қорғауға әрқашанда да дайын болған. Өз еркіндігі мен бостандығын қорғай білген жау жүрек халық. Бұл үшін кавказдықтардың тек батыл болып қана

қоймауы керек. Ат үстінде мығым отыруға, қаруды шебер игеруге, сәйгүлікті жақсы меңгеруде қайтпас қайсарлық пен батырлық көрсетулері тиіс болған.

Міне, сондықтан-да Кавказ халқының ұлттық ат ойыны, оның жауынгерлік дайындығында маңызды роль атқарған. Әр Кавказ ұлтының құрылуы мен сақталуына моральдық және психологиялық рух берген. Олардың ұлттық ат ойындары көбіне қарапайым болып келеді. Кавказдық жігіттерді ат сайысы мен қару қолдануға дайындауға арналған жаттығу түрі. Немесе халықтың көңіл көтеретін әзіл-қалжыңды және қызықты ат ойыны. Ат сайысының орындалу техникасы, көрерменге әсерлі әрі барлық жасқа (жеткіншек, бозбала, бойжеткен, ересек) бірдей ашық. Көрерменіне өте қызықты. Баға жетпес әсемдік пен сонылықтық бейнесі. Ер-жүрек халықтың рухы сіңген жалынды әрі әсерлі тамаша көңіл көтерер көрініс қойылымы.

Алам. Осетия халқының ежелден келе жатқан ат ойыны. Алам - тек қайтыс болған адамға ас бергенде өткізілетін ат шабысы. Алам - ат шабысы «лам» сайысынан да бұрын шыққан. Сонымен бірге алам ат шабысының өткізілу тәртібі, «лам» ат шабысынан өзгешелеу болып келеді. Алам - бұл таяқшаға жалауша тәрізді іліп қойған қатты матадан жасалған ұзын тілімі. Аламға әр түрлі заттарды іліп қояды. Мәселен, тері шекпен, етік-шәркей, орамал, әшекейлі белдік, кобура яғни белге байланатын қару қабы және т.с.с.

Алам ат ойыны ауыл маңындағы ашық алаңқайда өткізіледі. Аламды алып жүруге, ең жүйрік сәйгүлікке мінген тәжірибелі шабандоз ие болады. Ал, қалған шабандоздар «алам» ұстаған салт аттылыны қууға тиісті, яғни «қуғыншылар». Олар «тілімге» ілінген жүлдені тартып алулары қажет. Сайыс - «аламға» ілінген әр түрлі заттар түгелге жуық таусылғанша жалғаса береді.

Ат сайысы – ойынға қатысушыны да, көрерменін де қызықтырып өзіне баурап алады. Себебі, шабандоздар «аламға» ілінген әр түрлі заттардың ішінен өз қалағанын алуға тырысады. Немесе амалсыздан қолдарына ілінгенін алады. Ал көрермендер оларға дем бере, «ананы ал» немесе «мынаны ал» - деп айғайласып жатады. Ат ойынында, шабандоз атқа тек мығым отырып қана қоймай, жігіттік өнердің барлық тәсілдерін жете меңгерулері тиіс.

Алам - ат ойынында тек өте батыл, айлакер және епті шабандоз ғана «жеңіске» жетеді.

Дашвеба. Грузия халқының жиі ұйымдастыратын ат сайысы. Егер грузиннің «мтидан дашвебасы» таулы қыраттың ойлы-қырлы жерінде өткізілсе, ал дашвеба - сол таулы қыраттан басталып, шабандоздың ипподромда аяқтайтын қарқынды ат шабысы. Таулы қыратты немесе ойлы-қырлы жерден басталатын дашвебада, шабандозға жолда кездесетін табиғи кедергіден қаймықпай өту қабілеті мен батылдық қажет. Ат сайысының тағы бір ерекшелігі, мұндағы шабандоз атқа жайдақ мініп шабады. Жарыс барысында, аттың қарынын тартып қойған тартпа-трокястан немесе аттың жалынан қолымен қармай ұстауына болады.

Ат сайысының соңғы нәтижесін, ипподромға жиналған барлық жан-күйер көрерменге жарыс соңын тамашалай алу мүмкүндігі туады. Ат ойынының дистанциясы екі шақырымнан бес-алты шақырымға жетеді. Бірақ, мұндағы ат ойынның негізгі мазмұны, арнайы тандап алынатын шабыс дистанциясының күрделігінде. Мұнда аттың шабу қарқындылығы мен үстіне жайдақ мінген шабандоздың оны басқару шеберлігі ескеріледі.

«*Жеңіс*» - осы қиыншылықты жеңе білген және шабыста мәреге бірінші жеткен спортшы-шабандозға беріледі. Ал, қалғандары өз кезегінде 2-ші, 3-ші орынды иемденеді. Кейбір шабандоздар орта жолда аттан ауып немесе құлап, аяқтары далақтап далада қалады. Ойын - грузиндердің ат сайысына құмарлығы мен ат жалында ойнау қабілетін шындайды. Сонымен ойын - шабыс соңын ипподромда күтіп отырған көрерменге қызықты тамаша сайыс көрсетілімі.

Джирити (джигитовка). Осетия мен Дагестан және Грузия халқының ең сүйікті және Кавказ аймағына кең тараған ат ойыны. Джирити – жігіттік өнерінің бір түрі. Бұл көрерменге сюжеті өткір және өте қызықты көрініс. Грузин жігіттері «*джирити*» ат сайысына қосымша нысана ату мен жерден папах және басқа да заттарда шапқан ат үстінде жерден көтеруге міндетті.

Бұл атсайысын қазақ халқының арасында «*жігіт жарыс*» немесе «*жігіт өнері*» деп атайды. Бірақ мұнда шабандоздың атты ерттеу техникасы ескеріледі. Ал Ресейдегі дон, терск және орал казактары мен орыстары арасында бұл ат сайыс өнерін өздерінде «*джигитовка*» дейді.

Джирити – шабандоздың шауып келе жатқан ат үстінде неше түрлі гимнастика жаттығуы мен акробатикалық айлакерлік виртузының бүкіл арсеналын көрермен алдында көрсету өнері мен оның қойылымы. Шабандоз ат үстінде тұрып шабады, ерге қайта отырады, атты тоқтатпастан жерден заттарды көтеріп алады, шапқан аттың бауыры мен ер үстінен айналып өтеді. Ат үстінде неше түрлі бұрылыс пен айналыс қимылдарын жасайды. Ер үстінен жерге секіріп түседі, қайтадан ерге ырғып мінеді, атпен қатарласа жүгіреді және т.с.с.

«*Жігітсің*» - ер жігітке бұдан артық марапат сөз жоқ. Кавказдық бозбала үшін «*нағыз жігітсің*» деген сөз, бұл ат құлағында ойнайтын епті шабандозсың деген мағынаны білдіреді. Яғни шабандоздың шеберлік деңгейіне берілетін ең жоғарғы дәрежедегі баға. Мұнда шабандоз өзінің ер-жүректілігін, ептілігі мен айлакерлік шеберлігін, гимнастикалық жаттығу дайындығын көрсетеді. Яғни, ержігітке тән барлық өнерін көрсетеді. «*Жеңіс*» - осы қасиетін көрсете білген, бұл шабыста көз қуантар, бас айналдырар әрі әсем қимылымен неше түрлі композиция құра алған нағыз жігіттің-жігіті болған шебер шабандозға беріледі.

Доги. Грузин халқының ат ойыны. Ат сайысы өзінің орындалуы жағынан өздерінің «*марула*» ойынына ұқсайды. «*Марула*» тек жеткіншек бозбалаға арналса, мұнда ересектер шабады. Доги - жақын қашықтыққа атқа жайдақ мініп шабатын ат сайысы. Бірақ ат шабысының дистанциялық жолы

қиын әрі күрделі және соқпақты жерде өткізіледі. Шабандоз берілген қашықтықты, аттың бар қарқынымен шауып келуі тиіс. Ол өзінің батылдығымен бірге, атының ұшқырлығын да көрсетуі тиіс. Бұл үшін ат пен шабандоздың алдын-ала дайындығы маңызды рөл атқарады. Ат шабысының жеңімпазы болып, сайыс тәртібін ешқандай бұзбай, мәреге кім бірінші келсе, сол шабандоз «*жеңіс*» иегері болып саналады. Ат сайысы, шабандоздың атқа жайдақ міну өнерін жете меңгерудің айқын жолы. Өзінің мініс атын дайындау, оны жарату мен баптау жұмысын меңгеруі мен басқару шеберлігінің шыңдалу нәтижесінің айғағы.

Жалауша (күрес). Бұл Осетия, Қабарды және Балкар халқының жастардың үйлену тойында және тұңғыш баланың шілдеханасында өткізілетін қызықты ат ойыны. Той иелері қонақтарға арнайы дайындалған жалауша ұсынады. Қонақ жағы бұл жалаушаны өздерінің ат құлағында ойнайтын ең сері жігітіне тапсырады. Ауыл бозбалалары, қонақтар ауылдан шығып бара жатқанда, олардан бұл жалаушаны тартып алуға тырысады. Қуғыншылардың бұл әрекеті, қонақтар өз ауылына жеткенге дейін созылуы мүмкін. Егер қонақтар жалаушаны өз ауылына «*аман*» жеткізсе, онда бұл тартыс ойыны тоқтатылады. Кейде жалауша бір қолдан екінші жақтың қолына бірнеше мәрте ауысуы мүмкін. Жалаушаны қуғыншы жақтың бозбалалары қонақтардан тартып алса, онда ол сері жігітке қонақтар жағы тарту-таралғы сиялады.

Жалауша қонақтарда кететін болса, онда қуғыншылар ауылдарына бастары салбырап бос қайтады. Қонақтар қуғыншы жігіттердің папағын басынан жұлып алып қашып кетуге құқылы. Немесе керісінше де болуы мүмкін. Папағынан айрылып қалған қонақ, қарсыласын қонақ етіп, өз үйінде дәстүрлі түрде сыйлап жіберуге міндетті. Жалауша үшін болатын сайыс, әр түрлі қызықты әрі көңілді жағдаймен аяқталуы мүмкін. Жалау үшін тартысқа, қонақтар мен ауыл жігіттерінің арасынан, яғни екі жақтан да, өзінің жүйрік сәйгүлігіне мінген қызу қанды желікпе бозбалалар мен жігіттер қатысады.

Исинди. Грузия халқының ұлттық ат ойыны. Қысқа сапты найзаны (дротик) қолдану нәтижесінде орындалатын ат сайысының жекпе-жегі. Бұрынғы грузин жауынгері ұзындығы біржарым метрге жететін найзамен қаруланған. Атты шебер басқара отырып, осындай қысқа сапты найзаны қолдану арқылы шапқыншымен шайқасқа түскен. Елі мен жерін қорғаған. Исинди ат ойынының қазіргі мақсаты өзгеше. Мұнда шабандоздың атқа міну өнері мен оны басқару ептілігі, найзаны нысанаға тигізу мергендігі сыналады. Қарсыласымен батыл шайқасқа түсу шеберлігі тексеріледі. Ойынға қатысушының өз мініс аты болады. Әр қайсысы қысқа сапты найзамен (дротик) қаруланады. Осы қысқа сапты найзаны немесе дротикті «*исинди*» деп атайды.

Исинди - ұзындығы 100-150 метр және ені 40-50 метрге жететін төртбұрышты алаңда өткізіледі. Сайыс алаңының қарсылас екі жағында

ойынға қатысушы команданың лагері орналасады. Әр команда дротикпен (исиндимен) қаруланған алты адамнан құралады. Кейде ойыншы санын көбейтуге де болады. Лагердің алдыңғы шебіне шектеу старты сызылады, бұл лагердің шекарасы болып саналады. Команда арасындағы сайыстың өткізілуі үшін, алаңда ұзындығы 80 метрлік орын қалдырылады.

Ойын екі таймда жүргізіледі, үзіліс кезінде қарсыластар лагерін ауыстырады. Ойын бастаушы, «*жеребе*» тасталғаннан кейін, алға бірінші шабандозды жібереді, оны «*шақырушы*» деп атайды. «*Шақырушыға*» қарсылас команда жағы өзінің бір шабандозын жібереді. «*Шақырушы*» айып сызығынан өтіп, өзіне қарсы шыққан қарсылас команданың шабандозына қарай шабады. Шақырушы - қарсыласына немесе оның мінген атына исиндиді дәлдей лақтыруы керек. Өзі атының басын бұрып, бар пәрменімен кейін қарай шаба қашады. Ол - айып сызығын кесіп өтіп, өз командасына келіп қосылуға тиіс.

Қарсылас команда шабандозы шақырушының соңынан қуа шабады. Ол «*шақырушыны*» қуып жетуге тырысады. Егер жете алса, шабандозға немесе оның атына өзінің исиндиді лақтырады. Өзі аттың басын кері бұра қашады. Себебі, қарсылас команданың барлық шабуылшысы оның соңынан лап қояды. Бір таймда әр шабандоз дротик-исиндиді бір-ақ рет лақтыруға құқы бар. Ұпай саны келесі тәртіппен есептеледі. Исинди шабандозға тисе – 2 балл, ал атқа тисе – 1 балл жинайды. Шабандоз өзіне лақтырылған исиндиді ұстап алса, оған қосымша – 2 балл беріледі. Шабандоз исиндиді өзіне немесе атына тигізбей қағып алса, онда исинди «*таза*» ұсталды деп саналады.

Ойыншы алаңнан шығып кетсе немесе лагердің айып сызығынан өтіп кеткен жағдайда оған айып ұпай салынады. Исиндиді нысанадан басқа жаққа лақтыруға, онымен шабандозды немесе атын ұруға, исиндиді қолынан шығармай түйреуге тиым салынады. Ойын нәтижесі бірдей аяқталған жағдайда, ойын «*тең*» деп саналады немесе қайтадан қосымша кездесу ұйымдастырады. Ойынды төреші, стартер және есепші бақылайды. «*Жеңіс*» - басым балл жинаған командаға беріледі. Мұнда шабандоз атты басқару мен мергендік шеберлігін, исиндиді қағып алу мен қайта лақтыру өнерін жете меңгеруге тиіс.

Кабахи. Бұл грузиндердің ежелгі және көрермен сүйіп көретін ұлттық ат сайысы. Ойынның қыр-сырының сипаттамасын грузин патшасы Теймураз 11 өзінің «*Сарке Ткмулта*» атты өлеңінде жырлаған. Халық ақыны Н.Бараташвили өзінің «*Кабахи түні*» атты өлеңінде де жырға қосқан. Кабахи деп – алаң ортасына орнатылған ұзын құрықты айтады. Оның ұшына таза алтыннан немесе күмістен жасалған «*тостаған*» іледі. Мейрам күні алаңға садақпен қаруланған патша мен сарай ақсүйектері жиналған. Олар өз сәйгүлігімен оның қасынан кезекпен-кезек ағындата шауып өтіп, садақ жебесін осы «*тостағанға*» тигізуге тырысқан. Тостағанға кімнің жебесі сыңғыр етіп дәл тисе, сол мерген осы қымбат тостағанды өзіне «*жеңімпаз*» ретінде сыйға алған.

Кабахи - «*сері жігіттердің*» атқа салт міну өнерінің үлгісі. Оның ат сайысының болашақта ұлттық дәстүрде дамуына кәдімгідей әсері болған. Қазіргі кабахидың ойын тәртібі басқаша құрылған. Алаң ортасына алты метрлік ұзын құрық ағашы орнатылады. Оның биік басында чаша немесе кубок тұрады. Ойын алдында садақпен қаруланған шабандоздар, кабахиден 40-50 метр қашықтықта кезегін күтіп тізіліп сапта тұрады. Шабу кезегі «*жеребе*» тастау арқылы анықталады. Төрешінің белгісінен кейін, кезегі келген шабандоз, «*кабахиге*» қарай атының бар қарқынымен шаба жөнеледі. Оның қасынан өтіп бара жатқан шабандоз, екі жебесін нысананы көздей тартып-тартып жібереді.

Кабахи – шабандоздың жеке немесе команда біріншілігі бойынша жүргізіледі. Әр шабандоз өз садағымен екі жебе жіберуге ғана құқы бар. Әр команданың жеңген немесе жеңілгені, оның нысанаға садақ жебесінің тию нәтижесі мен оны орындауға жіберген уақытына байланысты анықталады. Көрермен - өзінің қалаған шабандоз жебесінің нысанаға тигені немесе тимегенін қызықтай бақылайды. Жебенің барлығы нысанаға дәл тие бермейді. Жебе ұшының тостағанға тиген сыңғыры естілсе, онда көрермен қуаныш айқайы мен салтанатты жеңіс шуының гимініне ұласады. «*Жеңіс*» - осы ойын барысында балды көп жинаған қатысушы серіге немесе командаға беріледі.

Лам. Осетия халқының ежелден келе жатқан ат шабысы. Осетиндердің танымы бойынша, жақсы шабандоз болу – жігіттіктің жоғарғы дәрежесі. Ер жігіттің ең бағалы қасиеті. Сондықтан мейрам мен той-думандар, тіптен қайтыс болған марқұмды еске алу, ат шабысынсыз өтпеген. Мәселен, өмірден озған адамға ас берілгенде, міндетті түрде лам ат жарысы ұйымдастырылған. Оған қатысушылар санына қарап, ас берген адамның байлығы бағаланған. Берілетін жүлде түрліше болып келеді. Көбіне марқұмның артында қалған бағалы заттары мәселен, папағы, черкес шапаны, ер-тоқымы, қанжары немесе алдаспаны және т.б. бағалы заттары ұтысқа тігіледі.

Ат шабысына шабандоздар тобымен қатысады. Шабыс тегіс жолда өткен жағдайды, оған оншақты немесе одан да көп салт аттылар қатысады. Таулы аймақта – шабандоз саны төрт адамнан аспауы қажет. Мұндағы таулы жердің ой-қыраты мен тар жолы қатысушы санын көбейтуге мүмкіндік бермейді. Ат шабысын айналмалы жолда немесе тік жолда да ұйымдастыра беруге болады. Таулы аймақтағы жарыс жолының дистанциясы – 12,0 км-ден аспауы қажет. Ал, жол тегіс болған жағдайда, онда жарыс жолының дистанциясы ұзындығы 50,0 км-ге дейін жетеді. Сайыстың ерекшелігі, оған арнайы дайындықтан өткен тек 12-14 жастағы жеткіншек бозбалалар қатысады.

Жарыс алдында бозбала-шабандоздар ат шабысы өткелі жатқан ауылға жиналады. Үй иесі қойын сойып, барлық керек-жарағын сайлап, қонақасы береді. Ауыл үлкендері өзара ақылдаса отырып, ұтыс жүлдесін тағайындайды. Ат шабысына қатысу үшін тиянақты дайындық қажет. Себебі таулы аймақта, тіптен тегіс жолдың өзінде – ат шабысы қауыпты болып саналады.

Шабысқа қосатын атты алдын-ала екі-үш ай бойы дайындайды. Атты баптау кезінде, оның жүгіру қашықтығын күн сайын көбейтіп отырады. Қажетті дистанцияға шабуға жаратуды, жарыс алдындағы соңғы екі-үш күндікте ғана жүргізеді.

Шабысқа - өз руының намысын қорғау үшін, оған мініп шабатын бозбала-шабандозды да мұқият дайындаған. Қатысушы әр шабандоздың жеке көмекшілері болған. Олар сайыс өтетін ауылдың сыртына шығып, болдырған өз атын мәреге жақындағанда қуалап отырған. Ұтыс жүлдесі мен «*жеңіс*» - шабыс атының келу біріншілігінің орнына байланысты анықталған. Бозбала-шабандоздың ат шабысының соңы, оларға арнайы тағайындалған бағалы затты беру мен марапаттау нәтижесінде аяқталған.

Лело (регби). Грузин халқының ұлттық ат ойыны. Лело – бүкіл әлемге танымал «*регби*» ат сайысын еске салады. Лелоның алғашқы түрінде, оған қатысушы санында шектеу болмаған. Ойын бірнеше шақырымға созылатын кең ауқымды жерде өткізілген. Әдетте, ойын өтетін жолда - тау, алқап, орман, өткел бермес буырқанған өзен және ми батпақты жер де кездеседі. Сайысқа қатысушының мақсаты, теріден жасалған допты белгіленген жерге жеткізу. Мәселен, ауыл маңына немесе тау етегіне. Допты қуу үшін айла-тәсілдің барлық түрін қолдануға болады.

Қазіргі кездегі лело - белгілі тәртіп ережесі бойынша жүргізіледі. Бұл үшін ұзындығы 90-135 метр және ені 60-90 метр болатын арнайы ойын алаңы жабдыкталады. Ойын алаңының ортасына, қарсылас екі команданың шекарасы белгіленіп, шек сызығы жүргізіледі Осы шекара сызығын - «*лело*» деп атайды. Доп, теріден жасалған домалақ болады. Доптың іші, шөп пен жылқы қылы немесе қой жүнімен нығыздалып толтырылады. Доптың салмағы-2,5 кг, ал диаметрі 14-15 см болып келеді. Ойынға қатысушы әр команда, атқа салт мінген 15 шабандоздан құралады. Олардың мақсаты, қарсылас команданың шек сызығына теріден арнайы жасалған допты қайткенде де көбірек кіргізу.

Ойын екі тайымда жүргізіледі, әр тайымның ұзақтығы 30 минут. Тайм арасындағы үзіліске 10 минут беріледі. Және қарсылас командалар өз ойын алаңын алмастырады. Шабандозға ойын алаңында еркін қозғалуға рұқсат беріледі. Олар допты бір-біріне қолымен де, аяғымен де бере береді. Допты денесінің барлық мүшесімен лақтыруға, қарсыласының қолынан жұлып алуға болады. Бірақ, қарсылас команда шабандозын итеруге, аяғынан тартып құлауға қатаң тиым салынады. Ойынның қатаң бір тәртібі – шабандоз допты қолында 5 секундтен артық кідіртуге болмайды. Қай команда шабандоздары қарсылас «*лелосына*» допты көп кіргізсе, «*жеңіс*» - сол командаға бұйырады.

Маканахах. Армян халқының ат ойыны. Ат ойыны туралы мәліметті, IV ғасырдың жазбасына кездеседі. Ойының екі варианты бар, ол жаяу немесе салт атпен. Маканахахтың салт атқа мініп ойнау түрі грузиндердің «*цхен-бурти*» ат ойынын еске салады. Ат сайысы – көлемі 100x60 метр болатын алаңда өткізіледі. Қақпасының көлемі 8x2 метр. Алаң ортасында диаметрі 5

метрге жететін арнайы құрылған шеңбері болады. Ат сайысы – таза теріден жасалған доппен ойналады. Доп іші ат қылымен нығыздалып толтырылады. Оның диаметрі 15 сантиметр. Доптың (клюшка-макана) ұзындағы бір жарым метр. Осы доп ұратын таяқты немесе клюшка-макананы - «маканахах» деп айтады. Ойын екі таймда жүргізіледі, оның ұзақтығы 10 минутқа созылады. Арасында 10 минутқа үзіліс беріледі. Келесі таймда қарсыластар ойын алаңы мен өз қақпасын ауыстырады. Ат ойынына қарсылас екі команданың спортшы-шабандоздары қатысады. Әр команданың құрамында алты спортшы-шабандоз болады. Ойынға қатысушы команда шабандозының ішінен, оның тек капитаны ғана ойын алаңның барлық жерінде өз атымен еркін шауып жүре алады.

- өз қақпасынан 12 метрден артық жерге шыға алмайды. Команданың екі шабандозы - алаңның сол жағын, ал қалған екеуі оң жағын қорғап жүреді. Ат ойынында допты маканахахпен – жерде де, ауада да, оңды-солды немесе керісінше ұруға рұқсат беріледі. Ойын соңы қарсылас команданың соққан добының санымен айқындалады. Қай команда шабандоздары қарсыласының қақпасына допты маканахахпен көп кіргіссе, «жеңіс» сол командаға беріледі.

Марула. Грузиндердің өте ежелден келе жатқан ат ойыны. Ат сайысы өзінің орындалуы жағынан өздерінің «доги» ат ойынына ұқсайды. «Доги» ат сайысына атқа жайдақ мінген ересектер шабады. Маруланың ерекшелігі, оған тек жастары 15-тен аспайтын бозбала ғана қатысады. Бірақ-та кей кездері ойынға 8-10 жастағы жеткіншек ер балалар да қатыса береді. Марула – дистанциялық қашықтыққа арналған ат шабысы. Бозбала-шабандоз өз мініс атымен 25,0-30,0 километрге жететін қашықтықты, аттың бар қарқынымен шабуға тиіс. Ол өзінің ат сайысындағы ерен шеберлігі мен батылдығын көрсетеді. Мініс атының бапталуы, төзімділігі мен ұшқырлығы айқындалады. Мұнда ат пен бозбаланың дайындығының нәтижесі маңызды рөл атқарады.

Сайыс тәртібін ешқандай бұзбай, мәреге бірінші болып келген бозбала-шабандоз «жеңіс» иегері болып саналады. Жеңімпаз - кей кездері өз атының құнынан да жоғары сый-ақы алатын болған. Ұтыс нәтижесінің бағалығы, ат шабысына жеткіншек пен бозбаланың және ат иесінің көптеп қатысуына мүмкіндік туғызады. Мұнда атақ пен абырой, бағалы ұтысқа ие болудағы мансапқорлық сезімі өте күшті. Сондықтан ат сайысы болатын күннен 2-4 ай бұрын, өз атын жарысқа дайындауға себеп болған. Ойынға қатысушы бозбала-шабандоз бен оның көрермендері арасында үлкен қызығушылыққа ие.

Қазіргі кездегі марула ат ойынының дистанциясы 8,0-10,0 километрге қысқарған. Сонымен, марула ат ойыны грузин халқының жас өспірім жеткіншегі мен ересек бозбаланы тәрбиелеу барысында зор рөл атқарады. Олардың атқа салт міну өнерін жете меңгерудегі айқын жолы. Жастардың мініс атын жарысқа дайындау, оны жарату мен баптау жұмысын ерте бастан меңгеруі мен өзінің атқа салт міну шеберлігінің шындалу нәтижесі.

Мкердаоба. Кавказдың тау етегінде тіршілік ететін халықтың көптеген ат ойыны бар. Мәселен, мкердаоба – оның шыққан жері Грузия елі. Бірақ

бұл ат сайысы қазақ пен қырғыз халқының «*ат омырауластыру*» ойынымен мазмұндас. Бұл өзіндік мәні мен мағнасы бар ат сайысы. Мұнда қарсылас екі шабандоз, аттың бар қарқынымен бір-біріне қарсы шабады. Жекпе-жектегі екі жылқы бір-бірімен омыраулай соғылады. Егер қайсы сәйгүлік, бұл қақтығысуда жолдан тайқып кетсе, сол аттың шабандозы жеңілген болып саналады. Ат сайысына өте мұқият дайындалады. Шабандоз мұндай сайыста өз батылдығы мен қайраттылығын шыңдайды. Ал, атын сайысқа болаттай берік етіп ерекше тапқырлықпен жаттықтырады. «*Жеңіс*» - қайтпас қайсарлық пен ерен батылдық көрсете білген ат пен оның иесіне беріледі.

Мокнева. Грузин халқының шабандоз бен оның мініс атын басқару шеберлігі мен ептілігін көрсететін ат ойыны. Ат сайысына ұлттық нақышта әр түрлі әшекеймен безендірілген ұлттық костюм киген және ең батыл деген грузин жігіттері қатысады. Бұған қоса астына мінген атының әбзелдері мен оның құрал-жабдықтарының әсемдігінің де маңызы бар. Мокнева сайысын өткізу үшін арнайы алаң құрылады. Сондағы алаңның ұзындығы 25,0-30,0 метр, ал ені 4,0-5,0 метрді құрайды. Алаңда шектеу сызығымен ойынның басталар сәресі мен мәресі белгіленіп, арнайы шеңбер құрылады. Қатысушының міндеті, осы шеңбердің бір басынан келесі шетіне яғни сөреден – мәреге дейін астындағы атының бар қарқынымен шауып жету. Шабандоз мәреге жетісімен астына мінген атын шұғыл бұрып, енді мәреден – сөреге қарай қайта шабуы қажет. Егер шабандоз мәре сызығына жетпей жатып немесе одан өтіп кетіп барып бұрылса, оған айып ұпайы салынады. Мәре сызығынан шұғыл бұрылғанда, өзінің астына мінген атын басқара алмай қалса немесе бір айналып бұрылудың орнына екі айналса, бұған да айып ұпайы беріледі. «*Жеңіс*» - ұтыс ұпайын көп жинаған шабандозға беріледі.

Мтидан дашвеба. Егер грузиндердің «*дашвебе*» сайысы таулы қыраттан басталып, ересектердің ипподромда аяқтайтын ат шабысы болса, ал мтидан дашвеба ойыны керісінше ұйымдастырылады. Сонымен бірге мтидан дашвебе - ат спортының стипль-чезі мен италияндық «*Палео в Сиене*» ат шабысын еске салады. Ат сайысы Грузия халқының Хевсурети аймағындағы танымал. Мтидан дашвебе - таулы қыраттың ойлы-қырлы жерінде жүргізіледі. Ат сайысының талабы бойынша, шабандозға әр түрлі табиғи кедергіден өту қажет. Ат жарысына қатысушы шабандоздар, атқа жайдақ мініп шабады.

Жарыс өткізілетін трассаны таңдау барысында, ат сайысын мейлінше көп көрерменнің тамашалау мүмкүндігі ескеріледі. Ат ойынының дистанциясы екі шақырымнан жеті шақырымға дейін жетуі мүмкін. Ойынның негізгі мазмұны, таңдап алынатын трассаның күрделігінде. Оның жолында құламалы-еңістердің және басқа да кедергілердің мейлінше көп кездескені маңызды. Шабандоздар қысқа жолды таңдауларына мүмкіншіліктері бар. Бірақ мұнда кедергілердің өте күрделі болуы қажет. Немесе керісінше, өз жолындағы дистанцияның ұзын болуы, ал кедергінің жол бойының кезкелген бөлігінде кездесуі тиіс

Грузин жігіттерінің ат жалында ойнау қабілеті мен құмарлығы, жергілікті тау рельефі мен жақсы климат жағдайы, ат сайысын жыл бойы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сайыс – қызықты әрі тау халқының атқа деген құмарлы мен жеңсігін басатын ат жарысы. «*Жеңіске*» - жарыс өткізілген дистанцияның жол бойында кездескен күрделі кедергіні жеңген, сәйгүлігі өз ұшқырлығымен ерекшеленген және мәреге бірінше шауып жеткен шабандоз жетеді.

Низаки-нетум. Низаки-нетум - армяндардың ежелден келе жатқан, өте қызықты ат ойыны. Мұнда шабандоз өзінің ептілігі мен батылдығын әр қырынан көрсетеді. Ойын мазмұны қарапайым болып келеді. Аттың бар қарқынымен шапқан шабандоз, өзінің қолындағы найзасымен жол бойында кездескен нысаналарды шаншып өтуі немесе гранатасын сол нысанаға дәлдей тигізі нәтижесіндегі шеберлігін көрсетуі.

Алаңға немесе ипподром жолына арасы 25,0-30,0 метрден келетін жерге бес тіреуіш орнатылады. Ат сайысын манежде-де өткізуге болады. Тіреуіштің әрқайсысына – найза, доп, сақина, граната және қайтадан тағы сақина ілінеді. Бірінші және екінші тіреуіштің ортасына қандайда болмасын бір нысана тасталады. Бұл кейде тұлып болуы да мүмкін. Низаки-нетум - жеке шабандоз немесе команда арасында өткізіле береді. Оған қатысудың реттік нөмірі, «*жеребе*» тастау арқылы айқындалады.

Ойын басталар алдында, қатысушы шабандоздар старт сызығынан 50-100 метр қашықтықта сапта тізіліп тұрады. Команда құрамы төрт немесе алты адамнан құралады. Олардың киген киімдері спорттық немесе ұлттық костюмдер үлгісінде болады. Төрешінің белгісінен кейін, шабандоздар рет-ретімен шаба жөнеледі. Бірінші тіреуішке жетісімен, шабандоз найзаны алып, жерде жатқан тұлыпты түйрейді. Содан барып допты алады, ал найзаны жолда орнатылған сақинаның ортасына лақтырады. Шабандоз келесі тіреуіште тұрған гранатаны алып, оны соңғы тіреуіштегі сақинаның ортасына қарай лақтырады.

Найзаның ұшы нысанаға тисе, онда оның «*таза*» орындалғаны. Керісінше болса, онда бұл есепке алынбайды. Ат шабысынан жаңылып қалса немесе желіс аллюріне ауысса, найзаны немесе гранатаны лақтырар алдында тоқтап қалса, онда шабандоз ойыннан шығарылады. Ойын нәтижесі, белгілі қашықтықты шабандоздың атпен шауып өту жылдамдығы мен тіреуішке қойылған нысаналарға найза мен гранатаның тиюіне байланысты бағаланады. «*Жеңіс*» - көп балл жинаған шабандозға немесе командаға беріледі.

Папах оюны. Бұл енді әзіл-қалжыңға тұнып тұрған ұлттық ат ойыны. Ат ойынының шыққан жері Әзірбайжан елі. Папах оюны – ежелден келе жатса да, осы уақытқа дейін алғашқы түрі мен көңілді әрі қызықты таны-малдығын жоғалтпаған. Көрерменін күлкіге қарқ қылатын, бойын қыздырып, көңілін көтереді және жанын жайландырып демалдырады. Оның мазмұны қарапайым, бірақ күлкілі. Ат ойын түрі - «*папах оюны*» деп аталады. Яғни «*қане - папағымды тартып алып көр*» деген әзіл сөздің мағнасын білдіреді.

Ойынға қатысушы өз қарсыласының басындағы папағын, ат үстінде шауып жүрген кезінде жұлып алып қашуы қажет. Бірақ өз папағынан айрылып қалмауға тиіс. Бұл оңай орындалатын шаруа емес. Ат үстінде шауып жүрген шабандоз, біреудің бас киімін тартып алуы керек. Бірақ өз папағын қарсыласының алуына жол бермеуге тиіс. Папағынан айрылып қалған шабандозды, қарсыласы енді оның астындағы атын да тартып алуға тырысады. Соңында масқара болған шабандозды, қыран күлкіге қарық болған көремен алдында, өз папағымен лақтыра ұрып, ойын алаңынан қуып шығады.

Ойынға екі команда қатысады. Мұндағы ойыншылар бес ер жігіттен және бір бойжеткен қыздан немесе алты қатысушы шабандоздан құралады. Бойжеткен қарсылас команда жігіттерінің қайсы бірінің болмасын папағын тартып алуына болады. Ал, жігіттер бойжеткеннің бас киіміне тиісуге ешқандай құқығы жоқ. Папах ойынының ұзақтығы 15 минутқа созылады. Ойын тегіс жерде, размері 220х30 метр болатын арнайы алаңда жүргізіледі. Ойынға қатысушы, өз папағын сақтап қалып, ал өзі қарсыласының екі папах тартып алса, онда оған бір ұпай беріледі. Ал, ойынға қатысушы бойжеткен қыз екі шабандоз-жігіттің папағын тартып алса, оған бір ұпай беріледі.

Ойында – жылқыларды итеруге, басқа қатысушыға кедергі келтіруге, төрешімен сөз таластыруға және ат шабысын «аяң» жүрісіне ауыстыруға болмайды. Ойын барысын – бас төреші, екі қапталдағы бақылаушы және секундометрист қорытындылайды. Ойын нәтижесін бағалау барысында, шабандоздың ептілігі, атты басқару шеберлігі және тапсырманы орындаудағы айлакерлігі мен әртістігі ескеріледі. Қай команда шабандоздары өзіне тиесілі ұпайды көп жинаса, «жеңіс» - тұғыры сол командаға беріледі.

Ради (радрабагани). Грузия халқының ежелден келе жатқан ұлттық атсайыс ойыны. Грузиндердің көңіл-күйін көтеретін әрі сүйіп ойнайтын ат ойынының бір түрі болатын. Ат ойынының бұл түрімен көбіне ауыл жастары әуестенген. Атсайыс ойыны грузин халқының жастарына, заманымызды ХУШ ғасырының ортасында таныс болса керек. Сонау Теймураз II (1700-1762 ж) патшалық еткен кезеңде, ради ат ойыны – жас шабандозды атқа салт міну мен мергендік өнеріне баулыған. Ат сайысын сол кезеңдегі патша Теймураз II өзінің «Теймуразиани» өлеңінде жырға қосқан.

Заманымыздың ХХ ғасырында бұл ат ойыны мүлдем ұмытылып кеткен. Грузин жастары – өз қайратын шындайтын, уақытын көңілді және пайдалы өткізуге болатын, өте қызықты ат ойынынан мақрұм қалған еді. Ойын ХХ ғасырдың елуінші жылы қайтадан қалпына келтірілген. Ради - «цхенбурти» ат сайысына қарағанда өте қызықты, сондықтан оны радрабагани деп те атайды. Бұл атсайысы - көрсетілімі жағынан әсерлі және өзіне тез еліктіргіш.

Ат ойынына, құрамында төрт ойыншысы бар екі команда қатысқанымен, оның соңғы нәтижесі әр спортшы-шабандозға жеке есептеледі. Ради ат ойынының мағнасы мынада. Ойыны тегіс алаңда өткізіледі, оның ұзақ-

тығы бес минут. Әр ойыншы алаң ортасына лақтырылған допты бірінші қағып алуға тырысады. Допты қағып алған ойыншы, оны қайтадан жоғары қарай лақтырады. Бірақ өзі аттың үстінде отыруға тиіс. Ал қалған ойыншылар осы допты қағып алу үшін сайысады. Сайыс соңы, ойынға қатысушы ойыншының жоғары лақтырылған допты қанша рет қағып алуына байланыста анықталады. Ойынға қатысушы жоғары лақтырылған допты үш мәрте қағып алса, ойын соңындағы «жеңіс» - сол спортшы-шабандозға беріледі.

Сыйлық (сыйлық ұрлау). Кавказдық тау халқының тағы бір қызықты ат ойыны бар. Ат ойынын «сыйлық ұрлау» деп атайды. «Сыйлық ұрлау» - өте ежелден келе жатқан ат ойынының қызықты әрі тамаша түрі. Ат ойыны тек тарихи тұрғыдан маңызы бар, өте үлкен мейрамда ғана ұйымдастырылады. Ойын тәртібі бойынша арнайы бөлінген алаңға терең ор қазылады. Оның арғы бетіне тақтайша үстел орнатылады. Осы үстелдің үстіне қымбат тұратын сыйлық қойылады. Айталық, бағалы ыдыс немесе хрусталь графині. Атқа салт мінген сері-шабандоз, жолында кездесетін кедергіден сүрінбей өтуге тиіс. Осы бағалы сыйлыққа қол жеткізуі керек.

Шабандоз - аттың бар қарқынды шабыс барысында, осы тарихи құнды немесе тез сынатын «нәзік жүлдені» ептілікпен қолға түсіруі қажет. Шабандоз бұл тапсырманы орындаған жағдайда, сол қымбат сыйлыққа ие болады. Соған қолы жеткен шабандозға яғни «жеңімпазға» сыйлық ретінде, осы бағалы көне ыдысты немесе хрусталь графині беріледі.

Сюр папах (папах көтеру). Әзірбайжан халқының өз еліне кең тараған, бірақ баскетбол ойынына ұқсас ат сайысы. Сюр папах ат сайысының екінші аты - «папағыңды көтер» деп те аталады. Ойынға қатысушы – астындағы мінген атын шебер басқара алатын, епті және шапшаң қимылды болуға тиіс. Ат ойынының негізгі себепкері, «сюр папахты» басқа ойыншыдан бұрын жылдам қағып алуы қажет. Оны диаметрі жарты метр болатын алаңдағы арнайы құрылған шеңберге лақтыруға тиіс.

Шеңбердің өзгешелігі, оның торы болмайды және үш метрлік ағаш столбқа немесе тіреуішке орнатылады. Ойын ұзындығы 300-400 метр, ал ені 25-30 метр болатын тегіс алаңда өткізіледі. Сайысқа алты спортшы-шабандоздан тұратын екі команда шабанжоздары қатысады. Оның төртеуі «шабуылышы», олар алаңның барлық жерінде мінген атымен еркін қозғалып шаба беруіне құқы бар. Қалған екеуі бұл - «қорғаушы», олар алаңның тек өз командасына бөлінген жартысында ғана ойнай алады.

Ойын алаңның қақ ортасында басталады. Төреші қолындағы «сюр папахты» әуелете жоғары лақтырады. Атсайысы екі таймда өтеді, оның ұзақтығы он минут болады. Ортасындағы үзіліс 15 минут. Бірінші таймнан кейін командалар ойын алаңы мен шеңберін ауыстырады. Сюр папахты қағып алған епті шабандоз, қарсылас шеңберіне жеткенше, өз командаласына оны кезекпен-кезек лақтырып отырады. Қарсыласының шеңберіне жетісімен, сол шабандоз қолындағы папахты шеңберге лақтыруға тиіс.

Ойынның бар қызығы, команда құрған комбинацияда. Әр шабандоздың ептілігі, атты басқару шеберлігі мен ойын техникасы, сайыстың осы түрінде анықталады. Сюр папах шеңберге дәл түссе, көрермен ризашылығына бөленеді. Керісінше болған жағдайда, көрермендер ысқырып көңілі толмағанын білдіреді. Ойын барысында шеңберге дәл түскен сюр папах үшін, бір ұпайдан беріліп отырады. Соңында, қай команда шабандоздары, қарсылас шеңберіне папахты көп салып, мол ұпай жинаса, *«жеңіс»* сол командаға беріледі.

Тарчия. Егер грузиндердің кез-келген ауылынан, кең танымал ат ойыны қандай деп сұраса – тарчия деп жауап береді. Тарчия – халық көп жиналатын мейрам-тойларда жиі өткізіледі. Бұл ат ойынынсыз ешқандай мереке өтіп көрген емес. Мәселен, ұйымдастырушы шығып, кім *«тарчия»* ойнағысы келеді деп айғайлап сұрайды. Көрермен арасынан, ойынды ойнауға ниет білдірушілер ешқашан-да таусылмайды.

Тарчия - әр ауылда немесе аумағы 100 метр болатын алаңда жүргізіле береді. Ойын алаңына алғашында төрт шабандоз шығады. Ойынды бастау үшін, көрермен арасынан бір сұлу *«бойжеткенді»* ортаға шақырады. Бойжеткен қыз – ойнауға ниет білдірген жігіттер арасынан, өзіне ұнаған біреуін таңдайды. Міне, осы шабандоздың қолына, бойжеткен ашық түсті орамалды желбіреге байлайды. Осы сыйлықты *«тарчия»* деп атайды.

Қымбат сыйлыққа ие болған шабандоз, өз кезегінде осы орамалды ойын соңына дейін сақтауға, соңында иесіне қайтаруға тиіс. Ойын басталысымен, бұл шабандозға үш қарсыласы бірден шабуылға шығады. Орамалы желбіреген шабандоз, шабуылшыларға қайткенде-де жеткізбеуге тиіс. Ол атты басқару шеберлігі мен сәйгүлігінің қарқындылығын пайдаланады. Ол мініс атымен бірлесе қимылдап, неше түрлі құйтырқы айла-тәсілі мен ептілігін қолданады.

Сері-шабандоз мақсатына жетіп, орамалды иесіне қайтарса, төрешінің міндетін атқарушы бойжеткен қайтадан ортаға шығады. Жеңімпаз шабандоз сері жігітті марапаттап оған сыйлық береді. Бірақта оның қарсыласы орамалды тартып алса, онда сол шабандоз ойынды қайтадан *«бастаушы»* рөліне ие болады. Орамалды иесіне яғни сұлу бойжеткенге қайтару, енді сол сері-шабандоздың міндетіне ауысады.

Ат сайысы жеке шабандоздың немесе команда аралық болып та жүргізіле береді. Командамен ойнаған жағдайда, тасталған *«жеребе»* нәтижесінде қай команда ойынды бастаса, онда солар өз арасынан *«тарчия»* рөлін атқаруға бір майталман шабандозды бөледі. Сол *«тарчияны»* - төреші рөлін атқарушы сұлу бойжеткенге, қай команда шабандозы бұрын жеткізсе, сол команда *«жеңіс»* атағына қол жеткізеді.

Цхенбурти (чоганбурти). Грузиндердің ежелден келе жатқан атсайыс ойыны. Сайыс - өткізілу жағынан теннис ойынын еске салады. Атсайысы Кавказ халқының ұлттық мақтанышы. Бұрын да қазір де барлық ауыл мен қалада жиі ойналатын қуаныш тойының ат ойыны. Шабандоздың мұндай виртуозды шеберлік сайысын, цхенбурти ат ойынынан басқасында кездестіру мүмкін емес.

Сайысқа алты адамнан тұратын екі команда шабандозы қатысады. Міне, олар алаңдағы жекпе-жекте бір-бірінен айласын асырып, өз қарсылас қақпасына допты кіргізуге ұмтылуда. Әр ойыншының қолында «човгани», яғни сабы ұзын ракетка.

Өзінің човганимен допты қағып алған шабандоз, қарсылас команданың қақпасына атының бар қарқынымен тұра шабады. Оның жолында кесе-көлденең алты салт атты қарсылас шабандоздар бар. Оның әрқайсысы допты тартып алуға сақадай сай дайындалып тұр.

Бұл атсайыс ойыны – нағыз күш сайысының додасы дерсің. Мықты болсаң, ат ерінде мығым отыруға шыдап көр. Ал, допқа қолы жеткен шабандоз, өзінің човганимен ебедейлі қимылдап, қарсыласынан неше түрлі амал мен айласын асыруда. Мұнда әр шабандоздың үлкен ептілігі, шеберлігі мен батылдығы және нешетүрлі айла-тәсілі керек.

Ат сайысында, футбол мен хоккей ойыны секілді, өз шабуылшысы мен қорғаушысы бар. Айып алаңы мен «аут» деп аталатын өзіндік тәртібі де бар. Ойын - аумағының ұзындығы 150-300 метр, ал ені 75-120 метр болатын арнайы жабдықталған алаңда жүргізіледі. Алаң ортасында диаметрі 5 метрге жететін дөңгелек шеңбер бар.

Ойынға арналған доп резеңкеден жасалады, оның көлемі 40 см-ге дейін жетеді. Қақпаның ені 6,0 метр, ал биіктігі 3,5 метр. Қақпаның алдында «айып» алаңы бар, оның аумағы 20x20 метр. Ракетканың ұзындығы 40 см, оның ұшын кеңейтіліп барып тоқылған жиекпен көмкеріп қояды, диаметрі 15-20 см.

Ойын екі таймда жүргізіледі, сондағы оның ұзақтығы 10 минут. Арасында 10 минут үзіліс беріледі. Қарсыластар ойын алаңы мен қақпасын ауыстырады. Төреші алаң ортасындағы дөңгелек шеңберге шығып, бар пәрменімен допты жоғарыға лақтырады. Қарсылас екі команданың шабандоздары, допты өздерінің «човганимен» қағып алу үшін, ортаға қарай лап қояды. Шабандоздар кеудесі мен арқасына нөмірі ілінген, грузин халқының ұлттық нақыштағы киімімен қатысады. Ойыншылар алаңның бар аймағында еркін шауып жүреді. Допты ауада да немесе жерде де ұруға құқылы. Допты қағып алады, бір-біріне лақтырады, оны ұстайды, қарсылас қақпасына ұмтылады.

Доп алаңнан тыс шеңберден сыртқа шығып кеткен кезде «аут» жарияланады. Доп топталып қалған аттардың аяғының астында қалса, төреші ойынды тоқтатып «бәсеке добын» тағайындайды. Бұл төрешінің допты қайтадан жоғары лақтыруы деген сөз. Тәртіп бұзылса немесе айып добы тағайындалса, мұны «пенальти» - дейді. Айып добы – тәртіп бұзған шабандоздың қақпасына, айып алаңынан лақтырылады. «Жеңіс» - қарсылас команданың қақпасына ең көп доп соққан команда шабандоздарына беріледі. Қазіргі уақытта «цхенбурти» атсайыс ойыны, жыл сайын өткізілетін мемлекеттік жарыстың ұйымдастырылу деңгейіне көтерілген. Сондықтан өзінің даңқы жайылып, барлық халыққа мәлім болуда.

Чехва. Ертеректе әр грузин жігіті - өз елін, жерін және туған ауылын шапқыншылардан қорғау қажеттілігі болған. Ат үстінде қылышпен сайысуға әрқашанда дайын болуы қажет еді. Чехва – бұл қылышпен қаруланған бозбала-шабандоздың ат үстінде орындайтын жаттығуы. Мұнда бозбала-шабандоз өзінің сайысқа дайындық деңгейі мен шеберлігін көрсетеді. Чехва – ер жүрек жалынды бозбала жігіттер арасындағы кең танымал ат ойыны. Ат ойыны - қатысушының қанын қыздырып, көрерменін баурап алатын сайыс.

Ат сайысының тәртібі мынада. Ипподром немесе манеж алаңы белгілі бір қашықтыққа, бірнеше нысана қойылып арнайы жабдықталады. Олар әр түрлі болуы мүмкін, мәселен, лоза ілінген дөңгелек шеңбер, тұлып немесе т.с.с. Өткір қылышпен қаруланған топ бозбала-шабандоздар, ойын жолының басына бір тізбекке сапқа тұрғызылады. Төреші белгісінен кейін, әр шабандоз бірінен кейін бірі, құрылған нысаналардың қасынан шауып өтуге тиіс. Олардың сондағы мақсаты, жолында кездескен әр нысананы қолындағы қылышпен зақымдауы немесе тигізуі тиіс. Мысалы, лозаны қиып түсіреді, шеңберді шауып алады, тұлыпты шаншып өтеді және т.с.с.

Ең жақсы шебер бозбала-шабандоз, яғни нағыз виртуозы, кейде екі қылышпен де қаруланады. Сондағы оның «чехваның» көздеген мақсаты, ат сайысындағы спорттық шеберлігінің шыңдалғанын көрерменге көрсету қойылымы және оларды таң-тамаша ету. Чехва ойынының қорытындысы, шабандоздың бұл сайысқа аз уақыт жұмсауы мен жол бойына қойылған нысаналарға қылышының тигізген нәтижесіне қарап бағаланады. Сонымен бірге, берілген тапсырманы таза орындап шығуға тиіс. Ал «жеңіс» - осы талаптарды таза орындаған шебер бозбала-шабандозға беріледі.

Човган (чавгани, чавганбози, гуйбози). Бұл Әзірбайжан, Тәжікстан және Грузия елдеріне кеңінен тараған ат сайысы. Ат сайысы - бұрыннан белгілі көгалдағы хоккей ойынын еске түсіреді. Тәжікстанда әсіресе Памирдің таулы аймағында, човган немесе чавгонбози ат ойыны ойналады. Чавгонбозидың атқа мініп доп таяғымен ойналатын вариантын гуйбози деп те атай береді. Ат сайысында атқа салт мініп тек футбол мен баскетбол ойынын ғана емес, хоккей ойынын да ойнауға болады екен. Ойын - «човган» деп аталады. Човган - бұл доп ұратын таяқшаның яғни клюшканың аты.

Ойынның бастауы Әзірбайжан халқынан тараған. Тарихи деректердің мәліметі бойынша «човган» - ат ойыны, алғашында Әзірбайжан елінен Персия мен Индия мемлекетіне таралған. Бұл атсайыс ойынын Сахара шөлінің араб халқы да сүйіп ойнаған. Қазіргі кездері бұл човган атсайыс ойыны Еуропа елдерінде - «ат полосы» деген атпен бүкіл әлем халқына тараған.

Човган ойынының екінші аты чавгонбозидың атты варианты, Еуропа халқының ат полосына өте ұқсас. Бірақ мұнда «ат полосының» вариантындағы сабы ұзын балғамен немесе грузиндердің «цхенбурти» ат ойынындағыдай ракеткамен ойнамайды. Шайбалы хоккей ойынына пайдаланатын доп соғатын имек таяқпен (клюшка) яғни човганмен ойналады.

Әдеби деректің мәліметіне сүйенсек, осыдан 800 жыл бұрын, Бағдат қаласында «човганға» арналған ат жарысы өткізілген. Мұнда Орта Шығыс елдерінің командасымен бірге, ат құлағында ойнаған әзірбайжандық майталман шабандоздар да қатысқан. Кейіндері ат ойыны лайықсыз түрде ұмытыла бастаған. Қазіргі кезде ат ойыны қайтадан қалпына келтірілген. Халықтың сүйіп ойнайтын ат сайысына айналған. Ат ойыны, бүкіл әлемдегі ат спортының халықаралық жарыстарында өткізілуде. Сөйтіп әзірбайжанның бұл ат ойыны өмірге қайта оралды деп айтуға болады.

Човган – аумағының ұзындығы 250 метр, ал ені 150 метрді құрайтын арнайы алаңда ұйымдастырылады. Алаңның ортасы екі жаққа бөлініп, оған белгі ретінде шек сызығы сызылады. Алаңның қарсылас екі жағына, биіктігі 2,5 метр, ал ені 3,0 метр болатын қақпа құрылады. Қақпаның алдына, радиусы 5 метрге жететін жартылай шеңбер сызығы сызылады. Бұл сызық ішіне қарсылас екі команданың шабандозының кіруіне рұқсат жоқ.

Ойын екі таймда өткізіледі, оның ұзақтылығы 15 минутқа созылады. Арасында 10 минутқа үзіліс беріледі. Сол кезде қарсылас командалар ойын алаңы мен қақпасын ауыстырады. Әр команда алты шабандоздан тұрады. Оның төртеуі «шабуылшы», ал қалған екеуі «қорғаушы».

Ойын басталар алдында, команда мүшелері орта сызығынан 10 метр жерге сапқа тізіледі. Команда капитандары ортаға шығып, бір-бірімен қошаметтей сәлемдеседі. Қол алысу мен амандасу рәсімін жасайды. Төреші алаң ортасына шығып, допты жоғары лақтырады. Екі команданың капитаны өз човганын жоғары сілтей, аяғымен үзеңгіні шірей-көтеріле, допты бірінші қағып алуға тырысады. Сол кезде-ақ қалған команда мүшелері де, алаң ортасына қарай аттарының басын жібереді.

Ат сайысында, әр шабандоз мініс атын шебер басқара білуі, ерде мығым отыруы тиіс. Және шабандоздың ойын техникасын жете меңгеруі, ойын барысында қызықты әр түрлі комбинация құруы да қажет. Өз командасымен тығыз байланыста болғаны абзал. Осындай қасиетке ие команда, ойын соңында жеңіске жетеді. Қай команда қарсылас қақпасына допты көп кіргізсе, «жеңіс» - сол команда шабандоздарына бұйырылады.

Чопанахах. Чопанахах – Армян халқының мереке-мейрамдарда сүйіп ойнайтын ұлттық ат ойыны. Өзінің ұйымдастырылуы мен өткізілу жағынан атсайысының қарапайым түрі. Мұндағы ойын екі шабандоздың жекпе-жектегі тартыс сайысы. Оның өткізілу тәртібі де оңай. Ат сайысымен көбінесе жергілікті халық арасындағы, мереке-мейрам мен той-томалақта, жігіттердің өзара күш сынасуы мен жекпе-жектегі тартысындағы ермек ойыны.

Ойынға өте қайратты, ерде мығым отыратын, қайсар және қимылы ылдым-жылдым шабандоз ғана қатысады. Сондағы ат сайысындағы көзделетін негізгі мақсат, осы ерегіскен екі шабандоз-жігіттің, яғни өз қарсыласын оның отырған ертоқым үстінен жерге аударып түсіру немесе оны астындағы мініс атымен қоса құлату.

Ойын ауыл маңындағы ашық көгалды алаңдарда жүргізіле береді. Алаң ортасына 1,5 метрлік баған орнатылады. Бағанға мықты екі арқан жіп байланады. Міне, осы жіптердің ұшы қарсылас екі шабандоздың ертоқымының артқы қасына байланады. Қарсылас екі ойыншы шабандоздың жекпе-жегі, төрешінің ысқырығынан кейін басталады. Шабандоз жігіттер аттарына қамшы басып, алаң ортасындағы бағанда айнала атымен шаба бастайды. Қарсылас екеудің бірі ат сайысы кезінде ерден ауып немесе атымен қоса арқанға шырмалып құласа болғаны – бұл оның *«жеңіліс»* тапқаны.

«Жеңіс» - қарсыласын аттан аударып тастаған немесе оны астындағы атымен қоса жіппен шырмап құлатқан ойыншы үлесіне тиесілі. Мұнда ат сайысына қатысушы шабандоздың астына таңдаған аттың да маңызы жоғары. Мініс атының қайратты әрі күшті, басқаруға көнбіс әрі өзі жуас болғаны абзал.

Ресей халқының ат ойындары

Ресей халқының ат ойыны – қарапайым, барлық халық үшін қол жетімді. Өзінің атқа салт мінуі мен оны басқару шеберлігін көрсетудің жақсы мүмкіншілігі. Бірақ ат ойынымен, орыс халқымен бірге, көбінесе дон, кубань, терск және орал казактары айналысқан. Жылқы өсіру – дон казактарының ежелден келе жатқан сүйікті ісі болған. Балаларын жас кезінен-ақ ат құлағында ойнайтын шабандоз етіп тәрбиелеген. Атқа мініп серуендеу, ат ойыны мен сайыс түрі, адамның шынығуы мен психологиялық дамуы деп санаған.

Атқа салт міну өнері, жылқы шаруашылығының дамуы мен ат ойындарына әсер еткен. Ресей халықтарының ұлттық ат сайысы, рухани күшінің символы, өмір тіршілігінің бейнесі. Ат ойыны – жергілікті халықтың фольклорде жырланған, поэзия мен прозасына нәр берген. Атақты суретшілер қаламының көркем туындысына айналған. Ат сайыс ойыны - қарапайым, формасы көптүрлі, тұрмыстық салт-дәстүр, мереке мен мейрамға арналған болып келеді.

Ат мерекесі. Ат сайысының *«жылқы мерекесі»* Ресейде жыл сайын маусым айының бас кезінде өткізіледі. Мерекеде соқаға жегілген атпен *«жер жырту»* сайысы ұйымдастырылады. Мереке өткізілетін күнге арнап арнайы жер телімі бөлінеді. Қатысушының міндеті сол жер теліміне соқа салу. Қай жер жыртушы бірінші бітіреді, *«жеңіс»* - сол қатысушыға беріледі. Ат сайысына жұмыс атымен бірге құлынды бие де қатыса алады. Оның өзіндік терең мән-мағнасы бар. Себебі қорадағы құлын - шаруаның (крестьянин) сол жылдан алатын өніміне үмітінің зор екендігін көрсетеді. Ал бие - шаруа отбасының асыраушысы болып саналады. Жыл соңында келетін молшылыққа сендіреді. Жылқы мерекесі - шаруаның ата-бабасынан қалған жер жырту өнерін еске түсіру. Өздерін асыраушы табиғат пен жер ананы құрметтеу белгісі.

Ат шабыстары (пробеги). Орыс халқының ата-бабасынан дарыған атқа деген құштарлығы, тек ат ойыны мен мейрамда өткізілетін сейіл құру ғана болмаған. Атқа салт мініп бірнеше мың шақырым жерге саяхат та жүргізген. Тәулікке ат жүгірту (жортуыл) саяхаты, шабандоздың шыдамдылығына ғана емес, оның мінген атына да үлкен сын. Ат сайыс өнерінің бұл түрі, оны еске түсіріп қана қоймайды, мадақтауға да тұрады.

Алғашқы ат жортуылын - орыс әскерисының корнеті Михаил Асеев 1889 жылы бастаған. Бұрынғы Лубны қаласы мен (қазіргі Полтава облысы) Парижге дейінгі 2633 км дистанцияны салт атпен 33 күнде шауып өткен. Михаил Асеев – Париж тұрғындарының жылы қабылдауына ие болған. Францияда өтіп жатқан «жылқы» көрмесіне қатысқан. Көрмеде Михаил Асеев пен оның мініс атына үлкен қошамет көрсетілген.

Мұндай дәлел орыс әдебиетінде көптеп кездеседі. Мәселен, ат спортына қызығушы артиллерист жас офицер Дмитрий Басов пен көмекшісі Федор Володин 1905-1906 жылы, әскери аттарымен Владивостоктан Петербург қаласына жорық жасаған. Олар 9000 км қашықтықты 8 ай 3 күнде шауып жеткен. Бұл нағыз көз көріп құлақ естімеген ерлік еді. Бұрынғы Кеңес өкіметі кезіндегі, яғни 1935 жылы түркменнің қайсар жігіттерінің Ашхабад-Москва бағытына жасаған жорығын бүкіл ел біледі. Сонда ахалтеке және жәуміт тұқымындағы аттарға салт мінген «сеңсең бөрік» киген отыз сері – 4300 км жолды 84 күнде шауып өткен. Оларды Кремльдің өзінде жылы қабылдаған. Ал олар өздерінің сұлу сәйгүліктерін астана спортшыларына сыйға тартып кеткен.

Ат жортуылы - жылқының белгілі бір қашықтықтағы жылдамдық сапасын анықтау үшін ғана жүргізілмейді. Жылқының физиологиялық көрсеткішінің оптимальды деңгейін ауыр жұмыс барысындағы сақтауы мен кейінгі тез қалпына келтіру қабілетінің мүмкіншілігін анықтау үшін ұйымдастырылады. Ат жүгірту – кейінгі жылдары қарқынды дамып келе жатқан спорт түрі. Және бүкіл әлемде танымал бола бастаған түрі. Аттың дистанциялық (қашықтыққа) жортуылы - өз кезегінде жылдамдыққа, шыдамдылыққа және уақытқа, яғни тәуліктік деп бөлінеді.

Жылқының атсайысының дистанциялық «жылдамдыққа» шабу жарысының аралық қашықтығы - 25,0, 50,0 және 100 км. Ереже бойынша көтерілісі мен ылдиы, әсіресе шұғыл бұрылысы жоқ тегіс жолда жүргізіледі. Көбінесе тас жол бойының жағалауында өткізіледі. Ал «шыдамдылыққа» – 100 км-ден жоғары немесе одан да алыс қашықтық. Оның бірнеше тәулікке созылуы да мүмкін, жолы әр түрлі болып келеді. Уақытқа немесе тәуліктік шабуы толық бір ғана тәулікке созылады, ал жолдары ойлы-қырлы. Жарыс, көбінесе спортшы-шабандоздың өзінің мініс жылқысының ұшқырлығының жетістігін көрсету үшін ұйымдастырылады.

Трассада - жергілікті жердің қиылысы мен күрделі бөлігі жиі кездеседі. Жол тек табиғи тосқауылдан тұрады. Мұндай жағдайда трассаның жолы тегіс жері таңдалып алынады. Трасса дистанциясының аралық бөлігі ұзындығы

40,0 км сайын бірнеше кезеңге бөлінеді. Әр кезеңнің соңына бақылау пункті қойылады. Бақылау пунктінде жылқы 30 минут демалады, оның тамыр соғысы, тыныс алу жиілігі және дене температурасы өлшенеді. Көрсеткіші белгілі нормадан артық болса, қайта қалпына келгенше жылқыны кідіртпін қояды. Бұл «кедергі» жылқының жарыс уақыт нәтижесіне қосылады.

Ат жорығы, басқа да жарыстар сияқты жекелеп немесе тобымен өтеді. Жарысқа дені сау түрлі тұқымдағы, бірақ 6 жас немесе одан жоғары жастағы сақа жылқылар (бірақ 12 жастан аспауы қажет) қатысады. Бұл жорықта жақсы жетістік көрсетіп жүрген жылқы – араб тұқымы мен оның будандары. Ат жарысына таңдап алынатын жылқы бойларының биіктігі 155,0-158,0 см. Аяқтары берік және тұяқтары мықты болғаны жөн. Және міндетті түрде малдәрігерлік бақылаудан өтуге тиіс.

Жылқының жылдамдыққа және шыдамдылыққа жарысының біріншілігі, белгіленген дистанцияны өтуге аз уақыт жұмсаған және өз атының жұмыс қабілетін жақсы сақтаған шабандозға беріледі. Ал тәуліктік немесе уақытқа ат жүгіртуде, бір тәулік ішінде өз атының жұмыс қабілетін жақсы сақтай отырып мейлінше көп жолды шауып өткен шабандоз «жеңіске» - қол жеткізеді. Бұл үшін атты дұрыс баптау, ал шабыс кезінде оның күшін ұтымды пайдалана білу керек. Спортшы-шабандоздың да білгірлігі мен оның дайындығы және спорттық тәжірибесінің шеберлігі қажет.

Ұйымдастыру шарасының қарапайымдылығы ескеріле отырып, болашақта ат жүгірту жарысын барлық елде өткізуге болады. Бірақ, сонау бұрынғы жылдардағыдай 25-50 немесе 100 шақырымдық, тіптен одан да алыс қашықтыққа ұйымдастырылатын жорықтар өткізіліп тұрса, құба-құп болар еді.

Бассыз салт атты. Орыс халқының өзінің қызықты «бассыз салт атты» деген атымен ерекшеленетін және есте қалатын шытырман оқиғаға толы ат ойыны. Ат ойыны өте көңілді және көрерменді өзінің қызықты сайысымен баурап алады. Ойын жабық манеж ішінде өткізіледі. Эспадронмен қаруланған екі-үш аңшыдан құтылу үшін, «бассыз салт атты» мініп қашатын жылқыны шабысқа үйретуге үлкен дайындық қажет.

Ойын уақыты екі-ақ минутқа созылады. Алдымен манеж ортасына ауыздықталған және ерттелген, өте жақсы жаттыққан тәжірибелі атты жібереді. Аттың үстінде адам бейнесіндегі және екі аяғы үзеңгіге бекітілген, өзінің басы жоқ қарақшы (чучело) отырады. Бастың орнына мойнына жалауша қадалып қойылады. Үстінде «бассыз салт атты» отырған жылқы манежға шыға келісімен, іле-шала артынан алдаспан-эспадронмен қаруланған екі-үш шабандоз қуа шығады. Сондағы олардың мақсаты, «бассыз салт аттының» мойнына қадалған жалаушаны қолындағы қаруымен кесіп түсіру.

Жақсы үйретілген тәжірибелі ат шабандоздарды маңайына жолатпай ойқастап, манеж ішін айнала қаша береді. Берілген уақыт ішінде «бассыз салт аттының» жалаушасы кесілмесе, төрешінің ысқырығынан кейін ойын тоқтатылады. Ат ойынына келесі топ шабандоздар шығарылып, ойын солай

жалғаса береді. «Жеңіс» - бассыз салт аттының жалаушасын кесіп алған шабандозға бұйырады. Мініс аты жақсы үйретілген болса, шабандоздар бос қалуы да мүмкін. Ойын барысында ондай жағдайлар да болып тұрады. Сондықтан ат ойыны көрерменге өте қызықты және тамаша көрсетілім.

Вольтижировка. Вольтижировка – термині француздың ауада «қалқу» және «ұшу» деген мағнаны білдіреді. Қазіргі кездегі түсінік бойынша, спортшы-шабандоздың түрлі және күрделі комплекстік гимнастика жаттығуларын ат үстінде орындау өнері тамаша қойылымы. Ат - кордта айнала қозғалып (желіспен немесе шабыспен) қимыл-қозғалыста жүреді.

Вольтижировка ертеде пайда болған ат сайыс туындысы. Оның шығу тарихы ғасырлар тұңғығында жатыр. Ойын алғашында Ежелгі Греция елінде шықса керек. Бірақ өз дамуының жалғасын Франция елінде тапқан. Мәселен, XIX ғасырдың басында Наполеон өз әскерисында жеңіл жаяу әскерін құрған. Міне соларды вольтижерлік рота, батальон және полк деп атаған. Вольтижердің атқаратын міндеті, шауып бара жатқан кавалеристің артынан атқа секіріп мініп, оның көзін жою. Вольтижер – жақсы барлаушы және мерген атқыш болған.

Вольтижировка – дон, кубан казактарының ең сүйікті ойыны. Кавалеристі дайындау жаттығуы мен шынықтыру ойыны болып саналған. Қазіргі кезде – шабандоздың ат үстінде орындайтын гимнастика жаттығуының ойын түріне айналған. Оның комплекстік гимнастикалық жаттығулары әр түрлі. Сонымен бірге қиын әрі күрделі. Мұны орындау үшін спортшы-шабандозға, үнемі қозғалыстағы ат ырғағына сәйкес қимылдар жасай білулері керек. Жаттығуды орындау үшін, атқа арнайы қол ұстағышы бар ертоқым пайдаланады.

Вольтижировка – ат спортының басқа да түріне дайындық пен спортшы-шабандоздың жоғарғы мектебі болып саналады. Оның негізгі орындалатын жаттығуы мен негізгі құрылатын композициясының көрсетілімі келесідей болады, олар:

- жылқыға жақындау, қозғалыс қимылына сәйкес қатарласа жүгіру;
- ат үстіндегі ерге ырғып міну және одан жерге қайта секіріп түсу;
- мығым отырыс - вольтижердің ерге отырысының көрінісі;
- жылқының мойыны және сауыры арқылы сілтей асыла итерілу;
- қарлығаш - вольтижердің ерге тізерлей отыруы және келесі аяғын диоганалмен көлденеңінен созуы;
- қайшы - вольтижердің денесін 180 градусқа шұғыл бұруы;
- тік тұру - жылқы үстіндегі сымбатының тікелей тұрғандағы көрінісі;
- айналма - вольтижердің тізесімен немесе жамбасымен бұрылысы;
- вольтижердің жаттығуды екеулеп немесе үшеулеп орындауы, топты пирамида құруы және тағы басқа композициялар.

Вольтижировка жаттығуын орындау жарысы жазда ашық алаңда, ал қыста манежде жүргізіледі. Оның бағдарламасына - міндетті және еркін жаттығу түрлері кіргізіледі. Ал кейде екеуінің де болуы мүмкін. Жылқының

қандай тұқымда екендігінің маңызы жоқ. Онша ірі емес, бірақ салмақты, аяқтары мықты әрі жуас болғаны жөн. Жылқы кордовойдың дауыс ырғағына жақсы бағынуы тиіс. Ат алаңда кордовойды айнала шауып жүреді. Оның қозғалысы желіс және қысқа шабыс аллюрінде. Бір қалыпты жатық және ырғақты болады. Жылқы вольтижердің орындайтын жаттығу жұмысына, арнайы дайындықтан өтеді. Сондықтан, вольтижерлік жылқының жасы 5-6 жастан төмен болмауы тиіс.

Көрсетілімге шыққан вольтижер, алаңда айнала шауып жүрген ат үстіне, найзағайдай атылып шығады. Түрлі гимнастикалық күрделі жаттығулар жасайды. Ол денесінің әсем қимыл-қозғалысы мен орындаған жаттығуының күрделі бейнесімен көрерменді таң-тамаша қалдырады. Вольтижер аттан әсерлі қимылмен жерге секіріп түсіп, қатарға тұра қалады. Бұл көрініс көрермен қауымды зор ризашылыққа бөлейді. Соңында спортшы-вольтижерлер тобымен ат үстінде неше түрлі пирамидалар құру көрсетілімін қояды. Бұл жарыстың салтанатты түрде аяқталғанын білдіреді. «Жеңіс» - вольтижердің орындаған жаттығу күрделігіне, қимылына, оның орындалу тазалығына қарай бағаланады.

Кейінгі жылдары Швейцария, Австрия, Германия, АҚШ және т.б. елдердің ұлттық ат спорты федерациясының ұсынысымен (ФЭИ) 1980 жылдан бастап, вольтижировкадан интернациональдық жарыстар өткізу туралы қаулы қабылданған. Қазіргі уақытта вольтижировка барлық елге танымал. Халықаралық жарыстар жиі өткізіледі. Вольтижировка Еуропа және Америка континентіне, тіптен Азияда жыл сайын өтуде. Сонымен бірге ФЭИ рамкасы бойынша арнайы комитет құрылған.

Джимхана (джихана). Джимхана – ешқандай қиындығы жоқ, көңілді әрі күлдіргі ат ойыны. Салт атты шабандоз асығыс шауып келеді. Кенет тоқтай қалып, аттан жерге секіріп түседі. Екі қолын артына ұстайды. Ілулі шелектегі су ішінде жүзіп жүрген алманы тістей бастайды. Асығады, әбігерленеді, ауа мен су жұтады. Бет-аузы малмандай су болады. Екі жақ шекесінен су тамшылары сорғалап тұр. Ал алма су бетінде әлі қалқып жүр. Жиналған көрермен ішек-сілесі қатқанша күледі. Шабандоздың оған қарауға шамасы жоқ, уақыт өтіп барады. Міне, алма да алынды, енді оны жеу керек. Содан атқа қайта міне сала келесі кедергіге қарай шаба жөнеледі.

Ойын басталар алдында салт аттылар сөреде сапқа тізіліп өз кезегін күтіп тұрады. Төрешінің белгісінен кейін, олар алға қарай кезекпе-кезек «шабыс» аллюрімен жылжи бастайды. Олардың орындайтын міндеті, әр шабандоз берілген дистанцияны (80-100 метр), яғни жол бойында кездесетін бірнеше күлдіргі кедергіден өтуі керек. Және сөреге қайтып оралуға тиіс. Мәселен, атты кілт тоқтату, ер үстінде тік тұру. Бағанда ілулі тұрған шелекті алу, оны төгіп алмай аттан жерге түсу. Суда қалқып жүрген алманы тісімен алу, оны жеу. Аяғына қап кию, онымен 10-15 метрдей жүру. Жерде жатқан түпсіз бөшкелерден өту. Жұмыртқа салынған қасықты 10-15 метр жерге дейін түсіріп алмай тісімен жеткізу және т.с.с.

Бұған мейлінше аз уақыт жұмсағаны абзал. Бұл оңай емес, одан өту үшін ептілік пен тапқырлық қажет. Шабандоз ат шылбырын қолынан шығармай оны жетектеп жүруге тиіс. Әрине, ойын барысында көрерменді күлкіге қарық қылатын неше түрлі қызықты жағдайлар болып тұрады. Ойынның тамашасы мен қызығы да сонда. Соңындағы «*жеңіс*» тұғыры, осы кездесетін күлдіргі кедергілерден сүрінбей өткен және аз уақыт жұмсаған шабандозға беріледі.

Жігіттік өнер (джигитовка). Ресейдегі дон, терск, орал казактарының, Осетия, Дағыстан және Грузия халқының сүйікті ат ойыны. Джигитовка - көрерменге мерекелік, сюжеті өткір және өте қызықты көрініс. Жігіттік өнерін немесе джигитовканы қазақтарда - «*жігіт жарыс*» деп атайды. Бірақ мұнда шабандоздың атты ерттеу техникасы ескеріледі. Грузиндер бұл сайысты «*джирити*» деп айтады.

Джигитовка - шабандоздың шауып бара жатқан ат үстіндегі неше түрлі гимнастикалық жаттығуы. Және акробатикалық айлакерліктің виртуозы. Оның бүкіл арсеналын көрермен алдында көрсету өнері мен қойылымы. Шабандоз ат үстінде түрегеп тұрып шабады, ерге қайта отырады. Жерден заттарды көтеріп алады, аттың бауырынан айналып өтеді. Ат үстінде неше түрлі бас айналдырар бұрылыс пен қимылдар жасайды.

Көрсетілім дистанциясы, әдетте 250-300 метрлік жол қашықтығын құрайды. Аттың қарқындылығы минутына 400 метр болуға тиіс. Жолы жұмсақ топырақты, оның сөресі мен мәресі белгіленеді. Жаттығу түрлерін әділ бағалау үшін, жолды үш бөлікке теңдей бөледі. Оған жалауша орнатылады. Сайыс - нақтылы жаттығудан құрылған бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Жарысқа қатысушы шабандоздар сөре сызығынан 50 метр жерде реттік нөмірі бойынша сапқа тізіліп тұрады. Реттік нөмірі «*жереме*» тастау арқылы белгіленеді. Қатысушының ер-тоқымы мен киген киімі өз қалауынша ерікті. Төрешінің берген белгісінен кейін, әр шабандоз орнынан бірден аттың шабыс аллюрімен қозғалады. Аттың басы сөре сызығына жетісімен шабандоз дистанциясының бөлігіне байланысты жаттығуды орындай бастайды.

Жігіттік өнердің сайысында – шабандоз формасы мен сипаты әр түрлі жаттығуды орындауы тиіс. Сондағы негізгі орындалатын жаттығулар:

- *ерге отыру* – ердің алдыңғы қасынан ұстап, аяғын ат мойыны немесе сауыры арқылы апарады, аяғымен жерден итеріле ерге ырғып шығады;

- *бір темптағы көтерілу* – ердің алдыңғы қасынан ұстап, аяғын аттың мойыны немесе сауыры арқылы апарады, аяғымен жерден көтеріледі, денесін ер арқылы асырып жібереді, мініс жағынан қайта көтеріледі де, ерге ырғып шығады;

- *оралдық көтерілу* – екі аяғын аттың бір қапталына салбырата жіберіп ерге отырады, арқасымен артқа аунап түсіп, аяғымен жерден көтеріледі де, алғашқы отырысындай ерге қайта отырады;

- *айналма* - шабандоздың денесімен 180 градусқа шалт бұрылуы;

- *тік тұру* – екі аяғын біріктіре жоғары қарай лақтырады;
- *жерден сақина көтеру* – қолдымен жерде жатқан сақинаны іліп алады;

- *ер үстінде тік тұрған қалпы шабу* және т.с.с.

Жігіттік өнердің көрсетілімінде спортшы-шабандоз өзінің ғана орындай алатын жаңа әрі қызықты немесе басқа ешкім орындамаған жаттығу түрін орындауына болады.

Аттың шабысы желіс аллюріне ауысып кетсе немесе тоқтап қалса, шабандоз ерден құлап қалса, онда ол ойыннан шығарылады. Бұл оның жеңілгендігін білдіреді.

Сайыс нәтижесін төрешілер шабандоздың жинаған балының қорытындысына қарап бағалайды. Егер шабандоз жаттығудың көрсетілу барысында қателік жіберсе немесе дұрыс орындай алмаса, оған айып ұпайы салынады. Бұл айып ұпайы шабандоздың жинаған қорытында балынан алынып тасталады. «*Жеңіс*» - осы жаттығуларды мінсіз әрі таза орындап шыққан шабандозға беріледі

Карусель (ат каруселі). Ат каруселі немесе топ салт аттылығының мініс өнеріндегі фигуралық ауысуы. Бұл бапкердің немесе шабандоздың құрған еркін бағдарлама негізіндегі мініс өнерінің әр түрлі фигуралық көрсетілімі. Көрсетілім арнайы таңдап алынған музыка әуенінің сүйемелдеуімен орындалады. Шынын айтқанда, шабандоз бен мініс атының фигуралық ауысу көрсетілімінің ерекше тартымды бағдарламасын құру өте күрделі.

Ат каруселі - шабандоз тобының атқа отыру мәнері мен жылқы қимылының айрықша үйлесімділік өнері. Оған әсем композиция құрылуы және топта тәртіп пен ұқыптылық керек. Аттың қимылын сезініп қана қоймай, бірге өнер көрсететін топтың қозғалыс ритімін түйсіне білу қажет. Құрылған композиция – мініс өнерінің фигурасын алмастыру. Динамикасы мен лирикасы, мәнерлі қозғалысы мен әсемдік түрі. Ат каруселі – бапкердің творчествосы мен шабандоздың мініс өнері. Қойылым - оның сыртқы формасының сұлулығын, аттың қозғалыс дұрыстығы мен кербездігін біріктіре отырып орындалады. Мініс жылқысына қойылатын талап бойынша, оның тұқымы, типі, экстерьері мен бойлары, түр-түсі және белгілеріне дейін бір текті болады.

Ат каруселі рыцарлық сайысы ретінде Еуропа елінде кеңінен танымал. Оның алғашқы тамаша ойыны Францияда өткізілген. Халықаралық жарыста канадалық полиция салт аттыларының фигуралық ауысу өнері әлемге белгілі болған. Олар тек өз елінде ғана емес, Еуропа мен Америка контингентінің барлық елінде өнер көрсетуде. Ал, Мюнхенде өткен XX Олимпиаданың жабылу рәсімінде Германия шабандоздары орындаған ат каруселіндегі фигуралық ауысу өнеріне бүкіл көрермен халық қол соғып риза болған.

Минис өнерінің фигуралық ауысу композициясының үздік қойылымы Англия, АҚШ, Франция және тағы басқа елдерде көрермен алдына жиі шығуда. Бірақ, Вена мектебінің міністегі фигуралық ауысу шеберлігі өте

жоғары дәрежеде дамыған болып саналады. Қазіргі кезге дейін оларға жететін ешкім жоқ. Оған қатысушы шабандоздар бір текті липициандық тұқымдағы күмістей жылтыр ақбоз атқа мінген. Ойын Ресейге ХУІІІ ғасырдың екінші жартысында келген. Алғашында Москвада, содан барып Петербург қаласында өткізіле бастаған. Міністегі фигуралық ауысу өнері алғашында кавалерия өнері болып саналған. Себебі, мұндағы тобымен өнер көрсету, ат пен шабандоздың бірігіп орындайтын әсерге толы көркемдігін бейнелейтін көрсетілімінің қойылымы. Өзіне көрерменін баурап алатын ат каруселінің сұлу композициясы, кейіндері барып ат спорты мектебінің бағдарламасына ауысқан. Олимпиада мен ипподромның ашылу немесе жабылу маусымы ат каруселінің қойылымсыз өтпейтін болған.

Ат каруселі қойылымының варианттары өте көп. Оның негізіне фигуралық ауысу өнерінің салт аттылардың міністегі қатаң синхронды шеберлігі мен музыка ырғағына үндестігі алынады. Фигуралық ауысу өнері, көрерменді өзінің әсемдігімен таң-тамаша қалдыруы тиіс. Топты шабандоздың құрған композициясының түпкі ойы мен орындалудағы әр түрлі бейнесі мен динамикасын ашып көрсетуі қажет. *«Жеңіс»* - осы міністің ең үздік композиция қойылымын көрсеткен шабандозға немесе топқа беріледі.

Қалашыққа шабуыл (қысқы немесе мұзды қалашықты алу). Қыс – жан-жақтың барлығы аппақ қар, тамаша көрініс. Орыс халқының ежелден келе жатқан бір дәстүрі бар. Бұл қыстың қарлы айын көңіл көтеретін ат ойынымен қарсы алу. Соның бірі Ресей халқының *«қысқы қалашықты алу»* немесе *«мұзды қалашықты алу»* деп аталатын өте танымал әрі дәстүрлі қысқы ат ойыны. Мұндай көрініске суретшілер көптеген еңбегін арнаған. Мәселен, Василий Суриков *«Қарлы қалашықты алу»* деген суретін салған.

«Қысқы қалашықты алу» - халықтың дәстүрлі ат ойыны. Сайыс қалада да ауылда да үнемі өткізіліп тұрады. Қала мен деревняның орталық алаңына мұз бедерімен өрнектелген қалашық немесе қардан жасалған биік қабырға тұрғызылады. Мейрам күні салт аттылар, осы қардан тұрғызылған қамалға шабуыл жасайды. Сондағы көздеген мақсаты, осы қалашықты немесе қабырғаны бұзып өтуге талаптанады. Ойынға қатысушылар *«шабуылшы»* және *«қорғаушы»* болып екі топқа бөлінеді. Шабуылшы топ қамалды қорғаушылардан тартып алуы немесе қамалға басып кірулері тиіс. Қорғаушы топ өз кезегінде қалашықты барынша қорғауы қажет.

Төреші берген белгіден кейін, көрерменнің қоштаған қиқуымен, қысқы қалашыққа қарай шабандоз тобы лап қояды. Қорғаушылар – айғаймен, барабан тарсылдатып және шыбық шыртылының көмегімен шабуылшы топтың аттарын үркітеді. Оларды қамалға жолатпауға тырысады. Шабуылшы топ қысқы қалашыққа басып кірсе, онда сол команда, ал ала-алмаса онда қорғаушылар *«жеңген»* болып табылады. Сонымен бірге қысқы қалашыққа ең бірінші болып бұзып кірген шабандоз, ойын жеңімпазы болып саналады.

Лоза (лоза қию). Лоза қию сайысы – казактардың сапқа тұру ойыны деп те аталады. Себебі, ат ойыны Ресей казактарының арасынан шыққан.

Бірақ-та ат сайысы Солтүстік Кавказ және Закавказья халқының арасында да кеңінен тараған. Шабандоз мінген сәйгүлік ұшқыр ма, өзінің қолы қандай мерген екен? Спортшы-шабандоздың бұл қасиеттері «лоза қию» ат сайысында байқалады. Лоза орнатылған тіреулер қасынан салт атты шабандоз шауып өтеді. Шабандоз қолындағы қылыш жарқ етті. Сілтеу – қию, тағы да сілтеу, тағы да қию. Қиылған лозалар бірінен кейін бірі жерге құлап жатыр. Аттың қарқынды шабысына қарамастан, жолда кездескен лозаларды көбірек қию үшін, шабандозға қандай ептілік пен шеберлік керек десеңші. Ат сайысы манежде немесе ипподром жолында ұйымдастырылады. Жарыс өтетін жолдағы сөре мен мәренің арасынындағы дистанцияның ұзындығы – 200 метр. Жол бойында әр 12-15 метр сайын 12 нысана бірінен кейін бірі қойылады. Тіреуіштің биіктігі 80 см, лозаның ұзындығы 130-150 см. Ал оның жуандығы 1,5-2,0 см.

Лоза қию сайысы ипподром жолында өткізілген жағдайда, онда лозасы бар тағандар ұзын жол бойына қойылады. Манежде - оның ұзын қабырғасына жағалай және алаң ортасына орнатылады. Жарыстың екі түрі бар. Оның біріншісінде лозаның қиылу жеріне белгі салынып қойылады. Ал екіншісіне белгі салынбайды. Бірінші жағдайда лоза кесілді деп, белгі салынған жерінен қиылғанды есептейді. Сайысқа қатысушы шабандоздар сөреден 50 метр жердегі қашықтықта сапқа тізіліп тұрады. Төрешінің белгісінен кейін, алғашқы шабандоз сөреге қарай шабады. Аттың басы сөреден өтісімен, төреші қолындағы жалауын төмен түсіреді. Ал хронометрист секундомерді іске қосады. Сөре мен мәренің аралығындағы дистанцияны шабандоз 20 секундта шауып өтуге тиіс. Аттың қарқындылығы секундына алты метрден болады. Нормадан асып кеткен шабандозға, оның әр секундына екі айыптан салынады.

Сайыстағы спортшы-шабандоздың көреген көзі мен қолының мергендігі - жарты ғана жеңіс. Ал екіншісі - сенімді қаруы мен сәйгүлігінің ұшқырлығы. Лоза қию жарысындағы қарсылас арасындағы бәсекелестік тартымды және көрерменін толқытатын көрініс. Сайыс нәтижесін бағалау барысында, төрешілер лоза қиюдың таза орындалуына байланысты қабылдайды. Соңын аттың қарқындылық қабілетіне қарап қорытындылайды. Сонымен бірге шабандоздың алған айып ұпайлары да ескеріледі. «Жеңіс» – ат сайысындағы берілген дистанцияға мейлінше аз уақыт жұмсаған, барынша көп лоза қиып түсірген, қателігі мен айып ұпайды аз алған спортшы-шабандозға беріледі.

Орамал (орамал көтеру). Ат ойыны өзінің орындалу сипаты жағынан «жгіттік өнері» ат сайысына келеді. Қазақстан мен Кавказ халқында – ат ойыны «теңге ілу» және «теңге-лю» деген атпен мәлім. Бұл ойынмен көбінесе жастар айналысады. Ойын - жаз мезгілінде ашық алаңқайда немесе ипподромда өткізіледі. Ат ойынының мағнасы мынада. Дистанциясы 250-300 метрлік қашықтықтағы ойын жолына түрлі-түсті орамалдар қойылған. Ойынға қатысушы спортшы-шабандоз шауып бара жатқан ат үстінен сол

орамалды көтеріп ала кетуі қажет. Ат ойыны жеке және командалық біріншілікте де жүргізіледі. Команда құрамы ерікті, үш-төрт немесе одан да көп шабандоздың қатысуына мүмкіншілік беріледі. Алғашқы орамал мәреден 50 метрлік жерге тасталады. Ал қалғандары әр 20 метр сайын жол бойына тізіле қойылады. Белгіленген дистанцияны шабандоз аттың бар қарқынымен шауып өтуге тиіс. Шабандоздың жерден көтерген әр орамалына балл беріледі. Аттың шабу қарқындылығы да есепке алынып бағаланады. Жеңген шабандозды – жерден көтерген орамал санына байланысты бағалайды. Мұны ойын барысын бақылап отырған төрешілер, стартер, мәредегі төреші анықтайды. Аттың шабу қарқындылығын хронометрист есепке алып отырады. «Жеңіс» - берілген дистанцияны шауып өтуге аз уақыт жұмсаған және орамалды көп жинаған шабандозға беріледі.

Орыс тройкасы (үш жегіс). Орыстық үш атты бірдей жегісі, Ресей елінің бар болмысының дәуірі. Жергілікті халықтың тұрмысы мен барлық өмір-тіршілігі және мәдениеті. Әсіресе, темір жол болмаған кезеңде, орыстың үш ат жегісі транспорт көлігі болған. Қыстың қақаған суығы мен жаздың аптап ыстығында, күннен-күнге немесе айлап жүруге жарамды. Орыс тройкасының жылдамдығы туралы көптеген тарихи мәлімет осы күнге дейін сақталған. Халықтың «*тройкаға*» деген сүйіспеншілігі, оны өзіндік ұлттық ат өнерінің сайысы ретінде жарысқа қосуға жеткізген. Орыстық үш аттық жегісі, өзінің «*орыс тройкасы*» деген атымен бүкіл әлемге танымал болған. Ат жарысы – көңілді әрі қызықты болуы мен әсемдігіне байланысты қысы-жазы ұйымдастырылған. Мейрам мен мереке «*орыс тройкасы*», яғни қазақша айтқанда «*орыстың үштік ат жегісі*» деп аталатын сайыс өнерінің қойылымынсыз ешқашан өтпеген.

Ресейде орлов желғорының шығуына байланысты, орыс тройкасы ансамбіліне өзгеріс енгізілген. Енді үш аттың ортасына жегілген «*коренниктің*» тек желіспен жүгіруіне, ал шеткі аттардың құлаштарын кең жайып шабу әдісіне көшкен. Ауыздығымен алыса шапқан үш аттың ортадағы «*кореннигі*» басын жоғары көтеріп ұстаған қалпы желе-жортқан. Оның екі жағына қосарлана жегілген аттар бастарын оң және сол қапталына қарай бұрған қалпында шауып отырған. Қарағанда көзді сүйсіндірер әсем көрініс. Бірақ қосарлана жегілген үш аттың біріге шабуына өте ыңғайсыз. Орыс тройкасына пайдаланатын аттарды дайындау жұмысы ұзақ дайындық пен шеберлікті қажет етеді.

Үш аттан біріккен бір ансамбль құру – нағыз өнер туындысы. Орыстың тройкасына ат таңдау, оны үйрету, жаттықтыру, оған дағдыландыру оңай шаруа емес. Алдымен үш жегістегі аттардың экстерьері мен түр-түсі бірдей болады. Бұл әрине тек сән-салтанат үшін. Олардың темпераменті, күші, шыдамдылығы мен төзімділігінде ұқсастықтың болғаны қажет. Аттардың мінезі мен психологиялық ара-қатнасының сәйкестігіне дейін біртекті болғаны жөн. Үш жегістегі аттарды басқару да оңай емес. Көшір үш аттың да делбесін бірге ұстап отырады. Ол қай аттың делбесін қағуды немесе

тартыңқырап отыруды жақсы білуге тиіс. Оның аттарды басқару өнері – дистанцияны дұрыс шауып өтуге мүмкіндік береді.

Үш жегістегі ортадағы «коренник» ірі әрі күшті болады. Үштіктік қарқынды шабысын желген қалпы алға бір қалыпта бағыттап отырады. Шабу қарқынының бар салмағы қапталда қосарлана жегілген аттарға түседі. Қапталында жегілген аттар бар қарқынымен құлаштарын кең сермеп шаба береді. Сондағы ортадағы жегілген «коренник» атқа қалатыны өзінің желіс аллюріндегі аяқтарын тек алмастырып отыру. Орыс тройкасын жегу тәсілі әр түрлі. Олар – жәмшік тройкасы, сән-салтанат тройкасы, аңшылық тройкасы, қыдыру тройкасы, үйлену тойына арналған тройка және т.с.с. Жегістің қайталанбас әсемдігінің көрінісі - жәмшік әбзелдері мен оның қосымша саймандарында. Мәселен, жазда төрт дөңгелекті пәуеске, жеңіл және жайдақ арба. Қыста безендірілген шана

Тройка комплектісінің құрылымы, пайдалану бағытына байланысты түрліше болып келеді. Мәселен, ортадағы «коренник» аттың доғасы алтынмен апталып күміспен күптеліп қойылуы мүмкін. Немесе жай әшекей өрнектермен безендіріледі. Доғаның ортасына сақина орнатылады, оны «зга» деп атайды. Оған көлемі әртүрлі, үні мен әуені сазды сылдырмақ пен қоңырау бекітіледі.

Тройка - Ресей халқының пейілі мен кеңдігінің символы. Халықтың көсем жеккен үш аттың жүйіткіуіне деген сүйіспеншілігі. Тройка – осы уақытқа дейін көрерменін қуантуды. Болашақта да таң-тамаша қалдыра беруі анық. «Жеңіс» - үш жегістегі біріншілікке байланысты беріледі. Сыртқы көрінісі, әсемдігі мен сән-салтанаты, ат қарқындылығы, делбешінің киген костюмдері де ескеріледі.

Саятшылық (аңшылық саят). Саятшылық, яғни аңшылық саятының шығу тарихы алғашында Англия елінде басталған. Бірақ-та барлық елдерде өткізіліп тұрады. Ежелгі Русь елінде де бұрыннан белгілі атсайыс өнерінің бір түрі. Аңшылық саят – салтанатты нақыштағы арнайы костюм киген салт аттылар тобы. Жер жағдайының ерекшелігіне байланысты аң аулау үшін ұйымдастырылатын қызықты ат сайысы. Аң аулауға шыққан салт аттылар саятында иісшіл иттердің қатысуына да қатыспауына да болады. Ежелгі тарих бедерінен қалған аңшылық өнері, кейінгі кездері барлық елде де қолдау тауып әрі кең белес алуда. Аңшылық саятшылығы өзінің мақсаты мен орындалу тәртібіне байланысты. Алғашқысында аң аулауға шыққан саятшылар, аңның ізіне түсу арқылы аулауға тиісті. Екіншісінде – аулауға қажетті аңның соңына иісшіл иттерді салады. Аң ізіне түскен иісшіл иттердің бастауымен, аңшылар бірінен бірі оза шауып немесе бірін-бірі баса озып, аң аулауға шығады.

Саятшылық яғни аңшылық саятының шығу - салт атты саятшының барлық айла тәсілін қолданатын нағыз аңшылығы. Аңшының мінген атының қарқыны, қайраты мен батылдық қабілеттері сыналады. Арнайы дайындалған иісшіл иттердің бастауымен, аңды ізінен қуып отыру ностальгиясы. Бұл енді

адам сенгісіз ғажайып сезім, яғни тұнып тұрған құмарлық. Аң аулау саятының мұндай тәсілі басқа да елдерде жиі қолданылады.

Стойло (тұрақ). Стойло - көрерменін аса қызықтыратын, мереке мен жарыста өткізілетін ат ойыны. Ресей атшыларына жақсы танымал сайысы. Сайысқа әр шабандоздың қатысуына болады. Жүргізілу тәртібі өте қарапайым. Бірақ көрерменге тартымды ойынның бір түрі. Ат ойыны - шабандоздың белгіленген нысанаға мініс атын нақтылы бағыттай білуді қажет етеді. Ойлау қабілетінің жылдамдығы мен жағдайды тез пайымдауға жаттықтырады. Ойын - арнайы құрылған манежде өткізіледі. Сондағы оған қажетті жабдықтар, қабырғаға бір ұшымен тірей қойылған сырғауылдан тұрады. Яғни ат қора негізінде әр атқа *«стойло»* немесе тұрақ жасалынған іспетті. Бірақ ойынның өзіндік ерекшелігі бар.

Тұрақтың саны оған қатысушы шабандоздар санынан бір стойлоға кем қойылады. Ойынға қатысушылар аттың аяң аллюрімен тұрақтан оның қарсы бетіне қарай қозғалады. Төреші белгісінен кейін, спортшы-шабандоздар астындағы аттарының басын шұғыл бұра сала стойлоға қарай бар қарқынмен тұра шабады. Сондағы көзделетін мақсат, алдындағы тұраққа бұрын жетіп, атын тұраққа барынша тезірек кіргізу. Яғни стойлодан өз орын алу. Стойлодан орын жетпей қалған спортшы-шабандоз ойыннан шығарылады. Төрешінің көмекшісі манеж қабырғасына қойылған сырғауылдың біреуін алып тастайды.

Ойын осы тәртіппен соңында екі шабандоз бен бір *«стойло»* қалғанша жалғаса береді. Финалға шыққан осы екі спортшы-шабандоздың қайсысы соңғы стойлоға атымен шауып келіп кіріп үлгереді. Атсайысының *«жеңісі»* - сол шабандозға беріледі. Атсайыс ойынының қарапайымдылығы соншалықты, оған ересекте, жас та, қыз да, бозбала да, тіптен мектеп жасындағы ерге отыра алатындары да қатысуына болады.

Сұлтандар (сайысы). Сұлтандар сайысы – ежелгі Русь халқының ат ойыны. Командаға бөлініп ойналатын ат сайысының жекпе-жектегі қылыш-тасу өнерінің көрсетілімі. Бұрынғы өткір қылышпен қаруланған кавалеристің соғысудағы ұрыс позициясын еске түсіреді. Сондықтан ежелгі кавалеристің ат ойыны болып саналады. Қазіргі кездегі ат сайысында суық қару қылышты эскадронмен алмастырған. Жекпе-жекте пайдаланатын өтпейтін доғал қылышты немесе алдаспанды, яғни кесу қаруын *«эскадрон»* деп айтады.

Эскадронмен қылыштасу сайысының өзіндік ерекше церемониясы мен тәртібі қалыптасқан. Ойын былай басталады. Алаңға жеңіл шоқырақ шабыспен екі топ салт атты шығады. Бір команда шабандозы жирен түсті жылқыға, ал екіншісі – ақбоз жылқыға мініеді. Әр шабандоз эскадронмен қаруланады. Қарумен кесуге де түйреуге де болады. Қатысушылар басына түрлі-түсті жалауша қадалған арнайы шлем киеді. Жалауша орнына түрлі-түсті шарды да пайдалануға болады. Міне осы шлемдегі шабандоздарды *«сұлтандар»* деп айтады. Бірінші топтың *«сұлтаны»* көк, ал қарсыласыныңкі сары түсті болады.

Ойынға шыққан рышар-шабандоздар салтанатты шерумен аланды бір айналып өтеді. Эспадрондарын сермеп бір-біріне қошамет белгісін білдіреді. Төреші ортаға шығып, ойынның басталғанын білдіре белгі береді. Спортшыдер соғыс ырғағына еліктеп, сарбаздық ер-жүректілігі мен ұрысты қабылдағанын білдіреді. Екі команда сарбаздары бір-біріне лап қояды. Ауада эспадрон үні найзағайша жарқылдайды. Әр кавалерист өз қарсыласының сұлтанын кесіп түсіруге ұмтылады. Басындағы сұлтаны кесіліп қалған шабандоз, төрешінің ысқырығынан кейін алаңнан шығып отырады.

«Жеңіс» - қарсыласының барлық сұлтанын кесіп түскен команда мүшелерінің шабандоздарына беріледі. Ал, турнирдің жеңімпазы болып, қарсыласынан ең көп «сұлтандарды» қиып түскен шабандоз саналады. Көрермен бұл сайысқа өте қызығушылық білдіреді. Жеңімпазға ду қол шапалақтақпен қошамет көрсетеді. Сонымен бұрынғы қауіпті қылыштасу атсайысы, қазіргі заманға лайықты қызықты ат ойынына айналған. Мұнда әр шабандоз-спортшының атқа міну өнері, шапшаңдығы мен ептілігі сыналады. Қылыш ұстау мен кесудегі шеберлігі айқындалады. Ойын барысында жақта-сымен бірлесе қимылдауы мен байқампаздығы көрінеді.

Түлкішек. Міне ғажап, түлкі – кәдімгі қу түлкі ат үстінде. Шынымен де адам естімеген таңсық жағдай. Шындығына келер болсақ, сол жақ иығына түлкінің үлпілдек құйрығын немесе түрлі-түсті орамал іліп алған салт аттылыны «түлкішек» деп айтады. Ат сайысының түп нұсқасы ағылшындардан қабылданған. Түлкішек - ат ойыны манеж ішінде де, ашық аспан аясындағы алаңқайда да өткізіле береді. Ойын өтетін биіктігі 90 см-ге жететін әр түрлі кедергілер қойылған алаң екіге бөлінеді. Осы құрылған кедергілерден ойынға қатысушы шабандоздар қарғып өтулері керек.

Ат ойынына екі-үш немесе одан да көп «түлкішектер» мен «аңшы» шабандоздар қатысады. Сондағы аңшылардың көздеген мақсаты - түлкішектің құйрығын тартып алу. Ат ойыны өте қарқынды түрде және қызықты жүргізіледі. Түлкішек және аңшылар рөліндегі шабандоздар аттың бар шабысында манежды айнала шауып жүреді. Көрерменнің қызығушылығын туғызады. Түлкішектің жүргізілу тәртібі өте қатал. Қуғыншы аңшылар түлкішектің тек оң қапталынан ғана жақындауға тиіс. Және үлпілдек құйрықты жұлып алуға рұқсат беріледі. Аңшыларға түлкішектің шылбырына немесе киіміне жармасуға тиым салынады. Үлпілдек құйрықты жұлып алған «аңшы» шабандоз енді өзі «түлкішекке» айналады. Ойын 5-6 минутқа созылады. Сонда әр түлкішек рөліндегі шабандозға екі минуттан ғана беріледі. Төреші белгісінен кейін, қатысушылар атқа мініп манеждың ортасына шығады. Түлкішек рөліндегі шабандоздар алаңның ортасына келіп тізіле сапқа тұрады. Ал аңшы рөліндегі шабандоздар манеждың бұрыш-бұрышына барып шашырай орналасады.

Төрешінің ысқырығының дауысы естілісімен алаңда нағыз ұлы қуғын басталады. Аңшылар өзіне шақырған үлпілдек құйрыққа қарай тасырлатып шаба жөнеледі. Ал түлкішектер өздеріне төнген қауіпті байқасымен қаша

бастайды. Түлкішек рөліндегі шабандоздар өз үлпілдек құйрығын қорғау үшін неше түрлі қитұрқы амал-айла мен тәсіл қолданады. «Жеңімпаз» болып «түлкішек» рөлінде көп уақыт болған шабандоз саналады. Түлкішек - шабандозды атты басқара білуге, қимыл-қозғалысын тез бағамдауға, ептілікке және икемділікке баулиды.

Еуропа халықтарының ұлттық атсайыс ойындары

Еуропа халықтарының ат ойындары - өз ритуалы, сән-салтанаты мен рыцарлық турнирі арқылы көрерменіне бұрыннан танымал. Себебі, Еуропа әскерисында жылқы тек мініс көлігі ретінде ғана пайдаланбаған. Жоғары шендегі офицерлер арасында атты басқару шеберлігін көрсететін ат сайысына айналған. Атқа міністің өнер туындысы мен көңіл көтеру ойыны болған. Яғни, Еуропа еліндегі ат сайысы орта ғасырдан бастап таралған. Америкаға еуропалықтар келмей тұрып-ақ, жергілікті аборигендер ат ойынын жақсы білген. Өмір тіршілігінің қалыптасуы мен ерекшелігіне байланысты, әр түрлі атсайысы мен оның ойындары жүргізіліп тұрған. Мәселен, атпен шабу барысында, тіреуішке байлаған «балапанды» жерден қағып немесе іліп алу. Мексикада - «*бұқашық құлату*» ойыны осы уақытқа дейін өз жалғасын табуда.

Англия ат ойындары, көбіне отарлап алған халықтан қабылданған деген мәлімет бар. Соның бірі «*ат полосы*» мен «*джимхана*». Ат ойындары – Америка, Африка, Иран және т.б.елдеріне де танымал болған. Көптеген ұлттық ойындар ФЭИ-де қабылданып, аренаға шығарылған. Бүкіл әлем халқының арасына тараған. Мұның ішінде ковбойлар мен тореадорлардың да ат ойындары кездеседі.

Апельсин. Апельсин сайысы Еуропа халықтарының тамаша әрі әсерлі ат ойыны. Сайыс ж үргізілетін жол бойына бірнеше апельсин қойылады. Әр апельсиннің қасына бір-бірдей ұлттық костюм киген бойжеткендер тұрады. Олар қолында қатысушы «*сері-шабандоздың*» санына байланысты біраз апельсин ұстап тұрады. Қатысушы сері-шабандоз тор қалталы имек басты таяқпен қаруланады. Оның ендігі мақсаты мініс атымен шауып бара жатқан қалпы апельсиндерді барынша жинау. Шабандоздың «*жеңісі*»-жинаған апельсин санына байланысты береді. Бойжеткен жеңісі өз қолындағы барлық апельсиндерін бере алуы бойынша анықталады. Бұл тамаша апельсин сайысының соңында, апельсинді ең көп жинаған сері-шабандоз бен қолындағы апельсинін көбірек берген бойжеткен, көрермендердің қошаметі мен ризашылығына ие болады. Соңында - сайыстың жеңімпаздары сияпат пен марапатқа бөленеді. Сонымен бірге бұл сайыс өзінің көрерменіне қызықты әрі тамаша әсер мен сезім қалдырады.

Ат күні. Болгария елінде жылма-жыл өткізіліп тұрады. Немесе бұл жылқы түлігіне арналған мейрамды «*Тодоров*» күні деп те атайды. Бұл күні болгарлар жылқыны барлық жұмыс түрінен босатады. Өз жылқысын тәтті-дәмдімен сыйлайды. Болгария елді мекенінің барлық бұрышында, яғни қалада да, ауылда да, жылқыны түрлі әшекеймен безендіреді. Жылқыға

арналған неше түрлі ат сайысы ұйымдастырылады. Тіптен қарапайым жұмыс аттарына да жарыс өткізіледі. Ат күнінде жеңген мен жеңілген болмайды. Ат иесі де көрермен де өз қалағанынша демалады, тойлайды әрі мейрамдайды.

Ат мейрамы (венгер). Ат мейрамы Венгрия елінің шығыстағы Пуште аймағында жыл сайын өткізіледі. Пуште аймағындағы дәстүрлі ат мерекесі, осы күнге дейін кең танымал. Оған барлық тұрғындар қатысады. Мұнда венгерлік бақташы мен жылқышылар өз өнерлерін көрсетеді. Мәсе-лен, аттың жазықтағы және кедергілі ат шабысы, атты жұптап жегу сайысы, «венгер почтасы» - бір айдаушының бес атты парлап жегуі. Пушбол ойыны және т.с.с.

Атқа отырыс (америкалық мініс). Атқа салт отырыстың америкалық мініс атсайыс ойыны Америка Құрама штатынан келген. Бұл атсайыс ойыны аттың мәнерлі жіріс өнері мен оның театрланған қойылымының көрінісін біріктіре орындауымен қызықты. Жабайы батыс калориты, оған қатысушы спортшы-шабандоздың алғашқы қоныстанған американдықтардың киім үлгісінің көрсетілуімен айқындалады. Атсайысында фольклорлық ерекшеліктері көп кездеседі. Сайыс қарапайым болып көрінгенімен, онда спорттың күрделі түрлері де кездеседі. Мәселен, жол жұмысы, кедергілерден өту және т.б. Атсайысына кіретін элементтердің көбі жергілікті фермердің күнделікті атқаратын жұмыстарынан онша айыр машылығы бола қоймайды. Әр фермер өз ранчосында атты бастықтыру, ат әбзелдері мен мініске, шабыс түріне үйрету жұмысын орындайды. Атсайысына кейінгі кездері оның жүк тасудағы күшін көрсету жарыстарын да кіргізіп қойған. Сонымен бірге өз аттарының тұқымы мен оның бағымын да көрсетеді.

Бандинг рес. Америка мен Австралия елінің арасына кең танымал. Ат ойынымен жеткіншек-шабандоздар айналысады. Ойын - қарапайым, оның ерекшелігі осында. Бірақ сайысқа қатысушы жеткіншек-шабандоздан атқа салт міну шеберлігін, ептілік пен атты басқару өнерін жетік меңгеруді қажет етеді. Ойын тәртібі бойынша, дистанцияның жол бойына белгілі бір қашықтыққа тіреуіштер орнатылады. Сөреден шауып шыққан жеткіншек-шабандоз, мәре сызығына жеткенше осы кедергілерден жанап өтеді. Еңкейе немесе шалқая қимылдай отырып, тіреуіштерді қозғалтпауы тиіс. Атсайысы жас жеткіншекті аттың басы мен оның шабысын шебер басқаруға, алғырлық пен тапқырлыққа баулиды. Соңындағы «жеңіс» - тіреуіштерді қозғалтпай және дистанцияны шауып өтуге аз уақыт жұмсаған жеткіншек-шабандозға беріледі.

Баррелл рейсинг. Алаңға арнайы қойылған бөшкелерді айнала шабу сайысы. Үстіне ұлттық костюм киген Америка ковбойының арасына кеңінен тараған ат ойыны. Ойын мағынасы мынада болып келеді. Ат ойыны өтетін алаңға бірнеше бөшке қойылады. Ойынға қатысушы ковбой, астындағы мініс атының шабысымен, бөшкелерді құлатпай айнала шауып мінсіз өтуі. Баррелл рейсинг – ковбойдың аттың «шабу» аллюріндегі шабысын басқаруға, оның қимыл-қозғалысын бөшкені айналу бағытына пайдалана білуге, ептілік пен

икемділікке үйретеді. «Жеңіс» иегері болып, белгіленген уақыт ішінде, арнайы қойылған бөшкелерді құлатпай өте алған ковбой саналады.

Бөшке қирату. Скандинавия халқының ежелден келе жатқан ат ойыны. Ойынды «бөшкемен» сайысу деп те айта береді. Ойын тәртібі бойынша алаңға биіктігі үш метрге жететін бағанаға кәдуілгі ағаш бөшкелерді іліп қояды. Ойынға қатысушының мақсаты, осы бөшкенің біреуін қайткенде де қирату.

Шабандоз арнайы жасалған шоқпармен қаруланады. Алаңға шауып шыққан шабандоз, қолына ұстаған шоқпармен аттың бар қарқынымен шауып келіп, осы бөшкені қолынағы шоқпарымен салып қалады. Ат үстіндегі шабандоздың бір ұрғанынан-ақ, бөшкеден бір тақтай да аман қалмай бытшыты шығар болса, онда оның «жеңіске» қол жеткізгені.

Букет. Бұл атсайысы Камарга халқының ежелден келе жатқан ойыны. Ат сайысы бұрынғы рыцардың көрермендер арасынан бір «бойжеткен» немесе «эйел» жүрегін жаулап алу үшін болатын ойыны. Сайыс алаңында ойынға қатысушы топ шабандоз жортуылдап ары-бері мініс атымен ойқастай шауып жүреді. Олардың ортасына ойынды «бастаушы» шабандоз жіберіледі. Оның қолында бір «букет» гүл шоғы болады. Ал қалған спортшы-шабандоздар сол букетті бастаушы шабандоздан қайткенде де тартып алуы қажет.

Букет қолына түскен шабандоз, өзінің бар айла-амалын асырып, көрермен арасында отырған және қалаған бір бойжеткенге тарту етеді. Бұл ойын өте құмарлықты атсайысы. Көрермендер трибунасында отырған әр бойжеткен, букет кімге сыйланар екен деп жүректері лүпілдей күтеді. Немесе өзі қалаған шабандоздың букетке ие болғанын шыдамсыздана күтеді. Ал атсайыс соңында букетті «жеңіп» алған ойыншы шабандоз да, оны сыйлық ретінде қабылдаған бойжеткен де көрермендер ризашылығы мен құрметіне бөленеді.

Вестерн. Вестерн – аттың америкалық мәнерлі жүріс өнері. Яғни, ат пен шабандоздың америкалық жүріс өнерінің салтанатты көрсетілімі. Вестерн ат ойыны Америка мен Еуропаның көптеген елінде өткізіледі. Соңғы жылдары вестерн ат ойыны халық арасында кең өріс алуда. Бұл атсайыс ойыны Бүкіл Әлем халықтарына танымал болып келеді. Ат сайысы өзінің орындалу мазмұны жағынан, ат спортының классикалық түріне ұқсайды. Яғни, аттың мәнерлі жүріс өнерінің (выездкаға) бағдарламасына жақын. Бірақ, атсайысы өзіне ғана тән көптеген ерекше элементтерден тұрады. Вестерінші мен аттың түрлі күрделі жаттығуын орындау дайындығын көрсетеді.

Жарыс соңында, бас төреші әр вестеріншінің жинаған ұтыс балының қорытындысын шығарады. Атсайысы – шабандоздың алған орны мен жүлде-сінің берілу «жеңісімен» және көрермен қошаметімен аяқталады.

Да-кю. Япония халқының кең танымал ат ойыны. Ат сайысы бір жағынан баскетбол ойынын, екінші жағынан ат полосын еске салады. Алғашқы ат

сайысы жапондарда 1552 жылдан басталған екен. Ойынға жапондардың XII – XVII ғасырдағы ұлттық костюм үлгісін киген қарсылас екі команда қатысады. Әр команданың өз алаңының шетіне қақпа құрылады. Тормен қоршалған қақпаның ортасына диаметрі 50 см болатын дөңгелек тесігі болады. Доптың диаметрі 10 см-ге жетеді. Шабандоз ұшына сеткалы әмиян тағылған ұзын доптаяқпен қаруланады. Осы доптаяқпен допты қағып алып, қарсылас қақпасына кіргізуге міндетті. Сайыстың ерекшелігі, техникасы жоғары дамыған жапон халқы ойынды тамашалауға көп жиналады. Олардың басым көпшілігі өмірінде тірі жылқы көрмеген бала-шағалар. Ат сайысын бір көрген көрермен, нағыз ат өнерін сүйетін жанкүйер болып шығады.

Джерида. Тунис халқының ат сайысы. Сайыс – тунис тұрғындары арасында жиі өткізіліледі. Аттың адамға соғыс өнеріндегі қаншалықты қажет екендігін халыққа көрсету үшін ұйымдастырылады. Тунис-шабандозын атқа салт мінуге және басқаруға үйретеді. Қолына қару алып елі мен жерін қорғауға дайындайды. Джерида көрермені мен халық арасында қызықты ойын. Танымал ат сайысының өнері. Мұнда екі командаға бөлінген шабандоздар қатысады. Атқа мініп қарсыласымен «соғысқан» ойын түрін көрсетеді. Ойын - қатысушы екі жақтың келісімі бойынша еркін бағдарламада орындалады. Сондықтан қарсыластар бірін-бірі жеңу үшін қандай айла-тәсіл мен қару қолданса да ерікті. Бірақ қару-жарақ түрі екі команда шабандозында да бірдей болады.

Драйвинг. Еуропаның халықаралық атсайысы. Ат спортының ішіндегі бүкіл әлемге тараған танымал түрі. Драйвингте - аттарды экипажға жегу тәсілінің озық жарысы өтеді. Мәселен, аттар экипажға төрттен, екіден және жалғыздан жегіледі. Делбешінің жегіс аттарын басқару шеберлігін көрсететін сайыс. Атсайысы жылқы сүйер қауым мен көрерменге өте қызықты. Кейінгі жылдары драйвингке көрермен қауым арасындағы қызығушылық артып, жыл өткен сайын барлық елге танымал болуда.

Драйвинг – спорттың классикалық, яғни аттың үш сайыс (троеборье) жарысын еске салады. Жарыс – қатарынан үш күн бойы жүргізіледі. Оның бағдарламасы үшке бөлінеді. Бірінші күні көлемі 40x100 метр, қоршалған тегіс көгалды алаңда өткізіледі. Драйверші өз аттарының жегіске үйретілу деңгейін көрсетеді. Қозғалыс үйлесімділігін, аллюрін, шабыс мәнерінің схемасының бейнесі орындалады. Сондағы көрсетілетін жаттығулар: аттардың түрлі аллюрдегі жүрісін ауыстыру, алаңды айнала шабу (вольт), кілт тоқтау, аттарды кейін шегіндіру, қозғалысы (серпантин) және т.с.с. Төрешілер бұл күні – аттардың жаттығуды орындау тазалығын бағалайды. Атты таңдау мен жегілу сәйкестігі, экстерьері мен түр-түсі, құрал-саймандары мен экипажы ескеріледі.

Екінші күні драйвинг «марафоны» деп аталатын даладағы шабыс жарысы ұйымдастырылады. Бұл драйвинг бағдарламасының ең қиын бөлігі. Себебі, мұнда жарыс соңын бағалау қорытындысы айқындалатын күрделі жаттығулар беріледі. Драйвинг жолының дистанциясы – 28,0 км болады.

Жол дистанциясын, әр түрлі кедергіден тұратын бірнеше бөлікке бөледі. Ол – тар қақпа, бұралаң дәліз, бұрылыс, сулы шұңқыр, тосқауыл және т.с.с. кедергілер. Бұл күні төрешілер, кедергіден өту сапасын бағалайды. Орындалу уақыты мен айып ұпайы да есепке алынады. Айып ұпайы оның кешігуіне де беріледі.

Үшінші күнгі жарыс - бірінші күнгі алаңда өткізіледі. Драйвингші - бұл маршрутта жылдамдық шабысына жарысады. Жол бойында – тиіп кетсе тез бұзылатын элементтен құралған тар қақпа мен тосқауылдар орнатылады. Бұл күнгі драйвинг жарысының күрделілігі, ондағы құрылған қақпаның еніне байланысты болып келеді. Себебі, ол одан өтетін экипаждың енінен сәл ғана артық болады. Егер бұл ереже бұзылса онда айып ұпайы салынады.

Жарыс нәтижесі - драйвингшінің жинаған балынан айып ұпайын шегеріп тастағаннан кейін барып айқындалады. Жарыс соңындағы «жеңіс», экипаждың жинаған ұпай санына қарап, оның алған орны бойынша белгіленеді.

Жер өңдеу (атпен). Ат сайысының «жер өңдеу» жарысы Англия елінде өткізіледі. Бұл - жер жырту, өңдеу, тырмалау, арам шөптерден арылту және суғару жұмыстарының ат жарысы. Ат сайысын Англия тұрғындары жыл сайын өткізіп отырады. Мұндағы көзделетін негізгі мақсат, ата-бабаларынан қалған жер өңдеу рәсімдерін ұмытпау. Жергілікті фермерлердің жер өңдеу технологиясының ежелгі тәсілдерін еске түсіру сайысы. Өзінің мініс немесе жұмыс атының сапасын сынау. Оның жұмыс сапасы мен қабілетін көрермендерге көрсету.

Сайыс қорытындысы, жер телімінің көлемін, ат сайысына қатысушы фермердің мейлінше аз уақыт жұмсау нәтижесінде орындауына байланысты анықталады. Мұнда фермердің атқарған жұмысының сапасы да ескеріледі. Осы сынақтан мүдірмей өткен фермерге «жеңіс» лентасы тағылып, көрермендер арасында марапатқа ие болады.

Каухайд. Еуропаның халықаралық ат ойыны. Каухайд – «өгіз терісі» деген мағнаны білдіреді. Салт атты шабандоздың командаға бөлініп қарсыласымен жекпе-жекте ойнайтын ат ойыны. Ойын тәртібі бойынша, аттың қамытын қайыс жіппен (постромка) өгіз терісінің тулағына жалғап қояды. Шабандоз тулақтың үстіне өз адамын отырғызады. Сондағы шабандоздың орындайтын міндеті, берілген уақыт ішінде, сол адам отырған тулақты сөреден – мәреге дейін жеткізу. «Жеңіс» - мәреге қарсыласынан бұрын жеткен командаға беріледі.

Ал турнирдің жеңімпазы болып, бұл ойынға аз уақыт жұмсаған «шабандоз» саналады. Көрерменге бұл сайыс өте қызғылықты. Олар жеңімпазға қошамет көрсетеді. Мұнда әр шабандоз, жылдамдығы мен ептілігін, жақтасымен бірлесе қимылдауы мен ұйымшылдығын көрсетеді.

Корзина (латвия). Ат ойыны – корзина немесе латвия корзинасы деп аталады. Прибалтиканың жергілікті халқының арасында ғана танымал. Жас

қыз балалардың атқа жайдақ мініп шабу өнері. Атқа жайдақ мінген жас өспірім қыздардың, от қойылған немесе басқа да әр түрлі кедергіден қарғу шеберлігі.

Ат сайысы көбіне жылқы өсірумен айналысатын шаруашылықта ұйымдастырылады. Ат жарысына қыз балалар арнайы дайындалады. Мініс атын сайлап арнайы жаттығады. Ат сайысында жеңген қыздың есімі бүкіл аймаққа тарайды. Сөйтіп бозбалалардың назарына ілігеді.

Коррида. Коррида – шабандоздың «бұқашықпен» сайысы. Португалия мен Испанияда, өнер туындысы рангасының қатарына қойылады. Коррида - тореадордың қоғамдық өмірінде үлкен рөл атқарады. Ат ойынындағы негізгі қатысушы – жылқы.

Коррида бұрындары аристократ-ақсүйектердің көңіл көтеретін ат сайысы болған. Сайыстың ашылу салтанатында, португалдық және испандық тореадорлар, алаң ортасындағы бұқашықты «ызаландыру» мақсатында оны айнала шауып жүреді.

Португалдық шабандоз ат үстінен жерге түспейді. Португалдық тореадордың мақсаты, әбден ызаланып бар ашу-ызасына мінген «бұқашықтан» бар айла-амалын тауып қашып құтылу. Испандықтар бұған қосымша «бұқашықты» сүңгімен түйреу нәтижесінде болдыртып құлатады.

Коррида - португалдық тореадорға өз атының таланты мен батылдығын көрерменге көрсетуге мүмкіншілік береді. Ал, испандықтар бұқашықты қолындағы сүңгісімен түйреп өлтіруге тырысады. Бұл испан корридасының қалыптасқан өзіндік дәстүрлі қағидасы мен ұлттық дәстүрі. Португалдықтар мен испандықтар корридаға өздерінің андалуз және лузитано тұқымындағы жылқыларын пайдаланады. Бұлар коррида ат сайыс аренасына лайықты ең тамаша жылқылар. Коррида сайысында португалдық және испандық тореадорлар өз мінген атының әбзелі мен құрал-сайманына, ұлттық костюмі мен оның сән-салтанатына зор көңіл бөледі.

Музыкалы орындық. Еуропаның халықаралық ат ойыны. Ойынның музыкалық орындық деп аталатын қызықты сайысы. Сайыс орыс халқының «стойло» деп аталатын ат ойынын еске салады. Ойынның ерекшелігі оның музыка әуенінің сүйемелдеуімен орындалуында. Және өзінің ұйымдастыру ерекшелігіне байланысты. Мәселен, ойын өтетін алаң ортасына, қалада - орындықтар қойылады. Ал ауылдық жерде өткізілетін болса, онда орындықтың орнына байланған сабан бауы пайдаланылады. Ойын арнайы жабдықталған алаңда жүргізіледі. Ат сайысы өтетін ойын алаңын жабдықтау қиын емес. Ойын өтетін алаң әр түстегі тіреуіш, бөшке мен жеңіл пластмассадан жасалған ыдыстармен қоршалып тұрады. Ойын алаңына, қатысушылар санынан бір санға кем орындықтар немесе байланған сабан бауы қойылады.

Төреші белгісінен кейін музыка әуені ойналады. Ойынға қатысушы шабандоздар алаңда айнала шауып жүреді. Әуен тоқтасымен шабандоздар аттан қарғып түсіп, орындықтың немесе байланған сабан бауының біріне отыра қалуы керек. Орын жетпей қалған спортшы-шабандоз ойыннан

шығарылып отырады. Музыка әуені қайтадан қойылады. Шабандоздар аттарына қарғып мініп, алаңда тағы да айнала шауып жүреді. Соңғы шабандоз қалғанша, ойын осылай өз ретімен жалғаса береді. «*Жеңімпаз*» болып, сол соңғы орындыққа отыру дәрежесіне ие болған шабандоз саналады.

Паддок-поло. Еуропаның халықаралық ат ойыны. Поло - ат сайысы ішіндегі ұйымдастыру жұмысы күрделі түрі. Полоның көрерменге қызықтылығы жағынан соған тұрарлық. Паддок-полоны ойлап табушылар «*поло*» ойынының осы жағын ескерген. Ойын тәртібі де «*поло*» ат сайыс ережесі тәрізді қатал болып келеді. Бірақ паддок-полоның одан біраз ерекшеліктері бар. Ол ойнайтын добының мөлшері. Мұндағы доп үлкендеу етіліп резинадан жасалады. Және ойынға қатысушы команда құрамы да үш қана шабандоздан тұрады. Ойын «*полоға*» қарағанда шағын алаңда жүргізіледі. Оның жүргізілу тәртібі де алаңның шағын көлеміне сәйкес жасалған.

Паддок-поло ат ойынын ұйымдастыру үшін алдымен бос алаң болу қажет. Осы алаңды сайыс тәртібінің сұранысына байланысты қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді. Алаңда әр командаға арнап қақпа құрылады. Доп ұратын таяқшасы немесе клюшкасы да қарапайым. Ат сайысында жылқыға онша ауырлық түспейді. Атқа мінген шабандоздың ептілігі мен алғырлығына ғана байланысты. Сондықтан ат сайысы - қатысушы шабандоздың шеберлігін анық айқындайды. Соңындағы «*жеңіс*» қабілетін көрерменге көрсете алған және тиіп кетсең «*секеңдей-секіріп*» тұрған резеңке допты, доптаяқпен қарсылас қақпасына мейлінше көбірек кіргізген командаға беріледі.

Палео. Италиядағы Сиена қала тұрғындарының сүйіп ойнайтын ат сайысы. Палео - атқа жайдақ мінген шабандоздың қала көшесіндегі қарқынды шабысы. Ат сайысы жылына екі рет, яғни шілде мен тамыз айында өткізіліп тұрады. Ойынның қауіптілігіне қарамастан, қала тұрғындары бұл сайысқа жыл бойы дайындалады. Өткізілетін мерзімін тағатсыздана күтеді. Оған қатысатын шабандоз бен шабыс атын дайындайды. Сиена қаласының әр көше тұрғындары сайысқа бір ат пен бір шабандоз ұсынады. Жалаң асфальт үстінде өтетін ат сайысында әр түрлі жағдайлар болады. Мәселен, мұндағы ат та, шабандоз да асфальт үстінде құлауы немесе мертігуі де мүмкін. Бірақ «*жеңіске*» - деген құлшыныс пен үміт, бұған қосымша құмарлық береді. Және «*Палео Сиена*» сайысының даңқы мен кең танымалдығы, бұл қауіп сезімін жеңіп кетеді.

Парфорс (аңшылығы). Бұл аңшылық саятын құру сән-салтанаты мен тамаша көрсетілімін көрсететін атсайысымен Англия елінде айналысады. Өзінің ұйымдастырудағы көрсетілімі жағынан өте әсерлі және салтанатты көрініс. Үстеріне арнайы үлгіде бәріне бірдей тігілген костюм киген әйелеркегі аралас топ салт аттылардың табиғат аясында жүргізілетін шабыс сайысы. Мұндай аңшылық өткізілетін дистанция жолының қашықтығы - 35,0 км.

Бұл аңшылық сайысы үш тәсілге бөлінеді. Парфорс аңшылығының біріншісіне иісшіл иттер қатыспайды. Салт атты аңшылар «*түлкіні*» өз

бетінше қуады. Қуып жеткен соң, оның құйрығынан ұстауға тырысады. Екіншісі «*тартқылау*» деп аталады. Мұнда түлкі ізіне арнайы дайындалған иісшіл иттерді салады. Із кескен иттердің соңынан топ салт аттылар бірінен бірі оза шауып немесе бірін-бірі баса озып аң аулауға шығады.

Пато. Аргентина халқының ежелден келе жатқан қызықты ат ойыны. Баскетбол ойынын еске салады. Тек ойыншылар атқа салт мініп қатысады. Колумбия мен Оңтүстік-Америка елдеріне де танымал. Алғашқы пато ойыны ашық алаңда жүргізілген. Алаң ортасына екі немесе төрт команда шабандоздары шығарылған. Әр команданың өзінің жеке мәресі мен сөресі болады. Сондағы команда шабандоздарының алатын ұтысы - «*үйрек*».

Пато - испан тілінде «*үйрек*» деген мағынаны білдіреді. Сол үйректі арнайы дайындалған қапқа салып қойған және оның аузы байланған. Оған команда шабандоздарының санына байланысты ұзын арқан жіп тағылады. Ойын басталар алдында, барлық команда мүшелері алаң ортасына шығып, ат басын өз мәресіне қарай бұрып тұра қалады. Олар қап жібінің ұшын ұстаған қолдарын жоғары көтеріп тұрады. Төреші белгі берісімен, қолына ұстаған жіп ұшын өзіне қарай жұлқи тартады. Қай команда шабандозы қапқа ие болса, солар өз мәресіне қарай шаба жөнеледі. Мақсаты – қуғыншыларға жеткізбей, үйрек салған қапты өз мәресіне жеткізу. Қалған команда шабандоздары «*олжаны*» тартып алу үшін оның артынан тұра қуады. Ойын соңы ешқашан ұрыс-керіссіз бітпеген. Сондықтан бұл ойынға сол кездері тиым салынған.

XX ғасырдың жетпісінші жылы, бұл атсайысының «*пато*» ойынына біраз өзгерістер енгізіліп, жаңарған күйінде қайтадан өмірге келген. Енді пато тірі «*үйрек*» емес, оны теріден жасалған алты құлақты доппен алмастырған. Мұның енді Еуропа елінде ойналатын «*хорсбол*» ат сайысына ұқсастығы бар. Қазіргі ойналатын патоға төрт шабандоздан құрылған екі команда шабандоздары қатысады. Оның үшеуі «*шабуылшы*», ал біреуі - «*қорғаушы*». Бірақ ол да шабуылға қатысады. Ойын алты кезеңге бөлінеді, оның әр қайсысының ұзақтығы сегіз минут. Әр кезең арасында бес минуттан үзіліс беріледі.

Өткізу **тәртібі бойынша ойын тегіс көгалды алаңда** өткізіледі. Алаңның ұзындығы 200 метрді, ал ені 90 метрді құрайды. Алаң ортасына ара қашықтығы 4,0 метр, ал ұзындығы 6,0 метр болатын екі қатар шек сызығы сызылады. Әр командаға алаң ортасына тор ілінген ағаш столб орнатылады. Ағаш столбтың биіктігі - 2,7 метр, ал тор бекітілген темір сақинаның диаметрі -1 метр. Әр ойыншы шабандоз кем дегенде қосымша үш-төрт аттан дайындауы қажет.

Ойын басталар алдында қарсылас екі команданың үш шабуылшысы біріне-бірі қарама-қарсы сапқа тұрады. Ал «*қорғаушы*» олардың артына орналасады. Арбитор патоны екі команда ортасына қарай жоғары лақтырады. Патоны қағып алған ойыншы, допты қарсылас торына бірден ала шаппай, оны келесі ойыншыға лақтыруы тиіс. Ойыншылар патоны бір-біріне лақтыра

отырып, қарсылас торына допты енгізуі қажет. Шабандоздарға ат басын оңды-солды бұра беруге рұқсат беріледі. Ат шылбырын сол, ал допты оң қолымен ұстайды. Ойыншы құлаған допты жерден көтеру немесе қарсыласынан тартып алу үшін, аттың тек оң жақ қапталынан келуге тиіс. Доп ұстаған қолы әрдайым жоғары созылып тұруы қажет. Қолын бұгуге, оңды-солды бұруға болмайды.

Ойын тәртібі бұзылған жағдайда пато қарсыласқа беріледі. Оған айып добы салынады. «Аут» болса, допты сол жерден арбитр тағы да қарсылас жағына қарай лақтырады. Ойыншы батылдық пен ептіліктен басқа, ерде мығым отыруы, шауып жүрген ат үстінде допты түсірмей қағып немесе жерден іліп алуы керек. Және мергендік пен командаласын қалтқысыз түсінуді қажет етеді. Шабандоз нағыз баскетболист тәрізді ойын техникасы мен шабуыл комбинациясын жете меңгеруі қажет. Қарсылас торына қай команда шабандоздары патоны көп түсірсе, онда «жеңіс» сол командаға беріледі. Ойынға бойы орта (шоқтық биіктігі 154,0-158,0 см) болатын жылқы пайдаланылады. Ол тез қозғалатын, жігерлі және ойнақы, иесінің іс-әрекеті мен оның қимылына сезімтал, бірақ өте қайратты әрі қарқынды болғаны жөн.

Поло (ат полосы). Поло – спорт королі. Ат полосы – Еуропаның халықаралық ат ойыны ішіндегі ең танымалы. Ұл атсайыс ойыны өте әсерлі және қызықты түрі. Әлемдегі ежелгі атсайысы болып саналады. Ойын алғашында Персияда шығарылған. Содан Еуропа мен Азия және басқа да контингентерге тараған. Кейбір мәліметке сүйенсек, ат полосының бір түрі, бұдан да бұрын Қытай, Тибет, Монғолия және Жапон елінде де ойналған екен.

Поло – ертедегі аристократ-ақсүйектердің көңіл көтеретін ермек ойыны болған. Атсайыс ойыны - шабандоздың атқа мығым отыру мен басқару шеберлігіне үйретеді. Қолына қару ұстауға, қылышпен сайысу және батыл болуға дайындайды. Немесе соның жаттықтыру тәсілінің бірі болып саналады.

Әдеби дерегіне сүйенсек, мұсылмандар бұл ойынды Индияны жаулап алу барысында Азия елдеріне әкелген. Ат полосы – Индияда сол алғашқы қалпында сақталған. Британдықтар ойынды Азия елдерінен өздеріне қабылдаған. Бірақ оның орындалу тәртібі мен ережесі ортақ стандартқа келтірілген. Поло ат сайысы Америка, Аргентина және Мексика елдеріне ХІХ ғасырдың соңында тараған. Алғашында ат полосы жабық манежда өткізілген. Көрерменге қызықты болуы себепті, ашық алаңда ойнауға ауысқан. Полоның алғашқы халақаралық сайысы 1886 жылы Англия мен Америка елдерінің арасында өткен. Содан бұл сайысқа Индия, Австралия, Аргентина және басқа да елдер қатыса бастаған.

Ат полосы командаға бөлініп ойналады. Оның жүргізілу ережесі мен орындалу тәртібі күрделі әрі қарапайым. Атқа мінген спортшылардың екі командасы, өз қарсылас қақпасына допты кіргізуге тырысады. Ат ойыны, көгалды немесе қарлы тегіс алаңда жүргізіле береді. Яғни табиғаттың барлық кезеңінде де қол жетімді. Нақтылы айтқанда, поло алаңының ұзындығы

- 274 метр (300 ярд). Ені – 227 метрден (250 ярд) кем емес. Қақпаның ені - 7,3 метр (8 ярд), ал биіктігі - 3,0 метр (10 фут). Доп талдан немесе бамбук тамырынан жасалады. Доптың диаметрі 8 см, салмағы 120-130 грамм болады. Доп ұратын таяқша (клюшка) тростниктен, шетеннен (ясен) немесе бамбуктен жасалады. Оның ұзындығы 120-130 см. Англияда клюшканы «поло-стек» деп атайды. Америкада клюшканың орнына ағаштан жасалған сабы ұзын балға қолданады.

Алғашында атсайыс ойынына қатысушы команда құрамы тоғыз салт аттыдан құралған. Кейіндері барып ол жеті шабандозға қысқарған. Қазіргі кездегі ат полосының команда мүшелері төрт спортшы-шабандоздан тұрады. Команда мүшелері келесі тәртіппен бөлінеді. Шабуылшы форвард – екеу, олар 1 және 2-нөмірде ойынға қатысады. Ортаңғы ойыншы біреу, ол 3-нөмірде ойнайды. Ал қорғаушы немесе голкипер (қақпашы) - 4-нөмірде қатысады.

Поло матчы – бес немесе сегіз кезеңге бөлінеді. Оның әр кезеңін «шукка» деп айтады. Әр «шукканың» ұзақтығы жеті минут отыз секундқа созылады. Арасында бес минуттан үзіліс беріледі. Кезеңнен-кезеңге өткен сайын, команданың ойын орны мен қақпасы ауыстырылып тұрады.

Поло ойыны жоғары қарқында өтеді. Өзіне шабандоздың сайыс комбинациясының көптеген кезеңін біріктіреді. Спортшы мен жылқы, қосымша қорғаныс құрал-сайманмен қамтамасыз етіледі. Шабандоздың қосымша 1-2 мініс аты болады. Ат полосы – батылдық пен ептіліктен басқа, ерде мығым отыруды, допты дәлдеп ұруды қажет етеді. Командаластар бірін-бірі қалтқысыз түсінуі керек. Қатысушы ойын техникасын жете меңгеруі тиіс. Ұтымды шабуыл комбинациясын құра білуі қажет. Ойынға онша ірі немесе бойшаң емес (шоқтық биіктігі 152,0-154,0 см) жылқысы пайдаланылады. Ол қарқынды, тез қозғалатын, жігерлі әрі ойнақы, сезімтал жуас жануар болуы қажет. Қай команда – қарсылас қақпасына допты көп кіргізсе, онда «жеңіс» тұғырын сол команда алады. Ат полосы халықаралық аренаға шыққанымен, әр елдің өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығы кездеседі. Ат полосы – Орта Азия мен елдерін мен Кавказдық тау халықтарының арасында «човган» деген атымен танымал және барлық елдерге әйгілі.

Почта (венгер). Венгрияда кеңінен тараған ат сайысы. Жылқы адам баласына тек көмекші ғана емес. Мереке-мейрамда демалуы мен көңіл көтеруге қатысады. Соның бірі камаргскі сайысы – венгерлік почта ойыны. Ат ойыны жер иеленуші немесе әскерилер арасынан шықса керек. Ат сайысын көбінесе каскадерлар сүйіп орындайды.

Сондағы ат сайысының мағнасы мынада. Каскадер-шабандоз бір аттың үстінде түрегеп тұрады, оның қолында 4-5 аттың делбесі бар. Осы делбені пайдалану нәтижесінде, қалған аттардың барлығының жүрісін басқару тиіс. Яғни парлап жегілген бес аттың шабысын ат үстінде тұрып басқару. Бұған шабандоздың өзі ат үстінде тұру, басқа аттарды басқару шеберлігі мен жақсы дайындығы қажет. Атсайыс ойынының соңында каскадер-шабандоздың, бұл

өнерді меңгеру дайындығы мен оның орындалу деңгейінің тазалығына байланысты «жеңімпазы» да айқындалады.

При купль. Франция халқының ат ойыны. При купль – бұл француз тілінен аударғанда «*priz – приз яғни жүлде, couple - жұп*» деген мағынаны білдіреді. Өз аты айтып тұрғандай, ат сайысына жұптасып қатысатын ойын. Яғни ат сайысына қатысушының біреу ер адам, ал екіншісі әйел болуға тиіс. Жұп ерлі-зайыптыдан, ағасы мен қарындасынан немесе керісінше бола береді. При - купль ат сайысының екі түрі бар. Біріншісінде - жұптар кедергілерден біріге қарғулары қажет. Екіншісі – шабандоздың жұптасын орындайтын жылқының түрлі аллюрдегі мәнерлі жүріс өнерін көрсетудің әсерлі қойылымы.

Қойылымның сапасын арттырып, ат сайысын көрерменге қызықты етіп көрсету үшін, бұған қосымша атқа мінудің мәнерлі жүріс (выездка) өнері де кіргізіледі. Мұнда аттың мәнерлі жүріс өнерінің шебер спортшыдері, арнайы таңдап алынған музыка әуенінің сүйемелдеуімен «*па-де-де*» ерікті бағдарлама қойылымы көрсетіледі. Бұл бағдарламаны «*унисон*» деп атайды. Жүріс композициясы құрылымы мен музыка әуенінің үйлесімділігінен, ат сайысы көрерменіне әсерлі және қызықты тамаша көрсетілім.

Ат сайысына қатысушы әр жұптың, бір жағынын конкуррист, ал екінші жағынан атқа міну өнерінің жоғары мектебін меңгерген шебер спортшыі болуға тиіс. Сайыс соңында, бас төреші әр жұптың жинаған ұтыс балы мен айып балының қорытындысын шығарады. При - купль өнерінің жарысы, әр жұптың алған ұтыс орны (1-ші, 2-ші, 3-ші) мен арнайы бөлінген «*жеңіс*» - жүлдесінің берілумен аяқталады.

Пугибол. Еуропа еліне ғана тараған атсайыс ойыны. Атқа салт мініп ойналатын өзіндік ершелігі бар футбол ойынының бір түрі. Бірақ мұндағы ойынға тек пони (тапал) жылқылары қатысады. Атсайысында пони жылқысы «*алып*» допты тек өзінің кеудесімен итеру нәтижесінде қарсылас командасының қақпасына кіргізуі тиіс.

Атсайысы көрермендердің тамашалауына өте қызықты. Өзінің көрермендерін қыран-топан күлкіге қарық қылатын ойын. Егер бұл атсайыс ойынының мән-мағнасын көз алдына елестеткенде - өте қызықты. Себебі өзінің тапал бойымен бірдей «*алып*» допты, кеудесімен итеру үшін пони да, оған мінген және әрі аяқтары жерге тиіп жүрген салт аттылар да, «*алып*» доп та, алаң ортасында шым-шытырақай болып араласып кетеді.

Пугибол атсайыс ойыны кәдімгі футбол мен ат пушболы тәрізді команда шабандоздарының арасында жүргізіледі. Орындалатын ойын тәртібі де соларға ұқсас болып келеді. Допты итеру тек понидың көмегімен атқарылады. Шабандозға алып допты қолымен немесе аяғымен қозғауға тиым салынады. Ат сайысында қай команда шабандоздары понидың көмегімен қарсылас қақпасына алып допты көп кіргізсе, онда сол команда шабандоздары «*жеңіске*» жетеді.

Пушбол. Пушбол – Еуропа елдеріне кеңінен танымал атсайыс ойыны. Бұл - атқа салт мініп ойналатын өзіндік нақышы бар футбол ойыны. Ойын алғаш рет Венгрияда, яғни оның шығысындағы Пуште аймағында шығарылған. Ат сайысының футбол ойынына ұқсастығы мен көрерменге қызықты болуы себепті, әлем аренасына шығарылған. Сондықтан пушбол ат сайысы халықтар арасына біраз танымал болған ат ойыны. Бірақ, кәдімгі ойналатын футбол ойынына қарағанда, мұндағы алаңның көлемі біршама үлкен және қақпаның ені 8 метрге дейін жетеді. Доптың диаметрі 120 см және салмағы 20,0-30,0 кг. Немесе оның ішіне бір адам түгелімен сиып кетеді. Футбол ойыны тәрізді пушболда да екі команда ойнайды. Әр команда құрамында алты-сегіз шабандоз болады. Олар бір қақпашы, екі-үш қорғаушы және үш-төрт шабуылшыдан тұрады. Допты итеру тек аттың көмегімен атқарылады. Шабандозға допты қолымен немесе аяғымен қозғауға болмайды. Пушбол ойына екі таймда ойналады. Әр таймның ұзақтылығы 10 минут. Арасында 15 минутқа үзіліс беріледі.

Атсайысына қатысушы спортшы-шабандоздар ойын алаңында шахмат тәртібімен орналасады. Төрешінің берген белгісінен кейін, шабандоздар ойын алаңының ортасында тұрған алып допқа қарай мініс аттарының бар екпінімен лап қояды. Бір команданың шабуылшысы доппен айып алаңына өтіп кетсе, қарсы команданың шабуылшы шабандоздары тұрып қалады. Олар өз қорғаушыларына көмектесуге құқы жоқ. Енді қақпаны екі қорғаушы мен қақпашының ғана қорғауға тиіс. Ойынның тағы бір ерекшелігі осында.

Егер қорғаушы допты шабуылшыдан тартып алып өз шабуылшысына жеткізе алса, онда ойын ары қарай жалғаса береді. Қалған ойын тәртібі тура футбол ойынындағыдай. Шабуылшылар алып допты қарсылас қақпасына кіргізген жағдайда, ойын алаң ортасынан қайтадан басталады. Доп ойын алаңынан шығып қалса, онда «аут» болып саналады. Онда доп сол қиылыстан ойынға қайтадан беріледі. Қай команда шабандоздары аттың көмегімен қарсылас қақпасына алып допты көп кіргізсе, онда «жеңіс» тұғыры сол командаға яғни жеңімпаз пушболшы-шабандоздарға бұйырады.

Райд энд тай. Атсайыс ойыны Еуропа еліне Америкадан келген. Өз заманында халықтар арасында өте танымал болған атсайыс ойыны. Бірақ кейінгі кездері көрермен арасында өзінің танымалдығын жоғалта бастаған сыңайы бар. Ойынды ұйымдастырушылар алғашында тапал жылқы «пони-қызыметінің» атақты почталық техникасының жетістігіне сүйенсе керек.

Атсайыс ойыны ХІХ ғасырда Америка еліндегі халық арасында өте жақсы танымал болған. Атсайысының эстафедасына бірнеше команда ойыншы шабандоздар қатысады. Әр команда мүшелері екі шабандоздан және бір жылқыдан құралады. Команданың өтер жолының дистанциясы 26,0-52,0 км-ге дейін жетеді. Ал атсайысының жүргізілу тәртібі келесідей өрбиді.

Команданың бір шабандозы атқа мінеді, ал екіншісі қасында бірге жүгіріп отырады. Бірнеше шақырым дистанция жолын өткен соң, шабандоздар өз рөлін ауыстырады. Енді екінші шабандоз атқа мінеді, ал бірінші

шабандоз олармен қатарласа немесе соңында жүгіріп отырады. Қажетті дистанция жолын атқа мінген шабандоз шауып, ал жаяу шабандоз жүгіріп өткенше, атсайыс ойыны осы кезекпен жалғаса береді. Ойын соңы команда мүшелерінің, ат пен екі шабандоздың берілген қашықтықты жүріп өткен жылдамдығына байланысты орын берумен аяқталады. «*Жеңіс*» - ат сайысында ең жоғарғы қарқындылық көрсете алған командаға немесе оның мүшелеріне, яғни ат пен екі шабандозға беріледі.

Родео. Америка ковбойының әлемге танымал ежелден келе жатқан атсайыс өнері. Оңтүстік Америкада ковбойды «*гаучо*» деп те атайды. Родео - жүргізу тәртібінің өзіндік виртуоздылық сипатымен ерекшеленеді. Ат сайысының негізгі мақсаты - ковбойдың асау жылқыны бас білдіруі және бастықтыру шеберлігінің көрсетілімі. Және ірі қара мал - «*бұқашықты*» құрықтау мен тұзақтау өнерімен де тікелей байланысты. Ал шындығына келер болсақ, родеоға арналған жылқы жабайы емес. Керісінше, өте тәжірибелі қиқар асаудың нағыз өзі. Себебі, аттың қытығын келтіретін жері, оның шабын арқанмен тартып қояды. Бұған шыдамаған асау жылқы жаны шыға тулағанда, оның үстінде бір минут та шыдап отыру қиынға соғады. Мұндағы ойынның қауіптілігіне қарамастан, ковбойдың асау немесе жабайы жылқының «*жеңу*» құштарлығы басым болады.

Сонымен бірге ковбойлар, шалма тастау (лассо) техникасы мен бұқашықты құрықтау және тұзақтау өнерін де жете меңгеруі тиіс. Америка ковбойының родеодағы шеберлігінің көрсетілімі, көрерменін өз өнеріне тәнті етеді, әсерлі әрі тамаша көрініс. Родеоның қойылымы көрерменнің қызығушылығын туғызады. Мәселен, Америкадағы Вирджиния мен Каролина штатында родеоға қосымша «*аттың жіптен секіру*» сайысы өткізіледі. Екі салт атты шауып бара жатып, қолдарындағы жіпті екі ұшынан айналдырып отырады. Ал үшінші салт атты шабандоз осы жіптен секіре шабуы тиіс. Родео сайысындағы «*жеңіс*» - оның бағдарламасын тамаша және таза орындаған тәжірибелі ковбойға бұйырады.

Роза. Еуропа ат ойынының ішінде салт аттының қарсыласына қарсы тұру шабытын тудыратын және бойын қыздыратын ат сайысы. Мұнда шабандоздың орындайтын іс-әрекеті көрерменнің жылқыға деген нәзік сезімін оятады. Роза - ойыны трибунада отырған ер-азаматты да әйелді де, тіптен барлық көрерменін өзіне тәнті етеді. Ат ойыны өзінің қызықты әрі сәнді қойылымының көрсетілімен ерекшеленеді. Алаң ортасына төрт шабандоз сері жігіттер шығады. Ойынға қатысушы шабандоздың біреуінің қанжығасында роза гүлдері салынған қорапша (бутоньерка) ілулі тұрады. Қалған үш шабандоз бұл ойында «*қуғыншылар*» рөлін атқарады. Олардың міндеті, қайткенде де «*бутоньерка*» тасушы серіні қуып жету. Одан роза гүлін барынша көп тартып алу әрі жинау. Ойын «*бутоньеркадағы*» роза гүлдері түгел таусылғанша жалғаса береді.

Ат сайысында, «*бутоньерка*» тасушы сері-шабандоздың, өзінің тапқырлығы мен айла-амалын ұтымды қолдану нәтижесінде, қуғыншыларына

бірде-бір роза гүлін алғызбай сан соқтыруы да болып тұрады. Мұндағы сайыс барысындағы «жеңіс» - шабандоздың жинаған роза гүлінің санына байланысты немесе көбірек жинаған сері-шабандозға беріледі. Сонымен бірге ойынға қатысушы серілердің киген костюмі, мініс аттарының қимыл-қозғалысы, әсемдігі мен кербездігі және ат-әбзелдерінің сән-салтанаты де ескеріледі.

Скоринг (ски-джоринг). Скоринг (*skijoring* - норвеждік тілінде) немесе ат-шаңғы сайысының жарысы. Қыс мезгілінде өткізілетін ат-шаңғы сайысы. Норвегия халқының арасында ғана кең танымал. Ойынының ерекшелігі аяғына шаңғы байлаған спортшыді бар қарқынымен шапқан аттың сүйреуі. Шаңғы жарысы Альпі таулы аймағында да жиі ұйымдастырылады (ски - джоринг).

Ат-шаңғы сайысының екі түрі бар. Біріншісі – ойынға қатысушыны яғни аяғына шаңғы байлаған адамды, атқа мінген басқа шабандоз сүйрейді. Екіншісі – шаңғышыны аттың өзі сүйрейді. Мұнда скорингшінің өзі шабыс атын, оның ұзын делбесімен басқарып отырады. Скорингші – шаңғы үстінде тепе-теңдігін сақтай білетін нағыз шебер-спортшы болуға тиіс. Аттың бұл жарысқа жақсы дайындығы мен қарқынды болғаны жөн. Сайыстың екі түрінде де, жарыстың «жеңімпазы» болып, мәреге жығылмай бірінші жеткен шаңғылы спортшы-шабандоз саналады.

Тент-пегги. Тент-пегги деп аталатын ат сайысы, Еуропа елдері мен бүкіл әлемге танымал. Ойынның мағнасы бойынша, найза немесе қылышпен қаруланған шабандоз, жолына қойылған нысананы яғни қалқаншаны түйреуі тиіс. Және осы нысананы қарудың ұшымен мәреге өзімен бірге алып келуге міндетті. Міне, осы нысана қалқанша - «пегги» деп аталады. Тент-пеггидің кеңінен таралуына байланысты, ат сайысы халықаралық жарыс аренасына шығарылған.

Сайысқа жеке шабандоз (ерлер де әйелдер де) немесе арнайы құрылған команда шабандоздары қатыса алады. Егер ойын жеке сынақта өтсе, ойынға қатысушы санына шек қойылмайды. Ал команда арасында жүргізілсе, онда оның құрамы алдын-ала анықталуға тиіс болады.

Әр ойыншыға «пеггиге» төрт рет шауып келуге рұқсат беріледі. Оның екеуі көлемі үлкендеу нысананы түйреу үшін өткізіледі. Мұндағы қалқанша ені – 6,0 метр. Екеуі кіші нысананы, мұндағы қалқанша ені - 3,0 болады. Биіктігі екі жағдайда да 34-35 см.

Қалқанша жұқа ағаш-фанерден жасалады. Оның қалыңдығы 2,5 см-ден аспайды. Қалқанша беті міндетті түрде ашық бояумен боялады. Себебі, ойыншының көрсетілім кезіндегі найзамен түйреп тигізген орны анық көрінуі тиіс. Спортшы-шабандоздың атының қарқындылығы минутына 750 см. Сондағы дистанциясының ара қашықтығы 100 метрден кем болмауға тиіс. Нысаналар сөреден 70 метр жерден бастап құрылады.

Ойын барысындағы шабандоздың көрсетілімі, оның суық қаруын нысанаға тигізу сапасы үшін берілген балымен бағаланады. Мініс атының

қарқындылығы, иесіне бағынуы, нысананы түйреу реакциясы есепке алынады. Мәселен, шабандоз пеггиді найзасымен түйреп оны мәреге алып келсе, онда ол ең жоғарғы - 6 балл алады. Пеггиді түйресе бірақ құлатып алса және оны мәреге әкелмесе - 4 балл, нысанаға тигізсе бірақ тесе алмаса - 2 балл беріледі. Мұның бірінде орындай алмаған жағдайда - 0 балл қойылады. Ат сайысындағы «*жеңіс*» - ойын барысында ең көп балл жинаған шабандозға беріледі.

Фантазия. Марокка елінің сүйіп ойнайтын ат сайыс ойыны. Фантазия атсайыс ойыны - көңілді әрі өзіне көрермен қызығушылығын арттыратын құмарлықты ат ойыны. Бұрынғы марокка халқының жаугершілік заманындағы ерліктерін еске түсіреді. Ойын барысында салт атты мароккалықтар өзінің қаруындағы соңғы оғына дейін атып тауысуы қажет. «*Фантазия*» – марокка шабандозының мініс атының шабыстағы ұшқырлығы мен қару ұстау мен оны пайдалану шеберлігінің көрсетілімі. Сонымен бірге ат әбзелдері мен сауыт-сайманының сән-салтанаты мен әсерлі үлгісін көрермендерге тамашалату қойылымының көрсетілімі.

Бұл көрермендер отырған палатқа қарай құйындата шабатын әсерлі көрініс. Ат ойынының алғашқы мақсаты, мароккалықтың өз қаруын меңгеруі мен атқа мығым отырудағы сайыс өнерінің өзіне тән ерекшелігін көрсететін қойылымы болған. Сәйгүлікке мінген ер-жүрек мароккалықтың, қолындағы мылтығын жолай оқтап немесе оғын ауыстыра отырып, тарсылдата атып, әскери ұран тастай қиқулай шапқан іс. Фантазия ат ойыны - марокка шабандоздарының қиқулай ұрандата айғайлауына, қаруымен жоғары қарай тарс-тұрс атуға жағдай жасайды. Сонымен бірге көрерменін таңқалдыра, олардың алдарынан атпен құйындата-қиқулай айғайлап, аттың бар шабысымен өтуге мүмкіндік береді.

Мароккалық шабандоздар өзінің киетін ұлттық нақыштағы костюміне ерекше назар аударады. Мініс атының әбзеліне, ер-тоқымы мен құрал-сайманының әсемдігі мен сән-салтанатына көп көңіл бөледі. Бұл бір тамаша әрі бой шымырлатар және көңіл толқытар әсерлі көрініс. Фантазия – ат сайыс ойынын нағыз фольклорлық ұлттық нақыштағы мейрамға айналдырады. Марокканың «*Фантазия*» ат сайысының қойылымын көруге, жыл сайын барлық елдің жылқы өнері мен оның сайысын тамашалайтын туристер жиналады.

Фриз (жылқы конкурсы). Нидерландияның солтүстік бөлігінде, яғни Фрисландияда арнайы ұйымдастырылатын жылқы конкурсы. Жылқы конкурсы 5-6 жылда бір рет өткізіліп тұрады. Фриз жылқысы – Фрисландияның ұлттық мақтанышы. Жылқының түр-түсі көмірдей қап-қара, оның аяқтарының фризсы жеңіл «*желіс*» аллюріне өте ыңғайлы. Бұл конкурста – жюри мүшелері Фрисландияда өсірілетін фриз жылқысының барлығын бағалап шығады. Конкурс соңында арнайы дайындалған ат ойындары өткізіледі. Яғни «*ат кадрили*» мен жегіс аттарының сайысының қойылымы көрсетіледі.

Ат кадрилінде – үстіне ұлттық костюм киген, бірыңғай қара түсті фриз аттарына мінген бозбалалар мен бойжеткендер алаңға шығады. Олар аттың мәнерлеп жүру өнерінің қойылымын көрсетеді. Ал, жегіс атының сайысында жұптап жегілген фриз жылқылары сыналады. Жұптап жегілген сайысқа қатысушының біреуі ер адам, екіншісі әйел болуға тиіс. Мұнда көбінесе бір жанұя мүшелері қатысады. Олар ерлі-зайыптылар жұбы немесе ағасы мен қарындасы (керісінше де болады). Фриз жылқылары пәуескеге жұпталып жегіледі. Делбеші аттарды бар қарқынымен айдап отырады. Олар жол бойында тұрған және ұшына сақина ілінген бағандарды айнала шабады. Делбешінің қасында отырған әйел осы сақиналарды түсіріп алмай, жинап отыруы қажет.

Конкурс соңы қорытындалып, Фрисландияның ең жақсы фриз жылқылары таңдалады. Бұл жылқыларға арнайы жүлделі орындар мен арнайы сыйлықтар тағайындалады. Фриз жылқы тұқымының чемпионы айқындалады. Ал, конкурста жеңіске жеткен фриз жылқысының иелері зор марапат пен қошаметке бөленеді. Оның аты бүкіл Фрисландияға мәлім болады. Сонымен бірге, ат кадрилы ойынындағы аттың мәнерлеп жүру өнері мен жегіс аттарының сайысында жеңіске жеткен *«жеңімпаздары»* айқындалады. Жеңімпаздарға лайықты сыйлық беріліп, көрермен алдында марапатталады.

Хорсбол. Хорсбол - ат спортының өте қызықты және құмарлықты ойыны. Ат сайысы - Францияда ХХ ғасырдың жетпісінші жылы шығарылған. Хорсбол ақырындап болса да, біртіндеп Еуропа елдеріне кеңінен таралуда. Ат ойынына арналған *«жозгарғы лига»* турнирі - Францияда командалық кездесулер ретінде жыл сайын өткізіп тұрады. Мұнда, ең үздің команда шабандоздары *«мемлекет чемпионы»* атағын алу үшін сайысқа түседі.

Ат сайысының шығуының екі себебі бар. Оның біріншісі - ұстауға және алып жүруге ыңғайлы болуы үшін, былғары допты сегіз имек тартпамен айналдыра *«киндіріп»* қойған. Екіншісі - аттың үзеңгісі, жылқының қарын астынан тартылған икемді қайыс белдікпен бекітілген. Бұл шабандозға ат үстінен допты жерден іліп алуы үшін еңкеюі мен жылдам көтерілуіне мүмкіндік береді. Сонымен хорсбол - поло мен баскетбол ойынына ұқсас, бірақ солардың ортасындағы ат ойыны болып шыға келген.

Ойынға сегіз шабандоздан тұратын екі команда қатысады. Алаңның ұзындығы 50 метрді, ал ені 25 метрді құрайды. Алаңның екі шетіне биіктігі үш метрге жететін ағаш тіреуіш орнатылады. Оған тор-корзина іліп қояды. Ойын басталар алдында, қарсылас екі команда шабандоздары бір-біріне қарсы сапқа тұрады. Арбитор допты екі команданың ортасына қарай жоғары лақтырады. Допты қағып алған ойыншы, оны өз жақтасымен бір-біріне лақтыра отырып, қарсыласының тор-корзинасына ұмтылады. Оның мақсаты, допты тор-корзинаға дәлдеп лақтыру және түсіруі керек.

Шабандозға - ат басын оңды-солды бұруға, оның екі қапталынан да допты іліп алуына, екі қолымен де ұстауына және лақтыруына рұқсат беріледі. Ойын тәртібі бұзылса доп қарсыластарға беріледі, оған айып

салынады. Ал «аут» болған жағдайда, онда допты сол жерден арбитр тағы да қарсыласқа қарай лақтырады. Қарсыласының тор-корзинасына қай команда шабандоздары допты көп түсірсе, онда «жеңіс» салтанаты сол командаға беріледі. Хорсбол - ойынға қатысушыдан батылдық пен ептіліктен басқа, ерде мығым отыруды, шауып жүрген ат үстінде допты жерге түсірмей қағып немесе іліп алуды қажет етеді.

Шабандоздың нағыз футболист, хоккеист және баскетболист тәрізді ойын техникасын жете меңгеруі қажет. Допты торға түсіру үшін, шабуылдың әр түрлі комбинациясын құруы керек. Сонымен бірге «қорғаушылардың» да олардан қалыс қалмағаны жөн. Мергендікті және командаласын қалтқысыз түсінуі тиіс.

Шнурки. Еуропа халықтарының ат сайысының көпшілігі шабандоздың жекпе-жекке деген сүйіспеншілігін қыздырады. Соның бірі орта ғасырлық ат ойыны – шнурки. Ат ойынының көрсетілімі ауыр қарумен қаруланған ежелгі рыцардың жекпе-жектегі сайыс өнерін еске түсіреді. Сайыс өтетін алаң ортасына ұзын баған ағашын немесе столб орнатып қояды. Оның шығар басына дөңгелек сақина ілінеді. Ойынға қатысушы рыцарь-шабандоз өзінің салт мінген атымен шауып келе жатып, қолындағы ауыр найзасымен жылдам қимылдап сол сақинаны іліп ала кетуге тиіс. Ойын соңындағы «жеңіс» - осы берілген тапсырманы орындай алған рыцарь-шабандозға беріледі. Ойынға бойшаң (шоқтық биіктігі 162,0-165,0 см) жылқылар пайдаланылады. Ол жүйрік, иесінің қозғалысы мен іс-әрекетін, оның қимылынан сезетін, бірақ өте қайратты әрі қайсар жануар болуы қажет.

Эстафета (ат). Эстафета – Америка халқының командаға бөлініп ойналатын атсайысы. Атсайысы дистанцияда немесе ипподром жолында да өткізіле береді. Сайыс ережесі қарапайым, көрерменге әсерлі әрі қызықты. Шабандоздар берілген дистанцияны мініс атының бар қарқынымен шауып өтуі тиіс. Әр шабандоздың қолында арнайы таяқша немесе басқа зат түрі болуы мүмкін. Ол өз қолындағы затын команданың келесі мүшесіне қолма-қол тапсыруға тиіс. Ал, ол шабандоз оны келесіге, ол - келесіге, яғни ойын осындай жалғаса береді. Мәселен, Оңтүстік Америкада таяқшаның орнына кәдімгі «бананды» пайдаланады. Шабандоз бананды командаласына жеткізуге тиіс. Егер келесі шабандозға қолма-қол тапсырып жатқанда, бананды сындырып немесе түсіріп алса, қызық сонда басталады. Кінәлі шабандоз сол жерде оның қалдығын жиыстыруға мәжбүр болады. Бананның әр сынған бөлігіне екі, жартысы сынса бес секунд айып уақыты беріледі. «Жеңіс» - бананды ойын соңына дейін аман сақтаған және жылдам аяқтаған командаға беріледі.

Юниор – поло. Еуропаның халықаралық ат ойыны. Өзінің аты айтып тұрғандай жас жеткіншекке арналып ұйымдастырылатын ат сайысы. Ат сайысына жас жеткіншектер «пони» жылқысына мініп қатысады. Ойын барысын қызықтайтын көрермен, олар көбіне жас жеткіншектер мен ата-аналары. Ойынды ұйымдастырушылар да оның осы жағын ескерген. Ойын

тәртібі поло ат сайысының ережесі тәрізді қатал емес, жас жеткіншектерге арналып құрылған. Алаңның көлемі 40x20 метр болса жеткілікті. Ойын алаңы сайыс тәртібіне байланысты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Ойын командаға бөлініп жүргізіледі. Мұнда ересектердің ат полюсы тәрізді қақпа құрып оларға доп қуалатып қоймайды. Жас жеткіншекті ат сайысына қызықтыру мақсатында, олардың кедергілері түрліше, бірақ жеңілдеу әрі жас балаларға арналған болады.

Ат сайысында, пониға да оған мінген жеткіншекке де ешқандай қиындық түспейді. Жеткіншек-шабандоз пониды шебер басқара отырып, ойын барысында тапқырлық пен шапшаңдық танытса болғаны. Ойын соңындағы «жеңіс» - осы сынақтан сүрінбей өте алған және берілген тапсырманы орындай алған команда жеткіншектеріне беріледі.

Ат туризмі

Туризм-әлемдік экономикадағы халық тұрмысындағы ең негізгі роль атқаратын негізгі қоғамдардың бірі болып саналады. Сонымен бірге Бүкіләлемдік Туристік Ұйымының мәліметтері бойынша (БТҰ), туризм әлемдік ұлттық азық-түліктің жалпы құрамының оныншы бөлігін құрап, 11 пайыздан жоғарғы халықаралық инвестициясын және әлемдік өндірістегі әр тоғызыншы орынды қамтамасыз етеді екен. Туризм және саяхаттау мәселелері бойынша 1963 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Римдегі ұйымдастырған Бүкіләлемдік конференциясында, туризм мен туристер туралы анықтамалығы қабылданған. Адам және адам-күні – туризмнің негізгі көрсеткіші екені белгіленді: Сонымен бірге, әр мемлекеттің туризм индустриясынан түсетін пайдасы мен қызмет көрсету көлемі анықталды.

Қазіргі кездегі туризм еңбекші халықтың жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығуына байланысты құрылған. Сондықтан адамдардың демалуы мен көңілдерін ұтымды көтеруінің негізгі құқығын мойындау болып табылады. Ол әр адамның жеке тұлға болып қалыптасуының, адамдар мен халықтардың бірін-бірі түсінуінің негізгі факторы. Бүкіләлемдік Туристік Ұйымының (БТҰ) және туризм бойынша мамандандырылған халықаралық ұйымның зерттеулерінің талдауы нәтижесінде, туризм әр мемлекеттің әлеуметтік, мәдениеттілік және экономикалық деңгейіне тікелей әсерін тигізеді.

Туризм индустриясы жоғары пайдалы және халықаралық нарық қызметтерін сату сегменттерінің динамикалық дамуының бірі ретінде танылады. Халықаралық туризмнің үлесі, экспорттан түсетін әлемдік пайданың 9,0 пайызын және қызмет көрсету секторының экспортының 37,0 пайызын құрайды. Түсетін пайдасы жағынан туризм нефт пен автомобиль экспортынан кейінгі үшінші орынды иемденеді. Қазіргі кездегі туризм - бұл әлемдік экономикадағы төмендеуді білмейтін сала. Бүкіләлемдік Туристік Ұйымының (БТҰ) есептеуі бойынша, бір шет елдік туристен түсетін пайданың

эквивалентіне тең келу үшін, 9,0 тонна көмірді немесе 25,0 тонна мұнайды немесе 2,0 тонна бидай өнімдерін экспортқа шығару қажет екен. Сонымен бірге, елдегі бар шикізаттарды сату мемлекеттің энергиялық қорын азайтады, ал туристік индустриясы бұл ресурстарды қалыптастыруға және көбейтуге жұмыс істейді.

Туризм мемлекеттің экономикасына төрт тиімді жағынан әсерін тигізеді:

1. Шет елдік валютаның құйылуын қамтамасыз етеді.

2. Еңбекпен қамтамасыз етуді жоғарылатуға көмегін тигізеді.

Бүкіләлемдік Туристік Ұйымының (БТҰ) және бүкіләлемдік туризм мен саяхаттау одағының бағалауы бойынша, құрылатын туризм индустриясына басқа пайда болатын салаларға қарағанда тоғыз жұмыс орнына дейін келеді. Туризм экономиканың 32 саласының дамуына тікелей және жанама түрде әсер етеді.

3. Ұлттың жақсаруына себебін тигізеді.

4. Елдің инфрақұрылымының дамуын жоғарылатады.

Туризмнің тез және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға тигізер күшті әсерін, экономиканың барлық секторлары мен қоғамның жағдайының жоғаырлауын ескере отырып, Қазақстанның болашақтағы дамуына жасалған бағдарламасында туристік саланың орны ең қажетті басымдылықтың бірі ретінде айқындалған. Еліміздегі ұлттық туризм мен саяхаттаудың дамуы қазіргі кезде Қазақстан Республикасы үшін актуальды және қосымша табыс көзі болып табылады. Ал ұлттық туризмнің негізгі түрлерінің бірі ретінде салт атпен саяхаттау, оны халық арасына таратуды және жоғарғы дәрежеде жетілдіруді қамтамасыз ету қажеттілігі туып отыр.

Туризм - әлемдік экономикадағы халық тұрмысындағы өзіндік роль атқаратын қоғамның бірі болып саналады. Туризм әр мемлекеттің мәдениеттілік және экономикалық деңгейіне тікелей әсерін тигізеді. Ат туризмі, адамның табиғатта демалуын, көңілі мен денсаулығын көтерудің негізгі құралы болып табылады. Ол адам мен жылқының бірін-бірі түсінуінің және адамның жеке тұлға болып қалыптасуының негізгі факторы.

Қазақстан Республикасындағы ат туризмінің дамуы, қазіргі кезде еліміз үшін актуальды және қосымша табыс көзі болып табылады. Ал, ұлттық туризмнің негізгі түрлерінің бірі - ол салт атпен саяхаттау. Қазіргі кезде ат туризмінің халық арасына кеңінен таратуды және жоғарғы дәрежеде жетілдіруді қамтамасыз ету қажеттілігі туып отыр.

Ат туризмінің мемлекет экономикасына тигізетін тиімді әсері-де бар: шет елдік валютаның құйылуын қамтамасыз етеді; еңбекпен қамтамасыз етуді жоғарлатады; елдің инфрақұрылымын дамытады.

Қазақстанның болашақтағы дамуы үшін, ат туризмінің орнын ең қажетті приоритетінің бірі ретінде айқындау керек. Ол үшін ат туризмнің тұрақты өсуін, оның қоршаған ортадағы табиғатқа тигізер әсері мен қоғамның сұранысының жоғаырлауын ескеру қажеттілігі туып отыр. Ат туризмін

ұйымдастырушы нұсқаушы, ат туризмі мен саяхаттаудың қыр-сырлары мен ерекшелігі жайында және халықтың қызығушылығын арттыру үшін орындайтын шаралары: жылқы түлігі жайлы қысқаша мағлұмат беру; оның ат туризміне пайдалану ерекшелігі; ат туризмін ұйымдастыру жұмысы; туристерді атқа салт мінуге дайындау; салт атпен саяхат жасау.

Ат туризмі атқа салт мініп және жеңіл арбаға мініп қыдыру арқылы жүргізіледі. Ат туризмінің мұндай түрі - адамды сол аймақтың тамаша табиғатымен танысуына және демалуына мүмкіндік береді.

Пони клубы

Қазіргі кезде көптеген елдерде балалардың ат спортымен айналасуы кең таралуда. Олардың ат спортымен айналасуы, оларға арнайы пони клубтарын ұйымдастыру нәтижесінде жүргізіледі. Сондықтан, жасөспірім кезінен бастап, спорт түрлеріне жаттықтыру үшін, оларға арнайы үйретілген тапал жылқылар пайдаланылады. Бұл тапал жылқыларды понилар деп атайды. Осы понидың көмегімен жасөспірім ат спорты түрлерін меңгереді. Понилар - осы жас өспірім балаларды ат спортына баулу және пони клубтары үшін және жылқының декоративті түрі ретінде өсіріледі. Олардың ат спортында, оның түрі мен жасына байланысты, оларға арналған ережесі мен өткізілу тәртібі бар. Ал, понилар өзінің бойларына байланысты бөлінеді. Балалардың айналысатын ат спорты түрлері: атқа салт мінуге; ат үстіндегі фигурасын ауыстыру; вольтижировка; кедергіден секіру (конкур); ат ойындары.

Осы күндері Еуропа елдерінде балалардың ат спортына арналған, спорттық пониларының арнайы тұқымдары шығарылған. Бұл понилар типі мен экстерьері жағынан, ересек салт аттылардың ат спортына пайдаланатын жылқыларға ұқсайды. Бірақ, бұл пони тұқымдары, балалардың айналысатын ат ойынының түріне байланысты болғанымен, олардың бойының биіктігі 120,0 см аспау тиіс. Пони клубына пайдаланатын понилар да, құлын-тай кездерінен бастап жаттықтырылып, ат спортының зауыттық және ипподромдық тренингісінен өтеді. Пони клубтары біздің елімізде де жас балаларды ат спортына қызықтыру және үйрету үшін пайдаланылады. Дегенмен, Еуропа елдеріндегі пони клубтары тәрізді бірнеше бағытта дамымаған, тек жас балаларды салт мінуге үйрету мен оларды қыдыртудан аспайды.

Аттың цирктегі өнері

Цирк - аренасында орындалатын ептілік пен күштілікті, ерекше және таңғажайып өнер түрлерін, көрермен халық сүйсіне тамашалайтын көпшілік орны. Бұл өнерге жас та кәрі де, әсіресе балаларға өте қызықты болады. Жылқы түлігін алғашында адам баласы саналы түрде, тамақ пен азыққа пайдалану мақсатында, мініс көлігі мен жұмыс малы ретінде қолға үйре-

тілген. Содан жаугершілікке және ат спорты түріне пайдаланылған. Міне осыдан барып, ат пен адамның бірін-бірі сезіну, тыңдау мен түсінушілігінен, цирк аренасында тамаша қимыл-қозғалысы дамып жетілген. Бір-біріне өзіндік үйлесімі бар, көрермен қауымға қызықты өнері туындаған. Жылқы түлігі мен адамның, бірлесе орындайтын бұл ғажайып өнерін, көрермен халыққа ұсыну қажеттілігіне де жеткен.

Аттың циркте көрсететін өнері, бұл да ат спортының айнымас бір бөлігі. Себебі жылқы түлігінің ат спорты ойынында көрсететін көптеген өнері, осы аттың циркте аренасында көрсететін небір ойынымен ғасырлар бойына етене ажырамастай бірге қалыптасқан. Ат спорты, ат циркі және цирк өнері бұрыннан келе жатқан және тарихи берік қалыптасқан бір-бірінен ажырамас өнер. Сондықтанда болар аттың цирк аренасында көрсететін өнері, аттың әсем қимылы мен адамның оны басқару шеберлігінің біртұтас өнері.

Қазіргі кездері цирк аренасында қалыптасқан, аттың көрсететін цирктегі өнерінің төрт дәстүрлі жанры бар, олар: ат акробатикасы; ат үстіндегі шабандоздық; атқа салт мінудің жоғарғы мектебі; аттың еркін қимыл-қозғалысын басқару. Аттың тек цирк аренасында қалыптасқан арнайы орындайтын өнері мен оның ұлттық нақыштағы спорттық желістері дамыған да түрі бар, олар: шабандоз жігіттердің өнері; вольтижировка; ат үстіндегі гимнастика; ат үстіндегі жонглерлер; ат клоунадасы.

Қазіргі кездегі спорт пен өнердің қатар дамуының нәтижесінде, аттың цирк аренасында көрсететін өнері, ат пен адамның, жылқы-спортшы, әртіс - шабандоз ретіндегі байланысын дәріптейтін қызықты көрсетілім.

Аңшылық саятшылық

Мініс атын аңшылық саятшылыққа пайдалану, оны алғашқы қолға үйрету кезінен-ақ басталған. Себебі оны үй түлігіне айналдырудағы негізгі мақсатың өзі осы болатын. Адам баласы жабайы аңды азыққа пайдалану үшін, атқа салт мініп қуып жетуге болатындығын, ертеден-ақ түсінген. Бұған қосымша көмекшілердің болғаны тіптен жақсы.

Тарихи мәліметтің дерегіне сүйенсек, бұрындары адамдар аңшылық саятшылықты, аңды тек азық үшін ғана емес, бойларын қыздыратын, көңілін көтеретін делебесін қоздыратын ат спортының бір түрі ретінде қабылдаған. Ал, егер қасына ит ертіп, қолына құс ұстап аңға шығу, бұл өте тамаша ғажайып көрініс. Аңшылық саятшылықтың көптеген жағымды жақтары да бар, ол ұстаған кейбір аңның етін тамаққа пайдаланса, ал кейбірінің тек терісін ғана тұрмыс тіршілігіне қажетті киімге қолдану.

Бақылау сұрақтары: Атсайыс ойындары қалай бөлінеді. Атсайыс ойынының кәсіби түрлерін атаңдар. Жазықтағы ат шабысының (гладкая) мақсаты. Желіп шабу ат шабысының (бега) мақсаты. Кедергілік ат шабысының (барьерлік) мақсаты. Атсайыс ойынының классикалық түрлерін атаңдар. Аттың мәнерлі жүріс (выездка) мақсаты. Кедергіден қарғу (конкур)

мақсаты. Үшсайыс (троеборье) ат сайысының мақсаты. Үшсайыс (троеборье) ат сайысының бірінші күні көрсететін өнері. Үшсайыс (троеборье) ат сайысының екінші күні орындайтын өнері. Үшсайыс (троеборье) ат сайысының үшінші күні орындайтын өнері. Стипль – чез дегеніміз не, ол қайда шығарылған. Ұлттық ойындарқалай бөлінеді. Шабыс жарысын атаңдар. Ат үстіндегі гимнастика жаттығуын атаңдар. Күш сынасу немесе күрес атсайысын атаңдар. Қуып жету және жеткізбеу атсайысын атаңдар. Доп ойындары атсайысын атаңдар. Нысанаға найза лақтыру атсайысын атаңдар. Әр түрі қызықты ойындар атсайысын атаңдар. Орта Азия және Қазақстан халықтарының атсайысын атаңдар. Кавказ халықтарының атсайысын атаңдар. Ресей халықтарының атсайысын атаңдар. Еуропа елдерінің халықаралық атсайыстарын атаңдар.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерге ат спорты, ат туризмі, пони клубы, аттың цирктегі өнері, аңшылық саятшылықты және оның өткізілу тәртібін үйрету.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін ипподромға, жоғарғы ат спорты мектебіне және тағы басқа шаруашылықтарға қосымша экскурсия ұйымдастыру қажет.

Тапсырма:

1. Ат спорты, ат туризмі, пони клубы, аттың цирктегі өнері, аңшылық саятшылықтың маңызы мен мақсаты және оның өткізілу тәртібінің жұмыстарына талдау жасау.

2. Ат спортына қатысты атауларын оқулықта берілген терминдердің ішінен теріп жазу.

Тест сұрақтары:

\$\$ 274. Ат спорты дегеніміз не?

А) жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайыс жарыстарына пайдалану

В) атқа салт мініп және жеңіл арбаға мініп қыдыру арқылы жүргізіледі

С) жас балаларды ат спортына қызықтыру және үйрету үшін ұйымдастырылады

Д) вольтижировка, ат үстіндегі гимнастика, ат үстіндегі жонглерлер, ат клоундасы

Е) ұстаған аң етін тамаққа пайдалану немесе тек терісін ғана қажетті киімге қолдану

\$\$ 275. Ат туризмі қалай жүргізіледі.

А) жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайыс жарыстарына пайдалану

- В)** атқа салт мініп және жеңіл арбаға мініп қыдыру арқылы жүргізіледі
- С)** жас балаларды ат спортына қызықтыру және үйрету үшін ұйымдас-тырылады
- Д)** вольтижировка, ат үстіндегі гимнастика, ат үстіндегі жонглерлер, ат клоу-надасы
- Е)** ұстаған аң етін тамаққа пайдалану немесе тек терісін ғана қажетті киімге қолдану

§§ 276. Пони клубының маңызы.

- А)** жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайыс жарыстарына пайдалану
- В)** атқа салт мініп және жеңіл арбаға мініп қыдыру арқылы жүргізіледі
- С)** жас балаларды ат спортына қызықтыру және үйрету үшін ұйымдасты-рылады
- Д)** вольтижировка, ат үстіндегі гимнастика, ат үстіндегі жонглерлер, ат клоунадасы
- Е)** ұстаған аң етін тамаққа пайдалану немесе тек терісін ғана қажетті киімге қолдану

§§ 277. Аттың цирк аренасында көрсететін өнері.

- А)** жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайыс жарыстарына пайдалану
- В)** атқа салт мініп және жеңіл арбаға мініп қыдыру арқылы жүргізіледі
- С)** жас балаларды ат спортына қызықтыру және үйрету үшін ұйымдас-тырылады
- Д)** вольтижировка, ат үстіндегі гимнастика, ат үстіндегі жонглерлер, ат клоунадасы
- Е)** ұстаған аң етін тамаққа пайдалану немесе тек терісін ғана қажетті киімге қолдану

§§ 278. Аңшылық саятшылықтың пайдалы жақтары.

- А)** жылқыны кәсібилік, классикалық және ұлттық атсайыс жарыстарына пайдалану
- В)** атқа салт мініп және жеңіл арбаға мініп қыдыру арқылы жүргізіледі
- С)** жас балаларды ат спортына қызықтыру және үйрету үшін ұйымдасты-рылады
- Д)** вольтижировка, ат үстіндегі гимнастика, ат үстіндегі жонглерлер, ат клоунадасы
- Е)** ұстаған аң етін тамаққа пайдалану немесе тек терісін ғана қажетті киімге қолдану

§§ 279. Ат спортын классификациялау (жіктелуі) жүйесі.

- А)** сипаттамасы, жүргізілу ережесі мен тәртібі, ұйымдастыру, орындалу бағытына байланысты

- В) кәсіпқойлық, классикалық және ұлттық
- С) жазықтағы (гладкая), кедергілі шабысы (барьерная), «желін» шабуы (бега), стипль-чез
- Д) аттың мәнерлі жүрісі (выездка), кедергіден қарғу (конкур), үш сайыс (троеборье)
- Е) әр халықтың ұлттық атсайыс ойындары

§§ 280. Ат спортының классификациясы.

- А) сипаттамасы, жүргізілу ережесі мен тәртібі, ұйымдастыру, орындалу бағытына байланысты
- В) кәсіпқойлық, классикалық және ұлттық**
- С) жазықтағы (гладкая), кедергілі шабысы (барьерная), «желін» шабуы (бега), стипль-чез
- Д) аттың мәнерлі жүрісі (выездка), кедергіден қарғу (конкур), үш сайыс (троеборье)
- Е) әр халықтың ұлттық атсайыс ойындары

§§ 281. Ат спортының кәсіпқойлық түрлері.

- А) сипаттамасы, жүргізілу ережесі мен тәртібі, ұйымдастыру, орындалу бағытына байланысты
- В) кәсіпқойлық, классикалық және ұлттық
- С) жазықтағы (гладкая), кедергілі шабысы (барьерная), «желін» шабуы (бега), стипль-чез
- Д) аттың мәнерлі жүрісі (выездка), кедергіден қарғу (конкур), үш сайыс (троеборье)
- Е) әр халықтың ұлттық атсайыс ойындары

§§ 282. Ат спортының классикалық түрлері.

- А) сипаттамасы, жүргізілу ережесі мен тәртібі, ұйымдастыру, орындалу бағытына байланысты
- В) кәсіпқойлық, классикалық және ұлттық
- С) жазықтағы (гладкая), кедергілі шабысы (барьерная), «желін» шабуы (бега), стипль-чез
- Д) аттың мәнерлі жүрісі (выездка), кедергіден қарғу (конкур), үш сайыс (троеборье)**
- Е) әр халықтың ұлттық атсайыс ойындары

§§ 283. Ат спортының ұлттық түрлері.

- А) сипаттамасы, жүргізілу ережесі мен тәртібі, ұйымдастыру, орындалу бағытына байланысты
- В) кәсіпқойлық, классикалық және ұлттық
- С) жазықтағы (гладкая), кедергілі шабысы (барьерная), «желін» шабуы (бега), стипль-чез

D) аттың мәнерлі жүрісі (выездка), кедергіден қарғу (конкур), үш сайыс (троеборье)

E) әр халықтың ұлттық атсайыс ойындары

\$\$ 284. Ат спортының кәсібилік түрі дегеніміз не.

A) жылқының жазықтағы және кедергілік шабысы, желіп шабуы

B) асыл тұқымды мініс тұқымын асылдандыру және жетілдіру

C) асыл тұқымды шабыс атының жұмыс сапасын сынау

D) асыл тұқымды шабыс атының қарқындылығын анықтау

E) ипподромда

\$\$ 285. Ат спортының кәсібилік түрінің маңызы.

A) жылқының жазықтағы және кедергілік шабысы, желіп шабуы

B) асыл тұқымды мініс тұқымын асылдандыру және жетілдіру

C) асыл тұқымды шабыс атының жұмыс сапасын сынау

D) асыл тұқымды шабыс атының қарқындылығын анықтау

E) ипподромда

\$\$ 286. Ат спортының кәсібилік түрінің ат шабысының мақсаты.

A) жылқының жазықтағы және кедергілік шабысы, желіп шабуы

B) асыл тұқымды мініс тұқымын асылдандыру және жетілдіру

C) асыл тұқымды шабыс атының жұмыс сапасын сынау

D) асыл тұқымды шабыс атының қарқындылығын анықтау

E) ипподромда

\$\$ 287. Ат спортының кәсібилік түрінің ат шабысының міндеті.

A) жылқының жазықтағы және кедергілік шабысы, желіп шабуы

B) асыл тұқымды мініс тұқымын асылдандыру және жетілдіру

C) асыл тұқымды шабыс атының жұмыс сапасын сынау

D) асыл тұқымды шабыс атының қарқындылығын анықтау

E) ипподромда

\$\$ 288. Мініс жылқысының «жазықтағы» (гладкая скачка) шабысының мақсаты неде?

A) қарқындылық қабілетін сынау үшін жүргізілетін ат шабысының жарысы

B) аттың кедергілерден қарғып өтудегі қарқындылығын анықтау шабысының жарысы

C) қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға (качалка) жегілген аттың ұшқырлыққа жарысы

D) ат сайысының биіктікке секірудегі ат жарысы

E) шабандоз бен мініс атының табиғи және жасанды кедергілерден өту жарысы

\$\$ 289. Мініс жылқысының «кедергілі» (барьерная скачка) шабысының мақсаты неде?

- A) қарқындылық қабілетін сынау үшін жүргізілетін ат шабысының жарысы
- B) аттың кедергілерден қарғып өтудегі қарқындылығын анықтау шабысының жарысы**
- C) қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға (качалка) жегілген аттың ұшқырлыққа жарысы
- D) ат сайысының биіктікке секірудегі ат жарысы
- E) шабандоз бен мініс атының табиғи және жасанды кедергілерден өту жарысы

\$\$ 290. Желғор жылқысының «желіп» шабуының (бега) мақсаты неде?

- A) қарқындылық қабілетін сынау үшін жүргізілетін ат шабысының жарысы
- B) аттың кедергілерден қарғып өтудегі қарқындылығын анықтау шабысының жарысы
- C) қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға (качалка) жегілген аттың ұшқырлыққа жарысы
- D) ат сайысының биіктікке секірудегі ат жарысы
- E) шабандоз бен мініс атының табиғи және жасанды кедергілерден өту жарысы

\$\$ 291. Мініс жылқысының кедергіден қарғудағы мақсаты неде?

- A) қарқындылық қабілетін сынау үшін жүргізілетін ат шабысының жарысы
- B) ттың кедергілерден қарғып өтудегі қарқындылығын анықтау шабысының жарысы
- C) қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға (качалка) жегілген аттың ұшқырлыққа жарысы
- D) ат сайысының биіктікке секірудегі ат жарысы**
- E) шабандоз бен мініс атының табиғи және жасанды кедергілерден өту жарысы

\$\$ 292. Мініс жылқысының «стипель-чез» ат жарысының мақсаты неде?

- A) қарқындылық қабілетін сынау үшін жүргізілетін ат шабысының жарысы
- B) аттың кедергілерден қарғып өтудегі қарқындылығын анықтау шабысының жарысы
- C) қосдоңғалақты тербелмелі жеңіл арбаға (качалка) жегілген аттың ұшқырлыққа жарысы
- D) ат сайысының биіктікке секірудегі ат жарысы
- E) шабандоз бен мініс атының табиғи және жасанды кедергілерден өту жарысы

\$\$ 293. Ат спортының классикалық түрі дегеніміз не.

- A) шабандоз бен аттың бірлесе орындайтын өнер туындысы**

- B) шабандоз-спортшының мініс атын басқару шеберлігі
- C) шабандоз бен мініс атының үйлесімді қозғалыс өнерін көрсету
- D) шабандоздың атты басқаруы, аттың мәнерлі жүрісі, шабысы, кедергіден қарғуы
- E) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 294. Ат спортының классикалық түрінің маңызы неде.

- A) шабандоз бен аттың бірлесе орындайтын өнер туындысы
- B) шабандоз-спортшының мініс атын басқару шеберлігі**
- C) шабандоз бен мініс атының үйлесімді қозғалыс өнерін көрсету
- D) шабандоздың атты басқаруы, аттың мәнерлі жүрісі, шабысы, кедергіден қарғуы
- E) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 295. Ат спортының классикалық түрінің мақсаты.

- A) шабандоз бен аттың бірлесе орындайтын өнер туындысы
- B) шабандоз-спортшының мініс атын басқару шеберлігі
- C) шабандоз бен мініс атының үйлесімді қозғалыс өнерін көрсету
- D) шабандоздың атты басқаруы, аттың мәнерлі жүрісі, шабысы, кедергіден қарғуы
- E) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 296. Классикалық сайыстағы ат билету (выездка) дегеніміз не.

- A) шабандоздың басқаруымен орындалатын аттың мәнерлі жүріс өнері**
- B) атқа салт мінудің жоғарғы мектебі
- C) аттың арнайы үйрету нәтижесінде қалыптасқан жүрісі мен жаттығуын орындайды
- D) спортшы-шабандоз өзінің мініс атының аллюрдегі мәнері қозғалысының әсем қимылы
- E) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 297. Аттың мәнерлі жүріс өнерін қалай атайды.

- A) шабандоздың басқаруымен орындалатын аттың мәнерлі жүріс өнері
- B) атқа салт мінудің жоғарғы мектебі**
- C) аттың арнайы үйрету нәтижесінде қалыптасқан жүрісі мен жаттығуын орындайды
- D) спортшы-шабандоз өзінің мініс атының аллюрдегі мәнері қозғалысының әсем қимылы
- E) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 298. Аттың мәнерлі жүріс өнерінде нені орындайды.

- A) шабандоздың басқаруымен орындалатын аттың мәнерлі жүріс өнері
- B) атқа салт мінудің жоғарғы мектебі**

- С) аттың арнайы үйрету нәтижесінде қалыптасқан жүрісі мен жаттығуын орындайды
- Д) спортшы-шабандоз өзінің мініс атының аллюрдегі мәнері қозғалысының әсем қимылы
- Е) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 299. Аттың мәнерлі жүріс өнерінде нені көрсетеді.

- А) шабандоздың басқаруымен орындалатын аттың мәнерлі жүріс өнері
- В) атқа салт мінудің жоғарғы мектебі
- С) аттың арнайы үйрету нәтижесінде қалыптасқан жүрісі мен жаттығуын орындайды
- Д) спортшы-шабандоз өзінің мініс атының аллюрдегі мәнері қозғалысының әсем қимылы
- Е) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 300. Классикалық сайыстағы кедергіден қарғу дегеніміз не.

- А) шабандоздың басқаруымен орындалатын аттың әр түрлі кедергілерден қарғуы
- В) конкур (франц.concours hippique - секіру)
- С) аттың жолына арнайы орнатылған кедергілерден қарғып өтудегі шабысын орындайды
- Д) спортшы-шабандоз бен мініс атының кедергіден қарғудағы қимылының шабысы
- Е) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 301. Аттың кедергілерден қарғу өнерін қалай атайды.

- А) шабандоздың басқаруымен орындалатын аттың әр түрлі кедергілерден қарғуы
- В) конкур (франц.concours hippique - секіру)
- С) аттың жолына арнайы орнатылған кедергілерден қарғып өтудегі шабысын орындайды
- Д) спортшы-шабандоз бен мініс атының кедергіден қарғудағы қимылының шабысы
- Е) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 302. Аттың кедергілерден қарғу өнерінде нені орындайды.

- А) шабандоздың басқаруымен орындалатын аттың әр түрлі кедергілерден қарғуы
- В) конкур (франц.concours hippique - секіру)
- С) аттың жолына арнайы орнатылған кедергілерден қарғып өтудегі шабысын орындайды
- Д) спортшы-шабандоз бен мініс атының кедергіден қарғудағы қимылының шабысын
- Е) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 303. Аттың кедергілерден қарғу өнерінде нені көрсетеді.

- A) шабандоздың басқаруымен орындалатын аттың әр түрлі кедергілерден қарғуы
- B) конкур (франц.concours hippique - секіру)
- C) аттың жолына арнайы орнатылған кедергілерден қарғып өтудегі шабысын орындайды
- D) спортшы-шабандоз өзінің мініс атының кедергіден қарғудағы шабысын көрсетеді**
- E) ашық немесе жабық манежде

\$\$ 304. Классикалық сайыстағы үшсайыс (троеборье) дегеніміз не.

- A) шабандоздың басқаруымен үш күн бойы орындалатын аттың құрама жарыс өнері
- B) аттың мәнерлі жүрісі немесе атқа салт мінудің жоғарғы мектебі
- C) мініс атын далада сынаудағы шабысын орындайды
- D) спортшы-шабандоз өзінің мініс атының кедергілерден қарғу жаттығуын көрсетеді
- E) ашық манежде және далада

\$\$ 305. Үшсайыс жарысындағы бірінші күні орындалатын жаттығуы.

- A) шабандоздың басқаруымен үш күн бойы орындалатын аттың құрама жарыс өнері
- B) аттың мәнерлі жүрісі немесе атқа салт мінудің жоғарғы мектебі**
- C) мініс атын далада сынаудағы шабысын орындайды
- D) спортшы-шабандоз өзінің мініс атының кедергілерден қарғу жаттығуын көрсетеді
- E) ашық манежде және далада

\$\$ 306. Үшсайыс жарысындағы екінші күні орындалатын жаттығуы.

- A) шабандоздың басқаруымен үш күн бойы орындалатын аттың құрама жарыс өнері
- B) аттың мәнерлі жүрісі немесе атқа салт мінудің жоғарғы мектебі
- C) мініс атын далада сынаудағы шабысын орындайды
- D) спортшы-шабандоз өзінің мініс атының кедергілерден қарғу жаттығуын көрсетеді
- E) ашық манежде және далада

\$\$ 307. Үшсайыс жарысындағы үшінші күні орындалатын жаттығуы.

- A) шабандоздың басқаруымен үш күн бойы орындалатын аттың құрама жарыс өнері
- B) аттың мәнерлі жүрісі немесе атқа салт мінудің жоғарғы мектебі
- C) мініс атын далада сынаудағы шабысын орындайды

- D)** спортшы-шабандоз өзінің мініс атының кедергілерден қарғу жаттығуын көрсетеді
E) ашық манежде және далада

§§ 308. Ат спортының ұлттық түрі дегеніміз не.

- A)** әр халықтың ежелден келе жатқан атсайыс ойындары
B) шабандоздардың мініс атын басқару шеберлігінің әр түрлі қойылымы
C) шабандоз бен мініс атының бірлесе орындайтын атсайыстағы өнерін көрсету
D) шабандоздың атты басқаруы, шеберлігі, батылдығы, шабысы, шыдамдылығы
E) далада, қалада, ипподромда, ашық немесе жабық манежде

§§ 309. Ат спортының ұлттық атсайыс ойындары мақсаты бойынша қалай бөлінеді.

- A)** орындайтын қимыл-қозғалысын айқындайтын заттық-құрылымының белгілері бойынша
B) Орта Азия және Қазақстан, Кавказ, Ресей, Еуропа
C) алам, ат жүгірту, ат шабыс, бәйге, дашвеба, доги, драйвинг, жорға жарыс, каухайд
D) вестерн, вольтижировка, джигитовка, джирити, жігіт жарыс, карусель (ат), күміс алу
E) арқан тартыс, ат омырауластыру, аударыспақ, бұзқашы, джериди, көкпар, күрес, мкердаоба

§§ 310. Ұлттық атсайыс ойындары таралу аймағы бойынша қалай бөлінеді.

- A)** орындайтын қимыл-қозғалысын айқындайтын заттық-құрылымының белгілері бойынша
B) Орта Азия және Қазақстан, Кавказ, Ресей, Еуропа
C) алам, ат жүгірту, ат шабыс, бәйге, дашвеба, доги, драйвинг, жорға жарыс, каухайд
D) вестерн, вольтижировка, джигитовка, джирити, жігіт жарыс, карусель (ат), күміс алу
E) арқан тартыс, ат омырауластыру, аударыспақ, бұзқашы, джериди, көкпар, күрес, мкердаоба

§§ 311. Шабыс атсайыс ойынының жарыстары.

- A)** орындайтын қимыл-қозғалысын айқындайтын заттық-құрылымының белгілері бойынша
B) Орта Азия және Қазақстан, Кавказ, Ресей, Еуропа
C) ат жүгірту, шабыс, бәйге, дашвеба, доги, драйвинг, жорға жарыс, каухайд, марула, мокнева

- D) вестерн, вольтижировка, джигитовка, джирити, карусель, күміс алу, тенге лю, орамал көтеру
E) арқан тартыс, ат омырауластыру, аударыспақ, джериди, көкпар, күрес, сайыш, чопанахах

\$\$ 312. Ат үстіндегі гимнастика жаттығуы.

- A) орындайтын қимыл-қозғалысын айқындайтын заттық-құрылымының белгілері бойынша
B) Орта Азия және Қазақстан, Кавказ, Ресей, Еуропа
C) алам, ат жүгірту, бәйге, дашвеба, доги, драйвинг, жорға жарыс, каухайд, корзина, лам
D) вестерн, вольтижировка, джигитовка, джирити, күміс алу, тиын энмей, орамал көтеру
E) арқан тартыс, ат омырауластыру, аударыспақ, джериди, көкпар, күрес, мкердаоба, сайыш

\$\$ 313. Атсайысындағы күш сынасу немесе күрес ойындары.

- A) орындайтын қимыл-қозғалысын айқындайтын заттық-құрылымының белгілері бойынша
B) Орта Азия және Қазақстан, Кавказ, Ресей, Еуропа
C) алам, ат жүгірту, ат шабыс, бәйге, дашвеба, доги, драйвинг, жорға жарыс, каухайд
D) вестерн, вольтижировка, джигитовка, джирити, жігіттік өнер, карусель, күміс алу
E) арқан тартыс, ат омырауластыру, аударыспақ, джериди, көкпар, күрес, мкердаоба, сайыш

\$\$ 314. Атсайысындағы қуып жету және жеткізбеу ойындары.

- A) жалауша, коррида, қыз-қуу, папах оюны, саятшылық, сюр папах, тарчия, түлкішек
B) да кю, лело, маканахах, пато, поло, пугибол, пушбол, ради, цхенбурти, човган, хорсбол
C) жамбы ату, исинди, кабахи, низаки-нетум тент-пегги
D) бассыз салт атты, лоза қию, сұлтандар сайысы, чехва
E) апельсин, бандинг рес, баррел рейсинг, бөшке қирату, букет, джимхана, родео, эстафета

\$\$ 315. Атсайысындағы доп ойындары.

- A) жалауша, коррида, қыз-қуу, папах оюны, саятшылық, сюр папах, тарчия, түлкішек
B) да кю, лело, маканахах, пато, поло, пугибол, пушбол, ради, цхенбурти, човган, хорсбол
C) жамбы ату, исинди, кабахи, низаки-нетум тент-пегги
D) бассыз салт атты, лоза қию, сұлтандар сайысы, чехва

Е) апельсин, бандинг рес, баррел рейсинг, бөшке қирату, букет, джимхана, родео, эстафета

§§ 316. Атсайысындағы нысанаға найза лақтыру ойындары.

- А) жалауша, коррида, қыз-қуу, папах оюны, саятшылық, сюр папах, тарчия, түлкішек
- В) да кю, лело, маканахах, пато, поло, пугибол, пушбол, ради, цхенбурти, човган, хорсбол
- С) жамбы ату, исинди, кабахи, низаки-нетум тент-пегги
- Д) бассыз салт атты, лоза қию, сұлтандар сайысы, чехва
- Е) апельсин, бандинг рес, баррел рейсинг, бөшке қирату, букет, джимхана, родео, эстафета

§§ 317. Атсайысындағы қылышпен нысана кесу ойындары.

- А) жалауша, коррида, қыз-қуу, папах оюны, саятшылық, сюр папах, тарчия, түлкішек
- В) да кю, лело, маканахах, пато, поло, пугибол, пушбол, ради, цхенбурти, човган, хорсбол
- С) жамбы ату, исинди, кабахи, низаки-нетум тент-пегги
- Д) бассыз салт атты, лоза қию, сұлтандар сайысы, чехва
- Е) апельсин, бандинг рес, баррел рейсинг, бөшке қирату, букет, джимхана, родео, эстафета

§§ 318. Атсайысындағы әр түрлі қызықты ойындары.

- А) жалауша, коррида, қыз-қуу, папах оюны, саятшылық, сюр папах, тарчия, түлкішек
- В) да кю, лело, маканахах, пато, поло, пугибол, пушбол, ради, цхенбурти, човган, хорсбол
- С) жамбы ату, исинди, кабахи, низаки-нетум тент-пегги
- Д) бассыз салт атты, лоза қию, сұлтандар сайысы, чехва
- Е) апельсин, бандинг рес, баррел рейсинг, бөшке қирату, джимхана, родео, роза, эстафета

§§ 319 Орта Азия халқының атсайыс ойындары.

- А) арқан тартыш, оодарыш, бұзқашы, жорға салыш, сайыш, тиын энмей
- В) қыз қуу, бәйге, аламан бәйге, жорға жарыс, сайыс, көкпар
- С) қалашықты алу, вольтижировка, тройка
- Д) дашвеба, джирити, доги, маканахах, исинди, кабахи, лело, папах оюни
- Е) родео, коррида, бандинг рес, вестерн, поло, палео, пато

§§ 320. Қазақстан халқының атсайыс ойындары.

- А) арқан тартыш, оодарыш, бұзқашы, жорға салыш, сайыш, тиын энмей
- В) қыз қуу, бәйге, аламан бәйге, жорға жарыс, сайыс, көкпар

- С) қалашықты алу, вольтижировка, тройка
- Д) дашвеба, джирити, доги, маканахах, иссинди, кабахи, лело, папах оюни
- Е) родео, коррида, бандинг рес, вестерн, поло, палео, пато

\$\$ 321. Кавказ халқының атсайыс ойындары.

- А) арқан тартыш, оодарыш, бұзқашы, жорға салыш, сайыш, тиын энмей
- В) қыз қуу, бәйге, аламан бәйге, жорға жарыс, сайыс, көкпар
- С) қалашықты алу, вольтижировка, тройка
- Д) дашвеба, джирити, доги, маканахах, иссинди, кабахи, лело, папах оюни
- Е) родео, коррида, бандинг рес, вестерн, поло, палео, пато

\$\$ 322. Ресей халқының атсайыс ойындары.

- А) арқан тартыш, оодарыш, бұзқашы, жорға салыш, сайыш, тиын энмей
- В) қыз қуу, бәйге, аламан бәйге, жорға жарыс, сайыс, көкпар
- С) қалашықты алу, вольтижировка, тройка
- Д) дашвеба, джирити, доги, маканахах, иссинди, кабахи, лело, папах оюни
- Е) родео, коррида, бандинг рес, вестерн, поло, палео, пато

\$\$ 323. Еуропа елдерінің халықаралық атсайыс ойындары.

- А) арқан тартыш, оодарыш, бұзқашы, жорға салыш, сайыш, тиын энмей
- В) қыз қуу, бәйге, аламан бәйге, жорға жарыс, сайыс, көкпар
- С) қалашықты алу, вольтижировка, тройка
- Д) дашвеба, джирити, доги, маканахах, иссинди, кабахи, лело, папах оюни
- Е) родео, коррида, бандинг рес, вестерн, поло, палео, пато

СПОРТ ЖЫЛҚЫСЫН АЗЫҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ КҮТІП-БАҒУ

Ат спорты бағытындағы жылқы тұқымдарын өсіретін жылқы зауыты, фермасы және басқа да шаруашылықтар, спорт жылқыларын азықтандыру мен күтіп-бағу жұмыстарына зор көңіл бөлгендері жөн. Сондықтан спорт жылқысын өсіретін барлық шаруашылық түрлерінде арнайы атқоралар мен оған қажетті қосымша құрылыстар салынады. Спорт жылқысын арнайы атсайысына жаттықтыратын және дайындайтын мұндай кешендер ипподром мен ат спорты мектебінде де тұрғызылады.

Спорт аттарын сынайтын және ат жарыстары өткізілетін ипподромдар ірі қала маңында салынады. Ондай ипподромның жанына міндетті түрде ат спорты мектебі тұрғызылады. Ат спорты мектебі - республика және облыс орталығындағы ипподром маңайында, тіптен, қала, аудан және ауыл тұрғындары тұратын жерлерде де ұйымдастыра береді. Ат спорты мектебі - бұл спортшы-шабандоз бен спорт атын классикалық атсайыс ойынына дайындайтын және жылқыны жалға беру жұмысын ұйымдастыратын мекеме болып саналады.

Күтіп-бағу. Спорт жылқысын өсіретін және оны ат спортының бағытына байланысты дайындайтын кешендер, ондағы қала, облыс, аудан немесе ауыл тұрғындарына қажеттілігі мен сұранысына байланысты жоспарланады. Ал, мұндай кешеннің көлемі жылқының мал басы санына байланысты (20, 40, 60, 80 немесе одан жоғары) ұйымдастырылады.

Сондағы кешеннің атқаратын бірнеше қызмет түрлері бар. Ол шабандоз бен бапкерлерді дайындау, оларға «*спорт жылқысы*» туралы теориялық және тәжірибелік білім беру. Спорт жылқысының, оның пайдалану бағыты мен ат спорты түріне байланысты тренингісін, дайындауы мен жаттықтыру жұмыстарын үйрету және спорт маманының біліктілігін көтеру. Сонымен бірге, ат спортының бағытына байланысты, оған пайдаланатын жылқыларды азықтандыру және күтіп-бағу, жаттықтыру, жарату, ат сайысына дайындау, оның жарысын ұйымдастыру және т.с.с.

Кешеннің құрамы келесі бөлімдерден тұрады: әкімшілік-шаруашылық бөлімі, олардың қажетін өтейтін орындар, малдәрігерлік-санитарлық бөлім және жеке изолятор, жабық манеж (24x60 м), оқу бөлмелері, бірнеше атқоралар, әр түрлі мақсатта пайдаланатын қосымша бөлімшелер, аттың мәнерлі жүрісі мен конкурға арналған алаң, стипль-чез трассасы және т.с.с. Кешеннің маңайына жем-шөп қорын жинайтын қойма тұрғызылады. Жылқы өжіресіне төселетін ағаш ұнтағы сақталатын орын да ескеріледі. Сонымен бірге кешеннің бір шетіне немесе алыстау жеріне ат тезегі мен қиын сақтайтын, ірі азық пен төсеніш қалдықтары шығарылатын орын дайындалады.

Атқоралар таза, жарық және құрғақ болады. Оның ауасы табиғи желдеткішпен қамтамасыз етілуге тиіс. Атқоралар жылқы тұратын бірнеше

өжірелерден (денник) тұрады. Әр атқорада, аттың әбзелдері, құрал-саймандары, әр түрлі керекті жабдықтары (тіреуіш, сырғауыл т.с.с.) сақталатын бөлімдері, жем-шөп қоры тұратын орны болады. Ат күтуші, шабандоз бен бапкерлерге арналған жеке бөлмелермен де қамтамасыз етіледі. Спорт жылқысы тұратын әр өжіренің көлемі 2,0x2,5 м. Әр өжіренің ішінде, өзі ашылып-жабылатын автоматтандырылған су ішетін ыдыс және ірі азық пен жем салынатын астау қойылады. Өжіренің едені сазбалшықтан немесе асфальттан жасалады, оның еденіне ұсақ ағаш ұнтағы немесе арнайы шөптер төселеді. Олар күн сайын ауыстырылып тұрады.

Атқораның ішіне жылқы тобымен тұруына лайықтан арнайы бөлме бөлінеді. Бұл бөлімге спорттың пайдалану бағытына байланысты жылқылар бірге күтіп-бағылады. Мұндай бөлменің болуының артықшылығы, олардың жаттықтыру жұмысының тәртібін сақтауға өте оқтайлы болып келеді. Ондағы орындалатын жұмыстардың күн тәртібі белгіленеді. Мұнда спорт аттарын азықтандыру, суғару мен тазалау, өжірелерді тазалау және жаттықтыру ережесі белгіленеді. Сонымен бірге, спорт атының құрал-саймандары мен жабдықтарын тәртіпке келтіретін уақыты да ескеріледі. Атқорадағы орындалатын жұмыстардың күн тәртібі, жылқының спорттық бағытының негізгі мақсаты мен сипаты, оның ережесі мен жыл мезгіліне байланысты өзгеріп тұрады.

Азықтандыру. Жылқының жоғарғы спорттық сапасының негізгі көрсеткіші, оларды толық қанды азықтандыру нәтижесінде қалыптасады. Сондағы құрылатын рационның құрамы, жылқының организмінің протейнге, витаминдерге, микроэлементтерге және минеральды заттарға қажеттілігін толық қамтамасыз етуі қажет. Спорт жылқысына берілетін азықтың тәуліктік рационның құнарлылығы 10,0-13,7 азық өлшемін құрайды. Сонымен бірге әр азық өлшемінде болуы қажет, олар: 100-125 г қорытылған протеин, 5-6 г кальций, 5-6 г фосфор және 15-20 мг каротин. Егер жылқының азық рационның құнарлылығы, оның жаттығу мен жарыс процестерінде бөлінетін энергия мөлшерін қамтамасыз етпесе, онда бұл оның спорттық формасы мен жұмыс қабілетін төмендетеді. Сонымен бірге спорт атының қондылығы мен күйі төмендеп кетеді.

Халықаралық ат спорты комитетінің қаулысы бойынша, 1985 жылдан бері спорт жылқысын азықтандырудың ғылыми дәлелденген нормасы қабылданған. Сондағы бір бас спорт жылқысына жылына қажет: пішен - 28,0 ц, құрама жемдер (сұлы, бидай жармасы, арпа, жүгері, премикстер, комбикорм) - 28,0 ц, сәбіз - 7,0 ц, көк балғын шөптер - 5,0 ц. Спорт жылқысын азықтандыру, оның жаттығу жұмысының барысындағы бір күндік жүктемесі ескеріле отырып жүргізіледі. Егер, мысалы, жылқының негізгі жаттықтыру жұмысы күннің бірінші жартысында орындалатын болса, онда оның азықтандырудың күндік нормасы былай бөлінеді: ертеңгісін - 25,0%, түсте - 40,0%, кешке - 35,0%. Ал, егер спорт жылқысының негізгі жаттықтыру жұмысы күннің екінші жартысында орындалатын болса, онда оның азық-

тандырудың күндік нормасы келесідей бөлінеді: ертеңгісін - 40,0%, түсте - 25,0% , кешке - 35,0%.

Спорт жылқысының тәуліктің нормасының үлгісі
(Ресей ғылыми-зерттеу жылқы шаруашылығы
институтының мәліметі бойынша)

Компоненттер	Тірілей салмағы, 500 кг	
	жұмыс кезінде	демалу кезінде
Дәнді-бұршақты пішен, кг	7,0	8,0
Сұлы (дән), кг	7,0	5,0
Жүгері дән, кг	1,0	-
Шөп ұны, кг	1,0	-
Премикс, кг	0,1	0,1
Меласса, кг	0,5	-
Бидай жармасы, кг	-	0,5
Ас тұзы, г	66	33

Жарыс болатын күні спорт жылқысына ірі азық беруді азайтады. Бірақ жоғары калориялы тез қорытылатын азықтардың мөлшерін көбейтеді. Спорт жылқысына қосымша, әсіресе жарыс болатын күні, старттан бір-екі сағат бұрын 300-500 г қант (немесе глюкоза) берілуі қажет. Старт алдында спорт жылқысына қосымша қант беру нәтижесінде, оның организміндегі энергиялық қорының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге, спорт жылқысының жұмыс қабілетін яғни қарқындылығын жоғарлатады.

Жылқыны - күн тәртібі бойынша, тұрақты белгіленген бір мезгілде азықтандырудың маңызы бар. Бұның нәтижесінде аттың азықты қабылдау мерзіміне - шартты рефлексі қалыптасады. Оның организмінде ас қорыту сөлінің бір қалыпты бөлінуіне жағдай жасайды. Сондықтан жылқының жеген азығы бойына жақсы сіңеді және толық қорытылады. Сонымен бірге спорт жылқылары левадаға және жайылымға шығарылып тұрады.

Жылқыға дәнді азықтарды жаттығу алдында екі-үш сағат бұрын береді. Оны аш қарынға жаттықтыруға болмайды. Дәнді дақылдардың бір бергендегі нормасы 2,0 кг-нан аспауы қажет. Сұлы жылқыға күніне үш мезгіл беріледі, ертеңгісін, түсте және кешке. Ал, жарыс кезеңінде, әсіресе жаттығу жұмысының жүктемесі жоғары болғанда, күніне төрт мезгіл беріледі. Ал жылқыны жарыс болатын күнгі дұрыс азықтандыруды ұйымдастырудың маңызы өте жоғары. Жарысқа бір күн қалғанда, кешке берілетін пішен мөлшері азайтылады. Ал таңғы берілетін пішеннің мөлшері 700-800 г дейін қысқартылады. Оның есесіне сұлының ішіне 200-250 г қант қосылып беріледі. Бұл нормалардың барлығы қатаң сақталуға тиіс.

Ал спорт жылқыларын өсіретін шаруашылықтар, жылқыларды қосымша жайылымға шығарады. Онда да ертеңгі тазалау мен азықтандыру жұмыстары аяқталған соң, онда да түске дейін ғана. Жайылымға буаз және

құлынды биелер шығарылады, ал тұқымдық айғырлар мен тренингтегі жылқылар ауладағы левадаға шығарылады. Тренингтегі жылқылар ипподромдағы сынау мен жарыс маусымы аяқталған соң да левада мен жайылымға шығып тұрғаны және жаттығудан бір-екі ай демалғандары абзал.

Суғару. Спорт жылқысын тек жақсы азықтандырып қана қоймай, оны дұрыс уақтылы суғарудың да маңызы бар. Жылқының суға деген қажеттілігі, көптеген жағдайларға байланысты болып келеді. Мәселен, жыл мерзіміне, ауаның температурасы мен ылғалдығына, азықтағы су құрамына, орындайтын жұмыс көлемі мен жаттықтыру жүктемесіне және жылқының жекелеген басқа да ерекшелігіне. Сонымен спорт жылқысы - қыс мерзімінде күніне - 25 литр, ал жаз мерзімінде - 35 литрге дейін су ішеді. Жылқы күшті жұмыс істеу кездерінде тәулігіне - 50 литрге дейін суды пайдаланады. Жылқы сумен үздіксіз қамтамасыз етілуі қажет. Яғни күніне 3-4 рет суғарылуға тиіс.

Сонымен бірге жаттығу жұмысынан келген кезде суды көп мөлшерде жұтып жібермеуін қадағалау қажет. Берілетін судың таза әрі тұнық болғаны дұрыс. Сондағы жылқыға берілетін судың температурасы 7-12 градус болғаны жөн. Жылқыны үстеме жаттықтыру кезінде және атшабысының жарысы болатын күні, оған бір шелек суға үш-төрт ас қасық тұз араластырып береді. Бұл оның организміндегі су мөлшерін сақтауға мүмкіндік береді және осмотикалық қысымының нормасын ұстап тұрады. Сондықтан спорт аттарын суғару жұмысына баса назар аударылады.

Тазалау. Спорт жылқысының денсаулығы, оның денесіндегі терісінің қызметінің дұрыс орындалуына да байланысты болып келеді. Тек таза және сау тері, оның қорғаныс, зат алмасу, ішкі секреторлық, жылу реттегіш және анализдеу функцияларын толық атқаруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жылқы организмі мен оның сыртқы ортамен байланысын үздіксіз рефлекторлық байланыста жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Спорт атын тазалау, оны атқораның коридорында немесе сыртқа шығарып орындауға болады. Жылқыны тазалау үшін, оны басының шылбырының екі жақ қапталынан байлап қояды. Жылқыны толық тазалау жұмысы, күніне бір рет яғни таңертеңгі азықтандырудан кейін жүргізіледі. Жылқыны жаттығу жұмысынан немесе кешкі азықтандырудан кейін, тек денесінің былғанған жерлерін ғана тазалап қояды. Егер жаттығу жұмысынан жылқы қатты терлеген болса, онда оны толық кепкенін күтуге тура келеді.

Жылқыны тазалау жұмыстары қолмен немесе механикалық тәсілмен жүргізіледі. Жылқыны механикалық тәсілмен тазалау өте тиімді. Бұл оның денсаулығына пайдалы емдік және профилактикалық шара болып саналады. Спорт жылқысының тұяғы, оның құрылысы күрделі жерінің бірі. Жылқы тұяғы, оны үнемі мұқият тазалап тұруды қажет етеді. Тұяқ қалыпты болса, жарықшағы және қабықтануы болмай, теп-тегіс болып, жылтырап тұрады.

Жылқы тұяқтарын күтудегі көзделетін негізгі мақсат - оны таза ұстау. Тұяқ мүйізшесінің ылғалдығы дұрыс және серпімді болуын қадағалап тұрған абзал. Жылқы тұяқтарын уақтылы кесіп және тағалап тұрады. Оның форма-

сын сақтауды уақтылы бақылап отыру қажет. Жылқы тұяқтарын жаттығу жұмысына шығар алдында, одан келгеннен соң мұқият тексеріп, оның былғаныштан тазалап тұрады. Әсіресе, оның тұяқ жүрекшесіне баса назар аудару қажет. Тұяқ жүрекшесінің арасын қидан немесе балшықтан арылтқан жөн. Себебі, тұяқ жүрекшесі шірі бастайды, бұл оның өкшесінің қысыңқы болып бітуіне әкеп соғады.

Бақылау сұрақтары: Атқора - оны қалай түсінуге болады. Атқора қалай бөлінеді. Атқораның ішкі ерекшелігі. Өжіре дегеніміз не. Спортқа пайдаланатын жылқылардың азықтандыру ерекшелігі неде. Спортқа пайдаланатын жылқыларды күніне қанша рет суғарады. Спортқа пайдаланатын жылқыларын тазалау қалай жүргізіледі. Жылқы тұяғын күтудің маңызы.

Әдістемелік нұсқау: Лабораториялық сабағында студенттерді ат спортына пайдаланылатын жылқыларды күтіп-бағу, азықтандыру, суғару, тазалау және оның маңызы мен ұйымдастыру жұмыстарымен таныстыру.

Берілген тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақта студенттер үшін ат спорты бағытындағы жылқы тұқымдарын өсіретін жылқы зауыты, фермасы және басқа да шаруашылықтарға, ипподромға, ат спорты мектебіне қосымша экскурсия ұйымдастыруы қажет.

Тәжірибелік сабақ барысында студенттер мініс және желіс бағытындағы спорт жылқысын азықтандыру мен күтіп-бағу жұмыстарына зор көңіл бөлгендері жөн. Сонымен бірге спорт жылқысын өсіретін барлық шаруашылық түрлеріндегі арнайы атқоралар мен оған қажетті қосымша құрылыстарды, оларды атсайысына жаттықтыратын және дайындайтын ипподром мен ат спорты мектебіндегі күтіп-бағу, азықтандыру, суғару және тазалау жұмыстарын көреді.

Тапсырма:

1. Ат спортына пайдаланылатын жылқыларды күтіп-бағу, азықтандыру, суғару, тазалау және оның маңызы мен ұйымдастыру жұмыстарының шаруашылық түрлеріндегі, ипподромдағы және ат спорты мектебіндегі ерекшеліктеріне талдау жасау.

2. Ат спорты бағытында өсірілетін жылқылардың күтіп, бағу және азықтандыру жұмыстарына қатысты атауларын оқулық соңында берілген терминдердің ішінен теріп жазу.

Тест сұрақтары:

\$\$ 324. Асыл тұқымды спорт жылқысын өсіретін кешеннің құрамында не бар.

А) атқоралар, бөлімшелер, алаң, жеке изолятор, жабық манеж, оқу бөлмелері және т.с.с.

В) мініс және желіс жылқылардың сынау және шабыс жарысын өткізу

- C) спорт атын классикалық атсайыс ойынына дайындайтын мекеме
- D) бірнеше өжірелерден (денник), және т.б. бөлімдерден
- E) жылқы тұратын бөлім

\$\$ 325. Ипподромның атқаратын міндеті.

- A) атқоралар, бөлімшелер, алаң, жеке изолятор, жабық манеж, оқу бөлмелері және т.с.с.
- B) мініс және желіс жылқылардың сынау және шабыс жарысын өткізу
- C) спорт атын классикалық атсайыс ойынына дайындайтын мекеме
- D) бірнеше өжірелерден (денник), және т.б. бөлімдерден
- E) жылқы тұратын бөлім

\$\$ 326. Ат спорты мектебінің атқаратын міндеті.

- A) атқоралар, бөлімшелер, алаң, жеке изолятор, жабық манеж, оқу бөлмелері және т.с.с.
- B) мініс және желіс жылқылардың сынау және шабыс жарысын өткізу
- C) спорт атын классикалық атсайыс ойынына дайындайтын мекеме
- D) бірнеше өжірелерден (денник), және т.б. бөлімдерден
- E) жылқы тұратын бөлім

\$\$ 327. Атқоралар неден тұрады.

- A) атқоралар, бөлімшелер, алаң, жеке изолятор, жабық манеж, оқу бөлмелері және т.с.с.
- B) мініс және желіс жылқылардың сынау және шабыс жарысын өткізу
- C) спорт атын классикалық атсайыс ойынына дайындайтын мекеме
- D) бірнеше өжірелерден (денник), және т.б. бөлімдерден
- E) жылқы тұратын бөлім

\$\$ 328. Өжіре (денник) дегеніміз не.

- A) атқоралар, бөлімшелер, алаң, жеке изолятор, жабық манеж, оқу бөлмелері және т.с.с.
- B) мініс және желіс жылқылардың сынау және шабыс жарысын өткізу
- C) спорт атын классикалық атсайыс ойынына дайындайтын мекеме
- D) бірнеше өжірелерден (денник) және т.б. бөлімдерден
- E) жылқы тұратын бөлім

\$\$ 329. Спорт жылқысына берілетін азықтың күндік нормасы қалай бөлінеді.

- A) ертеңгісін - 40,0%, түсте - 25,0%, кешке - 35,0%
- B) 10,0 – 13,7 азық өлшемі
- C) үш рет
- D) 25,0 литр
- E) 35,0 литр

\$\$ 330. Спорт жылқысына берілетін азықтың тәуліктік рационның құнарлылығы.

- A) ертеңгісін - 40,0%, түсте - 25,0%, кешке - 35,0%
- B) 10,0 – 13,7 азық өлшемі**
- C) үш рет
- D) 25,0 литр
- E) 35,0 литр

\$\$ 331. Сұлы жылқыға күніне қанша рет беріледі.

- A) ертеңгісін - 40,0%, түсте - 25,0%, кешке - 35,0%
- B) 10,0 – 13,7 азық өлшемі
- C) үш рет**
- D) 25,0 литр
- E) 35,0 литр

\$\$ 332. Спорт жылқысы қыс мерзімінде күніне қанша литр су ішеді.

- A) ертеңгісін - 40,0%, түсте - 25,0%, кешке - 35,0%
- B) 10,0 – 13,7 азық өлшемі
- C) үш рет
- D) 25,0 литр**
- E) 35,0 литр

\$\$ 333. Спорт жылқысы жаз мерзімінде күніне қанша литр су ішеді.

- A) A) ертеңгісін - 40,0%, түсте - 25,0%, кешке - 35,0%
- B) 10,0-13,7 азық өлшемі
- C) үш рет
- D) 25,0 литр
- E) 35,0 литр**

\$\$ 334. Жылқыны тазалау жұмыстары қалай жүргізіледі.

- A) қолмен және механикалық**
- B) қолмен
- C) механикалық
- D) шлангімен
- E) щеткамен

\$\$ 335. Жылқыны тазалау қайда жүргізіледі.

- A) ипподромда
- B) атқора дәлізінде**
- C) манежде
- D) ат спорты мектебінде
- E) шаруашылықта

СПОРТ АТЫН ТАҒАЛАУ

Тұяғы нашар күтілген жылқы жиі ақсайды, сондықтан оларды ат спортына пайдалану үшін тағалау керек болады. Сондағы көзделетін мақсат, жылқы тұяғын мезгілсіз қажалу мен мүжілуден, мүйіз қабатының сынуы мен жарақаттанудан сақтау. Тұяқтары дұрыс әрі лайықты тағамен тағаланған спорт жылқысы, оның аяқтарының барлық аллюрде жүрудегі жүрістеріне ерекше тұтқырлық, беріктілік пен орнықтылық береді. Спорт жылқысына арналған тағалардың неғұрлым жеңіл болғаны дұрыс. Бірақ олар жылқының тұяғына жайлы және берік болуы керек. Жылқының жүрісіндегі қимыл-қозғалысы жылдамдаған сайын, оның тағасының да жеңіл болғаны абзал. Жылқы тағасының ауыр болуы, оның аяқтарының бұлшық еттері мен сіңірлеріне салмақ түсіреді. Бұл спорт жылқысының аяқтарының орындайтын аллюр түрлері мен жұмыс сапасына әсер етеді. Ат спортына пайдаланатын жылқының тағасы, ат ойынының түрі мен бағытына байланысты әр түрлі болып келеді.

Жазықтағы шабыс пен кедергіден қарғу (барьерлік) - жарыстарына пайдаланатын жылқыны тағалау. Егер жылқының шабыс жолы жұмсақ топырақты болған жағдайда, оның тек алдыңғы екі аяқтарының тұяғы ғана тағаланады. Ал, артқы аяқтарының тұяқтарын тағаламай қалдыруға болады. Мұнда жылқының алдыңғы аяқтарының тұяғын тағалауда, тағаның бұдырсыз жеңіл түрі пайдаланылады. Оның әрқайсысының салмағы 80-120 г болады. Ал, шабыс жолы балшықты немесе көгалды жерде болса, онда болаттан соғылған трапеция түріндегі таға пайдаланылады. Оның қалыңдығы 4 мм, жоғарғы ені 8 мм, ал төменгі жағының ені 6 мм. Мұндай тағаның ілгек жағы жұқа пластинка түріндегі бұдырлармен қамтамасыз етіледі. Мұнда жылқының алдыңғы аяқтарының тұяғын бұдырсыз жеңіл таға түрімен тағалайды. Ал артқы аяқтарының тұяғының тағасысы қайырмалы және ілгегінің сыртындағы өкшесіне ғана бұдырлар орнатылады. Мұндай тағалау тәсілі, жылқыны қатты қарқынды шабыста өздерін батыл сезінуге жағдай туғызады.

Желғорлардың желіп шабу (бега) - жарысына пайдаланатын жылқысын тағалау. Бұл жылқыны тағалаудың өзіндік ерекшелігі бар. Мұның себебі, оның тұяқтарын сақтаудан басқа, желғордың тек желіп жүгіру аллюрін теңгеріп отыру қажет. Желғор жылқысының оң және сол жақ тұяқтарының тағасының салмақтары бірдей болуы қажет. Оның алдыңғы аяқтарының тағасының салмағы 180-210 г, ал артқы аяқтарының тағасының салмағы 120-180 г. Ал, желіс аллюрі берік қалыптасқан желғор жылқысын тағаның жеңіл түрімен тағалайды. Оның алдыңғы аяғындағы тұяғының тағасының салмағы 150-180 г, ал артқы аяғынікі - 120-150 г. Желғор жылқысын тағалауға, әдетте тағаның тұйық яғни дөңгелек түрі қолданылады. Оның тарамдарының ұшының арасына ұсақ ұстатқыштар орнатылады. Сонымен бірге желғор-

ларды қарапайым жайпақ тағамен де тағалауға болады. Желфорлардың жорғалау аллюріне бейім жылқысын тағалауда, оның артқы аяқтарының табан ұлтаны мен оның қапталдарын кеспей, оларды жеңіл өсінді ретінде қалдырады. Сонымен бірге оның ұшқырлығының жеке қабілеті ескеріле отырып, таға оның қозғалысына лайықтап бекітіледі.

Мәнерлен жүру (выездка) - аттың жүріс өнеріне пайдаланатын жылқыны тағалау. Әдетте бұл жылқыны тағалауға мүлде болмайды. Себебі ол қыста жабық манежде, ал жазда арнайы дайындалған тегіс алаңда өнер көрсетеді. Оның тұяқтарының мүйісді қабыршықтарын кесіп, уақытылы тазалап тұрса болғаны. Тек өте қажет болған жағдайда ғана, жылқының алдыңғы аяқтарын тағалауға болады. Мұнда ат тұяғын тағалаудың, жартылай айшық түріндегі тағасы пайдаланылады. Мұндай таға, оның алдыңғы аяқтарын жерден тез көтерілуіне септігін тигізеді. Сонымен бірге жылқы аяқтарының жерден қалықтай көтерілуі мен «*жинақталу*» жүрісінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Конкур – конкурлық жылқыларын тағалау. Мұнда жылқы кедергіден қарғығанда, оның аяқтары секіруде және жерге түсу кезінде төрт аяғының тірек таянышы қысқарып, тұяқтары өте жақын болып келеді. Конкур жылқысын тағалауда, тағасы оның тұяғының мүйізді қабырғасын ұзартпауы немесе кеңейтпеуі ескеріледі. Оның өкшесіндегі тарамы төмен және алға қаратылып тағаланады, ал бекітілу тетігінің бұрышы одан ары болмауға тиіс. Мұндағы тағаның тарамдары мүйізді қабырғасынан қалың болмағаны дұрыс.

Үш сайыс (троеборье) - жарысына пайдаланатын жылқыны тағалау. Бұл жылқының кросс кезіндегі шабысы, көптеген жоғары көтерілу және еңіске түсу, шұғыл бұрылыстар мен кедергіден секіруді қажет етеді. Сондықтан оның тұяғының тағасы тұтқыр болғаны жөн. Мұнда ат тұяғын тағалаудың, бұрышталған таға түрі пайдаланылады. Мұндай тағаның сыртқы текшігінің биіктігі 10 мм, қалыңдығы 2,5 мм, ал тарамының ені - 14 мм болады. Тағаның тайғақ жерлерде берік болуы үшін, егеумен егеліп оның текшігіне төрт немесе алты тістер жасалады. Мұндай таға өзінің тұтқырлығымен және беріктігімен ерекшеленеді. Бұл бұдырлы тағаға қарағанда, өте орнықты болып келеді.

Ат жүгірту (пробеги) - жарысына пайдаланатын жылқыны тағалау. Мұндай ат жарысына қатысатын жылқының тағасының өте берік болғаны жөн. Тағаның салмағының 300 г дейін болуына рұқсат беріледі. Егер аттың жүгіру жолы жұмсақ болған жағдайда, жылқыны тағалау шабыс жылқысына арналған жеңіл тағаны қолдануға болады. Ал жол тайғанақ болса, онда оған тарамы ауырлау келген бұрышты тағамен тағалайды. Оның тұяқтары ұшы доғал темір ілгекпен немесе ағаштан жасалған пышақпен тазалайды.

Ұлттық атсайыс ойындарына - пайдаланатын жылқыны тағалау. Ат спортының ұлттық ойындарының сайысы, негізінде борпылдақ топырақты немесе көгалды жерлерде өткізіледі. Сонымен бірге аттардың қатарласа бірігіп шабу, жарысу, қақтығысу, тартысу, араласу және т.с.с. қимыл-қозғал-

ыстары жиі кездеседі. Ұлттық ат ойындарына пайдаланылатын жылқыны тағалауда, тағаның ернеуі онша биік емес бұрышталған түрі қолданылады. Мұнда тағаның бұдырлы түрін айдаланудың қажеті жоқ.

Бақылау сұрақтары: Жылқыны тағалау принциптері. Жылқыны не үшін тағалайды. Жылқы тағалаудың ерекшелігі неде. Жазықтағы шабыс пен кедергіден қарғу (барьерлік) - жарысына пайдаланатын жылқыны тағалау. Желфорлардың желіп шабу (бега) - жарысына пайдаланатын жылқысын тағалау. Мәнерлеп жүру (выездка) - өнеріне пайдаланатын жылқыны тағалау. Конкур және стипль-чез жылқыларын тағалау. Үш сайыс (троеборье) - жарысына пайдаланатын жылқыны тағалау. Ат жүгірту (пробеги) - жарысына пайдаланатын жылқыны тағалау. Ұлттық атсайыс ойындарына - пайдаланатын жылқыны тағалау.

ЗООТЕХНИЯЛЫҚ-МАЛДӘРІГЕРЛІК БАҚЫЛАУ

Ат спорты ойындарына пайдаланылатын жылқыны зоотехникалық-малдәрігерлік бақылау жұмысы, оның спорттық қабілетін жетілдіретін шараның бірі болып саналады. Мәселен, зоотехниялық шараларға - жылқыларды жыл сайын бонитировкалау, тұқымдық айғырларды таңдау, дайындау және шағылыстыру. Бие ұрықтандыру, құлын өсіру және құлынды енесінен айыру. Оларға зауыттық және ипподромдық тренинг, азықтандыру, күтіп-бағу және тағалау жұмыстары жатады. Ал малдәрігерлік жұмыстарға - спорт жылқысының денсаулығын бақылау. Тұқымдық айғырдың шәуеті мен биенің буаздығын тексеру. Бие ішіндегі төлдің өсіп-жетілуін қадағалау. Жылқы ауруларын болдырмау немесе оның алдын-алу шаралары мен профилактика жүргізу. Жылқы аурулары мен оның әр түрлі жаракатын емдеу.

Зоотехниялық-малдәрігерлік бақылау жұмысын жүргізу нәтижесінде, болашақта денсаулығы жақсы және организмі дұрыс қалыптасқан спорт жылқысын өсіру. Сонымен бірге, жаттықтыру жұмысының жылқы организміне тигізетін әсерін бақылау. Жылқының ат жарысына қатысу барысындағы организмінде болатын өзгеріс нәтижелерін зерттеу. Жылқының жаттығу және жарысқа қатысу нәтижесіндегі, оның бұлшық еттерінің ширығу процесінің қалыпқа келу сипатын үнемі тексеріп тұру.

Денсаулығы сау жылқының бірінші белгісі - ол оның жақсы тәбеті. Егер жылқы азықты құлықсыз жеген болса, онда ол өзін нашар сезінеді дегенді білдіреді. Ал жылқы астауға жақындамай, теріс бұрылса немесе тершеңдік білдірсе, өзін беймаза ұстаса, іш-қарын тұсына қарай берсе, онда мұдай жылқының ауруға шалдыққаны. Жылқының бұл белгілерінен басқа, оның клиникалық көрсеткіштері де тексеріледі. Мәселен, пульсінің жиілігі, тыныс алу саны және денесінің ректальды температурасы. Спорт жылқысының бұл клиникалық көрсеткіштері, оның жұмыс істеу алдында және дозировкалы жұмысынан кейін де тексеріліп тұрады.

Жылқының клиникалық көрсеткіштерімен бірге оның гематологиялық зерттеу жұмысының мәліметтері де пайдаланылады. Мәселен, А.Ф.Ласковтың мәліметі бойынша, азықтандыру мен суғаруға дейінгі, дені сау, жарысқа дұрыс дайындалған спорт жылқысының қанының құрамындағы эритроциттері мен гемоглобинінің көрсеткіштері өзгеріске ұшырайды екен. Мысалы, спорт жылқысы тыныштықта тұрған жағдайында, оның 1 мм (куб) қанында, орташа есеппен 7-8 млн. эритроциттер болады. Қарқынды жұмыстан кейін, оның бұл көрсеткішінің саны 9-11 млн-ға жетеді екен. Ал гемоглобиннің құрамы осыған сәйкес, 76,0-100 мг/% жетеді.

Спорт жылқысының дайындығы мен жарысқа қатысу нәтижесін және зоотехниялық-малдәрігерлік жағдайын үнемі бақылауда ұстау үшін, оның спорткомитеті бекіткен арнайы паспорты болады. Бұл құжат - жылқының

спортта болған кезеңдеріндегі денсаулығы мен жұмыс қабілетінің сипатын көрсетеді.

Ат спортына пайдаланылатын жылқыларының клиникалық көрсеткіштері (А.Ф.Ласковтың мәліметі бойынша)

Жылқының жағдайы	Дене температурасы	Пульсі, 1 мин соғу жиілігі	Тыныс алуы, 1 мин тыныс алу саны
Тыныштықта тұрғанда	37,5-38,4	24-36	8-14
Бірден, орташа жүктемеден кейін	38,9-39,5	72-100	36-60
Бір сағаттан кейін, осындай жүктемеден соң	37,7-38,5	0-44	10-18
Бірден, қарқынды жүктемеден кейін	39,5-40,5	88-120	60-104
Бір сағаттан кейін, осындай жүктемеден соң	38,0-38,6	34-48	14-24

Бақылау сұрақтары. Жылқыны малдәрігерлік-зоотехниялық бақылаудың мақсаты неде. Малдәрігерлік-зоотехниялық бақылаудың принциптері. Жылқыны не үшін малдәрігерлік-зоотехниялық бақылайды. Жылқыны зоотехниялық бақылаудың шаралары. Жылқыны малдәрігерлік бақылаудың шаралары. Денсаулығы сау жылқының бірінші белгісі. Жылқының клиникалық көрсеткіштері. Спорт жылқысының бұл клиникалық көрсеткіштері.

ҚАУЫПСЫЗДАНДЫРУ ТЕХНИКАСЫ

Шаруашылықтарда жылқының қауыпсыздандыру техникасына көп көңіл бөлінеді. Себебі, адам мен ат тығыз қарым-қатнаста бірге жұмыс істейді және олардың мінез-құлқы да түрлі болып келеді. Спорт жылқысын өсіру мен күтіп-бағуына, оның зауыттық (топтық және жеке) тренингісіндегі қауыпсыздандыру техникасына сол жылқы зауыты мен шаруашылық басшысы жауап береді. Жылқыны ипподромда сынауда - бапкер бапкері, оның ипподромда өткізілетін жарысқа қатысу жұмысында –бас төреші мен сол ипподром қызметкерлері, ал ат спорты мектебінде - оның жеке бапкері мен мекеме басшысы жауапты.

Жылқымен жұмыс істейтін әр адам, оның қауыпсыздандыру техникасын білуге және оның ережесі мен тәртібін қатаң сақтаулары керек. Әр атқорада, манежда, ветлазеретте және ұстаханада жылқымен жұмыс істеу кезіндегі орындалатын тәртібінің қауыпсыздандыру техникасының ережесі қабырғада ілініп тұруға тиіс. Барлық тренбөлімде медициналық аптечка мен оның алғашқы көмек көрсету нұсқауы болуға қажет. Медициналық тексеруден өтпеген адамдарға жылқымен жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

Жылқыны күтіп-бағудағы қауыпсыздандыру техникасы:

1. Жылқы зауытында, шаруашылықта, ипподромда және ат спорты мектебіндегі (атқора, өжіре, ветлазарет, ветизолятор, ұстахана, трибуна, манеж және т.с.с. бөлімдер) құрылыстары, қауыпсыздандыру техниканың сұранысына сай болуы және стандарт талабына сәйкес жабдықталуы қажет. Сонымен бірге барлық бөлімшелер электр жарығымен қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Тренинвентарлар (ертоқым, жүген, шылбыр, тербелмелі арба және т.с.с.) стандарт талабына жауап беретін арнайы материалдардан жасалуға және алғашқы тексеруден өтуге тиіс.

3. Әр жылқы мен оған пайдаланатын құрал-саймандары міндетті түрде белгілі бір ат күтушіге бекітіліп беріледі.

4. Жылқымен жұмыс істегенде тек арнайы жұмыс киімі мен аяқтарына етік немесе мықты бәтеңке киеді.

5. Жылқымен жылы қарым-қатнаста болып, оған жылы шыраймен және мейіріммен қарау керек. Оған жақындағанда жылы дауыспен әрдайым ескертіп тұрған жөн. Оған қатты айқайлауға, ұруға, шылбырынан немесе жүгенінен бейберекет тартқылауға, шұғыл тоқтатуға және бұруға қатаң тиым салынады.

6. Қиқар, үркек немесе мінезі қиын жылқыны күтіп-бағуды тек тәжірибелі ат күтушіге ғана жүктейді.

7. Жылқыны тазалағанда коридорға шығарып байлап қойып, оған жартылай қырын қарап тұрып және абайлап орындайды.

8. Жылқы азығы тек коридордан беріледі және пішен мен дәнді азықтар бөлек астауларға салынады.

9. Жылқыны өжіреден және атқорадан шығарғанда немесе кіргізгенде, оған жүгенін кигізіп және шылбыр таққаннан кейін ғана, ат күтуші жетекке алып жүреді. Бұл кезде коридорда бөгде адамдардың болмағаны жөн. Сонымен бірге, коридорда басқа жылқылардың жиналып қалмауына, басқа да өжірелерден бірге шығулары мен кіргізілуіне және атқа салт мініп шығаруы мен кіргізілуіне қатаң тиым салынады. Жылқы басындағы жүгені өжіреге толық кіргізілгеннен кейін ғана сыпырылып алынады.

Жылқы сынау мен ат шабысындағы қауыпсыздандыру техникасы:

1. Атқорадан зауыттық тренинг өтетін жаттығу жолына немесе ипподромдағы шабыс алаңына барар жол белгілі бір жерден ғана өтуге тиіс. Жаттығу жолына әрбір жерден қосыла беруге болмайды және оған қатаң тиым салынады. Барар жолда кедергінің болмауын (бөгде адамдар, автомашина және т.с.с.) кезекші бақылайды.

2. Шаруашылықтағы жаттығу жолы мен ипподромдағы шабыс алаңына жауап беруші қызметкер, тренинг пен ат шабысы жүргізілу алдында және соңында жолдың дайындығын тексеруден өткізуге міндетті. Жылқы жаттықтыратын жол мен шабыс алаңы күнделікті жөнделіп және әр түрлі артық заттардан тқұмарлықылып тұруы қажет. Сонымен бірге жолдың ойылып қалған жерлері жөнделіп және үнемі су себіліп тұруы қатаң қадағалануы тиіс.

3. Сынау жұмысы мен ат шабысына қатысатын жылқының құрал-саймандары (ертоқым немесе тербелмелі арба) тексеріліп, шабандоз немесе айдаушы ат күтушінің көмегімен ғана атқа немесе арбаға отыруға тиіс.

4. Шабандоз немесе ат айдаушы жаттығу немесе ат шабысы барысында бір жерде топтасып қалмауы және басқа жылқының алдын кеспеуі, шетке қарай шұғыл ұмтылмауы тиіс.

5. Жылқыны сынау жұмысы мен ат шабысы өтіп жатқан кезінде, мәреде тұрғанда, шабыс барысында сөйлесуге және темекі шегуге тиым алынады.

6. Ат шабысы өтетін күні оған жауапты ипподром қызметкері мен медициналық дәрігер кезекшілік міндетін атқарады. Сол күнгі ат шабысының өтуіне бас төреші жауапты. Ол ат шабысының басталуын, қатысушы аттар мен шабандоздың аты-жөнін, шабыстың өту барысы мен аяқталуын және оның нәтижесі мен жеңімпаздарды көрермендерге хабарлап отырады. Сонымен бірге трибунадағы адамдар мен басқа да бөгде адамдардың шабыс жолына өтіп кетпеуін қадағалап отыруға тиіс.

Жылқыны автостартқа кіргізудің қауыпсыздандыру техникасы:

1. Жылқының ат шабысына қосылуы үшін автостартқа үркектемей кіруі үшін, оны жаттықтыру барысында алдын-ала үйретіліп қойылғаны дұрыс.

2. Жылқыны автостарт машинасына үйретуге бапкер мен шабандоз жауапты. Жазықтағы шабысқа арналған автостарттың бокстары автоматты түрде ашылып-жабылады, ал желфорларға арналған машинада жиналады.

3. Автостарттың есігі жарысқа қатысатын жылқылар толық боксқа кіріп болған соң, төрешінің берген белгісінен кейін барып ашылады, бұл кезде оның қасында бөгде адамдардың болуына қатаң тиым салынады.

Бақылау сұрақтары. Жылқының қауыпсыздандыру техникасының мақсаты неде. Жылқыны күтіп-бағудағы қауыпсыздандыру техникасының ерекшелігі. Жылқы сынау мен ат шабысындағы қауыпсыздандыру техникасы. Жылқыны автостартқа кіргізудің қауыпсыздандыру техникасы.

Жылқы – халық медицинасында

ЖЫЛҚЫ – ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫНДА

Адам әр күн сайын өзін жақсы сезіну үшін 400-600 килокалория жұмсауы керек. Бұған атпен салт жүрген пайдалы. Егер аттың аллюрінің аяң жүрісімен келе жатқан атқа мінген адам, бұл жаяу жүргендегі жылдамдығы сағатына 4,0-4,5 шақырым жер жүргендей әсер береді екен. Желіспен жүргенде - ол 8,0-8,5 шақырымға жетеді.

Атпен салт жүру көптеген сырқаттардан айықтырады. Әсіресе омыртқаның қисаюын түзейді, қимыл-қозғалыстарды жақсартады. Адамның өзіне сенімділігі күшейеді, тыныс жолдары ашылады, қантамырлары мен жүрек және жүйке қызметі қалыпқа келеді.

Жылқының емдік қасиеті жайлы бұдан да көп айтуға болады. «Емделу үшін атпен жүр» дегенді Платон айтқан (б.з.д. 427-347 жж). Ал Плинийдің (б.з.д. 23-79 жж) атпен салт жүру асқазан мен буын үшін пайдалы деген. Ал бұған біздің қосарымыз сол, ол омыртқаның және тыныс алу жүйелерінің қызметін жақсартады. Қан көтерілу сырқатына шалдығуды азайтады.

Атпен салт жүру емін қолдануға байланысты райдингтерапия (ағыл. тіліндегі «ride» сөзінен) немесе иппотерапия (грек тіліндегі hippos - ат сөзінен) сияқты арнайы терминдер пайда болды. Бұдан басқа атпен серуендеу бел сүйектерінің қызметіне жақсы әсер етіп, организмге едәуір тыныс береді. Мүгедектер үшін атпен жүру бір қуаныш.

Атқа мініп оның үстінде серуендеу - бой жазудың тиімді де кең тараған түрі. Ат туризмі, атты жалға беру, атпен серуендеудің атаулары әрқилы болғанымен, олардың мәні біреу. Ипподромдағы өткізілетін ат шабыстарының өзі - көрермен көпшілік қауымның қанын қыздыратын қан айналымын жақсартатын бірден бір ем. Алайда жылқы тек адамдарды түрлі сырқаттардан айықтырып қана қоймайды, сонымен қатар біздің эстетикалық талғамымызды да қанағаттандырады.

Қазақтың халық медицинасында жылқы өнімінің барлық түрі, оның еті мен сүтінен бастап, тіптен терісі, түгі, қылы мен қиына дейін пайдаланылған. Жылқы еті - диеталық өнім болып саналған. Әлбетте, жылқы сүтінен дайындалатын шипалы қымыздың орны бір басқа.

Қымыз – ішкен асынды сіндіретін, көңіліңді жайландыратын сусын. Оның дертке дауа шипалық әрі емдік қасиеттері тағы бар. Сол себептен, атам қазақ: «... қымыз қырық түрлі дертке ем» - деген екен. Егер, науқасқа жылқы еті мен сүті жақпайтын болса, ондай адам «өледі» деп те тұжырым жасаған. Сонымен бірге «қымыз қырық жылғы ауруды қозғайды» деп те бекер айтпаған. Бұған қосымша қымыз адам бойындағы суықты шығарады. Ал оның саумалы адам организміндегі қан тамырларды кеңейтіп, қан айналымын жақсартады. Саумалдың емдік қасиеті жоғалмауы үшін, бие саууға арналған ыдыс – көнек жерге қойылмай тұрғанда, бірден ішу керек болған.

Ертеректе байлардың сылқым әйелдері, жастық келбетін ұзақ сақтау үшін, әрдайым қымызға шомылған. Беті-қолы мен шашын саумалмен немесе қымызбен жуған. Шашы түсе бастаған адам, басын үнемі тек қымызбен жуған. Қышымамен ауырған науқасты бие сүтінің жас саумалына шомылдырған. Бұған қосымша жылқының сүйек майымен де майлап емдеген. Ата-бабамыз қыста желінген жылқы етінің сүйектерін ешқашан тастамаған. Қыс бойы оларды қадірлеп-қастерлеп жинап отырған. Ал көктем шыққанда оларды қазанға салып қайта қайнатып, сөйтіп жылқының сүйек майын алған.

Суық тию мен жел-құздан болатын барлық ауруларды жылқының жас сойылған терісіне орау арқылы емдеген. Соның ішінде құяңның ем-шипасы – сойылған биенің жас терісіне орау болып саналған. Бұны халқымыз «*теріге түсу*» деп атаған. «*Теріге түссең денеңдегі жел-құз шығады*» деген. Теріге түсірілген науқастың бойынан термен бірге суық, жел-құз бен артық тұзды сулары шығып, небір ауыру сырқаулардан сауығып кеткен.

Суықтанып немесе радикулитпен ауыратын науқас адамдарды жылқының жаңа сойылған терісіне ораған. Мұндағы науқас адамды теріге түсіріп емдеудің екі түрлі әдіс қолданған. Оның біріншісінде - жаңа ғана сыпырылған жас терінің ішкі жағын қайнатылған ерменмен өңдеген. Содан соң екі адам терінің екі пұшпағынан ұстап бұрайды, ал үшінші адам ағаш тоқпақпен оны ұрғылайды. Сонда жылқының жас терісі ыси бастайды. Сол жылы теріге тырдай жалаңаш науқасты ұзына бойы қымтай орайды. Мұндай жағдайда науқас бір-екі сағаттай жату керек. Науқасты осылай емдеу аптасына үш рет жасалады. Сондағы емдеу ұзақтығы 21 күнге созылады.

Ал екінші жағдайда, әлі тумаған ту байталдың жаңа сойылған терісіне орау арқылы емдеген. Мұнда теріге түсіруді, бір күнде үш рет орау арқылы жүзеге асырған. Бұл тәсілді күн аралатын жүргізіп отырған. Бұлай емдеу жаз мезгілінде тумаған ту байталдың терісі іске жарамай саси бастағанша жүргізілген. Ал қыс мезгілінде теріне жылы үйде ұстаған, бірақ ол да қатая бастайды. Әдетте оның ұзақтығы көбіне бір аптаға созылып отырған.

Бұл туралы қазақ халқының этнографиясын зерттеген француз саяхатшысы Кастанье (XX ғ. басында) былай деп жазады: теріні шұғадан жасалған қапқа салып, аузын мықтап буады. Екі адам оны бір сағаттай тепкілейді. Содан соң теріні қаптан шығарып, қанын пышақпен қырып тазалайды. Науқас адамды тыр-жалаңаш шешіндіріп, оны аяғынан бастап мойнына дейін сол теріге орайды. Науқасты ораған кезде сойылған мал (өгізше, тана немесе құлын) терісінің бас бөлігі емделушінің аяқ жағында болады. Егер осы емдік тәсілдің науқасқа шипасы тисе, онда ол күн шыққанша оянбайды. Ал науқастың ыстығы көтеріліп немесе мазасызданса, онда емді жалғастырмайды.

Тәжірибеде бұндай науқастың теріге түсіруге екі сағаттан артық шыдамайтыны анықталған. Ал егер теріге түсіру науқасқа жәрдемі тисе, оның бойынан теріні алып, аздаған ұн сеуіп, жел тигізбей бөлмеде сақтаған. Мұндай емді күн аралатып үш күн бойына жүргізіп отырған. Терісі емге пайдаланған малдың етін науқасқа жеуге бермейді. Бұндай ем үшін әрқашан

жылқы терісі тиімді деп саналған. Ал халық арасында қой мен сиырдың терісі науқастың «*жүрегін қағады*» деп айтқан.

Сүзекпен ауырған адамды жаңа ғана сойылған, әлі жылуы кете қоймаған жылқы терісіне түсірген. Егер бірінші мәртеде бұның жәрдемі тимесе, тағы басқа жылқыны сойып, ем-шараны қайталаған. Осындай жолмен ата-бабамыз іш сүзегі секілді жанға қатты бататын ауруларды да емдеуге тырысқан.

Мешелмен ауыратын баланы жаңа ғана құлындаған биенің шуына орау арқылы емдеген. Науқас баланы шуға орауды арасына 1,5-2,0 сағат салып, 4-5 рет қайталаған. Осыдан кейін пайдаланылған шу іске жарамсыз деп есептелген. Бедеу әйелді де «*бала көтерсін*» деп белін ыстық шумен ораған.

Бұрынырақта қазақ халқында сойылған жылқылардың тобықтарын жинау дәстүрі болған. Оларды үш жыл сақтағаннан кейін, екі бүйірін тесіп, қазанға салып қыздырып майын алған. Тобықтан алынған майды балалардың құлағынан бұлақ ағып ауырған кезде құлаққа тамызып пайдаланған. Балалар мен ересектердің шықшыт безі қабынып – мысқыл (свинка) болып ауырған кезде, тобықты қақ жарып, суға салып қайнатып, науқасты соған булаған.

Асқазаны мен ішек жолы ауырған адамдарға - жылқының жүрек майын ерітіп, ыстықтай ішкізген. Жүрек майды шикі күйінде аздап жеу арқылы басқа да түрлі ауруларға қарсы қолданған. Жылқының іш майымен жарықты (грыжа) және үсік шалған жерлерді майлаған. Жылқының шат майымен буынның қабынуын, сол жерді сылау арқылы емдеген. Адам организмінің ішкі мүшелердің қабынуы кезінде, оның шат майын ерітіп ішкізген. Сондай-ақ, жылқының іш майымен, қатты суық тиген және үсік шалған адамды майлау үшін де қолданған.

Сынған және дұрыс бітпеген сүйек тұсына қазынының майын таңып қойған. Сол жерге май әбден сіңіп, сүйек жұмсарған соң - оны қайтадан сындырып, дұрыстап түзеген. Бұл тәсілді қолданған кезде сынықшы науқасқа жылқының майлы етін жеуге рұқсат бермеген. Себебе, ол «*сынықты бітірмейді*» яғни дұрыс бітуіне кедергі келтіреді деп саналған. Жылқының жілік майын қатты үсік шалған адамға ішкізген. Ісіктерді жылқының көк бауырын жылыдай тарту нәтижесінде емдеген. «*Жылқы тері*» - сібір жарасы, іш сүзегі, безгек секілді көптеген өте ауыр жұқпалы ауруларға ем болған.

В.Фирсов «Туркестан и туркестанские породы лошадей» (1895 ж.) деген еңбегінде: «...қазақтардың айтуынша, барлық ауру-сырқауларға қарсы әмбебап шипа жылқы тері болып саналады. Қарқынды шабыстан кейінгі жылқының ыстық терлігі – тырысқақ (холера) немесе басқа да іш сүзек ауруымен ауырған адамның қарнына жақса, бірден-бір ем болған. Безгекпен ауырған адамды жылқы терлігіне орау арқылы емдеген. Бірақ мұнда жылқы он-он бес шақырым жерді бар қарқынымен шауып келген жылқының терлігін пайдаланған...» - деп жазады. Енді біреулердің айтуынша, қатты шауып келген келген аттың терін ішкізу арқылы, тіпті қылтамақ сияқты қатерлі ауруларды да емдеуге болады екен. Бәйгеден келген аттың ащы терін жинап, оны науқасқа ішкізген.

Қазақтар – жылан шаққан адамға жылқының терлегендегі терін ішкізген немесе жылан шаққан жерді сонымен сылаған. Кейде жылан шаққан жерді ат тері сіңген айылмен (тартпамен) байлаған. Емші-тәуіптердің айтуынша, егер жыланның аузына жылқының бір тамшы тері тамса, ол бірден өледі екен. Сол себептен болар, ел арасында: *«жылан аттың терлегендегі тер иісінен қорқады»* деген наным-сенім бар. Расында да жылқы терінің құрамын сараптау арнайы зерттеуді қажет етеді.

XIX ғасырдың өзінде-ақ А.Лекер аттың терінде мөлдіреп пайда болатын сұйыққа талдау жасаумен айналысып, оның құрамында - сілті, зәр құрамындағы заттар (урин), азот пен альбуминның органикалық қосылысы кіретінін анықтаған.

Аттың түгін жағып, күлін балалардың аузы уылған кезде қолданған. Сондай-ақ, түрлі күйіктерді емдеуге де, сүйелдерді кетіру үшін де пайдаланған. Ал қыс мезгілінде қардың көзді қарықтыруынан қорғану үшін жылқы қылынан арнайы көзілдірік тоқып киген. Оны жергілікті қазақ халқымыз *«сарапшын»* немесе *«бүркеншік»* деп атаған.

Құянды – жылқы тезегін жас қалпында да, кепкен күйінде де пайдаланып емдеген. Ол үшін аттың жас тезегін қазанға салып қайнатып, содан соң ерітіндіні астауға құйған. Оны жұқа матамен жауып, оның үстіне науқасты қымтап жатқызған. Жазда құяңмен ауырған адамды құрғақ тезекке *«құмақ»* мойнына дейін көмген. Жылан шаққан кезде де жылқының жас тезегін құманға қайнатып, шаққан жерге таңып байлаған. Иіс тиіп уланғанда және жылан шаққанда аттың зәрін ішкізіп те емдеген.

Халықтық көне медицинасындағы жылқының *«емдік»* рөлін этнографиялық тұрғыдан зерттеп-зерделеу қазіргі уақытта маңызға ие және де оның адам өмірінде тәжірибелік мәні бар екені даусыз. Сонымен бірге саналы түрде дұрыстап қолданса, адам денсаулығына тигізер пайдасы зор.

Олимпиада хроникасы

ОЛИМПИАДА ХРОНИКАСЫ

Ат спортының классикалық түріндегі «аттың мәнерлі жүріс өнерінің»
(выездка) Үлкен Олимпиада жүлдесіндегі жеке біріншілігі

Р. №.	Олимпиада	Өткізілген жылы	Қайда өткізілді	Шабандоздың аты-жөні	Мемлекеті
1.		1912		Карл Бонде	Швеция
2.		1920		Янне Лундبلاد	Швеция
3.		1924		Эрнст Линдер	Швеция
4.		1928		Карл-Фридрих фон Ланген	Германия
5.		1932		Ксавье Лесаж	Франция
6.		1936		Хайнс Поллай	Германия
7.		1948		Ганс Мозер	Швейцария
8.	XV	1952	Хельсинки	Генри Сен-Сир	Швеция
9.	XVI	1956	Стокгольм	Генри Сен-Сир	Швеция
10.	XVII	1960	Рим	Сергей Филатов	СССР
11.	XVII	1964	Токио	Анри Шаммартен	Швейцария
12.	XIX	1968	Мехико	Иван Кизимов	СССР
13.	XX	1972	Мюнхен	Лизелота Линзенгоф	ФРГ
14.	XXI	1976	Монреаль	Кристина Штюкельбергер	Швейцария
15.	XXII	1980		Элизабет Тойрер	Австрия
16.	XXII	1984	Москва	Райнер Клинке	ФРГ
17.	XXIV	1988	Сеул	Николь Упгоф	ФРГ

Ат спортының классикалық түріндегі «кедергілерден қарғу» (конкур)
Үлкен Олимпиада жүлдесіндегі жеке біріншілігі

Р. №.	Олимпиада	Өткізілген жылы	Қайда өткізілді	Шабандоздың аты-жөні	Мемлекет
1.		1900		Эме Хегеман	Бельгия
2.		1912		Жан Карью	Франция
3.		1920		Томмазо Леквио	Италия
4.		1924		Альфонс Жемюзан	Швейцария
5.		1928		Франтишек Вентура	Чехословакия

6.		1932		Такеити Ниси	Япония
7.		1936		Курт Хассе	Германия
8.		1948		Умберто Мари-лес Кортес	Мексика
9.	XV	1952	Хельсинки	Пьер Жонкер д Ориола	Франция
10.	XVI	1956	Стокгольм	Ганс-Гюнтер Винклер	ФРГ
11.	XVII	1960	Рим	Раймондо д Инцео	Италия
12.	XVIII	1964	Токио	Пьер Жонкер д Ориола	Франция
13.	XIX	1968	Мехико	Уильям Стейнкраус	США
14.	XX	1972	Мюнхен	Грациано Манчинелли	Италия
15.	XXI	1976	Монреаль	Элвин Шокемелле	ФРГ
16.	XXII	1980		Ян Ковальчик	ПНР
17.	XXIII	1984	Москва	Жой Фаргис	США
18.	XXIV	1988	Сеул	Пьер Дюран	Франция

Ат спортының классикалық түріндегі «уш сайыс» (треборье) Үлкен Олимпиада жүлдесіндегі жеке біріншілігі

Р. №.	Олимпиада	Өткізілген жылы	Қайда өткізілді	Шабандоздың аты-жөні	Мемлекеті
1.		1912		Аксель Нурдландер	Швеция
2.		1920		Хельмер Мернер	Швеция
3.		1924		Адольф ван дер Ворт ван Цейп	Нидерланды
4.		1928		Фердинанд Пахюд де Морганж	Нидерланды
5.		1932		Фердинанд Пахюд де Морганж	Нидерланды
6.		1936		Людвиг Штуббендорф	Германия
7.		1948		Бернар Шевалье	Франция
8.	XV	1952	Хельсинки	Ганс фон Бликсен-Финеке	Швеция
9.	XVI	1956	Стокгольм	Петрус Кастенман	Швеция
10.	XVII	1960	Рим	Лауренс Морган	Австралия
11.	XVIII	1964	Токио	Мауро Кекколи	Италия
12.	XIX	1968	Мехико	Жан-Жак Гийон	Франция

13.	XX	1972	Мюнхен	Ричард Мид	Англия
14.	XXI	1976	Монреаль	Эдмунд Коффин	США
15.	XXII	1980		Федерико Эуро Роман	Италия
16.	XXIII	1984	Москва	Марк Тэдд	Новая Зеландия
17.	XXIV	1988	Сеул	Марк Тэдд	Новая Зеландия

*Ел атағын ер шығарады,
Ер атағын жақсы ат шығарады.*

*Ат айналып қазығын табар
Ер айналып елін табар*

Жамбыл облысындағы бұрынғы «Луговой» жылқы зауытының ауласындағы қысқы манеж алдындағы биік мәрмәр тұғыр үстінде сымбатты тұлпардың ескерткіші тұр. Бұл бүкіл Әлемге атақты тұлпар заманында (XX ғ.) «ғасыр жылқысы» атанған – Абсенттің қарақошқыл мыстан жасалған мүсіні. Абсенттің бар болмысы, оның өзіне таныс әуен, үйреншікті саз дауысы естілсе болғаны, иесінен басқа жұртқа белгісіз, өзіне ғана ұғынықты байқаусыз қимылына қарай «ойнақтай басып билей» жөнелгелі тұрғандай. Кейде жортып, кейде желіп, алаңды қиғаштай тартып немесе бір орында ұршықтай үйіріліп, өз өнерін тамашалаушы көрермендеріне тәжім етуге даяр тұрғандай.

«Абсент» - қазақ жерінде туылып, аты әлемге танылған, өзі аңызға айналған жылқы түлігі. Сан ықылым заман бойы талай тұлпарлар дүбірлеп өткен қазақ жерінде, осындай мәшқұр тұлпар ілуде біреу болар. Бүкіл әлем білгірлерінің Абсентті «XX ғасырдың ең жұлдызды жылқысы» немесе «үш мәрте Олимпиада жүлдегері» деп мойындағаны тегін болмаса керек. Сонау кездері 1960 -1964 -1968 жылдары Рим, Токио және Мехико қалаларында өткізілген ХҮІІ, ХҮІІІ, ХІХ Олимпиадалық ойындарының жүлдегері болған Абсентті бүкіл әлем біледі. Он екі жыл бойы қатарынан әсем жүрістен бүкіл Әлемде алдына қара салмаған ахалтеке тұқымдас осы қара айғырдың «Абсент» деген есімі, жылқы сүйер қауым арасында әлі осы күнге дейін аңыз болып келеді.

Абсенттің шыққан ата–тегі де жай жылқы болмаған. Абсенттің әкесі - Москвадағы Қызыл алаңда 1945 жылдың 24 маусымда өткізілген Ұлы Отан соғысы жеңісіне арналған парадта бас қолбасшы Георгий Константинович Жуков мініп шыққан ат - бұл ахалтеке тұқымдас «Араб» есімді ақбоз айғыр еді. Сол Араб ат жүрісіндегі ойын өнерінің бәрін жақсы меңгерген. Бұл ұлы оқиғаны өз көзімен немесе киножурналдан көрген жұрттың көпке дейінгі бар әңгімесі, осы атақшы маршал Георгий Константинович Жуковтың астына мінген ақбоз аты – Арабтың ойнақтай басқан мәнерлі әсем жүрісі болған.

Жылқы танитын жан сол кезде-ақ қартая бастаған он бес жастағы Арабтың бір мүшесінен мін таппағандай. Қылшық жүні жылт-жылт етеді. Басында пышақ қырым ет жоқ. Қаз мойнын иілтіп шекесінен такаппарлана қарағанда көзі оттай жанып тұрады екен. Бауыры жазық. Алдыңғы аяғы тіптік те артқы сандары ботатірсек. Күлте жалы мен құйрығы әбден сүзілген сияқты. Шашасынан еш қылшық көрінбейді.

Арабтың ата-тегі мен шығу тарихына келер болсақ, шындығында ол текті тұлпар болатын. Ол берісі атағы Кеңес Одағына белгілі ахалтеке тұқымдас сәйгүлік «*Ақ Ишан*» (Дор Сашлы) мен «*Меле-Чептің*», арысы 1885 жылы туылып 1908 жылы өлген алтын сары түсті атақты тұлпар «*Бойноудың*» ұрпағы.

Сол атақты Араб - өзі жүйрік, жақын мен алыс қашықтыққа шабудан, кедергіден, биіктікке қарғудан және аттың мәнерлі әсем жүріс өнерінен алдына қара салмаған қанатты ақ сұңқардың нағыз өзі еді.

Баяғы XX ғасырдың 1935 жылы бір топ түркмен жігіттері ахалтеке жылқысының жорыққа шыдамдылығын таныту үшін өздерінің астанасы Ашхабадтан-Москваға дейін жорық шеруін тартып, 84 күн бойы 4300 километр жол жүрген. Сол ахалтеке жылқыларының ішінде, осы ақбоз айғыр Араб болған. Сондағы күн-түн қатып, бірде шоқытып бірде шауып тоқым үстінен түспей жүру атқа да, оған мінген шабандозға да оңай емес еді. Оның үстіне ахалтеке тұлпарларына мінген түркмендер «*жапалақ ұшпас жапан*» атанған қашықтығы 360 километр келетін Қаракұмды үш-ақ күнде ортасын қақ жарып өткен. Сол жолы Москва көшесін сеңсең бөрікті жігіттердің мінген – жотасы оқтаудай тұзу, бауыры жазық, аяқтары тік әрі ұзын, қаз мойын сүйріктей сұлу сәйгүліктерін алшаң басқызып өткенін көрген қала тұрғындары өз көздеріне сенерін де сенбесін де білмей қатты таңырқаған.

Көрермен жұрт солардың ішінен шоқ жұлдыздай ерекше жарқыраған, түгі жаңа жауған қардай жалт-жұлт еткен ақбоз ат Арабқа көз сұғын қадай қарап, қатты таңданысқан еді. Сеңсең бөрікті түркмен жігіттерін, осы сапарда сол кездегі Қорғаныс Комиссары Климент Ефремович Ворошиловтың өзі арнайы қабылдаған. Осындай шыдамды да сұлу жорық аттарын әзірлеген түркмен халқына шын жүректен ризалығын білдірген. «*Сыйға сый – сыраға бал*» - дегендей, түркмен жігіттері Климент Ефремович Ворошиловқа жорыққа қатысқан аттардың, ішіндегі ең әсемі әрі жүйрігі - Араб есімді ақбоз тұлпарын тарту етіп кетеді. Араб сол кезде нағыз бестіге шықан кезі еді.

Жүйріктігі үшін «*Араб*» аталған сәйгүлікті Климент Ефремович Қызыл Әскери Орталық спорт клубына тапсырады. Бұл сәйгүлік әскери жауынгерлерінің қолына тиді деген сөз. Мұндай жағдайда сәйгүлікке әскери ат беріледі. Шоқтығы биік, өрелі ақбоз атқа Климент Ефремович Ворошиловтың өзі Кавказдың жыл он екі ай бойы, тіпті шыжыған шілдеде де басынан ақ қар, көк мұз кетпейтін шыңы – «*Қазбектің*» атын берген болатын. Өзі 1930 жылы туылып, жорыққа қатысқан кезінде бесті болған сәйгүлік, кейін Москва шабандоздарының қолына түскен соң, әр түрлі әскери ат жүрістері мен ойынын, биіктіктен қарғуын әбден үйренеді. Бір жарыста Қазбек 2,0 метр 12 сантиметр биіктіктен қарғып, ширек ғасыр бойы өзгертілмеген рекорд жасаған.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру, соғыс салған жараны жазу жолындағы қарбалыс өтіп жатқан кез болатын. Кеңес Одағының маршалы, атақты қолбасшы Семен Михайлович Буденный 1948 жылғы маусым айының

үші күні Қазақстанның Жамбыл облысына келеді. Себебі, мұнда ахалтеке мен дон тұқымдас жылқыларды өсіретін №49 жылқы зауыты бар еді. Сол кезде бұл зауытта Кеңес Әскері үшін арнайы асыл тұқымды жылқы өсірілетін. Қолбасшының мақсаты сол жылқы зауытын көру. Жылқы жайын бес саусақтай білетін маршал Семен Михайлович Буденный биелерді көріп шықаннан кейін, ахалтеке тұқымдас жылқының бұл жағы жақсы екендігін айтты. Ал, асыл тұқымды тұқымдық айғырлар жағының жетіспейтіндігін баса көрсетті.

Сондағы зауыттың жылқы шаруашылығын басқаратын зоотехник Каплун Григорий Дмитриевич, Семен Михайловичке көмектесуін өтініп, оған өзінен басқа ешкім жәрдемдесе алмайтын бір үлкен қолқа салады. Яғни, Қызыл Әскери Орталық спорт клубында тұрған атақты Араб-Қазбекті бергізуін сұрайды. Ол қазір он сегіз жасқа келген, енді жұрт алдына шығып өнер көрсетуді қойған болатын. Ал биеге салуға әлі жарамды еді. Бұдан кейін де екі жыл өтеді. Зауыт мамандары Арабты көруден күдер үзген шағында 1950 жылы С.М.Буденныйдан (Москвадан) Жамбылдағы №49 жылқы зауытының атына шұғыл телеграмма келеді. Онда Араб-Қазбек арнайы вагонмен жылқы зауытына жіберілгенін, оған арнайы орын дайындау қажеттігі айтылған екен.

Жан-жағына қалың киіз ұсталған жылы вагонда бір солдаттың күзетуімен сол атақты ақбоз Араб-Қазбек Жамбыл жеріне келіп түседі. Сондағы жасы жиырмаға келген тұлпардың түгі бұрынғыдан да ағарып, қылшығы жаңа жауған қардай көздің жауын алады. Арабтың ата-тегін зерттеп келгенде, ол Дор Сашлы атты айғыр мен Атагуш атты биеден туылған екен. Сол атақты ақбоз айғыр Араб-Қазбек зауыттағы ерекше күтімнің нәтиже-сінде жасы отызға жетіп барып өлген дейді. Бір кезде әлемді әсемдігімен таңырқатқан ақбоз айғыр Арабтың тағдыры, оның жиырма тоғыз жасқа келген кезін көргендердің айтуы бойынша келесіше өрбиді. Ол әбден қартайғаннан денесінің бүкіл қылшығы түгелдей ағарып, бар еттен айырылған соң, саудырған қу сүйегі ғана қалыпты. Бұл «*ат арыса тулақ*» деген аталы сөздің, яғни қазақ атбегілерінің айтатын мақал сөзінің анықтығын айғақтайды.

Тұлпардың сыртқы сыры кетсе де әлі сыны таймаған. Өзі жиырма тоғызға келіп қалса да өз аяғымен жер тіреп, еркін тұр. Мал мамандары Арабтың аузын ашып көргенде таң қалады. Талай жылдар бойы құрыштай ауыздықтарын қарш-қарш шайнаған азу тістері сол кездері әбден жонылып, тістерінің тек тұқылы ғана қалыпты. Шындығында жиырма сегіз - жиырма тоғыз деген жылқы жасы ілуде бір кездесетін сирек нәрсе. Жылқы өмірі биологиялық жағынан адам өмірінен үш есе кем есептеледі. Ал сондағы Арабтың мына жасы тоқсанға таяған қарияның өмірімен пара-пар. Тұлпарлар тағдыры қиын ғой. Семіртіп соғымға соя салатын тексіз жай мал емес, бұлшық еттері де тарамысталып кеткен. Енді арнайы дайындалатын быламықпен ғана күн көріп отырған мына Арабты орнынан қозғамай, жылқышы оны өле-өлгенше баққан екен. Талай тұлпарларды өсірген қазақ

халқының дәстүрі бойынша, жылқы зауытының мамандары сол Араб-Қазбекті құлаған соң арулап қасиеттеп қоюды және оның қу басын сақ-тауды ұйғарыпты.

Сонымен бұрынғы Луговой жылқы зауытында, көктем шыға яғни 1951 жылы Кеңес Әскери Орталық спорт клубынан оралған Қазбек бұрынғы «Араб» есімін қайта алады. Енді Араб жылқы зауытында тұқымдық айғыр ретінде пайдаланыла бастайды. Биелердің ішінде әкесі – Керкенже, шешесі - Аққыз деп аталатын таза қанды ахалтеке тұқымдас «Баққара» - есімді сары бие бар еді. Ақбоз айғыр Араб пен Баққара атты сары бие шағылысқа түсіп, зауыттың арнайы журналына жазылады. Сонымен он бір ай өткен соң, яғни келесі 1952 жылы сары бие Баққара құлындайды.

Абсенттің шежіресі

Абсент, 1952 жылы туылған, тұқымы ахалтеке, түр-түсі - қара							
Шешесі: Баққара, 1944 ж.т., сары				Әкесі: Араб (Қазбек), 1930 ж.т., ақбоз			
ШШ: Баян-Дална		ШӘ: Керкенже		ӘШ: Атагуш		ӘӘ: Ақ Ишан (Дор Сашлы)	
ШШШ: Барокко	ШШӘ: Дор-Байрам	ШШШ: Түркмения Сұлуы	ШШӘ: Қызыл	ӘШШ:	ӘШӘ:	ӘӘШ: Дурды	ӘӘӘ: Меле-Чеп

Атқораның өжіресінде тұрған сары бие Баққараның қасынан күйедей қап-қара құлынды көргенде, жылқышының барлығы «... **япырай, ақбоз бен сарыдан да осындай шымқай қара туады екен-ау**» деп қатты таң қалады. Әкесі ақбоз айғыр Араб, тұқым қуалаушылық заңы бойынша құлын негізінен өзі туылған биеге немесе әкесіне түр-түсінің реңі жөнінен тартуы тиіс болатын. Бұл көрініс әлмисақтан бері жылқы өсіріп келе жатқан біздің қазақтың «*жылқы жеті тегіне тартады*» деген сөзін растағандай еді. Абсенттің жеті ата-бабасының бірі қара түсті болса болған да шығар.

Жаңа туылған құлынның атын «Абсент» деп қояды. Себебі, құлынға ат қоюдың зоотехниялық ережесіне сәйкес әкесі мен енесінің алғашқы әріптері алынуы тиіс. Абсенттің әкесі Араб - А, шешесі – Баққара - Б әрпінен бас-талған соң осындай ат қойылыпты. Бірақ, оның нақтылы баламасын талдар болсақ, Абсент деген латын сөзінің бір мағынасы «*қатыспау*» деген ұғымды білдіреді. Кейін атағы бүкіл жер жүзіне әйгілі болған атақты «Абсент» талай тұлпарды түлетіп өсірген қазақ жерінде өмірге осылай келген еді. Абсент – тек туылған елі Қазақстанның ғана атағын шығарған жоқ, сонымен

бірге ахалтеке тұқымының да абыройы мен даңқын Бүкіл Әлемге паш етті. Ахалтеке жылқы тұқымының тәкаппарлығы мен сұлулығы, осы Абсент арқылы халықаралық танымалдыққа қол жеткізді деуге де болады.

Сонымен 1952 жылы туылған Абсентті, құнан шығарынан бастап (1,5 жас) құнан кезінде (2,0 жас) үйретіліп және біраз бастықтырғаннан кейін Ашхабадтағы ипподромда 1200-1500 метрлік құнан бәйгелерге қосқан. Дөненінде де бәйгеге шапқан қара айғыр Абсент жақсы нәтижелерге ие болып жүрген. Бірақ рекордтық көрсеткішке жете қоймаса керек. Содан Абсент туған жеріне 1955 жылы қайтадан қайтып келеді. Ол өзінің атақты ата-бабасы ахалтеке тұқымдас жылқылардың жел жетпес атақты жүйрігі Ақ - Ишан атты тұлпардың басқа ұрпағынан оза алмапты.

Сол 1955 жылы Луговой жылқы зауытына Алматыдан екі әскери адам келеді. Ол екеуі Алматыдағы «Динамо» ат спорты мектебі үшін ахалтеке тұқымынан он жылқы алып кетуге тиіс болған. Оларға байталдардың ішінен тоғызы, дөнен айғырлардың ішінен осы Абсент ұнаған. Мойылдай қара түсті Абсенттің сымбаты шынында да көз тартарлық еді. Қос қапталы, тартпалығы, қолтығы да қап-қара. Айғырдың бойы да биік, өзі қаз мойын. Қырым еті жоқ тәует бастың маңдайында қоян төбел белгісі қараңғы түнде жарқырап шыққан жалғыз жарық жұлдыздай еркше әсем көрінеді. Алдыңғы сол аяғында шашасына жетпей бақайында тағы да үлкен ақ бар. Мінер жақтағы аяғы да ала, артқы оң аяғының тұяқ жиегі тағы да ақ. Құйрығы қою да, сұйық та, келте де емес. Қас тұлпарға бітетін құлан құйрық. Әсіресе, иілген қаз мойнынан шексінен қараған көз жанары отты да уытты.

Ат танитын әскерилер ұзын мойын қара тұлпардың сыр сымбатын көргеннен-ақ зауыт басшыларына қолқа салады. Бәйгеден бағы жанбаған Абсентті әсем жүріс мектебіне апаруды ұсынады. Шындығында мінезі салмақты, ақылды Абсент үшін әскери жігіттің осы ұсынысы, оны даңққа апарар жолдың тұсаукесері болған еді. Ол музыкалық би өнеріне деген Абсенттің алғашқы қадамы - Қазақстан Республикасының сол кездегі астанасы Алматыға аттанады. Алматыға жөнелтілген он аттың ішінде кеткен Абсент «Динамо» спорт қоғамында Иван Андреевич Гарбоз деген спорт шеберінің қолына түседі. Осында ақылды жылқы Абсент - әсем жүрістің, бидің бар түр-түрін үйрене бастайды. Қарғу, секіру, көрермендерге тәжім ету, бір орында тұрып желу, шоқыту сияқты өнерлерді ұғымтал Абсент тез арада-ақ үйренеді. Бірақ Абсенттің бар өнерін жетілдіру мен шыңдау және таныту үшін - үлкен арена, дүниежүзілік - арена керек болаты

Сол кезеңдері жылқы зауыттары жабылып, Абсент сияқты сәйгүліктер иесіз қалғандай болып тұрғанда, жаңа құрылған Луговой шаруашылығының мамандары Жамбыл облысындағы үш бірдей зауыттың мұрагері ретінде оған іздеу салады. Содан барып ат шабысында бағы жанбай жүрген Абсенттің соңына түседі. Абсентті тауып өздеріне қайтарып алады. Зауыт мамандары ақылды да сымбатты қас тұлпардың өнерін мықтап таныту үшін, Абсентті қайткенде де Москваға жеткізуге ұйғарады.

Сонымен 1958 жылдың жазында «Луговой» шаруашылығының түлегі ретінде Абсент Москваға сол кездегі СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне жіберіледі. Бұл көрмеде ахалтеке тұқымдас жылқының рекордшысы ретінде Абсент сол жолы талай жұртты таңырқатты. Тек, 1961 жылы ғана құрылған, бұрынғы Луговой жылқы зауытының қазіргі музейінде Абсенттің сол жолғы алған грамотасы шыны астында қастерлеп сақтаулы тұр. Онда Абсенттің шоқтығының биіктігі—160,0 см, тұрқының ұзындығы—168,0 см, кеуде орамы—182,0 см, жіліншік орамы—20,0 см екендігі жазылған. Абсент Москва ипподромында өткізілген арнайы жарыстарда 1400 метр қашықтықты - 1 минут 43,2 секунд, 1600 метр жерді - 1 минут 54,2 секунд, 1800 метр жолды - 2 минут 09,8 секундта өткен еді. Сол музей архивінде сақталған грамотада осы көрсеткіштері көрсетілген.

Москвадағы көрмеде болған күндер аяқталуға тақап қалғанда, сол кездегі Кеңес Әскери Орталық спорт клубынан біраз атшы спортшы жігіттері сол «көрмеге» қонаққа келеді. Олар ат қадірін білетін, оның жайын жақсы түсінетін, танитын, реті келсе әсем жүріске әбден жаттықтырып, осындай жылқы өсірген шаруашылықтың атын әлемге әйгілі ете алатын жігіттер еді. Қонақтар көрмеге тобымен келеді. Оның арасында тақымына түскен жылқыны бишідей мың бұралтып билететін Сергей Филатов та бар еді. Сол кезде Сергей Иванович Филатов капитан болатын. Көрмеге әскери киімімен келіпті. Бұл күндері спорт жылқысын - аттың мәнерлі әсем жүргізуден атағы елімізден тыс жерге де жайылып қалған отыз екі жастағы орта бойлыдан жоғары, төртбақ келген жігіт ағасы болатын.

Олар бірден жылқы шаруашылығы павильонына қарай беттейді. Жылқы түлігінің білгірлері әңгіме дүкен қыза келе Араб-Қазбек тағдырын еске алысты. Ұзаққа талмай шабатын, кедергілерден тайсалмай қарғитын, жеңіс парадында әсемдігімен талайды тамсандырған атақты тұлпардың бұл күнде қартайып, тірі тулақ болып қалғанын естігенде еріксіз мұңайысты. Атақты Араб-Қазбек тағдырына байланысты талай жайларды айтып келе жатып, Абсенттің жанына қалай келіп қалғандарын да байқамады.

Абсент - көп келгіншінің ішінен өзіне талай қант асатқан Луговой шаруашылығының сол кездегі директоры Вениамин Вениаминович Ивановты көргенде оқыранып қоя береді. Өзін байлаған мама ағашты айнала ойнақши билеп, бір орында тыпыршып тұрмайды. Ат жайын сыртқы пішіні мен түрінен-ақ жақсы танитын жігіттердің әңгімесі пышақ кескендей кілт тиылады. Барлығының да назары енді тек Абсентке аударылған. Сымбаты керемет қара атты көргенде бәрінің де тілі байланып қалғандай болады. В.В. Ивановтың күткені де осы еді. Себебі, оның өзінің ішкі бір есебі бар еді, ол Абсентті оңтайын тауып қайткенде де «*әлем аренасына*» шығару.

Абсенттің ата-тегі мен барлық мәләметтері жазылған қағазға үңілген Сергей Иванович Филатов мәліметтерді оқып шығады. Ол өзіне бірден ұнаған қас тұлпар Абсентті айнала жүріп көріп, анда-санда сын көзімен барлағандай қарайды. Біраздан соң ғана шешімге келгендей В.В.Ивановқа

өтініш айтады: «*ерттетіп беріңізіші, мініп көрейін*» - дейді. Атақты спортшының бұл тілегі сол сәтте-ақ орындалады. Күні бойы мама ағашта байлаулы тұрған ат тықыршып, ойнақшып тұр. Жем мен суы мол болған соң сәл семірген сияқты. Қабырғаларының жігі білінбей, жібек жал құйрығы күлтеленіп, денесін жапқан қара түгі күн сәулесі түскенде күмістей құлпырып жалт-жұлт етеді.

Көптен күткен иесін сағынғандай Абсент жануар арқасына Сергей Филатов үзеңгіге аяғын салып, лып етіп қарғып мінгенше орнынан қозғалмай тұрады. Өзі жұп-жуас жануар сияқты, жетекке жүрген баладай атақты шабандоз-спортшының ырқына оп-оңай көне кетеді. Оның әмірін екі еткізбей, әсем жүрістің әліппесі «*жай адымдау*» мен «*айнала жүріп желуді*» жиналған топ алдында мүдірмей көрсетіп шығады.

Қара тұлпарды көрген жанды амалсыз сұқтандыратын сыр-сымбатына онсыз да тәнті болған спортшы оның мына «*сауатына*» да риза еді. Жылқы байсалды әрі сезімтал көрінеді, осы әсем жүрістің жоғары мектебінен өткізу онша қиынға түспес. Тұлпармен алғашқы кездескенде-ақ ол осылай тіл табысқан еді. Сергей Иванович Абсенттен түскен соң оны атшыға тапсырады да, ризалығын жасыра алмастан «Абсент әбден ұнады. Көптен іздеген армандай атымды тапқан сияқтымын. Тұлпарды маған берсеңіздер...» - деп Луговой совхозының директоры В.В.Ивановқа қолқа салады.

Өзінің де, еліміздің де атағын шығарған Абсент - бапкер Сергей Иванович Филатовтың қолына осылай тиген еді. Жасынан атқұмар болып өскен Сергей спорт жылқысына қоятын үш негізгі шартқа қанық. Ең алдымен жұрт алдына шығатын аттың түр-түсі көзтартарлық, ал жүріс-тұрысы мен аяқ тастасы ерекше әсем болуы тиіс. Бірақ бұл қасиеттер де жеткіліксіз. Ең бастысы - үшінші қасиет, ол ат әсем жүрісті қолмен қойғандай шатыстырмай орындауға, үстіндегі иесінің елеусіз тақым қысысынан, сырт көзге білдіртпей тартқан жүген мен шылбырдың өзінен дыбыссыз әмірін, көкейдегі ойын қалтқысыз сезіп, бұлжытпай атқаруы тиіс. Мұндай қабілет жылқының жылқысына ғана бітеді. Тіпті құр қабілет те жеткілікті болмайды, сондай аттың «*тілін*» тауып, оны жатпай-тұрмай үйрету ше? Бұған мылқау балаға «*сөз*» үйретіп, мамандық беретін педагог, психолог ұстаздардың өнері, шексіз.

Абсент Сергей Филатовтың қолына тигелі, оның көп уақыты атты әсем жүріске баулуға кетіп жүрді. Жаттықтырушысы - Стокгольмде Олимпиадалық командаласы болған Николай Алексеевич Ситько. Атшысы – ұзын бойлы, сымбатты Володя Алексеенко деген жігіт. Абсентті баптаумен өткен күндер біріне бірі жалғасып, екі-үш ай өтіп те кетті.

Сонымен 1956 жылдың күз айында өтетін және батыстағы біраз елдердің спортшылары қатысатын Германияның Гамбург қаласындағы ат жарысының уақыты да келген болатын. Бұл Дерби үлкен халықаралық жарыстар алдындағы бағалау сияқты болатын. Әр спортшының бір емес, екі атпен кезек шығып, өнер көрсетуге хақы бар. Сергей Филатов осы құқықты

(правоны) пайдалана орырып, Абсенттің бағын алғаш рет халықаралық аренада сынағысы келген еді. Сондықтан да ол алғашқы күні үйреншікті Ингасымен шықты да, келесі күні Абсенттің өнерін көрсетті.

Қорытындысында Ингасы – алтыншы, ал қара айғыр Абсент - төртінші орынды иемденіп, талайды таң-тамаша қалдырды. Мұның өзі Абсенттің финалда қайта өнер көрсетуіне мүмкіндік берген еді. Ахалтеке тұқымдас сұлу қара сәйгүлік Еуропаның ат құмар әуесқой жұртшылығының алдында сыннан сүрінбей өтіп, финалдың қайта көрсетілімінде екінші орынға ие болды. Әсіресе, бұл жолы бұрын ешкімге мәлім емес, бейтаныс Абсенттің бірден жолы болып, спорт көгінде жарқырай туған жаңа жарық жұлдыздай айқын көрінгені спортшы жігіттерді қуанышқа кенелткенді.

Тағы да Германия. Бұл жолы Лейпциг қаласы советтік ат спортшыларын құшақ жая қуанышпен қарсы алды. Осы сапарда Сергей Филатов жалғыз Абсентпен ғана келді. Бір жыл ішінде әсем жүрістің барлық қимылдарын бұрынғыдан жете меңгерген сәйгүлік толысып, шеберлігін көп жетілген еді. Жарыс үш бағдарлама бойынша өткізілді. Ең алдымен «немістің ұлттық жүлдесі» үшін жарыс болғанда Абсент алдына жан салмай озып шықты. Екінші «орта жүлде» де қара айғыр Абсенттің қанжығасына жеке дара байланды. Ең бастысы - Олимпиадалық ойындардың бағдарламасы бойынша өткізілетін «Гранд При» жүлдесі бойынша да Абсент ең бірінші орынды өзі иеленді. Мұның өзі халықаралық ат спорты федерациясына қатысатын мемлекеттердің өкілдері арасында таңқаларлық сенсация болған еді.

Әсіресе, Германия жылқы зауыттарының иелері Абсенттің жанынан айналып шықпай қойды. Өздерінің әдетіне басып Сергей Филатовты жеке-жеке оңаша шақырып, Абсент үшін қыруар ақша ұсынады. Жүз мың долларды саудаласпастан-ақ беруге әзірлігін айтады. Олардың бұл көкейін білген Сергей де асқақтап, шірене түседі. Ат бағасы артқан сайын Абсенттің қаншалықты қымбат екендігін «спортшы жігіт» жүрегімен терең сезінеді. Бірақ сол кездегі Совет Одағы сияқты алып мемлекеттің атын әлемге таныта алатын осындай бағасыз ғажап жылқыны сатуға бола қояр ма екен?! Спорт кәсіпқойлары есептерінен жаңылған соң басқа айлаға көшті. Енді олар Абсенттің Қазақстан топырағында туып өскенін білгеннен кейін оның қандас туыстарын, айғырдың өзінен өрбіген ұрпақтарын сатып алудың мүмкіндіктерін іздестіре бастады. Ал бұл жөнінде ашық саудаласуға болады. Себебі Луговой жылқы зауытының ахалтеке тұқымдас жылқылары халықаралық аукциондарда сатылады.

Лейпцигтен оралысымен Сергей Филатов 1959 жылы өткізілген өз елімізде біріншілігіне Абсентпен қатысып, үшінші рет еліміздің чемпионы атанды. Кеудесіне алтын медаль тақты. Қыркүйек айында Олимпиадалық ойындардың алдындағы іріктеу іспеттес жарыс Швейцариядағы Сангаллен қаласында өткізілді. Бұл кезде атағы шығып қалған Абсентке сұқтанушылар көп еді. Абсент бұл жолы да екінші орынды иеленіп, иесінің үмітін ақтады.

Сонымен міне, Әлемнің бетке ұстар спортшылары аңсай күткен 1960 жылдың тамыз айы да туды. «Мәңгілік қала» аталған Римде ХҮІІ Олимпиадалық ойындар басталуы тиіс. Сергей Филатов өзінің командаласы капитан Иван Калитамен, спортшы Иван Кизимовпен бірге Италия жеріне самолетпен аттанды. Ал аттарды Одессаға дейін поезға салып жіберді. Осындағы порттан жылқыларды тиеген кеме Неапольге теңіз арқылы жеткен соң, сәйгүліктер Римге тағы да поезд арқылы апарылады. Абсенттің қасында күтушісі әрі айырылмас досы Володя Алексеенко қалды.

Әсем жүрістен ат жарысы Римнің ескі шекарасын жағалай салынған ғаламат үлкен Вилла Боргезе паркінде өткізілді. Парктің ішінде елу мың адам сиятын жақсы стадион бар екен. Италияндықтар оның алаңын жақсы дайындапты. Ал ат спорт ойындарына әлемнің жиырма тоғыз елінен өкілдер келген. Әсем жүрістен, кедергілерден қарғудан және үш сайыстан өткізілетін Олимпиадалық ойындар жүлдесінен әркім-ақ үміткер.

Бұл ойындарға он елдің он жеті спортшысы қатысуға тілек білдіріпті. Оның ішінде Германияның біріккен командасы, Швейцария, Швеция, Америка Құрама Штаттары сияқты елдердің спортшылары өте күшті. Әсем жүріске Дания мен Францияның командалары ғана қатыспайтын болды. Олимпиадалық ойындар өтіп жатты. Ат спортшыларына да кезек тиді. Жылқы мінген жандардың көңілдері күпті. Алғашқы күні батыстың талайды таңқалтқан тарлан сәйгүліктері мен ат тілін білетін шабандоздары бірінен бірі асып түсіп жатты. Әзірше Сергей Филатов қана өзінің Абсентімен манежге шыға қойған жоқ. Жеребе бойынша ол сегізінші номерді алған болатын. Белгісіз жігіт әлі күнге дейін қалың жұртшылыққа онша таныла қоймаған қара айғырмен бас жүлдені жұлып әкетеді деген ой кімнің басына келсін.

Радиодан әр тілде Кеңес Одағының өкілі Сергей Филатов ахалтеке тұқымдас 1952 жылы туған «Абсент» атты қара айғырмен алаңға шығатындығы хабарланды. Сергей Филатов айғырын сәл тебініп қалды. Кеңес Одағының манежі мен ипподромында әдетте әскери формамен шығатын Сергей Ивановичтің басында бұл жолы цилиндр қалпақ, үстінде - фрак, аяғында-ұзын қонышты етік. Қоян төбел шымқай қара Абсент те түгі жылт-жылт етеді. Жалпы Олимпиадалық ойындарға қара түсті аттардың қатысуы сирек ті. Ал мына қара айғырдың бітімі тіпті бөлек көрінді. Оның қаз мойынын әшекейінде жауып жатқан қалың жалы бұл жолы жиырма өрім жасалып, лейкопластрмен оралған. Төрешінің манежге шығу туралы бұйрығы естілді. Жанына ойнақтай басып жеткен Абсентті төреші ең алдымен бір айналып қарап шықты. Ердің дұрыс ерттелгенін тексерді.

Музыканың әсем сазы естілгенде манадан бері сығымдалған серіппедей жинақы тұрған сәйгүлік сәл күш жинағандай аяқтарын кең созып артынша қысқа тастап желіп берді. Сол аяқтан басталған желіс тоғыз рет қайталанды. Спортшы жүрегін ризалықтан туған қуаныш бір сәт билеп, тізгінін сәл ғана босатқаны сол екен желіп жүрген ат сол аяқтың орнына оң аяқты қайта

тастап жіберді. Өзінің жаңылысқанын сезген жігіт сол сәтте-ақ шылбырды жеңіл тартып, Абсентке белгі берді. Ақылды ат иесінің әмірін қатқылсыз ұғып, бұрынғы қалыбын қайта тапты да желісін жалғастырып кетті. Бәрі де қас қағым сәтте жылдам болғаны соншалық төрешілер сезбей де қалды. Өзінің сәл жібі босаса астындағы атының жаңыла басатынын сезген Сергей Филатов бұдан кейін бар ынта жігерін, назарын Абсентке ғана аударған еді.

Жаңа ғана алаңға келген жануардың үстінде еш адам жоқтай. Өз жүрісін желіске, желісін шабысқа айналдырып, мінбедегі мыңдаған адамның бар назарын өзіне аударып алды. Денесі қауырсыннан жаралғандай әсемдікпен орнында тұрып бірде билесе, кейде саптағы солдаттай аяқтарын жоғары көтере тастап, пиафеннің небір қиын да күрделі түрлерін мүлтіксіз көрсетуде. Көп ұзамай тек қана сол жақ аяқтарымен қозғалса, оның артынша шідерлеп қойғандай екі оң аяғын әсем сілтеп тастайды. Артынша бөтен бір ат орнына келгендей, тұрған орнында билеп қоя береді. Абсенттің музыка сазына сай әр қимылын қалт жібермей қарап тұрған төрешілер алдында жүрістен де, желістен де, шабыстан да, кейін шегіністен, қабырғасымен қозғала иілуден де, пируэт пен жартылай пируэттен де, пассаждан да ешқандай айып ұпай берген жоқ.

Көрушілер де, төрешілер де Абсент пен Сергей Филатовтың бір денедей бірігіп кеткен тұтас мүсініне көз алмастан тесірейе қарайды. Елу мың адамның бар назарын өздеріне аударып алған екеу, бұрын ел көрмеген ғажап жүрістерді бірінен соң бірін көрсетіп жатыр. Әсіресе, жұртқа қара айғырдың бір жүрістен екінші жүріске аяғын тік те әсем тастап ауысуы, пассаж бен пиаффеге билеуі қатты ұнаған еді. Қара қылды қақ жаратын төрешілердің өзі одан еш мін таппағандай. Алғашқы күннің қорытындысында Абсенттің финалға шыққан бесеудің тобында болғаны анықталды.

Алтыншы қыркүйек те келіп жетті. Тағы да төреші ысқырығы естілді. Ол енді аттың аузын ашып көрместен-ақ Сергей Филатовқа күле қарады. Вилла Боргезе паркіндегі елу мың адам Абсенттің өнерін тағы да тамсана тамашалады. Жануар манеж ішінде жүрістен бір жаңылған жоқ. Музыка үні кілт үзілді. Абсент бар мүсінін айқын көрсетуге тырысқандай қатқан қазықша селт епестен тоқтап қатып қалды. Тіпті бір аяғын сәл қозғалтпастан тұр. Қыл құйрығы да қыбыр етер емес. Әшейінде шұлғып тұратын қазмойындағы қырма еті жоқ басын да еш шұлғымайды. Жануар әрбір артық қозғалысы үшін, дұрыс тұрмағаны, басын шайқағаны, тіпті, ауыздығын шайнағаны үшін де айып ұпай салынатынын айтпай-ақ сезіп тұрғандай.

Ипподром үстін елу мың адамның дамылсыз соққан қол шапалағы, айқайлаған дауысы, дүниені астан-кестен етіп көшірген даңғыр-дұңғыр дабылы, сырнай-кернейдің үні бәрі-бәрі ұласып кетті. Ал Абсент болса Сергей Филатовтың әмірі болмайынша, осы құлақ тұндырған дабырды еш естімегендей мелшиген күйінде қыбырсыз тұр. Төрешінің өзіне берілген белгісін естігеннен кейін ғана Сергей Филатов тақымын сәл қысып еді, Абсент мана манежге шыққан есігіне қарай ойнақши басып жөней берді.

Сергей Филатов бүгін әсем жүріс жарысы басталғалы естімеген мына шудан күтпеген керемет болғанын іштей сезген еді. Шынында да Абсенттен осындай мінсіз әсем жүрісті көрушілер де, тіс қаққан тәжірибелі төрешілер де күтпеген-ді.

Көп ұзамай Кеңес Одағынан келген спортшының 2144 ұпай алғаны микрофон арқылы хабарлағанда, Рим аспанын қақ айырғандай айқай шу жаңғырықтырып жіберді. Сергей Иванович өз құлағына, өз көзіне өзі сенбегендей. Енді оның Олимпиадалық ойындардың «чемпионы» атанатынына еш күмәні жоқ болатын. Ат спорты федерациясының басшылары жарыс қорытындысы екі күннен кейін 8 қыркүйекте киноны көріп болғаннан кейін шығарылатындығын радио арқылы хабарлады. «Жеңіске» деген сенім қанша күшті болғанымен әркімнің ақ жүлдеден үмітпен бірге күдігі де мол.

Вилла Боргезе стадионына тағы да жұрт жиналды. Бірақ бұл жолы жарыс өткізілмейтін, оның қорытындысы шығарылатын еді. Диктор әсем жүрістен Олимпиадалық ойындардың чемпионы атанып, алтын медаль алған спортшы мен аттың аты-жөнін хабарлады. Ол - Сергей Филатов пен оның сегіз жасар қара айғыры Абсент еді. Екінші орынға швейцариялық Густав Фишер, үшінші орынға батысгерманиялық Иозиф Неккерман, төртінші орынға швед Хенрик Сен Сир, бесінші орынға Иван Калита ие болды. Оркестр Кеңес Одағының Гимнін мәңгілік қала аспанында шырқатқанда еліміздің орақ пен балға белгісі айқасқан алқызыл туы да асқақтап көтеріле берген еді. Алаңға кербездене әсем басқан Абсентін мініп Сергей Филатов шықты. Аттың мәнерлі жүріс өнері тек ақсүйектердің ғана үлесі болып қала береді деген желбуаз жандардың сандырағы Рим жерінде алғаш рет күл болып көкке ұшты.

Шетел баспасөзі советтік спортшылардың мәнерлі жүрістен жеткен заңды жеңісін әр саққа құбылтып жазып жатты. Бірақ олардың даусыз табысты мойындамасқа амалы да жоқты. Әсіресе, Герман Федеративтік Республикасының газеттері кеше ғана көш соңында жүрген советтік спортшылардың шеберліктерін тез арада шыңдап, шырқау биікке самғап бір-ақ шыққанынан бой жиып қалғанын жасырған жоқ. Олардың «Пферд унд рейтер» деген газеті «күтпеген жеңіс - қорқытады» деп ашықтан ашық жазды. Әсіресе, олар адамдардан гөрі Абсент туралы тамсанып, оған таңырқанып жатты. Жарыс аяқталмай жатып-ақ қара тұлпардың маңына шыбынша үймелеген кәсіпқой бизнесмендер қаптап кетті. Швейцарияда Абсентті жүз мың долларға бағалаған Батыс Герман кәсіпқойлары Римде енді 150 мың доллар ұсынды. Ал ағылшын бизнесмендері Абсент үшін тіптен 180 мың долларды тыққыштады.

Ат спортшылары туған Отанына нағыз батырлардай сый-сияпатпен, зор құрметпен оралды. Шындығында дүние жүзіндегі мемлекеттер арасында ең жылқылы елдің, атқұмар елдің өкілі, әлемнің ығайлары мен сығайлары жиналған жарыста үлкен алтын медальды олжалап қайтса, мұның өзі зор да заңды жеңіс еді. Сергей Филатовты да москвалықтар

аэропортта табанын жерге тигізбестен кеу-кеулеп көкке көтеріп, сол қалпы машинаға бір-ақ отырғызды. Мәнерлі әсем жүрісшілердің жеңісі шын мәнінде үлкен ерлік еді. Отанымыз оны солай бағалады да. Сергей Иванович Филатовқа СССР-ға еңбек сіңірген спорт-шебері атағы, артынша Еңбек Қызыл Ту ордені берілді. Рим Олимпиадасының жеңімпазын Кеңес Одағының Маршалы Семен Михайлович Буденныйдың өзі баласындай бауырына басып, шын жүректен құттықтады.

Міне, тағы да төрт жыл зуылдай зымырап өте шықты. Бұл кезеңде Сергей Филатов пен Абсент екеуі әбден достасып кеткен еді. Өне-міне дегенше Азия континентінде, яғни жапон жерінде өткізілетін ХҮІІІ Олимпиадалық ойынға да кезек жетті. Бұл жарыс 1964 жылдың қазан айында өткізілетін болып белгіленген еді. СССР Олимпиадалық комитетінің басшылары жарысқа түсетін аттарды Владивостокқа дейін поезбен, одан ары теңіз арқылы жіберуді ұйғарды. Ал бұл шешімнің бастан аяқ қате екендігі көп ұзамай-ақ жапон жеріне келіп түскенде мәлім болды.

Токио қаласында өткізілетін Олимпиадалық ойындарында әлемнің 94 елінен алпыс мыңдай спортшы өз өнерін ортаға салатыны, жарыстар спорттың 23 түрі бойынша өткізілетіндігі белгілі еді. Кеңес Одағы мен Америка Құрама Штаттарының командалары таразының басын кезек-кезек басысып, тайталасып тұрған шақта советтік ат спортшыларына да көп үміт артылған болатын. Бұл жолғы жарысқа классикалық ат спортының үш түрі бойынша жиырма елдің командасы келген еді. Совет Одағынан бөлек Швейцария, АҚШ, Швеция, Жапония, Италия, Ирландия, Аргентина, Австралия, Франция, Жаңа Зеландия, Португалия, Бразилия, Чили, Канада және екі Германияның біріккен командасы өздерінің жарысқа қатысатын жылқыларын алыс-жақынына қарамай самолетпен жеткізіп, нәтижесінде көп ұтты.

Москвадан Владивостокқа дейін он екі күн бойы арнайы вагонда күтімде болған сәйгүліктер жол азабына шыдамай ауырып, кейбірі жарақаттанып қатардан шығып қалды. Абсент апта бойы денесі қызып, манаурап жаттығуға да жарамады. Бұл күтпеген жағдай жылқы түгіл спортшы жігіттердің өздерін де мезі етіп, көңіл-күйін төмендетіп жіберді. Әсіресе, Сергей Иванович Абсенттің манаураған түрін көргенде әбден-ақ қиналған еді. Бірақ, шешінген судан тайынбас деген ғой, неде болса бақты манеж үстінде сынау керек. Аттың әсем жүрісінен өтетін ойындар Жапония астанасының шетіндегі жылқы базасында болды. Шеберлердің бұл ат ойынына тоғыз ел қатысса, олардың ең кемі Германияның біріккен командасы, Швейцария, Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары, Швеция, Жапония алдыңғы топтан - алтын, күміс медальдардан әбден үміткер еді.

Жеребе бойынша манежге ең алдымен шығу Рим Олимпиадалық ойындарының чемпионы Абсентті мінген Сергей Филатовтың үлесіне тиді. Негізгі әсем жүрістен алған бұл жолғы ұпай жалпы командалық есепке де, жеке есепке де алынатын еді. Бәз баяғы Абсент, сол бұрынғы Сергей

Филатов. Тек жарыс алаңы, ауасы, көрермендері ғана бөтен. Жаңа ғана оналған қара айғырының жай-күйін табамын деп жүріп реніштен ұйқысы, күлкісі қашқан Сергей Ивановичтің жүзінде абыржулық бар. Дегенмен, кәрі тарлан атының тізгінін мықтап ұстап, қобалжуын басуға тырысты. Ол пиафеден - бір орнында желуден, пассаждан - аяғын жоғары көтере желуден, пируэттен сүрінбей өтті.

Жануар алғашқыда үйреншікті жүрісінен еш жаңылған жоқ. Бірақ денесі қызған сайын бұрынғы әлсіздігінің әсері білініп қалды. Орнында тұрғанда сәл қозғалақтап, аяғын шалыс басқан, кейін шегінгенде қисық кеткен жерлері төрешілердің қырағы көзіне бірден-ақ байқалды. Мұны сезген Сергей Филатовтан да дегбір кеткен сияқты. Абсенттің қос-қос тізгінімен шылбырын қолымен кейде ерте, бірде кеш тартып, әмірін дұрыс жеткізе алмай жатты. Манежді айнала шабуында да біраз қателіктер жіберіп алды. Сонымен оның бұл жолғы ұпайы небәрі 847 ғана болды.

Жарыстың екінші күнінде тастай түйілген Сергей Филатов та, астындағы Абсент те еш жаңылған жоқ, олар бірінші орынға көтерілді. Одан кейін өнер көрсеткендердің ішінде ежелгі бақталасы Хенрих Шамартен қанша ұмтылғанымен Сергей Филатовтан кейін қалып қойды. Бірақ екі күнгі ұпайдың есебінен швейцариялық шабандоз жеткізбей қойды. Оның көрсеткіші 1504 ұпай болса, Сергей Филатов бұдан не бәрі 18 ұпай кем жинады. Ал Батыс Германиялық Гарри Больдт - Хенрих Шамартеннен не бәрі жалғыз ұпай кем түсіп, күміс медальды алып кетті. Сергей Филатов амалсыз қола медальді алуға мәжбүр болды. Токио Олимпиадалық ойындарында бірінші орынды - 2558 ұпаймен Германияның біріккен командасы алса, олардан не бәрі 32 ұпай кем түскен швейцариялықтар екінші орынды иеленді. Ал бұл жолғы жарыста сәтсіздікке ұшыраған Кеңес Одағының спортшылары әсем жүрістен «*Үлкен жүлденің*» қола медалін ғана алды. Америкалықтар - төртінші, жарыс өткізіп отырған жапондықтардың өзі алтыншы орынды қанағат тұтты.

Олимпиадалық ойындардың кезегі Америка құрлығына келді. Ойындар 1966 жылы Оңтүстік және Солтүстік Американың ортасына таяу Мехихода өткізілуі тиіс. Америкаға ылғи үзеңгілес жүретін Иван Казимов пен команда капитаны Иван Калита аттанды. Екеуінің таңдағаны Абсент пен Ихор болатын. Бұл жолы Жапония сапарындағы қателік қайталанбай, сәйгүліктер арнайы самолетпен Атлантиканы аттап өтіп, Еуропадан Америкаға көктен бір-ақ түсті. Тартысқа толы Мехико күндері зуылдап өтіп жатты. Мехиколықтар да ат өнерін өте сүйетін жандар екен. Шабандоздар өнер көрсеткен стадион мен ипподром, қашан да ине шаншар орын болмай, көрермендерге лықа толып тұрды. Әсіресе, олар Олимпиадалық ойындарға үшінші рет 12 жыл ұдайы қатысқалы отырған он алты жасар Абсенттің өнерін көруге ынтық.

Бірақ, кім білсін, Иван Калита өз атымен «*тіл*» табысып үлгермеді ме, алғашқы күні-ақ әріптестерінен біраз ұпай қалып қойды. Жарыстың екінші

күні басталды. Абсентті мінген Иван Калита мүлтіксіз өнер көрсетіп, 1519 ұпай алды. Бұл Токиодағы көрсеткіштен әлдеқайда жақсы. Алтын болмаса қола медальдан үміт бар. Сонымен команда капитаны Иван Калита өз Абсентімен құрметті төртінші орынға ғана шықты.

Әлемнің төрт бұрышын түгел аралап, он екі жыл бойы қатарынан алдыңғы топтан көрінген асыл текті ахалтеке Абсенттің туған жерге оралуы, тек Мехико сапарынан кейін ғана сәті түсті. Абсенттің он алтыдан он жетіге қараған шағында, яғни 1969 жылы «Луговой» жылқы зауытына Москвадан телеграмма келді. Онда Абсент айғыр арнайы вагонға тиеліп, қасына екі жауынгер күзетші бөлінгені жазылыпты. Луговойлықтар талай жыл бойы өздері көре алмай аңсап жүрген тұлпарының түбін тауып, қайтып келе жатқанын естігенде қатты қуанды. Абсент Луговой станциясына келіп жеткенде, қалың жұрт атақты бір адамды күткендей көп жиналды. Тауарлы состав жай келіп тоқтағанда, перрондағы қалың тобыр бөгеті бұзылған тау суындай артқы вагонға қарай лап қойды. Қос жауынгер, вагон есігін ашып күтіп тұр екен. Арғы жақтан жалғыз вагонды еркін жайлаған Абсенттің тықыры, оны еркелете сөйлеген атшының жылы сөздері құлаққа келеді.

Сол кездегі зауыт директоры Иван Афанасьевич Финько Абсентті ерекше күтімге алуды зауыттың ең тәжірибелі бригадирі Молдаш Әміреев пен атшы План Оразалиевке тапсырды. Сонау 1958 жылы қара тұлпар Абсентті Москваға апарған соның ағасы Әбітхан Оразалиев болатын. Арнайы вагонмен сегіз тәулік бойы жем суын алдына тосып, бір қылына қылау түсірмей Бүкілодақтық көрмеге жеткізген еді. Енді міне, тарлан тартқан тұлпарды бағу інісінің еншісіне тиіп отыр. Дүние жүзін аралап, туған қорасынан кеткелі он жылдан асса да ескі иелерін көргенде жануар кісінеп қоя берді. Әлі де ұмытпаған секілді. Сезімтал тұлпар Иван Афанасьевичті, Молдашты, ағайынды Оразалиевтерді қасына жақындатқанымен басқаларды құлағын жымырып жолатпады.

Көп ұзамай Абсентті қалаушылар көбейіп кетті. Сол кезеңдегі Кеңес Одағының әр шеттегі мемлекеттік жылқы зауыттарынан атақты айғырдың ұрығын алуға рұқсат сұраған телеграммалар жиі келіп жатты. Солардың бәріне бірдей келісім беру мүмкін емес. Бірақ арасында сонау Латвиядан өз биелерін арнайы вагонмен алып келіп, Абсентке шағылыстырып алғаннан кейін қайта алып кеткені де болған. Дегенмен, «Луговой» жылқы зауытының өзіндегі ахалтеке тұқымдас биелерден 1970 жылы - он жеті еркек, төрт ұрғашы, келесі 1971 жылы – алты еркек, он екі ұрғашы, ал 1972 жылы - жеті еркек, сегіз ұрғашы құлын алынады. Ал Борис Васильевич Бардинның мәліметтері бойынша, Абсент тұқымдық айғыр ретінде алты жыл пайдаланылыпты. Осы жылдар ішінде Абсенттен алпыстан *астам* құлын алынған екен.

«Луговой» жылқы зауытында өсірілген жылқылар халықаралық аукциондарда да жоғары бағаланды. Мәселен, Магнат атты ахалтеке айғыры Герман Федерациялық Республикасына он екі мың сомға сатылса, Абсент-

тің Ангара атты биенен 1971 жылы туылған Амазонка атты ұрғашы құлыны дөненшесінде Кавказдағы аукционда Италияға 18 мың сомға берілді.

Жамбылдағы Луговой жерінде өскен талай тұлпарлар Голландияда, Скандинавия елдерінде жүр. «Луговой» жылқы зауытынан сатылған сәйгүліктердің ішінде «Құлагер» фильмінде Ақан серінің сүйікті тұлпарының ролін ойнайтын «Кептер» де бар.

Ал, әлем цирктерінде өз заманында Луговой жерінен өрбіген сымбаты, өнерлі жылқылар қаншама. Алматыдағы қазақ циркінің барлық жылқысы да «Луговой» зауытынан шыққан. Бішкек, Ташкент, Челябині цирктерінде де түгелдей «Луговой» жылқылары талай көрерменді таң қалдырған. Барлығы да үйретуші әртістердің айтқанына көніп, ғажап өнерлер үйреніп, өз көрермендерін риза етуде. Егер Орта Азияның ғана емес, Қазақстанның, ТМД елдерінің, тіпті шет елдердің көптеген спорт ұйымдары, концерндері «Луговой» жылқы зауытының сәйгүліктеріне құмар болып, қыруар қаражат төлеп сатып алып жатса, бұған Абсенттің атағының әсер еткендігі даусыз.

Абсент - ерекше бағымға алынған қара айғырға қатерлі дерт төніп келе жатты. Талай жылғы күнделікті жаттығулар, одан кейінгі тұяқты жуу үшін үздіксіз аққан сулар өз дегенін істеген сияқты. «Жақсы ат аяғынан қалады» деген қазақтың мақалы расқа айналды. Көп ұзамай-ақ Абсенттің тұяғы ревматизмге ұшырағандығы белгілі болды. Алматы мен Москвадан белгілі ғалымдар мен басқа да бірталай мамандар шақырылды. Бірақ оларда буын сүйектері бұлтылдап шашылып кеткен, тұяқтары бұзылып, сынынан айрылған ат ауруына араша түсе алмады.

Асыл Абсент сонымен қарт бурадай орнынан тұра алмай шөгіп қалды. Кейбір күндері жаңа тәй-тәй басқан баладай тәлтіректеп, сәл тұрады да буындары қалтырап қайта жата кетеді.

Абсенттің айықпас дертке ұшырағанын Сергей Филатов та естіген болатын. Өзінің талай жылғы айнымас серігі, адал досы болған Абсентті көру үшін алыстағы Мәскеуден арнайы сапармен Луговойға тартты. Бұл жайында естіген «Қазақфильмнің» режиссері Олег Карабаев пен операторлар Петр Меньшиков, Мәулетхан Сағынбаев, Асқар Сүлейменов пен Павел Серкистің сценарийі бойынша 1975 жылы «Адам мен ат» атты документальды фильмін түсіріп алған еді. Бұл фильмде ауру дендеткен айғырдың талай аренаға алып шыққан иесі Сергей Филатов екеуінің мұндасуы мен сырласуы бейнеленген. Шынында да жүрек тебіренерлік сәттер. Орнынан тұра алмай шөгіп қалған тарлан тұлпар иесінің кенеттен шыққан дауысын естіп, орнынан атып тұрғанда қалтыраған тізесі, мөлдіреген екі көзі талайды елжіретері сөзсіз.

Абсент туралы қазақтың белгілі документалист кино маманы Ораз Әбішев те арнайы фильм түсірген болатын. Мұнда тұлпардың ғажап өнері шебер көрсетіледі. Ең алғашқы Олимпиада чемпионы Абсентке, 1975 жылы «Қазақфильм» киностудиясы түсірілген - «Абсент, Араб пен Баккараның баласы» атты деректі фильмі арналған.

Сол документальды фильмдер қазір қайда екен?

Абсент 1975 жылы 2 февраль күні мерт болды. Оның денесі ежелгі қазақ дәстүрі бойынша жылқы зауытының орталығындағы манеж алдына арулап көмілді. Осыдан бір жылдан аса уақыт өткен соң 1976 жылы мамыр айында сол тұлпар қабірінің дәл қасынан мәрмәр тұғыр үстіне, москвалық мүсінші Эрнест Тельманович Гиляров жасаған Абсенттің екі жарым тонна қара қоңыр мыстан соққан ескерткіші салтанатты жағдайда орнатылды. Әлемді талай жыл бойы таң қалдырған атақты тұлпар *«Абсент»* тарих деген тұңғықтың тереңіне кетті. Жоқ, ол жылқы деген өз тұқымдастары сияқты жегеннің тісінде немесе жемегеннің түсінде кеткен жоқ. Заманында тағдырдың еркесі болған *«есті тұлпар»* жылқы өнерін силайтын жұрттың көз алдынан мәңгілік кетпей, ешқашан ұмытылмастай болып, өзі туралы ақиқат пен аңыз ұрпақтан ұрпаққа тарай беру үшін құрыш мүсін боп мәңгіге қалды.

Абсент - көзі тірісінің өзінде *«өз өнерімен»* дүниенің төрт бұрышын аралап, талайды таңғалдырған, аңызға айналған айғырдың, бұл күнде мүсіні тек мәрмәр тұғыр үстінде қалса да, ол туралы айтылатын сөздер таусылмас. Луговой жылқы зауытының әлемге әйгілі тұлпары, топжарған Абсенттің әсем ойыны, мінезі туралы таңдайды таңдандырар деректер мен оларды баптаған жылқышылар мен спортшылар жайлы әңгімені Бақтияр Әбілдаевтың 1979 жылы шығарылған *«Тұлпардың тұяғы»* кітабынан да оқуға болады. Тұлпардың тұяғын басатын құлын-тайларды Луговой жылқы зауытының жылқышылары жүздеп, тіптен мыңдап өсіріп шығарды емес пе?

Абсенттің Рим қаласындағы Олимпиадалық ойындардан бері өткізілген жарыстарда әсем жүрістен алған ұпайынан, осы күнге дейін әлі бірде-бір жылқы түлігі асып түскен жоқ. Ол сол есте қалар 1960 жыл болатын. Содан бері де *«елу жылда, ел жаңа»* дейтіндей уақыт зымырап өтіп барады.

Егер кезінде Абсенттің, тіптен, биіктік пен ұзындыққа секіруден рекорд жасаған Арабтың да ұрықтарын салқындатып және сұйылтып арнайы ұзақ сақтауға қойғанда, олардың өз ұрпақтарын ат спортына осы күндері де пайдалануға болатын еді. Шынында да талай жыл бұрын өлген атақты тұлпарлардың құлындары бүгін туылып отырса, кім де болса жағасын ұстайтындығы сөзсіз еді ғой. Ал бұған қазіргі уақытта жылқышы-ғалымдар таңқалмас еді. Ат спортының қазіргі халықаралық ат жарыстарында осындай әдіспен арнайы ұзақ сақтаудан кейін пайдаланған ұрықтан өрбіген Араб пен Абсенттің небір сәйгүліктері жүлде алып жүрер еді ғой.

Абсент өмірден кеткелі де жарты ғасырға жуықтап қалыпты. Атам қазақ *«ат аунаған жерде түк қалады»* деп бекер айтпаса керек. Шіркін-ай, қазіргі кезде сол *«мыңнан тұлпар»* - болып шыққан Абсенттен өрбіген ұрпақтарын түгендейтін маман болса... Абсенттен алынған алғашқы құлындары, оның немере, шөбере, шөпшектері немесе олардан тараған басқа да ұрпақтары барма екен?

Сонша жылдар өтіп уақыт озған сайын Абсенттей қара айғырдың өнері, ғажап тағдыры ұмытылып бара жатқандай ма - бұл қалай болғаны? Қазіргі кезде одан тараған сәйгүліктер барма екен, болса олар қайда жүр екен? Адам қолымен баулыған ат өнері ешқашан өлмек емес. Алда талай үміт көп. Осы күндері Абсенттен өрбіген небір ғажап сәйгүліктер әке-ата мұрасын жалғастырып, ат спортының «Әлемдік» талай жарысында өз жүлделерін алған болар деген сенімді жоғалтпайық.

Анықтама: Бұрынғы КСРО-да ең алғашқы Олимпиада чемпионы - Абсентке, оның өткен өмірі жайлы материалды дайындау барысында ат спорты шебері Сергей Иванович Филатовтың «*Рим рукоплещет*» кітабының (Москва, 1962 ж), 1975 жылы Қазақфильм киностудиясы түсірген «*Адам мен ат*» және «*Абсент, Араб пен Баккараның баласы*» атты документальды фильмдердің деректері, Луговой жылқы зауытының әлемге әйгілі тұлпары, топжарған Абсенттің әсем ойыны, мінезі туралы таңдандырар деректер, оларды баптаған мамандар, жылқышылар мен спортшылар жайлы Бақтияр Әбілдаевтың 1979 жылы шығарылған «*Тұлпардың тұяғы*» кітабының және Қазақстандағы жылқы шаруашылығы маманы Б.В.Бардиннің материалдары пайдаланылды.

ТЕРМИНДЕР

Автостарт – аттарды шабысқа жіберуге арналған жеке бокстан тұратын машина.

Акробатика – гимнастикалық жаттығу.

Алапман пойга - өзбек халқының бәйгесі.

Аллюр (allure – франц.) – жылқы жүрісі.

Альвеола – сүт безі.

Америкалық мініс - Еуропа халқының әр түрлі қызықты атсайыс ойыны.

Амуниция (франц. amunitionnement)- аттың қосымша құрал-саймандары мен жабдығы.

Анатомия (грек. anatome – кесу) – малдың дене құрылысы мен құрамы туралы ілім.

Анилин – жазықтағы ат шабыс жүлдесі.

Анорганика – жасушаның құрамы.

Апельсин – Еуропа халқының әр түрлі қызықты атсайыс ойыны.

Арбитор – атсайыс ойынын бастаушы.

Арена (лат. arena - құм) – гладиаторлардың атсайысын жүргізілетін алаң.

Артерия – оттегіне кенелген қан тамыры.

Ассимиляция – организмдегі затты сіңіру.

Ат чабыш - қырғыз халқының бәйге түрі.

Аукцион (лат. fuctio) – жылқы сатылымы.

Аут – атсайыс ойынындағы айып алаңы.

Балл (франц. vaille - шар) – цифрмен бағалау.

Баллотада – аллюрдің жүріс элементі.

Бандинг рес - Еуропа халқының әр түрлі қызықты атсайыс ойыны.

Барел рейсинг - Еуропа халқының әр түрлі қызықты атсайыс ойыны.

Бассейн – су толтырылған шұңқыр.

Берейтор (франц. voite - бұрылыс) – спортшы-шабандоз.

Бокс – старт машинаның жеке бөлімі.

Бриджи (ағылш. breeches) – жокейдің салт міністе киетін шалбары.

Букет - Еуропа халқының әр түрлі қызықты атсайыс ойыны.

Букмекер (ағылш. breeches) – атшабысының жеңімпазын болжау орны.

Бұзқашы – ұлттық «көкпар» атсайыс ойынын ауған халқы осылай атайды.

Бурка – Кавказ халқының сырт киімі.

Вал – конкур кедергісі.

Вегатив – нерв жүйесі.

Вестерн – шабандоз бен аттың америкалық жүріс өнері.

Вена – кенелген қан тамыры.

Вертушка – вольтижировка элементі.

Вираз (франц. virage)- шабыс бұрылысы.

Виртуоз – атсайысындағы айлакерлік амал.

Водилка – жаттықтырудағы атты жетектеу.

Вольт (франц. volte) - аллюрдін жүрісі.
Вольтижер – вольтижировка спортшы.
Вольтижировка (франц. voltiger – қалықтау) - ат үстіндегі гимнастика көрсетілімі.
Гандикап - (ағылш. handicap) – жасы мен жынысына қарай өткізілетін жарыс атауы.
Гаучо - Оңтүстік Америка ковбойы.
Гранд При - ат жарысындағы жүлде атауы.
Гемоглобин – қанды қызартатын зат.
Гит – желғор жылқысының шабыс жолындағы бір айналымы (1600 м).
Гипофиз – ішкі секреция безі.
Голкипер – атсайыс ойынындағы қақпашы.
Гормон – ішкі секреция безін түзетін зат.
Грум (ағылш. groom) – атшы.
Гуйбози – Кавказ халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Guintas - ат жарысындағы жүлде атауы.
Да кю - Еуропа халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Дашвеба – Грузия халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.
Денник – атқора ішіндегі өжіре.
Дерби - ат жарысындағы жүлде атауы.
Дербист – Дерби жүлдесінің жеңімпазы.
Джеридо – Тунис халқының ұлттық ойынының күш сынасуы немесе күресі.
Джигитовка – Ресей халқының ұлттық ойынының ат үстіндегі гимнастикасы.

Джимхана - қызықты атсайыс ойыны.
Джирити - Кавказ халқының ұлттық атсайысының ат үстіндегі гимнастикасы.
Диссимиляция – организмде зат бұзылуы.
Дистанция – атсайысындағы мөре мен сөренің аралық қашықтығы.
Доги – Грузия халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.
Допинг (ағылш. doping) – шабыс атына наркотик беру.
Драгуны (франц. dragon-дракон) – кавалерия.
Драйвинг - Еуропа халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.
Дубль-бар (ағыл. double bar) – кедергі түрі.
Жердь - кедергі түрі.
Жокей (ағылш. jockey) – мініс атының тренингісімен айналысатын маман.
Заездка – бас білдіру немесе бастықтыру.
Засека – кедергі түрі.
Зауыттық кітап – шаруашылықтағы асыл тұқымды жылқыны тіркеу кітабы.
Зга – орыс трыкасындағы ат доғасының ортасына ілінген сақина.
Зигота - жыныс жасушаларының қосылуы.
Импульс (лат. impulsus – итеру) – аттың мәнерлі жүрісін бағалаудағы түсінік.
Интерьер (франц. interieur - ішкі) – малдың ішкі құрылысы туралы ілім.

Иппотерапия (грек тіліндегі hippos – ат) - атпен салт жүру арқылы емделу.

Ипподром (грек тіліндегі hippos – ат, dromos - жүгіру) – ат спортының шабыс жарыстары өткізілітін құрылыс кешені.

Иппология (грек. hippos – жылқы, logos – ілім) - жылқы түлігін зерттейтін ілім.

Исинди – Грузия халқының ұлттық ойынындағы нысанаға найза лақтыру.

Кабахи - Грузия халқының ұлттық ойынындағы нысанаға найза лақтыру.

Кавалерия (франц. cavalerio) – атты әскер.

Кавалетти (итал. cabaletti) – кедергі түрі.

Кавалькада (франц. cavalcade) - салт аттылар тобы.

Кадриль – фигура ауыстыру, бір топ спортшынен құрылған көрсетілім.

Калабашка - кедергі түрі.

Камзол (нем. kamisol)- жокей мен шабандоздың костюм үлгісі.

Капилляр – ұсақ қан тамырлары.

Капор – аттың басы мен мойын жабуы.

Каприоль (итал. capriole – ешкі) – аттың мәнерлі жүрісінің элементі.

Капцун (нем. karrzaum) – корд шылбыры.

Картуз – шабандоздың бас киімі.

Карусель (франц. carroustl) - рыцарлар турниры мен ат үстіндегі гимнастикасы.

Каухайд - Еуропа халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.

Карьер – жылқының қатты шабысы.

Каштаны – жылқы тізесінің ішкі жағына орналасқан беріш тәрізді сүйел қабаты.

Качалка – қос доңғалақты жеңіл арба.

Кветерхос - родеоға арнайы шығарылған жылқы тұқымы.

Кентер – спорт атының шоқырақ шабысы.

Клавиша – 3- 4 сырғауыл ілінген кедергі.

Класс – ат ойынындағы сапа көрсеткіші.

Классификация – жіктеу.

Клетка – жасуша.

Клюшка – ойын добын ұратын таяқша.

Ковбой (ағылш. cowboy, cow – корова, boy - жігіт) - Америкадағы сиыр бақташысы.

Конкур (франц.concours hippique) – ат спорты кәсіби түріндегі кедергіден қарғуы.

Конституция (франц. сопехterieur – сыртқы типі) – малдың сырт тұлғасының типі.

Корд – аттың ұзын шылбырынан ұстап жүріс түріне жаттықтыру және үйрету.

Коренник – орыс тройкасының үштік жегісіндегі ортаға жегілген ат.

Корзина – Латвия халқының қызықты ұлттық атсайыс ойыны.

Коррида – Португалия мен Испаниядағы тореадорлардың бұқашықты құрықтауы.

Критериум - ат жарысындағы жұлде атауы.

Кросс (ағылш. kross) – үш сайыстағы далада сынаудағы аттың кедергіден өту шабысы
Кроссинг (ағылш. crossing)- жүлде жарысындағы арттағы аттың жолын кесу.
Крупада – аллюрдің жүріс элементі.
Кубок - ат жарысында берілетін жүлде.
Курбет – аллюрдің жүріс элементі.
Кюр – бір спортшы-шабандозға арналған бәсекелестік ерікті жарысы.
Лам – Осетия халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.
Лассо (франц. lasso) – Америка ковбойының ұзындығы 30 м шалма арқаны.
Левада – шаруашылықтағы қоршалған табиғи жайылым.
Лейкоцит – қан құрамы.
Лело – Грузия халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Лига – ат турнирі.
Лоза – Ресей және Кавказ халқының қылышпен нысана кесу ойыны.
Лойна - ат жарысындағы жүлде атауы.
Маканахах – Армения халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Маммона - ат жарысындағы жүлде атауы.
Марафон – атсайыстың далада өткізілетін пәуескеге жегілген аттардың жарысы.
Марула – Грузия халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.
Мах – желғордың еркін кең желісі.
Маршрут (франц. marcht - жүріс және route – жол) – атсайысы өтетін қозғалыс жолы.

Миля - ат жарысындағы жүлде атауы.
Мкердаоба – Грузия халқының ұлттық ойынының күш сынасуы немесе күресі.
Мокнева – Грузия халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.
Мтидан дашвеба – Кавказ халқының ұлттық ойынының шабыс жарысы.
Мустанг (ағыл. mustang) – Америкадағы жабайыланып кеткен үй жылқысы.
Наездник – шабандоз.
Низаки нетум – Орта Азия халқының нысанаға найза лақтыру ойыны.
Норфольск – Англияда шығарылған бұрынғы желғор жылқысы.
Оазис – түркмен халқының шөл аймағы.
ОАКС - ат жарысындағы жүлде атауы.
Овуляция – жетілген фолликулла жарылғанда пайда болады.
Оксер (ағыл. oxer) - кедергі түрі.
Орган – организм мүшесі.
Органика – жасуша құрамына кіретін зат.
Па-де-де (франц. pas de deux) – 2 спортшы шабандоздың ерікті жарыс комбинациясы.
Па-де-труа (франц. pas de trois) – 3 спортшы шабандоздың ерікті жарыс комбинациясы.
Па-де-катр (франц. pas de gubre) – төрт шабандозға ерікті жарыс комбинациясы.
Паддок – қоршалған табиғи жайылым.

Палео – Италия халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.
Палео Сиена - палео ұлттық атсайысының ойыны өтетін Италияның қаласы.
Палисад (франц. palissade) – кедергі түрі.
Пассаж (франц. passage) – жүріс элементі.
Паркур – конкур кедергісінің түрі.
Парфорс (франц. par force – күш) – Англия халқының аңшылық ат саятшылығы.
Пассаж (франц. passage) - аттың мәнерлі жүрісіндегі күрделі элементі.
Пато –Еуропа халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Пезада - (франц. pesade) - жүріс элементі.
Пейс (ағылш. pace – жылдамдық) - атсайысы жарысындағы бір топтың жылдамдығы.
Пенальти – атсайыс ойын тәртібін бұзу.
Песняр – желфорға арналған жүлде атауы.
Пирамида (грек. pyramis) – фигура элементі.
Пиэффе (франц. piaffe - аяқ биі) - аллюрде орындалатын жүріс элементі.
Пируэт (франц. pirouette) - жүріс элементі.
Плазма - қан құрамы.
Поддок поло - Еуропа халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Поло - Еуропа халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Поло-стек – атсайыста доп ұратын таяқша.
Пони – тапал жылқы.

Почта - Еуропа халқының әр түрлі қызықты атсайыс ойыны.
Приз (франц. prix - баға) – жүлде.
При – купль (франц. prix – жүлде және couple - жұп) – ер мен әйел жұбының атсайысы.
Пробег – Ресей халқының атжортылуы, тәулікке, шыдамдылыққы, жылдамдыққа.
Протоплазма – ядроны қоршаған сұйық.
Пугибол - Еуропа халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Пульс (лат. pulsus – соғу) - жүрек қағысының жиырылуы.
Пушбол (ағыл. pushball) – Венгрия халқының ұлттық доп ойыны.
Ради - Кавказ халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Радрабагани – Кавказ халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Райдингтерапия (ағыл. «ride») - атпен салт жүру емін қолдану тәсілі.
Размашка – желфорға еркін көсілте желуі.
Ранверс – классикалық жүріс элементі.
Ранжир (франц. ranger – сапқа тұру) - жүріс элементінің аллюрі.
Редингот (франц. redingote – сюртук) – атқа салт міністе жокей киетін сюртук.
Рекорд – шабыстағы аттың жоғарғы дәрежедегі көрсеткіші.
Рефлекс – организмнің шартты немесе шартсыз қалыптасуының жауап әрекеті.
Реприз (франц. reprise – қайталау) – желфордың жаттықтыруды қайталауы.

Ритм – аттың кедергіден қарғу фазасы.
Родео (испан. rodeo) – ковбойдың асау аттың үстіндегі отыру атсайыс ойыны.
Роза - Еуропа халқының әр түрлі қызықты ұлттық атсайыс ойыны.
Рыцарь (нем. riter – сат атты) – ауыр қару-жарақпен қаруланған жауынгер.
Санк Георг – кіші жүлдеге берілетін кубоктың халықаралық атауы.
Секреция – без.
Сент Леджер (ағылш. Si – Leger) – Англияда ат шабысына берілетін жүлде.
Серпантин (франц. serpent және лат. serpens - жылан) - манеж фигурасының элементі.
Скри джоринг (норв. skijoring) – Норвегия халық ойынының атшаңғы жарысы.
Скиф – ежелгі халық.
Скоринг (норв. skijoring) – Норвегия халқы сайысының атшаңғы жарысы.
Сперматозойд – еркектік жыныс жасуша.
Спринтер - ат жарысындағы жүлде атауы.
Стайер (ағылш. stayer) – қашықтық жарысы.
Старт (ағылш. Start) – мәре.
Стартер (ағылш. Starter) – аттың шабыстың жылдамдығын өлшеуші.
Стандартбред (ағыл. «standardbred» стандартқа жауап беретін) - желфордың желіп шабуға немесе жорғалауға қабілеті.
Стиплъ-чез - (ағылш. Steele – қоңыраулату және chase - қуғын) –

мініс жылқысының атсайыс жарысының күрделі түрі.
Стек (ағылш. Stiek) – ұзын таяқша (бишік).
Сыворотка – белогы жоқ қан плазмасы.
Сюртук (франц. redingote – пиджак) – атқа салт міністе жокейдің киетін костюмі.
Сюр папах – Әзірбайжан халқының ұлттық атсайысының қуып жету және жеткізбеуі.
Таксис (грек. taxis) - кедергі түрі.
Тарчия – Грузия халқының ұлттық атсайыс ойынының қуып жету және жеткізбеуі.
Тент пегги - Еуропа халқының ұлттық ойынының нысанаға найза лақтыруы.
Типология – нерв жүйесінің ерекшелігі.
Ткань – ұлпа.
Тодоров – Болгарияда өткізілетін атқа арналған мейрам күні.
Тотализатор (франц. totalisateur) – шабыс атының жеңімпазына ақша тігіп ойнау.
Тореадор – Испания мен Португалиядағы коррида атсайысына қатысатын шабандоз.
Траверс (франц. traverse – көлденең) – аттың бүйірімен жүрісіндегі аллюр элементі.
Трасса (франц. trace) – стипль-чез кәсіби атсайысының жарысы өткізілетін жол.
Тренинг (франц. training) – спорт жылқысын жаттықтыру, жарату, баптау және үйрету.
Бапкер (франц. training) – ат жаратушы бапкер, жаттықтырушы немесе үйретуші.

Трибуна (франц. tribune) – атшабысын тамашалайтын көрермен отыратын орын.
Триплъ бар (грек. peramis) – кедергі түрі.
Трокяс - аттың қарнын тартатын тартпа.
Тромбоцит - қан құрамы.
Трот – желфордың баяу қысқа желісі.
Турнир (нем. turnier)- атшабыс жарысы.
Ұлақ - Өзбек пен Түрікмен халқы «көкпар» ойынын осылай атайды.
Упор –вольтижировка элементі.
Фаворит - ат жарысындағы жүлде атауы.
Фаза – аттың кедергіден қарғу кезеңі.
Фалисад - кедергі түрі.
Фантазия – Марокка халқының ұлттық атсайыс ойынының шабыс жарысы.
Фация – шандыр.
Фенондоскоп – жүрек қағысының пульсын өлшейтін құрал.
Фигура ауысуы – кадриль, бір топ спортшынен құрылған көрсетілім.
Физиология - организмдегі тіршілік процесіндегі жүйелер жиынтығы.
Финиш – сөре.
Фляйер – қашықтықтың ат жарысы.
Фолликула – аналық бездің көпіршігі.
Фриз – Фрисляндиядағы жылқы тұқымы.
Фрисландия – Нидерландияның бөлігі.
Фут – өлшем бірлігі.
Хердель - кедергі түрі.

Хорсбол - Еуропа халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Цхенбурти – Грузия халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Чавганбози - Кавказ халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Чавгани - Кавказ халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Чехва – Кавказ халқының ұлттық ойынының қылышпен нысана кесуі.
Човган - Өзірбайжан халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Чонанбурти – Грузия халқының ұлттық атсайысының доп ойыны.
Чопанахах – Армян халқының күш сынасуы немесе күрес ойыны.
Шпрингартен (нем. spring– секіру және garten-бақ) - қоршалған кедергілер жолы.
Шукка – поло атсайыс ойынының кезеңі.
Экстерьер (exterieur – сыртқы, франц.) – мал тұлғасының сырт пішіні.
Элита - ат жарысындағы жүлде атауы.
Эпителий – ұлпаның сыртқы қабаты.
Эпифиз – ішкі секреция безі.
Эритроцит - қан құрамы.
Эспадрон – ұлттық атсайыс ойынында пайдаланатын өтпейтін доғал алдаспан.
Эстафета - Еуропа халқының әр түрлі қызықты атсайыс ойыны.
Юниор поло - Еуропа халқының пониға мініп жеткіншектер ойнайтын поло.
Ярд – өлшем бірлігі.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ

1 – A	51 – D	1 01 - D	151 – D	201 – B	251 – D	301 – B
2 – B	52 – E	102 – E	152 – E	202 – A	252 – E	302 – C
3 – C	53 – A	103 – E	153 – A	203 – B	253 – A	303 - D
4 – D	54 – B	104 – A	154 – B	204 – C	254 – B	304 – A
5 – E	55 – C	105 – B	155 – C	205 – D	255 – C	305 – B
6 – A	56 – D	106 – C	156 – D	206 – A	256 – D	306 – C
7 – B	57 – E	107 – D	157 – E	207 – B	257 – E	307 – D
8 – C	58 – A	108 – E	158 – A	208 – C	258 – A	308 – A
9 – D	59 – B	109 – A	159 – B	209 – A	259 – A	309 – A
10 – E	60 – C	110 – B	160 – C	210 – B	260 – B	310 – B
11 - A	61 – D	111 - C	161 – D	211 - C	261 – C	311 – C
12 – B	62 – E	112 – D	162 – E	212 – D	262 – D	312 – D
13 – C	63 – A	113 – E	163 – A	213 – E	263 – E	313 – E
14 – D	64 – B	114 – A	164 – B	214 – A	264 – A	314 – A
15 – E	65 – C	115 – E	165 – C	215 – B	265 – B	315 – B
16 – A	66 – D	116 – A	166 – D	216 – C	266 – C	316 – C
17 – B	67 – E	117 – B	167 – E	217 – D	267 – D	317 – D
18 – C	68 – A	118 – C	168 – A	218 – E	268 – E	318 – E
19 – D	69 – B	119 – D	169 – B	219 – A	269 – A	319 – A
20 – E	70 – C	120 – E	170 – A	220 – B	270 – B	320 – B
21 – A	71 – D	121 – A	171 – B	221 – C	271 – C	321 – C
22 – B	72 – E	122 – B	172 – C	222 – D	272 – A	322 – D
23 – C	73 – E	123 – C	173 – D	223 – E	273 – B	323 – E
24 – D	74 – A	124 – D	174 – E	224 – A	274 – A	324 – A
25 – E	75 – B	125 – E	175 – A	225 – B	275 – B	325 – B
26 – A	76 – C	126 – A	176 – E	226 – C	276 – C	326 – C
27 – B	77 – D	127 – B	177 – E	227 – D	277 – D	327 – D
28 – C	78 – A	128 – C	178 – A	228 – E	278 – E	328 – E
29 – D	79 – B	129 – D	179 – B	229 – A	279 – A	329 – A
30 – E	80 – C	130 – E	180 – C	230 – B	280 – B	330 – B
31 – A	81 – D	131 – A	181 – D	231 – C	281 – C	331 – C
32 – B	82 – E	132 – B	182 – E	232 – D	282 – D	332 – D
33 – C	83 – A	133 – D	183 – A	233 – E	283 – E	333 – E
34 – D	84 – B	134 – A	184 – B	234 – A	284 – A	334 – A
35 – E	85 – C	135 – B	185 – C	235 – B	285 – B	335 – B
36 – A	86 – D	136 – A	186 – D	236 – D	286 – C	
37 – B	87 – E	137 – A	187 – E	237 – E	287 – D	
38 – C	88 – A	138 – B	188 – A	238 – A	288 – A	

39 – D	89 – B	139 – C	189 – B	239 – B	289 – B	
40 – E	90 – C	140 – D	190 – C	240 – C	290 – C	
41 – A	91 – D	141 – E	191 – D	241 – D	291 – D	
42 – B	92 – E	142 – A	192 – E	242 – E	292 – E	
43 – D	93 – A	143 – B	193 – A	243 – A	293 – A	
44 – E	94 – B	144 – C	194 – B	244 – B	294 – B	
45 – A	95 – C	145 – D	195 – C	245 – C	295 – C	
46 – B	96 – D	146 – E	196 – D	246 – D	296 – A	
47 – D	97 – E	147 – A	197 – E	247 – E	297 – B	
48 – A	98 – A	148 – A	198 – A	248 – A	298 – C	
49 – B	99 – B	149 – B	199 – B	249 – B	299 – D	
50 – C	100 – C	150 – C	200 – A	250 – C	300 – A	

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Arabian Horse Days Poland. Program jf events, 2010.
2. Ахмет Т. Қазақ жылқысының тарихы. ЖШС «Алматы кітап баспасы», 2010.
3. Әбілдаев Б. Тұлпардың тұяғы. -Алматы, 1979 .
4. Бегімбетова Г.С. Жылқы шаруашылығы. -Алматы, 1995.
5. Бегімбетова Г.С. Жылқы және түйе шаруашылығы. -Алматы, 2002.
6. Бегімбетова Г.С. Жылқы шаруашылығы. -Алматы, 2006.
7. Бегімбетова Г.С. Исхан Қ.Ж. Жылқы шаруашылығы практикумы. 2013.
8. Бегунова А. В звонком топоте копыт. М.: «Физкультура и спорт», 1989.
9. Бобылев И.Ф. Конные игры.- М.: «Мехнат», 1989.
10. Буркитбаев А. Казахские национальные виды конного спорта. Кайнар, 1978.
11. Ветер в гриве. -М.: «Планета», 1976.
12. Гурьевич Д.Я., Рогалев Г.Т. Словарь – справочник по коневодству и конному спорту. -М.: «Росагропромиздат», 1991.
13. Дебора Гилл. Лошади и пони. -М.: АСТ – Астрель. 2001.
14. Джози Хермсен. Лошади. -М.: Лабиринт Пресс. 1999.
15. Etalons. Courses Elevage, 2006 – 2012.
16. Исхан Қ.Ж. Мініс жылқыларының ұшқырлық сапасы. 2008.
17. Исхан Қ.Ж. Жылқы шаруашылығы.- Алматы, «Нур – Принт», 2009.
18. Исхан Қ.Ж. Атсайыс ойындары. -Алматы, «Нур – Принт», 2011.
19. Исхан Қ.Ж. Қазақстанда өсірілетін мініс жылқылары. 2013.
20. Карлсен Г.Г. Тренинг и испытание рысаков.- М.: «Колос», 1978.
21. Козлов С.А., Парфенов В.А. Коневодство.- М.: «Лань», 2004.
22. Коннозаводство и конный спорт. -М.: «Колос», 1972.
23. Красников А.С. Коневодство.- М.: «Колос», 1973.
24. Ласков А.А. Тренинг и испытания скаковых лошадей. -М.: «Колос», 1982.
25. Ливанова Т.К. Лошади. -М.: «Астрель», 2002.
26. Ливанова Т.К., Ливанова М.А. Все о лошади. -М.: «Аст - Пресс», 2008.
27. Леклер Б. Лошади.- М.: «Астрель», 2005.
28. Начкебия К.Г. Грузинские народные конные игры. -Тб., 1959.

29. Рақышев К., Түгел С. Қазанат. -Алматы, «Дом Таймас», 2007.
30. Роге Н.А. Конный спорт. -М.: «Русский язык», 1979.
31. Свечин К.Б., Бобылев И.Ф., Гопка Б.М. Коневодство. -М.: Колос, 1973.
32. Таникеев М. Казахские национальные виды спорта и игры. -Алма-Ата, 1957.
33. Pferde. Junior Wissen. 1997.
34. Федотов П.А. Национальные конноспортивные игры. -Кайнар, 1980.
35. Филатов С.С. Рим рукоплещет.-М.: Ф и С, 1962.

«АЙТҰМАР» БАСПАСЫ

Төменгі бағамен – тапсырыс беруіңізге қарай және оңтайлы уақытыңызға сай:

- ☐ *визиткалар*
- ☐ *бланктер*
- ☐ *түрлі шақыру қағаздары*
- ☐ *буклеттер*
- ☐ *жорналдар*
- ☐ *кітаптар (түрлі-түсті мұқабалы)*
- ☐ *авторефераттар*
- ☐ *монографиялар*
- ☐ *әдістемелік нұсқаулар мен нұсқаулықтар*
- ☐ *әр түрлі тыстамаларды дер кезінде әрі мерзімінде орындайды*

ИСХАН Қайрат Жәлелұлы.
Ат спорты //оқулық

Редакторы, компьютермен беттеген – М. Талдыбаев
Дизайнері – А. Аткенова

Басуға 22. 05. 2017 ж. қол қойылды. Қалпы 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 21,0 б.т . Тапсырысы № . Таралымы 100.
Алматы қ., Абай даңғылы, 8. «Айтұмар» баспасы.